

Б. КЕНЖЕБАЕВ

л 2008

3628к

ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ
ДЕМОКРАТ
ЖАЗУШЫЛАРЫ





Б. КЕНЖЕБАЕВ

ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ
ДЕМОКРАТ
ЖАЗУШЫЛАРЫ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1958


Б. Кенжебаев
**КАЗАХСКИЕ ПИСАТЕЛИ-ДЕМОКРАТЫ
НАЧАЛА XX ВЕКА**

(на казахском языке)

Редактор *Х. Бекмуратов.*
Техн. редактор *М. Злобин.*
Обложка художника *С. Верекина.*
Корректор *Х. Абдрахманова.*

Сдано в набор 3/VI 1958 г. Подписано
к печати 30/IX 1958 г.
Формат 60×92¹/₁₆—19,25 п. л.
(20,0 уч.-изд. л.).
Қазгосиздат, г. Алма-Ата,
ул. Панфилова, 143.
Тираж 10 000. УГО3961. Цена 6 руб. 10 коп.

Заказ № 709. Типография № 2 Главиздата
Министерства культуры КазССР,
г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.



АЛҒЫСӨЗ

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиеті деп негізінде оның 1900—1920 жылдар арасындағы әдебиетін, ақын-жазушыларының шығармаларын айтамыз. Бұл дәуірге енетін бірді-екілі ақын, жазушының өмір сүрген кезеңі, әдеби қызметі көрсетілген мерзімдерден не біраз бұрын басталуы, немесе біраз бері асып кетуі мүмкін. Бірақ әңгіме мұнда емес. Әңгіме ол ақын, жазушылардың негізгі шығармаларының осы кезеңде жазылуында және солардың идеялық әуені мен әдеби-стильдік үндестігінде болуы керек.

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиетінің тарихы отызыншы жылдардың басынан бері там-тұмдап зерттеле бастады. Бұл жөнінде программалар, оқу құралдары жазылды; қазақ әдебиеті орта мектептерде, жоғары дәрежелі оқу орындарында оқылып келеді. Сол дәуірдегі жеке ақын, жазушылар туралы бірді-екілі жалпы еңбектер, мақалалар да жарыққа шықты.

Бұған байланысты 1932 жылғы С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», Е. Бекеновтың 1935 жылғы «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» деген еңбектерін, Е. Исмаилов пен К. Жұмалиевтің 30—40 жылдары басылған оқу құралдарын, XX ғасыр басындағы ақын, жазушылар туралы, әр кезде жарияланған М. Әуезовтың, С. Мұқановтың, Е. Исмаиловтың, Б. Шалабаевтың, тағы басқа әдебиетшілер мен тарихшылардың мақалаларын атауға болады.

Бірақ, бұл еңбектер мен мақалалардың қай-қайсында болса да саяси, ғылыми қателіктер, кемшіліктер болды. Оларда қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясы кезіндегі және онан бұрынғы жылдардағы әдебиеті мен жеке ақын-жазушыларының шығармалары, көбінесе, қоғамның материалдық өміріне, елдің экономикалық-әлеуметтік тұрмысына сәйкес зерттелмеді. Дәлдеп айтқанда, елдің экономикалық-әлеуметтік өмірінде болған ұлы өзгерістерге, бүкіл Россияның, соның ішінде Қазақстанның тұрмысында болған саяси, мәдени дамушылыққа, тап тартысына, тарихи оқиғаларға байланысты талданбады.

Бұрынғы әдебиет мұралары болсын, немесе жеке ақын-жазушының қоғамдық көзқарасы және олардың шығармалары болсын өмірден оқшау, дара күйінде алынып, жалаң әдебиеттік тұрғыдан ғана зерттелді, яғни олардың тек әдебиеттік жәйттері — желісі, түрі, көркемдігі ғана сөз болып жүрді, ал әдеби шығарманың қоғамдық, әлеуметтік, саяси-идеологиялық мәні жете ашылмай, көмескі қалып отырды. Мұның өзі әдебиетті зерттеудегі қолайсыз, теріс тұжырымға, жалаң фактыны терушілікке апарып соқтырды.

Кейінгі жылдарға дейін қазақ халқының тарихын, оның бұрынғы ауызша, жазба әдебиетінің тарихын, сонымен қатар жеке ақын, жазушыларының шығармаларын зерттеуде түрлі ауытқулармен, өрескел саяси, методологиялық қателіктер де кездесті: капитализм заманындағы ұлт мәдениеті жөніндегі маркстік-лениндік қағидалар мен принциптер бұрмаланды.

В. И. Ленин өзінің 1913 жылы жазған «Ұлт мәселесі жөніндегі сын ескертпелер» деген тамаша еңбегінде былай деген еді:

«**Әрбір** ұлттық мәдениетте демократиялық және социалистік мәдениеттің **элементтері** бар, жетілмеген болса да бар. Өйткені **әрбір** ұлтта еңбекші және қаналушы бұқара бар, оның өмір сүру жағдайлары демократиялық және социалистік идеологияны туғызбай қоймайды. Бірақ сонымен қатар **әрбір** ұлтта буржуазиялық (ал көпшілігінше әлі де болса, қара жүздік және клерикалдық) мәдениет те бар—оның бер жағында бұл мәдениет «элементтер» түрінде ғана емес, **үстем** мәдениет түрінде болып отыр...

Әрбір кәзіргі ұлттың ішінде екі түрлі ұлт бар... Әрбір ұлттық мәдениетте екі түрлі ұлттық мәдениет бар. Пуришкевичтердің, Гучковтардың және Струвелердің ұлыорыстық мәдениеті бар, — ал мұнымен қатар Чернышевскийдің, Плехановтың аттарымен сипатталатын ұлыорыстық мәдениет те бар. **Нақ осындай** екі түрлі мәдениет, Германиядағы, Франциядағы, Англиядағы сияқты, Украинада да, еврейлерде де, тағы тағыларда да бар»¹.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде лениндік осы қағида ескерілмеді.

Сондықтан бұрынғы әдебиет мұралары бірбеткей алынып, тегіс халық әдебиеті, патриоттық шығарма деп бағаланды. Оларға сын көзімен қарау болмады, олардың саяси мәні, таптық бағыты ашылмады. Ал қазақтың бұрынғы ақын, жазушыларының бәрі бірдей прогресшіл, жаңашыл ақын, халық ақыны, ұлы ақын деп танылды, сөйтіп бәрі де біржақты мақ-

¹ В. И. Ленин, Шығармалар, 20-том, 9—18-беттер.

талып, оларды саяси, көзқарастарына, таптық бағыттарына қарай жіктеу, іріктеп топқа бөлу, олардың қате-кемшіліктерін ашу, сынау деген болмады.

Ал, бұлай болған себебі: ол кезде қазақ әдебиеті қашан да болсын үнемі бір бағытта болды, солай дамыды, онда түрлі таптық бағыт болмады деген буржуазияшыл-ұлтшыл «бірыңғай ағым» теориясы орын алды.

Қазақстанның тарихшылары мен әдебиетшілерінің бұл қатесін партия кезінде атап көрсетті. Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті өзінің идеологиялық мәселелер жөніндегі тарихи қаулыларында, «Правда»-ның 1950 жылғы 20 декабрьдегі «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын...»¹ деген мақаласында, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы» қаулысында Қазақстан тарихшылары мен әдебиетшілерінің осы қатесі айқын ашылып, оны түзеу жөнінде нақты шаралар белгіленді.

Бірақ осы өрескел қатені түзетуге байланысты партия нұсқаған маркстік-лениндік қағидаларды қолдануда бізде екінші жаққа ауытқу болды: кейбір сыншылар, әдебиет зерттеушілер, жеке даурықпа белсенділер асыра сілтеуге бой ұрып, қазақтың бұрынғы ауыз әдебиет нұсқалары түгелдей дерлік жат — хандық, феодалдық; қазақтың бұрынғы ақын, жазушыларының бәрі дерлік байшыл, ұлтшыл — олардың бәрі халықтар достығына қарсы, бізге олардың ешқайсысының керегі жоқ деп соқты. Сөйтіп, олар мансұқ етіліп, әдебиет оқулықтарынан шығарылып тасталды.

Осының салдарынан бұдан бұрынғы біраз мезгіл ішінде қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларын, бұрынғы ақын-жазушылардың шығармаларын жариялау ісі мүлде дерлік тоқталып қалды, оларды ғылыми жолмен зерттеу жұмысы бірталай бөгеліске ұшырады.

Кейінгі жылдары бұл зиянды даурықпалыққа, асыра сілтеушілікке қатты соққы, мықты тойтарыс берілді. Бұрынғы әдебиет мұраларын, бұрынғы ақын, жазушыларды, олардың шығармаларын, жалпы әдебиет мәселелерін зерттеу жөнінде осы әдеби мұраларды дұрыс бағалап, орынды пайдалану жөнінде партия әдебиетшілер мен сыншыларға маркстік-лениндік қағиданы, партиялық принципті басшылыққа алудың қажет екендігін тағы да қатты ескертті. КПСС Орталық Комитетінің Совет жазушылары одағының екінші съезіне жолдаған

¹ «Правда», 26 декабрь, 1950 жыл

құттықтауында, әдебиет сыны мен әдебиет тану ғылымы туралы сол съезде жасалған баяндамада осылар талап етілді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі идеологияның барлық саласындағы жұмыстардың зор программасын белгілеп берді, съезд тарих, философия, заң, саяси экономия ғылымдарында, тағы басқа осы сияқты қоғамдық ғылымдарда болған хәте, кемшіліктерді, артта қалушылықты батыл сынап, жедел түзету және ғылыми-зерттеу жұмыстарын мейлінше жақсарту жөнінде айқын жол көрсетіп берді.

Қазақстанның әдебиет зерттеуші мекемелері мен ғалымдары ендігі жерде КПСС XX съезінің тарихи қарарлары негізінде зиянды бағыт пен көзқарастарға, «бірыңғай ағым» теориясы мен асыра сілтеушілікке қарсы күресе отырып, қазақ халқының ауыз әдебиетінің XVIII, XIX ғасырлардағы XX ғасырдың бастапқы кезіндегі және бүгінгі советтік әдебиетінің тарихын кең зерттеуге тиісті. Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясының проблемалық мәселелері туралы, әр кездегі жеке ақын-жазушылар туралы, тұтас бір дәуір әдебиеті туралы зерттеулер, еңбектер жазылып, жарыққа шығуы керек. Мұны жұртшылық асығып күтуде.

Қазақстанның әдебиет зерттеуші мекемелері мен ғалымдарының алдына Қазақстан Орталық партия Комитеті қазақ халқының бұрынғы мәдени, әдеби мұраларын зерттеу жөнінде өзінің 1957 жылғы июнь айында алған қаулысында нақты міндеттер қойды.

Қазақ халқының әдебиет тарихы, әрине, еліміздің әлеуметтік өміріне, экономикалық жағдайына, әр кезеңдегі жалпы даму тарихына тығыз байланысты зерттелуі тиіс. Әдебиеттің әрбір көрінісі, оның қоғамдық мәні, әрбір ақын-жазушының өмірі мен творчестволық жолы, шығармалардың идеялық, көркемдік құны — бәрі өз заманына, саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық жағдайына, тарихи оқиғаларға байланысты зерттеліп, түсіндірілуі керек.

В. И. Ленин өзінің, жоғарыда айтылған «Ұлт мәселесі жөніндегі сын ескертпелер» деген еңбегінде:

«... Біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және оның социалистік элементтерін аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы аламыз»¹... — дейді. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттегенде данышпан Лениннің осы нұсқауы есте болуы қажет.

Сөз жоқ, қазақ халқының XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі прогрессивтік, демократтық, социалистік

¹ В. И. Ленин, Шығармалар, 20-том, 9-бет.

идеялары мен мәдениеті ұлы орыс халқының озат, гуманистік, демократиялық мәдениетінің әсерімен өсіп дамыды. Мұның өзі жұртқа мәлім.

Ендеше, қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы әдебиетінде, сол кезгі жеке ақындар мен жазушылардың шығармаларында ұлы орыс халқының классикалық әдебиетінің жақсы дәстүрі — сыншыл реализм дәстүрі — қаншалықты орын алды? Орыс әдебиетінің осы дәстүрін үйреніп, өз халқының жаңа әдебиетінің негізін салған Абай мен Ыбрайдың дәстүрлері қаншалықты дамытылды? Қазақтың бұл дәуірдегі ақын, жазушылары әдебиеттік еңбектерінде халықтың тұрмысын, мүддесін қаншалықты дәл көрсетті, өз дәуірінің прогресшіл, революцияшыл идеяларын, социализм идеясын қалай жырлады?

Міне, біз қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы әдебиетінің тарихын зерттегенде осы жағдайларды анықтауымыз қажет. Әдебиеттік әрбір мұраға, жеке шығармаларға осы тұрғыдан қарап, дұрыс баға беруіміз керек. Сөйтіп ХХ ғасыр басындағы әдебиетіміздің халықтығы мен реалистік бағытын осылайша дәл көрсетуіміз керек. Өйткені, марксизм-ленинизм тарихты, жеке адамдардың, ақындар мен жазушылардың творчествосындағы саяси бағытын, көзқарасын дұрыс анықтауды талап етеді, тарихты өңдеп мадақтаудың да, өңін айналдырып, даттаудың да керегі жоқ деп үйретеді.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттегенде марксизм-ленизмнің осы қағидасы есте болуы тиіс. Әрбір ақын-жазушының әлді, әлсіз жағы, дұрыс, бұрыс көзқарастары, құнды, құнсыз шығармалары түгел талданып, әділ бағалануы қажет.

Біз «Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары» деген осы еңбегімізді қолымыздан келгенінше, осы жоғарыда айтылған қағидалар мен принциптер негізінде жазуға тырыстық. Бірақ мұны біз шын мағынасында ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы деп айта алмаймыз. Мұндай кең тақырыпты шағын еңбекте толық қамту мүмкін де болмас еді. Оның үстіне біз бұл еңбекте ешбір мін жоқ деп те ойламаймыз. Міні болуы мүмкін. Ол жұртшылықтың көмегімен келешекте түзеледі деп сенеміз.





Бірінші тарау

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

I

Россия патшалығының қазақ даласын өзіне қосып алуы XIX ғасырдың орта кезінде аяқталды. Осыдан бастап Қазақстан әкімшілік басқару жағынан болсын, саяси-шаруашылық жағынан болсын Россиямен біртұтас ел болып дамыды. Россияның тұрмысында болған экономикалық, мәдени өзгерістер, саяси оқиғалар азды-көпті, ертелі-кешті Қазақстанда да болып, қазақ халқы өмірінің әр саласында прогрестік әсерін тигізіп отырды. Осы жағдайды ескерген Ф. Энгельс К. Маркске 1851 жылы жазған бір хатында: «...Россия Шығысқа өзінің прогрестік әсерін шындап тигізеді»¹ деген болатын.

XIX ғасырдың орта кезінен бастап Россияда капитализм жедел өркендей бастады. В. И. Ленин өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген әйгілі еңбегінде мұны ақиқат дәлелдеп берді. Россияда капитализм екі түрлі жолмен дамыды, бір жағынан, тереңдеп, тамыр жайып дамыды да, екінші жағынан, тарап, өркен жайып дамыды, — деді ол.

Басқаша айтқанда капитализм ішкі Россияның өзінде терең бойлап, тамырлап өсумен қатар, шет-шалғай өлкелерге, бұрын артта қалған, жержүзілік базарлардан аулақ жатқан жерлерге де тарады—Кавказға, Орта Азияға, Сібірге, қазақ даласына жайылды. Солардың шаруашылық, саяси, мәдени өміріне прогрестік әсер етті.

Сонымен, XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанда да капитализм дәурен сүрді: өлкеде сауда-саттық, ұсақ қол-өнеркәсібі, отырықшылық, егін салу ұлғайды, кен-өндіріс орындары, темір жолдар салынды. Өндіргіш күштер дамып, шаруашылықтың өнімі артты.

¹ М. Маркс, Ф. Энгельс, Шығармалар, XXI том, 211-бет.

Өлкеде капитализмнің дәурен сүруіне байланысты XIX ғасырдың аяғында, әсіресе XX ғасырдың басында қазақ даласында халықтың тапқа жіктелуі, тап тартысы, оқу-ағарту жұмысы күшейді; қазақ тілінде кітаптар, газеттер шықты. Қазақ халқының сана-сезімі ояна бастады.

XIX ғасырдың аяқ кезінен бастап Россияда капитализм жаңа, жоғары сатыға көтерілді: империализмге ұласты. Өзінің «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген данышпан еңбегінде В. И. Ленин империализмнің өзгешеліктерін айқын дәлелдей келіп, империализм дегеніміз реакцияшылдыққа айналған, іріп-шіріп, құрып бара жатқан капитализм, сол үшін де ол пролетариаттың әлеуметтік революциясының қарсаңы, — деп көрсетті.

Империализм дәуірінде капиталистік қанау шектен асып пролетариаттың капиталистік езгіге қарсы ашу-кегі күшейеді, осыдан келіп капиталистік елдерде революциялық күрес шиеленісе бастайды.

Мұндай наразылықтар империализм дәуірінде отар елдер мен тәуелді елдерді де шарпиды, осылайша ол елдерде ұлт-азаттық қозғалысы күшейеді.

Империализм жағдайында капитализмнің біркелкі дамымай, секіртпелі өсуі, қайшылығы арта түседі. Товар өткізілетін базарлар, капиталды орналастыратын орындар, отарлар үшін, шикізат көздері үшін күрес ұлғаяды. Осыдан келіп империалистік елдер арасында жер жүзін қайта бөлісу жөніндегі соғыстар жиі шығатын болады. Осының бәрі империализмнің күшін әлсіретеді, осал жерде оның шебін бұзуды мүмкін етеді деген қағида айтты Ленин.

1904 жылғы орыс-жапон соғысы, Россиядағы 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы, бірінші империалистік соғыс, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы февральдағы буржуазиялық-демократиялық революция, сол жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясы — міне бұлар Россияда империализмнің өркендеу нәтижесінен туған зор мағналы әлеуметтік соқтығыстар болды.

Сөз жоқ, елімізде болған бұл экономикалық өзгерістер, саяси күрес, көтерілістер, сұрапыл соғыстар мен революциялық дауыл қазақ халқының ой-санасына, қоғамдық өміріне, қазақ тілінде шыққан кітап, журнал, газеттердің мазмұнына, ақын-жазушылардың саяси көзқарастарына, әдебиеттің бағытына елеулі әсер етпей қойған жоқ. Енді, қысқаша, солардың әр қайсысын жеке-жеке шолып өтейік.

II

XX ғасырдың басында қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмысы екі түрлі бағытта дамып, оның бірі—мұсылманша, екіншісі — орыс тілінде жүргізіліп отырды.

Қазақ арасында ескі діни оқу Қазақстан Россияға қосылмай тұрып-ақ етек жайған-ды, әр жерде ауыл болып немесе бірнеше ауыл бірігіп, молла ұстайтын, балаларды соған оқытатын. Қазақстан Россия патшалығына қосылғаннан кейін де діни оқу өлкеде тоқталмай жүріп отырды.

XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың басында жаңа ұсулы жәдит оқуы шығуға байланысты, қазақ арасындағы мұсылманша оқу Бұхара, Қазан жағындағы діни оқудың үлгі-тәртібі бойынша бастауыш мектеп қатарында, медресе — орта дәрежелі оқу қатарында болды. Бұлар 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін өмір сүріп келді.

Бұл кездегі мектеп, медреселердің саны елде біраз арты. Оны мынадан көруге болады:

Жетісу облысында — 1891 жылы 64 мектеп, медресе болып, оларда 1251 бала оқыған, 1895 жылы 74 мектеп, медресе және 9086 оқушы, 1897 жылы 88 мектеп, медресе, 12835 оқушы болған.

Семей облысында — 1884 жылы 10 мектеп, медресе болып, бұларда 615 бала оқыған, 1888 жылы 12 мектеп, медресе, 761 оқушы, 1895 жылы 17 мектеп, медресе, 900 оқушы болған.

Торғай облысында—1894 жылы 59 мектеп, медресе болып, оларда 457 бала оқыған; 1911 жылы 13 мектеп, медресе, 340 оқушы болған.

Ақмола облысында — 1896 жылы 13 мектеп, медресе болып оларда 547 бала оқыған, 1898 жылы 11 мектеп, медресе, оларда 425 оқушы; 1907 жылы 15 мектеп, медресе, 970 оқушы болған.

Орал облысында — 1896 жылы 206 мектеп, медресе болып, оларда 4949 бала оқыған, 1897 жылы 198 мектеп, медресе, 4 113 оқушы болған.

Сырдария облысында—(Ташкент қаласы, Ташкент, Шымкент, Әулие-ата, Ақмешіт, Түркстан, Қазалы уездері мен Амудария бөлімін қосқанда) 1893 жылы 1497 мектеп, 35 медресе болып, оларда 28 868 бала оқыған, 1895 жылы 2 409 мектеп, 34 медресе, оларда 28 898 оқушы болған.¹

Дегенмен қазақ арасындағы мектеп, медреселердің аты бар да, заты жоқ еді. Олар үйі, шаруашылық тұрмысы жағынан болсын, оқу-тәрбие жағынан болсын төмен дәрежеде,

¹ *Нығмет Сәбитов*, «Қазақ мектеп, медреселері». Алматы, 1950 жыл, Қазақ ССР Ғылым академиясы, 16—17-беттер.

нашар халде болатын. Мақыш Қалтаев осы кездегі мектеп, медреселердегі оқу жайын былай суреттейді:

Тәртіп жоқ, емтихан жоқ шуылдасып,
Оқу деп, ойнап жатыр талабалар.
Әдепсіздік, жанжал мен қу төбелес,
Болады неше түрлі ғалабалар...
Сағаттың жиырмасы ойын ұйқы,
Төртеуін оқыған боп болар қарап.
Екі-үш ай сапсатамен күн кешіріп,
Жазғы тұры еліне кетер тарап.
Жатқанға мәз болса да медреседе
Жаны ашып кім оқытқан қадағалап¹.

Мектеп үлкен ауыл мен қыстақтарда болған. Бірақ олардың арнаулы үйі болмаған, балалар кез келген үйде, көбінесе молланың өз үйінде, ал егер молла шеттен келген болса, молданың тұрған үйінде оқитын. Мектепте оқу жазда, екі-үш ай бойы ғана жүргізілетін.

Медресе көбінесе қалаларда, үлкен елді мекендерде, мешіті бар жерлерде болған. Бірақ медресе ешқайдан қаржы алмайтын, тек халықтан жиналған зекет қаржысымен ғана күн көретін. Медреседе оқу үкімет тарапынан қойылған указной моллалардың басшылығымен жүргізілетін де, қыста үш-төрт ай мерзімге созылатын.

Мектепте де, медреседе де, біріншіден тек еркек балалар оқып, қыз балалар, ілуде біреу болмаса, оған тіпті түсе де алмайтын, екінші жағынан, мұнда көбінесе байлардың, би-болыстардың, әл-ауқатты адамдардың балалары ғана оқитын да, кедей, жарлы, жалшылардың балаларына мектеп есігі жабық болатын, сондықтан да халықтың басым көпшілігі, еңбекші бұқара, түгелдей сауатсыз күйінде қалатын.

Мектеп, медреселерде сабақ беретіндердің көпшілігі Бұхара, Самарқан, Ташкент, Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк сияқты қалаларда оқып шыққан татар, башқұрт моллалары болатын да, ал біразы жергілікті жерлердегі мектеп, медреселерді бітірген қазақ моллалары еді. Бұлардың қай-қайсысы болсын көбінесе дүмше, Абай айтқандай, құранды теріс оқитын надандар еді.

Мектеп, медреселерде ешқандай дүние тану ғылымы, ана тілі, қазақ әдебиеті сияқты пәндер оқылмай, тек діни сабақтар, араб тілі, ислам дінінің қағидалары, философиясы оқылатын. Бұлардың бәрі де қазақ балаларына жат, түсініксіз болушы еді.

Мектепте әуелі «Иман-шарт» кітабы оқылатын. Онда бала-

¹ М. Қалтаев, «Бар оқиға» (өлеңдер жинағы) 13—14-беттер, 1913 жылы Қазан, Хусаиновтар баспасы.

лар арап тіліндегі 28 әріптің сүресін, ежесін, арап тіліндегі барлық әріптен құралған, мағнасыз сегіз сөзді («абжат», «һуаз», «хутти», «каламан», «сағфас», «қарашат», «саххаз», «зазаға») арапша түрлі аят, минажат, дұғаларды жаттайтын. «Иман-шартты» шала-шарпы жаттап болған соң балалар «Әфтиекті» үйренуге көшетін. Бұл «құранның» үзіндісі, бастан-аяқ арапша аят, дұға, насихат өлең болып келетін «Әфтиекті» жаттап алған соң балалар «құранның» өзіне түсетін.¹

Ол кезде балаларды он, онбес жыл бойы оқыса да класка бөлу болмайтын. Шәкірттердің оқу дәрежесі әр кезде олардың оқып жүрген кітабына қарай анықталатын. Сонда ең бастауыш оқу, әлгі айтқан, арапша, «Иман-шарт», «Әфтиек» болса, содан әрі «түрки» сабақтары және «Қырық хадистен» басталған арапша оқу жүретін. Олар: «Шүрутиссалат», «Фикка-Қайдани», «Тағлимуссалат», «Тұхфатул мүлук», «Наху Сарф», «Бидан», «Мұхтасар», «Қафия», «Мантик» «Ғакаид» болушы еді. Сонан кейін, ең ақыры «Шарх-Гайдолла» сияқты кітаптар оқылатын. Ол кездегі шәкірттер «оқуың қандай?» дегенде «Мұхтасар оқыдым», «Қафия оқыдым» деп жауап беретін. Соған қарап, білетін адамдар оның білім дәрежесін аңғаратын.

Шоқан ұлы Әбубәкір (Кердері) молла өз өміріне байланысты сол кездегі мектеп, медреселердегі оқу тәртібін былай баяндайды:

Тоғызға толғаннан соң молла көрдім,
Атаның күшіменен зорға көрдім
Үйреніп «әліп», «әбжет», «әдеб», «рәкин»,
Айналып келесі жыл онға келдім.

Оқуға он жасымда талап қылдым
Ықласпен оқыған соң сабақ білдім.
Сол жылы «Әфтиек» пен «құран» шығып,
Ойынды қош айтысып, талақ қылдым.

Онбір мен он екіде түркі білдім,
Ғалімдік зерек жанның мүлкі білдім.
Шығарған мәснәфтер назым қылып,
Түркіні тамам тілдің көркі білдім.

Онуште ғарап көрдім, түркі танып,
Үйрендім насихатты жадыма алып
Молламыз әр мағнадан жол көрсетіп,
Түсірді «Мұхтасарға» алып барып

Онтөртте «Мұхтасарды» араладым,
Әр баптан дәріс алып шамаладым...²

Сонымен, мектеп, медреселерде жастар 10—15, 15—20 жыл бойы түсініксіз, өмірге қажетсіз арап тілін, құран аяттарын, ислам дінінің қағидаларын жаттаумен болатын. Әрине, бұлардың бәрі дүние тану, реалдық өмір құбылыстарын ұғы-

¹ Н. Сәбитовтің әлгі кітабы, 19—20-беттер.

² Әбубәкір (Кердері), «Әдебиет Қазақия», 17-бет, 1903 жыл, Қазан.

ну жөнінде ешқандай нәр бермейтін, алдамыш діни, шатпақ тұжырымдар екені әркімге де мәлім.

Тек XIX ғасырдың соңғы және XX ғасырдың бастапқы кезінде ғана өлкенің шаруашылығы капиталистік бағытқа ұла-сып, ілгері дамуға, 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революцияның әсерінен халықтың сана-сезі-мінің оянуына мүмкіндік туды. Рухани өмірге өзгеріс енді. Қазақ даласындағы мектеп, медреселердің көпшілігі жаңа оқу — ұсули жәдитті үйренуге көшті, яғни мектеп, медресе-лерде діни сабақтармен қатар ана тілі, дүние таңу ғылымы, есеп, география, тарих оқылды, кейбір медреселерде орыс тілі де үйретілді. Балалар аз уақыт ішінде хат танып, біркелкі дә-режеде бастауыш ғылыми білім алып шығатын болды.

Сөйтіп, бұл кезде қазақ арасында ұсули жәдит қозғалысы шықты. Ол алғашқы бетінде: ескі, діни оқуға (хадимға), діни ғұрып-әдеттерге қарсы қойылып жаңа, төте оқуды жүргізуде, қазақ арасындағы орта ғасыр қалдықтарына, бектік-феодал-дық қалыпқа қарсы күресуде прогресшіл бағыт болды. Бірақ, кейін ұлтшылдық күшейген кезде жәдитшілердің көпшілігі ұлт буржуазиясының мүддесін жырлады: реакцияшыл пантюрк-изм, панисламизм бағытына түсті.

Жалпы алғанда, мектеп, медресе қазақ арасынан сауатты, оқыған адамдардың шығуына қазақтың жаңаша оқыған зия-ларының көбеюіне, халықтың оянуына біраз себеп болды.

Қазақ арасында орысша оқуды іске асыру Қазақстан Рос-сияға қосылғаннан кейін өрістеді.

Патша өкіметі қазақтың сенімді, қанаушы таптың мүддесін қорғай білетін хан-сұлтандарының, ру басыларының, бек-феодалдарының балаларынан тілмәш, хатшы сияқты қыз-меткерлер даярлап шығару жұмысын қолға алды. Осы мақ-сатпен патша өкіметі 1789 жылы Омбы қаласында «Азия мектебі» деген оқу орнын ашты. Кейін қазақ балаларының Омбының кадет корпусына (1874), Омбының училищесіне (1857) алып оқытты. Омбының кадет корпусын қазақтың тұңғыш ғалымы, демократ-ағартушысы Шоқан Уәлиханов, қазақтың классик ақыны Абай Құнанбаевтың туысы Халел Өскенбаев бітіріп шықты.

Осы сияқты, патша өкіметі қазақ балаларын Орынбор қа-ласындағы Неплоев мектебіне (1825), Орынбордың кадет корпусына (1844) түсіріп тәрбиеледі. 1850 жылы Орынбор қа-ласында арнаулы жеті жылдық қазақ мектебі ашылды. Онда отыз шамалы қазақ баласы оқыды. Солардың бірі қазақтың демократ-ағартушысы, ақын-жазушысы Ыбрай Алтынсарин еді.

Патша өкіметі қазақ даласын Россия қол астына түгел қа-

ратып алған соң, XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанның әр жерінде жүйелі оқу орындарын—орыс-қазақ мектептерін ашты. 1890 жылдан бастап, орыс-қазақ мектептері бірінен соң бірі, Торғайда, Қостанайда, Оралда, Ордада, Қызылжарда, Ақмолада, Семейде, Алматыда, Түркстанда, Қызылордада, Қазалыда, тағы басқа жерлерде ашылды.

Бұл орыс-қазақ мектептері алты жылдық болды. Оларда балаларға орыс тілі, есеп, табиғат тану, сурет салу оқытылатын, географиядан, тарихтан шамалы ұғым, мәлімет берілетін. Орыс-қазақ мектептерін бітіргендердің көбі сотқа, уезге тілмәш болып, болысқа хатшы болып кететін, кейбіреулері басқа оқуға орналасатын.

Қалалардағы орыс-қазақ мектептерінен басқа, елде болыстық, аудандық мектептер де ашылды. Олар бір, екі жылдық бастауыш мектеп дәрежесінде болатын. Онда көбінесе балаларға алғашқы сауат ашу сабақтары ғана жүргізілетін.

XIX ғасырдың ақырында орыс-қазақ мектептері көбейгені сонша, олар үшін оқытушылар дайындау жөнінде арнаулы оқу орындарын ашуға тура келді. 1883 жылы Омскіде қазақтың оқытушылар мектебі іске кірісті. Мұнан кейінгі жылдарда қазақ арасындағы ауылдық мектептерге оқытушы даярлау жұмысы Оралда, Ақтөбеде, Ақмолада, Алматыда жүргізілді. 1902 жылы Семейде оқытушылар Семинариясы ашылды.

Патша өкіметінің қазақ балаларын түрлі мектептерге қабылдап, оқытудағы мақсаты, бір жағынан, өлкені басқару, отарлауға жергілікті халықтан қызметкерлер әзірлеп шығару, екінші жағынан, қазақ халқын бағындырып, өз ықпалына түсіру еді.

Бірақ патша өкіметінің бұл жүргізген шаралары іс жүзінде, объективтік жағынан жақсы, прогресшіл нәтиже берді, яғни қазақ халқының ұлы орыс халқымен байланысының нығайуының, достығының күшейуіне, орыс халқының озат, прогресшіл мәдениетінің қазақ арасына жайылуына, қазақ халқы мәдениетінің өркендеуіне әкеліп соқты. Осыған байланысты еліміз ішінен тұңғыш демократ-ағартушылар: Шоқан, Абай, Ыбрай сияқты ардагерлер шықты, қазақтың орысша оқыған зиялылары көбейді.

Сонымен, қазақтың XX ғасыр басындағы оқығандары екі түрлі оқу оқып, екі бағытта тәрбиеленді: олардың біреулері діни мектеп, медреселерде оқып, екіншілері орыс мектептерінде білім алды.

Ашып айтқанда, мектеп, медресе, қазақша, мұсылманша оқу дегеніміз — оқушыларға екі түрлі мәдениеттен, екі түрлі әдеби дәстүрден нәр беретін, оларды мүмкіндігінше, бір жағынан, қазақ халқының бұрынды-соңғы мәдениет байлығы-

мен, әдебиет қазнасымен екінші жағынан, мұсылман шығысының ертедегі әдебиетімен таныстыратын еді.

Осы жағдайға сүйеніп, проф. М. Әуезов Абай жөнінде жазған бір еңбегінде ұлы ақын рухани нәрінің, рухани жол азығының үш түрлі көзі, бұлағы болды: оның бірі — қазақ халқының ертедегі мәдениеті: ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті, екіншісі — шығыстың ертедегі классик поэзиясы, үшіншісі — орыс халқының классик әдебиеті — деді.

Қазақ халқының революциядан бұрынғы басқа да демократ-ағартушыларының, ақын, жазушыларының рухани нәрі жөнінде де осыны айтуға болады. Абай сияқты, олар да, мектеп, медреседе оқыса да, орыс-қазақ мектептерінде оқыса да үш түрлі мәдениеттен, үш түрлі дәстүрден: қазақ халқының мәдениетінен, шығыстың және орыс халқының классик әдебиетінен үлгі алды.


III

Қазақстан Россияға қосылмастан бұрын қазақ тілінде кітап бастыру өлкеде атымен жоқ еді. Ол уақытта қазақ арасында тіпті кітап дегеніңіз кездеспейтін де. Егер бірді-екілі кітап бола қойса, олар арап, фарсы, шағатай тілдерінде ертеде шыққан діни кітаптар болатын.

Қазақ тілінде кітап шығару тек XIX ғасырдың алғашқы жылдарында басталды. Бірақ соның өзінде қазақ кітаптары Қазақстанның өз жерінде басылмай, Петербургте, Қазанда, Уфада, Орынборда, Омбыда, Ташкентте басылып жүрді. Олар көбінесе Қазанда, Қазан университетінің, Қәримовтер мен Хусайновтардың баспаларында шығатын.

Қазақ тілінде кітап бастыру жұмысы XIX ғасырдың басында қолға алынса да, алғашқы кезде ол аса мардымады: шығатын кітап саны бірен-саран ғана болатын. Ал бұл жұмыс тек XIX ғасырдың ортасынан бастап күшейе түсті. Бұған, алдымен, өлкенің сол кездегі шаруашылық, мәдениет жағынан ілгері дамуының әсері тиді.

Бұл кезде қазақтың этнографиясын, тарихын, тілін, әдебиетін зерттеуші орыс ғалымдарының саны көбейді, халықтың өз арасынан орысша оқыған бірді-екілі білімді ұлт интеллигенттері шықты. Бұлар қазақтың ауыз әдебиет нұсқаларын, жеке ақын, жазушыларының шығармаларын жинап, кітап етіп бастырды, орыс әрпімен қазақ тілінде кітаптар шығарыла бастады. Бұл жөнінде Шоқан Уәлихановтың, Ыбрай Алтынсаринның, Әбубәкір Диваевтың, В. В. Радловтың, Г. Н. Потанинның, П. М. Мелиоранскийдің, тағы басқалардың еңбектерін атауға болады.



«Қсы Қорпеш — Баян» кітабының мұқабасы.

XIX ғасырдың ортасынан бастап мұсылман дін басылары қазақты діни жолдан аудармау үшін мықтап күресті. Бұқара арасында діни оқуды, дінді өршіту жұмысын күшейтуге тырысты. Осы мақсатпен түрлі мүфтияттар құрылды, қазақ да-

ласына Бұхарда, Самарқанда, Қазан мен Уфада оқыған тар, башқұрт, қызылбас моллалары көптеп келді.

Мұсылман дін басыларының бұл іс-әрекеттерін патша өкіметі де қолдады: патша өкіметі моллаларды указбен тағайындайтын болды. Ол указной молла аталды.

Қазақ арасынан шыққан моллалардың кейбіреулері араб, фарсы ертектерін, көбінесе арабтың әулие-әнбиелері туралы, пайғамбар, сахабалары туралы аңыздарын қазақ тіліне аударып, қисса, дастан етіп жазып шығарып жүрді. Олар кейде қазақ ертегілері мен аңыздарын хикая етіп жазып, сонымен қатар өз жандарынан да қисса, өлең шығаратын болды. Бұл жөнінде Ақмолланың, Кәшшәфетдин Шаһмарденовтың, Ғали Махмудовтың, Мәулікей Жұмашевтің, тағы басқа осылар сияқты моллалардың жазған және бастырған кітаптары дәлел бола алады.

Сөйтіп, 1862—1900 жылдар арасында өлкеде не бәрі 70 шамалы кітап басылып шықты. Бұл әрине, аз, әрбір жылға бір кітаптан артық келмейді. Бірақ қазақ тілінде бұрын бірде-бір кітап басылмағанын еске алсақ, мұның едәуір алға басқандық екенін, Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік нәтижесі екендігін түсіну қиын емес.

Алайда XIX ғасырда қазақ тілінде саясат, шаруашылық, мәдениет мәселесі туралы, ғылыми білім туралы бірде-бір кітап басылмаған, ал басылғандары негізінен діни тақырыптарды қамтыған, мұнан моллалардың патша өкіметінің қолдауымен діни қиссаларды, ислам дінін, ескілікті көксеген кітаптарды көбірек бастырып, таратуға күш салғаны байқалады. Мұның өзі халықты дін түнегінде, орта ғасырлық шырмауда ұстауға бағытталған әрекет болатын.

Міне, сондықтан да қазақтың тұңғыш ағартушылары Шоқан, Абай, Ыбрай дін басыларының, патша өкіметінің қазақ арасына ислам дінін кеңінен жаю, сөйтіп бұқараны қараңғылықта ұстау әрекетіне мүлде қарсы болды. Оны әсіресе Шоқан өзінің бір еңбегінде әрі ашық, әрі толық айтты:

«... Татар моллалары мен Орта Азия ишандарының әрекеті арқасында қазақ барған сайын мұсылманшылық жолға түсіп барады. Кәзір қазақтың кейбір сұлтандары, байлары әйелдерін оңаша үйде ұстайтын болды, қазақтар мекеге баратынды шығарды, домбыра тарту орнына, батырлар туралы өлең, жырларды айту орнына пайғамбарлар туралы жыр, ертектерді айтады, діни қиссаларды оқиды. Тегі, европалық мәдениетке Россияның Византия дәуірін басынан өткізіп жеткені сияқты қазақ халқы татар дәуірін басынан өткізіп жететін болды. Бұл оның болашағы бұлдыр, қараңғы деген сөз. Өйткені, қанша оңбаған болса да, Византия Россияға азды-көпті ағарту-

шылық элементі бар христиан дінін енгізді. Шағылмаған, ұғымтал қазақ халқына татар оқуы түкке аспайтын діни схоластикадан, адамның ойы, сезімі өркендеуіне бөгет жасайтын схоластикадан басқа ештеңе үйретпейді. Сондықтан біз қалай да татар дәуірін орап кетуіміз керек. Бұл жөнінде бізге өкімет көмек көрсетуі тиіс. Көмек көрсеткенде ол, алдымен, молланы, ислам идеясын қолдауын қою керек, онан соң, қазақ округтерінде татар мектептерін ашпай, орыс мектептерін ашу керек»¹, — деді ол.

Қазақ тілінде кітап бастыру ХХ ғасырдың басында тағы да күшейе түсті. 1900 жыл мен 1917 жыл арасында осындай 200 кітап басылып шықты. Демек, ХІХ ғасырда 70—80 жыл бойы 70 шамалы кітап басылса, ХХ ғасырдың алғашқы 17 жылы ішінде 200 кітап басылды.

Бұл кітаптарды әр жылға бөлсек мынаны көреміз: 1900 жылы 3 кітап, 1901 жылы 6 кітап, 1902 жылы 8 кітап, 1903 жылы 16 кітап, 1907 жылы 10 кітап, 1908 жылы 17 кітап, 1909 жылы 20 кітап, 1910 жылы 13 кітап, 1911 жылы 26 кітап, 1912 жылы 21 кітап, 1913 жылы 15 кітап, 1914 жылы 14 кітап, 1915 жылы 5 кітап, 1917 жылы 11 кітап басылған.

Мұнан ХХ ғасырдың басында қазақ тілінде кітап бастыру жалпы алғанда, жылдан жылға артып отырғаны, әсіресе 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық революция кезінде және сонан кейінгі жылдары көбейгені, ал оның есесіне 1916 жылы, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі басталған жылы бірде бір кітап басылмағаны айқын көрінеді.

Қазақ тілінде ХХ ғасыр басында шыққан кітаптар ішінде діни кітаптардан басқа қазақтың ақын, жазушылары — Абайдың, Ыбрайдың, Ақмолланың, Нұржан Наушабаевтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Мақыш Қалтаевтың, Мұқаметжан Сералиннің, Сәбит Дөнентаевтың, Спандияр Көбеевтің, тағы басқалардың өлең жинақтары, шығармалары, орыс тілінен аударылған А. С. Пушкиннің «Қапитан қызы», И. А. Крыловтың мысалдары, қазақтың батырлар жыры, ғашықтық дастандары, ертекері, тарихи жырлары, мақал-мәтелдері, жұмбақтары, араб, фарсы ауыз әдебиетінің нұсқалары — «Мыңбір түн», «Шаһнама» әңгімелері және қазақша түрлі оқу кітаптары — ана тілі, әдебиет, есеп, география кітаптары бар.

ХІХ ғасырда шыққан кітаптарға қарағанда, ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында шыққан кітаптардың тақырыбы да, мазмұны да, жанры да алуан түрлі болды. Бұлардың ішінде әдеби кітаптар, оқулықтар, ғылыми еңбектер, қисса дастан-

¹ Шоқан Уәлиханов, Шығармалары, 194—195-беттер, 1904 ж., Петербург.

61/181



تراى تلفه كى حرسو ماتيا

"Киргизская фреска
матия" Алтын
сарина

بوكتابىنى مرزا آلطون مارين زييويپ زازغان

2006. 01. 17. 2009. 382.

بوكتاب باسمه اوله شد رفزانده چيركوفى خاتونى ننگ ورته لارى ننگ
طبع خانه سنده ۱۸۹۹ نچى

بوكتاب ننگ باسمه سنه رخصت بيرلدى سانكيت بيطر يورخده
۲۵ نچى سننا برده ۱۸۹۹ نچى يلمه

Доставлено дестьюрою С. Петербурга, 20 Сентяря 1899 года.
Типо-Литография владимиры М. Чирковой, въ Казани.

БІ. Алтынсарин «Мактубат» кітабының мұқабасы

дар, сонымен қатар, прозалық (әңгіме, повесть, роман) кітаптар да бар.

Ал, сол кездегі қазақша басылып шыққан кітаптардың көпшілігінің тілі шұбар, адыр-бұдыр болатын. Оған араб, фарсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек сөздері көптеп араласып жататын. Оның үстіне мұндай кітаптардың тек қазақша деген аты болмаса, көбінесе олар тіл, емле жағынан жергілік-

ті халыққа түсініксіз келетін. Оларды қалың бұқара былай тұрсын, қазақтың мұсылманша оқыған, сауатты деген адамдарының өзі жөнді ұқпайтын.

Араб, фарсы, шағатай тілдерінен аударылған кітаптардың, қиссалардың тіл шұбарлығы, қазаққа түсініксіз болуы бір сәрі еді. Ол былай тұрсын, қазақтың өзінің ақын, жырау моллаларының бәрі шығарған, халыққа арнап, «қазақ тілінде» жазған өлең кітаптарының тілі де қоспалы, шым-шытырық, ұғымсыз болатын. Осы кезде қазаққа арнап, ана тілінде 20 шақты кітап жазған ақын молла Шаһмарданұлы Кәшшәфетдиннің «Әдепті бала» деген кітабының тілін мысалға келтірейік:

Біер сағат балалар оқысағыз,
Мұндан соң азғана ойнарға быз
Рұқсатны берербіз ойнасағыз
Оқы сабақны яхшылап...
Осылайша қуыршаққа киім тігіп,
Киімні пішерге алыр біліп,
Қолына айнаны тұта біліп,
Оқы сабақны яхшылап.

Қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың тілі авторлары татар, башқұрт, қожа, молла болғандықтан ғана түркиленіп, шұбарланған жоқ. Сонымен қатар, олардың бастырушылары да татар, башқұрт болатын. Ал татар бастырушылары, татар корректорлары қазақша жазылған кітапты да татарша, түрікше етіп шығарып жүрді.

Бұл кездегі авторлардың көбі және кітап бастырушылар баспадан шыққан әдебиеттерде татар, қазақ, башқұрт, өзбек, тағы басқа халықтардың сөздері араласа берсе, діни сөздер көп қолданылса кітап, газет, журнал түрік тектес халықтарға түсінікті, жақын болады, осыдан барып жалпы түркі тіл жасалады деп ойлады. Мұның өзі сол кездегі реакцияшыл ағымдардың пантюркистердің, панисламистердің және солардың тілі болған «Тәржіман» газетінің ұстаған жолы еді.

Панисламистер, пантюркистер: тілде де, салт-санада да, істе де бірлік болсын деп үгіттеді. Сөйтіп, олар ислам дінін ұстаған түрік тектес халықтарды ынтымақтастыру, біріктіру, жалпы түрік мемлекетін құру мақсатын қойды. Ал дұрысында бұл барып тұрған кертартпа, реакцияшыл, барып тұрған зиянды идея еді, шетел империалистерінің жырын жырлап, сойылын соғушылық болатын.

Сөйтсе де, сайып келгенде, қазақ тілінде басылған кітаптардың көбейуі, оның ішінде жаңа, жазба көркем әдебиет, ғылыми шығармалардың болуы, оқу құралдарының шыға бастауы—осының бәрі қазақ оқығандарының саны артып, қазақ әдебиетінің біркелкі өскенін көрсетеді.

Қазақ халқының тарихында тұңғыш рет ХІХ ғасырдың аяғында ұлт тілінде газет шыға бастады. Ол «Дала уалаятының газеті» деп аталды.

«Дала уалаятының газеті» 1888 жылдан бастап, Омск қаласында, Ақмола, Семей, Жетісу облыстық ведомстіне қосымша болып екі тілде басылып, жетісіне бір рет шығып тұрды. Оның қазақшасының редакторы Дала уалаяты генерал-губернаторлығының бас тілмаштары әуелі Сұлтанғазин, кейін Аблайханов деген кісілер болды.



«Дала уалаятының газеті»

«Дала уалаяты» — патша өкіметінің, Дала уалаяты генерал-губернаторлығының ресми газеті. Оны патша үкіметі қазақ халқының қамын ойлап, саяси-шаруашылық, мәдени-ағарту тілектерін ескеріп шығарған жоқ, қазақ даласында өзінің отаршылдық саясатын жүргізу, ресми нұсқауларын, бұйрық-жарлықтарын тарату мақсатымен шығарды. Газет осы жолда қызмет істеді.

«Дала уалаяты» газетіне қазақтың сол кездегі оқығандары, хат білген адамдары: оқытушылар, моллалар, қазақтың тарихын, тұрмысын, әдебиетін зерттеп жүрген орыс ғалымдары қатынасып, хабарлар, мақалалар, өлеңдер жазып, ауыз әдебиеті нұсқаларын жіберіп бастырып тұрған. Атап айтқанда бұл газеттің жұмысына қазақтан Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Көкбай Жанатаев, Абдулла Шонаев, Бәкір Әдіков, Қорабай



«Абай Құнанбайұлының таңдамалы өлеңдері» нің мұқабасы.

Жапанов, тағы басқалар, орыс ғалымдарынан В. Радлов, Г. Потанин, А. Ивановский, Вильяминов-Зернов сияқтылар қатынасып тұрған.

«Дала уалаяты» газетіне Абайдың да өлең, мақала, хабар жазып, қатыспақ ойы болған сияқты. Осыдан болу керек, га-

зетте оның «Жазды күн шілде болғанда»¹, «Болыс болдым мінеки»² деген екі өлеңі басылған.

Бірақ Абай бұл өлеңдердің бірде бірінде автор ретінде көрсетілмеген. Алдыңғы өлеңнің басына: «Семей уезі, Шығыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбайұлы аулының Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деп жазылған да, ақырына «Кісіден үйреніп жаздым Көкбай Жанатаев» деп қол қойған. Ал, екінші өлең «Бір болыстың айтқаны» деп басылған.

Газет Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» деген өлеңінің біраз жерін өзгертіп басқан. Мысалы, кедейлердің байларға жалыныштылығын, байлардың оларға істейтін үстемдігін суреттейтін шумақтарын өзгертіп жіберген.

«Дала уалаяты» газетінде Абайдың басқа ешбір өлеңі шықпаған. Оның себебін кесіп айту қиын. Бір жағынан, ой-пікірін әлгідей өзгерткен соң Абайдың өзі жібермей, жазбай қоюынан да, екінші жағынан, Абайдың жіберген, жазған шығармаларын газеттің баспауынан да болуы мүмкін.

Әлгі аттары аталған кісілердің ішінен «Дала уалаяты» газетіне әсіресе Мәшһүр Жүсіп үзбей, белсене қатысқан: ол түрлі тақырыпта көптеген хабар, мақала, бірсыпыра өлең жазып, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастырған. Тегі Мәшһүр Жүсіптің «Мәшһүр» деп аталуы оның тек салдық құрып, ел қыдырып, өлең айтуы арқылы ғана емес, сонымен қатар осы «Дала уалаяты» газетіне көп жазып, атағы шығуы арқылы да болу мүмкін.

«Дала уалаяты» ресми газет болса да, қазақ халқының сол кездегі саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық хал-жайына, өткендегі тарихына, әдебиетіне, тұрмыс-салтына бірқатар орын берген. Онда қазақтың тарихы, көрнекті адамдары (Абылқайыр, Шоқан, Ыбрай) туралы, қазақтың жазба, ауызша әдебиеті, жеке ақындары (Бұқар, Орынбай, Үлкенбай, Ноғайбай) туралы, қазақ арасындағы оқу-ағарту істері, қазақ шаруашылығының түрлі мәселелері, Қазақстанның жері, жаратылысы туралы бірсыпыра материал басылған. Оның үстіне, газетте қазақтың бұрынғы ауыз әдебиетінің нұсқалары, сол кездегі бірді-екілі ақын, жазушылардың шығармалары да жарияланып отырған.

Бір ерекше нәрсе, «Дала уалаяты» үкімет газеті бола тұрса да, онда кей уақытта прогресшіл, демократияшыл пікірлер, көзқарастар, осы бағытта жазылған хабарлар, мақалалар да кездесіп қалып отырады. Бұл хабар, мақалалардың біразы

¹ 1889 жыл, 17 февраль, 7 санында.

² 1889 жыл, 24 март, 12 санында.

қазақ халқының саяси-шаруашылық халі, аянышты тұрмысы, орыс халқы мен қазақ халқының достығы туралы болса, біразы қазақ халқының бұрынғы мәдениеті, кемеңгер адамдары, ақындары туралы, енді біреулері қазақ арасына орыс мәдениетін тарату, қазақ тілінде кітаптар бастыру, қазақ жастарын орысша оқыту, қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмысы туралы болып келеді.

Жалпы алғанда, «Дала уалаяты» газеті патша өкіметінің ресми істерін, отаршылдық саясатын үгіттеді. Мысалы, «Дала уалаяты» өзінің «Қазақтар өнер — білімге ұмтылуда» деген бір бас мақаласында: «Егер қазақтар... өзін тарихта ізсіз қалдырайын демесе, барлық күшін салып, шын ниетімен өнер-білімге және орыс халқымен өте тығыз жақындасуға ұмтылуы керек. Орыс халқы қазақтың кәзіргі халінен құтылуына көмектессін¹ — деп жазды.

Сөз жоқ, газеттің мұнысы қазақ халқына шын жаны ашығандық, өте дұрыс, нағыз прогресшіл кеңес еді. Бірақ В. И. Ленин айтқандай ол кезде бұл мәселенің астары, екі жағы болатын. Оның бір жағы — патша өкіметінің отаршылдық саясаты, екінші жағы — ұлы орыс халқының прогресшіл, демократияшыл, озық мәдениеті.

Мұның алдыңғысының мәні — патша өкіметінің отаршылдық саясатын жүргізу еді; Қазақстан жағдайында бұл — қазақ жастарынан патша өкіметінің тілмаштарын, чиновниктерін, тағы басқа қызметкерлерін әзірлеп шығару, солар арқылы қазақ даласын отарлау, қазақ бұқарасын қанау, қазақты өз ықпалына мейлінше тарту болатын. Екіншісінің мәні — ұлы орыс халқының мәдениетін үгіттеу еді; Қазақстан жағдайында бұл — қазақ арасына орыс халқының прогресшіл, демократияшыл мәдениетін жаю, орыстың классик әдебиетін, Чернышевскийлердің, Плехановтердің идеяларын тарату еді.

«Дала уалаятының газеті» орыстың осы екі мәдениетінің қайсысын үгіттейтінін, қазақ халқына орыстың осы екі мәдениетінің қайсысын ал, үйрен дейтінін ашып айтпайды. Ол орыс мәдениетін үйрен деген жалпы сөзбен көбінесе патша өкіметінің отаршылдық саясатын үгіттеді, қазақ арасында соны жүргізуге тырысты. Бұл газеттің мына мақаласынан көрінеді.

«Қырдың жас ұрпақтарынан көзделген өкіметтік міндеттерді шешуде тиісті көмек көрсетуге қабілетті оқыған адамдар әзірлеп шығару жөніндегі өкіметтің игі мақсаты толық жүзеге асырлатынына сенеміз»².

¹ 1895 жыл, 15 саны.

² 1891 жыл, 28 саны.

«Дала уалаяты» газеті таза қазақ тілінде кітап бастыруды, газеттің тілін қазақша етуді бірталай сөз қылды. Ол осыған байланысты қазақтың әдеби тілі, емлесі, тыныс белгілері жөнінде де мәселе қозғады. Мұнысы орынды, игі іс еді. Бірақ газет бұл жөнінде үлгі-өнегені орыс халқынан емес, шығыс, мұсылман жұрттарынан — арабтан, татардан алғысы келді. Діні, тілі мұсылманшылық ғұрып әдеттері, жазуы бір болғандықтан солардың үлгісі қазаққа түсінікті, қолайлы болады деп хателесті.

Газет қазақ тілінің тыныс белгілері жөнінде арнаулы бас мақала жазды, онда тыныс белгілерінің үлгісін Мысыр, Стамбұл газеттерінен және Бахшасарай газеттерінен алуды ұсынды. Бұл тыныс белгілерін біз де қазақ газетінде қолданайық, себебі оқыған уақытта ол көп пайда береді дегенді айтты.

Ал, «Газет шығаратындардан» деген мақаласында газет мұның яғни Мысыр, Стамбұл, Бахшасарай газеттерінен үлгі алудың себебін былай түсіндірді:

«...Көп мемлекеттерде — Россияда, Францияда, Англияда, Германияда, Италияда һәм өзгелерінде діндері һәм оқу хәриптері бір, сонда да халықтары мейлінше бөлек. Бірақ ғылым һәм білім, халықтардың әр түрлі мінездері болса да діндері мен хәриптері бір болған соң бөлектігін білдірмейді. Әр түрлі тілді білген халықтардың кәзірде араласып, жақындасуына себеп болды»¹.

«Дала уалаяты» газетінің тілі мен стилі негізінде бұрынғы мұсылманша оқыған зиялылар мен тілмәштердің тілі, стилі деуге болады. Өйткені газетке түскен оригиналдық мақала, хабарлардың көпшілігі ескі мұсылманша оқыған зиялылардан, болыс, билер сияқты үкімет адамдарынан түскен. Орыс тіліндегі газет, журналдардан, кітаптардан алынған материалдарды тілмәштар аударып отырған.

Сөз болып отырған дәуірде қазақ жерінде, «Түркістан уалаяты» (1884 жылы), «Торғай газеті» шығып тұрды. Бұлар қазақ тілінде хабар, мақалалар басып, қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларын жариялап отырды. Бірақ бұл газеттер қазақ арасына «Дала уалаяты» сияқты көп тарамалды, ондай маңызды әсер ете алмады.

«Дала уалаяты» 1902 жылы шығуын тоқтатты. Мұның артынша Россияда 1905 жылы буржуазиялық-демократиялық революция болып өтті. 1905 жылғы революция нәтижесіз босқа өткен жоқ. Ол әсіресе Россиядағы Қазақстан сияқты ұлт өлкелері мен қазақ сияқты бұратана халықтар үшін әсерсіз болған жоқ. Бұл революция ұлт өлкелері шаруашылығының

¹ 1889 жыл, 13 январь, № 2.

өркендеуіне, ұлттардың шаруашылық, мәдениет жағынан қарым-қатыс жасап, бірлесуіне, осының негізінде Россиядағы бұратана ұлттардың оянуына зор әсер етті. «Конституциялық тәртіп», Дума сайлауы, тағы басқалар ұлттардың саяси сана-сезімінің артуын онан әрі күшейте түсті.

Осының нәтижесінде бұратана ұлттар, олардың оқығандары өз тілдерінде түрлі кітаптар, газет, журналдар шығаруға, мәдени-ағарту мекемелерін, халық театрларын құруға кірісті. Олар мұның бәрін: ұйықтап қалыппыз, қатардан көп кешігіппіз, енді ұмтылайық, ілгері кеткендерді тез қуып жетейік деген ниетпен асыға қолға алды.

Біз жоғарыда ХХ ғасыр басында қазақ арасында мектеп, медреселер көбейді, қазақ тілінде шығатын кітаптар саны артты, дедік. Сол сияқты, 1905 жылғы революциядан кейін қазақша газет, журналдар саны да өсті. Бұл кезде қазақ тілінде 6 газет, журнал шықты, ол газет журналдар мыналар еді:

«Серке». Бұл газет Петербургта татар тілінде шығып тұрған «Үлфәт» газетіне қосымша есебінде 1907 жылы, сол Петербург қаласында шыққан. Бірақ мұның бір номері шықты да тоқтап қалды. Редакторы Хажы Ибраимов деген кісі болған.

«Серке» туралы «Үлфәт» газеті редакторларының бірі «Нажат» (Азаттық) деген жинақта былай деп жазды:

«1906 жылдың ақырында «Үлфәттің» қазақ оқушыларына арнап, қазақ тілінде «Серке» атты екі жетілік газет шығаруға қарар болды. Келесі жылы март айының басында сол газеттің жариялауы шықты. Артынша, 28 мартта бірінші саны шықты. Ол «Үлфәт» газетінің 67-санына қосымша болып басылды.

Газет шыққан соң бірер күн өткеннен кейін полиция келіп, қала начальнигінің «Серке», «Үлфәт» газеттерінің ұсталғаны туралы әмірін оқып, басқармада бар даналарын жинап алып, құлыптап кетті. Екінші күні тиісті орындардан себебін сұрағанымызда олар: «Серке» газетіндегі кейбір мақалаларда қазақ халқын орыс халқына қарсы үгіттеу бар. Содан ұсталды деп жауап берді»¹.

«Серкенің» жариялауы былай жазылған:

«Серке»

Алаш ұранды қазақтың күзетшісі.

«Серке» есімінде нағыз қазақ тілінде бір журнал шығармақ пікіріндеміз. Бірінші номері март ішінде шықса керек.

Алушыларға қақы: бір жылға екі теңге, жарты жылға бір теңге 25 тиын. Бірмелеп нұсқасы он тиын.

¹ Нажат, 6—7-беттер, Санкт-Петербург, 1907 жыл.

Бұл «Үлфәт» газетінің 1907 жылғы март айының басында шыққан бірнеше санында басылған. Ал кейін, «Серке» шыққан соң, «Үлфәт» мынадай хабарлау басқан: ... «Серке» есімінде нағыз қазақ тілінде журнал шығармақшы уағыда қылғандығымыз мәлімді. Журналының көрсеткіш номері шықты.

Алушы дәфтері ашықдыр...

Жазылушы «Үлфәт» идәресінде қабул алынады!¹

«Серкенін» өзін тауып оқи алмадық, бірақ «Үлфәт» газетіне қосымша болып, сол газет маңында болған кісілер тарапынан шығарылуына қарап, оны либералдық-буржуазияшыл бағыттағы газет еді деуге болады. Себебі «Үлфәт» татардың либералдық-буржуазияшыл газеті болған.

«Қазақ газеті» 1907 жылы, март айында, Троицк қаласында шыққан. Бір нөмірі шығып тоқтап қалған. Шығарушысы Хайм Шумлих Сосновский, бастырушылары: Жетпісбай Андреев, Ешмухамбет Иманбаев деген кісілер болды.

Көп дау болып, бұл газеттің шығуы ұзаққа созылады. Әуелі, газетті қайда шығару туралы айтыс болады: біреулер Орынборда шығарамыз дейді де, біреулер Троицкіде шығарамыз дейді. Кейін шығарушысы, редакторы туралы талас шығады. Ақырында бірнеше адам бас қосып, ресми мекемелердің кісілерін бастырушы, редактор қойып, Троицкіде шығарады.

«Қазақстан» газеті, 1911 жылы 16 марттан бастап Ордада, екі тілде, шағын көлемді, 6 бет болып шығады. Ол жылы 4 саны шығып тоқтап қалып, 1913 жылы 27 январьдан бастап қайта шығады. Газеттің 13—14 саны шығып, сонан кейін мүлде тоқтап қалады. Оның редакторы Елеусін Бұйрин деген кісі болған.

Газеттің бағыты, мақсаты оның бас жағына жазылып отырған: «Газеттің асыл мақсаты: кәсіп ету, ғылым үйрену турасында» деп жазылған. Осыған лайық газеттің әр санында, әрбір мақаласында заман жайы, қазақ халқының хал-тұрмысы, өнер-ғылым үйрену, орыс халқының мәдениетін, өнерін үйрену туралы үзбей сөз болып тұрған.

«Қазақстан» 1911 жылғы бірінші санындағы «Хал-жайымыз» деген басмақаласында «Шаруа, кәсіп жайын кеңесейік» деп мәселе қозғайды, заман өзгереді, заман шаруаны, адамды өзгертеді, өзгермесе, жаңаға ыңғайланбаса, ол кейін қалады, заманымыз өзгеріп отыр, біз де өзгерейік, дегенді айтады. Екінші санында басылған «Еңбек етсең емерсің» (бас мақала), «Тіршілік тартысы» деген мақалаларында тағы да газет күн көру мәселесін, шаруашылықты заманға қарай ыңғайлау, өнер үйрену мәселесін сөз етеді, «ұйықтай берсек, надан қала

¹ «Үлфәт», 67-сан, 28 март, 1907 жыл, Петербург.

берсек, жойыламыз. Дүние жүзінде қалғымыз келсе, адам баласын, гайри жан несін, бір адамды бір адамнан артық еткен ғылым, өнер үйреніп, өзімізден ілгері кеткен халықтармен қатарласуға талап етелік» дейді.

Сол жылғы үшінші санында басылған «Әдебиет таңы» деген мақаласында «Қазақстан» әдебиеттің сол кездегі халжайын, түйінді мәселелерін қозғайды. Абай шығармаларына тоқталып, оның:

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та бар қалан —

деген өлеңін келтіреді, Абайды әдебиетіміздің таңы деп бағалайды.

«Қазақстан» газетінің басқа сандары да осы бағытта шығып отырған. Оны нағыз прогресшіл, демократияшыл бағыттағы газет деуге болады.

«Айқап» журналы. Бұл 1911 жылдың январынан 1915 жылдың августына дейін Троицкі қаласында шығып тұрды. Алғашқы жылы айына бір рет, басқа жылдары айына екі рет шығады. Осы уақыт ішінде барлығы 89 саны шықты. Көлемі бір-біржарым, екі-екіжарым баспа табақ болды.

«Айқаптың» тиражы жөнінде нақты мәлімет жоқ. Бірақ, «Айқап» қазақ даласының барлық жеріне көптеп тараған әйгілі, беделді журнал болды.

«Айқап» журналының шығарушысы да, редакторы да белгілі ақын, жазушы Мұхаметжан Сералин болды. Ол әркімнен пайда серік ретімен пай жинап, қарызға ақша алып, журналдың әуелгі сандарын сонымен шығарды. Кейін журнал өз қаржысымен шығып тұрды. Оған көмек көрсетушілер де болды. Алайда журналдың қаржысы жеткілікті болды деуге болмайды. Ол қаржысының тапшылығынан кейде шағын көлемді болып шығып жүрді. Оның басылуының тоқтатылуы да қаржысының жоқтығынан болды.

«Айқап» журналында әр кезде хатшы, қызметкер, хабаршы болып Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жиханша Сейдалин, Әкірам Галимов істеді. «Айқап» журналына қазақтың сол кездегі оқығандары, мектеп оқытушылары мен оқушы жастары, хат білген адамдары көп қатынасты.

Журнал өзінің аты, мақсаты туралы 1911 жылғы бірінші санында: «Айқап» деген сөз қазақтың төл сөзі; ол ғасырлар бойы мәдениеттен, білімнен кенже қалған бүкіл қазақ халқының өкінген бейнесі ретінде алынды. Айқап! деп санымызды

соқтық. Енді ел қатарына қосылайық деген үнді білдіреді» — деп жазды.

Айқап қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірінің көптеген түйінді, көкейтесті мәселелерін сөз етті. Соның бәрін де қазақ халқының саяси-әлеуметтік бостандығы, шаруашылығы мен мәдениетінің өркендеуі тұрғысынан қарап сөз көтеріп отырды. Ол үнемі «бізге не істеу керек?», «қайтсек біз тез ілгері басып, ел қатарына қосыла аламыз?» деген сұраулар қойып, солардың шешуін, жауабын табуға тырысты.

Бұл сұрауларға тапқан жауабын, өзінің негізгі программасын «Айқап» 1911 жылғы 6 санындағы «Бізге не істеу керек?» деген бас мақаласында ашық айтты: 1) отырықшы болып, қала салу, жерден қол үзіп қалмау керек, 2) мектеп, медресе салып, оқу, мәдениетке жетілу керек, 3) дін жұмысын өз қолымызға алу — мүфті сайлау керек, 4) мемлекет думасында мүддемізді айтып, сөзімізді өкіметке жеткізіп отыратын депутаттарымыз болу керек, 5) Петербурда өкіліміз болу керек, ол сонда біздің ісімізді жүргізіп, өткізіп отыру керек — деді.

Осы бағытта «Айқап» журналы қазақ арасындағы бектік-феодалдық қоғам қалдықтарына: ескі ғұрып-әдеттерге, жалқаулыққа, надандыққа, жікшілдікке қарсы күресті; жаңаны, жақсыны дәріптеді: мәдениетті халықтарды, алдымен, ұлы орыс халқын, оның мәдениетін үлгі етті.

«Айқап» журналы қазақ халқын отырықшы болуға, қала, поселка салуға, қаладан, орыс поселкаларынан үлгі алып, егін шаруашылығымен, ұсақ өнеркәсіппен айналысуға үндеді, мектеп, медресе салып, жаппай оқуға, өнер-білім үйренуге, ғылымды-техниканы меңгеруге үгіттеді.

«Айқап» қазақ әйелдерінің хал-жайын, бостандық, теңдік мәселесін көп сөз етті. Өзінің 1911 жылғы, 7 санында «Қазақ қыздарының аталарына», «Қалың мал құрысын!», «Бауырлас қазақ әйелдеріне», «Аналарымызға», «Аталарымызға» деген үндеулер және басқа көптеген өлең, мақалалар басты. Қазақ әйелдері туралы жазылған «Қалың мал», «Қамар сұлу», «Бақытсыз сұлу» (Ғалимов) романдарының авторлары да алғашында «Айқап» журналынан шықты.

Осылардың қай-қайсысында болса да журнал қалың мал, көп әйел алу, әменгерлік, қызды шалға, сүймеген адамға еріксіз берушілік сияқты ескі заң, зиянды салтқа қарсы күресті. Әйелдердің ерікті, еркекпен тең болуын, өз тағдырын өзі шешуін, теңіне, қалағанына, тұрмысқа шығуын, қыз балалардың еркек балалар қатарлы оқытылуын, әйелдердің еркек қатарлы қоғам жұмысына қатынастырылуын талап етті.

آيقاپ

ترويسكىده آينده بريمينه نارافيجه جفا توغهن زورنال

باشاقتان سوزدهر:

- | | |
|-------------------------------|--------------------------|
| آي آستنه ميچ نريده باصقارلاني | سوز ناسي |
| طورمان ايسس | كون ايلتوووم مورلستنه |
| آتمسز بيلمايدى | آوتاران! |
| سرگه قوزمخالاق | غان آبلای |
| ارچ سوال طوران كچكته نىككته | ميسلومز طورلستنه كورگن |
| خمسوراسو | بىلكه نيمه توستان نكولرم |
| شاييه توون! | ناميده نازاي جيري جايهت |
| بىلكه نىككته هم ارلنك - جر | |

ТРОИЦКЪ
Империалъ Энергия

«Айқап» журналы қазақтың ана тілі мәселесін, оның әліппе, грамматика мәселесін кең талқылап, өз тұсында дұрыс шешті. Қазақтың Абай негізін салған әдеби тілінің өркендей түсуіне теориялық жағынан да, практикалық жағынан да зор себепші болды. Осы сияқты, «Айқап» қазақ арасындағы оқу, мәдени-ағарту мәселелерін, жаңа оқуды өрістетуге, жаңаша оқу программалары мен оқу құралдарын жасау мәселелерін кеңінен сөз етті.

Бұған Мұхаметжанның өзінің оқу мәселесі туралы, шәкірттер, оқытушылар туралы жазған көптеген мақалалары, Сұлтанмахмұттың «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» (12-сан, 1913 жыл) деген мақаласы, Спандиярдың «Үлгілі бала» деген оқу кітабы дәлел бола алады.

«Айқап» қазақтың сол кездегі ақын, жазушыларының жаңа, таңдаулы шығармаларын үнемі басып отырды. Көптеген ақын, жазушыларды тәрбиелеп өсірді. XX ғасырдың басындағы көрнекті әдебиетшілер Мұхаметжан Сералин, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев «Айқап» арқылы жазушы болып қалыптасты, «Айқап» арқылы өсті.

«Айқап» қазақ әдебиетінің түйінді мәселелерін, оның өркендеу жолдарын сөз етті. Абай, Ыбрай негіздеген біздің жаңа әдебиетіміздің, ұлы орыс халқының классик әдебиетінен нәр алып, оның озат, демократияшыл идеясын уағыздай отырып, онан әрі өркендей түсуіне жетекші болды.

Бұл жөнінде Сұлтанмахмұттың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген, журналдың 1913 жылғы 19, 20, 22, 23 сандарында басылған үлкен мақаласын атап көрсетуге болады. Ол мақаласында Сұлтанмахмұт сол кезде шыққан өлең кітаптарын қатты, бірақ өте орынды сынады:

«... Жыл сайын бестеп, ондап, «жас иіс», жаңа талап рисалар да туып тұрды. Бірақ бұларды туды деп, құр туғанына сүйсінбесе, ... «Осы қарағым ер жетіп, ернім аққа тиер-ау деп, үмітке кіріп, түшіркенерлік біреуі жоқ. Қой бұты, қозы саны дегендей, құраған, сұраған бірдеңелер... кейіп жоқ, келісім жоқ. ... Қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ... Тілдері бытбырақ, бытбырақ болмағандарының ағыны теріс» — деп жазды ол.

Осымен қатар Сұлтанмахмұт әдебиетке қатты, өте орынды талап та қойды. Ол әдебиет, соның ішінде өлең «Сыртқы көрінісі «қатын ойбай» болып көрінсе де, дәмі бар, маңызы бар ойбай болсын, қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы болсын, бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болсын» — деді.

«Айқап» журналы Мемлекеттік Думаларға, Дума сайлауларына байланысты үгіт жүргізді. Қазақ халқына сайлау правосы берілуін, Думаға қазақтан депутаттар сайлануын талап етті. Қазақ халқы әлеуметтік өмірінің түйінді, көкейтесті мәселелерін тізіп, солардың Думада қаралып, шешілуін талап етті. Осы мәселелерді алдын ала қарап, талқылау үшін бүкіл қазақ съезін шақыруды ұсынды. Бұл патша үкіметін әшкерелеу еді, оған «жығылған үстіне жұдырықтың» кебі еді.

Сонымен, «Айқап», жалпы алғанда, демократияшыл, ағартушы бағыттағы журнал болды. Ол қазақ халқының ұйқысынан оянуына, шаруашылығы мен мәдениетінің ілгерілеуіне біраз пайда келтірді, әсер етті.

«Айқап» журналының хатесі де болды. «Айқап» өзінің іс-әрекетінде, жол-бағытында ұлы орыс халқын, оның озат идеялы, демократияшыл мәдениетін нысана етіп ұстады. Мұнысы өте орынды еді. Сонымен қатар, ол сол кездегі татар мәдениетіне де, татар мәдениеті арқылы шығыс мәдениетіне де иек сүйеді. Ал, оның мұнысы үлкен хате болды. Өйткені шығыс мәдениеті ескі, мешеу еді, капитализмнің өркендеуіне байланысты шығыста, Россия мұсылмандары арасында болған діни оянушылық-жөдітшілдік бұл кезде, империализм жағдайында, әлеуметтік революциялар тұсында, үстем таптардың арандатушылық әрекеттері арқасында ескілікке, кертартпалыққа, панисламизм, пантюркизмге, түрлі ұлтшылдыққа қарай бет бұрған еді.

1905 жылғы революциядан кейінгі дәуірде «жоғарыдан жауынгер ұлтшылдық басталды, «дәулеттілер өкіметі» шеткері аймақтардан олардың «бостандық сүйгіштігі» үшін кек алу ретінде бірсыпыра шара — репрессия қолданды, бұған жауап ретінде төменде ұлтшылдық толқыны туды, ол кейде өрескел шовинизмге айналды. Еврейлер арасында сионизм, Польшада шовинизм, татарлар арасында панисламизм, армяндар, украиндар арасында ұлтшылдық, тоғышарлардың тегіс анти-семитизм жағына бейімділігі күшейді»¹.

«Айқап» осы жағдайларды айқын ұғынбады. Осыдан ол дін жөнінде, дін басыларының әрекеттеріне қарсы тұрақты бағыт ұстай алмады, соңғы бірер жылда шыққан сандарындағы кейбір мақалаларында журнал отырықшы болу, қала болу, емле мәселесі жөнінде хателесті: қала болсақ, орыстанып кетеміз, жаңа емле құранды оқытуды жеңілдетуге тиіс деп шатасты, сол кезде туа бастаған ұлтшылдықпен батыл ажырасу, оған тиянақты, принципалды қарсылық көрсету деген болмады. Ұлтшылдық бағытта жазылған мақалаларды

¹ И. В. Сталин, Шығармалары, 2-том, 291-бет.

сынау немесе баспай қоюдың орнына, журнал оларға өз бетінен кеңінен орын беріп отырды.

«Ешім даласы». Бұл газет 1913 жылғы сентябрь айынан Петропавлда, екі тілде (қазақ, татар тілдерінде) шыға бастап, жыл аяғында жабылып қалды. Ол шағын көлемде, жетісіне үш рет, «Ишимский край» газетінің баспаханасында басылып тұрды.

«Ешім даласы» жөнінде Исмағыл Рамиев былай деп жазады: «...Бұл газет қазақтың жерін өзінде қалдыру, қазақтарды отырықшыландыру мақсатын көздеді. Жыл ақырында газет қабылдды. Шығарушылары жазаға бұйырылды»¹.

«Қазақ». Орынборда, 1918 жылы, 2 февральдан осы «Қазақ» газеті шыға бастады, ол 1913 жылдың аяқ кезіне дейін ғана, қалыпты көлемде, алғашқы кезде жетісіне бір рет, кейін жетісіне үш рет шығып тұрды. Газет қазақ арасына көп тарады.

«Қазақ» газеті өзінің мақсатын былай түсіндірді: «Бұл газетаның мақсаты: жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп таныстыру.

Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зақұндарды, хақимдардың бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру, Государственная дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете қабар беру, ішкі һәм сыртқы қабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер, су, егін, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету. Адам һәм мал дәрігерлігі жайынан жазу»².

Басқаша айтқанда, газет халықтың қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірінің бірсыпыра көкейтесті мәселелерін қозғап отырды. Бірақ оларды қазақтың бек-феодалдарының мүддесі тұрғысынан, ескілік қаймағын бұзбау, қазақтың «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» заманын — баяғы хандық-феодалдық қалпын қайта орнату тұрғысынан қарап, ұлтшылдық, либералшыл-буржуазиялық бағытта уағыздады.

Революция жылдарында «Қазақ» газеті буржуазияшыл-ұлтшылдардың, алашорданың орталық газеті болды, Ұлы Октябрь социалистік революциясына, совет өкіметіне, коммунистерге қарсы күресті.

Қорытып айтқанда, қазақтың революцияға дейін шыққан

¹ *Исмағыл Рамиев*. Уақтылы татар матбуғасы, Қазан, 1926 жыл, 222-бет.

² «Қазақ» газеті, № 1, 2-февраль, 1913 жыл, Орынбор.

газет, журналдары екі түрлі саяси-идеялық бағытта болды: кейбіреулері буржуазияшыл-либералшыл, буржуазияшыл-ұлтшыл бағытта болды да, кейбіреулері прогресшіл, демократтық-ағартушылық бағытта болды.

V

Жоғарыда XX ғасыр басында қазақ тілінде 200 шақты кітап басылып шықты дедік. Солардың ішінде 65—70 шамалы кітап — қазақтың сол кездегі ақын-жазушыларының күнделікті тақырыпқа, сол дәуір тақырыбына өздері жазған шығармалары, өлең жыйнақтары, дастан, поэмалары, әңгіме, романдары. Бұлардың тақырып, мазмұны жағынан болсын, көлемі жағынан болсын көрнектілері мыналар деуге болады:

Насихат қазақия — өлеңдер жыйнағы, жазған Орынтай Құрымбайұлы, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1900-жыл, 20-бет.

Топ жарған — поэма, жазған Мұхаметжан Сералин, Троицкі, Ф. Селянкин, Х. Сосновский баспаханасы, 1900 жыл, 13-бет.

Әдебиет қазақия — өлеңдер жыйнағы, бірінші бөлім, жазған Әбубәкір (Кердері), Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1902 жыл, 44-бет.

Гүлхашима — поэма, жазушы Мұхаметжан Сералин, Орынбор, Қаримов баспаханасы, 1903 жыл, 97-бет.

Манзұмат қазақия — өлеңдер жыйнағы, жазушы Нұржан Наушабаев, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1903 жыл, 72-бет.

Ақмолла эфендінің манзұматы — өлеңдер жыйнағы, Қазан, Харитонов баспаханасы, 1904 жыл, 24-бет.

Әдебиет қазақия — өлеңдер жыйнағы, екінші бөлім, жазушы Әбубәкір (Кердері), Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1905 жыл, 35-бет.

Жапон соғысы — поэма, жазған Ғарип Сафиуллаұлы, Қазан, Университет баспаханасы, 1906 жыл, 23-бет.

Жас өмірім яки жастықтағы өкініш — роман, жазушы А. А. Жандыбаев, Қазан, Шәріп баспаханасы, 1907 жыл, 15-бет.

Мәшһүр шағыр Ақмолланың мәрсиясы және басқа шиғырлары — өлеңдер жыйнағы, Қазан, Шәріп баспаханасы, 1907 жыл, 36-бет.

Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз — өлеңдер жыйнағы, жазған Мәшһәр Жүсіп Көпеев, Қазан, Шәріп баспаханасы, 1907 жыл, 23-бет.

Хал-ахуал — өлеңдер жыйнағы, жазушы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қазан, Университет баспаханасы, 1907 жыл, 20-бет.

Сарыарқаның кімдікі екендігі — өлең, әңгіме жыйнағы, жазған Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қазан, Шәріп баспаханасы, 1907 ж.

Жаксы үгіт — өлеңдер жыйнағы, жазған Мақаш Бекмұхамбетов, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1908 жыл, 24-бет.

Гибрат өлең — өлеңдер жыйнағы, жазған Файзулла Иманбаев Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1908 жыл, 12-бет.

Әдебиет қазақия — өлеңдер жинағы, жазған Мағаз Батырғалиұлы, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1908 жыл, 16-бет.

Әдебиет қазақия һәм үгіт-насихат — өлеңдер жинағы, жазған Абубәкір Оразғалиев, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1908 жыл, 16-бет.

Насихат қазақия — мақалалар, өлеңдер жыйнағы, жазған Зейнулғабиден Қажы Әміреұлы, (Әлжауһерм), Уфа, Шарих баспаханасы, 1909 жыл, 32-бет.

Қазақ шиғырлары — өлеңдер жинағы, жазған Ғабдулғазиев Байдүйсенұлы, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1909 жыл, 24-бет.

Қалтайұлының қазақ ахуалын бәйт еткен манзумасы — өлеңдер жинағы, жазған Мақыш Қалтаев, Қазан, Өрнек баспаханасы, 1909 жыл, 20-бет.

Бұлбұл құс — өлеңдер жыйнағы, I, II бөлім, жазған Зарип Кәримі (Исаки), татаршадан аударған Өткірбай Алмасов, Қазан, Чиркова баспаханасы, 1910 жыл, 56-бет.

Кітапхана жұрнағы — өлеңдер жыйнағы, жазған Бекмұхамбет Серкебаев, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1910 жыл, 26-бет.

Қазақтың айнасы — өлеңдер жинағы, жазған Мақыш Қалтаев, Қазан, Университет баспаханасы, 1910 жыл, 16-бет.

Әдебиет өрнегі — өлеңдер жинағы, жазған Иманғали Бисенұлы (Байшуаки), Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1910 жыл, 35-бет.

Болғын қазақ — өлеңдер жинағы, жазған Арғынбай Ысқақ қажы, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1911 жыл, 18-бет.

Назым — өлеңдер жинағы, жазған Ақылбек бін Сабал, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1911 жыл, 22-бет.

Сүм заман — өлеңдер жинағы, жазған Ақылбек бін Сабал, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1911 жыл, 20-бет.

Ақын — өлеңдер жинағы, жазған Арыстанғали Берікғалиұлы, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1911 жыл, 20-бет.

Бар оқиға — өлеңдер жинағы, жазған Мақыш Қалтаев, Қазан, Домбровский баспаханасы, 1912 жыл 30-бет.

Жастық жемістері — өлеңдер жинағы, жазған Әкірам Ғалимов, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1912 жыл, 28-бет.

Нәсихат сөздер — өлеңдер жинағы, жазған Жұмағазы Теміралыұлы, Қазан, Домбровский баспаханасы, 1912 жыл, 45-бет.

Тура жол — өлеңдер жинағы, жазған Мақыш Қалтаев, Қазан, Домбровский баспаханасы, 1912 жыл, 24-бет.

Ызың — өлеңдер жинағы, құраған, жазған Елеусін Бұйрин, Орал, «Қазақстан» баспаханасы, 1912 жыл, 27-бет.

Арманда — өлеңдер жинағы, жазған Ғайтмухамбет Белгібайұлы, Ташкент, Ғарифжанов баспаханасы, 1913 жыл.

Есіл жұртым — өлеңдер жинағы, жазған Ғалимулла Ғалимжанов, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1913 жыл, 35-бет.

Мілли шиғырлар — өлеңдер жинағы, жазған Баймұхамбет Бейсембинов, Қазан, Қаримовтер баспаханасы. 1913 жыл, 30-бет.

Қалың мал — роман, жазған Спандияр Көбеев, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1914 жыл, 83-бет.

Қарлыған — өлеңдер жинағы, жазған Қорабай Жапанов, Уфа, Шарих баспаханасы, 1913 жыл, 25-бет.

Жыйған-терген — өлеңдер жинағы, жазған Бекет Өтетілеуов, Орынбор, 1914 жыл, 60-бет.

Нәсихат қазақия — өлеңдер жинағы, жазған Жұмағали Арыстанұлы, Қазан, 1914 жыл, 30-бет.

Қызметкер — өлеңдер жинағы, жазған Мұхамбет Садық Енесұлы, Шарих баспаханасы, 1914 жыл, 112-бет.

Үлгі — өлеңдер жинағы, жазған Садырғалиұлы, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1914 жыл, 23-бет.

Уақ-түйек — өлеңдер жинағы, жазған Сәбит Дөнентаев, Уфа, Шарих баспаханасы — 1915 жыл, 32-бет.

Надандық құрбаны, үш перделі драма, жазған Көлбай Түгесов, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1951 жыл, 40-бет.

Халық мұңы — өлеңдер жинағы, жазған Хамидулла Садуақасұлы, Қазан, Қаримовтер баспаханасы, 1915 жыл 12-бет.

Шын мақсат — өлеңдер жинағы, жазған Баймұхамбет Айдақожаұлы, Семей, Жәрдем баспаханасы, 1915 жыл, 23-бет.

Жатпа қазақ — өлеңдер жинағы, жазған Әбілқасым Ғұмарұлы, Арғыни, Ташкент, Ғарифжанов баспаханасы, 1917 жыл.

Тухфа и Жәмхүрият — өлеңдер жинағы, жазған Молла Мәдди, Ташкент, Ғарифжанов баспаханасы, 1917 жыл, 46-бет.

Хикаят Өрқа Күлше — Ғашық уа мағашық (дастан). Жазған Шәһді төре бин Жангер төре. Ташкент, Ғарифжанов баспаханасы, 1917 жыл, 82-бет.

Бұл келтірілген фактілардан XX ғасырдың басында қазақтың ақын-жазушыларының саны өсіп, XIX ғасырдағы қалам

ұстаған татар, башқұрт, моллаларының орнына қазақтың ішінен шыққан өзіндік шығармалар жазатын әдебиетшілердің, ақындардың көбейгендігі анық байқалады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жаңа әдебиеттік жанрлар туа бастады. Бұрын, XIX ғасырда, әдебиеттік түр тек өлең, жыр, жалаң поэзия болып келетін. Ал кейін тың, жаңа жанрлар — бірді-екілі прозалық (повесть, роман), драмалық шығармалар жарыққа шықты. Демек, бұрынғыға қарағанда, қазақтың XX ғасыр басындағы әдебиеті өзінің кадры жағынан да, жанры жағынан да едәуір өсті.

Ал, бұл дәуірдегі қазақтың ақын-жазушылары өздерінің шығармаларында қандай тақырыптарды сөз етті? Не туралы жырлады? — деген мәселеге келсек, олардың көпшілігі бірнеше ғана тақырыпты қамтып, бірін-бірі қайталап отырғанын аңғарамыз. Мұның үстіне олардың кейбіреулерінің пікірі тұрақсыз, ұйтқымалы болды. Мысалы, «Есіл жұртым!» деген жыйнақтың мазмұны «Жазушыдан бір-екі сөз», «Заман», «Жұрт туралы сөздер», «Қазақтың бұрынғы халы», «Біздің қазақтың молда ұстаулары», «Оқушыларға», деген сыяқты ескіні, көксейтін лебінде келеді.

Жыйнақтың эфиграфы былай жазылған:

Ал қазақ, көтер басты, аш көзінді,
Бір уақыт адам санап сен де өзінді.
Тұрсандар қараңғыда қор боларсың,
Алашым, теріс көрме бұл сөзімді.

«Насихат қазақия» деген кітаптың мазмұны мынадай: 1) Әуелгі сөз, 2) Құран және оның хадистері, 3) Қазақтың қазіргі халі, 4) Ынтымақ, бірлік хақында шариатымыз не айтқан? 5) Болыс сайлауында партияға бөлінуде пайда бар ма? Зарар қанша? 6) Мектеп, медресе және мешіттеріміз бар ма? 7) Бала оқытқан мұғалім, моллалардың озифасы, 8) Орысша оқып, тіл үйрену шариатымызда дұрыс па? Пайда зарары қанша? 9) Қазақтың тіл өнері, 10) өлеңдер (Абайдың, тағы басқа ақындардың өлеңдері), 11) Замандастарыма бір-екі сөз. Автор кітабын мынадай өлеңмен қорытады:

«Күннің көзі көпке түскен бізге түспей,
Болды екен әлде қандай кеселіміз...
Бұл күнде өнерсіздің күні қаран,
Қарманып, ұмтылып қал өрге таман».

Немесе, З. Қәrimi — Өткірбай Алмасов дегеннің әр қайсысы 4—5 баспа табақ көлемде екі кітап болып 1910—1911 жылдары шыққан «Бұлбұл құс» деген жыйнағын алайық. Автор жыйнақтарында бір қатар маңызды мәселелерді сөз етеді. Бірақ бұлардың өлеңдері көбінесе идеясыз, сандырақ сөз-

ді болып келеді, кейбір өлеңдерінде ой-пікір, идея бір-біріне қарама-қарсы шығып жатады. Мысалы, ол бірді-екілі өлеңдерінде тарихқа шолу жасайды: бір кезде бақыт, дәулет, өнер-білім бәрі араптың қолында болған. Қазір олар сонан айрылып қалды. Бір кезде Шынғысхан жержүзін жаулап алып, билеп тұрды. Қазір ол жоқ. Енді орыс патшасына бағынып отырмыз — деп өкініш еткендей болады. Бірақ, соның өзінде еркіндік, теңдік, бостандық мәселесі, орыстың прогресшіл бай мәдениетінің қараңғы қазақ даласына тигізетін ізгі әсері жөнінде ешбір сөз болмайды.

Жазушы бір қатар өлеңінде оқу, өнер, білім мәселесі туралы айта келіп: наданбыз, артта қалған елміз, оқу, өнер үйренейік — дейді. Бірақ қандай оқуды, қандай өнер-білімді үйрену керек, оны ашып айтпайды. Бір есе «оқымай надан қалып, дін білмедік», деп ескі, діни оқуды меңзейді, немесе:

Тастан мектеп салындар майлап тұрып,
Оқытсын ғалым молда айлап тұрып,
Ұрмай, соқпай балаларды ренжітпей,
Оқытсын жана тәртіп сайлап тұрып —

деп жаңа оқуды мадақтаған болады.

Осы сыяқты, автор дінді, қожа, молданы кейде сынамақшы болады да, кейде қатты дәріптейді, патша өкіметін, оның отаршылдық саясатын кейде мінеп-шенемекші болады да, кейде асыра мақтайды. Қай мәселе жөнінде болсын осылай толқып, ауытқып отырады.

Жалпы алғанда қазақтың ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылары дәуірдің көкейтесті мәселелерін халықтың хал-жайын жырлады. Қазақ халқының ортағасырлық шырт ұйқыда жатқанын, шаруашылық, мәдениет, саясат жөнінен кенже, тіпті мешеу қалғанын сөз етті, еңбекшілердің, әйелдердің аянышты халдерін суреттеді, жалпы қазақ халқының жапа шегіп отырғанын көрсетті, бұлардың себептерін ашуға тырысты.

Қазақ халқының бұлай мешеу қалған себебін бір қатар әдебиетшілер, елдегі ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық тәртіптің қалдығынан көрді, шығармаларында осы жағдайды сынап, мінеді. Енді бір қатар ақын-жазушылар әрі қазақ арасындағы ортағасырлық қалдықтардан, әрі патша үкіметінің отаршылдық саясатынан көріп, шығармаларында соларды сынады.

Осымен қатар, қазақтың бұл кездегі жазушылары қазақ халқын ояту, ілгері бастыру жолдарын, халықтың саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен өркендеу, жетілу жолдарын, ерікті, бақытты тұрмысқа жету жолдарын тағы қарастырды.

Бұл ретте олардың тапқан жолдары — халықты білімге, мәдениетке, ынтымақ-бірлікке, еңбекке шақыру болды.

Жоғарыда айтқандай, бұл кезде қазақ арасында мұсылманша ескі, діни оқу да, жаңа, төте оқу — жәдит те, сондай-ақ, орысша оқу да бар болатын. Ал осылардың қайсысын оқу, қайсысын үйрену керек екендігі жөнінде ХХ ғасыр басындағы әдебиетшілер түрлі көзқараста болды.

Бір қатар ақын-жазушылар халықты жалпы, жалаң оқуға шақырды да, бірақ қандай оқу оқудың қажеттігін, пайдалылығын ашып айтпады. Әйтеуір оқы деп үндеді. Кейбіреулері халыққа мұсылманша — жаңаша оқы, орысша тек арыз жаза аларлық, сол тілде сөйлесе аларлық дәрежеде ғана оқы, бірақ дінге мықты бол деп кеңес берді. Енді бірқатар ақын, жазушылар халықты ашықтан-ашық жаңаша оқуға, орысша оқуға, жалпы дүние тану, өнер-білім үйренуге шақырды, ұлы орыс халқының прогресшіл, озат идеяларын, мәдениетін үгіттеді.

Империализм жағдайында бірлік, ынтымақ мәселесі түрлі саяси бағытта болады. Бірақ, елдің феодалдары мен байларының оқыған өкілдері халықты әл-ауқатына, қоғамдық-әлеуметтік, таптық айырмашылықтарына қарамастан бүкіл қазақ болып, ислам дініндегі жұрттар, бүкіл түрік тектес халықтар болып бірлесуге шақырды. Бұл бірлестіктердің зиянды, кертартпа буржуазиялық-ұлтшылдық, панисламизм, пантюркизм туын ұстайтыны түсінікті. Сондықтан да бұл бірлік империалистік буржуазияның мүддесіне сай келетін.

Әрине, қазақ еңбекшілеріне мұсылман дініндегі, түрік текті халықтар болып бірлесуден басқа, таптық-интернационалдық бірлік керек еді, ұлтына, дініне, нәсіл-тегіне қарамай, әр халықтың езгідегі еңбекші бұқарасы, жұмысшы табы болып бірлесу қажет еді. Еңбекші халықтың мүддесіне лайық бірлік осы еді.

Халықты бірлікке шақырғанда кейбір ақын, жазушылар осы бірлесулердің қайсысын қолдайтынын бұркеу қалдырып отырды, олардың кейбіреулері қазақ болып бірлес, дін, нәсіл жөнімен бірлес деп ашық айтты, ал енді біреулері таптық бірлесуді жақтады.

ХХ ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушыларының тақырып жөніндегі бір үлкен кемшілігі — олар еңбекші халықтың, жұмысшының, кедей мен жалшының өмірін, ой-сезімін, мұң-тілегін, мүлде аз жырлады, сол дәуірдің ең маңызды, ең көкейтесті тақырыбын тіпті жеткіліксіз көтеріп отырды.

Бұл кездегі әдебиетте Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Кедей» поэмасынан басқа жұмысшы, кедей, жалшы өмірі тура-

лы нақты жазылған бірде бір шығарма болмады; Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романында, тағы басқа бірлі-екілі ұсақ өлең-жырларда бұл жөнінде тек сөз арасында, шет-пұшпақтап қана әңгіме болады.

Сонымен, ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тақырыбы, идея жағынан өрісі тар, өресі жетімсіз болды. Оның көп кадры өз дәуірінің саяси жаршысы дәрежесіне көтеріле алмады, өмір заңын, халық тілегін, көз алдында болып жатқан әралуан қоғамдық құбылыстардың, ұлы оқыйғалардың мән-жайын жете аңғармады.

Заман деңгейіне көтерілу, өмірдің егжей-тегжейін, қоғамдық құбылыстар мен саяси оқыйғалардың түйінін түсіну үшін тек жазушы болу, құр әдебиеттік дарын иесі болу жеткіліксіз. Мұның үстіне жазушы озық ойлы, білімді, мәдениетті, өмір құбылыстары ағымын байыпты болжап білетін жетік қайраткер болуы керек.

Әдебиет, көркем шығарма дегеніміз — қоғамдық сананың, идеологияның бір түрі. Ол болмысты, өмірді әлеуметтік құбылысты мүсіндеп, бояулап, белгілі бір мақсатты көздей отырып, көркем тілмен баяндап көрсету арқылы түсіндіреді.

Ал, жазушының дүниеге көзқарасы — оның сол болмысты, өмірді, қоғамдық құбылысты көретін көзі, екшейтін елегі, өлшейтін таразысы. Жазушының дүниеге көзқарасы қаншама ғылыми, тынақты, озат болса, ол болмысты, өмірді, түрлі құбылысты соншама жете, дәл аңғарады.

Қазақ халқының жалпы тарихи саяси, шаруашылық мәдени жағынан артта қалғандығына байланысты ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылардың басым көпшілігі ескі, діни мектеп, медреселерде оқып, тәрбиеленді, олардың жаңаша, орысша оқығандары аз, білім дәрежесі төмен еді. Міне сондықтан да қазақ әдебиетінің тақырыбы және идеялық өрісі тар болды. Жазба әдебиетте революциялық жолға түскен, революцияны жырлаған ақын-жазушы болмады. Қазақтың бұл дәуірдегі әдебиетшілерінің біреулері тынақты демократтық-ағартушылық көзқараста болды да, енді біреулері ағартушылық бағыттан кейде кертартпа феодалдық-клерикалдық, буржуазиялық-ұлтшылдық, буржуазиялық-либералдық бағытқа ауытқып жүрді.

Бұл кезде тек қазақ әдебиетінде ғана емес, сол сияқты көптеген ұлттар әдебиеттерінде де осындай бағыттар орын алып жүрді. «Очерки истории СССР, 1907 жыл, март — 1917» деген кітапта Россиядағы халықтардың осы дәуірдегі әдебиеттеріндегі түрлі ауытқулар, ағымдар атап көрсетіліп, негізгі екі бағытқа бөлінеді. Онда ұлт әдебиеттеріндегі демократтық беталыс былай сипатталады:

«Ұлт әдебиеттеріндегі демократияшыл бағыт өкілдерінің көбі елеулі қателер мен әлсіздіктерден сау емес еді, кейде олардың шығармаларында өздеріне жат декаденттік мотивтер, үндер сезілер еді, көп ретте олардың либералдық-ұлтшылдық көзқарастар әсерінен әбден арылмағаны байқалар еді. Дегенмен жалпы алғанда, халық бұқарасының мұң, мүддесін жырлаған, езілген ұлттар үстем табының халыққа зиянды буржуазиялық-ұлтшылдық, феодалдық-клерикалдық мәдениетіне қарсы тұрған осы демократтық бағыттағылар болды». Мысалы, татар халқының осы дәуірдегі әдебиетін алсақ, онда Шәһбүтдин Маржани, Смағыл Ғаспринский бастаған діни, буржуазиялық-либералдық, буржуазиялық-ұлтшылдық ағымдар, Каюм Насри, Ғабдулла Токай бастаған ағартушылық, революцияшыл-демократтық ағымдар болды, олар арасында қыян-кескі айтыс шығып жүрді¹.

Татар әдебиетінде, сондай-ақ орыс халқы әдебиетінде де осы дәуірде болған түрлі ағымдар мен бағыттардың қай-қайсысы болсын қазақ әдебиетіне әсер етпей қойған жоқ, өйткені қазақтың сөз болып отырған кездегі ақын-жазушылары түгелдей осы екі халық әдебиетінен үйренді, солардан саяси-идеялық нәр, азық, әдебиеттік үлгі, өнеге алды.

VI

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын өлкеде азды-көпті өлең жазып, халық арасында атағы шыққан, шығармаларында демократтық-ағартушылық бағыттан кейде феодалдық, буржуазиялық-ұлтшылдық, буржуазиялық-либералдық көзқарасқа ауытқып жүрген ақын-жазушылар — Ақмолла, Әбубәкір, Нұржан, Мәшһүр Жүсіп, Шәнді, Мақыш Жүсіпбек қожа Шайкисламов, Көкбай Жанатаев тағы басқалар болды. Бұлар тек мұсылманша, ескі хадимша оқыған діни көзқараста қалған адамдар.

Жоғарыда аталған жазушылардың көрген әдеби мектебі, оқып үлгі алған әдебиеті ертедегі араб, фарсы аңыздары, қазақтың, татардың, азербайжанның, Орта Азия халықтарының бұрынғы ескі әдебиеті еді, бұлардың кейбіреулері, көбінесе, араб, фарсы хикаяларын — «Мың бір түн», «Шаһнама», «Тотының тоқсан тарауы» әңгімелерін, қазақтың ертегі-аңыздарын бұрынғы шығыс әдебиеті дәстүрімен қисса, дастан, мысал, назым етіп жазып, шығармаларында араб, фарсы сөздерін, діни сөздерді көп қолданып отырды.

¹ М. Ғайнуллин, Каюм Насыров и просветительское движение среди татар, г. Казань, 1955 г., Таткнигоиздат.

Ал, бұлардың бірсыпырасы күнделікті өмірге, қоғамдық оқиғаларға байланысты қазақтың бұрынғы ауыз әдебиеті, ұлт ақындары дәстүрінде, таза қазақ тілінде де өлең, жыр жазды. Бірақ мұндай шығармалар өзіндік ерекшеліксіз, жазба әдебиеттік, реалистік, оригиналдық бояусыз, шығыс әдебиеті мен ауыз әдебиеті стилінде жазылды.

Бұл ақын-жазушылар Россияда капиталистік қарым-қатыстың дамуының әсерімен, 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократтық революцияның ықпалымен оянды. Бұларға, екінші жағынан, империалистік соғыс та, социалистік революция қарсаңындағы әлеуметтік оқиғалар да зор әсер етті.

Осы себептен де сол кездегі әдебиетшілердің шығармаларында демократтық-ағартушылық пікірлер елеулі орын алды: байлар, надан қожа-молдалар, парақор би-болыстар, озбырлық, әділетсіздік сыналды, оларды шарифат, низам жөнімен түзеу талап етілді; бұқараны ояту, оқуға, мәдениетке үндеу сарыны күшейді, халықтың ілгері өркендеуі арман етілді.

Бірақ қоғамдық көзқарасының орнықты қалыптаспауының нәтижесінде бұл жазушылар тыянақты демократтық-ағартушылық бағытта бола алмады, сол замандағы әдебиеттің негізгі әдісі болған реализм, сыншыл реализм дәрежесіне көтеріле алмады. Демек, олар өз шығармаларында халық тұрмысын, нақты, жан-жақты, дәл көрсете білмеді, өмірді, қоғамдық құбылыстарды еңбекшілер мүддесі тұрғысынан баяндамады.

Мұны біз бұл топтағы авторлардың шығармаларына қысқаша шолу, талдау жасасақ, айқын көреміз.

Ақмолла (Муфтахитдин) Мұхамедияров (1839—1895) кәзіргі Башқұрт республикасы жерінде туып, сонда қайтыс болған. Оның әкесі қазақ, шешесі башқұрт әйелі, өзі татар арасында тәрбиеленген: Стерлітамақтағы, Орынбор маңындағы, Троицкідегі мектеп-медреселерде оқыған. Қостанай, Троицкі, Ақмола, Қөкшетау жағындағы қазақ ауылдарында молла болып, бала оқытқан.

Ақмолла қашқын-солдат ретінде айыпталып, 1863—1871 жылдары Троицкіде түрмеде отырады. Тұтқындар отрядында жұмыс істеуге кесіледі. Сонан ол босану үшін қуынып, 1872 жылы Петерборға барып, жазадан ақталып шығады.

Ақмолла өлеңдерін қазақ, башқұрт, татар тілдерінде аралас жазған. Ал, өзі өлеңдерімді қазақ тілінде, халық үшін жаздым дейді:

Қазаққа өлең жаздым ашық қылып,
Хасистердің жүрегін ашыттырып...
Айтамын үгіт қылып қазақ халқын,
Көңіліңіз дін жағына сонша салқын,
Қаншама ғұламалар айтсадағы,
Бұрынғы қиялмайсыз ата салтын

— деп жазады.

Ақынның «Жоқтау» деген өлеңі 1892 жылы және басқа бірсыпыра өлеңдері 1904 жылы басылды, барлық өлеңдер жинағы, «Мәшһүр шағир Ақмолланың өлеңдері» деген атпен 1907 жылы және «Ақмолла өлеңдері» деген жалпы тақырыппен 1935 жылы жарыққа шықты.

Ақмолла өлеңдерінің басым көпшілігі — заман туралы, қазақтың тұрмысы, хал-жайы туралы, оқу, өнер, ғылым туралы, дін, мінез-құлық туралы болып келеді. Бұлардың бәрінің әлеуметтік мазмұны, ақынның негізгі идеясы — клерикалдық буржуазиялық мақсатты, шығыста болған діни оянушылықты, жәдитшілдікті жырлау.

Ақмолла татарлар арасында алғаш шыққан ұсулу жәдит ағымын, оның көрнекті өкілі Шаһбутдин Маржаниды дәріптейді, өзін жәдитшіл, Маржанидың шәкірті деп жариялайды, Маржаниға арнап өлең жазады. Ақмолланың ақын атағын шығарған оның осы өлеңі болады.

Ақмолла осы дінн оянушылық, жәдитшілдік тұрғыдан қарап, қазақ арасындағы ескілікті, ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық тәртіптің қалдықтарын сынап, халықты оянуға, ілгері ұмтылуға үндейді, ескі хадим оқуын сынап, халықты жаңа оқуға, өнер, ғылымға шақырады, біз ұйықтап қалдық, саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен басқа халықтардың бәрінен мүлде кейін қалып қойдық. Енді тез оянып, жедел ілгері ұмтылайық, озып кеткен елдерден үлгі, өнеге алайық, оларды қуып жетейік, заман осыны тілейді, заманды аңғарайық, заманға ыңғайланайық — дегенді айтады. Мысалы, Ақмолла «Ғылым туралы» өлеңінде былай дейді:

...Болмайық төрт аяқты мал секілді,
Қураған жапырақсыз тал секілді,
Бақшадай жігіт адам көркейеді
Ғылыммен сөз сөйлесе бал секілді.
Көз салып қараңызшы әр тарапқа,
Дүниеде ашылғандай темір қақпа.
Сен де енді өнерге ұмтыл, әрекет қыл
Талпынып, өнер үйрен, мұндай шақта...
Көшпелі қазақпыз ғой күрке астында,
Өнер жоқ, ұйықтаған тек көрпе астында
Бейқам боп жата берсең қор боларсың,
Жау жоқ деп ойламаңыз жар астында...
Тұрмысы басқа елдердің күн секілді,

Тұрмысы надан елдің түн секілді.
Өзіңіз ойлап қара миға салып,
Көрінер осы жері мін секілді.
Жігіттер хабардар бол заманадан,
Сиырдан артық емес надан адам.
Неге біз қор боламыз басқа жұрттан,
Біздағы туып-өстік ата-анадан...
Тексерген өз ғайыбын ұят емес,
Симайды ақ қағазға қылсам кеңес.
Болыс, бидің жолын қой, өнер үйрен
Дегенімді түзу жан теріс демес...

Ақмолланың бірқатар өлеңдері дін туралы, адамның ниеті, мінезі-құлығы туралы болып келеді. Ақын оның біразында өз заманындағы адамдардың, би-болыстардың, қожа-молдалардың, бай-саудагерлердің дүниеқорлық теріс ниеттерін, мінездерін, іс-әрекеттерін былайша сынап, мінейді:

Адамы бұл заманның арам тамақ,
Көңілі қара, ауызы ала, ерні жалақ.
Дін ісіне шамшыл аттай шегіндейді,
Дау десе жауыр атын кетер сабап...
Бұзықтар бірін-бірі қолдайды екен,
Қиянатын біле тұрып қорғайды екен.
Залымдарға даярлаған тозақы бар,
Құдайым бұл дүниеде ұрмайды екен...
Дертіміздің баршасы дүние мүлкі,
Дүние үшін жер қазып болдық түлкі.
Қанағат қылмағанның қарыны аш,
Түнде ұйқы көрмедік, күндіз күлкі..
Дүниеге тою да жоқ, қою да жоқ,
Қапшығын қанағаттың тышқан тескен...

дейді.

Ақмолла дін, ниет, мінез, құлық туралы өлеңдерінің кейбіреулерінде ізгілікті, адамгершілікті насихаттайды. Ол жұртты дүниеқорлықтан, қиянатшылдық, зорлық-зомбылық, арамдық, жауыздық істерден тыйыл, әділетті жолды берік ұста, таза, тура жүр, әдепті, қайырымды бол деп үгіттейді:

Ең әуел тазалау керек іштің кірін,
Іште толып жатпасын сасық ірін.
Аһ дариға, іш тазарсын, іс тазарсын,
Болмаса, пайда бермес құры білім...

дейді.

Ақынның бірқатар өлеңдерінде жыл мезгілдері, «Көктем», «Жаз», «Күз», «Табиғат құбылыстары» суреттеледі. Оларда ақын табиғаттың, жыл мезгілдері көріністерінің, халық өмі-

¹ Ақмолланың бұл өлеңдері, оның 1935 жылы Алматыда басылған жинағынан алынды.

рінің бірқалыпты жарасымды, келісімді бейнесін береді, бұдан өз көзқарасына сай философиялық тұжырым, саяси қортынды жасайды. Мысалы, оның «Табиғат құбылыстары» деген өлеңін байқап көрейік:

Күн шығады, көтеріліп, батады,
Дем алысқа жан-жануар жатады.
Жердің жүзі күн пердесін жамылып,
Тағы машырық, жарқырап таң атады.
Су ағады, көпіреді, күрілдеп,
Қыс қатады, күз жатады дірілдеп.
Кейде тасып, кейде асып шенінен,
О да кейде суалады біріндеп.
Жел соғады, дауылдатып тұрады,
Ұйтқып, түйткіп, алай-түлей қылады.
Кейде боран, кейде дауыл, кейде ескек,
Кейде ақырын сап болады, тынады.
Дүниедегі түрлі заттар от болар,
Сан өсімдік от боп жанып, жоқ болар.
Жаратылыс құбылысы бұлдағы
От та күл боп ақырында жоқ болар.
Негіздірек бәрінен де топырақ,
Түрлі затты тудырады қопарып.
Жаратылыс өзгерісі қиырсыз,
Топыраққа бәрі тұрар тоқырап.
Міне осындай жаратылыс түрлері,
Ауысып тұр бірі кейін-ілгері.
Үнем тұрмай, өзгереді осындай,
Кезектесіп, бейнет, рахат күндері.

Ақмолланың өзі қатарлы ақындардың бәрінен бір өзгешелігі, артықшылығы сол — бұл топқа жататын ақындардың Ақмолладан басқа ешқайсысы жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын жырлаған, суреттеген емес.

Жоғарыда келтірілген үзінділерден Ақмолла өлеңдерінің түрі, көркемдік жағы біраз байқалады. Ақмолла кейбір өлеңдерін қара өлең үлгісімен, яғни он бір буынды, ақсақ ұйқасты етіп жазған. Ол өлеңінің буының, ұйқасын қыйыстыруға онша шебер емес. Оның өлеңдерінің буыны кейде артық кетіп, кейде кем қалып отырады.

Ақмолла көбінесе өлеңнің мазмұнына мән беріп, тыңдаушының сезімін оятарлық үгіт, насихат әуенімен жазуға тырысады. Оның өлеңдерінде мүсінді сөздер: теңеу, салыстыру, шендестіру көп кездеседі. Ол қазақтың ауыз әдебиетінде бұрыннан келе жатқан, өзінен бұрынғы ақын-жазушылар жасаған теңеу сөздерді көп, орынды қолданып, сонымен бірге өзінше жаңа сөздер табуға тырысады. Бұл жөнінде мыналарды мысалға келтіруге болады:

Темірмен қадақталған терезесі,
Қаратас қабатталған керегесі...

Әсері асыл сөздің балдай татыр,
Бұл жерде көңілім қорқақ, тілім батыр...
Күн нұрын көре алмаған жарғанаттай...

Онан соң, Ақмолла өлеңдерінің шешен, өткір айтылған, мақал, мәтел, афоризм сыяқты шыққан жерлері бар. Олар ақынның ой-пікірін, заманның өзгешелігін едәуір сипаттайды.

Мысалы:

Сауысқан әкім болып, тоты болмас,
Ел-елдің боз баласыз құты болмас...
Жаманның кесепаты алыс болмас,
Жөкені майлағанмен қайыс болмас...
Снырға кілем жабу келіспейді,
Шағала бояуменен тауық болмас,
Көк темір қайрауменен алмас болмас,
Көк есек құрдас болып, мұндас болмас

— деген сыяқты болып келеді.

Ақмолла өлеңдерімді қазақ тілінде, қазаққа түсінікті етіп жаздына, дейді. Дегенмен соның кейбір өлеңдері қазақ бұқарасына оншалық түсінікті емес. Әсіресе оның «Маржани мәрсиясі» негізінен ескі, діни сөздермен жазылған.

Осы сыяқты, Ақмолланың басқа өлеңдерінің де тілі біраз шұбар, алашапыр: оларда татар, башқұрт, араб, фарсы сөздері жиі ұшырап отырады. Бұл ақынның алған тәрбиесінің, діншілдігінің, билеуші, ақсүйек табының жырын жырлап, бұқараға көмескі, түсініксіз тілде сөйлеуге тырысуының нәтижесі.

Сонымен, Ақмолланың көзқарасы, ұстаған жолы, алған бағыты діни оянушылық, жәдитшілдік еді. Ол империализм заманында, революция жылдарында кертартпалыққа, панисламизмге, пантюркизмге бой ұрды.

Әбубәкір (Кердері) Шоқанов (1858—1912) Ақтөбе облысында туып-өскен, Орынбор мен Троицкіде мектеп, медресе бітірген, Орал, Ақтөбе, Орынбор, Орскі маңында әр жерде молла болып, бала оқытқан.

Әбубәкірдің өлеңдері «Әдебиет қазақия» деген атпен екі жыйнақ болып басылды, бірінші жыйнағы 1903 жылы, екінші жыйнағы 1905 жылы басылып шықты. Ол не бәрі ірілі-уақты отыз шақты өлең, жыр, толғау жазған.

Әбубәкір өлеңдерінің негізгі тақырыптары: дәуір жайы, қазақ халқының бұрынғы және сол кездегі тұрмыс халы, халыққа өзінің замандастарына, кейбір жеке адамдарға арналған үгіт, кеңес, ол оқу, ғылым, өнер, дін, мінез-құлық туралы да жазды. Мұның бәрі сол дәуірдегі ақындар көп жырлаған тақырыптар. Оларды Әбубәкір өзінше уағыздады.

Бірақ Әбубәкірдің ой-пікірі, бағыты, көзқарасы толқымалы, бір-біріне қарама-қарсы болып отырады. Ол өзі сөз еткен тақырыптарының кейбіреулері жөнінде түрлі тұжырымды пікір айтып жүрді. Мысалы, ол қазақ халқының Россияға қосылуын екі түрлі жырлайды.

Бағынған бұл патшаға әуел бастан,
Әділдік табылар деп артын ойлап,
Кіріпті Әбілқайыр заманында,
Кеңдік бар деп осының ғаламында...

Онан әрі Әбубәкір патша өкіметі қазақ халқына кеңдік берді, көзір қазақтың жерін, елін қазақтың өз би-болыстары, тілмәштері, билеп тұр, патша өкіметі қазақ, арасынан мектеп, медресе ашты: қазақ балаларының оқып, білім алуына, ғылым, өнер үйренуіне жағдай жасады, патша әділ, ол ел ішіндегі жолсыздықты тыйды, патша өкіметі өнерін асырып, отарба, түрлі машина шығарды, қазақ соны пайдаланып, дәулетті, мәдениетті ел болып отыр — дейді. Сөйтіп, ақын:

Салтанат, ұзақ өмір бергейсің деп,
Патша үшін сиынамыз жалғыз хаққа

— деп патшаны мадақтайды.

Біресе Әбубәкір көзір заман бұзылды, бұл заманның адамы, заңы, дәстүрі бұзылды, қазақтың жері тарылды, дәулеті сарқылды — деп зарлайды:

Заманым өтті, ел азды,
Ел ішінде ер азды.
Айдын-айдын сулардың
Балығы кетіп, көл азды.
Ойпаң-ойпаң жерлердің
Оты кетіп, жер азды...
Еділ, Жайық екі су
Ел қонуға тар болды.
Қарағай, қайың, тал, терек
Тамыр, түбі таусылып,
Қамшы сапқа зар болды...
Заманның түрін барлаймын..
Бұрынғының бірі жоқ,
Жақсылардың күні жоқ,
Осыларды жоқтап зарлаймын...

дейді.

Осы сыяқты, оқу, өнер, ғылым туралы жырлағанда да, Әбубәкір оны, біріншіден, дәріштейді, қазақ халқын оқуға, орысша оқуға, ғылым, өнер үйренуге шақырады:

...«Өнерді білгендердің ісі батыл,
Өнерсіз, бай болса да, болар **фақыр**...
Қазағым, қапыл болмаңыз,
Өнерден бос қалмаңыз,
Қасындағы Руссия
Тура ғылым шығарды,
Оқып, біліп жолдаңыз...
Орысша ғылым білмесен,
Еш пайдаға аспай тұр
Мұсылманша молдаңыз,

Ал, екінші жағынан, ол оқуды, өнер, ғылымды, кәсіпті ба-
лағаттайды, орыс тілін білуге, жаңа киім-кешекке, жаңа құ-
рал-сайманға қарсы шығады:

...Сөйледің екі түрлі тілінде адам,
Тілі екеудің діні екеу деген сөз бар,
Андамай бұзып алма дініңді адам.
Дау менен ер талабы сауда болды,
Түйе мен қатар-қатар арба болды,
Тар шалбар, қынамалы бешпент киіп,
Әлхамды шала білген молда болды,
Шаруасы тамылжыған қазақ еді,
Мынау, іс байқап тұрсам, сорға болды...
Тар шалбар, бешпент шықты қынамалы,
Жігітке шапан киген ұнамады,
Сары жез самауыры тағы шықты,
Машина бұрамалы шүмегі бар
Төсектен ерте тұрып басы ауырса,
Бөтен ем шайдан басқа сұрамады — дейді.

Сайып келгенде Әбубәкірдің жаңашылдығынан ескішілді-
гі, бүгінгіні мақтауынан өткенді жоқтауы, өнер, ғылымды
даттауы басым жатады, елді жарыққа үндеуінен, жігер бе-
руінен, ақыл айтуынан зарлауы, сүйінішінен күйініші, жылауы
көп болып келеді.

Оның үстіне Әбубәкірдің кейбір өлеңінде пантюркистік,
панисламистік сарын бар. Ол, мысалы, «Әбубәкір молланың
ноғай халқына насихат қылып айтқаны» деген толғауында,
қазақ, ноғай, өзбек, қарақалпақ, түрікпен-бәрібір ел, алты
алаш, дін қарындас, ынтымақты болыңдар дегенді айтады.

Мақыш Қалтаев (1869—1916) жылдар Ақмола маңында ту-
ған. Ол жасынан мұсылманша оқып, жетілген молла болған,
қажіге барып қайтқан. Қазіргі Ақмола, Көкшетау, Солтүстік
Қазақстан облыстарында, Троицкіде ескіше бала оқытып, қа-
жылық құрып жүрген; бұрынғы Семей, Жетісу губернала-
рындағы қазақ ауылдарын әдейі аралап көрген.

Өзінің айтуы бойынша, Мақыш 1907 жылдан бастап әде-
биетпен шұғылданады: кітаптар бастырады, өзі алты кітап
жазып, татар тілінен екі кітап аударады. Мақыштың ол кі-
таптары және олардың қысқаша мазмұны мынадай:

«Насихат қазақия» (1907), автор бұл кітабында көптеген күрделі гуманистік мәселелерді қозғайды, дүние, тіршілік, заман туралы, семья, ұлт, отан туралы, дін, өждан, әдет-ғұрып, мінез, әдептілік туралы пікірлер айтады. Бірақ осылардың бәрін дерлік ақын жалпы ізгілік, адамгершілік прогрестік тұрғысынан түсіндірмек болады да, ақыры ескі діни тұжырымдарды уағыздаудан басқа татымды ешнәрсе айта алмайды.

Мысалы, ол адамның ерлі-зайыпты болып қосылудағы мақсаты пайғамбардың үмбетін көбейту болып табылады, осыдан олар арасында махаббат пайда болады. Ал осы ерлі-зайыпты кісілердің міндеті — адал, таза болу, сөйтіп дүние-мүлік жыйнау, күн көру, бала тәрбиелеу, ол балаға әуелі діни тәрбие беру, бала «діндарлықты жасында әдет етсе, ұлық болғансоң оны есінен қалдырмайды» — дейді.

Мақыш тірлік үшін, күн көру үшін, кейінгі ұрпаққа із, үлгі қалдыру үшін, қоғамға, ұлтқа пайда келтіру үшін адамға өнер, ғылым, білім, кәсіп үйрену керек — дейді.

Ең зор себеб ғылымдар сағадатқа,
Әрбір кісі, әрбір қауым, әр міллетке.
Астық үшін не қадар жаңбыр керек,
Сол рауште ғылым керек адамзатқа. (29-бет).

Бұл үшін ақынның ойынша, әркім ықыласты, талапты, ұстамды, әдепті болу керек, әр істің көзін, жүйесін білу керек, кедейлікке төзу, байлыққа насаттанбау керек.

Адамның отан, ұлт жөніндегі міндетін Мақыш былай түсіндіреді:

Отан үшін күш аяп, мал қызғанба,
Пайдакерлік лайықдыр әрбір жанға,
Ата, ана, қардаш кібік міллет сүйсін,
Болмаса, адам болып кірмес санға.
Таракки деген сөзді маскара етпе,
Міллетке қызмет ет, қырын кетпе (30-бет).

«Қалтайұлының қазақ ахуалын бәйт еткен манзумасы» (1909) деген кітабында Мақыш көптеген әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Оларды кей ретте діни, кей ретте дүниелік тұрғыдан, прогрес-тарақки тұрғысынан баяндайды.

Мысалы, ол қазақ кедей болмақ, бай болмақ, надан болмақ, білімді, мәдениетті болмақ — бәрі тағдырдан деп біледі. Оның мұнысы — надандығы. Расында кедей, бай болу, надан болу, білімді болу тағдырға байланысты емес, әр адамның, әр халықтың өзіне байланысты, әр адам, әр халық талапты болса, ізденсе, әрекет етсе, ақыл, өнер тапса, ол бай, білімді, мәдениетті болады — дейді.

Бала болмас еш уақыт қатын алмай,
Бидай шықпас соқалап, тұқым салмай,
Сусын қанып, ашыққан тоқ болмайды,
Қолмен алып, ауызға, ішке бармай.
Беру хақтап болса да себеб бізден
Жабысалық себепке соңға қалмай (30)

Мақыш өзінің бұл шығармасында қазақтың әкімдері мен би болыстарын, төрелерін, олардың жаман әдет, жайсыз мінездерін сынайды. Олар баққұмар: сайлауға таласады, жау-жанжал іздейді, пара алады, ел қамын ойламайды, кедейдің сөзін сөйлемейді — дейді. Ол ишандар мен хажы молдаларды да надан, құлқынқұмар арамтамақтар деп сөгеді.

Автор бай мен кедейдің қарым-қатынасын сөз ете келіп, кедейдің байға жалшы болатынын, бірақ қызметінен кінә тапса, байдың оны қорлайтынын орынсыз деп табады.

Бай фақыр, фақырлар бай болмай ма екен,
Жарай ма дүннеге әбден сену? — қанағат қыл..

Осылайша ол кедейге төзімді бол, түрлі кәсіп үйрен, болашақтан үміт күт деп ақыл үйретеді.

Сонымен, Мақыш бұл кітабында қазақтың хал-жайын, оның өмірінің нақты мәселелерін көбірек баяндайды. Халықтың оянуын, ілгері дамуын, жарқын болашағын аңсайды.

1910 жылы шыққан «Мәшһүр Қалтаев» деген Мақыштың кітабы он шақты мысалдан құралған. Бұл мысалдардың бәрі де мінез-құлық, адамгершілік туралы жазылған. Бірақ, бұларды Мақыш өз жанынан шығармай, татаршадан, Ыбрай Алтынсариннан алып, өлеңмен жазып шыққан. Әрбір мысалға ол өзінше қортынды берген.

Мысалы, бір әңгімесінде арыстан, сыйыр, қой, ешкі төртеуі бірлесіп аң аулайық, тапқанымызды бөліп жейтін болайық деп уәделеседі. Аңға шығады. Сыйырдың қақпанына түлкі түседі. Бөлісіп жемек болып, бас қосады. Арыстан мен аң патшасымын, мен күштімін деп, басқаларды қорқытып, түлкіні тұтас өзі жейді. Осыны автор былай қорытады:

Бұл қиссаның пайдасын жақсы тында:
Инсап берсін бір алла күшті құлға.
Күшті болып, инсапсыз болғандардың,
Алдында, ақыл болса, қарсы тұрма.

Ал, «Бал құрты мен шыбын» деген мысалдың қорытындысы мынадай:

Кішкене, фақыр болған сөзі қатты
Көп артық ұлықтардан сөзі тәтті.
Сөзі ащы, ыстық жүзді болғандардың
Қолында тұра бермес мал мен бағы.

«Фақырлық, байлық» деген мысалда дала тышқаны қала тышқанын қонаққа шақырады. Сыйы, ас-суы шамалы болады, қонақтың көңілі толмайды. Бірақ екеуі емін-еркін отырып, ішіп-жейді. Енді қала тышқаны дала тышқанын қонаққа шақырады. Сыйы, ас-суы өте мол болады. Бірақ, қауып-қатер көп кездеседі. Мол асты емін-еркін отырып, ішіп-жей алмайды. Бұл жағдай былай суреттеледі:

Бұл қиссадан ақылды көп пайда етер,
Тыныштықпен аз нығмет болса жетер.
Қауып-қатермен отырып жеген нығмет
Бойға жүкпай, ас болмай, обып кетер.
Қасық асым, қайғысыз басым деген
Бұрынғының сөздері болмас бекер...

1910 жылы шыққан «Қазақтың айнасы» деген кітабында Мақыш қазақтың хал-тұрмысын, салтын айнадағыдай етіп көрсетіп, оларды «бетін қыйсық болса, айнаға өкпелеме» деген оймен өзінше сынамақ болады. Мысалы, «Қазақтың айнасы» деген өлеңнің сарыны былай болып келеді:

Айнадай көрсетемін жұрттың мінін,
Қорқып, ішке жимаймын сөздің шынын.
Жақын, алыс, дос, дұспан бәрін бірдей
Сөйлеймін жалтақтамай хақтың жолын.

Мақыш қазаққа оқудың керектігін түсіндіреді, басқа мұсылман жұрты оқып, жетіліп отыр, сен де оқы, орысша оқы деп келіп, ол орыс оқуының керектігін былай түсіндіреді:

Орысша харам дейміз біздің дінде,
Мұқтаж болып тұрсақ та осы күнде.
Тілімшқа тағзым қылып жалынғанша
Арызынды адал қыл өзің біл де.

«Тура жол» (1912) Мақыш бұл кітабында дүниені, рухты, жанды — бәрін дін жөнімен түсіндіреді, қожаларды әшкерелейді: олар өз елдерінде қолынан іс келмеген, күн көре алмаған адамдар, қазақ арасына келіп әулие болып жүр, олар келгелі ел арасы бұзылып барады — дейді. Қазақтың ауруды бақсы-балгерге қарату, қожа-молдаға үшкірту сыяқты әдеттерінің надандық екендігін көрсетеді.

Мақыш заман бұзылды деген жиі естілетін зарға тоқталып, заман бұзылған жоқ, өзіміз бұзылдық — деген тұжырым айтады.

Бұзылды замана деп қата айтамыз,
Бұ заманнан біз көрдік қашан теңдік.
Заманның бұзықтығы басымызда,
Тағы кім тұр бұзылып қасымызда...

Мақыш «Газеттің керектігі қақында бір-екі сөз» деген мақаласында: Россиядағы мұсылмандардың көбінің өз ана тілдерінде газеттері бар. Бізде де газет болу керек. «Газет ұзын құлақ емес. Ел пайдасын күзететін құрал». Қазақ пайдасыз іске мал шығаруға құмар. Ал, игілік іске мал шығаруға сараң. Пайдасыз іске шығарылған малды газет шығару, бала оқыту сыяқты игілікті іске шығарса, мәдениетіміз ілгері басқан болар еді деп үгіттейді.

Мақыштың бұл кітабының тақырыбына мазмұны сай емес. Өйткені Мақыш кітабында қазақ тұрмысының, қазақ салтының кейбір жағын сынаумен ғана қанағаттанған, мақсатым қазақты сынау болды деген. Онысы орынды, қазақтың жаман мінезін, ескі салтын, қазақ өмірінің кем-кетігін сынау әбден керек.

Бірақ сонымен қатар оны жөндеудің жолын көрсету керек еді, қазақ халқының саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен ілгері дамуына, жетілуіне жол сілтеу керек еді. Бұл кездегі «Тура жолдың» маңнасы осы еді. Мақыш кітабының атын тауып қойса да, бұл айтылған тура жолды көрсете алмаған. Оған өресі жетпеген.

«Айна» (1913). Жазған З. Қарими, татаршадан аударған Мақыш Қалтаев. Өлеңдер жинағы. Жинақтың іліп алар жері автордың ауырып жатқандағы ойы: болашақ жөніндегі түйі. Ол былай болып келеді:

Кетер бір заман шексіз бұл ақ қарлар,
Жылынар күн, болар желсіз шуақтар.
Көре алмаспын мен ол қардың кеткенін,
Болмаса халіме бір шипа хақтан.
Кетер боран, аяз бен жел, суық та,
Жауып жаңбыр, жері көктер жуықта.
Жасыл мақпал кілем болар қара жер,
Болармын мен көрде ол уақытта.
Болар дүние ол уақытта бір жемісті бақшадай,
Ағар сулар сылдырап, төгілген алтын ақшадай.
Шаттықпен қызық көріп жүрер әркім.
Ол күнде тек болсын менің қабырым сарай.
Өсер, көктер жер үстінде толқындап,
Сайрар құстары неше түрлі мұңданып,
Болар ол күнде әр кімге бостаншылық.
Тек мен жатармын топыраққа былғанып.

«Сақ, сұқ». Бұл кітапты 1913 жылы. Ғ. Ғ. Рашиди жазып, оны татаршадан қазақшаға аударып, кіріспе, соңғы сөздерімен бастырған Мақыш Қалтаев.

Кітап өлеңмен жазылған бір ертеқ пен бірнеше өлеңнен құрастырылған. Автор негізгі шығармасында оқуды, тәлім-тәрбиені дәріптейді. Басқа шығармаларында оның пікірі тұрлаусыз ұйтқымалы болып отырады. Мысалы, бишара

жігіт: дүние өтеді, барлық нәрсе өзгереді. Соған лайық мен де өзгеруім, әрекет істеуім керек, өмірді текке өткізбеуім керек десе, бишара шәкірт басына түскен көп қыйыншылықтың, ауыр азаптың бәріне көнеді, амал-жоқ, сабыр ету керек дейді. Айналып келгенде, жігіті де, шәкірті де ынжық болып шығады.

Мақыш сөз басында жастарға оқы, оқы, оқы деп үгіттейді.

«Бар оқыйға» (1913). Кітаптың аты дүниеде, тұрмыста, елімізде, қазақ арасында болған, болып жатқан оқыйға, автордың көзімен көрген, оқып, іздестіріп білген оқиғаларға беретін бағасын аңғартады.

Бұл кітаптың кіріспесінде автор елді өнер білімге шақырады, «Қазақ сахарасын кезу» деген бөлімінде қазақ даласын аралап, көргенін-білгенін әңгімелейді. Ал «қазақтың ханы болған төрелері» деген енді бір бөлімде былай делінген:

...Хаснет жоқ төрелер ел билеген,
Жеңіп, жаншып қазақты нанша илеген.
Асса, кессе қазақты бес үй төре
Неше мың үй қарсы кеп бір тимеген...
Бұл зорлық қияметке кетпек еді,
Түбіне залым төре жетпек еді.
Орыс халқы бұл зорлықтан құтқармаса,
Қазақ өзі төреге нетпек еді...

Қазаққа берілген теңдік туралы жырлай келіп, ақын патша өкіметі қазақты хан, төре құлдығынан құтқарды, оған бостандық, теңдік берді деп, оны мадақтайды. Ол енді халыққа мынадай үн тастайды:

Қала бол, жер өзінде болсын дейді,
Сүйген жерін мекен қып қонсын дейді,
Почта жүріп, газетга, журнал оқып,
Мағрифатқа адамдар толсын дейді.
Егін сал, машинамен шөбіңді шап,
Ризыққа бұрынғыдан молсың дейді.
Өрт алмаса, өлмейтін өлі мал жи,
Істерің ілгерілеп оңсын дейді...

Мұнан кейін ақын халықты оқуға, жаңаша оқуға, орысша оқуға үгіттеп былай дейді:

...Ғылым, өнер оқысын жастарыңыз,
Берейік молламызға жеті жаста,
Өз дініміз танысын әуел баста,
Үш-төрт жылда жәдитпен дін танытып,
Школаға мұнан кейін апар, таста
Шаһдат нама берген соң учительдер
Мұнан соң қайда барса, қалмас әсте.
Оқысын бай, фақырдың баласынан,
Орыстардың кәмететті данасынан,

Петербор, Москеулердей биік жерде
Россияның шәһәр атты қаласынан...
Заманаға жарарлық ғылым, білім
Табылмас бұл қазақтың арасынан,
Ескі ұсулмен оқытып оқығанмен
Кім жетілген сахырауи даласынан...

Кітаптың «Басқа жұрттар қандай халде» деген бөлімінде Мақыш дүниеде үш жүз миллион мұсылман, бес жүз отыз-бес миллион христиан, сегіз жүз миллион басқа халықтар, отыз миллион шамалы жәут бар, деп келіп мынадай мысал келтіреді:

Оянғалы көбіне талай болған,
Оянбаған ояуға малай болған...
Соқырларды көзі бар ала берді,
Тауарларын қалтасына сала берді...

Ендеше бізде солар сыяқты әрекет істейік, оқыйық, өзімізді өзіміз сақтайық. «Сақтанбасаң сақтамас хақими хақ».

Өнерге жабыспасаң іс бітпейді,
Тең болмай дұспан түгіл дос күтпейді —

дейді автор.

Ақын әйел теңдігі туралы да сөз қозғап, бұл жөнінде шарифат шеңберінен шықпаса да, әйелге әділетсіз көзқарасқа қарсы орынды пікір айтады. Ол: қызды күйеуге берерде: «малының санына қарағанша беретін адамына қарау керек емес пе?... Шарифатымыз бойынша күйеу болар адамды билеушілердің сүюі шарт па еді? Баратын қыздың өзі сүюі шарт емес пе еді?.. Мың біткен байдың айбыты — қайбыты, кәрі-кұртаңы бәрі дәрі бола бере ме? Адамы тең болмаса, малға қыздың басын сатып алғанмен көңлі сатып алынар ма екен?.. Қыздың баратын адамын сол балығ өзі ықтыяр қылсын деп низам ерік беріп қойған жоқ па?... қысқасы, шарифатымызға, низамға, бұрынғының «теңі келсе, тегін бер» деген сөзіне хилап болған ғұрып-әдетімізді қою фарыз, қоймау харам болса керек» дейді.

Сонымен, Мақыш діни ақын. Оның дүние тануы, көз қарасы да діни тұрғыдан ыспатталып отырады. Кей ретте оның мәселені талдауы, түсіндіру әдісі шарифат негізінде теріс тұжырымдалып, панисламизммен, ұлтшылдықпен, либералшылдықпен шектесіп жатады.

Бірақ, Мақыш қазақ даласына капиталистік қарым-қатыстың жайылуы әсерімен, капитализмнің қазақ арасындағы руақсақалдық, ортағасырлық қалдығына қарсы шабуыл жасау әсерімен оянған молда, сол сарында жырлаған ақын.

Сондықтан Мақыш дүниелік ғылым — білімнің, өнеркәсіптің, байлық-дәулеттің, мәдениеттің қажеттігін, пайдасын ұғарды, қоғамның, халықтың шаруашылық, мәдениет жөнінен ілгері дамуын көксейді, жұртты оқуға, орысша оқуға, мәдениетке, ғылым, өнеркәсіп үйренуге, отанның өркендеуі жолында қызмет етуге үгіттейді.

Осы тұрғыдан қарап, Мақыш қазақтың үйлену, ауру-сырқауды емдету жөніндегі ескі, зиянды ғұрып-әдеттерін, надандық, жалқаулық, мансапқорлық, дауқестік, жікшілдік сияқты жаман, кертартпа мінез, қылықтарды, би-болыстардың, қожа-молдалардың озбырлықтарын сынайды. Оларды дін негізінде, низам жолымен жаңғыртуды, түзеуді жөн көреді.

Нұржан Наушабаев (1859—1919) бұрынғы Қостанай уезінің Арақарағай болысында туған, өсіп ержеткен жері Қостанай, Торғай жағы. Ол ауқатты кісінің баласы болады, жасынан діни оқуды көп оқып, жетіледі. Бұл туралы өзі «ғалімдік дариясынан іштім қанып» — дейді.

Нұржан жасынан өлеңге әуес бола тұрса да, ақындыққа көңіл қоймайды, ол ел қыдырып, салдық құрып, күн өткізеді, тек отыз жасынан бастап қана өлеңмен шұғылданады, ақындық жолына түседі.

Нұржан өлеңдері үш жыйнақ болып шығады. Олар «Манзумат қазақия» (1903), «Жұмбақ, Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысы» (1903), «Алаш» (1910) деп аталады. Бұларда қырық шақты өлең басылған. Өлеңдердің көпшілігі назым, терме, тақпақ, мақал болып, біразы толғау, айтыс өлең, енді біразы мысал, жұмбақ болып келеді.

Нұржан өлеңдерінің көбін бұрынғы арап, фарсы, шағатай ақындарының үлгі, стилінде жазады, діни сөздерді, арап, фарсы, ескі кітап сөздерін көп қолданады. Бірсыпыра өлеңдерінде ол ел тұрмысын ел ағасы адамдардың іс-әрекеттерін, оқу, өнер, білім, дәулет, бақыт, мінез, құлық мәселелерін сөз етеді, олар жөнінде бірталай орынды, маңызды, келісті кенестер, мақал, мәтел, накыл сөздер айтады да, бірақ соның бәрін заман бұзылды, қазақтың бұрынғы дәурені құрыды. ауыр заман таялды деген пессимистік ой-сана тұрғысынан баяндайды.

Дүние болып кетті тарылғандай,
Бұрынғы бастан дәурен арылғандай
Түрленіп күн-күн сайын бара жатыр
Жақсылықтан жамандық озынсырап...
Үлкенге сәлем, ағайыннан амандық жоқ,
Еркінше жүрілуден тарылды өріс.
Ел іші өсек, ғайбат қаптап жүрген,
Орыны жоқ жауыздықтан тоқтап жүрген
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалды,

Жылқының жүйрігі кетіп, шабаны қалды.

Бидайдың дәні кетіп, сабағы қалды —

деп зарлайды ақын, сөйтіп ол қазақтың бұрынғы хандық заманын жоқтайды.

Нұржан өлеңдерінің көпшілігі ислам дінінің мән-жайы, парызы, шарифаты, о дүние мен бұ дүние жөнінде, діндар адамдардың мінез-құлығы жайында болып келеді. Ақын бір сөзінде «нұсқалап дүние, ақырет, бәрін айттым» дейді. Ол осылар жөнінде қырық тілек білдіреді, қырық парыздың мәнін түсіндіре келіп:

Тамамдап біліп, мұның бәрін орында...

Ықыласпен хақ жолына болған інкәр,

Жеткізер патша нем пәруардігар —

дейді. Яғни бұл топтағы өлеңдерінде Нұржан дінді, діни ізгілікті, сонылықты уағыздайды.

Соңғы жыйнағында басылған бірнеше өлеңінде Нұржан айқын панисламистік, пантюркистік, буржуазияшыл-ұлтшылдық әуенмен былай деп жазады.

Алаш еді ұранымыз,
Дін ислам құранымыз
Дүние, ақырет жайынан
Қолда жоқ еш құралымыз,
Ата қоныс кетті қолдан,
Бұған бар ма қыларымыз...

Қысқасы, Нұржан діншіл, ескішіл, ұлтшыл ақын. Оны біз **кітабының** атын «Алаш» деп қойғаны үшін ұлтшыл деуден аулақпыз. «Алаш» деген сөздің 1917 жылғы февраль революциясына дейін бір мағынада қолданылып, онан кейін екінші мағына алғанын әбден түсінеміз. Нұржан кітабының аты үшін емес, заты үшін, ондағы бірқатар ұлтшылдық пікірлер айтқаны үшін ұлтшыл.

Шәһді Жаңгеров (1865—1931). Туған жері Түркстан төңірегі. Төре тұқымынан. Осыдан ол шығармаларына «Шәһді төре Жаңгер төреұлы» деп қол қояды. Шәһді медреседе оқып, жоғары дәрежелі білім алған. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында молла, ақын-жыршы болып жүрген.

Шәһді түгелдей ертедегі арап, фарсы, шағатай әдебиеттерінің, Орта Азия, әзербайжан, түрікмен халықтарының бұрынғы классик әдебиеттерінің ықпалында болып, соларда жырланған тақырыптарды қайталап, өзінің шығармаларын соған еліктеп жазған ақын. Осыдан оның өлеңдері қисса, хикая, дастан, лиро-эпикалық жыр болып келеді.

Шаһдінің ескі, Орта Азия, әзербайжан, шағатай әдебиетінің тақырыптарын өзінше қайталап жазған негізгі шығармалары мыналар: «Қисса қырық уазыр» (1911), «Назым Шәріп» (1917), «Хатымтайдың хикаясы» (1914), «Хикаят халифа һәрун Раһит» (1917), «Искендер Зұлқарнайын», тағы басқалар, ал осы әдебиеттерге еліктеп, өз жанынан шығарып жазғандары: «Хайбар» (1910), «Романов нәсілінен хукмыранлық қылған патшалардың тарихтары һәм ақтабан шұбырындылық заманынан бергі қазақ халқының әхуалы» (1912), «Келіннің бетін ашатын терме» (1914), «Хикаят Орқа-Құлше», «Ғашық уа мығашық» (1917), «Қамарүз-заман» (1917), «Қарынның жер жұтқан оқиғасы» (1917), «Қисса Бәлғәм Бағұр» (1917), тағы басқалар.

Сөйтіп, Шәһді ел өмірін тіпті аз жырлаған, оның тақырыптары көбінесе ертедегі әдебиеттен, тарих оқиғасынан, шежірелерден алынып отырған, ертеқ, аңыздарды қисса, дастан етіп жазған.

Шәһді діни көзқарастағы, ескішіл бағыттағы ақын. Ол шығармаларында жалпы адамгершілікті, ізгілікті сол ескілікті көкөсп насихаттайды. Кейде оның шығармаларында ертедегі шығыс әдебиетінде елеулі орын алған сопылық сарын да байқалады.

«Романов нәсілінен хукмыранлық қылған патшалардың тарихтары һәм ақтабан шұбырындылық заманнан бері қазақ халқының әхуалы» деген кітабында Шәһді орыс патшаларын, оның тәртібін, үкіметін, қазақ хандарын, елдің бұрынғы өмірін дәріптейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857—1931). Кәзіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында ауқатты семьяда туған. Жасынан мектепте оқып, орта дәрежелі білім алады. 1886 жылы, 29 жасында ол Бұхарға барып оқиды, араб, фарсы, Орта Азия әдебиетімен танысады, ал 1896 жылы Ташкент қаласында тағы біраз уақыт білімін көтереді.

Мәшһүр көп жылдар ел аралап, серілік құрып жүреді. Еділ жағасындағы қалаларды, оның ішінде Горькийде, Қазанда болады, ол өлең жазады, ауыз әдебиет нұсқаларын жинайды, «Дала уалаяты» газетіне, «Айқап» журналына қатнасады. Ақырында, өз елінде қайтыс болады.

Мәшһүрдің «Дала уалаятында», «Айқапта» басылған хатмақалалары, ел аузынан жинаған өлең, жыр, ертеқ, әңгімелері өзалдына зерттеліп, толық сөз боларлық тақырып. Біз оның өзі жазған, кітап болып басылған шығармаларына ғана тоқталып, солар жөнінде ғана пікір айтпақпыз.

«Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген 1907 жылы шыққан жинағында өз дәуірінің кейбір мәсе-

лелерін сөз етіп, ел ішіндегі ұнамсыз қылықтарды, феодализм қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды: халықты оянуға, өнерге, оқып жетіліп, мәдениетті, күшті ел болуға шақырады.

Жалпы алғанда, Мәшһүр Жүсіп өзінің өлеңдерінде халықтың хал-жайын, тілегін дұрыс аңғарады. Осыған байланысты ол сол кездегі қазақтың оқыған адамдарының міндетін, мақсатын дәл түсінеді, айқын білдіреді, прогресшіл, демократтық бағытта жырлайды.

«Сары арканың кімдікі екендігі» туралы мақаласында автор оны қазақтың ата мекені, ежелгі қонысы дей келіп:

«Қазақ бұл иесіз жатқан жерге текке келіп не болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кешегі қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшып өліп, сүйтіп, алған жер еді...» — дейді. Енді сол жерді қазақтан патша үкіметі, оның отаршылары тартып алып жатыр. Олар қазаққа күн бермей отыр. Қазақ малын да, жанын да, жерін де өзімдікі дей алмай отыр. Қазақ жер, судан, діннен айрылды. Осыған ара түсер кім бар? Осыны ұғынып, халықты оятар, бастар кім бар? Халық бұл халден құтылу үшін не істеу керек? деген сұраулар қояды.

«Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» деген өлеңінде Мәшһүр Дума шақырылатын болғанына қуанады:

Сөз шықты біздің қазақ баласына,
Петербург келіңіз деп қаласына.
Кеншілік ойлай берсең келе жатыр
Сахараның көшіп жүрген даласына.
Жақсылар өнер болса, енді аянба,
Қалмаңыз басқа жұрттың табасына.
Құзыры патша ағзам рұқсат берді
Халықтың бас қосуға данасына...
Қолың бос, аузың еркін не қылсаң да
Қарайды әркім ойлап шамасына.
Бейбілі патшамыздың кеңіп жатыр
Алғай-ды бізді құдай панасына...

Қазақ жер-суынан, ерік-ықтыярынан айрылып қалған еді. Басында ерік, малында билік жоқ еді. Қыспақта, азапта еді. Шаруасы әбден күйзеліп еді. Ел ішін дау, жанжал, пара, жікшілдік жайлап еді. Мұны қазақ еш жерге барып айта алмас еді. Енді еркіндік болды, Дума жиналысы болады, оған депутат барады. Депутаттар ел қамын ойлайды, ел сөзін сөйлейді... Осылай қазақ халқы бұрынғы кеткен жер-суды, ерікті, дінді қайтадан сұрап алады, сөзге, баспасөзге, жыйналыс-

жа, өнер-білімді, шаруашылықты өркендетуге ықтыяр алады. Бұл үшін бір ауызды болу керек, депутатқа таңдаулы адамдарды сайлау керек — дей келіп, автор мынадай кеңес айтады:

Бір ниет дін қамы үшін бастаңыздар,
Бұрынғы араздықты тастаңыздар.
Сайландар депутатқа кісі тауып,
Айдалып, атылудан қашпаңыздар...

Бұл жинағында Мәшһүр Жүсіп, негізінде, демократтық, ағартушылық жолда бола тұрып, біраз қателесті де. Біріншіден, ол патша өкіметі бұратана халықтарды, қазақты жарылқады, Дума олардың қолын теңдікке жеткізеді, барлық тілегін береді деп шатасты. Екіншіден, бүкіл мұсылман, діндес қазақ, татар, башқұрт бір-ауызды болсын, Думаға бір мақсат қойсын, бірлесіп әрекет істесін. Сонда олар мақсатына тез жетеді деп панисламистікті, пантюркистікті бықсытты.

Мәшһүрдің «хал-ахуал» деген жинағы 1907 жылы шықты. Бұл жинағында да ол бұрынғы шығармаларындағы ой-пікірлерін қайталайды, ел ішіндегі ескілік қалдығын, дау-жанжалды, талапсыздықты, надандықты, теңсіздікті, әділетсіздікті, патша үкіметі чиновниктерінің, байлардың зорлық-зомбылығын сынайды. Жақсылық, теңдік, еркіндік күтеді. Осылайша ол 17 октябрьдегі манифестің шығуына қуанады. Бірақ, ол елге тарамды деп ренжиді. Өзінің оқығанына, ел қамы үшін жүргізген үгітінің нәтижесіз болғанына өкінеді:

Япырай, кесем бе екен, мен тілімді,
Үйрендім қайдан өнер, көп білімді.
Өткіздім қасірет пен қапалықта,
Қызықты ойнап, күлер мезгілімді —

дейді (16).

Мәшһүр Жүсіптің бұл ренжу, өкінулері оның 1905—1907 жылғы революциядан күткен көп үмітінің күйреуінен, патша өкіметі органдарының оны қуғындауынан, кітаптарын таратпай, өзіне штраф салуынан¹ деп білуіміз керек.

Сонымен, Мәшһүр Жүсіп Көпеев діни көзқарастағы, прогресшіл, демократтық-ағартушылық ой-пікірлерді, сонымен бірге, қате-қайшылықтары да бар ақын.

Қорытып айтқанда, Ақмолла, Әбубәкір, Нұржан, Мақыш, Шәһді, Мәшһүр Жүсіп сыяқты ақын, жазушылар діни көзқарастағы, феодалдық-ескілік, буржуазиялық-либералдық

¹ Цензур Мәшһүрдің «Сары арканың кімдікі екендігі» деген кітабын ұстаған, авторға штраф салған. ЦГА ТАССР. ф. 969, оп. 1, п. 49, стр. 49—50.

және ұлтшылдық идеяға ауытқыңқыраған ақындар. Алайда олар бізге, өздерінің жоғарыда айтылған бірқатар демократтық-ағартушылық пікірлері үшін қазақ халқының қоғамдық ақыл-ойының дамуын, өнер-білімге жетілуін, мәдениетінің артуын мақсат ете жырлағаны үшін қажет.

VII

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы қазақтың оқығандарының ішінен кітап шығарып, баспасөз бетінде өлең-жыр, әңгіме, мақала жазып, көбірек көзге түскен, өздерінің шығармаларында жалпы демократтық-ағартушылық бағыт ұстаған ақын-жазушылары: Мұхаметжан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Сәбит Дөнентаев, Әкірам Ғалимов, Әріп Тәңірбергенов, Бекет Өтетілеуов, Нарманбет Орманбетов, тағы басқалар болды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың бірқатар демократ-ағартушы ақын-жазушылары туралы, олардың өмірі, жазушылық қызметі, шығармаларының идеялық бағыты мен көркемдік ерекшелігі туралы арнаулы очерктер берілмек. Сондықтан бұл жерде біз олар туралы қысқаша мәлімет беріп сол кездегі әдебиетшілердің бәріне тән кейбір мәселелерге тоқталмақпыз.

Нарманбет Орманбетов (1860—1918) кәзіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы маңында туған: әуелі ауыл молдасында, кейін Қарқаралыдағы екі жылдық орыс мектебінде оқып білім алған. Ол өздігінен көп оқып, көп ізденген, орысша, қазақша сауатты адам болған. Орыстың классик жазушыларының, Абайдың шығармаларымен жақсы танысқан. Ақын Қарқаралы уезінің судьясы болып қызмет істеп жүрген кезінде ауырып қайтыс болған.

Нарманбеттің өлеңдері революциядан бұрын жинақ болып бөлек басылған емес. Тек газет, журналдарда ғана жарияланып жүрді. Ақынның таңдамалы өлеңдерінің жинағы 1939 жылы, Алматыда басылды.

Бекет Өтетілеуов 1883 жылы бұрынғы Торғай облысының Қостанай уезінде туып, 1952 жылы қайтыс болды. Әуелі ауылдық орысша мектепте, кейін Бурабай мен Қостанайдағы орыс мектептерінде оқиды, 1907 жылы Қостанайдағы ауылдық мектеп оқытушыларын даярлайтын оқу орнын бітіріп шықты. Содан өмірінің ақырғы күніне дейін оқытушылық қызметте болды.

Бекеттің не бәрі екі кітабы басылып шықты. Олар: «Дүние ісі ақыретке кетпес» (1912) «Жиған-терген» (1914) деп аталады. Оның бұл жинақтары түгелдей дерлік аударма:

ақынның Пушкин, Лермонтов, Крылов, Плещеев, Жуковский сияқты ақын-жазушылардан аударған шығармалары.

Әкірам Ғалимов 1891 жылы Ақмолада туып, 1913 жылы қайтыс болды. Тегі татар. Ақмоладағы мектеп, медреселерде оқыды, Троицкідегі «Ғалия» медресесін бітірді. Қазақ арасында мұғалім болып тұрды, 1911—1913 жылдары «Айқап» журналының хатшысы болып істеді. Өмірінің соңғы жылдарында қызмет істей жүріп, орыс тілін, орыс әдебиетін үйренді.

Әкірам татар, қазақ тілдерінде өлең, әңгіме-очерк, пьеса жазды. Ақынның татар тілінде «Май мәселесі» деген күлдіргі кітабы, қазақ тілінде «Жастық жемістері» деген өлеңдер жинағы басылды. «Бишара қыз» деген очерк-әңгімесі «Айқап» журналында жарияланды. Әкірам орыс тілінен Байронның «Чилон тұтқыны» деген әйгілі поэмасын аударды.

Қорыта айтқанда қазақтың XX ғасыр басындағы демократ-ағартушы ақын-жазушылары қазақша (жаңаша), орысша оқыды, дүние тану ғылымымен қаруланды. Қазақтың, Орта Азия халықтарының, татардың бұрынғы әдебиетін білумен қатар, орыс халқының озат идеялы классик әдебиетінің, қазақ халқының Абай, Ыбрай негізін салған жаңа әдебиетінің дәстүрінде тәрбиеленді.

Қазақтың бұл дәуірдегі демократ-ағартушы ақын, жазушылары көбінесе 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократтық революцияның әсерімен, Россиядағы бірінші орыс революциясынан кейінгі саяси-әлеуметтік жағдайлардың әсерімен шықты. Осыдан олар қазақ арасындағы барлық ескіліктің қалдығын, дінді, теңсіздікті, патша өкіметінің отаршылдық саясатын, бектік-феодалдық, капиталистік қанауды сынады, халықты оянуға, еңбекке, өнер-кәсіпке, оқу-мәдениетке, ұлы орыс халқының мәдениетін, өнерін үйренуге, отырықшылыққа, қалалық өмір құруға үгіттеді; халықтың бостандығын, теңдігін, бақытты өмірін, әйелдің бас бостандығын аңсады және сол жолда қызмет етті.

В. И. Ленин орыстың XIX ғасырдағы демократ-ағартушыларының мынадай ерекше қасиеттерін атап көрсетті. Демократ-ағартушылар, бірінші, «Крепостной правоға, оның шаруашылық, саясат, заң салаларындағы барлық салдарына мейлінше қарсы болды... Екінші, халықты ағартуды, халықтың өзін өзі басқаруын, бостандықты, тұрмысты европаша, құруды, тегі Россияны барлық жақтан европаландыруды барынша жақтады. Үшінші, халық бұқарасының, көбінесе шаруаның... мүддесін қорғады, крепостной правоның және оның қалдығының жойылуы арқасында жалпы тұрмыс ондалады деп әбден сенді, сол жолда жанын салып қызмет етті»¹ дейді.

¹ В. И. Ленин, Шығармалары, 2-том, 472-бет.

Қазақтың XX ғасыр басындағы демократ-ағартушы ақын-жазушыларының ой-санасына В. И. Лениннің XIX ғасырдағы орыс демократ-ағартушылары жөніндегі осы айтқаны көп ретте сай келеді. Өйткені, XIX ғасырда орыс халқының ілгері дамуына, өркендеуіне крепостнойлық қандай бөгет, кесір болса, XX ғасыр басында қазақ халқының ілгері дамуына, өркендеуіне бектік-феодалдық қалыптың қалдығы сондай бөгет болды.

Сондықтан XIX ғасырда Россияда крепостнойлықты жойып, елдің тұрмысын барлық жағынан европаландыру қандай зәру, қажет болса, сол жолда қызмет ету қандай прогресшілдік, ағартушылық- демократтық бағыт болып саналса, XX ғасыр басында қазақ арасындағы бектік-феодалдық қалыптың қалдығын жойып, ел тұрмысын барлық жағынан европаландыру, оны орыс халқының тұрмысынша құру сондай зәру болды, ол жолда қызмет ету сондай прогресшілдік, ағартушылық, демократтық іс болды.

Осы ретпен, бұл топтағы ақын-жазушылар ғана емес, алдыңғы топтағы ақын-жазушылардың да жақсы, прогресшіл жағы — олардың кейде діни оянушылық, кейде жалпы таракқи бағытта елдегі орта ғасырлық қалыпты, бектік-феодалдық қалыптың қалдығын сынаулары болып табылады. Ол ақын-жазушылар осы тұрғыдан әдебиет тарихына еруге тиісті, еніп те отыр.

Ақырында, қазақтың XX ғасыр басындағы бұл топқа жататын ақын, жазушылары азды-көпті болса да орыс халқының XIX ғасырдағы классик әдебиетінің жақсы дәстүрі — сыншыл реализм дәстүрі үлгісінде тәрбиеленді, кейбіреулері көп, кейбіреулері аз дегендей, бәрі де сонан үйренді.

Қазақ халқының бұл ақын жазушылары жоғары, ізгі идеялы болды, нағыз адамгершілікті, демократияны жырлады. Әлінше сыншыл, сыншыл болды: өмірді, халықтың қоғамдық өмірін өз қалпында, ондағы ескіні, кертартпаны, жаман, жағымсыз қылықтарды әшкерелеп, сынап, жақсыны, жаңаны, озатты мадақтап көрсетті, ұнамды кейіпкерлер жасады.

Орыс халқының сыншыл-реалист ақындары, революцияшыл-демократтары сыяқты, қазақтың бұл топтағы ақын, жазушыларының біразы жазушылықтың өзін әлеуметтік қызмет деп, әдебиет өмірді дұрыс бейнелеуге, өмірге үкімші болуға, халыққа жол сілтеуге тәрбиеші болуға тиісті деп білді.

Біз бұған дейін қазақтың XX ғасыр басындағы жазба әдебиеті жөнінде ғана сөз еттік. Сонымен қатар бұл кездегі қазақтың ауыз әдебиеті де бар: кәзіргі халық ақыны деп аталып жүрген ақындар сыяқты, ел ішіндегі жыршылардың, ақындардың ауызша шығарған, елден-елге тараған өлең-

жырлары, қисса-дастандары, айтыс өлеңдері бар. XX ғасыр басындағы әдебиетті тексергенде олар туралы айтылмаса, дәуір әдебиеті толық болмас еді.

Қазақтың XX ғасыр басындағы ауыз әдебиеті дегеніміз — ол қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты шыққан өлең-жырлары мен дастандары.

1916 жылғы көтеріліс туралы өлең, жырларда халық бұқарасының патша өкіметіне, патша өкіметінің, би, болыс сыяқты төрелеріне, елдің ру басы ақсақалдары мен ірі бай, феодалдарына ашу-ызасы, наразылық-қарсылығы айтылады, еңбекші халық ынтымақ-бірлік үшін күреске, құралды көтеріліске шақырылады, оларда сол күрес, көтерілісті бастаған жеке ер-азаматтардың ісі, ерлігі, келбеті бейнеленеді, елдің көтеріліс кезіндегі, көтерілістен кейінгі көрген қорлығы, шеккен азабы суреттеледі.

Осыған байланысты қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты өлең, жырды революцияшыл халық поэзиясы деп бағалаймыз. Бұл поэзия кейіндегі арнаулы тарауда талданылады.

Міне, сонда қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиетін үш түрлі бағытқа, топқа бөлуге болады, олар 1) ескішіл-феодалдық, буржуазиялық-ұлтшылдық бағыттағы әдебиет, 2) демократтық-ағартушылық бағыттағы әдебиет, 3) революциялық халық поэзиясы.

Біз қазақ халқының XX ғасыр басындағы ақын-жазушыларын, әдебиетін топқа осылай бөлу дұрыс деп білеміз. Өйткені Максим Горький: «Жер жүзі әдебиетінің тарихында жазушыларды топқа бөлудің негізгі принципі — олардың шындыққа, болмысқа көзқарасына, қарым-қатысына қарай бөлу болып табылады»¹ — дейді.

¹ М. Горький. Литературно-критические статьи, стр. 641—642, ГИХЛ, 1937 г., Москва.





Екінші тарау

МҰХАМЕТЖАН СЕРАЛИН

(1871—1929)

ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ



Қазақ халқының белгілі қоғам қайраткері, ақын, журналист Мұхаметжан Сералин 1871 жылы бұрынғы Қостанай уезі, Шұбар болысының бесінші ауылында (кәзір Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, «Өрнек» колхозы) туған. Мұхаметжанның әкесі Сералы, атасы Тұрсынбай; Сералы әке-шешесінен жастай жетім қалады, кедейшілікпен күні өтеді, өзінің әкесі сияқты, Сералы да пысық, шешен, өлеңші болған, кейде ол ауыл қыдырып, өлең айттып, түрлі ақындармен айтсады.

Сералының өлеңдері ауыздан ауызға, елден елге тарайды. Оның осындай ел аузында сақталған екі өлеңі 1915 жылы «Айқап» журналында жарияланды. Ол өлеңдерінде өзінің жастай жетім қалғанын, кедей болғанын, өлең құмарлығын баяндайды:

Құдайым сәби шақта жетім етті,
Жетімдік, жарлылықпен қатты дертті.
Ата-анамды жақсы көрген арқасында
Көрген жан баршасы да құрмет етті.

Мен келдім сол құрметпен отыз жасқа,
Әй кәпір, атанбадым қарындасқа.
Алдағы келетұғын өмірімде
Әртүрлі істер түсті біздің басқа...
Жақсылар қоршап келгенде,
Бөгөжектеп, таймадым,
Сералы сөйле дегенде,
Сауықтық айтып, сайрадым¹

— дейді.

Сералы қайтыс болғанда Мұхаметжан үш-төрт жаста екен. Мұхаметжанның шешесі ері өлгеннен кейін үш баласымен Троицк қаласына келіп, өзінің сондағы туысқандарының қолында тұрады. Мұнда бір байдың жүн жуатын кәсіп орнына кіріп жұмыс істейді. Жұмыстан қолы бос кезінде ол ауқатты адамдардың кірлерін жуады, үйлерін ақтайды. Осылай, көп жылдар бойы балаларын асырап, күнелтеді.

Мұхаметжан 8 жасында медресеге оқуға түседі. Медреседе оқып жүріп, шыны сауыттарды жамауды үйренеді. Сынған, жарылған кесе, табақ, шайнек сыяқты ыдыстарды жөндеп ақша тауып, шешесіне көмектеседі.

Мұхаметжан медреседе алты-жеті жыл оқып, мұсылманша орта дәрежелі білім алады. Сонан кейін, 1887 жылы, 16 жасында ол Қостанай уезінің Бестөбе болысындағы Арыстан деген бай жездесінің қолына келеді. Онда Мұхаметжан жазда Арыстанның үй шаруашылығындағы жұмыстарын істейді, қыста көмекші ретінде соның балаларымен бірге Қостанайға барып, орысша оқып жүреді. Осылай ол 1891 жылы Қостанайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебін өте жақсы бітіріп шығады.

Сол 1891 жылы Арыстан өзінің бір баласы мен Мұхаметжанды Орынборға алып барып, екеуін де сондағы оқытушылар әзірлейтін училищеге оқуға түсірмек болады. Мұхаметжан емтиханды жақсы өткізіп, оқуға алынатын болғанымен, Арыстанның баласы емтиханнан өте алмай, училищеге түсе алмайды. Өз баласы алынбаған соң Арыстан Мұхаметжанды да оқуға түсірмейді, еліне алып қайтады.

1891—1900 жылдар арасында Мұхаметжан біраз уақыт Арыстанның үйінде тұрады, соның түрлі жұмыстарын атқарып жүреді; біраз уақыт ауылнайдың хатшысы болып істейді, сонан кейін Арал теңізі жағына барып, мұғалім болады.

1900 жылы Мұхаметжан Сералин Троицк қаласына келіп, сондағы миллионер татар Яушевқа қызметке тұрады. Әуелі, бір-екі жыл оның жүн-тері сатып алатын дүкенінде сұрыптаушы болып істейді, кейін, бірнеше жыл оның магазиндері-

¹ «Айқап» № 2, 1915 жыл.

нің бірінде сатушы болады. Ақырында, байға беделі артып, 1909—1910 жылдары оның сенімді адамы болады. Ол ел аралап, Яушевтің әркімге қарызға, несиеге берген тауарларының ақшасын жинайды.

Бұл, соңғы жұмысы оның ой-өрісінің кеңеюіне зор әсер етеді. Өйткені ол, осының арқасында, халықпен араласады, елдің тұрмысымен танысады: дала-жайы мен қала жайын, дала халі мен қала халықтарының халін салыстырады. Дала халқының саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен мүлде артта қалғандығын айқын көреді.

Троицкіге барып, Яушевке қызметке тұрғаннан бастап, ол орысша, татарша газет, журналдар алып, жұмыстан қолы босағанда кітапханаға барып, түрлі кітаптар оқып, білімін, мәдениетін көтереді, әдеби-творчестволық және саяси-әлеуметтік қызметке әзірленеді: орыстың классикалық әдебиетін оқиды, қазақтың тарихын, әдебиетін зерттейді.

Мұхаметжан Сералин бірсыпыра мысал, өлеңдер жазады, 1900 жылы «Топжарған», 1903 жылы «Гүлхашима» деген оның поэмалары басылып шықты. Бұл поэмалар өз заманына сай зор еңбек еді.

Мұхаметжан Сералин большевиктік социал-демократтардың Қостанай, Троицкідегі ұйымының И. Ф. Голованов, С. С. Ужгин сыяқты жетекшілерімен танысады, солардың саяси жолына іштартады, жұмыстарына көмектеседі. Әсіресе 1905—1907 жылдардағы революция кезінде, онан кейін де большевиктердің үндеулерін, листовкаларын қазақ тіліне аударысады, қазақ арасына таратысады.

Большевиктердің құпия тобы қазақтың оқығандарынан Мұхаметжан Сералин мен Спандияр Көбеевті өздеріне тілектестер ретінде қабылдайды. Қазақ арасында көбінесе солар арқылы жұмыс жүргізе отырып, қазақ кедейлерінің саяси жағдайды түсінулеріне көмектеседі. М. Сералин оқығаны, көргені көп, шешен сөйлейтін, мінезі байсалды адам еді дегенді айтады С. Ужгин¹.

1906 жылы Мемлекеттік бірінші думаға депутаттар сайлауы жүреді. Торғай облысына екі орын беріледі. Оның бірі қазақтар арасынан, екіншісі орыстар арасынан сайлануға тиісті болады. Сонда большевиктер қазақ арасынан Мұхаметжан Сералин сайлансын деп ұсыныс жасайды.

Бірақ большевиктердің бұл ұсынысы өтпейді. Қазақтың би-болыстары, бай-феодалдары және бірқатар оқығандары Мұхаметжан Сералинге қарсы болады: ол діннен безген, қа-

¹ «Революция 1905—1907 годов в Казахстане» стр. 63—65, изд. АН КазССР, Алма-Ата, 1949 г.

зақты орыс болуға үгіттеп жүрген адам деген сияқты өтірік жалалар жабады.

Яушевтің сенімді адамы болып істеп жүріп, елдің саяси, шаруашылық, мәдени тұрмысымен танысуы арқасында Мұхаметжан Сералин қазақ тілінде журнал шығару қажет екен деген ойға келеді. Өзінің елдегі, қаладағы көңілі жақын адамдарымен сөйлесіп, сол журналды шығаруға әрекет жасайды: қаржы жинайды, өкіметтен рұхсат сұрайды, баспахана ашуды қарастырады.

Мұхаметжанның қазақ тілінде журнал шығару жөніндегі ізгі ойы 1911 жылы орындалды: сол жылы январь айынан бастап Троицк қаласында «Айқап» журналы шыға бастайды. Оның шығарушысы да, редакторы да Мұхаметжан Сералиннің өзі болады.

М. Сералин «Айқап» журналының редакторы бола тұрып, Троицкідегі қазақ оқушылары арасында тәрбие жұмыстарын да жүргізеді. Бұл кезде Троицкіде «Уазифа» медресесі, ер және қыз балалар гимназиялары бар еді. Оларда қазақтан бірсыпыра жастар оқитын. Мұхаметжан оқта-текте сол оқушы жастардың басын қосып, оларға қазақ халқының тарихы, сол кездегі хәлі мен болашағы туралы баяндамалар жасап, лекциялар оқып жүреді.

«Айқап» журналы 1915 жылы, сентябрь айында жабылды. Журнал жабылған соң Мұхаметжан біраз уақыт сол Троицкіде орыс тілінде шығып тұратын «Степь» газетінің редакциясында қызмет істейді. 1916 жылы өз аулына көшіп келіп, 1919 жылдың басына дейін сонда тұрады.

Мұхаметжан Сералин «Айқап» журналында халықты отырықшы болуға, егін шаруашылығымен айналысуға көп насихаттайды. Еліне келгенсоң ол өзінің осы насихатын жүзеге асыруға әрекет істейді: өз ауылын және кейбір көршілес ауылдарды жинастырып, Ақсор деген өңірден жер кестіріп алып, белгілі жоспар бойынша поселка салдырады, оған Сералы поселкасы деп ат қойғызады.

Поселканың көшелеріне ол ағаштар отырғыздырады, ортасынан мектеп, медресе, кітапхана, монша, диірмен салғызады. Кітапханаға өз кітаптарынан біраз кітаптар береді, Москва, Петербург, Ташкент, Орынбор, Уфа, Қазан қалаларында шығатын бір қатар газет, журналдарды жаздырады, кітаптар алдырады. Мектеп, медресеге оқытушыларды Уфа, Қазан, Орынбор, Троицк сияқты қалалардан шақырттырады.

Поселкенің жанындағы Ақсай деп аталатын бір сайды көптің күшімен бөгетіп, су қоймасын жасайды, жұртқа баубақша, огород, ағаш егудің пайдасын түсіндіреді, әр үйге баубақша, огород ағаш еккізеді.

Сералы поселкасынан үлгі алып, Шұбар болысының басқа жерлерінде де халық отырықшы болып, поселке сала бастайды. Мысалы, Жарсор деген алқапта поселка орнатылады. Онда да әлгідей шаруашылық, мәдени орындар салынады.

Мұхаметжанның Оспан деген ағасының баласы Ақыш¹ ақсақалды біз 1955 жылы іздеп барып, әңгімелескенімізде Мұхаметжан Сералиннің өз елінде болған жылдары істеген жұмыстарынан басқа ол тағы мынадай жайларды айтты:

«1917 жылы, көктемде, бір күні көршіміздегі орыс поселкасына бардым. Сондағы Тимофей Комлев деген таныс орыс байына жолықтым. Ол сонан бір күн бұрын Троицкіге барып келген екен.

Неңдей жаңалық бар деп сұрағанымда ол маған: жаңалық кеше, 12 март күні, Николай тақтан түсіп, оның орнына Керенский деген сайланыпты. Осылай деп Троицкіге телеграмма келіпті — деді.

Мен осы хабарды Мұхаметжанға айтып келдім. Айтқанда осындай өтірік естідім деп айттым. Ол кісі: жоқ, бұл өтірік емес, шын. Осы оқиға 1905 жылы бола жаздап, болмай қалып еді. Бірақ таяу жылдарда болуға тиісті еді. Быйыл болған екен деп, қуаныш білдірді.

Осыдан кейін Мұхаметжан Троицкіге жиі-жиі барып келіп жүрді. 1918 жылдың күзінде бір барып келгенінде оған Газизов деген бір татар ілесе келді. Ол халықты жинап, сөз сөйледі, ішкі, сыртқы жағдайды түсіндірді. Жиналғандардан талапкерлер болса, оларды партияға алатынын білдірді.

Сонда Мұхаметжан, менің інім Зәкір екеуі партияға жазылды. Қазақтың «бәрің тойшы болма, бірің қойшы бол» деген нақылы бар еді. Сен екеуің тойшы болындар, мен қойшы болайын деп, мен партияға жазылмадым» — деді.

1919 жылдың басында Сералин Мұхаметжан Орынбор қаласына барады: алғашқы рет совет өкіметі құрған Губерниялық жер-су бөлімінде істейді. Сонымен бірге, Орынбордағы қазақ өлкесін басқаратын соғыс-революция комитетінің қазақ тілінде тұңғыш рет шыққан «Үшқын» газеті редакциясының алқа мүшесі болып тағайындалады.

1920 жылдың аяқ кезі мен 1921 жылдың бас кезі шама-сында Мұхаметжан өз еліне қайтады. Онда Шұбар болыстық атқару комитетінің председателі болып қызмет істейді. Сонымен бірге болыстық атқару комитеті жанындағы партия ұясының секретары болып сайланады.

¹ Ақыш 1882 жылы туған. Қазақша, орысша хат таниды. Челябинск облысының Полтав ауданында, Полтавка поселкасында тұрады. Пейсмонер — Б. К.

Бұл кезде халықтан салық азық-түлік күйінде алынатын еді. Осы салықты жинау үстінде Мұхаметжан байлар мен кулактарға қарсы батыл күрес жүргізіп, өкіметке астық және басқа азық-түлік жинау жөнінен күрделі көмек көрсетеді.

Болыстық атқару комитетінің председателі болып тұрғанда Мұхаметжан халық арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарын өркендетуге көп күш салады. Болыс орталығынан клуб-театр, болыстың әр жерінен мектептер ашады.

1922 жылы Қостанай өз алдына губерния болып құрылады. Осы кезде Мұхаметжан Сералин губерниялық қызметке шақырылады. Онда, әуелі, губерниялық жер бөлімінің бастығы, кейін губерниялық атқару комитеті президиумының мүшесі болып істейді.

Сол жылы, сентябрь айында Советтердің Қостанай губерниялық 3 съезі болады. Съезде Мұхаметжан Сералин әрі губерниялық жер бөлімінің бастығы, әрі губерниялық атқару комитеті председателінің орынбасары болып сайланады.

Қостанай облыстық партия комитетінің архивындағы бір документте Мұхаметжан Сералин 1919 жылдан кандидат деп көрсетілген де, екінші бір документте 1920 жылдан партия мүшесі деп айтылған. Соңғы документ мынау:

«Удостоверение. Настоящее выдано члену РКП(б) тов. Сералину Мұхаметжану в том, что он действительно состоит членом РКП(б) с 20 года. Партийный билет 22 года запрошен в центральном комитете партии, что подписями и приложением печати удостоверяется»¹.

1921 жылы, қысты күні Советтердің бүкіл қазақстандық бірінші съезі болады. Мұхаметжан соған делегат болып барады. 1923 жылы, сентябрь айында, Қостанайда губерниялық партия, совет комитеттерінің органы болып «Ауыл» газеті шығады. Соның бірінші номеріндегі «Ардақты оқушыларға» деген бас мақаласында мынадай жағдайлар түсіндірілген:

Қостанайда қазақша әріптер болмағандықтан «Ауыл» газеті мұнан бір жыл бұрын Челябинде шыққан еді. Онда шығарып, мұнда әкеліп тарату өте қиынға түсті. Сондықтан ол уақытша тоқталған еді. Быйыл Мұхаметжан Сералин Қазанға барып, қазақша әріптер алып келді. Қостанайда баспахана ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде бүгін «Ауыл» Қостанайда қайта шығып отыр. Енді үнемі шығып тұрмақшы. «Оның мақсаты сіздерге көз, құлақ болу, басшы есебінде қызмет ету» дегенді айтқан.

Газеттің бұл номерінде: «Редактор жазушылар құрамасы»

¹ Архив Кустанайского обкома КПК Ф. 24, оп. 1923. Ед. Хр. 979, стр. 7.

деп қол қойылған. Ал, мұнан кейінгі номерлеріне редактор болып Мұхаметжан Сералин қол қойған. Ол осылай 1926 жылға дейін «Ауыл» газетінің редакторы болып тұрған. Бұл газетте оның көптеген мақалалары басылған.

Мұхаметжан Сералин 1923 жылы Қазақстан орталық атқару комитетіне мүше болып өтеді, 1924 жылы, январь айында Советтердің Бүкілроссиялық II съезіне, Бүкілодақтық 2 съезіне делегат болып сайланады. Делегат ретінде В. И. Ленинді жерлеуге қатынасады. Ол жөнінде «Қайғылы қара күн» деген очерк, «Ленин», «Жоқтау» деген өлендер, «Ленинді жерлеу» деген мақала жазады.

1926—1928 жылдар арасында Мұхаметжан Сералин біраз уақыт губерниялық атқару комитеті председателінің орынбасары болып, кейін губерниялық партия комитетінде соның үгіт-насихат бөлімінің бастығы болып қызмет істейді. Осы жұмыста жүріп, қаны тасу кеселімен ауырып, 1928 жылы еліне қайтады.

Өз елінде Мұхаметжан әуелі емделеді, кейін, тәуір болған соң, қарыз серіктігін, жерді бірлесіп пайдалану серіктігін ұйымдастырады. Соларды өзі басқарып, өкіметтен шаруаларға ақша, күш-көлік, соқа-сайман алып беріп, аулының шаруашылығын жаңа, мәдени жолға салады.

1929 жылдың басынан Мұхаметжан ежелгі кеселімен тағы ауырады. Ұзақ науқастан кейін сол жазда қайтыс болады. Оның сүйегі кәзіргі Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы «Өрнек» колхозының жеріндегі «Үлкен зират» деп аталатын зиратқа қойылады.

Мұхаметжан Сералиннің ауылында туып-өскен, Қостанайда қызмет істеген кезінде онымен араласып жүрген, ақырғы рет оны 1929 жылы май айында көрген Жұмаш Еленов кәзір қазақ радиокomiteетінде істейді. Мұхаметжан жөнінде ол мынадай әңгіме айтады:

«Соңғы кездескенімде Мұхаметжанның айтқан бір сөзі менің әлі есімде. Ол: заманым келіп еді. Білімімді, қолдан келген қызметімді ел үшін аянбай жұмсайтын кезең туып еді. Бірақ, не пайда, науқас айналдырды: басым айналады, көзім қарауытады, дәрмен жоқ. Төсекте жатсам да төңіректегі еңбекшілерге бас-көз болып, әлі де шамам келгенше қызмет етудемін деген еді» — дейді.

Тағы сол Жұмаш Еленовтың жазуы¹ бойынша Мұхаметжан әлпетті, аласа бойлы, толық, дембелше келген кісі болған екен. Ел оны, көбінесе Мұхаметжан демей, «Бақа қожа»

¹ Ж. Еленовтың Мұхаметжан жөніндегі қол жазбасы, Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының жазбалар қорында сақтаулы.

(руы қожа болғаны үшін), «Мұқат» дейді екен. Газет, журналдарға жазған бірсыпыра мақалаларына Мұхаметжан «Мұқат», «Мыс» деп те қол қояды екен.

Ақыш ақсақалдың айтуынша Мұхаметжан қайтыс болған соң ауылдың белсенділері бай-құлақ деп, оның үйіне жеке салық салыпты. Оны төлей алмағаны үшін конфискуелеп, жер аударыпты. Осыдан Мұхаметжанның кітаптары, қолжазбалары, документтері — бәрі жоғалып кетіпті.

Міне, әлеумет қайраткері, ақын, журналист Мұхаметжан Сералиннің қысқаша өмірі, қоғамдық қызметі осындай.

МҰХАМЕТЖАННЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мұхаметжан Сералиннің бізге жеткен әдеби шығармалары онша көп емес. Небәрі үш поэма: 1) «Топжарған», 2) «Гүлхәшима», 3) «Рүстем-Сохрап» (аударма), бес-алты өлең: 1) «Бай, патша һәм кедей», 2) «Бай, қасқыр, аңшы», 3) «Ленин», 4) «Жоқтау», бір очерк, бір әңгіме: 1) «Жусан» (аударма), 2) «Қайғылы қара күн».

Кейбіреулердің айтуына қарағанда, Мұхаметжан Сералиннің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын жазған «Бай, патша һәм кедей», «Бай, қасқыр, аңшы» деген өлеңдері баспа жүзін көрмеген, тек гектограф арқылы көбейтіліп, ел арасына қолдан қолға таратылған, олар байлардың зұлымдығын әшкерелейтін мысал өлеңдер болған¹. Ал, ақынның басқа әдеби шығармаларының бәрі де өз кезінде газет, журналдарда, кітап болып басылған.

Мұхаметжан Сералиннің бірінші поэмасы «Топжарған». Ол 1900 жылы Троицкіде бөлек кітап болып шықты және 1903, 1907, 1915 жылдары қайта басылды, оған 1936 жылдан бері орта мектептерге арналып шығып жүрген әдебиет хрестоматиясында үнемі орын беріліп келеді.

«Топжарған» поэмасының тақырыбы қазақ халқының өмірінде ХІХ ғасырдың отызыншы, қырқыншы жылдарында болған оқиғаға, Кенесары, Наурызбай бастаған феодалдық-монархиялық қозғалысқа байланысты.

Бірақ Мұхаметжан поэмасында, бұрынғы, өз тұсындағы кейбір ақындар сияқты, Кенесарыны батыр еді, халық қамқоршысы еді деп, Кенесары бастаған қозғалысты халық қозғалысы еді, ұлт бостандық қозғалысы еді деп дәріптемейді. Қайта оны сынап-мінейді, әшкерелейді: Кенесары тобы оның

¹ С. Ужгин. М. Сералин туралы есімде қалғандар, Қолжазба, Қазақ ССР-ы Ғылым академиясының тарих институтында.

өзінің туғандары, руластары, төленгіттері, тағы басқа онан қашқан, мұнан қашқан бұзық, ұры, қу адамдар еді, бәрінің де кәсібі ел тонау, мал-мүлік жинау, құл, күң ұстау, ойын-сауық құру еді — дейді.

Автор поэмасының басында Кенесарының және оның маңына жиналған топтың кәсібін, іс-әрекетін былай суреттейді:

Қаңтарда Жыланшықты қыстау еткен,
Жайлауға Торғай суын көктей өткен.
Қарасай, Қошалақтың қара отына,
Наурызбай, Кенесары мал семірткен.
Қасында төленгіті жүз қаралы үй,
Жігіттің айтқаны өлең, тартқаны күй.
Ханынан жақсы ат тартқан алады сый —

дейді.

Поэmanın бас кейіпкері жас адай жігіт өз елінен ғашықтық жөнімен немере ағасын атып өлтіріп, қашып шығады, бір-екі жыл Теке (кәзіргі Орал қаласы) маңын, Жайық бойын кезіп жүреді; тама, шекті, шеркес руларын аралайды, ұрлық істеп күн көреді.

Осылай жүріп кейіпкер бір күні Кенесарының шекті руына мал ұрлау, ел талауға келген үш жігітіне кез болады. Олар адай жігітті ұйықтап жатқанда ұстап алып, атымен тұтқын, олжа етіп, Кенесарыға алып барады, олар бара жатып адай жігітке:

Біз елден апта болды шықтық шетке,
Шектіден мал алуға келсе епке.
Талғанда аттын мойны сен кез келдің,
Құлақ сал, олжаладық, мына көпке:
Біз сені Кенеханға апарамыз,
Құл қылып бірімізге біз аламыз.
Қоқаннан саудагер сарт келген шақта,
Құл сатып, олжалы боп біз қаламыз —

дейді.

Хан алдына барғанда жорық жігіттері мақтанады: тұтқын жігітті қуып жетіп ұстадық, ат үстінде сайысып жеңіп, байлап-матап алдық дейді. Адай жігіт мұның бәрі жалған екенін, өзінің қапы қалғанын, ұйықтап жатып қолға түскенін айтады.

Тақсыр-ау, астымда атым жүйрік желден,
Жарыста озушы едім қалың елден.
Қашсам да құтылар ем қолға түспей,
Үшеуін ат үстінде болсам көрген —

дейді.

Сонда жорық жігіттері ханға тұтқынның сыйықсыз, жаман, жауыр атын әкеп көрсетеді. Хан тұтқын жігіттің әлгі сө-

зіне сенбей және шын жүйрікті таний алмай, оған ертең осы атыңмен қашып көр:

Бұл торың жүйрік болса құтыларсың,
Немесе қуғыншыға тұтыларсың.
Найзасы жеткен жерде қаза болып,
Мұны біл, қара жерге жұтыларсың! —

деп қаһарланады хан.

Ақын мұнан кейін баурынан жараған тұлпар мініп, қашқынды қууға әзірленіп, құнығып тұрған хан жігіттерін, қуғыншыларын суреттейді:

Бәрі де өңшең бәрі ішкендей қан,
Тиындай көрінбейді көзіне жан.
Жігіттер қатар түзеп тұрған шақта
Ордадан нөкер ертіп шығады хан...
Сәлемін берген көптің құп алады,
Кене хан жан-жағына көз салады,
Сәулетін батырлардың көргеннен соң,
Ішінен мақтаныш қып қуанады.

Поэмада, мұнан ары, қашқалы тұрған тұтқын жігіттің қалпы суреттеледі. Ол жалаңдап тұрған қанішерлердің найзасының ұшында тұрмын деп сезінбейді. Салмақтана түседі. Өтетілеудің күміс шақшасын сұрап алып, насыбай атады.

Шуу деді сонда жігіт амандасып,
Болсын деп сіздің шақша бізге нәсіп,
Әржерде көзіңіздей көремін деп,
Жөнелді сонда жігіт көптен қашып —

дейді.

Кенесары жігіттерінің бірі де қашқанның шаңына ілесе алмай қалады. «Пері ме, адамзат па, шайтан ба» деп, ертеңіне жыйналған топ қашқын жігітті әңгімелеп отырғанда, ол есіктен сәлем беріп, кіріп келеді. Өтетілеудің шақшасын өзіне қайырып береді. Кенесары жігіттен оның кім екенін сұрайды. Жігіт оған өзінің тарихын баяндайды. Ақырында ол өзінің сол өңірге Кенесарыны іздеп келгенін айтады. Өз ықтыярымен Кенесары тобында қалады.

Поэманы оқып шыққанда Кенесары төңірегіндегілер — ұры-қарылар, ел тонаушылар, кісі өлтірушілер еді, кісі өлтірген, елінен қашқан, ұры жігіт сол ұрылар, кісі өлтірушілер, ел тонаушылар тобына қосылды деген пікір айқын аңғарылады. Поэманың негізгі идеясы да осы.

Рас, поэманың әр жерінде Кенесары мен Наурызбай жөнінде хан, мырза, батыр деген сияқты мадақ сөздер кездеседі. Бірақ олар автордың өз аузынан айтылмайды. Кенесары

мен Наурызбайдың қасында жүрген адамдар — жеке кейіпкерлер аузынан айтылады.

«Топжарған», сөз жоқ, Қенесарыны, ол бастаған қозғалысты қазақ бұқарасының көзімен көріп, қазақ халқының мүддесі тұрғысынан қарап жазылған. Бұл—Қенесарының, Қенесары қозғалысының кертартпа, феодалдық-монархиялық сырын әшкерелеп жазылған шығарма.

«Топжарған» поэмасын жазуда Мұхаметжан Сералиннің орыс халқы классик әдебиетінен, атап айтқанда Н. В. Гогольден, оның әйгілі «Ревизор» пьесасынан өнеге алғаны айқын көрінеді. «Ревизордағы» сияқты, «Топжарғанда» да аты аталып, жөні, қызметі суреттеліп көрсетілген ұнамды кейіпкер жоқ. Оның ұнамды кейіпкері тақырыпты, оқиғаны белгілі желімен, халық көзқарасы, халық мүддесі тұрғысынан баяндап отырған автордың өзі.

Осы сияқты, поэманың сюжеті мен композициясын құруда да ақынның орыс әдебиетінен нәтижелі үйренгені байқалады. Өйткені ол поэмасын, бұрынғы ертең, қыял-ғажайып қиссалардағы сияқты, кейіпкерлердің туғанынан бастап, барлық ісін, басынан өткен оқиғасын түгел баяндап, ақырында оны мұрат-мақсатына жеткізіп аяқтамаған, оқиғаны орта жерінен кілт бастаған, басқасын шегіну, жалтару, кейін аңғарту ретімен баяндаған, қызықты қыйыстырған.

Яғни «Топжарған» адай жігіттің қолға түсуінен басталады, оқушыны бірден өзіне тартып әкетеді. Ал, ол жігіттің кім екені, не қылып жүрген адам екені, ниеті-бәрі поэманың ақырына дейін жұмбақ болып отырады, тек ақырында бір-ақ ашылады.

«Топжарған» поэмасында Мұхаметжанның тілі таза: ақын бұрынғы діни кітап сөздерін, татарша сөздерді аз қолданған, тіпті қолданбаған десе де болады. Тарихи шындықты, реалдық өмірді таза қазақ тілінде, нағыз реалистік сөздермен, реалистік жарасты теңеу, салыстырулармен суреттеген. «Топжарған» тарихи реалистік, көркем поэма.

Мұхаметжанның екінші поэмасы «Гүлхашима» (1908 жылы, Орынборда, Қаримовтер баспасында шыққан) қазақ халқының сол кездегі өмірінен алынып жазылған реалистік-романтикалық, сюжетті поэма. Оның негізгі идеясы — адамның бас бостандығы, әйел теңдігі, ізгі тілектеріне жете алмай арманда өткен екі жастың, бір-біріне шын ғашық қазақ қызы Гүлхашима мен қазақ жігіті Баймағамбеттің әңгімесі.

Поэма үш бөлімді: бірінші бөлімі — жазушының көрген білген бір оқиғасы, екінші бөлімі — Гүлхашима мен Баймағамбеттің ғашықтық әңгімесі, үшінші бөлімі — автордың қортындысы.

Бір жылы ақын Қостанайда болған Покров жәрменкесіне барады, бара жатып жолда Тілеуберген деген шалдың үйіне қонады. Тілеуберген Сыр бойынан көшіп келіп отырған жалғыз үй: кемпір-шал екен, тек Баймағамбет деген жалғыз баласы ғана бар екен. Ақын қонған күні баласы бір жаққа кетіп, келмей қалады. Жәрменкеде бірнеше күн болған соң ақын бір күні Тобыл бойында бір кісі өзін өзі бауыздапты деген хабар есітеді.

Аяғы жәрменкенің тарқар шақта,
Ғажайып естілмеген хабар білдік.
Өліктің өзге жері сау-саламат,
Болғаны бауыздауда жалғыз жара.
Тобылдың алабында, тал ішінде,
Жанында пышақ, қалам, сия-қара.
Киімін ол байғұстың ақтарғанда,
Бір қағаз қалтасынан шыққан және

Сұрастыра келсе, ол әлгі кемпір-шалдың баласы Баймағамбет болып шығады. Қазақ әдетінше бата оқып, көңіл айттайын деп, қайтарда ақын Тілеубергеннің үйіне тағы келеді. Кемпір-шал қатты қайғылы, баласының ақын екенін, білімді екенін айтып, сандықтан оның оқыған кітаптарын, жазған өлеңдерін алып көрсетеді.

Ішінде кітаптар бар, қағаздар бар,
Тексердім бастан-аяқ көп ақтарып,
Жігіт емес Баймағамбет зейіні тар,
Жел сөзге болған екен аруағы жар.
Ғалымдық һәм ақындық бір өзінде,
Ғылымнан нешетүрлі кітабы бар.
Сандықтан өлеңдер бар нешетүрлі,
Аралап пақырыңыз барын көрді.
Жазыпты Баймағамбет өз қолымен,
Бір дәптер тауып алдым өлең-жырды.
Дәптерде өз ахуалын баян еткен,
Өлеңге шебер екен болмай кеткен.
Ғашықтық саудасына душар болып,
Ақыры ол саудада қаза жеткен.

Ақын кемпір-шалдан Баймағамбеттің өлең жазған дәптерін сұрап алып кетеді. Келесі жылы барып, Баймағамбеттің моласын көреді:

Тобылдың суы терең, жары биік,
Қорғалар алабында қашқан киік.
Басында биік шыңның тамды мола,
Молаға шоқ тал біткен басын иіп.
Басына көктас қойған жылын айтып,
Марқұмның қабырдағы сырын айтып, —

дейді.

Тастағы жазуды келтіреді. Ақырында, автор:

Міне, мен көргенімді айтып болдым,
Неше күн қалам алып бейнет көрдім.
Сандықтан шыққан дәптер, қалтада өлең,
Барлығын тіркей жазып қисса қылдым...
Қиссаға «Гүлхашима» есім бердім,
Бір ғибрат заманаға бола ма деп,
Қызыл гүл тау аралап тастан тердім, —

дейді.

Қиссадағы Баймағамбет дәптерінің мазмұны былай: Көктемде Сыр елі Арқаға көшіп келеді. Олардың ішінде Тілеубергендердің жақындары, таныстары болады. Баймағамбет амандасуға Сырдан көшіп келген ауылға барады. Сонда Медетбай деген байдың үйінде болып, оның Гүлхашима деген қызын көріп, соған ғашық болады. Себебі, ол әрі ақын, әрі молла, әрі ақылды, әрі сұлу болады:

Таранған тоты құстай бір асыл зат,
Меңзесем құр қызына болмайды ұят.
Ақ жүзді, ақылы кәміл, шырын сөзді,
Үстіне сәндік үшін киген манат.
Көп артық ұзын емес, орта бойлы,
Аса көп сөйлемейді, терең ойлы,
Күлгенде екі беті шұқырайып,
Сүйкімді көрінеді жүзі нұрлы...
Ақ екен ақ инжуден отыз тісі...
Болғанда мандай жазық, қызыл жүзі,
Татиды шекер-балдай айтқан сөзі,
Жігіттің тұла бойын балқытады,
Қараса жаудыраған қара көзі,
Тігілген кірпігі оқтай, жайдай қасы,
Өрілген он екі тал желке шашы,
Үзілген мойны алманың сабағындай,
Көрініп тамағынан ішкен асы,
Аққудай көлге жүзген көлендеген...
Бұралған тал шыбықтай, құмырысқа бел,
Он бес пен он алтыға келген жасы.

Баймағамбет бұл сырын Сүлеймен деген жігітке айтады. Ол қыздың айттырған күйеуі бар, бірақ ол қызға тең емес. Сен хат жазып көр, менің інім апарып береді — дейді. Баймағамбеттің Гүлхашимаға ғашықтығы арта береді. Ақыры ол хат жазады. Хатты лоблып, толықсып, қолы қалтырап, қайта-қайта жазып жыртады.

Женіліп зейін, ойым тұрған шағым,
Қалтырар хат жазғанда он бармағым.
Әшкерә ішкі сырды етпек үшін,
Бармады зорласам да тіл мен жағым

Ақыры хат жазады, оның басын «дұғай сәлем» деп бастайды. «Күйген соң ғашық отына алдым қалам» — дейді. Ғашық болғанын былай суреттейді:

Мен бір ай мұнан бұрын сізді көрдім,
Минләсіз көркіңізге қарай тұрдым.
Бір ұшқын көзіңізден бізге түсіп,
Лапылдап өртеп кетті, шыдай жүрдім.
Күйдірді түскен ұшқын ғашық майын,
Ауданы үлкейеді сағат сайын.
Жалыны көпке бармас, басылар деп,
Ол отқа сабыр суын қауғалаймын.
От сөнбей, сабыр суы түгесілді.
Қауғаға көтерілді ғашық туы.
Ішімді қатты жанып қайнатқан соң,
Ақылдың көзін шалды нәпсі буы.

Осымен, ғашықтығын түгел айтады. Қосылайық, ойнап күле өмір өткізейік дейді.

Қыз Гүлхашима жігіттің сөзіне жауап қайтарады. Өзінің басы бос емес екенін білдіріп былай дейді:

Мал берген мен біреудің жесірімін,
Қос жұртты әзіл сөзге қылам ба мерт,
Той қылып, құда болып, құйрық жесіп,
Мал сізге, қыз бізге деп айтылған серт.
Әркімдер ақылды дер мені мақтап,
Мен батаны бұзбасын сорын аттап,
Мойныма жұрт батасы ауып кетсе,
Құлдармыз тар көпірде тайғанақтап...
Миңа жоқ сізге нәсіп бұл шарбақтан,
Ізденіз ол миңаны бөтен бақтан.

Жігіт бұған тоқтамай, қыздың ауылына барады, қызбен оңаша сөйлеседі. Қыз айтқанынан қайтпайды. Ақыры ол: «тойыма кел, ақырғы пікірімді той үстінде хатпен айтайын» — деп уәде береді.

Күзде Гүлхашиманың тойы болады. Баймағамбет соған барады. Той, бәйге, жарыс, палуан күресі, ойын-сауық, жар-жар айтулар суреттеледі.

Гүлхашима уәдесі бойынша, той үстінде Баймағамбетке хат жазып жібереді. Хаттың басын «Ішкі сырым» — деп қояды. Онда Гүлхашима өзінің Баймағамбетке ғашық екенін, күйеуін тең көрмейтінін, бірақ енді бәрі кеш екенін, амалсыз айттырған күйеуіне тиіп, Баймағамбетті ойлап, өмір бойы қайғырып жүретінін айтады.

Менің де көргеннен-ақ көңлім кеткен,
Бұл сауда мені дағы әуре еткен...
Менің де сізді ойласам ішім жалын,
Кетеді кей уақытта ықтиярым.
Дүниеде татар дәмім таусылғанша,
Жүремің тарта-тарта ғашық зарын...
Біреуге бір көргеннен ғашық қылдың,
Ажарсыз бір наданға нәсіп қылдың...

дейді.

Мұнан кейін жазушы Тобыл бойында өзін өзі өлтірген кісінің қалтасынан шыққан қаттың сөзін келтіреді, ол Баймағамбеттің өлер алдында жазып, тастап кеткен хаты екен, ол хатта былай делінген:

Ғашығы Гүлхашима басқа түсіп,
Келмеді көтеруге оны шамам...
Мақсатқа ұйғарылған жетпеген соң,
Дүннемен қоса құрсын жинаған мал...
Қайғылы тіршіліктен өлген артық,
Алдында жоқ болған соң ешбір алаң—

Осыдан кейін поэма «Сөз соңы» деген автордың қортындысымен бітеді. Осы қортындысында автор: Баймағамбеттің өлуіне, Гүлхашиманың өз теңі емес адамға тиіп, мәңгі мұңды болып жүруіне, біріншіден, қазақтың ескі әдеті кінәлі: сол бойынша халық теңі емес, сүймеген жастарды зорлап, байлап, матап қосады, екіншіден, ата-ана өз баласын өзі малға сатады, мал орнына беріп, азапқа салады, баладан малды жақсы көреді. Осылардан қазақтың жас, білімді, ақылды, сұлу қыздары гүлдей солады:

Бишара Гүлхашима мұңды емес пе,
Өмірге шырағы өшкен сорлы емес пе?
Ақылы, білімі, ажарын ықтыарсыз,
Қор еткен бір наданға зарлы емес пе?

дейді.

Баймағамбет пен Гүлхашима әңгімесінен қазақтың қыздары, жігіттері сабақ алсын: олар ескі ғұрып-әдетке көнбесін, қайта оған қарсы күрессін, өнер-білім іздесін деп қортынды жасайды автор.

Мұхаметжан Сералиннің «Гүлхашима» поэмасы қазақ әдебиетіндегі тұңғыш реалистік поэмалардың бірі. Бұған дейін қазақ әдебиетінде болып келген поэмалар түгелдей дерлік ауыз әдебиеті үлгісіндегі эпостық, салттық жырлар мен ертедегі шығыс әдебиеті дәстүріндегі ертеқ, қыял, ғажайып қиссалар, дастандар болатын; реалистік поэмалар болмайтын.

Жазушының, бір жағынан, реалдық өмірді, шын тұрмысты, болған, өзі көрген оқиғаны суреттеп, сол арқылы жастарға ескіден жирен, оған қарсы күрес аш, өнер, білім ізде, халыққа қызмет ет деуі, екінші жағынан, оқиғаға өзі араласып отыруы, әңгімені көбінше хат ретімен, кейіпкерлердің хат жазысып, сөйлесулері ретімен келтіруі, сюжет құруы оның ұлы орыс халқының бұрынғы, өз тұсындағы үлгілі әдебиетінен біраз үйренгенін көрсетеді.

Поэманың идеялық мақсаты маңызды да, айқын да, оқиғасы, сюжеті қызық, құрылысы, композициясы қисынды. Бірақ жазушы негізгі идеясын, көңіліндегі көрікті ойын сюжетке, композицияға кірістіре алмаған: ойын оқиға, сюжет арқылы, кейіпкерлердің ісі, мінезі, сезімі, ұғымы арқылы суреттеп көрсетпей, ақырында жалаң сөзбен үгіт-насихат етіп айтқан: қызықты сюжетті, жақсы материалды көрікті етіп шығара алмаған, публицистикаға айналдырып жіберген.

Оның үстіне, жазушының стилінде, тілінде ертедегі шығыс әдебиетінің, ертеке, қыял-ғажайып киссалардың әсерінің едәуір барлығы сезіледі. Ол әсіресе жазушы кейіпкерлердің келбеттерін, портреттерін суреттегенде айқын аңғарылады. Автор Гүлхашиманы көзі жұлдыз, кірпігі найза, қасы жай, мойны алманың сабағындай, тамағынан ішкен асы көрінеді, тісі инжу деп бейнелейді, Баймағамбеттің Гүлхашимаға ғашық болуын, ынтызарлығын суреттеуінен Мажнүннің Ләйлеге ғашық болуы сезіледі. Автор бұрынғы кітап атауларын, татар сөздерін біраз қолданады.

Жазушы поэмасында тек ғашықтық әңгімесін ғана, екі жастың арасындағы әңгімені ғана баяндап қоймайды. Сонымен қатар тиісінше халықтың тұрмыс-салтын, шаруашылық тірлігін, табиғат көрінісін де суреттеп отырады. Мысалы, Сыр елінің Арқаға көшіп баруы, арқа елінің егін салатыны, той, ойын-сауық, жазушының базар шығуы, Тобыл бойын, моланы суреттеуі, тағы тағылар.

Осы суреттеген реалистік жағдайларына лайық жазушы шығрамасында реалистік теңеулер мен эпитеттер, жеке сөздер мен атаулар қолданады:

Арқа елі соқа суырып, дем алғанда...
Миуа жоқ сізге нәсіп бұл шарбақта,
Іздеңіз ол миуаны басқа бақтан...
Мендағы арақ ішкен мас адаммын...

деп келеді.

Автор тұрмыс, шаруашылық қажеттігі бойынша қазақ тіліне еніп, сіңісіп кеткен кейбір орысша сөздерді кірістіріп отырады.

Сонымен, тақырыбы, идеялық мазмұны жағынан болсын, сюжеті мен композициясының қисынды, қызықты болып келуі, реалистік жайларды көрсету жағынан болсын «Гүлхашима» біркелкі жақсы, көркем шыққан поэма, өз заманына лайық жаңа көрініс, үлкен табыс.

Жоғарыда көрдік, Мұхаметжан «Топжарған» поэмасының да сюжеті мен композициясын, осы сияқты, қисынды, қызықты етіп, орыс әдебиетіндегі реалистік роман, поэмалар-

дың сюжеті мен композициясы сыяқты етіп келтірген еді. Тегі Мұхаметжанды шығарманың сюжеті мен композициясын құруға шебер ақын деуге болады.

Мұхаметжан Сералиннің үшінші поэмасы «Рүстем-Сохрап». Ол орыс тілінен аударылып, «Айқап» журналының 1914 жылғы 22, 23, 24 сандары мен 1915 жылғы 2, 3, 4, 5, 9 сандарында басылды, бөлек кітап болып шықпады.

Мұхаметжан поэмаға ұзақ түсінік жазған. Онда, әуелі, поэманы кімнен, қалай аударғанын айтады. «Қадірменді оқушыларымыздың алдына салып отырған мына «Рүстем-Сохрап» киссасы фарсы тілінде жазылған атақты «Шаһнама» деген кітаптың бір саласы. Рюккерт деген немістің бір шайыры «Рүстем-Сохрап» киссасын «Шаһнама» дан алып, бір-жағы тәржіме, бір жағы ұйқастыру секілді етіп немісше жазған... Соны орыс шайыры Жуковский 1846—1847 жылдары орысша өлең қылып, арттырып, кемітіп, қалыбына лайықты істеп шығарған. Мен оны шамам келгенше қазақ тіліне Жуковскийдің шығарған қалыбынан дым алыстатпай аударуға тырыстым» — деген.

Мұнан кейін ол «Шаһнама» және оның авторы, жазылу тарихы, қай тілдерге аударылғаны, соның ішінде қазақ тіліне де аударылғаны («Мұнан жыйырма-жыйырма бес жыл бұрын Ақмешіт шәһерінде молда Ораз деген бір найман «Шаһнаманы» қазақшаға аударған екен. Баспа болып шыққан шықпағанын білмедім» — дейді) туралы қысқаша мәлімет береді:

«Шаһнама» жыры дүниеге таралған соң мұның шайырларға зор әсері болған... Осы күнде қарасақ Фердаусидің астамдықпен айтқаны:

Мен өзімнің жырымнан
Биік сарай салдырдым,
Жел, жаңбыр оған жетпестей,
Өлсем де тірі болармын,
Ақылы барлар оқырлық
Жыр жазған кітап қалдырдым
Өмірде өшіп кетпестей —

деген сөзі түп-түгел расқа шығып отыр — деген автор.

Ақырында, Мұхаметжан поэмаға ұзақ түсінік жазған мақсатын аңғартады: «Мақсат кейбір сыншылар бұл баяғының мылжыңы, мұны несіне жазып азаптанған, мұнан халыққа келер түк пайда жоқ деп айта қалса, соларға... қарсы жауап орнына тұрсын деген. Жоғарыда аты аталған жұрттар адасса, мен де адасқаным дегім келгені» — дейді.

В. А. Жуковский аударған «Рүстем-Сохрап» он кітаптан құралып: 1) «Рүстемнің аңға шығуы», 2) «Сохрап», 3) «Хеджир және Гүлдафериц», 4) «Рүстем және Қейкуат», 5) «Ақсарайда-

ғы той», 6) «Сохрап және Хеджир», 7) «Рүстем Сохрап (бірінші ұрыс)», 8) «Рүстем-Сохрап (екінші ұрыс)», 9) «Рүстем Сохрап (үшінші ұрыс)», 10) «Рүстем» деп аталады.

Мұхаметжан қазақ тіліне аударғанда осыдан тек бірінші кітаптың атын қойған да, басқаларының аттарын қоймаған, «Екінші кітап», «Үшінші кітап» деген сияқты кітаптың ретімен атаған.

Поэма кішкене кіріспемен басталады. Оның орысшасы былай:

Из книги царственной Ирана,
Я повесть выпишу для вас
О подвигах Рустам и Сохрап.

Осыны Мұхаметжан былай келтірген:

Ау, азамат, мырзалар,
Жыр жырлауға азырақ,
Сіздерден жауап сұраймын.
Шаһнамадан, көшіріп,
Иран жұрттың ерлері
Рүстем, Сохрап жайынан,
Жалықпай құлақ салыңыз,
Азғана кеңес құрайын.

Поэманың басы орысша былай басталады:

Заря едва на небе занялася,
Когда Рустем, Ирана богатырь,
Проснулся, Встав с постели, он сказал.

Осыны Мұхаметжан былай аударған:

Бір заманда, бір күнде,
Таң сарғайып атқанда,
Иранның ері Рүстем
Төсегінен тұрыпты.
Өзі мен өзі ыңыранып,
Әңгіме, кеңес құрыпты.

Поэманың екінші кітабының басы орысша былай басталады:

Пора пришла — и у Темины
Родился сын, прекрасный,
Как месяц. Радостно и горестно его
Прижала к сердцу мать и со слезами
Им любовалась: он был великий Рустем.

Осыны Мұхаметжан:

Күні жеткен шағында,
Таминеден бір ұл туған,
Толған айдай балқыған,
Исі жұпар аңқыған.
Қуанышы мен қорқынышы
Араласқан анасы,
Баласын басып жүрекке
Шалқар көлдей шалқыған
Нағыз Рүстем сипаты —

деп аударған.

Осы келтірілген мысалдардан Мұхаметжан Сералиннің «Рүстем-Сохрап» поэмасын орысшадан дәлме-дәл, сөзбе-сөз аудармай, еркін аударғаны; оның кей жерін кенейтіп, кей жерін қысқартып кетіп отырғаны; кей жерін дәл аударып, кей жерінің мағнасын ғана бергені көрінеді.

Оның үстіне, Мұхаметжан өлең аударуға шебер емес, тегі өлеңге шебер емес. Оның өлеңдерінің кейде өлшем, ұйқасы жетпей жатады, кейде көрікті кестесі болмайды. Сондықтан біз «Шаһнама» жақсы аударылған деп айта алмаймыз.

Бірақ, қалай аударса да, бір саласын ғана аударса да, жержүзі әдебиетінің асыл қазналарының бірі болған «Шаһнамананы» ол заманда қазақ тіліне аудару әрі үлкен ерлік, әрі тарихи, мәдени мәні зор жұмыс еді.

Мұхаметжан Сералиннің орыс тілінен аударған екінші шығармасы «Жусан». Ол қазақ тұрмысынан, Қазақстан туралы көптеген әңгіме, очерк, мақала жазған Сібір жазушысы Антон Сорокиннен (1928 жылы қайтыс болған) аударылып, «Айқап» журналының 1915 жылғы бірнеше санында басылды. Онда қазақ даласының суреті беріледі.

Міне, Мұхаметжан Сералиннің революциядан бұрынғы өзі жазған, орыс тілінен аударған әдеби шығармалары осылар. Бұлар ақынның сол заманда-ақ қолынан келгенінше халыққа, қазақ әдебиетіне қызмет етуге тырысқанын байқатады.

Мұхаметжан Сералиннің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін жазған әдеби шығармалары: 1) «Ленин», 2) «Қайғылы қара күн», 3) «Жоқтау» — бәрі де адам баласының асқан данышпаны, еңбекші халықтардың ұлы көсемі В. И. Ленин туралы, ақын осының бәрінде де Ленинді жоқтайды, дәріптейді.

Мұхаметжан «Ленин» деген өлеңін 1924 жылы, Ленин қайтыс болғанда жазған. Онда ақын:

...Ес білгеннен түскенсің
Өзгерістің соңына.
Басын жинап жарлының
Бастадың шындық жолына...

Жарлымын десе көз салдың
Ашы менен тоғына,
Аудармай көшті бастадың
Бөліп бердің жоғына.
Кемесін судан өткіздің
Соқтырмай құрған торына...
Мезгілсіз қайттың дүниеден
Теңі жоқ асқан зерегім!
Саспайтын, жаза баспайтын
Қырағы, кемел ер едің! —

дейді.

«Қайғылы қара күн» очерк. Онда автор өзінің съезд делегаты ретінде Ленин денесін Горкадан Москваға алысып келуге барғанын, соны алып келе жатқанда көргенін, ойын, сезімін баяндайды. Ақырында:

«Ленин дүние жүзіндегі кемшілік, қоршылықта жүрген адамзаттың, ала-құласы жоқ, тегіс қамқоры еді. Оның атын білмеген жер жүзінде адам жоқ шығар. Әсіресе, Күншығыстың езілген халқы Ленин жолдасты өте жақсы біледі, жүрегіне өте жақын көреді, һәм мезгілсіз дүниеден қайтқанына қатты қайғырады.

Қош, Ленин жолдас! Сен өлгенмен салған үлгің өлмейді»² — деген.

«Жоқтау» деген өлеңін Мұхаметжан 1924 жылы жазып, сол жылы апрельде, В. И. Лениннің туған күніне байланысты жариялаған. Ол былай болып келеді:

Ортақшыл³ елдің көсемі,
Кедейлердің шешені,
Қайғыға салып көп жұртты
Дүниеден бітті есебі...
Сүйікті жолдас Ленин бас
Сіз үшін ағар көзден жас!
Кетсең де сенің жолыңнан
Ортақшылдар адаспас,
Езілген кедей табына
Ортақшылдар болар бас...

Жау қамалай қалғанда
Бергі болар қара тас.
Айрылды деп басынан
Қуанбасын өңшең қас...

Басшымыздың ізінен
Шұбырамыз бір болып,
Жауға қарсы шабармыз
Қайраты қайтпас шиыр болып...

¹ «Таң өлеңдері» (жинақ), 1925 ж. Москва, Күншығыс баспасы.

² «Еңбекші қазақ», № 165, 13 февраль, 1924 жыл, Орынбор.

³ Ортақшыл — Коммунист.

Аламыз деп біздерді
Қызықпасын көп дұшпан.
Жер жүзіне жайылған.
Жұдырық жер көп достан...¹

Ақын В. И. Ленинді еліміздің әрбір еңбекші адамы, әрбір коммунисті сияқты ұғып, сүйіп, жан-тәнімен беріліп жырлаған, оның ғылымы мен ісінің тірліктік күші мен алыптығына, мәңгі жасайтынына әбден сеніп жырлаған.

МҰХАМЕТЖАНЫҢ ПУБЛИЦИСТІК ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мұхаметжан Сералиннің журналистік қызметі екі дәуірге, публицистік шығармалары екі топқа бөлінеді: 1) Оның Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы журналистік қызметі, «Айқап» журналында басылған мақалалары, 2) Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі журналистік қызметі, «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ауыл» газеттерінде басылған мақалалары. Біз солардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталамыз.

Жиырмасыншы жылдары ұлтшыл-алашордашылдар «Айқап» журналын, Мұхаметжан Сералиннің онда ұстаған жолын патшашылдық, орысшылдық деп бағалады: «... «Қазақ» газеті төңкерісшіл жол ұстады, халық мүддесін жырлады. Сол үшін ақырғы жылы оның тиражы үш мыңға жетті. Ал, онымен қатар шығып тұрған «Айқап» журналының оқушылары болмады. Себебі ол патша үкіметінің сөзін сөйледі, қала болуды, тұрмысты орыстарша құруды қолдады»² — деп жазды.

Мұнда ұлтшыл-алашордашыл автордың өздеріне бүйрегі бұрғаны айдан анық көрініп тұр. Дегенмен сол кездегі кейбір тарихшылар осыған әбден сенді: «Айқап» журналын ұлтшыл-исламшыл деп бағалады, оған «Қазақ» газетін қарама-қарсы қойды: бұл газет «таза ұлт мүддесін көздеді, халықшыл болды»³ деді.

Бұл авторлар «Қазақ» газеті жөнінде бір жерден шыққанмен «Айқап» жөнінде екеуі екі түрлі пікір айтып, біріне бірі қайшы келіп отыр, «Айқапты» бірі патшашыл, орысшыл десе, екіншісі ұлтшыл-исламшыл деп отыр. Осының өзі де бұлардың «Айқапқа» берген бағаларының әділ емес екенін дәлелдейді.

¹ «Ауыл газеті», № 15/31, 22 апрель, 1924 жыл, Қостанай.

² См. «Труды общества изучения киргизского края». Вып. III. стр. 7—25, 1922 г. Оренбург.

³ Т. Рысқұлов, «Октябрь төңкерісі және қазақ республикасының жасалуы», «Еңбекші Қазақ», № 166, 24 июль, 1927.

Өйткені бір журналдың біріне бірі мүлде қарама-қарсы екі түрлі жол ұстауы: әрі патшашыл, орысшыл болуы, әрі ұлтшыл-исламшыл болуы мүмкін емес ғой. Бір журналдың бір кезде әрі патшашыл, әрі ұлтшыл болуы мүмкін де, ал, әрі орысшыл, әрі ұлтшыл-исламшыл болуы мүмкін емес. Бұл ақылға симайды.

Алайда, «Айқап» журналы жөнінде елуінші жылдары пікір айтып жүрген жолдастардың кейбіреулерінде осы әділетсіз, ақылға сыйғысыз, хате көзқарастардың әсері бары айқын аңғарылады.

Соңғы жылдары қазақ баспасөздерінде «Айқап» журналы мен Мұхаметжан Сералиннің революциядан бұрынғы журналистік қызметі туралы бір-біріне, мүлде қарама-қарсы екі түрлі пікір, көзқарас айтылып жүр: бірі оларды реакцияшыл, буржуазияшыл-ұлтшыл журнал, журналист десе, екіншісі оларды прогресшіл, демократ-ағартушы журнал, журналист дейді.

Біздіңше, «Айқап» журналымен Мұхаметжан Сералиннің, журналист қызметі жөніндегі бұл екі түрлі пікір — көзқарастың екеуінде де біраз сыңаржақ кету, фактыны тым асыра бағалау бар. Сондықтан олардың бірін түгелдей дұрыс, екіншісін түгелдей хате деуге болмайды.

Сөзжоқ, «Айқап» журналы мен Мұхаметжан Сералиннің кейбір әлсіз жағы, хате кемшілігі болды, ол хате кемшіліктері кей ретте ұлтшылдық, панисламистікпен де ұштасып жатты. Бұған журналда басылған, кейбір номерлеріне М. Сералиннің өзі қол қойған, жәдитшілдік туралы, дін, діни басқарулар, қазақ тілінің емлесі туралы бірқатар мақалалар айқын дәлел.

Сонымен бірге, өз кезінде «Айқап» журналы мен Мұхаметжан Сералиннің прогресшіл-ағартушылық рольдері де зор болды. Олар халықты оянуға, ескілікке қарсы күресуге, оқуға, жаңаша, орысша оқуға, еңбекке, өнерге, орыс мәдениетін үйренуге, отырықшылыққа, егіншілікке, қала, поселка салуға шақырды.

Осы екі жағын дәл көрсетіп, әділ бағалағанда, біздіңше, «Айқап» журналы мен Мұхаметжан Сералиннің реакцияшылдығынан, әлсіз жағынан, хате кемшілігінен прогресшілдігі, әлді жағы, демократтық-ағартушылық істері басым жатады. Жалпы алғанда оларды демократ-ағартушы деуге әбден болады.

«Айқап» журналы мен оның редакторының әлсіз жағы, хате кемшілігі де, әлді жағы мен демократтық-ағартушылық қызметтері де Сералиннің «Айқапта» басылған мақалалары-

ның тақырыптары мен мазмұнынан айқын көрінеді. Енді соған келейік.

«Айқап» журналында Сералиннің ірілі-уақты, қырықтан аса мақаласы басылған. Солардың бәрі де қазақ халқы әлеуметтік өмірінің сол кездегі бірсыпыра маңызды, актуалды мәселелері: саяси, шаруашылық, мәдени жайы, халықтың тарихы, болашағы туралы болып келеді.

Журналдың кейбір бас мақалаларына қол қойылмаған. Олардың бірді-екісі Мұхаметжандікі болуға да ықтимал. Сондай-ақ, Мұхаметжанның бүркеншек атпен жазған мақалалары да болуы мүмкін. Оларды біз аша да, айта да алмадық. Қырықтан аса мақаласы басылған дегенде біз оның тек өзі «М. С.», «Мыс», «Басқарушы», «М. Сералин», деп қол қойған мақалаларын ғана айтып отырмыз.

Онан соң, Мұхаметжан Сералиннің публицистік стилінің бір, ерекшелігі — ол мақалаларының көбіне саралап, арнай ат, тақырып қоймайды, көбін күнделік, хат сияқты етіп: жазған жерін, айын, жылын тақырып етіп, мысалы, «Шаһр Троицкі, февраль, 1911 жыл» деген сияқты ат қойып жазады, бір қатарын «Басқарушылардан» «Оқушыларға», «Сұрауларға жауап» деген сияқты бірыңғай, ұқсас аттар қойып жазады.

Яғни Мұхаметжан Сералиннің бір мақаласында бірнеше мәселені сөз ететіні де, әр түрлі тақырыпқа жазылған бірнеше мақаласының бір аттас болып келетіні де болады. Сондықтан оларды талдағанда бір мақаланың бірнеше рет аталуы, бір аттас мақалалардың әржерде кездесуі мүмкін.

Мұхаметжан Сералиннің «Қызмет несі мырзаларға», «Қадырман оқушыларға», «Басқарушыдан», «Айқап» оқушыларына», «Шаһр Троицкі, 30 декабрь, 1911 жыл». «Басқармадан» деген бірқатар мақалалары «Айқап» журналы туралы, соның аты, мақсаты, жылдық жұмысының қортындысы, алдағы уақыттағы міндеттері туралы.

Мысалы, ол «Қызмет несі мырзаларға» деген мақаласында: «Журнал шығарудан мақсат атақ шығару, білім сату емес, халыққа қызмет ету болды... Журналымызға «Айқап» деп есім бердік... Біздің қазақтың «Айқап!» демейтұғын қай ісі бар? Қап дегізген, қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге лайық «Айқап» болды»¹ деп жазады.

«Күрметті оқушылар!» деген мақаласында ол: «Он екі айдан бері «Айқап» жұрттың біразын оқуға үйір қылды, қазақша ойлауға, ойлаған ойын қазақша жазуға бірсыпыра адамды үйретті. Заманымыздағы халық басында тұрған ең керекті болған мәселеміз жер әңгімесі турасында азды-көпті жұрттың

¹ «Айқап», № 1, 1911 жыл, 2-бет.

ойын қозғауға себеп болды... Народный суд, әйел теңдігі, балаларды оқыту, сайлауға таласудың зарары қақында аз да болса, сөз қозғап жатыр»¹ — дейді.

Журналдың 1912 жылғы бірінші санында басылған «Қадырман оқушылар!» деген бас мақаласында «Айқаптың» алдағы уақыттағы міндеттерін санап көрсеткен:

«Биылғы жылы: «Айқап» журналының алдымен қолға ала тұғын мәселесі, былтырғыдай, жер мәселесі болады, яғни алты алаштың баласына егін шаруашылығына қолайлы жерлерде қала салуды қуаттап, халыққа шамадан келгенше соны түсіндіру.

Журналымыздың жерден соңғы көп жүргізетін мәселесі таласу һәм партия болуды жоғалту қақында болады... Үшінші мәселеміз — оқу һәм оқыту қақында болады...

Төртінші — қатын, қыздарымыздың кемшілікте тұрғандықтарын халыққа ескерту. Бұл мәселе біздің қазақ халқында қозғалмай, тың жатқан мәселенің бірі болғандықтан бұл турада ашы-тұщы әртүрлі сөздер «Айқап» та өткен жылы да бір-аз жазылып өтті, тағы жазылмақ.

Осылар сыяқты мұң, мұқтаждарымыз толып жатыр. Барлығын тізе берсек, қағазға симас. Әйтеуір «Айқап» қазаққа жұғысы болған қай мәселені болса да шамасынан келген қадарлы үндеусіз, босқа жібермеске тырысады»² делінген.

1915 жылы, август айында, «Айқап» тоқталғанда «Басқармадан» деген мақала жазып, Мұхаметжан журнал жұмысының барлық нәтижесін қорытқан. Соғыс, қымбатшылық себепті енді журналдың тоқтайтынын айта келіп:

«Ал, енді, алаштың азаматтары! «Әркім барына мәзір» деген ғой. Біз қолымыздан келген жұмысымызды алаш пайдасына жұмсаудан тартынбай: қазақ жұртымызға, аз да болса, бір соқпақ жол болсын деп, бастап журнал шығардық. Мақсатымыз дүние жыйып, байымақ, пайдаланбақ емес, тек ғана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді. Білгенімізді жаздық, айттық. Жазылған сөзімізде, ойлаған ойымызда жаңылыстарымыз көп болған шығар... Алайда, не жазсақ та таза жүрек, таза ниетпен жазып едік. Соның үшін азаматтар бізді айыптамас деп үміт етеміз.

Журнал шығарғандағы мақсатымыз — халыққа жол көрсетпек еді. Газетшілік һәм журналшылықтың қазақ жігіттерінің қолынан да келетін жұмыс екендігін сипат етпек еді. Біз бұл мақсатымызға жеттік. Ендігі жұмыс оқыған жастардың мойнында.

¹ «Айқап», № 12, 1911 жыл.

² «Айқап», № 1, 1912 жыл, 1—2-бет.

Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
Біз болмасақ сіз барсыз,
Желкілдеп шыққан жас шөптей,
Үміт еткен достарым,
Сендерге бердім батамды»¹ —

дейді.

Сонымен, «Айқап» журналының, онда Мұхаметжан Сералиннің алдымен қолға алған, көп жазған негізгі, маңызды мәселесі — жер мәселесі, отырықшы болу, егін кәсібімен айналысуу, поселка, қала салу мәселелері болды. Бұл мәселелер жөнінде Мұхаметжан өзінің «Қазақ халқының мұқтаждығы», «Біздің бұрынғы һәм кәзіргі халіміз». «Шәһр Троицкі, март 1912 жыл», «Келешек заманымыздың қамы», «Жер әңгімесі», «Отырықшы болған қазақтар туралы», «Шәһр Тройцкі, 15 февраль, 1914 жыл», «Ескі жыр» деген мақалаларында да сөз етеді.

Ол «Қазақ халқының мұқтаждығы» деген мақаласында, әуелі, қазақ халқының қазіргі тілегі не? деп сұрау қойып, сол сұрауға басқалардың берген, беретін жауаптарын келтіреді. Кейбіреулер қазақ халқының кәзіргі тілегі бұрынғы қалпында көшпелі, мал өсіруші жұрт болып қала беру — дейді; енді біреулер қазақ халқының кәзіргі тілегі өз алдына мүфтілік алу — дейді. Бұл дұрыс емес дегенді айтады, дұрыс емес екендігін дәлелдеп көрсетеді.

Ақырында, ол қазақ халқының кәзіргі тілегі — «Қай қалыппен болса да жерге орналасып алу... Бізге ең пайдалы болған іс тезірек қала салып, егін пайдасына жарайтын жерлерді сақтап қалу. Бұлай істесек бізге келетұғын екі-үш түрлі пайда бар: әуелі, өзіміз сұранып қала салсақ, аз да болса, егін салуға қолайлы жерлерге ие болып қаламыз... Екінші пайдамыз, қала болсақ, мешіт саламыз, мектеп, медресе ашып, балаларымызды оқытып, сүйікті отанымыз болған Россияның пайдалы жұртының бірі боламыз... Үшінші пайдамыз — қалалық халық болсақ, баяғы сұраған дін турасындағы тілектеріміз де орнына келеді.

Ау, жұрт ойланаық! Келешек заманымыз қалай болады? Заманға муафық іс істейік. Заманның соңынан біз қумасақ, заман бізді күтпейді»² — дейді.

«Біздің бұрынғы һәм кәзіргі халіміз» деген 1911 жылы жазған мақаласында Мұхаметжан осы пікірлерін тағы айтады: халықты отырықшы болуға, қала салуға, егін кәсібімен айналысуға үгіттейді, оянуға шақырады.

Мұхаметжан Сералин «Шәһр Троицкі, март, 1912 жыл»

¹ «Айқап», № 14, 208—209-бет, 28 август, 1915 жыл.

² «Айқап», № 2, февраль, 1911 жыл, Бас мақала.

деген мақаласын оқушылардың сұрауларына жауап етіп жазған. Отырықшы болу, қала салу неліктен пайдалы деген сұрауға жауап береді.

Мұхаметжан Сералиннің осы үзінділеріндегі қала салып, жерлерімізді сақтап қалайық, тәуір жерлерге ие болып қалайық, кәзір қала болмаған қазақтар кейін бытырап кетеді, деген пікірлерін осы күні бірқатар жолдастар теріс түсінеді: ол Қазақстанға шеттен қоныстанушылар келтіруге, қазақ халқы мен орыс халқының араласуына, достасуына қарсы болды дегенді айтады.

Біздіңше бұл дұрыс емес. Себебі Мұхаметжан Сералин де, Бақытжан Қаратаев та Қазақстанға қоныс аударушыларды келтіруге қарсы болған жоқ, патша өкіметінің қоныстанушылар келтіру әдісіне қарсы болды. Мысалы, Б. Қаратаевтың Думада сөйлегін сөзін алсақ, онда Қаратаев:

«Біз бауырларымыз крестьяндардың хәлін: жерден тарығып, қиналып отырғанын әбден түсінеміз. Өзіміз қысылып, қымтырылып, оларға жер беруге дайынбыз. Бірақ артық жер жоқ. Кәзіргі уақытта переселен келтіру қазақ, қырғыз халқын қонысынан көшіру жөнімен жүргізіліп жатыр, Қазақ қырғыздар жерден ғана көшірілмей; үй-жайынан да қуылып қатаң. Қазақ, қырғыз қашан да болсын оппозициялық фракцияларды қолдайды»¹ — деді.

Яғни Б. Қаратаев, М. Сералин патша өкіметінің Қазақстанға қоныстанушылар келтіргенде қазақтарды қонысынан көшіруіне, үй-жайларынан айдап шығуына қарсы болды. Олардың мұнысы өте орынды еді.

Рас, мейлі Қаратаев болсын, мейлі Сералин болсын патша өкіметі тұсында әшкере шығатын журналда, патша өкіметі құрған Думаның мәжілісінде бұл ойларын батыл, ашық айта алмас еді. Сондықтан да Қаратаев «патша өкіметі переселен келтіруді қазақ, қырғыз халқын қонысынан көшіру жөнімен жүргізіп жатыр» деу орнына: «Кәзіргі уақытта переселен келтіру қазақ, қырғыз халқын қонысынан көшіру жөнімен жүргізіліп жатыр» — дейді. «Патша өкіметі переселендерге бос жатқан жерлерді алып бермей, халық пайдаланып отырған жерлерді алып беріп отыр» деу орнына: «Артық жер жоқ. Қазақ, қырғыз қонысынан, үй-жайынан қуылып жатыр» — дейді, қазақ, қырғыз «патша өкіметінің аграрлық саясатына наразы» деу орнына: «қазақ, қырғыз... оппозициялық фракцияларды қолдайды» — дейді, яғни жалпылап, сөйлемді иесіз етіп құрап, барлық ойын бүркемелеп, астарлап айтқан.

Қаратаев екінші Дума мәжілісінде (Дума мәжілісі 1907

¹ В. И. Лениннің келтіруі бойынша. Ленин Шығармалары, 13-т., 375-бет, орысшасы.

жылы июнь айында болған) осы үзінді келтірілген сөзін сөйлегенінен біраз бұрын, 1907 жылы, февраль айында большевиктердің сол кезде Орынборда, татар тілінде шығып тұрған «Урал» (редакторы Х. Ямашев болған) деген газетінде «Қырғыздардан Россия халқына ашық хат» деген үндеу жарияланған.

Хаттың авторы патша өкіметінің қазақ жерін заңды-заңсыз тартып алып жатқанын әрі толық, әрі дәл етіп көрсеткен, зарлап айтқан. Сөйтіп: «Біз жоғарыда жазылған сөздерді орыс халқына дұспандықтан айтып отырғанымыз жоқ. Орыс халқы бізге дұспан емес. Біздің бәріміздің дұспанымыз бір, ол әуелден самодержавное правительство дұр» — деген...

Мұнан кейін автор жер мәселесін екінші Думаның әр халық мүддесіне сай етіп шешуін талап еткен. Бірақ Дума жер мәселесін олай шеше алмайды, патша өкіметі құрымай, жер мәселесі дұрыс шешілмейді — дегенді айтқан. Хатқа: «Қырғыздардың уполномочниы» деп қол қойған... («Урал» № 10,7 февраль, 1907 г.).

Біз осы хаттың авторы Қаратаев пен Сералин екеуінің бірі ме екен, әсіресе, Бақытжан Қаратаев па екен деп ойлаймыз. Ол өзінің шын көзқарасын, негізгі ой-пікірін жасырын шығатын большевиктік газетте ашық айтып, Дума мәжілісінде өкіметтен именіп, бүркемелеп айтып тұр ғой дейміз. Өйткені, бір жағынан, Қаратаевтың сөзі мен хаттың үні, рухы, бағыты бір. Екінші жағынан, Б. Қаратаев депутат, «Қырғыздардың уполномочниы» деп соның ғана қол қоюы мүмкін ғой.

Онан соң, жұртқа мәлім, ол кезде патша өкіметі қазақ сияқты ұсақ ұлттарды күштеп ықпалға алу, олардың халықтық, ұлттық қалпын жою саясатын жүргізді. Мұхаметжан қазақтар орыс шаруаларының қалалары арасында бытырап қалады, орыс шаруаларымен бір қоғам болып кетеді дегенде қазақ халқы мен орыс халқының достасуына, саяси, мәдени, шаруашылық жақтан қарым-қатынас жасап, араласып тіршілік етуіне қарсы болған жоқ, патша өкіметінің қазақты орыстандыру, қазақтың халықтығын жою саясатына қарсы болды. Ол «... Қала салып, бір жерде қазақ басын қосып қалса, халық халықтығын жоғалтпас еді»¹ — деді.

М. Сералин қазақтар орыс қалалары арасында бытырап жүрсе, орыстармен бір қоғам болса, халықтығын жояды да, ол, орыстармен қатарласа қала салып отырса, халықтығын жоймайды деп ұқты. Асылында қазақтардың орыстармен араласып тіршілік етуіне қарсы болмады. Мұны тағы мынадан көруге болады:

¹ «Айқап» № 3, 50, 51-бет, март, 1912 жыл.

«Айқап» журналының 1914 жылғы 3 санында «Шәһр Троцкі, 15 февраль, 1914 жыл» деген М. Сералиннің бас мақаласы мен Ә. Бөкейхановтың «Дума депутаттарына ашық хаты» басылған. Бөкейханов хатында: өкімет, қазақтың бір қатар оқығандары қазаққа отырықшы бол, қала сал деп жатыр. Бұл қазақ, орысты аралас отырғызу, қазақты мұсылман дінінен шығару, орыстандыру болады дегенді айтқан.

М. Сералин мақаласында Бөкейхановтың бұл пікіріне қарсы шыққан. «... Мұнда бояуды қойыртарлық, оншама шаруаны үркітерлік іс жоқ... Россияда бірнеше губерналарда неше жүз жылдардан бері қарай орыстармен аралас тіршілік қылып келе жатқан мұсылмандар бар. Бұлардың мұсылмандығы Ғарапстан мұсылмандарынан кем емес. Кейбір жақтарынан тіпті күштірек те» — деген.

Мұхаметжан Сералин «Келешек заманымыздың қамы»¹ деген мақаласында: «Қазақтың осы күнгі қалпы екі жолдың айрығына келіп тоқтаған, қай жолға түсерін анық білмей дағдарған жолаушы секілді. Низам қазақтың алдына екі түрлі жол салып қойған: бірі — кочевой норма, яғни еркек, әйелге бірдей, қаз басқан жан басына онекі десятина жер алу, екіншісі — переселческая норма. Ол бойынша қазбасқан еркек кіндікке он бес десятинадан жер алып, қала салып, отырықшы болу.

Бұл екі жолдың кейінгі нәсіл-нәсіп үшін қайсысы қолайлы болады деп ой жүргізбеген қазақ аз болса керек. Ақылы бүтін әр қазақтың басында осы ой бар. Бірақ мұның тыянақты шешуін көрсеткен адам әлі жоқ» — дейді.

Сералин осы мәселені шешу үшін қазақ съезін шақыруды талап етеді. Осындай екіталай кезде бұрынғы ел ағасы адамдар съезд шақырып кеңескен. Әбілхайыр Россияға қосыларда осылай еткен. Біз де кәзір солай етейік — дегенді айтады.

М. Сералиннің бұл ұсынысын сол кездегі қазақ оқығандарының біразы қолдады да, біразы қолдамады. Қолдамағандары мынадай дәлел келтірді:

«Кәзір заман тар. Съезд шақыруға өкімет рұқсат бермейді. Берсе, тиісінше, жаратымды сөйлесуге, сөз қылған мәселелерімізді өзімізше шешуге ерік бермейді.

Қазақ болып бас қоссақ, біз кемшілікте отырған жетім жұрт өкіметпен екі араны сөз қылмай қоймаймыз. Мұны осы күнгі газет тілінде политика дейді. Политика өкіметке таздың бөркін алғанмен бір есеп.

Жұрт ісін жалпы жұрт болып істемейді, жұрттың білімді, алдыңғы қатарлы адамдары істейді. Қазақтың сондай адам-

¹ «Айқап» 16 сентябрь, 1913 жыл, 74-бет.

дары бас қосса, іс қылса болар еді. Ондайды әшкере, жария істеуге болмайды»¹ — дейді.

Ал, съез шақыруды қолдаған оқығандар, керісінше, құпия жұмыс жүргізуден қашты, өкімет, заң ерік берген көлемде әшкере жұмыс жүргізуді мақұл көрді. «Съезд бола қалса, бетегеден биік, жусаннан аласа болады. Патшаның жұртқа әйгілі 1906 жылғы, 4 марттағы указы бойынша жұмыс жүргізеді. Осы указ бойынша съезд шақырып, өздерінің мектеп, клуб, пансион, түрлі серікті ашу, жерге орналасу, қала болу сияқты істерін жүзеге асырып жатқан елдер бар. Біз де солай істейік»² дегенді айтты.

Сөз жоқ, ол кезде Мұхаметжан Сералиннің отырықшы болайық, жерге орналасып, қала салайық, деген ұсынысы да, қазақ съезін шақырайық, онда өкімет, заң ерік берген мәселелерді болса да қарап, шешейік деген ұсынысы да әрі орынды, әрі өте прогресшіл ұсыныстар еді. Өйткені бұлар халықтың шаруашылығы мен мәдениетінің өркендеуіне, саяси сана-сезімінің оянуына, өсуіне себеп болушы еді.

Сонымен, «Айқап», Мұхаметжан Сералин қазақ халқының отырықшы, қала болуын жақтады. Халықтың оянуы, саяси, мәдени, шаруашылық жақтан өркендеуі — бәрі соған байланысты деп білді.

«Біз қазаққа қала сал деп үгіт айтсақ, әлбетте, айрықша халықтың түпкілікті қонысқа ие болатындығын, кәсіпшіл болмақ, өнерлі болмақ, оқымысты, ілімді болмақ отырықшы болғанда ғана табылатындығын шамалап айтқан едік»³...

«... 50—60 үй бір жерге жиналып, қышлақ (орысша селение) болса, орталарынан, ынтымақпен, зор арық қазып алса, қанша егін салатұғын: жоңыршқа егетұғын, қауын салатұғын жерге қожа болар еді. Төртті-бесті үйдің қолынан келмейтұғын іс көптің қолынан келетұғындығын әркім біледі. Бұл бір.

Екінші, төртті-бесті үйдің орталарынан молда ұстап, бала оқытуға шамалары келмейді. Егерде қышлақ болып, 50—60 үй бір жерге жиналып отырса, оларға орталарынан молда ұстап, бала оқыту оңай. Төрт-бес үйге бола өкімет школа ашпайды. Бұл да анық. Баласын алыс жерге жіберіп оқытуға кедей, жатақтың халі келмейді... 50—60 үй бір жерде болған соң оларға ортасынан қазына хисабына өкімет бір русско-туземная школа ашып беруге тартынбайды.

Дүниеде тіршілік ету бір мал бағу мен балық аулауға ға-

¹ «Айқап», № 16, сентябрь, 1913 жыл, 74-бет.

² «Айқап» № 16, сентябрь, 1913 жыл.

³ «Айқап» № 20, ноябрь, 1913 жыл, 419-бет.

на тіреліп тұрған жоқ. Тіршілік үшін қыйлы-қыйлы жолдар бар...

Шәһрлы Россия халқын, олар ішінде сарт, ноғай, жәһут, армян, поляк сияқты түрлі халықтарды көрсең, бұлардың тіршілік қасиеттері әр түрлі, әр қайсылары өздерінің қолдарынан келген шаруаларымен күн көреді: біреу қол өнермен, біреу өзін жалдаумен күн көреді, біреулері саудагер, біреулері делдал, біреулері приказчик, біреулері дәрігер, оғайри-оғайри кәсіптермен күн көріп жатыр. Қарап тұрсаң, солардың дүниедә ауқат кешіулері бізге қарағанда көп артық. Олар таза, көркем һәм қымбат киім киінеді. Таза үйде мекен етеді. Таза һәм тәтті тағам ішеді. Олар ешкімнен зорлық, зомбылық һәм қорлық көрмейді. Олардың хақысына ешкім тимейді...

Ертеден кешке дейін сөйлеп келгенде сөз ақыры екі нәрсеге тиянақтайды: қала сал, жиылып отыр, аз да болса, жақсы жерің қолыңда қалады. Мектеп, медресе сал, школа аш, балаңды оқыт, замана өнерінен сыбаға ал. Сонда адам болып, қатарға қосыласың, халық боласың. Әйтпесе дүние жүзінен жоғаласың»¹— деді.

Ал, қазақтың бір қатар оқығандары, кейін «Қазақ» газеті маңына жиналған; алашорданың басшысы болған бір қатар адамдары бұған, отырықшы, қала болуға қарсы шықты: қазақ халқының бұрынғыша көшпелі, мал өсіруші жұрт болуын жақтады.

Оларға отырықшы, қала болудың қажеті жоқ, өйткені ол елдің ежелгі қалпын бұзады, шаруашылығын, кәсібін негізінен өзгертеді. Отырықшы болу — егіншілікке айналу болады. Қазақ жері егін салуға қолайлы емес, тек мал өсіруге ғана қолайлы. Отырықшы болып, бір жерге жыл сайын егін салғансоң ол жер құнарсызданады, өнімді аз беретін болады. Халықтың шаруашылығы төмендеп кетеді.

Қазақ халқының егіншілікке айналмай, бұрынғыдай мал өсіру кәсібінде болуы, бірінші, өзіне, екінші, мемлекетке зор пайда келтіреді. Әскерге атты, заводтарға шикі затты қазақ шаруашылығы береді деді.

Асылында, бұл екі түрлі көзқарас, екі түрлі ұсыныс қазақ арасындағы негізгі екі таптың көзқарасы, мүддесі еді. Мұның біріншісі қазақтың еңбекші көпшілігінің көзқарасы, мүддесі еді де, екіншісі қазақтың байлары мен феодалдарының көзқарасы, мүддесі еді.

Өйткені еңбекші бұқараның негізгі күн көрісі жер еді, олар егін салып ғана күн көре алатын еді, жерден айрылса, екі қолын төбесіне қойып, тентіреп кететін еді. Сондықтан да

¹ «Айқап», № 3, март, 1912 жыл, 53—56-беттер.

олар отырықшы, қала болып, егін салып, жерге ие болып қалуды арман етті. Ал, байлар, феодалдар жерден айрылса, малмен күн көретін еді, олардың жерден нейбіт айрылмасына, мал бағуға жарарлық жерден айрылмасына көздері жететін еді.

Мұның үстіне, халық отырықшы, қала болса, бұрынғы қалпы, бұрынғы шаруашылығы көп өзгеріске ұшырайтын байлар мен феодалдар еді. Еңбекші бұқара: кедей мен жатақтар осы кезде-ақ отырықшылыққа, егіншілікке бет алып қалған еді. Сондықтан да байлар мен феодалдар бұрынғы көшпелі, мал өсіруші қалыптың сақталуын жақсы көрді, арман етті.

Мұхаметжан Сералин «Аштық қақында» деген мақаласында: «... Жаздай жауын болмағандықтан егін, пішен шықпай шаруа жайсыз халде қалып тұр. Байлардың малын асырап шығатын шөбі жоқ, кедейлердің малы түгіл өздері ауқат ететұғын азығы да жоқ. Бұл жоқтық қазірге, малдың сүті бар болғандықтан оншама халыққа білінбей тұр. Бірақ күз кіріп, қар түсе бастаған кезде ашаршылық кедейлерге біліне бастаса керек...

Жоғарыда айтып едім, іс басында ауқаттылар тұр деп. Олар өздері тоқ болған соң былайғы бұқара халықтың ашын, тоғын ойлай қоймайды.

Аш бала тоқ баламен ойнамайды,
Тоқ бала ешнәрсені ойламайды — деген ғой!»—

дейді.

Егіні шықпай қалған елге қазынадан берілетін қарыз жәрдем ашқа бар екенін айтып, іс басындағылардың соны сұрап алып, халыққа таратып беруін талап етеді.

М. Сералин «Шәһр Троицкі, 31 июль, 1913 жыл» деген мақаласында қазақ арасындағы жетім-жесірлерге қамқорлық көрсету, жәрдем ету мәселесін дербес сөз етеді.

Осылай Мұхаметжан Сералин көптеген мақалаларында бұқара халықтың мұң-мұқтажын, зәру қажетін баса айтады, маңызды, күрделі мәселелерді еңбекшілердің, халықтың мүддесі, көзқарасы тұрғысынан баяндап, шешеді.

«Айқап» журналының, онда Мұхаметжан Сералиннің мықтап қолға алған, көп сөз қылған маңызды, күрделі мәселелерінің бірі — оқу, ағарту, өнер, ғылым, мәдениет, тіл, әдебиет мәселелері болды. Бұл мәселелер жөнінде Мұхаметжан сөз арасында жоғарыда көрсетілген мақалаларында да айтқан еді. Ал, «Біздің жастарымыз», «Шәһр Троицкі, август, 1911 жыл», «Шәкірттер халінен», «Шәһр Троицкі, март, 1912 жыл», «Шәһр Троицкі, сентябрь, 1912 жыл», «Айқап» басқармасы-

¹ «Айқап», № 7, июль, 1911 жыл, 1—2-беттер.

ның бір өтініші», «Басқармадан өтініш», «Роман жарысы туралы» деген мақалаларында арнай тоқталып, баса айтады.

Мысалы, «Шәһр Троицкі, август, 1911 жыл» деген мақаласында Сералин қазақтың оқыған адамдарын халық қамын ойлауға, халыққа қызмет істеуге, халықтың мәдениеті өркендеуіне жәрдемдесуге шақырады:

«Қолымыздан келген қадары халық үшін тырбанайық... Біздер өз міндетімізді басымыздан атқарып, келешек заманда ғалым адамдардың шығуына көзірден негіз (почва) әзірлей барайық. Надандық астында езіліп жатқан бишара халқымыз бір заманда аяққа басып, сүйікті отанымыз болған Россияның... пайдалы, қатардағы граждандарының бірі болуына тырысайық»¹— дейді.

«Шәһр Троицкі, март, 1912 жыл» деген мақаласында Мұхаметжан орыс, өзбек, татар, армян, поляк халықтарының шаруашылығы, тұрмысы, күн көрісі қазақ халқының шаруашылығынан, күн көрісінен әлде қайда жақсы екенін айта келіп, «бұл неден?» деп сұрау қояды. Оған өзі былай деп жауап береді:

«Бұлардың барлығының себебі жалғыз-ақ нәрсе, ол нәрсе ғылым.

Ғалымдар дүние тіршілігін бір соғыс майданына ұқсатады. Ол соғыс майданын шаруашылық соғысы (орысша: экономическая война) деп атайды. Бұл соғыста қан төгілмейді, ләкин қан төгілген соғыстан да ғақбыты жаманырақ. Шаруашылық соғысында кәсіп, өнер бәсекесі қанды соғыстағы зеңбірек, мылтықтан да бетер адам баласын қырады. Бұл соғыста адамы көп жеңбейді, білігі, ғылымы, өнері артық жұрт жеңеді. Соның үшін мейлі жатақ, кедей бол, мейлі көшпелі бай бол енді келешек заман үшін балаларымызды ғылым құралымен қаруландыруымыз тиіс...

Үстімізден қарап тұрған үкіметіміз Россия болған соң орыс тілін білу біздерге қарыз деп айтсақ күнәлі болмаспыз... Россия мемлекетінде бақытты болып тіршілік ету үшін ғылым, өнер керек, орысша тіл білу керек. Бұларды білу үшін мектеп немесе школа керек.

Біздің қазақ жастары дүние күтуді екі нәрседен ғана іздейді: біреуі оқу оқып шығып, хакім, болу (писарь, тілмәш, учитель) яки мұғалім болып бала оқыту. Бұлары бик дұрыс. Ләкин дүние осы екі ғана жолға тоқтап тұрған жоқ. Басқа кәсіптерге, басқа оқуларға, басқа орындарға неге кірмейді...»²— деген пікір айтады.

¹ «Айқап», № 8, август, 1911 жыл, 3-бет.

² «Айқап», № 3, март, 1912 жыл, 54—55-беттер.

«Шәһр Троицкі, сентябрь, 1912 жыл» деген мақаласында М. Сералин сол жылы Орынбордағы Учительская школага барып оқуға түскен және орын жетпегендіктен оған түсе алмай қайтқан қазақ жастары туралы, түрлі қалаларда оқып жүрген жастарға ақыл, күш, көмек беру туралы, орыс, татар арасында шәкірттерге жәрдем беретін арнаулы қоғамдардың барлығы туралы, қазақ арасында да сондай қоғамның болуы қажет екені туралы жазады. Ақырында:

«...Біздің ілгергі келешек күніміз де, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатары тұруымыз да жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. Ол... оқу. Мұнан былайғы заманда оқып, өнер білмесек, өнерлі жұртқа жалшы болудан басқа бізге ешбір де орын қалмайды. Біз жұртшылық қылып, оқушы талапкерлерімізге жәрдем бермесек, оқығандарымыз көбейе алмайды»¹ — дейді.

«Басқармадан өтініш»² деген мақаласында Мұхаметжан «Айқап тың» оқушылары мен хабаршыларынан журналға өнер, ғылым, техника жайынап мақалалар, хабарлар жазып тұруды, көркем шығармалар жіберуді өтінген, журналда ондай хабарлар мен мақалаларға кең орын берілетінін хабарлаған.

Осы сияқты, ол «Рүстем Сохрап», «Роман жарысы», «Айқап» басқармасының бір өтініші» деген мақалаларында өзінше әдебиеттің мәнін, қажеттігін түсіндірген. Бұрынғы әдебиет нұсқаларын, шешен, акын адамдардың сөздерін жинау, жаңа әдебиетімізді өркендету жөнінде келелі пікір айтқан.

Осыдан кейін Мұхаметжан Сералин бірқатар мақаласында халықтың оқу оқып, түрлі кәсіп, өнер, ғылым, техника үйреніп, ілгері басуына кедергі болып отырған кей жағдайларды әшкерелейді: қазақтың жалқаулық, жікшілдік, мансапқорлық, парақорлық сияқты мінез-қылықтарын сынайды.

Мысалы, ол «Біздің дертіміз» деген мақаласында қазақтың әлгідей мінез-құлықтарын тізіп көрсетеді; халықтың, ел билеуші адамдардың олардан арылуын талап етеді. Бұл мәселені Мұхаметжан жаңа жылдың келуімен, қазақша жаңа жыл — наурыздың тууымен байланыстырады.

«Бізде баяғы ата қалпын ұстап, оқушыларымызға жаңа жыл құтты, наурыз байсалды болсын дегенді тілейміз. Осы наурыздан басталатын жаңа жылымыз есімі доңыз болса да, өзі доңыз болмай, қазақ халқы үшін ол ұйқыдан көз ашып, ескіліктен арылып, өзімен көршілес жұрттардың қатарына кіретұғын бас жыл болса екен деп тілейміз»³ — дейді.

Бірақ, баса айтатын бір жағдай, Мұхаметжан Сералин қа-

¹ «Айқап», № 8—9, сентябрь, 1912 жыл, 190-бет.

² «Айқап», № 14, 1914 жыл.

³ «Айқап», 3 март, 1911 жыл, 1—2-беттер.

зақтың ескі салттары мен жаман мінез-қылықтарын сынағанда, дінді, қожа-моллаларды сынамайды, қағаберіс қалдырып отырады. Отырықшы, болсақ, мешіттеріміз болады, дін турасындағы тілектеріміз орнына келеді дегенді айтады. Бұл оның идея жағынан ол кезде жетілмегенін сездіреді.

Сондай-ақ, Мұхаметжан Сералин «Маржани», «Жуырда орыны толмастай өлім» (Исмағыл Гаспринский туралы) деген мақалаларында да күншығыста болған діни оянушылықты, жәдитшілдікті іш тартты.

М. Сералин дін қызметкерлерінің, діни оянушылықтың — жәдитшілдіктің бұл кезде, империализм жағдайында, әлеуметтік революция қарсаңында реакцияшыл бағыт алып, панисламизм, пантюркизммен ұласып кеткенін, буржуазияшыл ұлтшылдықтың сарынында болғанын аңғармады. Сералиннің мұнысы үлкен хате болды.

Осы күні кейбір жолдастар Мұхаметжан Сералин мемлекеттік Дума туралы жазған мақалаларында, әсіресе «Юбилей туралы» деген мақаласында патша өкіметіне дұрыс ниетпен қарады — дейді.

Бұл бекер. Өйткені, алдымен, «Юбилей туралы» мақалаға қол қойылмаған. Оның Мұхаметжандікі болмауы да мүмкін. Бола қойғанда да онан патша өкіметіне деген жақсы ниет лебі есіп тұрған жоқ; онда әлгі мүмкін болған барлық жағдайды: өкімет берген еркіндікті пайдалана беру керек деген пікір ұғынылады.

Мысалы, мақалада Романов тұқымдарының таққа отырғандарына 300 жыл толатыны, ол күні юбилей болатыны, оған әр халықтан, соның ішінде қазақтан да өкілдер баратыны айтылады. Автор сол өкілдерге реті келген жерде патшаға, тиісті адамдарға халық мұңын айтындар, мына мәселелер туралы өтініш етіндер деп тапсырма береді:

1) Қазақстаннан Думаға депутат сайланатын болсын, 2) қазақ жеріне енді шеттен переселен келтіруді тоқтатсын, 3) қазақ, орыс орналасқаннан қалған жерді қазақ пайдасына берсін, 4) мал шаруашылығын жаңаша өркендетуге орыспен қатар қазаққа да учасок беретін болсын, 5) Қазақстандағы қазынадан сатылатын жерлерді орыспен қатар қазақтың да сатып алуына рұхсат берсін, 6) дін туралы, мектеп, медресе ашу туралы, народный судты өзгерту туралы сұралсын — дегенді айтады. Ақырында ол:

«Осы барған мырзалар өздерінің барып, Петерборды көріп қайтқанына мәз болмай, азырақ халық пайдасы туралы оны-мұны ескеріп қайтса дұрыс болар еді... Кеңесіп, тиісті орындарға мұң-мұқтажымызды айтып, арыз ұсынса екен...

Кезі келгенде мұқтажымызды сұраудың өкімет алдында еш-бір терісі болмас деп ойлаймын»¹ дейді.

Онансоң, журналда Мұхаметжан Сералиннің мемлекеттік Дума туралы екі мақаласы шыққан. Оның бірінде Мұхаметжан Думада қазақ халқынан депутат жоқ екенін айтып, налыған. Бұл мақала «Шәһр Троицкі, июль, 1912 жыл» деп аталады. Онда автор, әуелі, сол жылы, 9 июньде Думаның жабылғанын, оның соңғы мәжілісінде Таврический дворецті түзеу үшін 1.300.240 сом ақша белгілегенін хабарлайды; осы мәселені талқылау үстінде С. Мақсұтов деген депутаттың сөйлеген сөзін келтірген, онда былай делінген:

«Г. Думаның сарайындағы кемшіліктерден басқа Г. Думаның өзінде де бик зор кемшіліктер бар. Сол кемшіліктердің біреуіне біздің мұсылмандар түсті. Бес жыл ішінде Г. Дума арқылы қазақ далаларына Түркстан жағына арналған қаншама закон проектісі қаралып өтті. Бұл заңдар қаралғанда олардан депутат болмады...»

Мұнан кейін автор: «Жоғарыда айтылған сөз біздің қазақ, сарт, түркмен, басқа Азия жұрттарының Думаға депутат сайлаудан құр қалуы турасында еді. Ақ патшаға қараған қанша жұрт ішінде біздің қазақтың ала қозыдай бөлініп, көп жұрт пайдаланып жатқан теңшілдіктен құр қалуы, әлбетте, біз үшін көңілді емес...»

Бұл туралы патшаның өзі де түбінде біртүрлі «табдир» істемей қалмас. Бірақ, жыламаған балаға емшек бермейді деген сықылды, жұрт патшалықтан өтініп сұрау керек еді...»² — дейді.

Бұл келтірілген фактылар мен үзінділер патшаны, патша өкіметін мадақтау емес, мінеу; патшаға, патша өкіметіне жалыну емес, талап қою; жағыну емес, налу. Бұл патшаның, патша өкіметінің қазақ жөніндегі отаршылдық саясатына құлдық қылу емес, наразылық білдіру. Царизм тұсында, жария шығып отырған журнал бетінде патша өкіметі және оның саясаты жөнінде мұнан артық, ашық айтуға болмайтын еді.

Міне, Мұхаметжан Сералиннің Октябрь революциясынан бұрынғы журналистік қызметі мен «Айқап» журналында шыққан мақалаларының тақырыбы, мазмұны, мән-жайы осы. Бұл біздің ол жөнінде жоғарыда айтқан қортындымызды растайды, яғни Мұхаметжан Сералиннің бірді-екілі мәселеде хате бағыт ұстағанын, жалпы алғанда прогресшіл, демократ-ағартушы болғанын айқын сыпаттайды.

Мұхаметжан Сералиннің Октябрь революциясынан кейінгі, 1918—1928 жылдар арасындағы журналистік қызметі мен

¹ «Айқап», 3 февраль, 1913 жыл, 49—51-беттер.

² «Айқап», 7 июль, 1912 жыл, 145—146-беттер.

«Ұшқын», «Еңбекші Қазақ», «Ауыл» газеттерінде шыққан мақалалары әлі жете, толық зерттелген жоқ. Алайда, қолда бар мәліметтерге қарап, Мұхаметжан, бұл кезде де актуалды, маңызды саясат, шаруашылық, мәдениет мәселелері туралы көптеген мақалалар жазды деп тұжырымды айтуға болады.

Біз, мысалы, «Ауыл» газетінің 1923 жылғы 5 номерін, 1924 жылғы 5 номерін, 1925 жылғы бір номерін оқып шықтық. Газеттің осы 11 номерінде Мұхаметжан Сералиннің өзі «Сералиннің Мұхаметжаны», «М. Сералин», «М. С.», «Мыс», «Мұкат» деп қол қойған оның 15 шақты мақаласы шығыпты.

Бұл мақалаларды тақырыбы мен мазмұнына қарай жіктесек, 3 мақала халықаралық жағдай туралы, 6 мақала тарихи мейрамдар, саяси мәселелер туралы, 6 мақала шаруашылық, мәдениет мәселелері туралы жазылған. Тарихи мейрамдар, саяси мәселелер туралы алты мақаланың үшеуі В. И. Ленин туралы.

Жұртқа мәлім, қазақтың Мұхаметжан Сералин сияқты ерте уақытта оқыған және жұмысқа араласқан бірқатар қызметкерлерінде революцияның алғашқы жылдарында әрі-сәрлік, ауытқушылық, коммунист партиясы мен совет өкіметінің жолын аңғармаушылық болды. Осыдан олар өздерінің бірді-екілі шығармаларында хате жіберді, теріс, жат көзқарасты үгіттеді.

Әлгі, біз оқыған мақалаларына қарағанда Мұхаметжан Сералинде ондай ауытқушылық, аңғармаушылық, ауа жайылушылық болмаған. Ол бірден коммунист партиясы мен совет өкіметінің жолын дұрыс түсініп, советтік, партиялық көзқарасты үгіттеген, саяси тиянақты коммунист болған.

Мысалы, Мұхаметжан Сералин Ұлы Октябрь социалистік революциясының алты жылдық мерекесіне байланысты жазған «Россияда болған Октябрь төңкерісі һәм Германияда болайын деп тұрған төңкеріс»¹ деген мақаласында, әуелі, Октябрь революциясының жасалу тарихын дәл айта келіп:

«Бүгінгі күні Россия құрамасындағы бір жүз елу миллион еңбекшіл таптың буржуалар, жанаралдар зорлығынан құтылып, жарқын жүзбен еркін дүниеге шыққан күні» — дейді.

Онансоң, автор Октябрь революциясының алты жылдық мерекесі Германияда революцияның әбден күшейген кезінде өткізіліп отырғанын, онда өкіметке, бір жағынан, ақтар мен фашистер, екінші жағынан, коммунистер бастаған жұмысшылар мен шаруалар таласып жатқанын дұрыс баяндап келіп:

¹ «Ауыл» № 7, 7 ноябрь, 1923 жыл.

«Германиядағы бұл оқиғалардың қалайша болып аяқталуы біздің үшін бәрі бір емес. Германияда жұмысшы, крестьян табы жеңіп, совет өкіметін құратын болса, бір түрлі болмақ та, ақтар, фашистер жеңіп, байлар өкіметі түзеле қалғанда, екінші түрлі болмақшы» — дейді.

Бұлардың қайсысының Совет өкіметіне қандай әсер ететінін түсіндіреді: жұмысшы табы жеңіп, совет өкіметін құрса, өнеркәсіпті Германия мен ауылшаруашылықты Россия одақ болып, не керектерін өздерінде өндіреді, ешкімге тәуелді болмайды, жер жүзінде бұларды жеңетін мемлекет болмайды. Ал, Германияда буржуазия өкіметі орнаса, ол Совет өкіметін тыныш қоймайды. Совет өкіметіне қарсы соғысады дегенді айтады.

Ақырында, Мұхаметжан: «Әзірге біздің шаруашылығымыздың түзеліп жетпегендігі бізді тыныштық тілеуге бұйырады; хәм біздің қашаннан ұстап, жариялап кележатқан қағидамыз да дүние жүзінен соғысты, қан төгісті жоймақ. Біз бұл тілегімізге жету үшін мүмкін болған жерде қандай ауыр бітімге де дайынбыз. Бостандығымызды сақтау жолында ақтық тамшы қанымызды құрбан қылуға дайынбыз. «Бейбітшілікті сүйсең, соғысқа дайын бол» деген қағиданы біз есімізден шығарғанымыз жоқ. Жасасын бүкіл дүние төңкерісі! Жасасын бүкіл дүние еңбекшілерінің бірлігі!» — дейді.

Мұхаметжан Сералин 1924 жылы, апрельде В. И. Лениннің туған күніне байланысты «Ленин хәм ұлт мәселесі»¹ деген үлкен мақала жазған. Онда автор ұлт мәселесін түсінуде, шешуде әр түрлі ағымдар, теріс бағыттар болғанын айта келіп, Лениннің ұлт мәселесі жөніндегі жолын түсіндіреді.

«Ленин жолдастың ұғынуы бойынша әр ұлт өз тағдырын өзі шешуге ықтыярлы болсын, басқа бір ұлтпен қосылып, бірігіп күнелтсе де, немесе, жеке, өз бетімен тұрамын десе де, оларға жол берілсін деген. Мұнан басқа ұғынулардың барлығын Ленин жолдас теріс жол деп тапқан... Ленин жолдастың жаққан шырағының жарығы езілген ұлттар қонысының ең қараңғы түкпіріне дейін түсіп, кемшілік-қоршылықта жүргендердің сөнген көңіліне үміт отын жандырып отыр» — дейді.

Сондай-ақ, Мұхаметжан Сералин «Төртінші октябрь Қазақстан еңбекшілерінің мейрам күні»² деген мақаласында: «Қазақстан республикасының төртінші жылдық мейрамын жасап отырған қазақ еңбекшілері кемдікте жүрген ұлттардың бүкіл дүние жүзіндегі қорғаншысы жұмысшы хәм крестьян өкіметінің басында отырған коммунист партиясы екендігін,

¹ «Ауыл», № 31, 22 апрель, 1924 жыл.

² «Ауыл», № 10, 4 октябрь, 1923 жыл.

кемдікте жүрген ұлттар бостандық, теңдік алуға, шаруашылық һәм ғылым бабында ілгері басуға жалғыз-ақ коммунист партиясы арқасында ғана мүрсат табатындығын, соның үшін коммунист интернационалы туы астында топтану тиіс екендігін ұмытпасқа керек» — дейді.

Мұхаметжан Сералиннің бізде автономиялық республикалардың құрылуы, олардың Советтік Социалистік Республикалар Одағы болып бірігіп, оның Орталық атқару комитетінің екі палаталы болып құрылуы туралы жазған «Уақ ұлттар тіршілігіндегі тағы бір жаңа адым»¹ деп аталатын мақаласы былай болып келеді:

«Бұрынғы құлдықта жүріп, езілген ұлттарды бостандыққа шақырушы, екінші түрлі айтқанда, ұлт мәселесін тура һәм дұрыс шешуші жалғыз-ақ коммунист партиясы һәм коммунист партиясы бастаған Совет үкіметі екендігі қайта-қайта жазылып, оқушыларымыздың құлағына сіңіп келе жатқан әңгіме.

Бүкіл дүние жүзін өлшеуге алмай-ақ, өзіміз мекен еткен Россия мемлекетін мысалға алсақ та көреміз, Совет өкіметінің әділ саясатының арқасында бұрын кемдікте, қорлықта, құлдықта, қолы ештеңеге жетпей, сорлап жүрген саны азғантай бұратаналар автономия алып, өз тағдырын өздері шешуге қолдары жетіп отыр.

Совет өкіметі мен коммунист партиясының дұшпандары бұл автономияларды автономия емес, бұл әншейін құр атак, дұрысында автономиялы деп жарияланған халықтардың қолында тізгін жоқ, коммунистер оларды ырқына жібермей, ауыздықтап отыр деп мінейді.

Әрине, бұлай деп мінеушілер коммунист партиясының ұлттар мәселесі туралы тұтқан саясатын түсінбеген саяси соқырлар, немесе еңбекшілер арасына араздық салу ниетімен өсек жүргізуші, кеңестер тәртібін көре алмаушы төңкеріске қарсы (контрреволюционер) жауыздар.

Мұндай төңкеріске қарсы жауыздардың әлгіндей қисынсыз өсек жүргізгендегі түп мақсаты Совет өкіметінің ұлт саясатын дұрыс ұғына алмай жүрген надандарды, немесе советтер елінде не болып жатқанын біле алмай, шет жерлерде сүйреліп жүрген саяси қашқындарды адастыру, оларды кеңестер өкіметіне дұшпан қылу.

Олардың аузынан сілекейі шұбырып мақтайтыны империалист өкіметтерінің кейбіреулерінде атасы басқаларға «демократическая автономия» деп берген автономиясы болатын.

¹ «Ауыл», № 22, 26 ноябрь, 1923 жыл.

Мұндай берілген автономияларды тексеріп қарасақ, біз не көреміз. Онда біздің көретініміз бірен-саран бағы ашылған — құдайы қалаған автономия алған елдердің автономиясы өздерінің елінде, өз бастарының азды көпті жұмысын тексеруге ғана жетер-жетпес автономия хұқы болады. Жалпы мемлекеттік жұмыстарға араласуға олардың тіпті праволары жоқ. Жеңген ұлтқа баяғы құл болғаны болған.

Коммунистердің беріп отырған автономиясы бұл қалыпта емес, мүлдем басқа. Әуеден шұға жауғанда ұлтарактай киіз тимейтін, саны да аз, сапасы да жоқ бұратаналарға (Ойрат, Чуаш, Черміш, Карел, Уатак секілдіге) автономия тиіп отыр. Бұл бір.

Екінші, әлі бұл берілген автономия түгел емес деп коммунистер жылдан-жылға автономия алғандардың правосын кеңейтуде, мәдениет пен шаруашылық жолында артта қалған надан елдерді көтермелеп, алдағы қатарда тұрған орыс жұмысшысымен, крестьяндарымен теңелуге, қатарласуға барлық күшін салып жатыр.

1923 жылдың бірінші январынан бастап одақтар бірлігінің атқару комитеті (союзный ЦИК) ашылғандығы әркімге мәлім.

Одақтар бірлігі казакша айтқанда, екі қабатты екендігі, яғни бір қабаты одақтар бірлігінің атқару комитеті (союзный ЦИК) болса, екінші қабаты (ұлттар кеңесі) болып отыр. Бұл соңғы қабатқа «палатаға» Россия одағындағы қай ұлттан болса да уәкіл (представитель) кіріп отыр. Көпшілік ұлттар кеңесі жағында. Одақтар бірлігінің атқару комитеті жаңадан болып өткен үшінші сессиясында «ұлттар кеңесінің праволары туралы» жасалған закон жобасы қаралды да бекітілді. Сондағы закон жобасының ең маңызды бабы «одақтар бірлігінде жүргізілетін әр закон жобасының закон күшін алуы үшін ұлттар кеңесінің ойы мен қаулысы керек» деген бабы.

Бұл бап не айтады? Бұл бап Россия Одағындағы уақ ұлттардың уәкілдері барлық одақ республикаға жарияланатын закон жобасын қабылдамасқа ыхтыяры бар, олар қабылдасқа жоба закон болмайды дегенді айтады.

Мұндай кең, мұндай зор право ешбір елге, ешбір заманда, ешбір буржуазия мемлекеттерінде берілген емес. Бұл уақытқа тарих жүзінде бұрын-соңды болған уақиға емес. Мұндай кең, мұндай зор правосын қол астындағы ұлттарға ешбір буржуазия мемлекетіндегі үкіметтің беруге шамасы келмейді; мұндай зор право берілу үшін бірігіп отырған ұлттар біріне-бірінің сенімі зор болуы шарт. Капиталшы үкіметте ондай сенім жоқ. Олардың талабы бірін-бірі алдауда. Алдау-арбау, бел күшке салу жүрген жерде бір елге бір елдің сенімі бол-

майды. Сенім болмаған соң, араларына салқындық түсіп, бір ел бір елге дұспан бола бастайды.

Мінеки жоғарыда айтылған жауыздардың жүргізген өсегінің салмағының қаншама екендігі осыдан ап-анық болып көрініп тұрған жоқ па?

Жасасын ұлттар теңдігі».

Бұл мәліметтер Мұхаметжан Сералиннің сөз болып отырған дәуірде Октябрь революциясын, оның сол кездегі ішкі, сыртқы жағдайын, міндетін, Коммунистік партия мен В. И. Лениннің тарихи ісін, ролін, ұлт мәселесін дұрыс түсінгенін, осылар жөнінде нағыз партиялық, лениндік жол ұстағанын айқын дәлелдейді.

Біз Мұхаметжан Сералиннің «Ұшқын», «Ауыл» газеттерінде басылған тағы бірнеше мақаласын тауып оқыдық. Ол мақалаларында да Сералин Октябрь революциясын құттықтап қарсы алған, коммунист партиясы мен Совет өкіметінің жолын дұрыс ұққан, дұрыс насихаттаған.

Сондай-ақ, біз М. Сералиннің орыс тіліндегі газеттерде жарияланған екі-үш мақаласымен таныстық. Олардың бірі 1922 жылы, августа жарияланған, ол «Что должны помнить трудовые киргизы во время выборов?» деп аталады. Бұл мақаласында Мұхаметжан халыққа сайлаудың маңызын түсіндіреді, кедейлерге бай-құлақтардың сайлау кезіндегі дұспандық іс әрекеттеріне баса соққы бер — дейді.

Мұхаметжан Сералиннің журналистік таланты Октябрь революциясының аркасында шарықтап, кемеліне келді; 1918—1928 жылдар арасында ол ұшқыр қаламды, алғыр ойлы, өткір тілді журналист болды.

Бұл кезде Мұхаметжан дүние жүзіндегі ең революцияшыл партияның — коммунист партиясының мүшесі болды; дүние жүзіндегі ең озат, революцияшыл, ең күшті ғылыммен — марксизм-ленинизм ғылымымен қаруланды; дүниені, қоғамды ғылыми жөнмен танитын, жаңа идеялы адам болды.

Бұл жылдары Мұхаметжанның тақырыбы әрі алуан түрлі, әрі күрделі болды. Ол бұрын: «Айқапта» тек қазақ халқы әлеуметтік өмірінің бір қатар маңызды мәселелері туралы ғана жазған еді; Октябрь революциясынан кейін ол халықаралық жағдайды, бүкіл Совет Одағы, соның ішінде Қазақ республикасы қоғамдық өмірінің актуалды, маңызды мәселелері туралы күн сайын жазып отыратын болды.

Бұрын, «Айқап» журналында, Мұхаметжан патша өкіметінің цензурасынан именіп, көп мәселелерді қозғай алмайтын еді; қозғаса, ойын, мақсатын, еркін, толық, батыл, ашық айта алмайтын еді. Енді, Октябрь революциясынан кейін, ол социалистік ел — отанның, коммунист партиясының күнделік-

ті тұрмысы алдына көлденең тартқан тақырып-мәселелердің қайсысын жазса да ерікті болды; не туралы жазса да ой-пікірін ашық айтты: коммунист партиясы мен совет өкіметінің жолын, саясатын насихаттады.

«Айқапта» шыққан мақалаларында Мұхаметжан діни сөздер мен атауларды, татарша, арап-фарсыша сөздерді араластырып отыратын еді; сөйлемін кейде татар тілінің сөйлем құрау тәртібімен, кейде орыс тілінің сөйлем құрау тәртібімен қиыстырушы еді. Октябрь революциясынан кейінгі мақалаларын таза, нағыз қазақ тілінде, қазақтың бүгінгі әдеби тілінде жазды.

Мұхаметжан Сералиннің журналистік стилінің бір ерекшелігі — ол ой-пікірін қисынды келтіреді: жүйелеп, фактымен, мысалмен, мақал-мәтелмен дәлелдеп, өткір тілмен, көрікті сөздермен суреттеп айтады. Олардың бәрі де үгіт-насихаттық әуезбен, ұғымды, көңілге қонымды болып келеді. Мұхаметжанның мақалаларынан жоғарыда келтірілген мысалдар мұны айқын сыпаттайды.

ҚОРТЫНДЫ

Мұхаметжан Сералин қазақ тілінде тұңғыш «Айқап» журналын шығарды; халыққа баспасөз арқылы қызмет етті. «Журнал шығарудағы мақсатымыз... Тек ғана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді» — дейді ол.

«Айқап» журналының бірқатар хатесі, кемшілігі бола тұрса да, ол жалпы алғанда, демократтық-ағартушылық бағытта болды, қазақ тарихында прогресшіл роль атқарды: халықтың оянуына, саясат, шаруашылық, мәдениет жақтан өсуіне біраз әсер етті.

Қазақтың сол кезде жаңа құрала бастаған зыялыларына «Айқап» қазақша ойлауды, ойлағанын қазақша жазуды үйретті, газет, журнал шығару қазақ оқығандарының да қолынан келетін жұмыс екенін дәлелдеді.


Мұхаметжан Сералин «Айқап» арқылы, өз шығармалары арқылы қазақ халқының Абай мен Ыбрай негізін салған жаңа әдебиетінің XX ғасыр басында өркендей түсуіне атсалысты. «Топжарған», «Гүлхашима» деген поэмалары өз заманындағы жаңа, тұңғыш тарихи-реалистік, реалистік-романтикалық поэмалар болып саналады.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейін Мұхаметжан Сералин коммунист партиясы қатарына енді; партия, совет жұмыстарына араласты; оншақты жыл жауапты қызметтерде болды.

Мұхаметжан Сералин қазақтың тұңғыш советтік баспа-сөздеріне «Ұшқын», «Еңбекші қазақ» газеттеріне қатынасып, 1923—1926 жылдары «Ауыл» газетінің редакторы болып тұрды. Ол халық арасында партия мен өкіметтің жолын, күнделікті саясатын, ауылды советтендіру жөнінде жүргізген шараларын насихаттады. Адамзаттың асқан данышпаны, ұлы көсеміміз В. И. Ленин туралы бірнеше көркем шығарма жазды.

Сонымен, Мұхаметжан Сералин қазақ халқының XX ғасыр басындағы әрі көрнекті қоғам қайраткері, әрі көрнекті журналист-ақыны болды.





Үшінші тарау

СҮЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ
(1893—1920)



Тарихта өз өмірін халықпен тығыз байланыстырып, халық мүддесі үшін күрескен, оның ой-тілегін аңсаған арманын асқан шабытпен жырлап, еңбекші бұқараның сүйіспеншілігіне бөленген талай ақын-жазушылар болды. Олардың ұлылығы халықпен біте қайнасып, бірге өскендігінде, еңбекшінің жаршысы, ақылшысы, кеңесшісі болғандығында. Сұлтанмахмұт та сондай ақын. Ол өз халқының санасында мәңгі жасамақ.

Сұлтанмахмұттың шығармалары жиырманшы жылдардың басынан бері жинақ болып, бөлек кітап болып шыға бастады. Сонан бері ақынның өмірі, жазушылық қызметі, саяси бағыты, әлеуметтік көзқарасы, шығармаларының мазмұны, әдебиеттік құны туралы ірілі-уақты мақалалар үнемі жазылып келеді. Бұрынғы жазушыларымыздан әсіресе көбірек сын сөз айтылып келгендердің бірі де осы Сұлтанмахмұт деуге болады.

С. Торайғыров жөнінде жиырманшы, отызыншы, қырқыншы жылдарда жазылған мақалаларға біз өзіміздің «Сұлтанмахмұттың ақындығы» (1949) деген еңбегімізде шолу, талдау жасап, олар жөнінде өз пікірімізді айтқан болатынбыз.

Бұл жерде оларды қайталап жатудың орны жоқ. Сұлтанмахмұт туралы 1949 жылдан бері тағы бірсыпыра мақалалар жазылды. Бұл жолы біз сол мақалалар туралы пікір айтпақпыз.

Сұлтанмахмұт және оның шығармалары туралы соңғы алты-жеті жыл ішінде шыққан мақалалардың көрнектілері: М. Әуезовтің «Орыс реализмінің традициялары және қазақ әдебиеті», С. Мұқановтың «Абай шәкірттері туралы» деген мақалалары, Б. Шалабаевтың «Қазақтың революциядан бұрынғы прозасы мен романының тарихынан» деген кітапшасы және Е. Исмайлов Н. Жәнділдин, Р. Бердібаев, Х. Сүйіншіалиев, Т. Әбдірахманов, Т. Қәкішев, М. Тілеужанов, Т. Қожакеев, тағы басқа жолдастардың мақалалары деуге болады.

Бұл мақалаларда Сұлтанмахмұт шығармаларының кейбір жанры, жеке мәселелері, тағы басқа тақырыптар нақты сөз болып, олар туралы келелі, зерттеушілерге, оқушыларға аса пайдалы пікірлер айтылған.

С. Торайғыров жөніндегі мақалалардың кейбіреулерінің авторлары ақынның саяси бағыты, дүниеге көзқарасы, шығармалары туралы тұтас сөз қозғаған, әр мәселе жөнінде өз тұжырымдарын айтуға тырысқан. Бірақ олар әрі қысқа, әрі күңгірт болып шыққан.

Онансоң, Сұлтанмахмұт Торайғыров жөніндегі мақалалардың бірқатары даулы; ақынның саяси бағыты, дүниеге көзқарасы, творчествосының кейбір мәселелері жөнінде біріне-бірі қарама-қарсы пікірлер айтылады. Оқушы кейде олардың қайсысының дұрыс екенін білмей қалады.

Ал, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен творчествосын тұтас алып, толық, жан-жақты зерттеген, тұжырымды, ғылыми пікірлер айтқан көлемді еңбек әлі жоқ.

Осы жағдайларды ескеріп, біз еңбегіміздің бұл тарауын нақтырақ, толық етіп жазуға тырысып, ақынның өмірі мен жазушылық бағыты, дүние тануы, саяси-әлеуметтік көзқарастары, шығармаларының идеялық мазмұны мен әдебиеттік қасиеті, реалистігі мен халықтығы, тілі мен шеберлігі туралы өзіміздің біліп, түйгенімізді ортаға салмақпыз.

АҚЫННЫҢ ӨМІРІ МЕН ЖАЗУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

I

КПСС Орталық Комитетінің органы «Правда» қазақ әдебиеті туралы жазған бір мақаласында Сұлтанмахмұт Торайғыровты зор ақылды, өмір баяны өте қызық, тамаша жазушы деп бағалады.¹

¹ «Правда», 171 (8217), 21/VI 1940 г.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің саналы, саяси, жазушылық өмірін:

«Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ бір табамын деп, көңілім сонда»

деп бастады. Өмір бойы ол осы сертін орындау үшін қызмет істеді: осы жолда тыным таппай өзіне, өз халқына өнер, білім, еркіндік, бақыт іздеді.

Сұлтанмахмұттың қай жылы туғаны жөнінде әртүрлі пікір бар. Мысалы, Сұлтанмахмұттың 1922 жылы, Қазанда шыққан поэмалар жинағында басылған суретінің астына: ол 1894 жылы туды деп жазылған. Ақынның 1933 жылы Қызылордада шыққан толық жинағындағы өмірбаянында ол 1893 жылы туды деп көрсетілген.

Сұлтанмахмұт, егерде, 1893 жылы туған болса, қаза болатын 1920 жылы ол 27 жасында, егерде 1894 жылы туған болса, онда ол 26 жасында қайтыс болған. Ал, Сұлтанмахмұттың өзі өлері алдында жазған, ел арасынан 1946 жылы табылған бір өлеңінде 1920 жылы 28 жастамын деген.

Өлерінен алты күн бұрын (1920 жылы, 15 май күні), Сұлтанмахмұт қатты ауырып жатқанда, онымен 1909—1910 жылдары бірге оқыған жақын жолдасы Жамалқожа деген кісі оның көңілін сұрай келеді. Сұлтанмахмұттың онымен басын көтеріп сөйлесуге шамасы келмейді. Тек хат жазып береді. Сонда ол былай деп жазған екен:

Қожа-еке, келдіңіз бе көңілім сұрай?
Менің адам болуым екі талай.
Көп болса, бір жұмалық өмірім бар,
Байқашы, басымдағы шашым қандай?
Дерт күшті тамағымнан жүрмейді асым,
Жөтел қысып, жастыққа тимейд басым.
Тағдырдың кермесіне тап болып тұр,
Талапты жиырма сегіз деген жасым¹.

Бұған қарағанда, Сұлтанмахмұт 1894 жылы да, 1893 жылы да емес, 1892 жылы туған. Осының жөні келеді. Бірақ бұған дейін баспасөз бетінде ол үнемі 1893 жылы туған деп жазылып жүрді. Біз де соны қолданамыз.

Сонымен, Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы, 23 октябрь күні, кәзіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Ол, анасы өліп, бір жасында жетім қалады. Сонан кейін жас нәрестені қарт шешесі алып, тәрбиелейді.

Сұлтанмахмұттың туған әкесі Шоқпыт (шын аты Әбубә-

¹ С. Торайғыров. Таңдамалы шығармалары, 109-бет. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1950 жыл, Алматы.

кір) кедей, момын, қулық-сұмдықты білмейтін, қазақша сауатты, ақкөңіл, барын адамнан аямайтын жомарт, бірақ айтқанынан қайтпайтын қайсар, қайратты адам болған.

Сұлтанмахмұт жасында аңқау, ойынмен онша әуесі жоқ момақан; киімін, қолындағысын қайда болса, сонда тастап кете беретін салқам болады. Өгей шешесі осы салқамдығына кейіп, ұрысқанда Сұлтанмахмұт көзі жаудырап, ішінен тынудан басқаны білмейді екен.

Сұлтанмахмұт алты жасында әкесінен оқып, хат таниды. Кейін Шоқпыт кейде өзі, кейде ауыл арасындағы моллаға оқытып, баласын оқудан үзбейді. Сұлтанмахмұт 1902—1908 жылдары Әлі деген моллада, 1904—1905 жылдары Тортай деген моллада, 1906—1907 жылдары Мұқан деген моллада оқиды.

Мұқан біраз оқыған, әдебиеттен хабары, ептеген ақындығы бар молла болса керек. Ол арап, фарсы ертегілерін қазақша өлең етіп жазады, біреуді мақтап, біреуді мазақтап өз жанынан өлең де шығарады екен. Ол оқушыларын қазақ халқының ауыз әдебиетімен, кәзіргі советтік шығыс республикалардың ертедегі үлгілі әдебиетімен таныстырады, өлең жазуға қызықтырады.

Сұлтанмахмұт осы Мұқан моллада оқып жүрген кезінде, сонан үлгі алып, он үш жасынан өлең жаза бастайды. Оның тұңғыш жазған өлеңі «Секілді өмір қысқа жарты тұтам»¹ — деп аталады. Онда Сұлтанмахмұт өзінің моллалары, оқуы туралы, ақын болуға талаптанып жүргені туралы сыр айтады:

...Әкемнен «әліп-биді» үйде оқыдым,
Үйреніп намаз, сабақ жат тоқыдым.
Әлі молда алдында дәл екі жыл
Әртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.
Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,
Ол байғұс аяған жоқ ойда барын.
Ғылымның орны бас пен көкіректе,
Бүйір шығып, қампып тоймас қарын.
Мұқаннан екінші жыл сабақ алам,
Ұйықтасам да көңілім оқуға алаң.
Лепес қып, өзі бастап, «ақын бол» деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған.
Сондықтан, бар мақсатым өлең жазу,
Оқумен бірге іздеп, қоса қазу.
Осы ойыма өткен түн серт берілді,
Менде болмас бұл ойдан өмірде азу —

дейді.

Мұнан кейін, Баянауыл қаласында медресе ашылып, Сұлтанмахмұт 1908—1910 жылдары сондағы бір молланың өз

¹ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 83-бет.

үйінде жатып оқиды. Сабақтан босағанда молла Сұлтанмахмұтқа шай қайнаттырып, отын жардырып, су әкелдіріп, малын күттіріп, малай етіп алады. Оның үстіне, Сұлтанмахмұттың бұл молласының өлең атаулымен жаны қас болады. Ол, өлең жазсаң, теріс батамды берем деп, Сұлтанмахмұтты қорқытып қояды.

Осыдан Сұлтанмахмұт Баяндағы медреседе оқып жүрген кезінде көбінесе тақуа болады. Оның тұла бойы толған тұмар, мойнында дұғалық, аузында зікір, оқығаны намаз болады. Қары болам деп, ол, «құранды» он үш парасына дейін жаттап алады.

1911 жылы Шоқпыттың көрші ауылы Нұрғали деген кісіні молла ұстайды. Бұл Троицкі қаласында оқып келген, жаңаша оқыған кісі екен және қазақ, татар тілінде шығатын газет, журналдарды, әдебиет кітаптарын алдырып оқып тұрады екен.

Сұлтанмахмұт осы Нұрғалидан сабақ алады. Сол арқылы әдебиет кітаптарын, газет, журнал оқиды. Қазақ, татар әдебиетімен танысады. Дүниенің мәнін, заманның жайын аңғара бастайды. Сонан кейін Сұлтанмахмұт бойындағы тұмарлардың бәрін сыпырып отқа жағып, өзін шатастырып, көзін байлап келген моллаларға, ескі оқуға лағнат айтып, өнер-білімге ықылас қояды, өлең, әңгіме жазуға белсене кіріседі.

Бұл кезде Сұлтанмахмұт «Дін», «Сарыбас», «Соқыр сопы», «Оқу», «Кезек қашан келеді?» деген және басқа бірсыпыра өлең, «Зарландым» деген ұзақ әңгіме жазады. Оларда жас ақын ескі оқу мен жаңа оқудың айырмасы, оқудың, өнер-білімнің пайдасы туралы, дін, байлық, кедейлік, еңбек туралы сөз етеді.

✓ Нұрғалида бір жыл оқыған соң, 1912 жылы Сұлтанмахмұт шетке кетіп оқуға талаптанады. Оның бар ынта-тілегі үлкен қалаға барып, мол білім беретін мектепке түсіп оқу, білімді кісі болып шығу болады. Ол өзінің бұл талабын, ынтасын осы кезде жазған «Өмірімнің үлесі» деген өлеңінде айқын айтады:

Оллаһи ант етемін алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен,
История, жағрафия фәнді білмей,
Оллаһи тірі болып жүрмеспін мен.
Келгенше осыларды отыз жасқа,
Иншалла бәрін түгел ұғам басқа.
Отыз жасқа жеткенше ұға алмасам,
Жер жұтсын, мәз болмаймын ішер асқа.
Сенемін, еңбек қылсам, бақыт жақын,
(Келер жаз атақты алам деген «ақын»)
Жүректің қазынасы ағытылса,
Пайдасын көрер әлі-ақ, ертең халқым.

Тұрмыстың оғы шыбындай,
Көзінен туар көңлімде — ай.

Бір мағана ой, күш түртіп,
Баққа ұмтылып тұр маңдай.
Үміттің көзі жарқырап,
Бұлағы ақты сарқырап,
Бұл бәйгіде Махмұттың
Азбаны келер арқырап!

— дейді.

II

Сонымен, Сұлтанмахмұт 1912 жылы ноябрь айында, оқу іздеп, Троицкі қаласына барады. Ақын бір хатында өзінің осы Троицкіге қалай барғанын, оқуға қалай түскенін былай баяндайды:

«...Мен өзім Семей облысына қараған Баянауыл маңындағы Ақбеттау облысындағы бір фақыр адамның баласы едім. Ғылым іздеуге арманым болса да дәрменім болмай жүрген жайым бар еді. Быйыл өзіміздің болыстың бас адамдары... мені ескеріп, 90 теңге жинап беріп, Троицкіге жөнелтті. Биылша мұнда әзірлетіп, келешек жылы «Ғалияда» оқытуға уәде берді.

...Мен Троицкіге 25-ноябрьде келіп, басқа медреселерде оқу ертерек басталғандықтан жаңарақ тәртіпке салынып ашылған ахун Рахманқұлиның медресесіне кірдім...»²

Троицкіге барып, оқуға түскен кезде Сұлтанмахмұт: іздегенім табылды, енді дегеніме жетем: халқыма жұлдыз емес, ай емес, күн болам деген ойға келеді. Бұл ойын «Шәкірт ойы» деген өлеңінде былай баяндайды:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кіремін.

Еңбек, бейнет тарауы,
Рахатқа сарқылар;
Қыздырып күннің қарауы,
Надандық теңізі тартылар.
Орны отайып, көгерер,
Қызығын жайлап, ел көрер.
Тұрмыс, тағдыр бірі де,
Бұл мақсаттан бұра алмас,
Қаһарман Рүстем, Әлі де
Бұрам деп, жолда тұра алмас.
Сыланған жардың күлкісі,
Алдандырмас бірі де.³

¹ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 63-бет.

² «Айқап», № 14, 314-бет, декабрь, 1912 жыл.

³ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 73-бет.

Ол өлеңді көп жазады. Оның «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Қандай?», «Зарлау» сияқты бірсыпыра көлемді, әйгілі өлеңдері осы кезде жазылған.

Бірақ Сұлтанмахмұт бұл медреседе көп оқи алмайды, тек бір ғана қыс болады. Өйткені көз ауру болып, медреседен шығып қалады. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, осы кезде оған тағы жөтел пайда болады, өкпесін дерт шалғаны байқалады.

Көзі жазылған соң Сұлтанмахмұт Троицкі маңындағы бір ауылға бала оқытуға барады. Бұл елде жүргенде Сұлтанмахмұт көбінесе, мектептен бос кезінде кітап оқумен әуестенеді. Тек бірді-екілі өлең және «Ауырмай есімнен жаңылдым» деген әңгіме жазады.

Күз Сұлтанмахмұт Троицкі қаласына қайтады. Сондағы «Айқап» журналының редакциясына хатшы болып орналасады. Бұл жөнінде ол өзінің «Достыма хат»¹ деген өлеңінде: «Бөлініп ақылым алты, ойым онға... Редакцияның қызметін алдың қолға» — деп жазады. Сонымен, Сұлтанмахмұт 1913—1914 жылдың қысында «Айқап» редакциясында істейді.

Ақылы өсіп, ой-өрісі кеңейген, әр өнерге бой ұрып, оның қайсысына болсын жетем деп сенген Сұлтанмахмұт:

...Тәуекелге бел бусак,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбейтін жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін аламыз² —

дейді.

Сөйтіп, ақынның шабыты келіп, өлеңді, әңгімені, мақаланы көп жазған кезі — осы «Айқап» редакциясында қызмет істеп жүрген кезі. Ол «Қамар сұлу» деген романын, «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең және айтушылары», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» деген мақалаларын, көптеген өлеңдерін осы кезде жазады. Бұлардан басқа ол «Тентектің жинаған шоқпары», «Тамшы» деген кітаптар жазып, баспаға береді; бірақ, ол кітаптары жоғалып кеткен.

Сұлтанмахмұт 1914 жылдың көктемінде «Айқап» редакциясынан шығады. Бір хатында ол өзінің «Айқап» редакциясынан шығуының себебін былай түсіндіреді:

«Мен өз пікірімді дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамадым... Сондықтан келісе алмадым...». Сонда ол кіммен келісе алмады: журналдың редакторы Мұхаметжан Сералинмен келісе алмады ма? Әлде сол кезде «Айқап» журналына мақала жазып жүрген қазақтың буржуазияшыл ұлтшылдарымен келісе алмады ма? Бұл арасы әлі анық емес.

¹ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 38-бет.

² С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 25-бет.

Бірақ, Сұлтанмахмұттың өз аулындағы кезінде (1907—1913 жылдары) жазған өлеңдерінен Троицкіде жүргенде (1913—1914 жылдары) жазған өлеңдерінің тақырыбы, саяси бағыты біраз өзге: алғашқы дәуірдегі өлеңдерінде ақын дінді, қожа, моллаларды, бай-билерді батыл сынайды; еңбекші бұқара мүддесін, таптық көзқарасты ашық, баса айтады. Ал, кейінгі дәуірдегі өлеңдерінде ол бірлік, елдік мәселесін көбірек қозғайды, жалпы ұлттық, жалпы мұсылмандық жайды баса айтады.

Бұл Сұлтанмахмұттың «Айқап» журналында басылған «Түсімде» (Таңдамалы шығармалары, 38-бет), «Бұлар кім?» (38-бет), «Кеше түнгі түс, бүгінгі іс» (44-бет) деген өлеңдерінен ашық аңғарылады. Демек, «Айқап» журналында қызмет істеп жүрген кезде ақын шығармаларында бір жаңа үн, жат, теріс үн пайда болады.

Біз бұл үнді Сұлтанмахмұтқа, өз еркінен тыс, журнал маңындағы біреулер айтқызды ма, ақын олармен осы жөнінде келісе алмады ма деп те ойлаймыз. Себебі Сұлтанмахмұттың мұнан кейінгі дәуірде (1914—1916 жылдары) жазған шығармаларында ол үн жоқ. Бұған, еңалдымен, оның әйгілі «Бір адамға» (1914) деген өлеңі мен «Кім жазықты?» (1915) деген романы толық дәлел бола алады.

«Айқап» редакциясынан шыққан соң Сұлтанмахмұт өз алдына «Заман» деген газет шығармақшы болады. Осы ретте ол кейбір журналистермен, атбекеттермен араласады, біраз уақыт өзге жолға түседі. Бұл жағдайды оның өзі бір хатында былай суреттейді:

✓ «Енді Махмұт жігітшілік базарына түсіп кетті. Онда да саудасы жақсы жүріп, арғы шетіне барып тоқырады. Тағы Махмұт ақ жағалы, тыртыма өмірге де қызықты. Құдайдың берген бір түрлі таланты бұған да араласты. Жамандық дегенде компаньон тұрмысында да болды. Ресторан, клуб, тағы кім... хулиган тұрмысына дейін барды. Жақсылық дегенде интеллигент, журналист, билік, жұртты аузына қаратушылық, әкімдер, юристер тұрмысына дейін болды. Жақсылық, жамандық өміріне түгел араласқанда Махмұт неден кемдік көрді? Неден бармағын тістеді? Неден жүзі қызарды? Егерде оқыған болса, сол араласқан өмірінің бәрін қолында ойнататынын сезді...» — дейді.

Бірақ, Сұлтанмахмұт бұл жолдан қайтады. Қайтқанда қолынан келмегендіктен қайтпай, ел-жұртына қызмет ету — борышы екенін, бұл жөнде өзіне өзі «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болам» деп, ант бергенін ойлап, қайтады.

— деп, жырлап, бұған мейлінше қуанып, енді бұғау, теңсіздік, қанау, мұқтаждық жойылады; барлық халық бостандық, теңдік алады; езілген, еңбекші халықтың тұрмысы оңдалады, көзі ашылады деп ол әбден сенді. Осылайша ол буржуазияшыл-ұлтшылдардың әлгі даурықпа ұранына біраз еліктеді; буржуазияшыл-ұлтшылдық жолға түсті.

Семейге келісімен Сұлтанмахмұт алашордашылардың жұмыстарына араласады. Қазақ комитетінің хатшысы болып істейді, алашорданың ұранын жазады; алашорданы, оның басшыларын дәріптеп бірнеше өлең, мақала жазады; алашордашылар шығарып тұрған «Абай» журналы редакторларының бірі болады, «Сары арқа» газетіне қатынасады.

Сұлтанмахмұттың осы кездегі буржуазияшыл-ұлтшыл жолға түскенін айтқанда кейбіреулер оны алашорданың аса көрнекті, аса белсенді басшыларының қатарына көтереді; оны қазақ халқына, большевиктерге, Совет өкіметіне қарсы белсенді, қару-құралды күрес жүргізген кісі сияқты етіп бағалайды:

«... С. Торайғыров алашорданың қазақ халқына қарсы, большевизмге қарсы пасық, нағыз жауыздық күресінде үлкен қызмет атқарды»¹ — дейді.

Бұл хате. Дұрысында Сұлтанмахмұт алашорданың көрнекті басшысы түгіл қатардағы мүшесі де болған жоқ, алашорданың басшылық, ұйымдастыру жұмыстарына қатынасқан жоқ. Ауру себепті бір жыл (1917 жылдың марты мен 1918 жылдың марты арасында) ішінде екі рет емделуге кетіп (бір рет Томскіге барып, екінші рет Абай аулына барып емделді), ол тіпті әлгі қазақ комитеті мен газет, журнал жұмыстарына да белсеніп араласа алған жоқ.

Сұлтанмахмұт алашорданы, оның басшыларын тек ой-пікір, көзқарас жөнінде ғана, идеялық жақтан ғана қуаттады, ұлтшыл, алашордашыл бағытта бірнеше шығарма жазды. Ал, осы алашорданы, оның басшыларын, идеясын қуаттап жүрген кездің өзінде де Сұлтанмахмұт большевиктерге, Совет өкіметіне қарсы бір шығарма жазған жоқ, бір ауыз сөз айтқан жоқ.

Айта берсең, Сұлтанмахмұт бұл кезде ой-пікір, көзқарас, идея жағынан алашордашылармен үнемі бірауыз болып, сүттей ұйып жүрген жоқ: ол ұлтшыл, алашордашылдықтан толқып, ауытқып жүрді.

Бұған Сұлтанмахмұттың Қөлбай Төгесевпен, тағы басқа бірнеше кісілермен бірге «... алаш партиясынан бөлініп, өз алдына «Үш жүз» деген социалистік партия құруы»². Земство

¹ «Әдебиет және искусство», № 7, 1951 жыл, 77-бет.

² «Сары арқа», № 26, 1917 жыл.

сайлауында оның мүшелігіне Сұлтанмахмұттың алашорда тізімінде ұсынылмай, «Үш жүз» тізімінде ұсынылуы¹ және осы іс-әрекеттері үшін бұларды (Көлбей, Сұлтанмахмұт, тағы басқаларды) алашорданың тілі «Сары арқа» газетінің «Қазақтан шыққан арамзалар», «Үш жүздің қулары», «Демагоктер»² деп балағаттауы айқын дәлел бола алады.

Сұлтанмахмұттың Төгесевпен бірігіп, «Үш жүз» партиясын құруын біз зор революцияшыл әрекет яки большевиктер жағына шығу, Совет идеясына келу деп бағаламаймыз. Тек оның алашордамен үнемі сүттей ұйып жүрмегенін сыйпаттайтын факты ғана деп білеміз. Өйткені «Үш жүз» өзін алаш партиясынан басқа партия, социалистер эсерлер партиясы деп жариялады; кейбір мәселелер жөнінде алашқа, оның басшыларына наразы болып, қарсы шығып жүрді. Ал, алдына қойған негізгі мақсаттары, программасы жағынан оның алаштан айырмасы болмады. Алаш сияқты «Үш жүз» де большевиктерді, Совет өкіметін қолдамады, Қолчак өкіметін қолдады; ұлт автономиясын мақсат етті.

Сұлтанмахмұт бұл жылдары алашорданың ұранын жазып, басшыларын дәріптеп өлең шығарса да, олардың кейбір іс-қылықтарына наразы болып жүрді. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов мынаны еске түсіреді:

«... 1917 жылы, февраль революциясынан кейін, Семейде алашордашылардың бір үлкен жиналысы болды. Жиналыс ақырында түрлі мәселе жөнінде секциялар құрылды. Біз Сұлтанмахмұт бастаған біраз жастар, оқу-ағарту, әйел теңдігі мәселесін қарайтын секцияға ендік.

Секцияның жиналысы жаңа басталған кезде үйге, Семейдің үлкен ұлама-ишандарын ертіп, қаланың сәудагер байлары кіріп келді. Жиналыс бастығы: бұл не? Сіздерге не керек дегенде, оларды бастап келген бір бай: әйел мәселесі қаралады дегенге келдік. Бұл мәселе шарифат жолымен шешілуге тиісті деп, мына ишандарымызды ертіп келдік — деді.

Жиналыс бастығы соған тоқырап, көнгендей болып еді, Сұлтанмахмұт орнынан ұшып тұрып: жоқ, бұларды жиналысқа қатыстыруға болмайды. Бұған дейін қазақ тарихында ең зиянды элемент болып келген осылар. Жыйналысқа бұлар қатысатын болса, біз жастар қатынаспаймыз деді. Сонан кейін моллалар тайып жөнелді. Жиналыс басшылары Сұлтанмахмұттың бұл қылығын жақтырмай қалды».

1918 жылдың алғашқы айларынан бастап алашорда әскері Қолчак әскерімен қосылып, әр жерде Қызыл әскерге, Совет

¹ «Қазақ», № 252, 26 ноябрь, 1917 жыл.

² «Қазақ», № 259, 12 январь, 1918 жыл.

өкіметіне қарсы ұрыстар ашады¹. Біздің қолымызда осы кезде Сұлтанмахмұт алашордашыларға, олардың Қызыл әскерді, большевиктерді қыруына қарсы болып, өлең жазды деген мәлімет бар. Бірақ өлеңінің өзі әлі табылған жоқ.

Сонымен, Сұлтанмахмұт февраль революциясын езілген, еңбекші халықты бостандық, теңдік береді деп түсінді, алашорданың ұранына елігіп, идеясын қуаттады. Бірақ февраль революциясының нәтижесі, алашорданың іс-әрекеттері Сұлтанмахмұт ойлағандай болмады.

Алдымен, империалистік буржуазияның уақытша үкіметі патша үкіметінің мейлі қай жөндегі болсын ұстаған жолын, жүргізген саясатын өзгертуді ойламады.

Революцияны өз қолымен жасаған жұмысшылар мен шаруалардың ауыр, аянышты халі, бұратана ұлттардың халі бұрынғы қалпында қалды. Құлдық, қанау, теңсіздік, зорлық жойылмады. Еңбекші халықтың бостандық, теңдік деген талабына үкімет құлақ аспады, соққы берді.

Мұның үстіне, уақытша үкімет патша үкіметі бастаған империалистік соғысты соза берді. Соғысты созып, өзіне жаңа жер, жаңа ел бағындырып, соларды олжаламақ, езбек болды.

Уақытша үкімет Россия бұрынғыша «біртұтас», «бірауызды» болу керек деді. Ұлт өлкелерінің, бұратана елдердің, олардың алашорда сияқты «жалпыұлттық» ұйым-үкіметтерінің автономия сұрауы, Россиядан бөліну талабы уақытша үкіметтің саясатына қайшы келді. Сондықтан ол «бөлінушілік» талаптың қандайына болсын жол бермеді, қатты соққы беріп отырды.

Онан соң, алашорданың, оның бастықтарының жалпы қазақ қамы деп жүргені қазақтың бек-феодалдарының, бай-болыстарының қамы екені, өз алдына қазақ мемлекетін құрамыз дегені үкімет билігін қазақ буржуазиясының қолына беру екені, сайып келгенде қазақ бұқарасына олардан жарық күн, бостандық, теңдік жоқ екені айқындалды.

Тіпті алашорданың автономия сұрауының өзі бос сөз болып, халықты алдау, адастыру болып шықты. Өйткені, іс жүзінде олар империалистік буржуазияның—уақытша үкіметтің, патшашыл ақтардың — Колчактың, тағы басқа сол сияқтылардың баурына барып кірді. 1918 жылы совет өкіметі советтік автономия құру жөнінде ұсыныс жасағанда, мұны қолдамай, олар жергілікті советтермен бірігу орнына Колчак үкіметімен бірікті; сөйтіп, бостандық, теңдік сұраған, өзбетімен бостандық, теңдік алмақ болған, жергілікті жерлерде, орталықтағы сияқты, советтік тәртіп құрған жұмысшылар

¹ ЦГАОР Қаз. ССР, ф. 544, 0—1а, Д. 4а, Д. 12.

мен шаруаларға қарсы күресті; Совет үкіметіне қарсы соғысты.

Міне, бұл айтылған жағдайлар Сұлтанмахмұттың бұрынғы демократ-ағартушы ой-қиялын, революция жөніндегі бұрынғы үміт, сенімін жойды. Ақын өзінің адасқанын айқын түсінді. Шынында Сұлтанмахмұт өзінің қателескенін мұнан бұрынырақ сезе бастаған еді. Ол 1917 жылдың ақырында жазған «Жас жүрек» деген өлеңінде-ақ өзінің осы адасу салдарынан сұлық, құр сұлде болып жүргенін аңғартқан еді:

Жас жүрек қайда сенің ыстық қаның? *а-и-и*
Тап мұндай мұздауынның айтшы мәнін.
Тәтті үміттің хиялы сәуле беріп,
Ұйықтатпайтын толқынның жойдың бәрін.
Қызған темір жатқандай көкіректе
Симайтын мезгіл қайда қанға жаның?
Нанғыштық, құлай сенген, тәтті үміттен
Бұл күнде, айтшы, неге бет бұрғаның?
Жиреніп көргің келмей өзінді-өзің?..
Жас жүрек айтты сонда: сөзіме нан,
Сол себептен ішімде жылы емес қан:
Шындық, достық таппадым сандал қағып,
Өмір бойы алдандым тапқанымнан.
Бұл күнге адасудан көз ашпадым,
Не нәрсені көздесем тап баспадым.
Дүниеден басқа рахат тілемеймін,
Кеш, арым, мен білместің адасқаның! —

деп еді.

Осыдан Сұлтанмахмұт бұл кезде рухани күйреуге, рухани драмаға ұшырады; біраз уақыт дүние, тұрмыстан түңіліп, торығуға, үмітсіздікке түсті. Бұл оның осы кезде жазған бір қатар өлеңдерінен, әсіресе, «Әкелші!», «Соғыстың кесірі» деген өлеңдерінен айқын көрінеді.

Осы торығу үстінде Сұлтанмахмұт социализм жайын тексереді. Социализм жайында, соғыс, революция жайында көп нәрселер оқыған көрінеді. Утопист социалистердің (Жан-Жак Руссоның, Шарль Фурьенің, тағы басқалардың), К. Маркстің, Ф. Энгельстің, Г. В. Плехановтың, Н. Г. Чернышевскийдің, В. И. Лениннің шығармаларын оқыған сияқты.

Бұл Сұлтанмахмұтқа зор әсер етеді: білімін тереңдетіп, көзқарасын кеңейтеді; көп ой салады, күш береді. Бұл кезде ол «Социализм» деген мақала, «Осы да әділдік пе?», «Неге жасаймын?» деген өлеңдер жазады. Ақын бұл шығармаларында дүниеге, заманға үміттеніп қарайды; оның алдағы мақсат елесі, жарқын болашақ күтетіні анық байқалады; прогресшілдік, бұқарашылдық ой-пікірі тіпті басым жатады.

Оның үстіне, бұл кезде елде Ұлы Октябрь социалистік революциясы жасалып, Совет өкіметі орнағанына бір — екі жыл болып қалған еді.

«Октябрь революциясы помещик пен буржуазия үкіметін құлатты, оның орнына жұмысшы-шаруа үкіметін орнатты; жерді помещиктер мен кулактардан тартып алып, деревняның еңбекші бұқарасына берді; завод, фабрикаларды тартып алып, жұмысшылардың қарамағына берді; империализммен ала жіп кесісіп, талан-тараж үшін жүргізіліп жатқан соғысты тоқтатты; құпия келісімдерді жариялап, патша өкіметі мен уақытша үкіметтің басқаның жерін тартып алу жөніндегі арам ойын әшкереледі; ақырында, езілген халықтар еңбекші бұқарасының өз алдына ерікті ел болуына право берді...»¹

Шет-шалғай өлке, облыстардың бірінен соң бірінде Қызыл Армия жеңіп, Совет үкіметі орнатылып жатты, Совет үкіметі мен Коммунистік партияның лениндік ұлт саясаты арқасында кешегі отар, бұратана, ерік тимеген ұлттар бірі артынан бірі советтік автономия алып, өзін өзі басқара бастады.

Бұл зор тарихи істер Сұлтанмахмұттың көңіліне медеу, жанына азық болды, рухын көтерді. Оған үміт, сенім, күш берді. Ақын рухани аурудан айықты. Тән ауруынан айықпаса да, осы рухани дерттен айықты.

V

Қанша емдетсе де, қызметті көп істеу, торығу салдарынан Сұлтанмахмұттың ертеде, Троицкіде жүргенде пайда болған ауруы күшейе түседі. Осыдан ол 1918 жылдың жазында, ауруымды емдегем деп, өз еліне, Баянауылға кетеді. Ақынның бұл кетуі алашордадан да кету болып шығады.

Өйткені онан әрі Сұлтанмахмұт алашорданың жұмысына араласпайды, бұрынғыдай алашорданы, оның басшыларын дәріптеп шығарма да жазбайды. Ол 1917 жылғы ноябрьдің ортасынан бастап «Сарыарқа» газетіне жазуды тоқтатады. Оның «Социализм» деген мақаласы «Абай» журналының 1918 жылғы март айындағы номерінде басылған. Содан кейін онда да ақынның еш қандай шығармасы жарық көрмеген.

Сұлтанмахмұт өз елінде бірнеше ай тынығып, емделіп жатады. Осы кезде ол тағы да көптеген кітаптар оқиды. Әсіресе, саяси-элеуметтік, философиялық мәселелер жөніндегі кітаптарды, орыс классиктерінің шығармаларын көп оқиды.

Сонымен бірге, Сұлтанмахмұт осы емделіп жатқан кезінде бірсыпыра өлең, поэма жазады. Сұлтанмахмұт ол өлең, поэмаларының әрі күрделі, әрі әйгілілері «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары болады.

✓ 1919 жылдың бас кезінен бастап, Сұлтанмахмұт өз елінде

¹ И. В. Сталин, Шығармалары, 4-том, 159—160-беттер.

Шідерті болысының үшінші аулында мұғалім болып істейді. Осы жылы Сібірде, Семей, Павлодар, Баянауыл жағында Қолчак үкіметі орнап, сол үстемдік жүргізіп тұрған кезде Сұлтанмахмұт елеусіз, жай мұғалім болып жүре береді.

Бұл жылы Сұлтанмахмұт «Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?» деген өлендер жазады. Бұл өлендерінде ақынның заман жайын, революция мәнін біркелкі дұрыс аңғара бастағаны байқалады. Мысалы, «Өң бе, түс пе?» деген өлең былай келеді:

Зор толқын Ресейді қаптағаны,
Ескі өкімет тәртібін гаптағаны.
Патша, төре, байлар мен обырларға
Бар екен тұрмыстың да сақтағаны.

Ем болмай, қарулы күш жақтағаны,
Қылыш қайрап, зеңбірек оқтағаны,
Жұлын тұта, жан жері берік қолда
Жене алмас құр қимылдап төрт тағаны.

Кей жерде жын мен шайтан от жағады,
Ақырғы тұяқ серпу топтанады.
Бұзылмас әділ төре ел өкімі,
Ғасырлық жауын жеңіп, соттағаны.

Бұл толқын ел тілегі көпке бірдей,
Кейбіреу теріс ойда оны білмей,
Түнге тартып, халықты адастырат
Алдында жол тұрса да шыққан күндей.

Аз елді екі түрлі топқа бөліп,
Білгішсіп тұрғандай-ақ бәрін көріп,
Таз кебінің үстінен тастатпаса,
Не пайда халық үшін соңына еріп?

Кімде кім бостандыққа болса жерік,
«Бүкіл халық үшін» деп іздесе ерік.
Көп қойды қасқыр бақпай, несі бақса,
Тізгінін бермейтұғын кім бар сеніп?

Әзірге бет алыста олай емес,
Ой көзі бар ақ жүрек «солай» демес.
Әкесі өлсе, мұрасы балаға деп,
Екі жікке бөлінген қандай егес?

Әкесі дегеніміз патша болар.
Бай мен төре патшаға шын бала болар.
Әке менен балада айырма жоқ
Көпшілік езілген ел не сағынар?

Сағынар шын теңдікті халық еркін,
Ол үшін орындар ел барлық сертін.
Қанаушының біржола көзін жойып,
Жалшы, кедей жайнандар емін-еркін.

Шын топан тасып еді солар үшін,
Кектенген миллионның жинап күшін,
Жұмыскерлер жасаған революция
«Байлар үшін» дейсің бе, айтшы кісім?

Дауыл жұмбақ ұғынбау болып жатыр.
Ұқса да ұқпағандар толып жатыр.
Көрейін де өлейін деген жемқор
Кезінде аласапыраң орып жатыр.

Бұл өзі өң бе, түс пе, қандай сурет?
Анықтап білу оны көпке міндет.
Ресейден паразиттер арылғанда
Қазақты басып жатқан қандай індет?

Тегінде бұлай емес, басқа болар
Өлгенде емес, тіріде басқа сұрар.
Екі жақ, қос ауызды елдің жұты
Бұрын шөлмек болса да, енді сынар.

Ал, «Ғайса кім?», «Дауылдағы әбігер» деген өлеңдеріне қарағанда Сұлтанмахмұт буржуазиялық революциядан, уақытша үкіметтен, алашордадан жерігені, оларды мансұқ етіп, Ленин идеясын, социалистік революцияны, совет өкіметін жақтағаны көрінеді.

1919 жылы декабрь айында Қолчак үкіметі құлап, Сібірде, Павлодар, Баянауыл жағында Совет өкіметі орнайды. Осы кезде Сұлтанмахмұт мұғалімдікті тастап, Павлодар қаласына барады. Сондағы уездік революциялық комитеттің бастығы Г. Жигаревқа жолығады.

Жигарев Сұлтанмахмұтты Шідерті болысына революциялық комитеттің бастығы етіп жібереді. Оған ел ішінде Совет өкіметінің жолын, саясатын түсіндіруді, сайлау жүргізуді тапсырады.

Шідертіді болыстық революциялық комитеттің бастығы болып екі-үш ай істегеннен кейін Сұлтанмахмұттың ежелгі ауруы мендейді; төсек тартып жатып қалады. 1920 жылдың алғашқы айларында, ауру кезінде ол «Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысы)» деген поэма бастайды. Бірақ онысы бітпей қалады.

Дала ақыны буржуазияшыл-ұлтшыл алашордашылардың пікір, көзқарастарын, автономия алу, өз алдына мемлекет болу жөніндегі сөздері мен істерін баяндайды; қазақтың ертедегі, феодалдық тұрмысын, салтын, қалпын дәріптеп келіп:

Өз сүйген қалыбымда қалмақ үшін,
Өз жолыммен ілгері бармақ үшін,
Елді, жерді бір майлы жем қылмауға
Қалаңның салған жауыз қармағы үшін,
Еркімді, ерлігімді жұттырмасқа

Алашка автономия алмақ үшін,
Азаматым аямас орны келсе,
Жан қиып, сарп ұруға қуат-күшін —

дейді.

Қала ақыны дала ақынын, оның пікір-көзқарастарын, іс-әрекеттерін тегіс сынайды. Мысалы, дала ақынының әлгі келтірілген сөзін сынап келіп:

Лайық ел болуға ісің бар ма?
Намыс, ғылым, ынтымақ, күшің бар ма?
Пушқасы, пулеметі, улы газы
Қолында даяр тұрған кісің бар ма?
Бар күшті жалғыз күнде жинап тұрған
Шырмалған темір жолмен ішің бар ма?
Қызығып, көз алартып қараушыға
От шашып, найза ұсынған түсің бар ма?

Сенде бұлардың бір де бірі жоқ. Сондықтан сен өз алдыңа, бөлек ел болып тұра алмайсың дегенді айтады. Бірақ, поэма бітпей қалғандықтан, оның кімге қосыл деп, қалай істе деп кеңес беретіні ашылмай, анық болмай қалады.

Оның үстіне, қала ақынының дала ақынын сынауы тиянақты емес. Дала ақынына қарсы пікір айта келіп: ол кейде өзі де қателеседі. Мысалы, ол қазақтың ертедегі тұрмысын, салтын, қалпын сынағанымен, өзі соған іш тартып отырады.

«Айтыс» поэмасында Сұлтанмахмұттың буржуазияшыл-ұлтшыл алашордашылардан кеткенімен, олардың көзқарастарын, программасын сынағанымен ақынның буржуазиялық-ұлтшылдық хатеден әлі әбден арылып болмағаны айқын аңғарылады.

Сұлтанмахмұт 1920 жылы, 21 май күні, асқына түскен өкпе ауруынан қайтыс болды.

IV

Сұлтанмахмұт 27 жасында, тіпті жастай қайтыс болды. Жапырағын кең жайып, гүлін аша алмай, қыршын кетті. Сұлтанмахмұттың бұлай кеткеніне оның өз сөзімен:

«Көңілге қайғы у салып,
Көзден жасты парлатқан,
Жүрекке қара, дақ салып,
Жанды ашытып, зарлатқан,
Уытын күшті ажал-ай!
Дегеніне жеткізбей,
Қанатын ұзын қайырған,
Ойдағысын еткізбей,
Бірді бірден айырған,
Мейрімсіз, шіркін, ажал-ай!

Шын топан тасып еді солар үшін,
Қектенген миллионның жинап күшін,
Жұмыскерлер жасаған революция
«Байлар үшін» дейсің бе, айтшы кісім?

Дауыл жұмбақ ұғынбау болып жатыр.
Ұқса да ұқпағандар толып жатыр.
Көрейін де өлейін деген жемқор
Кезінде аласапыраң орып жатыр.

Бұл өзі өң бе, түс пе, қандай сурет?
Анықтап білу оны көпке міндет.
Ресейден паразиттер арылғанда
Қазақты басып жатқан қандай індет?

Тегінде бұлай емес, басқа болар
Өлгенде емес, тіріде басқа сұрар.
Екі жақ, қос ауызды елдің жұты
Бұрын шөлмек болса да, енді сынар.

Ал, «Ғайса кім?», «Дауылдағы әбігер» деген өлендеріне қарағанда Сұлтанмахмұт буржуазиялық революциядан, уақытша үкіметтен, алашордадан жерігені, оларды мансұқ етіп, Ленин идеясын, социалистік революцияны, совет өкіметін жақтағаны көрінеді.

1919 жылы декабрь айында Қолчак үкіметі құлап, Сібірде, Павлодар, Баянауыл жағында Совет өкіметі орнайды. Осы кезде Сұлтанмахмұт мұғалімдікті тастап, Павлодар қаласына барады. Сондағы уездік революциялық комитеттің бастығы Г. Жигаревқа жолығады.

Жигарев Сұлтанмахмұтты Шідерті болысына революциялық комитеттің бастығы етіп жібереді. Оған ел ішінде Совет өкіметінің жолын, саясатын түсіндіруді, сайлау жүргізуді тапсырады.

Шідертіде болыстық революциялық комитеттің бастығы болып екі-үш ай істегеннен кейін Сұлтанмахмұттың ежелгі ауруы меңдейді; төсек тартып жатып қалады. 1920 жылдың алғашқы айларында, ауру кезінде ол «Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысы)» деген поэма бастайды. Бірақ онысы бітпей қалады.

Дала ақыны буржуазияшыл-ұлтшыл алашордашылардың пікір, көзқарастарын, автономия алу, өз алдына мемлекет болу жөніндегі сөздері мен істерін баяндайды; қазақтың ертедегі, феодалдық тұрмысын, салтын, қалпын дәріптеп келіп:

Өз сүйген қалыбымда қалмақ үшін,
Өз жолыммен ілгері бармақ үшін,
Елді, жерді бір майлы жем қылмауға
Қаланның салған жауыз қармағы үшін,
Еркімді, ерлігімді жұттырмасқа

Алашқа автономия алмақ үшін,
Азаматым аямас орны келсе,
Жан қиып, сарп ұруға қуат-күшін —

дейді.

Қала ақыны дала ақынын, оның пікір-көзқарастарын, іс-әрекеттерін тегіс сынайды. Мысалы, дала ақынының әлгі келтірілген сөзін сынап келіп:

Лайық ел болуға ісің бар ма?
Намыс, ғылым, ынтымақ, күшің бар ма?
Пушкасы, пулеметі, улы газы
Қолында даяр тұрған кісің бар ма?
Бар күшті жалғыз күнде жинап тұрған
Шырмалған темір жолмен ішің бар ма?
Қызығып, көз алартып қараушыға
От шашып, найза ұсынған түсің бар ма?

Сенде бұлардың бір де бірі жоқ. Сондықтан сен өз алдына, бөлек ел болып тұра алмайсың дегенді айтады. Бірақ, поэма бітпей қалғандықтан, оның кімге қосыл деп, қалай істе деп кеңес беретіні ашылмай, анық болмай қалады.

Оның үстіне, қала ақынының дала ақынын сынауы тиянақты емес. Дала ақынына қарсы пікір айта келіп: ол кейде өзі де қателеседі. Мысалы, ол қазақтың ертедегі тұрмысын, салтын, қалпын сынағанымен, өзі соған іш тартып отырады.

«Айтыс» поэмасында Сұлтанмахмұттың буржуазияшыл-ұлтшыл алашордашылардан кеткенімен, олардың көзқарастарын, программасын сынағанымен ақынның буржуазиялық-ұлтшылдық хатеден әлі әбден арылып болмағаны айқын аңғарылады.

Сұлтанмахмұт 1920 жылы, 21 май күні, асқына түскен өкпе ауруынан қайтыс болды.

IV

Сұлтанмахмұт 27 жасында, тіпті жастай қайтыс болды. Жапырағын кең жайып, гүлін аша алмай, қыршын кетті. Сұлтанмахмұттың бұлай кеткеніне оның өз сөзімен:

«Көңілге қайғы у салып,
Көзден жасты парлатқан,
Жүрекке қара, дақ салып,
Жанды ашытып, зарлатқан,
Уытың күшті ажал-ай!
Дегеніне жеткізбей,
Қанатын ұзын қайырған,
Ойдағысын еткізбей,
Бірді бірден айырған,
Мейрімсіз, шіркін, ажал-ай!

Көңілін жастың мұқатып,
Қайғыға ойын толтырған,
Тамырына оқ атып,
Қызыл гүлді солдырған,
Түсің суық ажал-ай!
Бақытын жастың ашқызбай,
Қапыда алдың не түсті?
Көңілін жастың басқызбай,
Арманда алдың, не түсті?
Тапқаныңды айтшы, ажал-ай?...»¹

деп, күйінуіміз әбден орынды болады.

Қыршын кетуі үстіне Сұлтанмахмұттың осы қысқа өмірінің бәрі мұқтаждықта, азапта, тартыс-күресте өтті. Өйткені ол жасынан жетім болды: бөгде адамның, өгей ананың қолына қарады, туған ананың мекіренген мейірін көрмеді, жанға азық болатын жақсы сөз естімеді. Ол кедей болды: ішер асқа, киер киімге жарымады, оның шетке кетіп оқуға, мардымды білім беретін мектепке түсіп оқуға қаржысы болмады. Ол ауру болды: жоқшылық пен мұқтаждық, тән азығына да, жан, рух азығына да жарымау, оны тарығуға, ауруға шалдықтырды.

Бірақ Сұлтанмахмұт мұның бірде біріне қажып, мұңаймады.

Тұрмыста үмітім көп жеңем деген,
Женуге жігеріме сенем деген...
Менде жоқ қажу деген, ашу деген,
Тарығып, болымсызға сасу деген —

деп, ол үнемі қажымай-талмай зор үмітпен өнер, бақыт, шындық іздеумен болды.

Сұлтанмахмұттың іздеген шындығы: халықтың дертіне ем табу, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болу», «халықтың мұздаған жүрегін жібіту», көз жасын тию, теңсіздікті, мұқтаждықты жою, сөйтіп, халықты ерікті, мәдениетті, бақытты ету еді. Бұл шындықты ақын совет өкіметінен, совет өкіметі орнаған жерден ғана табатын еді.

Тек Сұлтанмахмұт өзінің бұл жолда істеген еңбегінің жемісін өз көзімен көре алмай кетті. Өйткені Сұлтанмахмұт қазақ халқының Коммунистік партия мен Совет өкіметінің лениндік ұлт саясаты негізінде өз алдына ерікті, басқалармен дәрежесі тең ел болуынан — Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының құрылуынан бұрын өлді.

Сұлтанмахмұт социалистік революция туралы, совет тақырыбына шығармалар жаза алмай кетті. Бұны өлері алдында

¹ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 72-бет.

ақынның өзі де айтты: «Тым болмаса, енді екі жыл тұрмадым. Іштегіні түгел жарыққа шығара алмай барамын» — деді.

Алайда ол өзінің зор таланты арқасында артында өшпейтін із, өлмейтін сөз қалдырды.

Ірі ақын — жазушылар, ақыл-ой иелері сияқты, Сұлтанмахмұт та нәзік сезімді, ұшқыр қиялды адам болды. Осының арқасында ол жас күнінде-ақ өз тұсындағы ауылдың тұрмысын, ауылдағы әрбір әлеуметтік топтың, жіктің ой-ниетін, мінез-құлқын көңіліне мықтап түйді; олардан зор әсер алды.

Сұлтанмахмұт мейлінше зерек, алғыр, мейлінше пайымшыл болды. Осының арқасында ол алты жасында хат таныды; ер жеткен соң орыс тілін, орыс әдебиетін, бірсыпыра пәндерді, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді өздігінен оқып, үйренді; оларды аз уақыттың ішінде жақсы біліп алды.

Сұлтанмахмұт кітапты өте көп оқитын болды; ол көбінесе ғылым иелерінің, ақыл-ой кемеңгерлерінің, философтардың шығармаларын үйренді, оларды әбден пайымдап, сынап оқыды, солардан өзіне көп азық алды; жаратылыс, қоғам құрылысы, тарих, саясат мәселелері туралы өзінше, мәнді, бағалы ой-пікір айтты.

Сұлтанмахмұттың бұл айтылған пікірлері оның «Бір адамға», «Неге жасаймын?», «Осы да әділдік пе?», «Көш», «Қымыз», «Дін», «Оқу», «Өң бе, түс пе?» деген сияқты көптеген өлеңдерін, «Кім жазықты?», «Қамар сұлу» романдарын, «Адақан өмір», «Қедей», «Айтыс» поэмаларын, «Социализм», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақалаларын оқығанда айқын сезіліп отырады.

Сұлтанмахмұт ізденгіш еді. Ол өмір бойы өнер, білім, ұлы идея — шындық іздеумен болды. Ол өзінің өмір сапарын: «Шындықтың аулын іздеп түстім жолға» деп бастайды. Осылай деп, ол алдан үміт күтіп, жаңаны, жақсыны таңдап, заман, тарих ыңғайымен ілгері асып отырды.

Сұлтанмахмұттың бұл мінездері оның оқу іздеп, қазақ даласының ойы-қырын кезуінен, ескі оқудан жаңа оқуға көшуінен; журналистіктен, алуан-алуан теріс жолға түсіп, онан қайтып тағы оқу жолына түсуінен, алашордадан жерініп, совет идеясына бет бұрып, совет жұмысына араласуынан айқын байқалады.

Сұлтанмахмұт ақкөңіл, әркімді өзіндей көретін, біреудің бойындағы мінін, оғаш мінезін, қате, теріс пікірін бетің бар, жүзің бар демей, ашық, тік айтатын, айтқанынан қайтпайтын, бірбеткей, өз намысын ешкімге бермейтін өжет, принципшіл жан болды.

Сұлтанмахмұттың бұл сыйпаттары оның «Айқап» журналының қызметінен шығуынан, 1914 жылы туған еліне қайтқан

кездегі қылығынан сезіледі. Ол өзінің 1914 жылы жазда туған елінде болып, көмек дәметіп, Шорман ауылына барып, өкініп қайтқаны туралы бір хатында былай деп жазады:

«1914 жылы жеті жолдаспен, өзімді «қазақшылық» айналасында көрмек болып, Шорман ауылына бардым... Іздеп барған Садуақас келген жерден мені түссіз, буа сөйледі. Мен, ауыл онікі болған соң және үміт болған соң, қаза жауап қайырмай, ұтқызыңқырап отырдым. Жанаспайтын ауыл екен деп, елдегі жайшылық қалпымды бұзбадым. Бәлкім, онан гөрі илтифатсыз отырдым. Білдім, ол ішінен мінездерімнің жалғызын жаратқан жоқ, бояма қалыпта жылтырады. Жүргенде осы бойынша аттансам қалпе деп ойлар және боямаға алданбағанымызды білдірейін деп:

Шоң — Шорман едік,
Бір-бірімізге қорған едік.
Шоңның, Торайғырдың көк жапырақтары

Бұтағына келіп қонған едік.
Онымызға қарай сіз де: «кім келіп,
Кім кетпеген ауыл едік»

Деп, бауырлығыңды білдірмей,
Арқаңның жауырлығын білдірдің,
Шоң, Шорманға бастамасаң да
Илтифатыңнан тастамағаныңа рахмет.

Қош! деп, қолын ұстап, қоштасып жүре бердім» дейді. Сұлтанмахмұт осы сапар жөнінде былай деп өлең жазады:

«Малға басым имеске,
Рия тонын кимеске,
Кісінің құрметін сүймеске,
Өз ісіме тимеске,

Кісі тіліне ермеске,
«Қазақшылыққа» енбеске,
Аштан өлсем адамға
Намысымды бермеске,

Май тамызса тілінен
Еш адамға сенбеске,
Өз ақылыманан басқаға көнбеске,
Кәміл уәде етілді дедім»

Сонымен, Сұлтанмахмұттың бойындағы өзгеше қасиеттер — нәзік сезімділік, зеректік, түйгіштік, әсер алғыштық, өжеттік, ізденгіштік еді. Бұл қасиеттер ілуде біреудің ғана, ұлы адамдардың, ұлы ақын-жазушылардың ғана бойында болады. Сұлтанмахмұт та ұлы жазушы еді.

СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ- ӘЛЕУМЕТТІК КӨЗҚАРАСТАРЫ

I

Маркстік ғылымның шығуы қоғамдық ой-пікірдің даму тарихында зор революция болды. Ол адам баласының бүкіл озат ойы қозғаған, бірақ шеше алмаған күрделі мәселелерді шешіп берді.

«Марксизм дегеніміз табиғат пен қоғам дамуының заңдары туралы ғылым, езілген және қаналған бұқараның революциясы туралы ғылым, социализмнің барлық елдерде жеңуі туралы ғылым, коммунистік қоғам құрылысы туралы ғылым»¹.

Марксизмнің бірімен бірі тұтасып жатқан үш негізгі саласы бар. Олар маркстік философия, маркстік саяси экономия, ғылыми социализм теориясы. Марксизмнің теориялық фундаменті диалектикалық материализм мен тарихи материализм болып табылады.

Марксизмнің негізін салушылар диалектикалық материализм көмегімен философиялық материализмді жаңартты, бұрынғы метафизикалық, механикалық материализмнің тар негізсіз қағидаларын жоққа шығарды. Сөйтіп, материализмнің жаңа, жоғары түрін — диалектикалық материализмді жасады.

Сондай-ақ, олар философиялық материализмді әрі кеңейтті, әрі тереңдетті. Оның заңдарын адам қоғамын зерттеу, тану ісіне де қолданды. Сөйтіп, тарихи материализмді жасады.

Маркс пен Энгельс ашқан көптеген зор жаңалықтардың бірі — философияның негізгі мәселесін нағыз ғылыми жөнмен әрі айқын, әрі терең етіп анықтауы болды. Олар қандай философияның болсын негізгі мәселесі ақыл-ойдың болмысқа, рухтың табиғатқа қарым-қатынасы туралы мәселе болады — деді.

Осыған сай, марксизм философиядағы толып жатқан, әр түрлі мектептер мен бағыт, ағымдарды негізгі, біріне бірі мүлде қарама-қарсы екі топқа бөледі: кімде кім рух табиғаттан бұрын болған, бәрінің негізі рух десе, ол идеалистер тобына жатады да, кімде кім табиғат рухтан бұрын болған, бәрінің негізі табиғат десе, ол материалистер тобына жатады — дейді. Сонымен ол философиядағы күрестің заңдылығы: идеализм мен материализм арасындағы күрес екенін көрсетті.

Марксизм философияның негізгі мәселесінің — ақыл-ойдың болмысқа, рухтың табиғатқа қарым-қатынасы туралы мәсе-

¹ И. В. Сталин. «Марксизм және тіл білімінің мәселелері», 47—48-беттер.

ленің екінші жағы бар. Ол философтардың табиғатты және оның заңдарын адамның біле алатынын мойындау немесе мойындамауында болып табылады. Идеалистер адам табиғатты және оның заңдарын біле алмайды деп есептейді, ал материалистер, керісінше, адам табиғатты және оның заңдарын біле алады деп біледі. Бұл мәселені марксизм осылай түсіндіреді.

Сөйтіп, марксизм материалистік философияны идеалистік философияның қандай түрінен болсын дәл, айқын айырудың нағыз ғылыми, тұжырымды критериясын жасап берді.

Осы тұрғыдан біз, енді, өз тақырыбымызға — Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қоғамдық-саяси көзқарасына тоқтап өтейік. Сұлтанмахмұт дүниені, табиғатты, болмысты қалай түсінеді: идеалистерше түсіне ме, материалистерше түсіне ме?

Ашық айту керек, Сұлтанмахмұт дүниені, табиғатты, болмысты материалистерше, диалектикалық тұрғыдан түсінеді. Ол «Адаққан өмір» поэмасының бір жерінде дүние, табиғат жөнінде материалистік, диалектикалық айқын ой-пікір, түйю айтады. Мысалы ол:

Законы дүниенің билегенде,
Заман өтіп, әр түрге сүйрегенде,
Жер суып, жердің үсті мұзға айналып,
Күн сөніп, жерге жарық тимегенде,
Мен не түрде жүремін, жауап берші,
Жер тозып, быт-шыт болып күйрегенде?
Не болар топырағы жүрегімнің —
Тірліктегі ұясы тілегімнің.
Не болар бәрін көрген көз топырағым,
Топырағы мнұмның, білегімнің?
Тозған жердің атомы күлдей ұшып,
Жүргенде әлдеқайда барып түсіп,
Жаралатын жаңа жер, жаңа күнде
Жан кірер ме мақлұқ боп, тамақ ішіп?
Әлде болар сондағы балыққа тән.
Шыбынға аяқ, немесе бақаға сан?
Не малға, не бір шөпке дене болып,
Не шаң боп, ұшады ма кіре алмай жан? —

дейді.

Сұлтанмахмұттың айтуынша дүние көптеген, ұшы-қыйыры жоқ атом. Олар әуе, жел, құйын болып ұшып жүреді. Бірқатар атом ескіріп, тозып, күйреп жатады да, бірқатар атом жаңадан туып, пайда болып жатады. Дүние — атомдар үнемі өзгеріп, жаңарып, құбылып, әралуан түрге еніп отырады.

Атомдар құралып, тән пайда болады, яғни тән түрлі атомдардан тұрады. Тән күйресе, атомдар ыдырайды. Тән күйрегенде ыдыраған атомдардың кейбіреулері жаңадан пайда болатын тәннің түрлі мүшесі болады да, кейбіреулері ауада жел болып ұшып жүреді.

Атомдардың әуе, жел, құйын болып ұшып жүруі, бірнеше атомның жиналып, тән болуы, тәннің тозып, күйреуі, атомдардың бастапқы қалпына айналуы, дүниенің осылай құбылып, өзгеріп тұруы — бәрі құдайдың құдіретімен, тағы басқа төтенше күштің қуатымен болмайды, дүниенің өз заңымен, қажеттілік заңы бойынша болып тұрады.

Сұлтанмахмұт әлгі «Адасқан өмір» поэмасының екінші бір жерінде дүние, табиғат, болмыс туралы тағы да осындай материалистік, диалектикалық пікір, қортынды жасайды. Мысалы, ол былай дейді:

Ойласам дүниеде қанша жан бар:
Адам бар, ағаш, шөп бар, мал мен аң бар.
Жанды, жансыз нәрсенің бәрідағы,
Әр себептің жемісі байқасаңдар.
Мал болмақ, маймыл болмақ, адам болмақ,
Қасқыр болмақ, құс болып ұшып, қонбақ —
Сол болғандар болмаған өздігінен,
Болғызған еріксіз бір себеп қолдап.
Адамға бұл себептің көбі мәлім,
Біледі салған сайын мидың әлін.
Себебін біле-біле бір кездерде,
Жаратуға бек мүмкін қолдан бәрін.
Себепті жарата алар адам қолдан
(Жер осы хайуандардан артық болған)
Себепті жарата алу арқасында,
Адамзат еңбегінен егін орған.
Ормаса, өнер, ғылым қайдан шықты,
Бұл күнгі тіршілікте болған қорған.
Себебін білгендіктен бұды көлік
Қылып адам отыр ғой пайда көріп,
Аспанда құстай ұшып, суда жүзіп,
Өмірі бұрынғыдан тапты көрік...

Сұлтанмахмұттың бұл айтқандарынан мынадай жағдайлар, қортындылар аңғарылады:

1) Дүние, табиғат болмыс адамның ой-санасынан тыс, объективті; ол өз бетінше жасалған, солай мәңгі жасай бермек.

2) Дүниенің, табиғаттың құбылысы өзгеріп, жаңарып, ілгері дамып тұруы — бәрі белгілі бір заңды жүйемен, белгілі бір себеппен болып тұрады; соның бәрі бірімен бірі байланысты.

3) Адам дүниенің, табиғаттың сырын, заңын біле алады; дүниеде адам біле алмайтын сыр, заң, себеп жоқ, тек адам әлі біліп жетпеген сырлар, заңдар, себептер ғана бар. Оларды бірте-бірте, мидың күшін салған сайын біледі, біле бермек.

4) Дүниенің, табиғаттың сырын, заңын адамның білуі дәл, ақыйқат. Осы күнгі адам игілігін көріп отырған өнер, ғылым,

техника — бәрі сол адамның табиғат заңдарын дәл білуінің, адам білімінің нәтижесі.

Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір» поэмасының тағы бір-екі жерінде адамның өзі дүниенің, табиғаттың бір бөлегі, дүниеде, табиғатта болатын құбылыс, өзгеріс себептіліктің жемісі; дүниенің, табиғаттың сырларын, заңдарын білумен бірге, дүниені, табиғатты өзгертумен бірге адамның өзі де өзгереді: оның ой-санасы, өзара қарым-қатысы өзгереді, жаңарады, ержетеді, ар азығы молайып, әділеттік орнайды. Адам адал, әділ, бауырмал болады дегенді айтады.

Себеп жемісі: әділдік, адалдықта,
Себеп жемісі: залымдық, арамдықта.
Бұлай болса бек мүмкін адам затты
Әділ қып, үйір қылмау жамандыққа...
«Себепін жаратса да адам адал
Бола қалмайды» деген сөз құлаққа енбес.
Себеп жоқ адам ұлы жаратпайтын,
Және де еш нәрсе жоқ себепке ермес —

дейді.

Дүние, табиғатты осылай материалистік, диалектикалық жөнмен түсінгені сияқты, Сұлтанмахмұт қоғамды да, қоғам өмірін де материалистік, диалектикалық жөнмен түсінуге тырысқан, талаптанған тәрізді. Оны мына жағдайлардан байқауға болады:

Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір» поэмасынан жоғарыда келтірілген екінші үзіндінің мағнасын екінші шығармасы — «Кедей» поэмасының басына эпиграф етіп орысша жазған. Онысы мынау:

Все, то существующее в мире результат известных дейст-
вий условий и среды. Человек может творить эти условия,
что и отличает его от животных. На этом основано все, что
изобретено человеческим умом. Отсюда цель моего произве-
дения — может быть, пожалуй, ясна»¹.

Мұнымен ақын дүние, табиғат жөніндегі көзқарасын, түсінігін қоғам тіршілігіне де қолданбақ болған тәрізді. Адам табиғат сырын, табиғат құбылыстарының себебін білгені сияқты, қоғам тіршілігінің де сырын, өзгеру себебін біле алады, табиғатты өзгерте білгені сияқты, қоғам құрылысын да өзгерте алады демек болған тәрізді.

Бірақ Сұлтанмахмұт осы ой-ниетін — қоғамды, қоғамдық өмірді материалистік жөнмен түсінетінін бұл поэмасында да, басқа шығармаларында да ашып, дәлдеп айта алмаған, терең суреттеп, анық сыйпаттап көрсете алмаған.

Сұлтанмахмұт көп ретте, дүние, табиғат сияқты, қоғам

¹ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 231-бет, 1950 ж.

өмірінің де үнемі өзгеріп, түрленіп, ілгері дамып, бір қалыптан екінші қалыпқа көшіп отыратынын әбден түсінеді, келісті етіп суреттейді. Мысалы, ол «Кім жазықты?» (1915) романының бір жерінде:

Күпшектей айналмалы дәулет пен бақ,
Тұрмыстың кейі қоңыр, кей жағы ақ.
Кейде күліп, кей-кейде қабақ түйіп,
Дүние бір қалыпта тұрмайды нақ —

дейді.

Осы сияқты, Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір» поэмасында адамзат тарихының ұзына бойына есепсіз көп, ұлы өзгеріс, оқиғалардың болғанын, болып жатқанын, болатынын баяндайды. Мысалы, ол былай дейді:

Көп күндер көпті істеді, көпті істемек,
Адамзаттың ақылы күнде үстемек,
Ақылдың өскен сайын айтатыны:
«Жоқ құлдық, жоқ төрелік, жоқ күштемек».
Тағы да көпті істеуге күндер өтпек,
Папа мен ферғауыннан қадыр кетпек.
Өзі үшін тап өзінен басқа құдай
Жоғына әр адамның көзі жетпек.
Кешегі ізін сүйген Николайды
Бүгін бәрі жиылып басқа теппек.
Кеше бәрі түнеген әулиенің
Бүгін кеп, төбесіне дәрет етпек.
Вильгельм кеше айтты деп отқа түссе,
Бүгін оны құлатып, тентіретпек —

Бірақ мұның себебі не? Негізі қайда жатыр? Оны қозғаушы күш қайсы, не, кім? Бұл арасын Сұлтанмахмұт материалистік жөнмен түсіндіре алмайды: ойын дәлдеп, ашып айтпайды.

Бұл үзіндіден, Сұлтанмахмұт қоғамда, қоғам тарихында болған, болатын өзгерістердің бәрі адамның ес-ақылымен, ой-санасымен болады деп түсінетін сияқты. Адамның ақылы күнде үстеледі; үстелген сайын ол қоғамдық құрылыстың жаңа түрін табады; болашақта құлдық, күштеу жоқ қоғамдық құрылысты орнатады деп сенетін тәрізді.

Сондай-ақ, «Адасқан өмірдің» кейбір жеріне қарағанда, Сұлтанмахмұт қоғам тарихында, қоғамда болған, болатын оқиға-өзгерістер хандар мен патшалардың, кеменгерлер мен қолбасшылардың еркі, әрекеті бойынша болады деп ұғатын сияқты аңғарылады.

Мысалы, ол: Шыңғысхан мен Бонапарттың, әр қайсысы өз кезінде сандаған қол құрып, көптеген елдер мен халықтарды жаулап алғанын, үстемдік құрып, әкімдік жүргізгенін, атақ-даңқтары әлемге әйгілі болғанын, осыдан өздерінше бақытқа жеткенін айта келіп:

Мұндай бақыт баянсыз, көшпеске жок,
Бұл істен бақытсыздық есепке жок.
Найзаның күшіменен жанған бақыт
Бір кезде найза үшiнде өшпеске жок —

дейдi.

Сонымен, Сұлтанмахмұт дүниенi, табиғатты материалистiк жөнiмен түсiнедi де, қоғамдық даму тарихын идеалистiк жөнмен түсiнедi; ол мейлi табиғаттың болсын, мейлi қоғам құрылысының, қоғам өмiрiнiң болсын үнемі өзгерiп, iлгерi дамып, бiр түрден, бiр қалыптан екiншi түр, екiншi қалыпқа көшiп отыратынын диалектикалық тұрғыдан ұғады.

Бiрақ, Сұлтанмахмұттың диалектиканы түсiнуi стихиялық түсiну, оның диалектикасы стихиялық диалектика; сондай-ақ Сұлтанмахмұттың дүниенi материалистiк жөнмен түсiнуi Маркске, марксизмге дейiнгi материалистерше түсiну, оның материализмi — Маркске, марксизмге дейiнгi материализм, яғни бұрынғы механикалық, метафизикалық материализм, қоғамдық өмiрдi, тарихты материалистiк жөнмен түсiндiре алмаған материализм.

II

Сұлтанмахмұт Торайғыров Ұлы Октябрь социалистiк революциясынан бұрынғы шығармаларында қазақ халқының артта қалғандығын, қараңғылығын, жалпы саясат, шаруашылық, мәдениет жағынан тiптi кейiн жатқанын көрдi. Оның себебiн қарастырды.

Ақын қазақ халқының бұлай артта қалуына мынадай екi түрлi жағдай себеп болып отыр деп бiлдi: 1) қазақ арасындағы ру-ақсақалдық, бек-феодалдық қоғам қалдығы; 2) патша-өкiметiнiң отаршылдық саясаты деп тапты. Шығармаларында осы жағдайларды қатты сынады.

Анау қырда татар тұр,
Басқалармен қатар тұр,
Мынау ойда қазақ тұр,
Қастарында азап тұр.
Ұйқысы көп, ояуы аз,
Бұл не деген ғажап тұр? —

деп, ақын қазақ халқының өте артта қалғандығын мiнедi; қазақ халқының өз тұсындағы қалпын өлi жанға, ұйықтап жатқан адамға теңедi.

Мұның үстiне, ол дiн, қожа, молла: iзденбе, әуре болма, төз; бұл дүниен болмаса, о дүниен болады. —

Ораза, намазыңды әсте қойма,
Құрбан шал, ақыреттiң қамын ойла.
Пiтiр бер мезгiлiнен қалдырмастан,
Оразаның сауабын, жаным, жойма —

деп халыққа рухани жағынан қысымшы, езуші болған дінді, надан қожа, молданы ажуалады.

Сұлтанмахмұт қазақтың әйел жөніндегі ескі, зиянды ғұрып әдеттерін: әйелді кемсіту, қызды күйеуге жастай беру, зорлап беру, қатын үстіне, шалға беру, әменгерлік сияқты оңбаған, кертартпа әдеттерді сынады. Қазақ әйелдерінің адам қатары болуын: бостандық, теңдік алуын көкседі.

Осы сияқты, Сұлтанмахмұт қазақтың өз тұсындағы би-болыстарын, басшы адамдарын: олар мансапқор, жікқұмар, паракор, даукес, ел қамын ойламайды, өз құлқынын ғана ойлайды; олар, бір жағынан, ру басылық, феодалдық өктемдікті, екінші жағынан, өкімет, заң күшін пайдаланып, қалың бұқараны шексіз езіп, халықтың еңсесін түсіріп отыр,—дейді

Бір үйде жыюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар...»

Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарың:
Оқа, түйме, сылдырмақ, тенге алыпты.

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: «Ондырған-ау баққан халқын».

Соншама құны толық бұлды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы данқын?

Дедім мен: құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып, сепкеніңіз.

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай-ақ.

Отырдым, көрсем жекіп тастай ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба» деп,
Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нахақ көзден жас бар ма деп? —

дейді.

Сұлтанмахмұт әйгілі «Кім жазықты?» романында қазақ арасында осы бектік-феодалдық қоғам қалдығының әркен жайып отырғанын, патша өкіметінің отаршылдық қысымының шектен асып кеткенін суреттейді, осыларға кім жазықты деп сұрау қояды.

Қысқасы, Сұлтанмахмұт Октябрь революциясынан бұрынғы, соның қарсаңындағы қазақ арасындағы бектік-феодалдық қоғам қалдығының, патша өкіметі отаршылдық саясатының батыл сыншысы болды.

Сонымен қатар, Сұлтанмахмұт қазақ халқын ояту, ілгері бастыру жолдарын, халықтың теңдік алу, саясат, шаруашылық, мәдениет жағынан өркендеу, жетілу жолдарын тағы қа-

растырады. Бұл ретте ақынның бірден бір тапқан жолы — бұқараны, жастарды еңбекке, оқуға шақыру, халықты ағарту болды.

Жұртқа мәлім, Сұлтанмахмұт заманында халықты, қазақ жастарын оқуға шақырған, үгіттеген адамдар, ақын-жазушылар көп еді. Бірақ олар халықты, жастарды жалпы оқуға шақырды: көбіне діни оқуға, тілмәштік оқуға үгіттеді.

Сұлтанмахмұттың бір артықшылығы ол тек аты оқу дегенге қарсы болды: діни оқуды, тілмәштік оқуды қатты сынады. «Зарландым» деген фельетон мақаласында: біз қазақ жастары тіпті оқымады демейміз. Олар ептеп оқыды; оқығанда олардың кейбіреуі молла, қожа, ишан болып, елден қайыр, пітір, зекет, ұшыр жинап, неше түрлі өтірік айтып, халықты материалдық жақтан да, рухани жақтан да езу үшін, кейбіреулер тілмәш болып, қазақша-орысша шатып-бұтып пара алу, бұқараны жеу үшін оқыды; қазаққа мұндай оқудың керегі жоқ дегенді айтты.

Сұлтанмахмұт халықты, жастарды дүниетану оқуына, өнер, кәсіп үйренуге, мәдениетке жетілуге, өнерлі, прогресшіл елдерден үлгі алуға, сөйтіп, ілгері өркендеуге, басқалармен теңделуге шақырды. Біз де мәдениетті елдің жастарындай болайық, жабыла ғылым үйренейік, елді алға бастыруға, басқалармен теңелдіруге қызмет етейік дейді, Сұлтанмахмұт «Оқудағы максат не?» деген өлеңінде:

Өнер, білім алуға,
Алға қарай баруға,
Намыстанып, қорланып,
Құқықтан мақрұм қалмауға,
Милләт көзін ашуға,
Терістіктен қашуға,
Заманаға көз салып,
Аяқты жөндеп басуға,
Жақсы үлгі шашуға,
Дария Нилдей тасуға,
Микроб болған наданның,
Пітіжелерін басуға,
Өнер тұқым егуге,
Жарыққа қарай келуге,
Пайда, зиян айырсақ,
Жүре бермей жегуге,
Отанымызды сақтауға,
Ақиқатты жақтауға,
Біз де басты көтерсек,
Қала бермей таптауда,
Рахат өмір жасауға,
Бәліш болмай асауға!

— дейді.

Сұлтанмахмұт 1918 жылы жазған «Социализм» деген мақаласында былай дейді:

«Адамның жаратылғаннан осы минутке шейінгі өмір тәжірибесімен жасалған өнер, ғылым, техника дария болса, солармен тамшыдай таныстығы аз жұрттың бірі біздің қазақ. Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, көбірек, көбірек тұрсын бәріне танысып, жетілген жұрттардың қатарына қосылу керек. Олармен бірге адам баласының жеңіл күн көруіне, тегіс бақытты болуына жол табу керек, іздесіп, ат салысу керек... Қайткенде солардың білімін тез үйреніп, қайткенде сол қатарға тез қосылу қамын қылу керек. Мұны болдырайық десек, оңай және тез болдыра аламыз»¹ — дейді.

Сөйтіп, ол мұның себептерін түсіндіреді.

Бірінші, адам баласы, Европа елдері мыңдаған жылдар еңбек етіп, ізденіп, тырбанып, неше алуан қиыншылықтар көріп, қаталықтар істеп, құрбандықтар беріп тапқан, салып кеткен жол бар; «біз сол піскен астай даярлап беріп кеткен өнер, даярлап қойған жолмен барамыз; олар секілді жол салуға айналып, кешікпейміз; олардың жол салғандағы көрген бейнеттерін көрмейміз; адасып, айналмаймыз»². Дайын өнер, ғылым, техникаға ие боламыз.

Бұл жөнде бізге тарихта Жапония мысал бола алады. «Мұнан 58 жыл бұрын, 1860 жылдары жапондар осы күнгі біздің қазақ жайынан артық емес еді... Жапондар осындай халінен 35—40 жылдарда ер жетіп, Европа халіне кірді... Жапон осы халіне Европаның пісулі астай даяр өнерін алумен жылдам жетті»³.

Екінші, кәзір қазақ халқының ілгері өркендеуіне жағдай туды: революция болды. «Енді қазақтың алдынан адам болам деп ұшып тұра келгенде, желкелеп жығып, орға лақтыратын Николай тұсының чиновниктері жоқ. Оның тегіс, жұмыла іске кірісіп, оқып, үйренуіне бар, даяр өнер, ғылымды, техниканы меңгеріп, игілігіне жаратуына ешқандай бөгет жоқ»⁴.

Осылардан Сұлтанмахмұт мынадай қортынды жасайды: «Адам баласының миллион жылдар даярлаған нәрсесін осы күнгі бір баланың 10—15 жылда біліп алғаны сияқты, Европа жұртының мыңдаған жылдар өткізіп барып жеткеніне қазақ 10—15 жылда жетеді. Европа жұртының осы күні біз сұқтанатын қалпына қазақтың жетуіне мыңдап, жүздеп жылдар керек емес, ондап, жиырмалап, көп болса, отыздап жылдар керек. Европа халқының көп жылда жеткен жеріне біз аз жылда жетеміз»⁵ — дейді.

¹ С. Торайғыров. Таңдамалы шығармалары, 261-бет. 1950 ж.

² Бұл да сонда.

³ Бұл да сонда.

⁴ Бұл да сонда, 161-бет. 1950.

⁵ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 161-бет. 1950.

В. И. Ленин «Біз қай мұрадан бастартамыз?» — деген еңбегінде орыстың ХІХ ғасырдағы ағартушы демократтарының мынадай ерекше қасиеттерін атап көрсетеді: Ағартушы демократтар; «...бірінші, крепостниктік правоға және оның экономикалық, әлеуметтік және заң жүзіндегі барлық туындыларына қарсы, екінші ағарту ісін, өзіндік басқару ісін, бостандықты, тұрмыстың европалық түрлерін және Россияны барлық жағынан да жалпы европаландыруды мейлінше жақтады, үшінші, халық бұқараларының, әсіресе шаруалардың... мүдделерін қорғау крепостниктік правоны және оның қалдықтарын жою жалпы халық тұрмысын жақсартатындығына шынымен сенушілік және оған көмек етуді шынымен тіледі...»¹.

Осы сияқты, Сұлтанмахмұт шығармаларының көпшілігі қазақ халқын ояту, өнер, ғылым, мәдениетке шақыру, бостандық, теңдік алу үшін ұмтылуға үгіттеу болып келеді. Сондықтан Сұлтанмахмұтты қазақтың демократ-ағартушысы деп айту керек.

III

Сұлтанмахмұт көптеген шығармаларында, әсіресе 1917—1920 жылдар арасында жазған «Осы да әділдік пе?» деген өлеңінде, «Кедей», «Адасқан өмір» поэмалары мен «Социализм» деген мақаласында еңбекші халықтың — кедейдің, жұмысшының капитализм тұсындағы қайыршылық тұрмысын, ауыр азабын суреттейді. Елдегі бектік-феодалдық қанауды, қаладағы капиталистік қанауды, капиталистік қоғам құрылысын ғылыми тұрғыдан қарап, келісті суреттеп, әділ сынайды.

Мысалы, «Кедей» атты поэмасының бас кейіпкері — қазақ кедейі өзінің жоқшылық, азап көргенін, ауыл арасында бай, феодал қанауынан, қалалы жерде саудагер, капиталистер қанауынан көз ашпағанын, діннің өтірігіне еріп, рухани жақтан езілгенін айтып зар жылайды. Тек өзі ғана емес, ата-баба, әке-шешесінің де осы күйде өткенін, өзі сияқты көп адамның осы халде жүргенін баяндайды.

«Адасқан өмір» поэмасында ақын капиталистік қоғам құрылысын, капитализмді сынай келіп, капиталистік қоғам негізі — жеке меншік, сенікі, менікі деушілік; бұл адам баласына індет болып тиіп отыр, жеке меншік жойылсын — деп тұжырым жасайды.

Жоғалсын «бұл сенікі, менікілік»,
Осы ғой адамзатты қырған індет...

Осы жеке меншіктің үстемдігі жүріп жатқандықтан біреу бақытқа жетсе, біреу бақытсыздыққа ұшырайды, біреу ба-

¹ В. И. Ленин, Шығармалар, 2-том, 558-бет.

йыса, екінші біреу кедейленеді, біреу езуші болса, екінші біреу езілуші болады. Адал еңбек жанбайды.

Жоқ, байымас бұл күнде адал еңбек,
Біреу байыса, біреулер кедейленбек.
Кімде кім тез байыса, қолына ағып,
Кім кедей болса, соның малы келмек.

Капиталистік қоғамда біреулер арып-ашып, азып-тозып еңбек етеді де, екінші біреулер соның тапқанын тек жатып жейді. Еңбек еткен өмірі ешнәрсеге жарымайды да, қарап жатқанның мал-мүлкі асып-тасып жатады. Еңбек етпегеннің бір күн ұстаған шығынын еңбек еткен он күн істеп әрен табады. Еңбекшінің өмірі азаппен өтеді, еңбексіздің өмірі сайран, сауық, рахатпен өтеді.

Дүнненің дөңгелегі айналады,
Кімі үстінде гуляйттап, жиналады,
Кімі астында езілер саз балшықтай,
Білмеймін түбі неге айналады?
— Үстегіде не хасиет, астағыда
Не жазық,— деп, еріксіз ойланады.
Үстегі сындырмаған шөптің басын,
Сонда да тамағы тоқ, киімі асыл;
Жасаулы, зенттеулі палатада,
Қызметкер даяр қылар керек асын.
Он жыл қызмет бір кедей қылып таппас,
Қондырған біржүзікке асыл тасын.
Бір кедей жылдық тамақ етер еді,
Өндеген бояуына бет пен қасын...

(«Осы да әділдік пе?»).

Өнер-білімнің, жалпы адам баласы мәдениетінің игілігін, қызығын ат төбеліндей байлар ғана көреді. Бүкіл адам баласын бақытты етеді деген өнер, ғылым, техника табысы капитализм тұсында адам баласының көпшілігін бақытсыздыққа дұшар етеді. Өнер, ғылым, техника өскен сайын адамның еңбегін жеңілдетудің, тұрмысын жақсартудың орнына, езушілік күшейіп, соғыс көбейіп барады деп, бұл ойын ақын былай білдіреді:

Бірақ бүгін ғылымның тапқандары
Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі,
Азусыз қасқырларға азу болып,
Қой халін ауырлатты онан әрі.
Бұрын көл болса, енді теңіз болды,
Өнердің арқасында адам қаны.

Әкімет, әкім, төре дегендер, дін, қожа, молла дегендер, бәрі де байдың, езушінің сөзін сөйлеп, сойылын соғады. Күштілердің күшсіздерге істеген зорлық, зомбылығын мақұлдайды, әлсіздерді алдап, арбап, қорқытып, күштеп әлсірете түседі. «Дін», «әділдік», «ар», «адамгершілік» деген сөздер күшсіздерді алдауға қолданылады. Қысқасы, капиталистік қо-

ғамда дүние толған бақытсыздық, дүниеде адамның нахақ көз жасы дария болып ағады.

Бұл адамның надандығынан да, жерден тамақ табылмағандығынан да емес, жеке меншіктің, езушінің — «ет жейтін ауыздың» үстемдік жүргізуінен, әділдіктің жоқтығынан. Жеке меншік құрымай, әділдік орнамай бұл жағдай өзгермейді, түзелмейді — шығармада осындай қорытынды жасалады.

Бұл күнгі бақытсыздық дүние толған,
Нахақ қан, нахақ көз жас дария болған.
Нахақ өмір еркімен ержете алмай,
Жемсіз құмға түскен гүлдей солған.
Ғылым жоқтан дүниені бұлар жайлап,
Отыр ма, адамзаттың соры қайнап?
Жер — Аңада жететін тамақ жоқтан
Отыр ма, адам бірін-бірі шайнап?
Не жерден тамақ тауып алатындай
Ғылым жоқтан отыр ма бакты байлап?
— Жоқ, жерде тамақ та бар жететұғын,
Ғылым да бар алатын оны сайлап.
Жер сараң, адам надан болғандығы:
Тіпті емес бақытсыздыққа тұрған айдап.
А, жоқтығы жақындық — әділдіктің
Адамды сорлы қылған бақсыз айдап.
Ақ ниет, адал ойлар түкке тұрмай,
Барады ешкім оған мойын бұрмай.
Әділдік орнамасқа көзім жетті
Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрмай....

Қорытып айтқанда, Сұлтанмахмұт капиталистік құрылысты сынайды, оны құрту керек дейді. Ал, капитализмді құртудың жолы қайсы? Қалай құртуға болады? Оны құртатын әлеуметтік күш қайсы? Бұл арасын дәлелдеп, ашып айта алмайды. Оны тап тартысы арқылы, күрес арқылы пролетариаттың жасайтынын түсіндіре алмайды. Ақынның үлкен бір кемшілігі осы.

IV

Сұлтанмахмұт капитализмді сынап, мансұқ етіп, әділетті қоғамды дәріптейді. Ол әділдік деп социализмді түсінеді. Бұл, біріншіден, оның сол әділдікті жалпы суреттеуінен айқын ұғынылады да, екіншіден, оның «Социализм» деген мақаласында капиталистік қоғамда әділеттіктің жоқтығын, болмайтынын айта келіп, «әділдік туралы төменде, социализм мәселесіне келгенде жазамыз»¹ деген сөзінен аңғарылады.

Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір» поэмасында әділетті қоғам — социализмнің принциптерін әрі дұрыс, әрі толық айтқан:

¹ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 162-бет.

...Мен ғашықпын көруге әділдікті,
Тегіс қылып, көркейткен өмір түсін.
Ол өмірде бірді бір алдау болмас,
Жағынып, арды ақшаға жалдау болмас,
Ешкімнен достық таппай, қастық көріп,
Бар адамды сайтан деп, қарғау болмас,
Қара күштен жеңіліп, қайғы басып,
Өлгісі кеп, өмірден зарлау болмас,
Адамдығы жан, қуат, тапқыш талант
Гүл шашпай, жеміс бермей қалу болмас.
Әркімнің қандай іске таланты бар,
Өмірін, күшін соған салмау болмас.
Жаратылыстан керегін әрбір адам,
Еңбегімен алуға бармау болмас.
Хәкімнің, құдайшылмын, әскермін деп,
Еңбексіз еңбекшілді жалмау болмас...
Аштан өлу, не байға арзан тұру
Амалсыз бірін соның таңдау болмас.
Не кәрілік, не апат келген күні
Көшеде қайыршы боп сарнау болмас.
Бір тілім нан алуға байды мақтап,
Жалынып тұс-тұсынан аңдау болмас.
Дене азыққа тоюдан жан ержетер,
Өмірді бұл күнгідей аңдау болмас.
Жан ер жетіп, дүниенің сырын табар,
«Өмірде мақсат жоқ» деп, зарлау болмас.
Таудай үміт хәм талап орындалар,
Еш еңбек бұл күнгідей жанбау болмас.
Жұмысқа кем көзбенен қарау болмас,
Жұмыс қылу қорлық деп санау болмас.
Жұмысшылық құлға хас, біз мырза деп,
Еңбекшінің еккенін талау болмас.
Мен аз деймін көруге осы өмірді,
Келіндер бақ іздеуші, болсаң жолдас —

деген.

Бұл арада, Сұлтанмахмұт социализм принциптерін ғана дұрыс, түгел суреттеп қоймай, сонымен бірге, қоғам мүшелерінің жұмыс істеуі, қоғам табысын бөлу жөнінде коммунизм принципін де біліп: әділетті қоғамда жұмысты әркім өз әліпше істейді, жұмыстың жемісінен, табыстан әркім керегінше алады деп отыр.

Сұлтанмахмұт осы әділетті қоғам — социализмнің орнауы жақын тұр; ертең-ақ адам біткен әділдікке — социализмге бас иіп келеді — дейді.

Ал, осы әділдік қоғамы, социализмді орнатудың жолы қайсы? Не арқылы, қалай орнатуға болады? Мұны Сұлтанмахмұт теориялық жөнмен ашып айта алмайды, яғни социализмнің пролетариат диктатурасының құрылуы арқылы орнатылатынын сөз ете алмайды. Бұл Сұлтанмахмұттың тағы бір үлкен кемшілігі.

Сонымен, Сұлтанмахмұт капитализмді құрту керек дейді.

Бірақ оны құртудың жолын — социалистік революцияның қажеттігін айта алмайды. Сұлтанмахмұт социализмнің принциптерін дұрыс түсініп, толық суреттейді, социализм орнайды дейді. Бірақ оның пролетариат диктатурасы арқылы орнайтынын, пролетариат диктатурасының қажеттігін айта алмайды.

Сұлтанмахмұт капитализмді батыл сынау, социализм жөнінде хиялдану дәрежесінде қалды. Бұл жағынан Сұлтанмахмұт утопист-социалистерге ұқсайды.

Ілгеріректе Сұлтанмахмұттың өнер, ғылым, техника туралы мына айтқанын:

Бірақ бүгін ғылымның тапқандары
Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі,
Азусыз қасқырларға азу болып,
Қой халін ауырлатты онан әрі.
Бұрын көл болса, енді теңіз болды,
Өнердің арқасында адам қаны —

дегенін кейбір жолдастар іліп алып, сонан Сұлтанмахмұт Толстойдың кейбір пікіріне іштартты; Сұлтанмахмұт Францияның атақты ағартушысы Руссоны аса сүйген, соның идеясын өзіне жақын тұтқан. Сондықтан ол цивилизацияның өсуін халыққа келген «індет» деп қарайды деген қортынды шығарды.

Бұл айтылған қортынды Сұлтанмахмұтқа көріне жала. Өйткені Сұлтанмахмұт Толстойшыл, Руссошыл болған жоқ, олардай аты цивилизацияға: аты мәдениетке, өнер, ғылым, техникаға қарсы шыққан жоқ. Қайта ол адам баласы үшін, әсіресе қазақ халқы үшін мәдениеттің, өнер-ғылымның, техниканың зор маңызы бар екенін, тіпті қажет екенін жақсы түсінді, үнемі соларды мейлінше дәріптеді; қазақ халқын соларды үйренуге, меңгеруге, мәдениетті елдер қатарына қосылуға шақырды. Бұл жөнінде жоғарыда айтылды. Тағы бір мысал. Ол «Адасқан өмір» поэмасының бір жерінде былай дейді.

Сыр тапсам дүниеден ашылмаған,
Әлі адамға білініп, шашылмаған,
Тапқан сырым көркейтсе адам өмірін,
Алғыс айтып, кім имес басын маған?
Зерттесе де адамға білмейтін ғып,
Дүние ешбір сырын жасырмаған.
Дауа тапсам: дене ауру көрмес болса,
Қартайып, тозбай, адам өлмес болса,
Қиынды оңай қылар жолын тапсам,
Жұмыстан адам бейнет көрмес болса.
Керегін «Жер ана» дан оңай алып,
«Ертең қайтем» деп, көңілін бөлмес болса.
Күн бұрын келтірмейтін жолын тапсам,

Шаруаны түрлі апаттар жеңбес болса,
Мәселен, мал қыратын түрлі аурудан
Себеп тапсам, еш зиян келмес болса,
Суық, ыстық, сусыздық құрбанына,
Ешқандай жан иесін бермес болса.
Ашылмаған сыр тауып менің де атым
Эдиссон, Луи Пастерға теңдес болса —

дейді.

Сұлтанмахмұт сол поэмасының бір жерінде: адамзат, өнер, ғылым тауып, буды көлік етіп, аспанда құстай ұшып, суда балықтай жүзіп, телеграф, телефон ойлап шығарып, алыстан жылдам хабар алатын болып отыр. Дегенмен ол әлі надан, ертең аман боларына көзі жетпейді, қартаймаудың, өлмеудің амалын білмейді.

Білемін әлі күнге адам надан:
Көзі жетпес болуға ертең аман,
Қартаймай жанның көбі көрге кірер,
Надандық білінбей ме осы арадан —

дейді.

Адам өнерді, техниканы, ғылымды барған сайын өркендете беру керек. Ол адамның күн көруін жеңілдетеді, адамды бақытты етеді дегенді айтады.

Сұлтанмахмұт өнер-ғылымға, техникаға, мәдениетке қарсы емес, өнер, ғылымның, техниканың, мәдениет жемістерінің капитализм тұсында әділетсіз пайдаланылуына, адам баласы көпшілігін қанауды күшейтуге, адам баласын қыруға, сөйтіп оны бақытсыз етуге жұмсалыуына қарсы.

Сұлтанмахмұт былай дейді: «...Европадағы ілімді мен екі жікке айырып ұғамын: бірі дене азығы, екіншісі ар азығы. Дене азығы дегеніміз осы күнгі адам баласының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар ілімі. Мысалы, паракход, отарба, телеграф, телефон, аэроплан, электр, бу қуатымен жүретін түрлі машина, тағы тағылар.

Ар азығы дегеніміз әділдік. Осы соңғы ар азығы табылмай, басқа дене азығы өнерлерінің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауырламаса, жеңілдемейді; бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды.

Ар азығының ержетпегенінен Европадағы адам баласының күн көрісін жеңілдетеді, оны бақытты қылады деген өнердің бәрі адам баласының бірінің етін бірі жеуіне, бірінің қанын бірі ұрттауына жұмсалып жатыр...

Жан-Жак Руссо Толстой секілді данышпандардың «мәдениетті жер жұтса, е, демеймін» деп, мәдениеттен көңілдері қарайған, себебі осы неғұрлым дене азығы, өнер өскен сайын адам баласының бақытсыздығы өскендіктен».¹

¹ Сұлтанмахмұт, Таңдамалы шығармалар, 262—265-беттер.

Ар азығы өскен, әділдік орнаған жерде ғылымды, техниканы, мәдениет табысын бұлай адамды езуге, қыруға, бақытсыз етуге жұмсау болмайды, бәрі де бүкіл адамның игілігіне, бақытты тірлік етуіне жұмсалады — дейді ақын.

VI

Сұлтанмахмұт Торайғыров көптеген шығармаларында дін, діни сенім, түсінік, ғұрып-әдет жөнінде, қожа, молла, тағы басқа дін басшылары, олардың іс-әрекеттері жөнінде сөз қозғап, пікір айтады. Солардың бәрін материалистік тұрғыдан шенеп, мінейді, түк-тамтығын қалдырмай әшкерелейді.

Оқушыға мәлім, дін, құран, қожа, молла, діндарлар күдіреті күшті құдай бар; дүниені, табиғатты, адамды, жан-жануарды — бәрін жаратқан сол құдай; дүниедегі құбылыстың бәрі құдайдың әмірімен болып тұрады; табиғат сырын бір құдайдан басқа ешкім білмейді, білем десе, онысы асылық болады — дейді.

Сұлтанмахмұт осы діни көзқарасты әшкерелейді. Ол дүние құдайдың күдіретінсіз, еш қандай төтенше күштің қуатынсыз өз бетінше жасалған; дүние объективті, дүниенің құбылысы, ондағы жан-жануар — бәрі белгілі заңдылықпен, белгілі бір себеппен болып тұрады; адам табиғаттың заңын біле алады, бірте-бірте біле береді деп түсінеді.

Ислам діні, құран, қожа, молла, діндарлар бұл дүние, о дүние бар, жұмақ, дозақ бар; адамның тәні, жаны бар, тән өледі, жан өлмейді; жан о дүниеде қайтадан өмір сүреді, егер адам бұл дүниеде діншіл болса, дін фарыздарын орындаса, қайырымды істер істесе, оның жаны о дүниеде жұмаққа барады, хұр қыздарын сүйеді; ал егер адам бұл дүниеде дін жолын ұстамаса, дін фарыздарын орындамаса, оның жаны о дүниеде дозаққа барады — дейді.

Сұлтанмахмұт осының бәрін сандырақ, өтірік, халықты алдау, әдейі қорқыту деп біледі. Мысалы, ол 1910 жылғы «Дін» деген өлеңінде былай дейді:

Дін деген өтірікке нану деген,

Көңілге өңбес хиял алу деген.

Қыямет күн ғарасат майданына,

Өлген адам тіріліп бару деген.

Хұр қызын жиырма бестен алу деген,

Мәңгілік, өлмей-жітпей қалу деген.

Өлмейтін, қартаймайтын жайға апарып,

Пендесін басқа күнге салу деген.

Дозақта күнәлілер жану деген,

Кәпірді зор азапқа салу деген.

Мұсылманнан басқаның бәрі иттей боп,
Өшпес от, бітпес бейнетте қалу деген.
Бұл молланың өтірігіне сену деген,
Жетегіне соқырдың еру деген.
Алдамшының алдаған сөзіне еріп,
Қолда барын сыпырып беру деген.
Өлген адам тіріліп келу деген
Қартаймай, өлмей тірі жүру деген.
Жақындық жоқ, ұйқы мен тамағы жоқ
Мәңгілік, ұзақ өмір сүру деген.
Ұжмаққа қазақ ғана кіру деген,
Ол сырды қожа, молла білу деген.
Ежелгі надандықтың кесірі ғой,
Ғылымға бой ұсынбай іру деген.
Миға кірмес өтірік сөз емес пе,
Мұның бәрі бос мылжың ұру деген.

Ислам діні бұл дүниеде ораза ұстамаған, намаз оқымаған, ұшыр, зекет бермеген, құрбан шалмаған, қысқасы дін фарыздарын орындамаған адам имансыз болады; имансыз адам, о дүниеде азап көреді; оларды мұңкір-нәңкір қыспаққа салып-сұрайды, күрзімен сабайды, олар қылкөпірден өте алмайды — дейді.

Сұлтанмахмұт ислам дінінің осы өтірік ертегісін әшкерелейді, сықақ етеді. Ол 1909 жылғы бір өлеңін мынадай мысалмен жазады: бір адам жер бетінде көп жасапты; діннің, құранның, қожа, молдалардың айтқандарын орындамапты; оның үстіне өзі ұры болады; ақырында ол өледі; өлгенде діннің айтуы бойынша мұңкір-нәңкір келіп сұрайды, азаптайды деп ойлап, соларды күтіп жатады. Ешкім келмейді. Ол:

Қайда жүр періштесі сұрайтұғын,
Кешікті-ау, бұлар қайда деп, жапырмай?

дейді. Осыдан кейін ақын:

Сонымен әлде неше жылдар өтті,
Тән шіріп, топырақ боп, тозып бітті —

деп қорытады.

Ислам діні, шариғат әйелді кемсітеді: әйелді құдай еркектің қабырғасынан жаратқан, сондықтан ол қисық болып өрбіген, еркектен кем; әйелді ұрған, соққан, қорлаған адам құдай мен періште алдында жауапты емес — дейді.

Сұлтанмахмұт «Қисық қабырға» (1911) деген өлеңінде ислам дінінің, шариғаттың осы өтірігін айта келіп:

Мишқаттың шарифаты, сөзі қалай,
Өрескел көп сөздерді айтқан талай.
Хадис сөзі дегенін былай қойып,
Ойға салсаң, шындығы екі талай —

деп діннің, шарифаттың әділетсіздігін әшкерелейді.

Сондай-ақ Сұлтанмахмұт ислам дінінің кедейді, жалшы-малшыны байға қарсы шықпа, арамдық ойлама, адал қызмет ет, құдай байға бұл дүниесін берсе, саған о дүниені берген: сен о дүниеде жұмаққа барасын деген оғазын сықақ етеді, діннің таптық, екі жүзділік сырын ашады. «Кедей» поэмасының кейіпкері: молла айтқандай жұмақ бар болса, ол ақылы екен, оған ат, ас берген, ақы төлеген адам ғана бара алады екен; олай болса, кедей, бишара бармай, бай барады екен дегенді айтады кедей.

Дін үстем таптың сөзін сөйлеп, сойылын соғады; байдың кедейді езу құралы, «рухани қысымшы — духовный угнетатель» — деп біледі Сұлтанмахмұт.

Сұлтанмахмұт қожа-молланың, ишан-хазіреттердің дін жолын оғаздаған болып, ауру-сырқауды үшкірген, емдеген, өлгенге құран оқыған болып, халықтың мал-мүлкін алдап алатынын, халық үстіндегі масыл, халықты езуші екенін сыпаттап былай дейді:

Сұрайтыны ат, айғыр, қошқар, бұқа,
Түк білмей-ақ, күбірлеп, оқыр дұға.
«Емдеймін» — деп, өлтірген ауруларды,
Елдегі үлкен кесір Шұбар қожа.
Баласызға дұғамен бала бермек,
Қараңғы елді алдап қылған ермек.
«Ұжмақ», «дозақ» дегені рас болса,
Дозаққа ең алдымен қожа кірмек.
Қара қойдың өкпесі кімді жазар,
Қожаның айласы ғой тамақ табар.
Алдауыш, ел бүлдіргіш құрыса сұмдар,
Қараңғы ел арамзадан тыным табар.

Сұлтанмахмұт қожа, моллалар және басқа дін басшылары дін жолын оғаздайды, ал өздері сол жолмен жүрмейді, дін, шарифат қағидаларын орындамайды; бәрінің істегені арамдық, бұзықтық, жұртты алдау дейді.

Мүләйім, құдай деген сопы жан боп,
Момындарды алдаумен жемтік шоқу,
Фарыздың не екенін өзі білмес,
Өзі айтқан жолыменен өзі жүрмес...

Сұлтанмахмұт діннің, діни сенім-түсініктер мен ғұрып — әдеттердің шығуы халықтың қараңғылығынан, надандығынан деп біледі. Осыдан ол халықты оқыту, ағарту, мәдениетке жеткізу мәселесін көп қозғайды.

Бірақ Сұлтанмахмұт діннің таптық сыйпатын, оның үстем таптың идеологиясы екенін, бұқараны қанау құралы екенін жете аңғармайды. Көбінесе оны қожа-молда, ишан-хазірет сияқты дін басшыларының өз ойынан шығарғаны, өтірігі, күн көру кәсібі деп біледі.

Қорытып айтқанда Сұлтанмахмұт діннің, діни сенім-түсініктер мен ғұрып-әдеттердің қашан, қалай жойылатынын ғылыми, материалистік тұрғыдан айта алмайды. Яғни олардың капитализмнің құлауымен, өзі айтқан, әділетті қоғам орнап, халықтың, адамның тұрмыс жайының түзелуімен, мәдениетінің, социалистік санасының өсуімен жойылатынын ашып бере алмайды.

Мұның бәрінің себебі — Сұлтанмахмұттың қоғамды, қоғам тарихын материалистік жөнмен түсіне алмауы; қоғам тарихы жөнінде идеалистік көзқараста қалып қоюы. Сондықтан Сұлтанмахмұттың атеизмі Маркске, марксизмге дейінгі атеизмнің көп түрінің бірі; көбінесе орыстың ұлы демократ-революцияшылдарының атеизміне ұқсайды.

VII

Сұлтанмахмұт Торайғыров әдебиет, қазақ әдебиеті жөнінде де пікір айтты, ол жөніндегі өзінің көзқарасын ақын 1913 жылы жазған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында», «Өлең мен айтушылары» деген мақалаларында көрсетті.

Сұлтанмахмұттың бұл еңбектеріндегі пікірін жинақтап, дәлдеп айтсақ, ол әдебиет: 1) реалистік болсын, нағыз өмірді, халық, қоғам өмірі шындығын жазсын, 2) халықтың, қоғам мүшесінің жарасын, дертін-мінін, кем-кетігін, жайсыз мінез-қылығын, ескі ғұрып-әдетін сынап, мінесін, емдесін, түзесін; 3) халыққа, қоғамға, адамға ақыл үйретіп, кеңес берсін, жол сілтесін, емші, тәрбиеші, жетекші болсын дегенді айтады.

Сөйтіп, Сұлтанмахмұт әдебиеттің мәнін, қызметін орыстың ұлы орыс халқы классик ақындары мен революцияшыл-демократтары түсінгендей түсінеді; оның эстетикалық көзқарасы солардың эстетикалық көзқарастарына ұқсайды.

Сонымен, Сұлтанмахмұт Торайғыров дүниені материалистік жөнмен түсінді де, қоғамды идеалистік жөнмен түсінді; ол дүниедегі, қоғамдағы диалектикалық дамуды түсінді; бірақ, Сұлтанмахмұттың материализмі, диалектиканы түсінуі Маркске, марксизмге дейінгі материалистердің түсінуі сияқты, стихиялық түрде түсіну болды.

Сұлтанмахмұт капитализмді өлтіре сынайды, жою керек дейді. Бірақ оны жоятын қоғамдық күшті көрмейді, социалистік революцияның қажеттігін айта алмайды.

Сұлтанмахмұт социализмді арман етеді, социализм принциптерін толық, дұрыс суреттейді. Бірақ оның қалай, не арқылы орнайтынын білмейді, яғни оны социалистік революция нәтижесінде құрылған пролетариат диктатурасы орнатынын айта алмайды.

Сұлтанмахмұт дінді, діни көзқарастар мен ғұрып-әдеттерді, жожа моллаларды әшкерелейді, сынайды, солар құрыса екен деп тілейді. Бірақ ол діннің таптық қасиетін, үстем таптың идеологиясы екенін түсінбейді; діннің шығу, жойылу жолдарын халықтың, адамның материалдық тұрмысынан, шаруашылық жайынан іздемей, ой-санасынан іздейді.

Екінші сөзбен айтқанда, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дүние, қоғам тануында, саяси-әлеуметтік көзқарастарында бірсыпыра түсінбеушіліктері, қайшылықтары бар. Сұлтанмахмұттың бұл қайшылықтарының себебі оның қоғамның даму тарихын түсінуде идеалистік көзқараста қалып қоюы.

Сол кездегі қазақ қоғамының саяси, шаруашылық жөнінен болсын, мәдени-ғылыми жөнінен болсын артта қалғандығы, өзінің мардымды оқуға түсіп, байсалды білім ала алмауы салдарынан Сұлтанмахмұт қоғам тарихын түсінуде материалистік көзқарасқа көтеріле алмады; дүниені материалистік жөнмен түсінгеніндей қоғамның даму заңын материалистік жөнмен түсіне алмады.

Алайда, Сұлтанмахмұттың дүние, қоғам және олардың өзгерістері жайында философиялық пікірлер айтуы; капитализм, социализм жайында, қазақ халқының ілгері дамуы, еңбек, техника, әдебиет жайында жаңа, прогресшіл тұжырым жасауы оның өз заманындағы түрлі ғылым табыстарымен азды-көпті таныс болғанын, марксизм классиктерінің кейбір шығармаларын оқығанын, өзінің қазақ замандастарының көбінен озық, прогресшіл, бұқарашыл болғанын айқын сыйпаттайды.

СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

I

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын, ақынның өзі тірісінде жинақ, жеке кітап болып басылған жоқ. Тек газет, журналдарда ғана басылып жүрді. Оларды жинап, бастыру, халыққа тарату, ұғындыру совет өкіметі тұсында ғана жүзеге асты.

1922 жылы, Қазанда ақынның «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысы)» деген поэмалары «Адасқан өмір» деп аталып, бөлек кітап болып шықты; 1933 жылы Қызылорда — Алматыда Сұлтанмахмұт шығармаларының жинағы басылып шықты; 1942 жылы, Алматыда оның «Кедей» поэмасы, 1944 жылы, Алматыда «Адасқан өмір» поэмасы жеке-жеке кітап болып басылды; 1950 жылы, Алматыда Сұлтанмахмұттың таңдамалы шығармалары жарыққа шықты.

Сұлтанмахмұттың осы жинақтарындағы шығармаларын жазылған жылдарына қарай жіктеп, түгелдесек, оның 1916 жылы жазған шығармалары жоқ болып шығады. Әлде Сұлтанмахмұт бұл жылы еш нәрсе жазбады ма? Әлде, жазса да олары жоғалып кетті ме? Белгісіз.

Қазақтың сол кездегі белгілі ұлтшыл оқығандары халықтың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін қостамады. Мүмкін, солар сияқты Сұлтанмахмұт та осы көтерілісті қолдамай ештеңе жазбаған болар дер едік. Бірақ, М. Әуезовтің жоғарыда келтірілген естеліктері бар. Сұлтанмахмұттың 1916 жылы халық жағында болғаны, көтерілісті қостағаны аян.

Ендеше, Сұлтанмахмұттың бұл жылы ешнәрсе жазбауы мүмкін емес. Ондай өжет, қызу қанды жазушының ұлт-азаттық көтерілісі сияқты оқиғаға құлақ аспай қалуы, тіпті бір жыл бойы бірде-бір шығарма жазбауы ышанымсыз нәрсе. Тегі оның бұл жылы жазған шығармалары жоғалған болуға тиіс.

Сондай-ақ Сұлтанмахмұттың өз өмірінің екінші кезеңінде (1912—1914 жылдар), ақырғы кезеңінде (1918—1920 жылдары) жазған шығармалары да түгел деуге болмайды. Мысалы, ақынның өзі бірді-екілі хатында: 1913—1914 жылдары баспаға бердім дейтін «Тентектің жиған шоқпары», «Тамшы» деген шығармалары жоқ; жинағында басылып жүрген «Кім жазықты?», «Социализм» деген шығармаларының біраз жері түгел емес.

Онан соң, көрген-білгендердің айтуына қарағанда, Сұлтанмахмұттың үнемі жазып жүрген күнделік дәптері болған, әркіммен жазысқан хаттарының жиыны болған. Бірақ олары әлі табылған жоқ.

Сұлтанмахмұттың 1950 жылы басылған таңдамалы шығармаларының бірсыпырасы экспедициямен ел арасынан жиналған еді. Әлде де осылай іздестіріп көрсе, ақынның бірталай шығармалары, хаттары табылатын сияқты.

Біз соңғы бір-екі жылдың өзінде жеке кісілерден, ескі газет, журналдардан оның екі-үш өлеңін, төрт-бес хат, хабарын таптық. Сондықтан Сұлтанмахмұттың шығармалары,

оның өмірі, ісі жөніндегі материалдар, хабар-мәліметтер іздестіріліп, жинала беруге тиісті.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1950 жылы шыққан «Таңдамалы шығармалары» оның он екі жыл ішінде жазған еңбектері. Сол жылдар ішінде ол не бәрі, ірілі-уақты 119 нәрсе жазған. Ақынның бұл шығармаларын жанрға бөлсек, оның 107 өлең, 3 поэма, 2 роман, 7 әңгіме, очерк, мақала. Бұл Сұлтанмахмұттың әралуан жанрда жазарлық қабілеті бар ақын-жазушы болғанын дәлелдейді.

Енді біз бұл бөлімде, әуелі, Сұлтанмахмұт шығармаларының кейбір жалпы қасиеттеріне тоқталып, сонан кейін, ақын шығармаларының әр жанрын (лирикасын, поэмаларын, романдарын, публицистикаларын) жеке-жеке талдап өтпекпіз.

II

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының бірімен бірі тұтасып жатқан екі түрлі негізгі қасиеті бар. Ол ақын еңбектерінің реалистігі мен халықтығы. Жазушының таңдаған тақырыптары түгелдей қазақ халқының өмірі, оның Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы, революция жылдарындағы қоғамдық тіршілігінің, ғұрып-әдеті мен мінез-қылығының әрі нағыз шындығы, әрі әділ сыны, халықтың тілек-арманы.

Рас, Сұлтанмахмұт революциядан бұрынғы бірсыпыра өлең, жырларында қамығып, қайғырады. Оның кейбір өлеңдері қайғы, шер тақырыбына жазылған. Мысалы, «Түсімде көрген бір аянышты хал», «Зарлау», «Жазғы қайғы», «Мұңдылардың жолыққаны», «Нешелер көз жас төгілді», «Қайғы» «Мейрімсіз ажал» деген өлеңдері бастан-аяқ, зар, мұң, уайым, өкініш, налу болып келеді. Ақын бұлардың бірінде жеке адамның басына түскен қайғы-хасіретті, мұң, шерді айтып қайғырса, екіншісінде жалпы халықтың, еңбекші бұқараның басындағы ауыртпалықты, аяныш халды айтып зарлайды.

Сұлтанмахмұт тек бұл тақырыпқа жазған өлең, жырларында ғана емес, басқа да бірқатар өлең, поэмаларында халық басындағы күйінішті, жалшы-малшының жоқшылығын, аяныш халін, қайғы-шерді, мұң-зарды көп сөз қылады. Дүниені, өмірді, жаншылған, азап шеккен, кекті, шерлі адамдардың көзімен көріп, біледі. «Жапырақтар», «Туған еліме», «Жүрегім тулап шабасың», «Алтыаяқ», «Шал алған қызға» деген өлеңдері уайым, қынжылу тақырыптары. Мысалы, ақын «Жапырақтар» деген өлеңінде:

Азапқа тұрмыс салғандай,
Есі-дерті талғандай.
Көгерет дейтін үміт жоқ,
Құрт түсіп, қатып қалғандай.
Дірілдеп жерге қарап тұр,
Жалғаннан көзі талғандай

десе, «Туған еліме» деген өлеңінде:

Үміт қып менен қарайсың,
Көңіліңе медеу санайсың.
Балалыққа жарасам
Аталыққа жарайсың,
Қайтейін елім, қимаймын,
Қия алмай жанды қинаймын,
Қимай қалсам ішінде
Тағы тынып синаймын.—

дейді.

Бірақ Сұлтанмахмұттың бұл дәуірдегі шығармаларындағы қайғысы — әлсіз, күшсіз қайғы емес, тұрмыстан түңілу емес. Қайта, болашақтан зор үміт күткен, жігерлі, күшті қайғы, жарқын болашақ қайғысы, соны аңсау.

Ақын, бір жағынан, өз заманынан жериді; оның кем-кетігін, кертартпа, ескілік, теңсіздік, зорлық-зомбылық сияқты дертін — бәрін сынайды, жерден алып, жерден салып сөгеді, мазақ етеді, оларға кектенеді. Мұны ол кейде ишаралап, аллегория, басня түрінде, кейде ашықтан-ашық мысқыл, сықақ түрінде айтады. Сол үшін де Сұлтанмахмұттың революциядан бұрынғы шығармаларында өлеңінің басня, аллегория, фельетон түрлері едәуір орын алады.

Ақын, екінші жағынан, зор үміт, жарқын болашақ күтіп, шындықтың ауылын іздеп, сол үшін не бәлені болса да көтерем, қандай қиыншылыққа, азапқа болсын төзем деп, буырқанып, күрес-тартыс тілейді. Мысалы, ол «Тұрмысқа» деген өлеңінде:

Өмірімнің өрлерін
Жазы шықпас қыс қылшы:
Жылы шырай бер десем,
Аждаһадай ысқыршы...
Ден сау болса тұрмыстың
Маған салған құрығын,
Бойлап алып кетермін.
Таудай үйген қайғысын
Ойнап алып кетермін.
Қаңқылдатып қаздарын
Шығарамын жаздарын...—

дейді.

Тек бұл өлеңді ғана емес, ақынның тағы бірқатар өлеңі осылай үміт, күш, жігер көрсету, арпалысуға құлшыну әуенін көрсетеді. Бұл ретте Сұлтанмахмұт Лермонтовтың құдайдан

күні, түні бүлік, дауыл сұрайтын «Жалауы» сияқты суретті көзге елестетеді.

Сұлтанмахмұттың қайғы, шер туралы өлеңдерінің, уайым, налу сарынымен жазылған өлеңдерінің өзінде де ширақ толғану, үміт ету, бақытты болашақты аңсау, соның жолында арпалысу лебі айқын аңғарылып тұрады.

Сұлтанмахмұт өзінің революциядан бұрынғы шығармаларында заманынан жеруі, оны сынап, сықақ етіп жерлеуі жағынан, жарқын болашақ үшін арпалысып, азап шегуге құлшынуы жағынан Лермонтовқа біраз ұқсайды. Сондықтан М. Горькийдің Лермонтов туралы айтқан мына пікірін Сұлтанмахмұт жөнінде де айтуға болады. Горький былай деп жазды:

«Лермонтов Печоринді тонның ішкі бауындай жақын көреді. Өйткені Лермонтовта пессимизм ізі бар еді. Бірақ Лермонтовта болған пессимизм әрекеттік сезім еді, ол пессимизмнен ақынның өз заманын мұқатып, жерлеу, жоққа шығару, күреске құлшыну, күресті аңсау үні, жалғыздығын, әлсіздігін сезіп, іші қайнау үні айқын естіледі»¹.

Мұның өзі прогресшіл, белсенді романтизм еді. Сұлтанмахмұттың революциядан бұрынғы шығармаларында осы прогресшіл романтизм сарыны күшті болды.

Бұл тағы да Сұлтанмахмұт шығармаларының реалистігін, халықтығын айқындай түседі. Сұлтанмахмұт реалист ақын. Оның қайғысы, заманынан жеруі, жарқын болашақ күтуі — бәрі құр хиялдан туған нәрселер емес, нағыз өмірден, қазақ өмірінің шындығынан туған нәрселер еді. Қазақ арасындағы надандықты, жалқаулықты, шаруаға қырсыздықты, теңсіздікті, зұлымдықты, қорытып айтқанда, қазақ бұқарасының сол кездегі ауыр, аяныш халін дәл көріп, терең түюден туған қайғы еді.

Сұлтанмахмұт тек жалпылама реалист емес, сыншыл реалист ақын. Ол қазақ қоғамының таптық-әлеуметтік, мәдени шаруашылық өмірінің егжей-тегжейін, шын бейне-сыйқын, қазақтың тұрмыс-салтын, мінез-құлқын, нақты, дәл, дұрыс көреді. Оның жақсысын, жаңасын қадірлеп, мақтап, жаманын, ескісін сынап көрсетеді.

Сұлтанмахмұт күшті реалист, асқан сыншы. Оның реалистігінің, сыншылдығының күштілігі сол — ақын қазақ қоғамы тіршілігінің болмашы, ұсақ, бірақ мағнасы үлкен жағдайларын да дәл көріп, шебер сықақ етеді. Мысалы, «Айт» деген өлеңінде ақын айт күнгі ауылдың, ауылдағы жас, көрінің, бай, кедейдің қалпын суреттей келіп:

¹ М. Горький. Избранные литературно-критические статьи, 68-бет, ГИХЛ. Москва, 1941.

Жалғыз-ақ дорба астында кедей кәріп,
Аштықтан өні кеткен әбден арып,
Әркімдер тиіп-тебен беріп жатыр
Дегенде: «Құтты болсын айыт шәріп» —

деп көп ішінде қайыршының ауыр халін, жүдеу өңін көреді.

Ақын «Қымыз» деген өлеңінде қымызға жан біткеннің құмарлығын, қымыз десе жұрттың үлкен-кіші демей, би-төре, қойшы-қолаң демей қырымнан жиналатынын, қымыз аузына тисе, лепіріп сөйлейтінін, сөйлегенде қымызы барды қошеметтеп, соның сөзін сөйлейтінін шебер мысқылдайды және соны дәл суреттейді.

Арам тер болма, достым, текке шауып,
Алғанша аузыңды бас қымыз тауып,
Қымыз тап та қырта бер, лапыр, ақыр,
Жерде сөзім қалар деп қылма қауып,—

дейді.

Қымыз байдың тек жұртқа, әсіресе, би, болысқа сөзін сөйлету құралы ғана емес, сонымен бірге жалшы-кедей, жарлы-жақыбай көршілері мен ағайындарына тегін жұмыс істету, соларды астыртын қанау құралы да екенін бұл жерде ол дәл көрсетеді. Кедей туғанына, кедей көршісіне бай: «... Құдық аршы, әне тұр жылқы жеріп» деп бұйырады.

Бармаса, ашуланып, үйіне ұрсар:
Ендігәрі көрші деп қымыз беріп...—

дейді ақын.

Қымыз байлық, баю, үстем болу — би, болыс болу, кедейді қанау құралы деп қорытады ол.

Қазақтың бұрынғы ақындарының қымыз туралы жазбағандары кем де кем дерлік. Солардың ішінде, оқушыға мәлім, ұлы, классик ақынымыз Абай да жазған. Абайдың ол өлеңі

Осы қымыз қазаққа,
Мақтаның ба, асың ба? —

деп басталады.

Қазақ жылқы малын көбіне қымыз үшін асырайды. Қымызды әрі ас, әрі мақтан көреді. Әйтпесе жылқыдан қой көп артық, пайдалы; қой әрі асырауға қолайлы, әрі тиімді.

...Ой көзімен қарасаң,
Қойдан жылқы асыл ма?
...Мақтан қума, керек ку,
Ойсыздарға қосылма!
Қойныңда ақша, қолда қой,
Қүзетке оңай, шошынба —

дейді ақын.

Яғни Абай қымызды халықтың кәсібі, мінезіне байланысты әрі ас, әрі мақтан деп бағалайды.

Ал, Сұлтанмахмұт қымызды өзінше түсініп, өзінше бағалайды. Қымыз ас болуы үстіне, қымызы бар кісілердің жұртқа, билеп-төсеушілерге сөзін сөйлететін, кедейлерге, жарлы-жалшыларға жұмысын тегін істететін, соларды қанайтын құралы деп түсінеді.

Қымызды Абай бір жағынан ғана көріп, бағаласа, Сұлтанмахмұт екінші бір жағынан көріп бағалайды; Абай жалпы халық кәсібі, тіршілігі, жалпы халық мүддесі тұрғысынан бағаласа, Сұлтанмахмұт еңбекші бұқараның хал-жайы, қанаулы тұрғысынан, еңбекші тап мүддесі тұрғысынан бағалайды.

Сұлтанмахмұт қазақ еңбекші бұқарасының басындағы екі бірдей қанауды — бектік-феодалдық, капиталистік-отаршылдық қанауды дәл көреді. Оны екі жақты қанап отырған бір адам екенін, яғни қазақтың байы, феодалы екенін: ол, бір жағынан, өзінің ежелгі ру басылық, ақсақалдық, байлық правосын пайдаланып қанаса, екінші жағынан, патша өкіметінің өкілі: болыс, ауылнай, би ретінде қанап отырғанын тағы да көреді.

Сұлтанмахмұт өз тұсындағы қоғамның, қазақ қауымының тапқа жіктелуін, ондағы таптық қарама-қарсылықты, таптық антагонизмді, шиеленіскен тап тартысын айқын көрді, жете біліп, соның сырын терең ашып, дәл бейнелейді. Ақын шығармаларынан тап тартысының лебі еседі.

С. Торайғыров қазақ әдебиетіне кедей, жалшы тақырыбын алғашқы рет енгізген ақын-жазушылардың бірі. Еңбекші, кедей, жалшы көпшілігінің хал-жайын, ой-сезімін, тілек-арманын, таптық мүддесін жырлады.

Абай қазақтың байы мен кедейінің тұрмысын, мүдделері қарама-қарсы екенін данышпандықпен аңғара келіп: «Екеуін аңдастырған құдайым-ай!» деп ғана қорытқан еді. Сұлтанмахмұт қазақтың таптық санасы оянған: өзінің адамдық қасиетін, әлеуметтік хал-жайын, саяси міндет-мақсатын аңғара бастаған, бостандығы, теңдігі үшін күресуге бел байлаған кедейін көрсетті.

Осы сияқты, Сұлтанмахмұт қазақ арасындағы ескіні де, жаңаны да айқын көрді. Ол қазақтың малға, шалға сатылып, шәриғат, әменгерлік жолын ұстап, ескіліктің, надандықтың құрбаны болып отырған Қамар сияқты әйелдерімен қатар оқу-білімге, бостандық-теңдікке ұмтылған Аппақай сияқты әйелдерінің де бар екенін дәл көреді; қазақтың дала мен қаланың барлық жаман мінез, әдетін ұғып, елге масыл болып жүр-

ген Әжібай, Жүсіп сияқты жастарымен қатар Ахмет, Әнуар, Хасен сияқты оқыған, жаңашыл, үлгілі жастары бар екенін дәл көреді.

Қазақ әдебиетіне оқыған, өнер-ғылым іздеген, халыққа өнерлі, білімді, мәдениетті кісі болып қызмет етуге талпынған жастар тақырыбын тұңғыш енгізуші ақын-жазушылардың да бірі Сұлтанмахмұт болды.

Қазақтың Сұлтанмахмұт жырлаған, бейнелеп көрсеткен, оқыған, талапты жастарынан білімді, әділ, іскер болуды, агроном, дәрігер, өнер тапқыш ғалым болуды тілейді; адам баласының жеңіл күн көруіне, тұрмысы әбден көркейіп, ақыл-ойының, мәдениетінің, жан-тәнінің жетілуіне жол табуды, дүниенің сырын білуді арман етеді.

Сөйтіп, Сұлтанмахмұттың революциядан бұрын жазған шығармаларында қазақ халқы өмірінің шындығы дәл, кең, терең суреттеледі; оларда прогресшіл романтизм мен сыншыл реализм ұштасып жатады. Бұл бұрынды-соңды өткен үлкен, күшті ақын-жазушылардың бәрінде де болатын жақсы қасиет еді.

Сұлтанмахмұт 1917—1918 жылдары жазған бірсыпыра шығармаларында бұл қасиеттен айырылып қалды. Бұл жылдары ол саяси жолы, бағыты жағынан адасты, реакцияшыл, буржуазияшыл ұлтшылдар ықпалында болды. Осы адасуы салдарынан торығуға, рухани күйреуге, үмітсіздікке түсті. Мұның бәрі ақынның ежелгі, ынжық реакцияшыл романтизм сарынына түсуі еді.

Бірақ Сұлтанмахмұт бұл жолдан тез қайтты. Оған елімізде болған Ұлы Октябрь социалистік революциясының зор әсері тиді. Өмірінің ақырғы кезеңінде, 1919—1920 жылдары бірсыпыра шығармаларында ол сыншыл реализммен ұштасып жатқан белсенді, прогресшіл романтизм бағытына қайта түсті.

Ақын бұл кезде қазақ арасындағы әлгі екі бірдей қанау шектен асып, арқасына әбден батып, ашынған, шыдамы таусылған, енді наразылық айтып, ол тәртіпке қарсы күресуге бел байлаған кедейді көрді. Сол арқылы ескі дүниені: құлдық, жауыздық дүниесін сынады, мансұқ етті.

Сонымен бірге ақын қоғам құрылысын, қоғамның әлеумет тіршілігін өзгерту, жақсарту, еңбекші халықтың күн көрісін жеңілдету, жақсарту жөнінде пікір айтты, жақсы, әділ қоғамдық-әлеуметтік құрылыс — теңшілдік болу керек деді. Соның принциптерін суреттеді, ол қоғамдық құрылыс тез орнайды деп әбден сенді.

Осылай Сұлтанмахмұт сын айтумен болашаққа тілек қойды, сыншыл реализм мен прогресшіл романтизмнің биік шы-

нына шықты, бірақ социалистік реализм әдісіне көше алмады. Оған, бір жағынан, ақынның көзқарасындағы, дүние, қоғам тануындағы қайшылықтар бөгет жасады. Екінші жағынан, ақынның жаза бастаған шығармаларын («Социализм», «Айттыс», «Дауылдағы әбігер») бітіре алмай кетуі де өкінерлік жәйт. Осыған байланысты, оның әділетті, социалистік қоғам туралы бірден бірге айқындала түскен ой-мақсатының ақтық тұжырымын айқындау мүмкін болмады.

III

Сұлтанмахмұт сыншыл-лирик ақын. Оның өлең-жырларының басым көпшілігі лирика болып келеді. Ақын өзінің өлеңдерін, өз сөзімен айтқанда, қайнаған қанның, қиналған, жанның, толғантқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы етіп жазады. Яғни, ол өзінің қоғамда, тұрмыс-тіршілікте сезген-түйгенін, аңғарған-тоқығанын, көрген-білгенін, алған әсерін — бәрін өзінің ішкі дүниесі, өзінің ішкі сыры, өзінің қайғысы, шаттығы, өзінің мұң-арманы тұрғысынан жырлайды.

Қазақ халқының Абайдан бұрынғы әдебиетінде поэзияның, соның ішінде лирикалық поэзияның тек бір жанры ғана, саяси лирика ғана болушы еді. Ол түгелдей насихат, үгіт, арнау, мақтау, сықақ ету және келісі, кестесі жоқ сырдан, шешен сөз, тақпақ, мақал, болып келуші еді.

Абай қазақ поэзиясын байытты, оны көп жанрлы етті. Ол, еңалдымен, қазақ поэзиясында бұрыннан бар саяси лирика жанрын дамытты. Оның үстіне, қазақ әдебиетіне лириканың мәдениетті елдер поэзиясында болатын басқа жанрларын тыңнан, тұңғыш рет енгізді: махаббат, табиғат, көңіл күйі лирикасын қосты.

Қазақтың ХХ ғасыр басындағы бір қатар көрнекті ақындары Абайдан үйренді. Абайдың ізі, үлгісімен лириканың барлық жанрында да жазды. Соның бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Сұлтанмахмұт өлеңдерінде саяси лирика да, махаббат лирикасы да, табиғат лирикасы да, көңіл күйі лирикасы да бар.

Сұлтанмахмұттың саяси лирикаға жататын өлеңдерінің көрнектілері — «Оқып жүрген жастарға», «Окудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Зарлау», «Ендігі бет алыс», «Бір адамға», «Шәкірт ойы», «Сары арканың жаңбыры», «Осы да әділдік пе?», «Жас жүрек», «Кезек қашан келеді?», «Өң бе, түс пе?»; махаббат лирикасына жататын өлеңдері — «Альбомнан», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Гүләйім», «Жан қалқам», «Орамалға», «Күншіл ақ кірпік», «Қ...ға сәлем»; табиғат лирикасына жататын өлеңдері — «Гүл», «Жапырақтар», «Кеш»,

«Жазғы қайғы», «Жылы кеш»; көңіл күйі лирикасына жата-тын өлеңдерінің маңыздылары: «Көңілді көндіретін тағдыр», «Тұрмысқа», «Жақсылық көрсем өзімнен», «Туған еліме», «Жүрегім тулап шабасың», «Неге жасаймын?», «Алты аяқ», «Көңілім неге жасыйсың?».

Сұлтанмахмұттың өлеңдерінде махаббат, табиғат лирикасынан саяси лирика мен көңіл күйі лирикасы әлдеқайда басым жатады. Оның әлгі 107 өлең-жырының тек онбес-жиырма-сы ғана махаббат, табиғат лирикасы, қалғандарының бәрі де саяси лирика мен көңіл күйі лирикасы.

Ақын өлеңдерінде көбінесе саяси-әлеуметтік мәселелерді, халықтың көкейін тескен, мұң-тілегі болған мәселелерді сыр етіп, өз халы, өз арманы, өз мұңы, өз қуанышы етіп айтады. Ол арнаулы саяси лирикасында ғана емес, табиғат, махаббат, көңіл күйі жөніндегі лирикалық өлеңдерінде де сөзді әлеуметтік өмірге, саяси мәселеге қарай бұра береді.

Мысалы, «Жазғы қайғы» деген өлеңінде жазды күнгі тіршілікті, жайлауды келістіріп суреттеп келіп, қазақ елінің отырқышы, қала болмағанын, соның салдарынан жерінен айрылып, мәдениеттен кенже қалып отырғанын айтады. Осы сияқты, «Гүләйім» деген өлеңінде өзінің Гүләйімге ғашықтығын білдірумен қатар, қазақ қыздарының бас еркі жоқ екенін, әйел бостандығы мәселесін сөз етеді.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдері көлемді, ұзақ болып келеді, поэмаға шамалас жатады. Абайдың лирикалық өлеңдерінің көпшілігі 20—30—40 жол болып келеді: «Масхұт» деген поэмасы 128 жол. Ал, Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің көпшілігі 40—50—60—80 жол болып келеді.

Сұлтанмахмұт өлеңдерінің бұлай көлемді, ұзын болып келуінің екі түрлі себебі бар. Біріншіден, Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің көпшілігі ақынның жас шағында, пісіп жетпеген шағында, лириканы әлі меңгере алмаған кезінде жазылған. Сондықтан оның лирикасының бәрі бірдей бас-аяғы жинақты, дәл болып, келе бермейді. Екіншіден, Сұлтанмахмұтта саяси лирика басым. Ақын табиғат, махаббат, көңіл күйі жөніндегі лирикалық өлеңдерінің өзі де кейде саяси лирикаға ауысып кетіп отырады.

Лирика ақынның ішкі дүниесін, ойын, табиғаттан, қоғам өмірінен алған әсерін, өз күйін баяндайтын шағын, қысқа өлең, жыр ғой. Бірақ оның барлық түрі бірдей бұлай шағын, қысқа болып келе бермейді.

«Мұртына қарай іскегі, сабасына қарай піспегі» дейді қазақ мақалы. Сол айтқандай, әдебиеттік әрбір шығарманың мазмұнына қарай түрі, түріне қарай мазмұны болады. Маз-

мұн мен түр тығыз байланысты, біріне бірі сай болады. Бірақ бастаушы, жетекші мазмұн болады. Түрге қарай мазмұн пішілмей, мазмұнға қарап түр пішіледі; түрге қарап мазмұн өзгермей, мазмұнға қарап түр өзгереді.

Осы сияқты, жалпы лириканың, оның жеке тобының түрі-құрылысы, көлем мөлшері оның мазмұнына қарай болады, мазмұнына қарай өзгеріп отырады. Мысалы, ақын табиғат, көңіл күйі, махаббат жөніндегі өлеңінде минуттік бір күйін, бір картинаны суреттейді. Егерде сонда бірнеше ой, бірнеше сезім, бірнеше картина суреттелсе, арасына бөтен сөз араласып, шұбалыңқы болып кетеді. Дәл, әсерлі болмайды. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бишарасы»— деп Абай осындай өлең жөнінде айтқан. Сондықтан махаббат, табиғат, көңіл күйі жөніндегі лириканың көлем-мөлшері шағын, қысқа болады.

Ал, саяси лирикада ақын көбіне бір үлкен, күрделі тақырыпты, дәуірдің бір мәселесін сөз етеді. Оны дәлдеп, бейнелеп жан-жақты суреттеу үшін ақын белгілі бір тарихи кезенді, белгілі бір тап өкілдерінің (мысалы езуші мен езілушінің) мінез-құлқын, көзқарасын суреттейді, солардың мүсінін жасайды. Сондықтан өлеңнің құрылысы өзгеріп, көлем мөлшері ұзарып кетеді. Өзінше бір лирикалық өлең, кішігірім лирикалық поэма сияқты болып шығады.

Сонымен, Сұлтанмахмұт көбінесе саяси лирика жанрында жазған ақын. Оның лирикасы идеялы, терең мағналы болып, ақынның өзі айтқандай, оқушының жанына пайда, дертіне шипа беретін болып келеді. Бұл Сұлтанмахмұттың өзіне тән ақындық бір өзгешілігі, оның өзіне тән әдеби стилі.

IV

Сұлтанмахмұт бес-алты поэма жазған ақын. Сонан оның таңдамалы шығармаларының жинағына енгені үш поэма. Олар: «Адасқан өмір», «Кедей», «Қайғы». Ал, бұл «Қайғы» поэманың үзіндісі, тіпті қысқа, поэма деуге де келмейді. Сондықтан біз Сұлтанмахмұттың поэмалары дегенде оның тек екі поэмасы— «Адасқан өмір» мен «Кедей» поэмалары туралы ғана сөз етеміз.

Өмірбаянында айтылғандай, Сұлтанмахмұт 1917 жылдың күзінде жазған «Жас жүрек» деген өлеңінде өмір бойы алдандым, адасудан көз ашпадым, өмірім — адасқан өмір болды деп білді. Соның артынша, 1918 жылдың орта кезінде жазған поэмасын «Адасқан өмір» — деп атады.

«Адасқан өмірдің» кейіпкері бір-ақ кісі, әдебиеттік «Мен» деген біреу. Ол өзінің өмірін бес кезеңге бөліп: 1) Мен бала,

Султанмахмұттың поэмалары

1922

Адамның өмірі

Сіздің өміріңіз қандай болды?
Адамның өмірі қандай болды?
Бір күн, бір түн, бір жыл, бір өмір,
Көрсетіңіз, қандай болды?

Ташкент - ТАТАРСТАН
Қазан - 1922

Султанмахмұттың поэмалары
1922

Султанмахмұттың поэмаларының жинағы «Адамның өмірі» — мұқабасы

2) «Мен жігіт», 3) «Мен тоқталдым», 4) «Мен кәрі» 5) «Мен өлік» деген бөлімдерге бөліп баяндайды, кісінің туғанынан өлгеніне дейінгі қалпын, сезімін, ойын, арманын — бәрін жыр етеді, суреттейді.

Кейіпкер өз өмірінің екінші кезеңін — «Мен жігіт» деген бөлімін айрықша мән беріп, толық жырлайды.

Мен жігіт, онбес-отыз арасында,
Бұл жаста көп: бересі, аласым да.
Алдымда толған мақсат, толған таңдау,
Алайын ба мынасын, анасын ба?...
Жалыны бойға симай сырттан көрініп,
Күп сайын тұрады артып қайрат, күшім.
Әр үміттің қиялы сәулеленіп,
Түн бойы ұйқы бермес толқып ішім —

дейді ақын.

Осылай ол өнер, жол таңдайды. Әуелі, байлықты, онан кейін, әкімдік, қолбасылықты, үшінші, ғалымдықты, өнертапқыштықты таңдайды. Бірақ осының бәрінен дәл, орынды дәлелдер айтып, дәлірек айтқанда, капитализм тұсындағы байлықтан, әкімдік-қолбасылықтан, өнер, ғылымнан халыққа: кедей, бишараға келетін пайда жоқ деп, безіп шығады. Ақырында ол әділдікті таңдап, былай толғанады.

Ендеше мен жабысам негізгі іске.
Әділдікте бар негіз, бақ та, күш те,
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,
Өнім тұрсын, кірмесін түнде түске —

дейді.

Сұлтанмахмұт өзінің бұл поэмасында қоғамдық өмір, әділдік, теңсіздік, дін, адамгершілік, еңбек, кәсіп, тап, байлық, кедейлік, қанаушылық, ұлт, соғыс, өнер, ғылым сияқты көптеген күрделі саяси-әлеуметтік мәселелерді, қоғам, болмыс, өмір, өлім сияқты бірсыпыра философиялық мәселелерді қозғайды; осылардың бәрі жөнінде ақын маңызды, орынды қортынды жасайды, оны халық, еңбекші бұқара мүддесі тұрғысынан қарап түсіндіреді.

Поэманың кей жерінде кейіпкер налып, қайғырып, торыққандық үн білдіріп отырады; поэма кейіпкердің өлуімен аяқталады. Дегенмен, жалпы алғанда, поэмада жігер, қайрат, үміт, оптимизм күшті. Кейіпкер әділдік іздеуге, соның жолында қызмет етуге арналысып, бейнет шегуге құлшынады. Әділдік заманы орнауға жақын тұрғанын білдіреді.

Сол уақытты тездетуге қылмақ қызмет.
Бақ іздеген адамға парыз-міндет —

дейді.

Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір» поэмасының бір жерінде:

Бишараны шын досқа санар едім,
Ол үшін оқ астына барар едім.
Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз,
Қорықпай жалғыз жақта қалар едім —

деп ант еткен еді. Сол антына сай, «Адасқан өмір» поэмасынан кейін, 1919 жылдың бас кезінде Сұлтанмахмұт, адасып келіп тапқаным осы, мен өле-өлгенше осымен бірге болам дегендей, «Кедей» поэмасын жазды.

Сұлтанмахмұттың бұл поэмасының кейіпкері де бір-ақ кісі: қазақ кедейі. Поэманың желісі, мазмұны сол кедейдің өмірі, көрген-білгені, сезген-түйгені, ой-арманы болып келеді. Соның бәрін бастан-аяқ кедей өз аузынан баяндайды.

Кедей, әуелі, ауылда бай, феодалдың қызметін істеген, солардың отын жағып, күлін шығарған, суын әкеліп, асын пісірген, егінін егіп, пішенін шапқан, баласын күткен, қысы, жазы малдарын баққан, әйтеуір күні-түні тыным көрмеген. Сонда да жылы сөз естімеген, бүтін киім кимеген, тойып ас ішпеген.

Онан кейін, кедей қаладағы капиталистің жұмысын істеген: темір жолда, завод, фабрикада, шахтада күніне 14—15 сағат өліп-талып қызмет еткен, қорлық көрген. Сонда да алған ақысы пәтер-үйіне, тамағына, киім-кешегіне жетпеген. Сондықтан ол сәудегерден, алып-сатардан, өсімқордан несиеге мал, бұл, азық-түлік алып, қарызға белшесінен батқан.

Бұл екі бірдей қанаудан кедей күйзеліп, жабырқайды, ойланып толғанады; өзін мырзалармен салыстырады:

Анау Жақып, сән түзеп, сауық құрған,
Құрдасым емес пе еді, бір күн туған?..
Жақыптың қай еңбегі менен артық:
Етігін де шешкен соң біреу тартып?
Күдайға не жазып ем тумай тұрып,
Туғаннан мені жоқ қып, оны жартып? —

дейді.

Осыдан ол қортынды жасайды: өзін сол күйге түсірген сол замандағы қоғамдық құрылыс, капитализм екенін, байлықтың ұрлық жемісі екенін, үстем салт-сана рухани қысымшы екенін, өзінің адамдық қасиетін: бақытқа, жақсы тұрмысқа талпынатынын, сол жолда қызмет етуге талап, жігері, әл-қуаты бар екенін аңғарады.

Мұнан кейін кедей өзін ауыр күйге, өрескел теңсіздікке түсірген қоғамдық тәртіпке наразы болады; бақыт үшін күресуге бел байлайды:

Жоқ, мен бұған разы тіпті болмап!
Бақытты іздеу керек басқа жолдан..
Бұған көніп жүргеннен өлген артық,

Іштен тынып, жаңғаннан сөнген артық.
Текке өлмей, тауға-тасқа басты соғып,
Жолында не кез келсе көрген артық...

Ақырында, кедей өз елінде көрген азабына шыдамай, бақыт іздеп басқа елге кетеді:

Шыдамай елден кетем, жерден кетем,
Бай мен биттің жеуіне қаным сорып —

дейді. Поэма осылай аяқталады.

Сұлтанмахмұт «Кедей» поэмасының ақырын сықақ етіп аяқтаған: ақырғы бөлімін «Бақытқа жететін оңай жол (яғни елге масыл болу)» — деп атаған. Осыдан поэманың ақыры біраз тұйық, күнгірт, екі ұшты болып шыққан.

Біздіңше, Сұлтанмахмұттың «Кедей» поэмасын бұлай аяқтауының мынадай себебі бар:

Капиталистік құрылыстан азап, теңсіздік көрген, оны мансұқ еткен кедей қоғамдық құрылысты жаңартуға, жаңа, әділетті құрылыс орнатуға, ақын бірінші поэмасында дәріптеген әділдікті орнатуға кеттім деуге тиісті еді. Әңгіменің ұзына бойынан, рухынан сол аңғарылады.

Бірақ автор кедейге оны ашық айтқызбайды. Оның аузына тек.

Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып,
Шақырып тұр, мінекей кеттім сонда —

деген сөздерді ғана салады. Өйткені алғашқы ойды, жаңа қоғам орнату жөніндегі мақсатты автор өзінің бұрынғы поэмасында, «Адасқан өмірде» айтып қойған, бұл поэмасында қайталап айтқысы келмейді.

Осы ойын аңғарту үшін, екі поэмасының идеясы жалғас, біртұтас екенін білдіру үшін ақын «Адасқан өмір» поэмасының асылын, негізгі идеясын орыс тілінде қорытып, «Кедей» поэмасына эпиграф етіп берген.

Алдыңғы поэмасындағы сияқты, бұл поэмасында да ақын көптеген күрделі саяси, философиялық мәселелерді, қазақ халқының көкейтесті мәселелерін қозғайды, олар жөнінде дәл, орынды қортынды жасайды, бәрін де кедей, халық мүддесі тұрғысынан қарап шешеді.

Алдыңғы поэмасы сияқты, Сұлтанмахмұттың бұл поэмасы да бір адамның атынан айтылады. «Адасқан өмір» әдебиеттік «мен» деген біреудің өмірі, көрген-білгені, сезген, түйген сыры болса, бұл поэма кедейдің өмірі, көрген-білгені, сезген, түйгені, сыры болып келеді.

«Адасқан өмір» поэмасы сияқты, «Кедей» поэмасының да кей жерінде қайғы-шер, торыққандық үн бар, оның ақыры күнгірт болып аяқталады. Дегенмен, тұтас, жалпы рухын алғанда поэмада үміт, талап, күш, қайрат, оптимизм күшті; онан өмір, болашақ, арпалыс лебі есіп тұрады; кейіпкердің зығырданы қайнағаны, әбден ашынғаны, арпалысқа мықтап бел байлағаны айқын көрініп отырады.

Сонымен, Сұлтанмахмұттың лирикасы поэма сияқты ұзақ, поэмасы лирикалы болып, лирикасы мен поэмасының арасы жалғасып жатады. Демек Сұлтанмахмұттың өлендері әлеуметтік лирика болғандықтан да олардың көлемі ұзақ, ал поэмалары сюжетсіз, бірақ лирикалы болып, әлеуметтік үн қозғап отырады.

Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары — философиялық мәселелерді, заманның түйінді мәселелерін қозғайтын жаңа, революциялық идеяны баяндайтын, терең пікірлі, жаңа мазмұнды шығармалар. Сонымен қатар, олар — ақынның қоғам, табиғат өмірінен түйгені, алған әсері, ішкі дүниесі, жүрегінің сығындысы. Бұлар — философиялық, лирикалық поэма, лирикалы эпос.

Сұлтанмахмұттың бұл поэмалары өз тұсындағы қазақ әдебиетінде мазмұн, идеясы жағынан болсын, түр, жанры жағынан болсын зор жаңалық еді. Қазақтың жазба әдебиетінде Сұлтанмахмұттан бұрын, ақынның өз кезінде мұндай поэмалар болмаған еді.

Сұлтанмахмұттың өлендерінде әлеуметтік лириканың басым болуы да, оның поэмаларының философиялық-лирикалық болып келуі де кездейсоқ нәрсе емес. Ол, бір жағынан, ақынның поэзияны өзінше түсінуінен: өлең дертке шипа болу керек, жүректің сығындысы болу керек деп білгенінен болған нәрсе. Екінші жағынан, ақын заманының өзгешілігінен болған нәрсе. Соғыстар, революциялар заманы алдына терең философиялық түйінді мәселелерді қозғауды, суреттеуді көлденең тартты. Ақын соған лайық түр тапты, жаңа идея, жаңа жанр туғызды.

V

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың романдары: «Қамар сұлу» 1914 жылы, «Кім жазықты?» 1915 жылы жазылған. Бұлар қазақ тіліндегі тұңғыш романдар болып саналады, қазақ әдебиеті тарихында маңызды орын алады.

«Қамар сұлу» романының тақырыбы әйел мәселесі: қазақ әйелінің бас бостандығы, теңдігі, әлеуметтік орны туралы. Бұл тақырып ХХ ғасыр басындағы қазақ ақын, жазушылары-

ның көп сөз еткен негізді, көкейтесті мәселелерінің бірі болды. Сол кездегі жазушылардың бұл тақырыпқа жазбағандары болған жоқ. Сондықтан да қазақ әйелі тақырыбында бұл кезеңде алты-жеті роман, повесть, поэма жазылды. Олардың көрнектілері: «Қалыңмал», «Қамар сұлу», «Гүлхашима», «Бишара қыз» деуге болады.

Қазақ әйелінің өмірі, еркіндігі, теңдігі туралы тақырыпты жазу, шешуде ХХ ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушыларында мынадай екі түрлі көзқарас, концепция болды:

Біріншіден, кейбір ақын, жазушылар қазақ арасында әлі бектік-феодалдық әдет-ғұрып сарқыны, ескілік заңы тіпті күшті, бұл жағдайда еркіндікке — сүйгеніне, теңіне баруға, теңдік алуға талпынған қазақ әйелі өз мақсатына жете алмайды, өледі, ескілік құрбаны болады деп білді. Сондықтан мұндай ақын-жазушылар роман, повесть, поэмаларын бас кейіпкерінің өлуімен аяқтады.

Екіншіден, кейбір ақын, жазушылар: рас, қазақ арасында бектік-феодалдық қалып сарқыны, ескілік заңы күшті. Бірақ, сонымен қатар кәзір қазақ арасында көріне бастаған, өсіп келе жатқан жаңалықтар да бар, ескілікке қарсы тұра алатын, арпалысып, оны жеңе алатын жаңа күш те бар деп білді. Сондықтан мұндай ақын, жазушылар роман, повесть, поэмаларын бас кейіпкерінің ескілікті жеңіп, мақсатына жетуімен аяқтады.

Әрине, соңғы көзқарасты, концепцияны ұстаған ақын, жазушылар шындыққа жақын еді, өмір заңын, заман жайын, өз кезіндегі қазақ тұрмысын, оның бағытын дұрыс аңғарып, дәл ұғынған еді. Осыдан олардың шығармалары да шындыққа сай, жарасымды, көңілге қонымды болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Қамар сұлу» романын оның бас кейіпкері Қамардың өлуімен аяқтайды. Содан оның романындағы бір қатар негізді оқиғалар мен тартыстар жасанды, нанымсыз; ескілік күшті, басым; ұнамсыз кейіпкерлері анық, жігерлі болып шыққан да, ұнамды кейіпкерлері біраз ынжық, әлсіз болып шыққан.

Мұнан Сұлтанмахмұт бұл романында қазақ қауымы тұрмысындағы жаңаны көрмей, тек ескіні ғана көрген екен деп қортынды жасауға болмайды. Жазушы романында ескіні, ескілік өкілдерін баса суреттеумен бірге жаңаны да, жаңашыл адамдарды да көре білді. Оның «Қамар сұлу» романындағы ұнамды кейіпкерлері: Қамар, Ахмет, Омар, Хасен — бәрі де көзі ашық, ақылды, ұстамды, ескілікке қарсы жандар, сол кездегі қазақ ауылындағы жаңашыл адамдар.

Мысалы, автордың айтуынша, Қамар сұлу болуы үстіне, ақылды, алды-артын ойлайтын пайымды, ұстамды, аздап

оқыған, сөзге ұста, ақындығы да бар қыз. Сол сыйпаттарымен ол көзге түседі, ауызға ілінеді; ел ішіне оның жақсы атағы жайылады: «ол сұлу Қамар, ақылды Қамар, ақын Қамар» аталады. Оны ата-аналар қызға үлгі етеді.

Сол сияқты, Ахмет те оқыған, зерек, ақылды, ел аузына ерте ілінген жігіт. «...Ахмет ақыл-ой зеректігі үстіне, сұңқардың баласындай, бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі де бар, сөзге шешен, ақын, жарып салма өткір еді. Жұрт жиналған мерекелі жерде өлең, ойын жөнінен де, газет-журнал кітап оқып, насихат айту жөнінен де, ең арты, біреуді сықақтаған әзіл жөнінен де бас бәйгі Ахметтікі еді. Тартынбай, тамылжыта сөйлеген сөзімен үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара айтушы еді. Соның үшін де елдің атқамінер, ақсақалдары: «Оқыды деп Жәукенің баласын айт дер еді. Қамарды қызға үлгі қылатыны сықылды, боз балаға Ахметті үлгі қылып тұрушы еді...»¹.

Осындай зерек, ақылды, оқыған, пайымды, ұстамды болғандығынан олар — Қамар мен Ахмет — өздерінің жайын айқын аңғарады; екеуінің екі тап өкілі екенін: бірі байдың қызы, екіншісі кедейдің баласы екенін, бірін-бірі қанша сүйсе де екеуінің қосыла алмайтындарын, қосылуларына үстем тап, ескілік заңы жол бермейтінін әбден біледі.

Бірақ ол ақылдылардың ескі тәртіпке, әдет заңына қарсы тұруға болатынына, күресіп, оларды жеңіп, еркіндік, теңдік алуға болатынына, сол жолда өздерінің табанды, құлшынып күресу керек екеніне әуелде ақылдары жетпейді, батылдары бармайды; екеуіміз ғашықпыз, теңбіз, қосылуға лайықпыз, тек қосыла алмаймыз, ескілік, әдет заңы жол бермейді деп, аһ ұрып, тек отырады.

Кейін жазушы оқуға кетті деп, Ахметті оқиғаға араластырмай қояды. Романның ең ақырында, Қамар өлгенсоң оқудан оралып, кенет Нұрымды пышақ салып өлтіргеннен басқа Ахмет ешқандай іс, әрекет көрсетпейді. Ол біліміне, ақылына сай жігерлі, пайымды, қайраткер кейіпкер болып шықпаған.

Рас, кейін Қамар Нұрымға бармау үшін біраз әрекет істейді; жұрт күштеп берген соң онымен бірге тұрмауға тырысады, ескілік заңына, дін-шариғат жолына көнбейді; би-болыстарға, бақсы, тәуіп, моллаларға қарсы тұрады. Сөзбен, көз жасымен болса да өзінің еркі, тағдыры үшін күресті, өзінің өлімімен де ескілікке, дін-шариғатқа наразылық, қарсылық көрсетті.

Бірақ мұның бәрі: Ахметтің Нұрымды пышақ салып өлтіруі де, Қамардың қарысып, өзін өзі қазаға душар етуі де білімді, ақылды, жігерлі кейіпкерлердің саналы түрде, ақыл-

¹ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалар, 1950, 156—157-беттер.

оймен істеген әрекеттері емес, шарасыздан істелген іс, әлсіз күрес.

Жазушы баста Қамардың әкесі Омарды да, ағасы Хасенді де көзі, көңілі ашық, ақылды, жігерлі адамдар етіп, екеуін де Қамарды Нұрымға беруге қарсы етіп суреттейді. Мысалы, Оспан мен Қалтан Қамарды Нұрымға беру керек дегенде, Омар шошып кетеді, жігерлі, ашулы сөздер айтып қарсы тұрады.

«... Сыпыра бұзылған иттер, дендерің сау ма? Мәжнүн болмасаңдар, қара жүрек болмасаңдар... ұялмай-қызармай, періштедей, қарашығымды төрт аяқты малдан жаман, дөңкиген жауызға ұйғардық деп не беттеріңмен айтып отырсыңдар? Түсіңе кірсе қорқатын қоянға Қамарды барады, мені береді деп ойладыңдар ма? Қысқасы, мойныма қапшық салып, қайыр тілеп күн көрсем де, Қамарды оған беріп, жылата алмаймын»¹ — дейді ол.

Бірақ, артынша, неліктен екені белгісіз, Омар ол бетінен, ол сөзінен қайтып қалады. Нұрымның, Оспан, Қалтандардың айтқандарына көніп, айдауларына жүре береді. Қамарды Нұрымға береді.

Қамар мен Ахметтің ақылды, оқыған, жігерлі, шешен, ақын бола тұрып, бәрін біліп, түсініп отырып ескі тәртіпке, әдет заңына қарсы күресуге, оларды бұзуға ақылы жетпеуі, батылы бармауы нанымсыз. Олардың не ақылды, жігерлі, оқыған болулары бекер де, не өздерінің тағдыры, еркіндік, теңдігі үшін баста, кезінде күреспеулері бекер. Олар ақылды, жігерлі болғансоң өздерінің тағдыры, еркіндік-теңдігі үшін күресу керек еді, бірақ іс жүзінде олай болмай шыққан.

Сондай-ақ, Омардың Нұрымды сонша жек көріп, әшкерелеп, балағаттай отырып, Қамарды оған беруге сонша қарсы болып, жігерлі, ашулы сөздер айтып отырып, лезде жуасығаны, Нұрымның айтқанына көніп, айдауына жүргені нанымсыз, Омар Нұрымды, Оспан, Қалтандарды соншалық балағаттауға, Қамарды Нұрымға беруге соншалық қарсы тұруға тиіс емес еді. Ал, балағаттаған соң, қарсы тұрған соң, олардың айтқанына көнбеуге тиіс еді.

Қорытып айтқанда, жазушы ұнамды кейіпкерлерін баста ақылды, жігерлі адамдар етіп суреттеп, кейін тез, ешбір дәлелсіз божыратып жібереді, тіпті ынжық етіп шығарады.

Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу» романынан гөрі «Кім жазықты?» романы бірсыпыра жақсы шыққан. «Қамар сұлуда» жазушы өмірді кең қамтымаған, әйел еркіндігі мәселесі төңірегінен ұзап шыға алмаған. Ал, «Кім жазықты?» романында

¹ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 160-бет.

ол өмірді кең қамтиды, бірқатар күрделі — әлеуметтік мәселелерді қозғайды; романның оқиға, тартыстары дәлелді, нанымды, кейіпкерлері, әсіресе, ұнамды кейіпкерлері анық, жігерлі, әрекетшіл адамдар болып келеді.

Романның қысқаша мазмұны мынадай: Тасболат жері, малы көп бай, беделді адам; оны сол маңдағы қазақ, орыс тегіс сыйлайды. Ұлықтар сыйлайды. Сайлау кезіндегі дау-айтыстан кейін болыстық Тасболатқа тиеді. Бірақ, ол қазақша да, орысша да хат білмейді. Тасболаттың Жақан, Әжібай деген екі баласы бар, олар да оқымаған. Тек Тасболаттың кедей інісінің баласы Байбол қазақша, орысша оқыған, сондықтан ылажсыз ғана соны болыс қояды.

Осыдан кейін Тасболат кіші баласы он жасар Әжібайды оқуға береді. Ол жалқау, оқуға ықпалсыз болады, түк білмейді. Мұның үстіне екі жылдан кейін ағасы Жақан өледі. Оның әйелі мен баласы қалады. Тасболат, үйде бол деп, Әжібайды оқудан шығарып алады. Оған келіншек алып береді, жеңгесін қосады. Кезекті сайлауда Әжібай болыс болып сайланады.

Әжібай жас кезіндегі ерке, тентектік, жалқаулық қылықтарын ол өскен соң да қоймайды. Қою былай тұрсын, қасына жігіттер ертіп, салдық құрады; алыс, жақын елді тегіс аралайды. Көзге түсер қыз, келіншектің бәрімен ашна болады. Ашна болмағанының жаманатын шығарып, масқаралайды.

Тасболат енді басылар деп, Әжібайға тағы бір қыз алып береді. Біраздан соң, бұрынғы әйелдерін місе тұтпай, Әжібайдың өзі бір қызды алып қашып әкеледі. Сөйтіп оның үш-төрт әйелі, баласы болады. Сонда да ол серілігін қоймайды; әйелдерін мал есебінде ұстап, оларға нешетүрлі азап көрсетеді.

«Қызық су» деген қалада әл-ауқаты орташа Бейсен деген шал болады. Оның екі ұлы, бір қызы болады. Үлкен баласы оқыған адам — учитель, жақында ғана өлген. Екінші баласы Жүсіп оқымаған, маскүнем. Қызы Аппақай әрі сұлу, әрі ақылды, оқыған, бұрынғы отастырған күйеуін ұнатпай, қаладағы бір фельдшерге тигелі жүреді.

Қалаға қатынап жүріп Әжібайдың көзі осы Аппақайға түседі. Маскүнем ағасы Жүсіп арқылы үйіне келіп, Аппақайды алмақ болады. Аппақай оған елең етіп қарамайды. Әжібай қала жігіті сияқты болам, Аппақайға жақсы көрінем деп, насыбай атуды қойып, шылым тартады; қымыз ішуді қойып, арақ ішетін болады; қазақша киімін тастап, орысша киінеді. Аппақайға неше түрлі сый әкеледі. Көндіріп деп оның жақын, таныс адамдарына пара береді. Дәулетін төгіп-шашады. Аппақайды көндіре алмайды.

Әжібайдың үлкен қызы Құлтай бой жетеді. Ол бала күнде атастырған күйеуін жаратпайды. Үйінде жүрген мұғалім Ануармен көңілдес болады. Мұны Әжібай біліп қойып, Ануарды қалаға айдатып жібереді. Құлтайды атастырған жеріне ұзатудың әрекетін істейді.

Осы кезде жұт болып, Әжібайдың малы қырылып қалады. Елі ашаршылыққа ұшырайды. Әжібай салдықты қойып, шаруашылығымен айналысады. Құлтайдың қалың малын алып, дәулетін қайтадан қалпына келтіреді. Елде дау-жанжалды көбейтіп, пара алып, байыған үстіне байиды. Енді Әжібайдың баласы Қабыш, әкесі сияқты тентек, жалқау, сал болады.

Ануар Әжібайдың үйінде бірге болып, оны қазақша оқытып, онан өзі орысша үйреніп жүрген досы тілмаш Петька арқылы Құлтаймен кейін де қабарласып тұрады. Бірақ мұның ақыры немен тынатыны мәлім емес. Өйткені роман бітпей қалған және соңғы жағының біраз жері жоғалып кеткен.

Жалпы алғанда, бұл романында Сұлтанмахмұт қазақ халқының сол кезеңдегі қоғам, әлеуметтік тіршілігінің қалпын, суретін әдемі кескіндеген. Қазақ арасындағы түрлі тап, топ өкілдерінің тұрмысын, қазақ әйелдерінің ауыр хал-жайын дәл, толық көрсеткен. Сұлтанмахмұт бұл романында қазақ халқының сол кездегі саяси-әлеуметтік өмірінің ең маңызды, ең түйінді мәселелері жөнінде, қазақ халқының тағдыры жөнінде сұрау қойған.

Қазақтың жастары, Әжібай сияқты, ешбір тәлім-тәрбиесіз, өз бетімен шолжақ, тентек болып өседі. Ауылдың да, қаланың да барлық жамаан салтын, керексіз мінезін ұғады. Олардың істегендерінің бәрі бұзықтық болады. Осыған кім жазықты?

Қазақтың қыздары теңіне, сүйгеніне тие алмайды, Жаңыл, Зұлқия, Жәмила, Қамар сияқты, малға сатылады, сулы көз, өлік тән шалға сатылады; екі-үш қатын үстіне барып, күң болып, азап көріп отырады; ескілік, надандық құрбаны болады. Осыған кім жазықты?

Қазақ арасында қараңғылық, ауру-сырқау, талапсыздық, жалқаулық, шаруаға қырсыздық, ескі ғұрып-әдет, дау-жанжал күшті. Бұлар халықтың еңсесін басып отыр. Осыған кім жазықты?

Қазақтың би-болыстары, ақсақал-атқа мінерлері, кейбір оқығандары — бәрі алтыбақан, алаауыз, ел қамын ойламай, өз қамын ойлайтын парақор, жалмауыз, шенқұмар, не өнерге, не ел билеуге қыры жоқ, қыртын. Осыған кім жазықты?

Қазақ халқы бірқатар халықтарға қарағанда, саясат, мәдениет, шаруашылық жағынан мүлдем кейін жатыр, мешеу

қалып отыр. Оның басында, малында, жерінде ерік жоқ: өзінікін өзімдікі дей алмайды. Қазақ бұқарасы екі бірдей қанау көріп — отаршыл үкіметтен, бек-феодалдан тепкі көруде. Осыған кім жазықты?

Міне, Сұлтанмахмұт «Кім жазықты?» деген романында осы мәселелерді қозғайды: осы зор, түйінді сұрауларға жауап іздейді.

Роман аяқталмай қалғандықтан бұл сұрауларға ақын пәлен жазықты деп жауап береді деп, оның өз сөзін, өз пікірін келтіру қиын. Бірақ романның желісінен, әңгіменің жалпы сарынынан ақынның бұл сұрауларға беретін жауабы айқын аңғарылады. Ол мұның бәріне сол кездегі саяси-әлеуметтік құрылыс жазықты, патша үкіметінің отаршылық саясаты жазықты деп ашық айтады.

Сұлтанмахмұттың романдары туралы айтылғандардан, оның роман жазуға қабілеті бар ақын болғаны, оған мейлі тақырып, идея жағынан болсын, мейлі түр, шеберлік жағынан болсын, бірте-бірте төселе бастағаны көрінеді. Бұған алғашқы романынан кейінгі романның жақсы болып шыққаны дәлел бола алады.

IV

Сұлтанмахмұттың публицистикалық шығармалары мыналар: 1) «Зарландым», 2) «Ауырмай есімнен жаңылғаным», 3) «Өлеңмен жазылмақ драманың материалы», 4) «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», 5) «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», 6) «Өлең мен айтушылары», 7) «Социализм».

«Зарландым» деген шығармасын автордың өзі әңгіме деп атаған. Оған өлеңмен жазған кіріспесінде:

Роман деуге болады мұның өзі,
Фельетон тәртібінше әрбір сөзі —

деген.

Дұрысында Сұлтанмахмұттың бұл шығармасы — көркем очерк. Сондай-ақ, оның «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Өлеңмен жазбақ драманың материалы» деген шығармалары да көркем очерк. Бұлардың мазмұндары ел ішіндегі ескі салт, жайсыз мінез-кұлық, қараңғылық салдары, қазақтың ұл-қызының еркіндігі туралы.

Ақын солардың бәрінде де шындықты, өзі көрген, білген факты — оқиғаларды суреттейді. Оларды дәл қалпында, хабар ретінде айтпай, ептеген, белгілі сюжетпен келтіреді, бірсыпыра көріктеп баяндайды; арасына көптеген келісті диалогтар енгізіп отырады; әрбір сөзін әңгіме, фельетон тәртібінше қиыстырады.

Сұлтанмахмұттың бұл шығармалары фактыны, оқиғаны тандап ала білуі жағынан болсын, оны сюжетпен көріктеп қиыстыруы жағынан болсын жақсы шыққан, ұнамды көркем очерктер. Бұлар ақынның жүре бара очерк, әңгіме, романдар жазып кете алатын қабілеті бар жазушы болғанын сыпаттайтын шығармалар.

Сұлтанмахмұттың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең мен айтушылары» деген шығармалары әдебиет, көркем өнер тақырыбына библиография, рецензия — әдеби сын ретінде жазылған.

Жоғарыда айттық, ақын бұл еңбектерінде қазақтың бұрын-соңды шыққан әдебиетіне, өз кезінде басылған бірқатар өлең кітаптарына тоқталады, дәлелді сын айтады, әдебиеттің бағыты, міндеті жөнінде құнды, жаңа пікір білдіреді. Мұндай ой-пікірді Сұлтанмахмұттан бұрын ешкім айтқан жоқ еді.

Сұлтанмахмұттың «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», «Социализм» деген шығармалары оқу, мәдениет, техника тақырыбына жазылған. Оларда автор қазақ халқының ілгері дамуы, мәдениетті ел болуы, «адам баласының жеңіл күн көруіне қажет ілімдерді», техниканы тез үйреніп алуы туралы бағалы, өз дәуіріне лайық пікірлер айтады. Мұны сол кездегі қазақ оқығандарынан Сұлтанмахмұттан басқа ешкім батыл қозғай алған жоқ.

Сұлтанмахмұттың осы соңғы төрт шығармасы («Өлең мен айтушылары», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», «Социализм») газет-журналдық, шын мағнасында публицистикалық мақалалар, олар автордың тек ақын, романист қана емес, сонымен бірге, публицист болғанын да жақсы дәлелдейді.

Торайғыров публицистикасының өзіне тән кейбір қасиеттері бар. Тұжырып айтқанда олар мыналар:

Тақырып, мазмұндарынан, жоғарыда келтірілген бірді-екілі үзінділерден көрдік, Сұлтанмахмұттың публицистикалық шығармаларының бәрі де актуалды, күрделі көкейтесті мәселелер жөнінде жазылған; бәрі де аса мазмұнды, терең мағналы. Сонымен бірге, автордың ой-пікірлері жүйелі, дәлелді, сөз байламдары, сөйлем құрылыстары нақ, қисынды, көркем суретті.

VII

Сұлтанмахмұт аз жасады; жазушылықпен не бәрі онбір-онекі жыл ғана айналысты. Соның өзінде де тұрмыс қиыншылығын көріп, аурудың азабын шегіп жүрді; жазу жұмысымен емін-еркін, шұғылданып айналыса алмады, алайда:

Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрем деп,
Жасаймын бір қол қабыс
Кейінгіге берем деп, —

ол кейінгі ұрпаққа бірсыпыра құнды мұра қалдырды.

Жастай өлген жалынды ақын Сұлтанмахмұт өз тұсындағы қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар туғызушы, новатор жазушы болды. Ол: 1) қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш роман жазушылардың бірі болды; тұңғыш рет өлең мен роман жазды; 2) қазақ әдебиетінде сюжетсіз, философиялық-лирикалық поэма жанрын туғызды; 3) қазақ әдебиетінде шын мағынасындағы публицистика жанрын жасаушылардың бірі болды.

Сұлтанмахмұттың шығармаларынан ұлы орыс халқының XIX ғасырдағы классикалық әдебиетімен, орыстың өз кезіндегі әдебиетімен, әсіресе орыс халқының ақыл-ой кемеңгерлері, ұлы демократ-революционерлері Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов шығармаларымен едәуір таныс болғаны, тақырып-идея жағынан болса да, шеберлік жағынан болса да солардан үйренгені айқын аңғарылады.

Бұған ақынның «Қандай?», «Бұлар кім?», «Кезек қашан келеді?», «Оқудағы мақсат пе?», «Кім жазықты?», «Осы да әділдік пе?», «Неге жасаймын?», «Өң бе, түс пе?» деген шығармаларындағы қозғаған, жыр еткен мәселелері дәлел. Ақын қазақ қоғамы өмірінің заман туғызған түйінді мәселелері жөнінде сұрау қойып, соған шешу іздейді, жауап береді. Оны әсіресе еңбекші халықтың мүддесі тұрғысынан қарап, қоғамның ілгері дамуы мақсатына сай етіп шешеді.

Максим Горький: «Орыс әдебиетінің бір үлгілі, бір аса бағалы жағы сол — ол мейлінше кең: ол қоймаған, ол жауап бермеген сұрақ жоқ. Ол көбіне сұрау болып келетін:

Не істеу керек?
Қай жерде жақсы
Кім жазықты?
деп келетін әдебиет»¹—

дейді.

Сұлтанмахмұт ұлы орыс халқы классикалық әдебиетінің осы қасиетін, дәстүрін ұқты, үйренді.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыптары — түгелдей қазақ халқының революциядан бұрынғы, революция жылдарындағы өмірі; ақын шығармалары қазақ халқы қоғамдық

¹ М. Горький. Избранные литературно-критические статьи, ГИХЛ, Москва, 1914 жыл, 26-бет.

өмірінің, әдет-ғұрпының әрі нағыз шындығы, әрі әділ сыны; халықтың тілек-арманы.

Сұлтанмахмұт өзінің тақырып-идеясы, жазушылық әдісі жағынан өз тұсындағы қазақ ақын-жазушыларының көбінен озық болды; сыншыл реализм мен прогресшіл романтизмнің биік шыңына шықты. Бірақ социалистік реализм дәрежесіне көтеріле алмады.

СҰЛТАНМАХМҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ

I

Маркстік-лениндік тіл ғылымы — тіл қоғамдық, халықтық құбылыс, қоғаммен, халықпен бірге шығып, бірге жасайды; оны жасаушы, сақтаушы, дамытушы халық; әдеби тіл дегеніміз ұстартылған, сыпайы, үлгілі жалпы халықтық тіл деп үйретеді.

Маркстік-лениндік тіл ғылымы бойынша тілдің негізгі сөздік қоры, сөздік құрамы бар. Тілдің негізгі сөздік қоры дегеніміз байырғы, тілде ғасырлар бойы жасап келе жатқан, әр алуан стильде, әдебиеттік барлық жанрда қолданылатын аса қажетті, бүкіл жұртқа бірдей, түсінікті сөздер. Тілдің негізгі сөздік қоры — тұрақты, тілдің негізі, жаңа сөз жасау, туғызу құралы. Ал, тілдің сөздік құрамы өзгермелі; ол халықтың тұрмысында болған саяси-шаруашылық, мәдени-ғылыми жаңалықтарға сай өзгеріп отырады. Яғни а) оған үнемі жаңа сөздер қосылып отырады, б) онан кейбір сөздер шығып қалып отырады.

«...Тіл, атап айтқанда оның сөздік құрамы, үздіксіз дерлік өзгеру күйінде болады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, сауда мен транспорттың, техника мен ғылымның үздіксіз өсуі тілден негізгі сөздік қорын солардың жұмысына қажетті жаңа сөздермен, сөйлемдермен толықтырып отыруды талап етеді. Сондықтан тіл осы қажеттерді тікелей өтей отырып, өзінің негізгі сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырады, өзінің грамматикалық құрылысын жетілдіреді»¹.

Жалпыхалықтық тілді дамытатын, оған көптеген өзгерістер енгізетін факторлардың бірі әдебиет. Себебі тіл — көркем шығарманың негізгі элементтерінің бірі, жазушының негізгі құралы; жазушы адамның ойын, сезімін, әсерін, ісін тіл арқылы бейнелейді. Халықтың әдеби тілі мен жазушының арақатынасы — диалектикалық. Әуелі, халық тілі, оның сөз байлығы, сөз өрнегі жазушыға әсер етеді; шығарма жазуына нәр, азық-құрал болады. Кейін жазушы өзінің шығармасында ха-

¹ И. В. Сталин. Марксизм және тіл білімі мәселелері, 1951 жыл, 8-бет.

лық тіліне, оның сөздік қорына, сөздік құрамына, сөз өрнегіне әсер етеді: оларды ұстартады, байытады, ілгері дамытады.

Сондықтан да А. М. Горький бір сөзінде әдеби тіл дегеніміз сөз шеберлері жөнге келтірген, ұстартқан халық тілі. Бүкіл әдеби тіл тарихы — халық тілін тапқырлықпен, шеберлікпен меңгеру, ұстарту, байыту тарихы болады — дейді.

Бұрын, Маррдың тіл жөніндегі «Жаңа ғылымы» бойынша, жазушының, көркем шығарманың тілі сыңаржақ, теріс зерттелегін, жазушының шығармасындағы, жалпы көркем шығармадағы тек жаңа сөздер (неологизм), ескі сөздер (архаизм) ғана теріліп алынып, солар ғана сөз болатын. Онан жазушының не тақырыбы, идеясы, не тілі, стилі жөнінде ешқандай ұғым алуға болмайтын.

Енді жазушы жалпы халықтық тілдің негізгі сөздік қорын, сөздік құрамын, тілдегі мақал, мәтел, өлең сияқты сөз тіркестерін қаншалықты, қалай пайдаланды? Оларды қаншалықты, қалай байытты, ұстартты? Оның сол байыту, ұстартуы қаншалықты заңды, жарасты? Сол тексеріледі.

Бұлай тексергенде жазушы шығармасының мазмұны мен түрі бірдей зерттеледі, жазушының халық тіліндегі өзінен бұрынғы сөз байлығын, сөз өрнегін қаншалықты, қалай пайдаланғаны, өзі халықтың тіл мәдениетін ілгері дамытуда не істегені айқындалады.

Біз Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының тілін осы тұрғыда зерттеуге тырысамыз.

II

Жазушының, көркем шығарманың тілі көбінесе оның негізгі материалына байланысты, яғни олардың басты, ұнамды-ұнамсыз кейіпкерлеріне, солардың заманына, саяси-шаруашылық хал-жайына, қоғамдық-әлеуметтік қызметіне, тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, дүние, қоғам тануына байланысты болады.

Ақын, жазушы кейіпкерлерінің, дәуірдің, ортаның күй-қалпын, келбет-бейнесін, суретін айнытпай, дәл көрсететін сөздерді іздестіріп, табады, оларға лайықты, жарасымды сөздерді, солар айтатын, қолданатын сөздерді көп қолданады.

Сайып келгенде Сұлтанмахмұттың негізгі, ұнамды кейіпкерлері — қазақтың кедей шаруалары, қазақтың әйел-қыздары.

Қазақтың кедейі мен әйелі ХХ ғасыр басындағы, капитализм тұсындағы екі бірдей қанау дәуірлеп тұрған кездегі қазақ қоғамының саяси-шаруашылық жақтан да, рухани мәде-

ни жақтан да мейлінше жаншылып, жапа көрген, түрлі соққы жеп, зар еңіреген мүшелері.

Бұлардың бірі құл, бірі күн. Бірақ бұлар осы күйіне риза болып, «құдай салды, біз көндік», құдай бұл дүниеде басқаны жарылқаса, ол дүниеде бізді жарылқайды деп, шүкірлік етіп отырған құл мен күн емес. Көрген азабы шектен асып, арқасына заманның аязы әбден батып, тақат, төзімі біткен, ашынған, қатуланып, қаһарына мінген, талап-арманы бар, соған сай жүрегі, жігері бар құл мен күн.

Құл мен күн аузын ашса, көрген азабын, өткен өкінішті өмірін сыр етіп шертеді, алдағы тілек-арманын білдіреді. Мұны олар өздерінің өмірі етіп, әңгіме, кенес, айтыс, жар-жар, жылау түрінде айтады.

— Жок, мен бұған разы тіпті болман!..
Бұған көніп жүргеннен өлген артық,
Іштен тынып жанғаннан сөнген артық!
Текке өлмей, тауға, тасқа басты соғып,
Жолында не кез келсе көрген артық!—

деп зарлайды кедей. Малға, шалға, көп қатын үстіне сатылған қыз жар-жарды «зар-зар» деп айтады:

Акку құсты жапалақ.
Қалай алар зар-зар.
Ойлап па едің ақ тұйғын
Текке қалар зар-зар.
Қорлығына шыдамас
Дүние салар зар-зар.
Мал мен басың таланып,
Басың отқа қаланып,
Сұлу алғыш ақсағым,
Сонда болар зар-зар...

Қоғамның екі бірдей қанауда езіліп, есінен танып жүрген мүшесі, әсіресе, құл, күн болып жүрген мүшесі сөзуар болмайды: сөзін, айтайын деген ойын, мүддесін көркем, шебер сөз тауып, келісті, әшекейлі етіп айту былай тұрсын, бір келкі жөндеп те айта алмайды: ұзын-ырғасын, жобасын, ізін аңғартады. Сөздері жай, қарапайым болып келеді.

Осы сияқты, ашынған, қызып, ашуланып, жылап, өксіп, сыңсып сөйлеген адам да сөзін келісті, қисынды етіп, көркем, шебер етіп айтып тұрмайды; ойына келген, аузына түскен сөздерін айта береді. Онысы қайнаған қанның, қиналған жанның, толғанған көңілдің сығындысы, жатқан күш, жігер болып шығады.

Онан соң, жаншылып, жапа көріп жүрген адам — күйінішті, шерлі, ызалы, көңілі жарым, жүрегі жаралы адам.

бастары: «кәрілік», «өлік», «аяныш хал», «үмітсіздік», «жақыннан айрылғандағы күйік» деген сияқты сөздермен басталып отырады.

Сұлтанмахмұттың өлең, поэмаларында лепті, әуезді сөздер, әсерлі, ұран, үндеу, арнау, беттеу сөздер, одағай сөздер, жігер қайрат, қаһар, жеку сөздері, жауабы, шешуі түсінікті сұраулы сөздер көп кездеседі. Мысалы, ол бір өлеңінде:

Ей, махаббат, ей, достық!
Алдама, сендер жалғансың!
Құр мазақтап, мөз қылып,
Бойды аулаққа салғансың —

дейді. Екінші бір өлеңінде:

Аһ, дүние! Берсе қанат тәңірім маған!
Ерік алып ұшып кетсем көкке таман!
Жер, күннің аймағынан үстін шығып,
Әлемге көз жіберсем сол арадан —

дейді! «Кедей» поэмасының бір жері былай болып келеді:

✓ Мен емес пе шалғы алып, шөбін шапқан,
Малына құдық қазып, қауға тартқан,
Балшық илеп, қорасын, үйін салып,
Ағаш түсіріп, төбесін оның жапқан?
Білекпен киіздерін баспадым ба?
«Кене жер деп, қой қырықпай тастадым ба?»
Жүк артып, көшіретін мен емес пе?
Не айтса, аяқты ұшынан баспадым ба?
Мен емес пе ас қылған, малын сауған?
Күндіз бағып, айырған түнде жаудан?
Ас пісірген, үй жылытқан мен емес пе?
Тезек теріп, отын ап, анау таудан.
Құлақтан бұрап отырып, асау малын,
Үйретуге киіналмап па ед менің жаным?
Құн көріске қай жұмыс керек болса,
Терлемеп пе ем мен істеп соның бәрін?

Сұлтанмахмұттың өлең, жырлары, поэмалары көбінесе кейіпкерлердің өз аузынан әңгіме-кеңес, ораторлық сөз, сыр, зар, арман болып айтылады. Сөз, өлең қаншама кейіпкердің өз аузынан айтылса, соншама өткір, әсерлі болады. Оның некен-саяқ қарапайым сөздерінің сөйлемдерінің мүкіс-кемісі байқалмайды, кей реттерде жарасып та тұрады.

Жалпы алғанда, Сұлтанмахмұт шығармалары аз сөзді, терең мағналы; олардың тілі таза, нағыз әдеби, жалпыхалықтық тіл; сөз байламдары, сөйлем құрылыстары дәл, айқын. Соның үшін де ақын шығармалары Қазақстанның барлық жеріне бірдей түсінікті.

Тілдің негізгі сөздік қоры — жалпыхалықтық тілдің байырғы тұрақты негізі, жаңа сөздер туғызу, жаңа сөз тіркестерін жасау құралы; жалпыхалықтық тіл дегеніміз халықтың ғасырлар бойы жасаған, бұрынғы өткен ақын, жазушылар ұштаған тұрақты, жарасымды, әралуан сөз өрнектеріне, сөз тіркестеріне толы, бай тілдер.

Жазушы жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын, жалпыхалықтық тілдегі сөз тіркестерін пайдаланады; тек пайдаланып қоймайды, өз заманына, өз тұсында халық өмірінде болған жаңалықтарға сай байытады. Осыдан жазушы шығармасының тілін зерттегенде ең алдымен анықталуға тиісті мәселе — жазушының өз шығармаларында жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын қаншалықты, қалай пайдаланды деген мәселе болады.

Сұлтанмахмұт өз шығармаларында қазақ тілінің негізгі сөздік қорын қаншалықты, қалай пайдаланды деген сұрауға мұншалықты пайдаланды деп, нақты жауап беру қиын. Себебі бұл сұрауға нақты жауап беру үшін кейбір қажетті жағдай керек. Алдымен, қазақ тілінің тарихы, сөздіктері болуы қажет. Оқушыға мәлім, бізде олар әлі жасалып жеткен жоқ.

Сұлтанмахмұт өзінің шығармаларында қазақ тілінің негізгі сөздік қорын қабілеті жеткенше, көп, дұрыс, шебер пайдаланған, соның негізінде өзі бірсыпыра сөздер, сөйлемдер, идиома, синоним, ононим, метафора сөздер, сөйлемдер жасаған. Кейбір сөздерге жаңа, екінші түрлі, ауыспалы мағна берген. Олардың бір қатары былай болып келеді:

- 1) Қалқам, жаным, қарағым,
Бетіне келмес қарағым («Сымбатты сұлуға»).
- 2) Көріп жүрсем күндеймін,
Көрмей жүрсем түндеймін.
Қимақ түгіл жат жаннан
Көленкенді күндеймін («Жаңа қалқам»).
- 3) Жас жүрек қайда сенің ыстық қаның?
Тап мұндай мұздауыңның айтшы мәнін?
Тәтті үміттің қиялы сәуле беріп,
Ұйықтатпайтын толқынның жойдың бәрін («Жас жүрек»).
- 4) Сен ұмыт, сен деген бір саңырау көр,
Бар жоғыңды артқылар қылмас парық («Адасқан өмір»).
- 5) Әділдік ұлт деген сөз, дін деген сөз
Залымдық жем болуға қармағы үшін («Адасқан өмір»).
- 6) Не қазам кеп, қалармын ертең өліп,
Қартаймай, жас өлгенді жүрмін көріп («Адасқан өмір»).
- 7) Әділдік орнамасқа көзім жетті,
Дүниеден ет жейтуғын ауыз құрымай («Адасқан өмір»).
- 8) Бірақ бүгін ғылымның тапқандары
Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі,

- Азусыз қасқырларға азу болып,
Кой халын ауырлатты онан әрі («Адасқан өмір»).
- 9) Әкем, шешем, арғы атам есікте өткен,
Олардың да кеудесін есік тескен («Кедей»).
 - 10) Кеше шал келмеді ме қайыр сұрап,
Белі аспанда, көзі ірін, мүкіс құлақ («Кедей»).
 - 11) Байларға өгіз болып өту үшін,
Дүниеге шынымен ақ келгенім бе? («Кедей»).
 - 12) Қартайғанда қайыршы болу үшін,
Жастықта жұмыс жаншып, солу үшін,
Сол бейнетке тастауға тағы да ұрпақ,
Осы үшін жасаймын ба, айтшы кісім. («Кедей»).
 - 13) Бай болған кісілердің бәрі цыган («Кедей»).
 - 14) Кей жылы болып кетіп жұты қатты,
Аз малым ақ сүйек боп жерде жатты («Кедей»).
 - 15) Малым кедей болғанмен жаным биік.
Жүрегім жек көре алар және сүйіп («Кедей»).
 - 16) Бір сөзім бар шалдуар
Болмаса да тыншысы
Бұ күнде жоқ, соң туар,
Роман мен сыншысы («Кім жазықты?»).
 - 17) Аузы бұлды құдаға арқа сүйеп,
Жанғабыл енді алаңсыз билік құрар («Кім жазықты?»).
 - 18) Жүдеу бас, киімі кір, күтімі жоқ («Кім жазықты?»).
 - 19) Алмаған басында да Әжібай сүйіп,
Қосылған тек қазақтың ғұрпын киіп («Кім жазықты?»).
 - 20) Аппақайдан суынған, көңілі батпақ («Кім жазықты?»).
 - 21) Ұят-ай, малшы-құлшы, көрінгенге
Көп шашылды дегенде бет дуылдар («Кім жазықты?»).
 - 22) Неге десең жүрегі көшпелі оның,
Көрілікте махаббатқа болмас орын («Кім жазықты?»).
 - 23) Марқұм мен ауылнайлас Қарт деген бай.
Кісі еді аңқау, момын, әншейін жәй («Кім жазықты?»).
 - 24) Тыңдар ма айтты екен деп, өңшең құлқын («Кім жазықты?»)
 - 25) Келген достың бәрінің жүні жығық,
Баяғы күріл де жоқ дүниені алған («Кім жазықты?»).
 - 26) Өзіме өз обалым, өзіме сот
Демеймін мен сендерді адастырдың («Кім жазықты?»).
 - 27) Бермейді ұрып, үреу ешбір пайда...
Көнсең көндің, көнбесең жөнел, айда. («Кім жазықты?»).
 - 28) Зықышта сөйлер тіл жоқ, көңілі батпас («Кім жазықты?»).
 - 29) Шығарды желке беріп, шара бар ма?
Аты жоқ бұт көтерер байғұстардың («Кім жазықты?»).
 - 30) Қалмады ұл, қызының басы босы,
Жез үшін Әжібайдың қылғаны осы («Кім жазықты?»).
 - 31) Бұл іске күндестері әдіс алған;
Оларда баяғыдан ар жоқ қалған.
Ұрысып, шаштасудан жалықпайды,
Әйтеуір, тоным ғой деп суға малған («Кім жазықты?»).
 - 32) Бір жаңа шырай кірген денесіне («Кім жазықты?»).
 - 33) Аз өмірден азынша пайдаланбай,
Көкке қарау ісі екен ақымақтың («Адасқан өмір»).
 - 34) Байлардың көңілін тауып, басты пұл ғып,
Дінге, әдетке басымды иіп, шұлғып («Адасқан өмір»).
 - 35) Кімде түйме көп болса, тілін алып («Адасқан өмір»).

- 36) Бай, кедей, сау, кем-кетік — бәрі бір бәс («Адасқан өмір»).
- 37) Әкесі Жұмағұл бай болған болыс
Алтайдың бір саласын қылып қоныс.
Қажыға Тасболатпен бірге барған
Басталған сонан барып құда болыс («Кім жазықты?»).

Бұл тізімдегі асты сызылып көрсетілген сөздер мен сөйлемдер Сұлтанмахмұттан бұрынғы не ауыз әдебиетінде, не жеке ақын-жазушылардың шығармаларында, тіпті халықтың ауызша сөзінде бұлай айтылмайтын, сөйленбейтін. Бұларды тек Сұлтанмахмұт ғана осылай айтып, жазып, жаңаша қыйыстырып, жаңартып, жаңа мағнада, екінші түрлі мағнада қолданып отыр.

Мысалы, бұрынғы ауыз әдебиетінде, жеке ақын шығармаларында, жұрттың ауызша айтатын сөздерінде адам — жас жігіт, жасөспірім, бозбала, боздақ, азамат, жас азамат, ер азамат деп аталатын да, жас жүрек деп аталмайтын; тек Абай ғана бір жерде «Жас жүрек жайып саусағын» деп келтірген.

Сол сияқты, бұрын күн, ай, от, шам, лампа, жарық, сәуле береді, сәуле түсіреді, шашады деп айтатын да, қиял, тәтті үміттің қиялы сәуле береді деп айтпайтын; жеке кісі ажалым жетсе, өлім келсе, ажал келсе, күнім бітсе, рызығым таусылса деп сөйлейтін де, «қазам келсе» деп сөйлемейтін.

Бұрын қазақ бай, феодал, сәудегер, алыпсатар сияқты кісі қанаушыны, кісінің ақысын жеушіні қансорғыш, езуші, қанаушы, арам, жемқор деп айтар еді де, ет жейтін ауыз, азулы қасқыр деп, цыған, құлқын деп айтпас еді.

Би, болыс, ауылнай болған, аузы епті, өзі беделді болған адамды бұрын халық, ауыз әдебиеті, жеке ақындар шен-шекпен алған, әкім, ұлық болған деп келер еді. Түймелі, жезді, аузы бұлды деп, болыстық үшін дегенді жез үшін деп айтпайтын еді.

Қазақ бұрын байға ұзақ жылдар бойы жалданып жүрген адамды малай, малшы, жалшы деп, туа-туғаннан жалшы болып келеді, өмірі жалшылықта өтті деп айтар еді. Ал, байларға өгіз болды, кеудесін есік тесті, басын пұл қылды деп айтпайтын еді; мал бағып жүрген адамды малшы дер еді де, құлды, күн болып жүрген адамды құлшы демес еді.

Бұрын екі әйел төбелессе, ұрысты, жұлысты, бет тырнасты дер еді, шаштасты демес еді. Сол сияқты, біреуді біреу ұрып, ұрсып айдап қуып шықты дер еді, желке беріп қуып шықты демес еді.

Қазақ бұрын қартайған кісіні еңкейіп қалған, бүкірейіп, белі бүкірейіп қалған деп айтатын, белі аспанда деп айтпайтын; малым кедей деп айтпай, малға кедеймін, жаным биік деп айтпай, жаным бар кісімін. кісілігім бар деп айтатын;

малым ақсүйек болып жатыр деп айтпай, малым қырылып қалды, жұтап қалдым дер еді; көкке қарау деп айтпай, құдайға сену, тәңірден күту, соларға сүйену деп айтатын.

Қазақ біреуден бірденені сұрағанда айтшы қалқам, түсіндірші бауырым, мұның қалай азаматым, деп келетін. Ал, айтшы кісім, демейтін. Бұлай деп Сұлтанмахмұт ғана келтірген. Себебі оның лирикалық кейіпкері көбінесе бөгде, жат адамға, басқа тап: үстем, езуші тап өкілдеріне беттеп сөйлейді. Оларды «қалқам», «бауырым», «азаматым» деп, іштартып айта алмайды. Тек «кісім» деп айтуы мүмкін. Онысы өте орынды, жарасты.

Бұрын қазақ бірнеше затты қосарлап, теңестіріп, бәрі бір сияқты, бәрі бірдей деп айтпақ болса, бәрі бір бәс деп айтпайтын.

Бұрынғы әдебиеттерде, адамдар сөйлескенде жүдеу бас деп айтылмай, шүйке бас, жүдеу деп айтылатын; жүрегі көшпелі деп айтылмай, ол айнымалы, аумалы, тұрақсыз, опасыз, баянсыз, тиянақсыз деп айтылатын: көңіл батпақ деп айтылмай, көңілі қараңғы, көңілі жабырқаңқы, көңілі жүдеу деп айтылатын; денесіне шырай кірген деп айтылмай, бетіне, жүзіне шырай кірген деп айтылатын.

Ерте уақытта қазақ тілінде «ұлт» деген сөз «ұру» мағынасында қолданылатын; бір елдің қазағы екінші елдің қазағына кездескенде бірі-бірінен ұлтың кім деп сұрайтын. Ол Сұлтанмахмұтқа дейінгі жазба әдебиетте де солай қолданылып келді. Сұлтанмахмұт тұсындағы ақын, жазушылар, Сұлтанмахмұттың өзі де, әуелгі кезде, революцияға дейінгі шығармаларында ол сөзді сол мағынасында ұғып, «нация» деген ұғымды, сөзді татардың «миллет» деген сөзімен беріп, түсіндіріп жүрді. Тек революция тұсында жазған шығармаларында ғана олар «миллет» дегенді қойып, оның орнына «ұлт» деген сөзді алды; оны бұрынғы «ұру» мағынасында алмай, «нация» мағынасында алды.

Сұлтанмахмұт бір ретте «тыңдаушысы» деген сөзді «тыңшысы» деп алып, «сыншы» деген сөзбен ұйқастырған. Онысы орынсыз, өрескел, тілге басымшылық істеу болып шыққан. Сондықтан да ол сөз Сұлтанмахмұттың өз шығармаларында болсын, басқа ақын, жазушылардың шығармаларында болсын қайтып қолданылмаған.

Сұлтанмахмұттың онан басқа өзінше қыйыстырған сөздері мен сөйлемдері түгелдей орынды, жарасымды, көңілге қонымды, тілге жатық. Бәрі де қазақ тілінің сөз қоры негізінде, қазақ тілі грамматикасына, соның заңдарына дәл жасалған.

Сұлтанмахмұт әйтеуір жаңалық ашу керек деп, сөзді, сөйлемді беталды өзінше, жаңаша қыйыстыра бермеген. Жазып

отырған тақырыбы, халық өмірінде болған жаңалықтар қажет еткенде бұрынғы сөздерді шеберлікпен жаңартқан.

IV

Біз енді Сұлтанмахмұттың өз шығармаларында қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін қаншалықты, қалай пайдаланғанын, өзі қанша, қандай тұрақты сөз тіркестерін жасағанын, олардың қаншалықты заңды, жарасты екенін анықтауымыз керек.

Сұлтанмахмұт қазақ халқының ауыз әдебиетін, әсіресе мақал-мәтелін өте жоғары бағалаған:

Тілімде әдебиет жаныма азық,
Әм болардай көңілге наным, қазық.
Терең ойлар, дүниеге қарастар бар,
Кәнекей сынап, байқап, тапшы жазық? —

дейді.

Осыдан да болуға тиіс, Сұлтанмахмұт өз шығармаларында қазақ тіліндегі ғасырлар бойы жасалған сөз өрнектерін, халықтың мақал, мәтелдерін, ақындардың шешен, кесек, өлең сөздерін өте көп пайдаланған. Ол шығармаларында барлығы жүзге жуық мақал, мәтел, кесек, өлең сөздер қолданыпты.

Сұлтанмахмұтты қазақтың бұрынды-соңды ақын-жазушылары ішіндегі өз шығармаларында мақал-мәтелдерді ең көп қолданған жазушы деуге болады. Себебі, басқасын былай қойғанда, кейбір зерттеулер бойынша, қазақтың классик ақыны Абайдың өзі де шығармаларында тек елу шақты ғана халық мақал, мәтелін қолданған ғой.

Сұлтанмахмұттың шығармаларындағы мақал-мәтелдерді үш топқа бөлуге болады: 1) Қазақтың мақал, мәтелдері мен шешен, кесек сөздері; 2) Абайдың мәтелдері мен мақал сөз болып кеткен өлендері; 3) Орыс әдебиетінен келген мысал, мақал сөздер.

Сұлтанмахмұт өз шығармаларында барлығы жетпіс шақты қазақтың мақал-мәтелін қолданған. Олардың біразы мыналар:

1. Қыстайғы мал тезегі, қора сасық,
Қалпында тазартылмай қалды сасып.
Ілдебаймен «көш жүре түзелер» деп,
Қорадан көшті қазақ жабырласып («Көшу»).
2. Нас басқанды бит басқан,
Міне сұлу жұрт асқан («Сымбатты сұлуға»).
3. «Халық айтса хате айтпайды» деген сөзбен,
Танысқалы жазамын, естіп жұрттан («...ға»).
4. «Қыздың басы бес байтал» деген рас,
Сорлы қыз, әке сатса, малша көнбек («Жарқынбай»).
5. Тас түскен жеріне ауыр... («Жарқынбай»).

6. Қыз қылығынан («Қамар сұлу»).
7. Жақсыдан жаман туса,
Емі болмас,
Жаманнан жақсы туса,
Тені болмас («Қамар сұлу»).
8. Таң атпайын десе, күн қоймайды («К. С.»).
9. Тені келсе, тегін бер («К. С.»).
10. Суға кеткен тал қармайды («К. С.»).
11. Соқыр тауыққа бәрі бидай («К. С.»).
12. Құле кіріп, күңірене шығады («К. С.»).
13. Асын ішіп, текеметін тіледі («К. С.»).
14. Ит үреді, керуен көшеді («К. С.»).
15. Шығасыға несі басшы («К. С.»).
16. Айрап сұраған шелегін жасырмайды («К. С.»).
17. Алдыңғы арба қайда жүрсе,
сонғы арба сонан жүреді («К. С.»).
18. Бастан құлақ садаға («К. С.»).
19. Көп қорқытады, терең батырады («К. С.»).
20. Батырға да жан керек («К. С.»).
21. Ілгері басқан аяғы кейін кетеді («К. С.»).
22. Жердің үстімен келіп, астымен қайтады («К. С.»).
23. Қарғайын десем жалғызым («Кім жазықты?»).
24. Жесір ерден кетсе де, елден кетпес («Кім жазықты?»).
25. Салақтықты сыныққа сылтау қылып,
Әжібай сабаушы еді дүркін-дүркін («К. Ж.»).
26. Қорлыққа ұрлық түбі айналмас па? («К. Ж.»).
27. Жііркенсе, біз шақырып келдік пе деп,
Мінгізді неше түрлі ағаш атқа («К. Ж.»).
28. Бір жеген соқтасын ит қайта жеді («К. Ж.»).
29. Аузымен құс тістеген, құсқа жеткен («Айтсыз»).
30. Жас-жастың тілегі бір («...ға»).
31. Жарлының бір тойғаны шала байығаны («К. С.»).
32. Бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытбылдық («Жазғы қайғы»).
33. Айдаса жаудікі, ысқырса желдікі («Кім жазықты»).

Кейде Сұлтанмахмұт өлеңінің ұзын шумағын тұтас тек қазақ мақалдарынан қыйыстырады. Мысалы:

1. Заманың түлкі болса, тазы боп шал,
2. Қылышты соғып байқа өз саныңа,
Өз саның ауырмаса, біреуге сал.
3. Аспен ат, біреу таспен атса сені.
4. Мың сіз, бізден бір шыж-быж артық дейді.
5. Өз етігің тар болса,
дүниенің кеңдігінен көрмесің дәннені,
6. Торғай артық жердегі — қолындағы,
Ұшып жүрген тырнадан әуедегі.
7. Отқа жақ, алтын ерің атқа тисе.
8. Еңбек қыл да міндет қыл — деген еді.
9. Талаптан, нұр жауады талапты ерге.
10. Көрпене шақта, аяқты соза берме.
11. Басқа тұрсын, астындағы атын мен
Қойнындағы қатыныңа сенбе-сенбе —

— деп құрастырған.

Бұл үзіндіде көбінесе Сұлтанмахмұт қазақтың сөзін бастапқы қалпында, тұлғасын көп өзгертпей қолданған мақал,

мәтелдер келтірілді. Ол қазақ мақал, мәтелдерінің көбін осылай өз қалпында қолданған да, біразын өзінше өңдеп, өткірлеп алған. Мысалы:

1. Түйедейді көрмейді, түймедейді көреді деген мақалды:
Өзінің түйедей мінін көзі көрмей,
Біреудің түймедейін іздеп табар — деп келтірген. («Жарқынбай»).
2. Бәрекелде құлды өлтірер деген мақалды:
Деген бар: «бәрекелде құлды өлтірер»,
«Бәрекелде» мұнан соң кім тентірер,
Болғаным «бәрекелшіл» байға жақсы,
Бейнеттен басқа өзіме не келтірер — деп өңдеген («Кедей»).
3. Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін деген мақалды:
Малменен оқып жетіліп балалары,
Төре боп, ел билеп жүр олар бәрі,
Дәулеті өнер табуға жол даярлап,
Болса да аузы қисық, сөзі дәрі — деп өткірлеген («Кедей»).
4. Битке өкпелеп, тонынды отқа салма — деген мақалды:
Битке өкпелеп, құр тонынды отқа салмай,
Дүниеде тұра алғанша тұру керек — деп өзгерткен («Кедей»).
5. Әркімнің өз аузына қолы жақын — деген мақалды:
Әр кімнің өз аузына қолы жақын,
Бар законнен өзіне еркі мақұл.
Бәрінің де келеді «мен» болғысы
Оны күшпен жеңем деу бола ма ақыл — деп өңдеген
(«Адасқан өмір»).
6. Сегіз қырлы, бір сырлы деген мақалды:
Тоғыз қырлы, тоқсан сырлы деп келтірген («Қамар сұлу»).
7. Мылқаудың қолына түспе,
Саңыраудың астына түспе — деген мақалды:
Соқырдың қолына түспе,
Саңыраудың жолына түспе — деп алған («К. С.»).
8. Жалғыздың үні шықпас,
Жаяудың шаны шықпас — деген мақалды:
Жалғыз қаздың үні шықпас,
Жаяудың шаны шықпас — деп келтірген («К. С.»)
9. Арсыздың айты алты күн — деген мақалды:
Арсызға алты күн мейрам — деп алған («К. С.»).
10. Айран ішкен құтылды,
Шелек жалаған тұтылды — деген мақалды:
Тұтылып шелек жалап тамам нашар,
Әлділер құтылысты айран ішкен — деп қиыстырған
(«Кім жазықты?»).

Халықтың мақал, мәтелдерін, тағы басқа тұрақты сөз тіркестерін Сұлтанмахмұт бет-алды ала бермей, іріктеп, тандап, алған. Өзінің негізгі тақырыбына, ой-пікіріне сай келетін, саяси-әлеуметтік мәні бар мақал, мәтелдерді, өзі айтқандай, терең ойлы, халықтың, шығарған ортаның дүниеге көзқарасын, тұрмысын айқын білдіретін сөз тіркестерін алған және оларды орынды, келісті етіп қолданған, кей ретте заңды етіп, қазақ тілінің грамматикасына дәл етіп өзінше жөндеген.

Сұлтанмахмұт Абайдан барлығы 10—12 сөз тіркестерін алған. Олардың кейбіреуін Абайдікі екенін айтып, қалпын өз-

гертпей алған да, біразын өзгертіп, өзінше алған; тіпті оларды Абай сөзінің ізімен, ықпалымен өзі шығарған десе де болады. Мысалы:

1. Достына хал-қадарша жәрдемің сал,
«Дүние бос, махаббатсыз, мал секілді»
Деген сөзін Абайдың есіңе ал («Достыма ұмытпастық хат»).
2. Көңілі соқыр мастар тұр,
Атайын деп толтырған,
Қойындарында тастар тұр («Анау-мынау»).

Бұл Абайдың

- Заман ақыр жастары,
... Қойнына тыққан тастары — деген тармақтарының ізімен жазылған.
3. Аналыққа, жарасқан төстек кеуде
Қатарласа тік біткен қос алмасы

(«Қ... га сәлем»). Абайда:

- Тақтадай жауырыны бар, иығы тік,
Екі алма кеудесінде қисаймайды — делінген.
(«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»).
4. Күйеуі Күләйімнің теңі емес,
Теңі түгіл түзу қара адам да емес,
Сұлудың сырты бүтін, іші түтін,
Мұқаннан басқа бұл сырды адам білмес («Жарқынбай»).

Абайда бұл тізбек:

- Ішім толған у мен өрт, сыртым түрдей («Өлсем орным...»).
- Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші түтін — деп келеді.
(«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»)
5. Бір-бірі қара көздің хатын оқып,
Жүректің не айтарын оймен білген («Жарқынбай»).

Абай.

- Толқынын жүрегінің хаттай таныр — дейді.
(«Жігіттер ойын арзан...»).
6. Етімді сен сипаған құрттар жесін («Қамар сұлу»).

Абайда:

- Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға — делінген.
(«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында»).
7. Жасынан зейні алғыр, тілге шешен,
Қазақша қара сөзге ағып тұрған («Кім жазықты?»).

Абай:

- Жасынан түсін билеп сыр бермеген.
Дәмеленсе, күндесе білдірмеген («Онегиннің сипаты»).
- Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім... — дейді.
(«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»).
8. Буынып мықынынан, ырғақ басып,
Бой салмай шаруасына тиіп-қашып («Кім жазықты?»).

Абайда:

Мүшесінен буынып, басалы алшақ — делінген.
(«Адасқанның алды жөн»).

9. Үлгіге сөз патшасын сонан ізде («Айтыс»).

Абай:

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы...» — дейді.

10. Ер жеттім еркіндіктің сүтіп ішіп («Айтыс»).

М. Ю. Лермонтовтың Абай аударған «Теректың сыйы» деген әйгілі өлеңінде Терек:

«Кавказдай күзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін ішіп ержеткенмін» —

дейді.

Сұлтанмахмұт орыс әдебиетінен барлығы 6—7 сөз тіркестерін алған. Олардың да кейбіреулерін авторын көрсетіп, кейбіреулерін авторын көрсетпей, халық мақалы ретінде, өзінше алған.

Сұлтанмахмұттың орыс әдебиетінен алған сөз тіркестері деп отырғанымыздың төртеуі И. А. Крыловтың «Аққу, шортан әм шаян», «Ала қойлар», «Есек» деген басняларының аттары мен мазмұны, екеуі Сократ пен С. Я. Надсонның екі сөзі. Оларды ақын былай келтірген:

1. Бізде бар аққу, шортан, шаян халқы
Біздің іс бүйтуменен еш оңбайды («Талаптыларға»).
2. Крыловтың баснядағы есегіндей,
Үстінде алтын болғанды қылып желік («Адасқан өмір»).
3. Ақыл мен ала қойды көбейтуге
Қойшы боп аю менен қасқыр баққан («Айтыс»).
4. Кімде кім бостандыққа болса жерік,
«Бүкіл халық үшін» деп іздесе ерік,
Көп қойды қасқыр бақпай, иесі бақса,
Тізгінін бермейтұғын кім бар сеніп («Өң бе, түс пе?»).
5. «Адам құл, өзін жеңіп ұстамаған»
Деген бір Сократтың бар нақылы («Ендігі бет алыс»)
6. Надсонның айтқанындай: «Жауыз жолмен
Жүре алмай дымы құрыр онан әрі,
Талған күш, ауырған жан, қиналған тән,
Дертіне жақындықты етер дәрі («Адасқан өмір»).

Сұлтанмахмұт қазақтың мақал-мәтелдерін, пайдаланып қоймай, солардың негізінде өзі жаңа сөз тіркестерін, мақал, мәтел, нақыл болып айтыларлықтай етіп келісті сөз құрамдарын жасаған. Біздіңше оның мына өлең шумақтары мақал-мәтел боларлық шумақтар:

1. Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда («Ендігі бет алыс»).
2. Жақсылық көрсем өзімнен,
Жамандық көрсем өзімнен.
«Тағдыр қылды» дәулерді,
Шығарамын сөзімнен («Жақсылық көрсем...»).

3. Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп («Бір адамға»).
4. Дүние бәрі у екен,
Мені алдаған қу скен («Лағнат бұлты шартылдап»).
5. Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрем деп,
Жасаймын бір қолқабыс
Кейінгіге берем деп («Неге жасаймын?»).
6. Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма?
Оны жасырар адамның күші бар ма?
Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен,
Көрсетпейтін жүректің іші бар ма? («Адасқан өмір»).
7. Жоғалсын бұл сенікі, менікілік,
Осы ғой адамзатты қырған індет («А. Ө.»).
8. Туысында еріксіз жер құрттары,
Жерге кірмей қоймайды жылай-жылай («А. Ө.»).
9. Әділдік орнамасқа көзім жетті,
Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай («А. Ө.»).
10. Бұл күнде ұйқы, тамақ, қайғы жолдас,
Мұндай өмір ешкімге қызық болмас («А. Ө.»).
11. Ілемін деп жүріп ілігіп кетті («Қамар сұлу»).
12. Қасқырдам қайрат кетсе, ешкіні апа қалады («К. С.»).
13. Бишараны шын досқа санап едім,
Ол үшін оқ астына барар едім.
Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз.
Қорықпай-ақ жалғыз жақта қалар едім («А. Ө.»).

Сұлтанмахмұттың мақал, мәтел боларлық осы және басқа осылар сияқты шумақтары оның шеберлігін, кесек ой, өткір сөз тапқыштығын көрсетеді.

Сонымен, Сұлтанмахмұт өз шығармаларында халық мақалдарын, өзінен бұрынғы ақындар жасаған келісті сөз тіркестерін көп және орынды, ұстартып қолданған. Өзі де жаңа сөз тіркестерін жасаған. Сұлтанмахмұт қолданған халықтың, бұрынғы ақындардың сөз тіркестері болсын, өзі жасаған сөз тіркестері болсын оның еңбекші бұқара жыршысы екенін айқын сыйпаттайды.

V

Жазушы өз шығармаларында жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын, жалпыхалықтық тілдегі мақал, мәтел, шешен, кесек сөз тіркестерін пайдалану, ұстартумен бірге, тілдің сөздік құрамын да пайдаланады, байытады. Оған заманында болған саяси-шаруашылық, ғылыми-мәдени өзгеріс-жаңалықтарға сай, солар туғызған жаңа сөздерді енгізеді.

Сондықтан жазушы шығармасының тілін зерттегенде айқындалуға тиісті тағы бір мәселе — жазушы жалпыхалықтық тілдің сөздік құрамын қаншалықты пайдаланды, оған қайдан, қанша, қандай жаңа сөздер енгізді, олары қаншалықты орынды деген мәселе. Соған лайық, біз енді Сұлтанмахмұт

қазақ тілінің сөз құрамын қаншалықты пайдаланды, оған қанша, қандай жаңа сөздер енгізді, олары қаншалықты орынды, жарасты болды деген сұрауларға жауап береміз.

Сұлтанмахмұт тұсында қазақ қауымы ортасында қазақтың өз әдеби тілінен басқа арап, фарсы, татар, діни кітаптар тілі негізінде шыққан жаргон, диалекті бар еді; бұлардың басқа ақын-жазушылармен қатар Сұлтанмахмұтқа да әсері тиді. Ол, арап, фарсы, татар, діни кітаптар тілінің Сұлтанмахмұтқа тигізген әсері ақын шығармаларының тілінен, оның қазақ халқы әдеби тілінің сөз құрамына енгізген жаңа сөздерінен аңғарылады.

Сұлтанмахмұт өз шығармаларында діни кітаптан, арап, фарсы, татар тілінен енген сөздердің алпыс шақтысын қолданған. Мысалы, хашия, мантық, хатымкөр, мүрид, хадим, жәдит, тараққи, жаһалат, батил, әбірет; мәжуж, нығмет, зіл-зала, руши, иғдади, синіф, медресе, хекмет, кәусар, балығ, назым, ғарасат, рисала, деғдар, микробы, пітнә, ғарип, шаһыбаз, туказзибен, хашарат, абжат, ағзам, суре, тәкбір, үсұлы, тәғлым, күластил, масилін, құлһуалла... Бұлардың кейбіреулері өлең тіркестеріне былай кірістірілген:

1. Оқуда мақсат не? Медреседе жату ма?

Ескі нұсқа, бақастарды татуға:

Қанша жыл хишия мен мантық шайнап,
Керілдесіп, шатуға («Оқуда мақсат не?»).

2. Мынау жерде хадим тұр,

Қарқарада жаны тұр («Анау-мынау»).

3. Ұмтылып, ілгері аяқ басқан қандай?

Пән оқып, тараққиға асқан қандай?

... Өнерге іші-тысы толған қандай?

Ішінде жаһалаттың қалған қандай? («Қандай?»).

4. «Әншейін-ақ қасына суре танитын сопысымақ сұмырай-ларды жинап алған, қырық мәртебе ясин шулатып шыққызып, әр шыққан сайын түрекеліп, азан, тәкбір айтып отырады» («Қамар сұлу»).

Осы сияқты, Сұлтанмахмұт шығармаларында бірсыпыра татар сөздерін де қолданған. Санап көрсеткенде, татардың бәліш, міллет, бек, тауфиқ, дауам, шат, зинһар, хикая, ғапу, жамағат, матбуғат — деген сөздерін алған. Бұлардың бірді-екілісін өлең тіркесіне былай қиыстырған:

1. Біз де басты көтерсек,

Қала бермей таптауда.

Рахат өмір жасауға,

Бәліш болмай асауға («Оқудағы мақсат не?»).

2. Ағызбаған тер қоймай мінген аттан,

Ол қоянды қуғанда талай шаттан («Кедей»).

Айта берсең, Сұлтанмахмұт бір өлеңінің ұзын бір шумағын түгелдей татар тілінің нормасымен, ықпалымен құраған. Мысалы:

Төр алдында мырзалар,
 Көп мақтаса ырзалар.
 Міллет десе түксіп,
 Сайлау десе қызбалар.
 Босағада нашарлар,
 Одан әркім қашарлар.
 Көзін сатып, телміріп.
 Кәсіп қылмай жасарлар.
 Бай несие берді деп
 Мені жақсы көрді деп,
 Обь пен Нилдей тасарлар.
 Бір, екі, үш ай өтпестен,
 Жыл уағы жетпестен,
 Борыш басын басарлар («Анау-мынау»).

Мұндағы, асты сызылып көрсетілген сөздердегі «лар» жалғаулары қазақ тілінің нормасы емес, қазақ тілінде бұлай, есімшенің үшінші жағынан кейін көптік жалғау жалғанбайды: «Қашады», «жасайды», «тасады», «сасады» болып келеді. Есімшенің үшінші жағынан кейін көптік жалғау жалғану қазақ тілінен басқа бірқатар түрік тектес тілдердің, әсіресе татар тілінің нормасы.

Бір қызығы: Сұлтанмахмұт алғашқы, өз аулында жүрген кездегі (1907—1911 жылдары) жазған шығармасында араб, фарсы, татар сөздерін қолданбаған. Ол араб, фарсы, татар сөздерін көбінесе өмірінің екінші кезеңінде, Троицкіде болған кезінде (1912—1914 жылдарда) жазған шығармасында қолданған. Әлгі келтірілген араб, фарсы, татар сөздері түгелдей оның осы дәуірде жазған шығармаларында кездеседі.

Мұны Сұлтанмахмұттың біраз уақыт бұрынғы кейбір ақындарға еліктеуі, кітап сөзіне әуестенуі деуге болады. Бұл еліктеу, әуестенуінің хате екенін Сұлтанмахмұт тез аңғарды. Сонан кейінгі дәуірлерде (1915—1920 жылдары) жазған шығармаларында ол араб, фарсы, татар сөздерін қолданған жоқ.

Мысалы, ол 1913—1914 жылдары жазған «Қамар сұлу» романында жыйырмаға жуық араб, фарсы сөздерін қолданса, соның артынша, 1914—1915 жылдары жазған «Кім жазықты?» романында бірді-екілі ғана араб, фарсы сөздерін қолданған. Онан кейінгі шығармаларында бір де бір араб, фарсы сөздері кездеспейді.

Сұлтанмахмұт қазақ тілінің сөздік құрамын көбіне орыс тіліндегі сөздер, саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық, ғылыми-техникалық атаулар арқылы байытуға тырысқан. Яғни ол өз шығармаларында орысша сөздерді көп қолданған.

Мұның ішінде 23 сөз (самород, прошение, штык, гулять, князь, уезд, адвокат, съезд, начальник, школа, ярмарка, ноль, доктор, закон, газета, знак, роман, форма, тағы басқа біраз сөздер) қазақ тіліне Сұлтанмахмұттан бұрын Абай енгізген

сөздер. Қалған 107 сөз қазақ тіліне тек Сұлтанмахмұт кіргізген сөздер. Мысалы, Сұлтанмахмұт өз шығармаларында орыс тілінен мына сөздерді кірістірген:

Автономия, аэроплан, агроном, атом, август, басня, билет, больница, винт, вексель, география, гимназия, газ, город, гений, гир, галош, дурак, жулик, журнал, жалования, заграница, завод, история, идея, идеалист, капитал, капиталист, квартира, книга, конвой, кандидат, конверт, машина, магнит, медаль, мода, миссионер, минута, миллион, нефть, номер, окружной, отказ, очки, офицер, пушка, пулемет, подвал, правитель, полиция, почта, пристав, пароход, поезд, пожалуйста, портсигар, паразит, план, память, планета, палата, пальто, портфель, пар, папа, покров, революция, редакция, социализм, социалист, стол, семинария, солдат, стипендия, телеграф, телефон, талант, техника, урядник, указ, учитель, флот, фальш, философ, фельдшер, фельетон, фабрика, хозяйн, ход, царь, цифр, цыган, чехотка, шар, шляпа, экватор, электр.

Сұлтанмахмұт орыс тілі арқылы алған сөздерінің біразын өлең тармағына былай кірістірген:

1. Барлық бақыт, талабым,
Цифры жок, сенси́з, ноль («Жанқалқам»).
2. Бұл памя́тым, ал еске,
Жүрегі́м сі́зден көшпеске («Орамалға»).
3. Дүниенің дөңгелегі айналады,
Кім үстінде голайттап, жинналады.
... Жасаулы, зениттеулі палатада,
Қызметкер даяр қылар керек асын...
Жұма сайын бір модалы киім киер,
Сән-сауықтың бәрі де табылады («Осы да әділдік пе?»).
4. Өнерлі ел бар мұқтажын жерден ембек
Өнер мен техникалы жұмсап енбек («Оқу»).
5. Қазаққа басшымыз дер шляпалар,
Очки сап, портфель ұстап жүрген жандар («Қандай басшы»).
6. Россиядан паразиттер арылғанда,
Қазақты басып жатқан қандай індет («Өң бе, түс пе?»).
7. Кімде түйме көп болса, тілін алып,
Оларға пальто әперіп, галош салып («Адасқан өмір»).
8. Соғыс болса, жауғандай көктен алтын,
Капиталист, байларға әдейі арнап («А. Ө.»).
9. Папа мен ферғауыннан қадыр кетпек,
Өзі үшін тап өзінен басқа құдай.
Жоғына зр адамның көзі жетпек («А. Ө.»).
10. Атақты чиновниктің баласынан,
Аз көрдім стипендия артылғанын...
Пайда етуге агроном болсан тағы,
Бұл ісін кедейге сор, байдың бағы («А. Ө.»).
11. Адамдағы күш, қуат, тапқыш талант,
Гүл шашпай, жеміс бермей қалу болмас («А. Ө.»).
12. Ақыл, ой, адамдыктан мүлде безіп,
Бас кесер машина боп тұрмақ үшін («А. Ө.»).
13. Не болар бәрін көрген көз топырағым,

- Топырағы миымның, білегімнің
 Тозған жердің атомы күлдей ұшып,
 Жүргенде әлдеқайда барып түсіп («А. Ө.»).
14. Мәз болмай, Жақанға еріп, ішер асқа,
 Жасы жас, семинарияға былтыр кірген,
 Өтірік «приговор» мен толды жасқа («Кім жазықты?»).
 15. Сол жылы шардан қалып ыза болып,
 Школға беріп еді Әжібайды-ау («К. Ж.»).
 16. Уезге заграницаға қашты деген,
 Біледі жұрттың бәрі, таксыр деген («К. Ж.»).
 17. Ақырда адвокаттар жөнін тауып,
 Істерін окружной сот отказ етті («К. Ж.»).
 18. Роман деуге болад мұның өзі,
 Фельетон тәртібінше әрбір сөзі («Зарландым»).
 19. «Адам баласының ауыр күн көрістен құтылуына себеп болатын Ев-
 ропадағы ғылымды мен екі жікке айырып ұғам:
 бірі — дене азығы, бірі — ар азығы. Дене азығы дегеніміз... пара-
 ход, отарба телеграф, телефон, ұшатын аэроплан, көліксіз
 электр, яки пар қуатымен жұмыс атқаратын машина... Ар азығы
 дегеніміз — әділдік («Социализм»).
 20. История, география пәнді білмей
 Оллаһи тірі болып жүрмеспін мен («Өмірімнің уәдесі»).

Сұлтанмахмұт шығармаларында қолданылған бұл орыс-ша, халықаралық сөздер мен атаулардың көпшілігі бұрын қазақ тілінде жоқ, қазақ тілінде басқаша айтылуы мүмкін емес, қазақшылағанда мағнасы бұзылып кететін, күлкі болып шығатын сөздер мен атаулар. Сондықтан да ақын оларды сол өз қалпы, өз мағнасында алған. Онысы тіпті орынды.

Ал, бірсыпыра сөздер мен атаулар қазақшылауға келетін, қазақ тілінде теңеуі бар сөздер мен атаулар. Жазушы оларды өз қалпында, өз мағнасында алып, бір жағынан, сөз етіп отырған объектін сықак, күлкі ету үшін қолданады да, екінші жағынан, жаңа, екінші түрлі мағна беру үшін пайдаланады.

Бұл жөнінде бір ғана «учитель» деген сөзді алайық. Ол заманда балаларға діни сабақтар беретін молламен, дүниетану ғылымдарын оқытатын мұғалымдармен қатар орыс тілін үйрететін пәндік ғылымдарды орыс тілінде оқытатын оқытушылар да бар еді. Бұларды жазушы молла, мұғалім деп алса, онысы үлкен хате болған болар еді. Содан жазушы, қазақ тілі шет сөздермен шұбарланып кетеді деп қорықпай, әлгі орыс тілін үйретуші, пәндік ғылымдарды орыс тілінде оқытушы деген мағнаны беру, аңғарту үшін учитель деген сөзді қолданады.

Басқаша айтқанда, Сұлтанмахмұт шығармаларында қолданылған орысша, халықаралық сөздер мен атаулардың бәрі де өте қажетті атаулар. Олар өте орынды, қазақ тілінің нормасына сыйымды, дәл қолданылған. Осыдан бұл сөздер қазақ тіліне сіңісіп кетті.

Орысша сөздерді Сұлтанмахмұт өз шығармаларында бұ-

рынғы және өз кезіндегі қазақ ақын-жазушыларының бәрінен көп қолданған. Бұл, бір жағынан, Сұлтанмахмұт тұсында қазақ халқы мен орыс халқының тұрмыс, мәдениет жағынан болсын, саяси-шаруашылық жағынан болсын байланысынын мықтап нығайғанын, олардың өмірінің мүлде араласып кеткенін көрсетеді, екінші жағынан, Сұлтанмахмұттың қазақтың әдеби тілінің орыстың тіл мәдениетінің ықпалымен, соның бай сөздік қорын, сөздік құрамын көп алу жолымен дамуға тиіс екенін және мұның қай жағынан болсын қажетті, пайдалы екенін айқын аңғарғанын сыйпаттайды.

Сұлтанмахмұт орыс тілінен көбінесе саяси-өндірістік, мәдени-шаруашылық, ғылыми-техникалық сөздерді алған. Бұл ақын шығармаларының алуан тақырыптылығын, оның саяси мәселелерді, замандағы қазақ өмірінің күрделі, көкейтесті мәселелерін сөз еткенін дәлелдейді.

VI

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының тілін зерттеуден мынадай жағдайлар айқын аңғарылады: ақын шығармаларында қазақ халқының жалпыхалықтық әдеби тіліндегі қарапайым сөздерді, қазақ кедейінің тұрмыс-тіршілігінде көп ұшырайтын, қызмет, кәсіп жайын, білім дәрежесін дәл бейнелейтін сөздерді көп қолданған; оның шығармалары қазақтың таза, әдеби тілінде жазылған, жазушының тілі, сөз қисыны, сөйлем құрылысы жатық, айқын, бұқараға түсінікті болып келеді.

Сұлтанмахмұт өз шығармаларында қазақ тілінің сөздік қорын, сөздік құрамын, қазақ тіліндегі бұрынды-соңды жасалған жарасты сөз тіркестерін әлінше мол, орынды пайдаланған, заманындағы саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық жағдайларға, жырлаған тақырыбына сай оларды көп ретте байытып, өңдеп, ұстартып отырған; жазушының ол байыту, ұстартулары заңды, жарасты және халыққа ұғымды.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тіл, стилінен (қолданған атаулары мен сөздерінен, өзі ұстартқан сөйлемдері мен сөз тіркестерінен) қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы және революция жылдарындағы өмірінің шындығы, бектік-феодалдық, капиталистік оғарлық қанаулар азабы арқасына әбден батып, ашынған, әлі революцияны еміс-еміс аңғарып, толықсып жүрген қазақ кедейінің жай-күйі, мұң-тілегі, ой-түсінігі айқын көрінеді. Басқа сөзбен айтқанда, Сұлтанмахмұттың тіл, стилінен ақын шығармаларының екі қасиеті: реалистігі мен халықтығы айқын сезіледі.

СҰЛТАНМАХМҰТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Өлеңнің құрылысы көбінесе екі жағынан, біріншіден, қисыны: өлшемі, шумағы, ұйқасы жағынан; екіншіден, өрнегі теңеуі, салыстыруы, суреттеуі жағынан талданады. Біз Сұлтанмахмұт өлеңдерінің құрылысын да осы тұрғыдан шолып өтеміз.

Абай қазақ халқының ертедегі, өзінен бұрынғы өлеңдерінің түр-үлгілерін: өлшемін, шумағын, ұйқасын түгел, сарқа пайдаланды. Оларды пайдаланып және орыс ақындарынан үйреніп, өз өлеңдерінің шумағын, ұйқасын түрлендірді: көптеген жаңа үлгілер шығарды; сол арқылы қазақ өлеңінің құрылысын ұстартты, ілгері дамытты.

Сұлтанмахмұт Абайдың қазақ өлеңдерінің құрылысына енгізген жаңа үлгілерін өте жоғары бағалады, нағыз өлең деп Абай өлеңдерін ғана білді. Сөйтіп ол өз өлеңдерінің көпшілігінде қазақтың ежелгі қарапайым өлең-жырларының өлшем, ұйқастарын қолдана отырып, Абайдың да біраз үлгісін пайдаланған.

Сұлтанмахмұттың 107 өлеңінен 68 өлеңі қара өлең өлшем-ұйқастарымен, 32 өлеңі жыр-толғау, тақпақ өлшем-ұйқастарымен, 7 өлең аралас өлшеммен жазылған.

Жалпы алғанда, Сұлтанмахмұт алғашқы, 1907—1912 жылдар арасындағы өлеңдерін қазақтың бұрынғы өлең үлгілерімен қиыстырып жазуға тырысқан. Бұл кездегі оның өлеңдерінің бәрі дерлік бірыңғай, қара өлең, жыр үлгілермен берілген.

Ал, мұнан кейінгі дәуірде, 1912—1920 жылдар арасында жазған шығармаларында, шумақ, өлшем жөнінен болсын, ұйқастық жөнінен болсын Сұлтанмахмұттың өлеңдерін әлінше еркін құруға, Абай үлгілерін қолдануға, өзі жаңа үлгілер табуға тырысқанын көреміз: мұнда ақын өлеңдерінің шумағы да, өлшемі де, ұйқасы да айнымалы, әртүрлі болып отырған.

Бұл кезде Сұлтанмахмұт бір өлеңінің шумағын бірнеше түрлі етіп жазған. Мысалы, оның «Кедей», «Адасқан өмір» деген поэмаларының шумақтары әр жерде әр түрлі болып шыққан. Автордың айтайын деген ойына қарай ол кейде 4, 6 тармақ, кейде 10, 14 тармақ, кейде 20, 30 тармақ болып келеді.

Осы сияқты, бұл поэмалардың ұйқастары да бастан аяқ бірыңғай болмай, автордың ойына, айтайын деген пікіріне қарай өзгеріп, әртүрлі еркін ұйқаспен тізіледі.

Мұның үстіне, Сұлтанмахмұт Абайдың да кейбір үлгісін қолданды. Мысалы, ол Абайдың алты тармақты «Қор болды жаным» деген өлеңінің үлгісін алып, өлеңін «Алты аяқ» деп атаған (оны біз бір еңбегімізде Сұлтанмахмұттың өзі шығар-

ған үлгі деген едік, онымыз хате). Ол өлеңнің өлшемі, ұйқасы былай болып келеді:

8
Тұңғық түпсіз ашулы, а
7
Асау теңіз толқыған, б
8
Бойымды топырақ басулы, а
7
Жүре алмаймын жол тұман б
8
Теңізден қайтып өтермін, в
7
Түссем батып кетермін. в

Сұлтанмахмұт осы үлгімен тағы үш өлең жазған. Олар: «Шәкірт ойы», «Сымбатты сұлуға», «Дүниедегі қызықтың бәрі де арам мен үшін» деген өлеңдер. Бірақ Сұлтанмахмұттың бұл өлеңдерінің қай қайсысының да өлшемі Абай өлеңінің («Қор болды жанымның») өлшемінен басқа. Абай өлеңі 5—7—6 буынды болса, Сұлтанмахмұт өлеңдері 7—8, 8—11—7 буынды.

Сұлтанмахмұт Абайдан көріп, бұрынғы жырларда кездесетін бес аяқты, айнымалы ұйқастар ізімен екі түрлі өлең үлгісін шығарды. Олар: «Мейірімсіз ажал», «Неге жасаймын?» деген өлеңдері. «Мейірімсіз ажал» былай қиыстырылған:

Көңілге қайғы у салып, а
Көзден жасты парлатқан б
Жүрекке жара дақ салып, а
Жанды ашытып зарлатқан, б
Уыты күшті ажал-ай! в
Дегеніне жеткізбей, г
Қанатын ұзын қайырған, д
Ойдағысын өткізбей, г
Бірді — бірден айырған д
Мейірсіз, шіркін, ажал-ай! в

Жоғарыдағы Абай үлгісімен жазған өлеңін өзі «Алты аяқ» деп атағанына қарап, Сұлтанмахмұттың бұл өлеңін «Бес аяқ» деп атаса да болады. Ал, Сұлтанмахмұттың «Неге жасаймын?» деген өлеңі былай болып келеді.

Сусыз, шетсіз шөлдерден, а
Тұманды түпсіз көлдерден, а
Адамдық кеші өткенше, б
Қасқыр мен қой дос болып, в
Достықсыз өмір бос болып, в
Шын өмірге жеткенше, б
Іштен өсіп адамдық, г
Сырттан түлеп жамандық, г
Тазарып әбден кеткенше б
Талай шаштар ағарар, д
Талай тәнді жер алар, д

Талай буын қуарар,	д
Талай өмір суалар,	д
Жасаймын еңбектің	е
Жемісін көзбен көрем деп,	ж
Жасаймын бір қолқабыс,	з
Кейінгіге берем деп.	ж

Бұл әрі күрделі, әрі келісті ұйқас. 17 тармақ, бірақ тармағы сонша көп болса да, ұйқасы келісті болғандықтан мағнасы түйдек, айқын болып отыр.

Сонымен, біріншіден, Сұлтанмахмұт өлеңдерінің шумағы мен ұйқасы кейбір жағдайда айнымалы, аралас: автордың айтайын деген ой-пікіріне қарай түрлі-түрлі болып келеді. Екіншіден, ақын Абай үлгілерінің ізімен 6 өлең ұйқастырған. Олар: «Алты аяқ», «Шәкірт ойы», «Сымбатты сұлуға», «Неге жасаймын», «Дүниедегі қызықтың бәрі де арам мен үшін», «Мейірімсіз ажал».

Сұлтанмахмұттың өлеңдері — өткір тілді, көркем суретті. Онда адам өмірінің, болмыстың дәл, дағдылы, көңілге қонымды сурет-картиналары, көріністері, лирикалық кейіпкердің дүниедегі түйгені, алған әсері, кісі образдары кестелі, сырлы, жарқын сөздермен беріледі. Олардың көбін біз ақын шығармаларының тілі туралы бөлімде келтірдік. Бұл жерде тек кейбіреулерін ғана көрсетіп өтеміз.

Сұлтанмахмұт бірқатар өлеңдерінде жылдың кейбір мезгілдеріндегі түннің, түнгі ауылдың келісті суреттерін көрсетеді. Ол «Мұңдылардың жолыққаны» деген өлеңінде жазғы түндегі аспанды суреттеп, орынды теңеу, салыстыру арқылы мынадай картина жасайды:

Жаралған қалай ғажап мынау аспан?
Қаз бауыр, ақ торғындай бұлт шашқан,
Жалтырап гауһар тастай көкте жұлдыз,
Қараған мұңдылардың көңілін ашқан.
Толқиды шөп бастары соққан желмен,
Айдағы нұрын шашты шығып белден,
Желменен еміс-еміс естіледі
Дауысы төбеттердің үрген елден.

Осы сияқты, Сұлтанмахмұт «Қедей» поэмасының бір жерінде күзгі түнді жақсы суреттейді; бір шумақ өлеңмен күзгі түннің, күзгі түнде ұйықтап жатқан ауылдың, итпен бірге мал күзеткен қойшының күй-жайын бейнелейді.

Күзгі түн, шөптің басын қырау көмген,
Бізғар шашып, бұлт мынау жерге төнген.
Қараңғы, итпен бірге қой күзетіп,
Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген —

дейді ол.

Сұлтанмахмұт бірсыпыра өлеңдерінде, кейбір поэмаларының әр жерінде Сарыарқаның, табиғат құбылыстарының бей-

несін шебер жасайды. Оны да алуан-алуан айқындау, шендестіру, меңзеу арқылы өте келісті, көркем етіп келтіреді. Мысалы, ол «Айтыс» поэмасының бір жерінде Сарыарқаны, жазғы даланы былай суреттеген:

Көк күмбездің астында көк масаты,
Сәулемен алтынданған сары белім.
Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс,
Исі аңқып, бетім сүйген самал желім...

Әсем сурет! Ақын аспанды көк күмбезге, көк басқан даланы көк масатыға, күн сәулесін алтынға орынды теңеп, «көк» деген айқындауды бір тармақта екі жерде әсерлі қолданған. Сөйтіп, ол Сарыарқаның дағдылы суретін көзге айқын елестетіп отыр.

«Кім жазықты?» романында ақын көктемді, көктемдегі сұлу көріністерді былай суреттейді:

Жиырма тоғызы міне апрельдің
Көк торғын жамылғаны қара жердің...
Кішіні ағаштар да жасыл тонын
Жоғалған жер жүзінен қысқы көрік...
Жасыл шөп, көз жасындай, аққан бұлақ,
Бассаң да қай жерге аяқ, жүрген жолың...
Дүниеге күннің көзі күле қарап,
Майда жел табиғатты сүйіп, жалап...
Көркіне табиғаттын көңілі босап,
Көл қылған көз жастарын терең сайлар...

Мұнда ақын жер көк торғын жамылды, ағаш көк тонын киді дей келіп, табиғат құбылыстарын адам әрекетіне ауыстырып, жер мен ағашты сәнденген, жасанған адамның бейнесіне ұқсатады. Осы сияқты, ақын бұлақтың суын адамның көз жасына, қар, мұздың еруін адам көңілінің босауына, күннің жылуын адамның күле шырайлануына теңейді.

Сұлтанмахмұттың өлеңдерінде осы үзінділерде кездесіп отырған сияқты айқындау, теңеу, көріктеулер көп ұшырайды. Мұнысы өте орынды, өте шебер қолданылған.

Осыған байланысты, Сұлтанмахмұтты жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын, ауылдың, даланың әр кездегі қалпын суреттеуге шебер, жарасымды пейзаж, картина жасауды жақсы білетін ақын деуге болады. Бұл тұрғыдан ол Европа жұрттарының табиғат көріністерін шебер суреттейтін лирик ақын-жазушылары қатарында тұрады десек артық болмайды.

Сұлтанмахмұт бірқатар өлеңдерінде адамның күй-қалпын, мінез-қылығын суреттейді. Ол табиғатты суреттегенде оның жеке құбылыс-көрінісін адам қалпына, адамның мінез-құлқына ұқсатса, адамның қалпын, мінез-қылығын, ісін суреттегенде оны көбіне табиғат құбылыстарына теңейді. Сөйтіп, табиғат құбылыстарын шебер суреттегені сияқты, адам мінездерін де әдемі бейнелейді.

Мысалы, ол «Жан қалқам» деген өлеңінде ғашық жастың махаббатын, көңіл күйін, сүйген қызын, оның көркін, қылығын былай береді:

... Бір қараумен еритесін
Жүректің суық мұздарын,
Бір күлумен серпесін,
Тағдырдың суық ызғарын.
Көріп жүрсем күндеймін;
Қөрмей жүрсем түндеймін.
Қимақ тұрсын, жат **жаннап**
Көлеңкенді күндеймін.
Сені көріп тұрғанда
Күн мен жұлдыз, ай да жоқ...
Бәрі сенің бір өзін
Күн, ай, жұлдыз дәл көзің...

Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір» поэмасында адамның өмірін: «мен бала», «мен жігіт», «мен тоқтадым», «мен кәрі», «мен өлік» деген түрлі кезеңге бөліп, соны тегіс суреттеп шығады. Ол адам өмірін бастан-аяқ өте орынды, көңілге қонымды етіп береді; өмірдің әлгі айтылған кезеңдерінде әр адамның бойында болатын мінез-қылықты, хал-жайды, ой-хиялды дәл, өте шебер көрсетеді.

Мысалы, ол адамның сәби шарын былай қиыстырған:

Мен сәби, мейірімді ана құшағында,
Ақ мамасын сүйемін, құшамын да.
Алтын ана жек көрер шамасы жоқ;
Былғанам ба, мейлі құсамын ба?
Мен — ұжмақ періштесі, көңлім таза,
Қандай нәрсе, білмеймін: бәле, қаза;
Еркімнің ұйғарғанын істеуіме,
Ұғынбаймын ешкімнен бар деп жаза;
Қастық деген не нәрсе! — көрінген дос;
Қайғы деген не нәрсе! — көңілім хош;
Алдау, күндеу, айла не? — мен білмеймін;
Жүрегімде түгкір жоқ сүюден бос.

Осы сияқты, Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу», «Кім жақты?» романдары мен «Кедей» поэмасында да ақынның өз заманындағы бірсыпыра жақсы жасалған адам бейнелері бар. Мысалы, Қамар мен Аппақай — қазақтың оқыған, ұстамды, ақылды, көрікті қыздарының бейнесі; Нұрым, Тасболат — қазақтың алаяқ, қу, өз құлқыны үшін ешнәрседен тайынбайтын, ірі бай-феодалдарының бейнесі; Әжібай — ерке өсіп, есер болған, шала оқып, қала мәдениетінің жаман жағын ұққан, атаның бақ, дәулеті арқасында ел арасын бүлдіріп, билеуші болып жүрген болыстың бейнесі. Бұлардан басқа ақын шығармаларында жаншылып, жапа көрген қазақ кедейінің, бай, болыстың, көп қатынның бірі болып, күндік көріп, күндестікпен өмірі өткен қазақ әйелінің бейнесі бар.

Қай ақын-жазушының шығармаларында адам өмірінің, болмыстың дәл, жарасымды, көңілге қонымды сурет-картиналары көп болса, қай шығармада адамның өмірден, дүниеден алған әсері келісті көрсетілген болса, сол ақын-жазушы шығармаларының құны қымбат, өмірі ұзақ болады. Сұлтанмахмұттың шығармалары осындай шығармалар.

ҚОРТЫНДЫ

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірінің, жазушылық қызметінің, саяси бағытының үш кезеңі бар: 1) 1917 жылғы февральда болған буржуазиялық-демократиялық революцияға дейінгі кезеңі, ақынның кейбір хате-кемшілігі бола тұрса да жалпы алғанда демократ-ағартушы бағытта жүрген кезі; 2) 1917—1919 жылдар арасындағы дәуір оның адасқан, буржуазиялық-ұлтшылдық, алашордашылдық бағытқа түсіп, торығып жүрген кезі; 3) 1919—1920 жылдар ақынның торығудан айыққан, совет қызметіне араласқан, социалистік идеяға қарай бет бұра бастаған кезі.

Сұлтанмахмұт аз оқыды: кедейлігі, аурулығы себепті марадымды білім ала алмады. Сөйте тұрса да ол өз кезіндегі саяси саналы, асқақ ойлы адамдардың бірі болды.

Рас, ақынның дүние-қоғам тануында, әлеуметтік көзқарастарында біраз қайшылығы да болды. Алайда, ол өз тұсындағы қоғамдық құрылыс, дін, еңбек, оқу, ғылым, техника, әдебиет жөнінде, қазақ халқының әлеуметтік халі, тағдыры, болашағы жөнінде келелі, озат ой-пікірлер айтты.

Сұлтанмахмұт өзінің жазушылық сапарын «Шындықтың аулын іздеп түстім жолға» деп бастады; «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам», халықтың таңын атырам, жазын шығарам, мұздаған жүрегін жібітем, дертін жазам, көз жасын тыям деп қызмет етті; қазақ халқының ұлы орыс халқынан үлгі, өнеге алып, ілгері дамуы, саясат, шаруашылық, мәдениет жағынан тегіс жетілуі жолында күресті.

Сұлтанмахмұт қазақ халқының сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік өмірі алдына қойған ең күрделі, ең түйінді мәселелерді, еңбекші бұқараның, кедей-жалшының мұң-шерін, ой-сезімін, үміт-арманын көксеген мәселелерді көтеріп, соны жыр етті. Сұлтанмахмұттың шығармалары арқасында қазақтың Абайдан кейінгі әдебиеті сыншыл реалистік, халықтық, әлеуметтік-философиялық тәуіп, қорытудың жоғары сатысына шықты.

Абайдан бастап қазақ әдебиеті ұлы орыс халқының классик әдебиетімен, оның асқан гуманизмімен, революцияшыл идея-

сымен, зұлымдық, қанаушылық дүниесін күйретуге, еңбекші адам баласын құлдықтан құтқаруға сенушілік идеясымен іргелес қонып, араласа бастаған еді. Сол іргелестіктің әсері Сұлтанмахмұт арқылы мейлінше күшейді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы алдындағы қазақ әдебиеті Сұлтанмахмұттан бастап гуманистік, адамгершілік ой — пікірі жағынан жаңа, жоғары сатыға көтерілді. Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетіне қоғамды, халық тұрмысын қайта құру жөнінде асқақ, ізгі, терең ой енгізді. Осы тұрғыдан Сұлтанмахмұт шығармаларының жалпы жиыны тек әдебиет дамуының сұрлеуін, кезеңін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге ол Қазақстанның сол замандағы қоғамдық пікір дамуының да тамаша, зор белесі болып табылады.

Сұлтанмахмұт терең ойлы, ұшқыр қиялды, нәзік сезімді, өткір тілді дарынды ақын еді. Ол қай жанрды болсын еңбекші бұқараның «тіліне жеңіл, жүрегіне жылы» етіп жазды. Ақын жаңа тақырыптар тауып, озат пікірлер айтумен бірге тосын әдеби жанрлар тұғызушы, жаңашыл жазушы болды. Ол: 1) қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш роман жазушылардың бірі болды, 2) әдебиетімізде сюжетсіз, философиялық-лирикалық поэма жанрын тұғызды; 3) қазақ әдебиетінде шын мағнасында публицистикалық жанр жасады. Сұлтанмахмұттың шығармалары арқылы қазақ халқының ақындық мәдениеті, әдеби тілі жоғары көтеріле түсті.

Сұлтанмахмұт жастай өлді, аса аз өмір сүрді және оның осы аз өмірі үнемі қиыншылықпен, ауру-сырқаумен өтті. Алайда ол, жалпы алғанда, шаршап, шалығуды, уайым, қайғыға түсуді білмеді; өле-өлгенше жігерлі, қайратты болды. Болмысқа, тарих дамуына үмітпен ұстамды қарады, болашаққа әбден сенді.

Сұлтанмахмұт өз тұсындағы, өзімен қатар шығып, тікелей істес болған қазақтың ақын-жазушыларының бәрінен де шоқтығы биік ақын. Ол қазақ әдебиеті тарихының Абайдан кейінгі дәуіріндегі зор тарихи көрінісі, өзінше бір белесі.

Сұлтанмахмұт қазақ халқының ілгері дамуына, оның рухани мәдениетінің өркендеуіне көп еңбек сіңірді. Ол халқына тек өз тұсында ғана қызмет етіп қойған жоқ, сонымен бірге ол өзінің жарқын бейнесімен, асыл сөздері, әдеби мұраларымен кейінгі ұрпақты да отанын сүйуге үйретіп, еңбекке, ерлікке шақырады. Оның бай әдеби мұралары кәзір де маңызын жойған жоқ және жоймайды да.

Өйткені Сұлтанмахмұт қазақ еңбекшілерінің белбаласы, ол кедей табынан шыққан, езілген жарлы, жалшылардың сол кездегі екібірдей қанауда болу салдарынан тартқан азабын, көрген зорлық-зомбылығын, күйінішін көз алдында өткізген

ақын. Ол — өзінің асқақты, ашулы лирикасымен қазақ еңбекшілерінің мұң-мұқтажын, зәбір-зарын құлшына жырлап, олардың езушілері — бай-бектерді, ауылнай-болыстарды, патша чиновниктерін кекті зілмен аяусыз әшкерелеп, ашына сынаған ақын. Ол — өз халқының теңдігі, бақытты болашағы үшін күресіп, оны оқу-білімге, жарыққа, мәдениетке меңзеп, осы жолда еліме нұр болам деп талпынған ақын. Сұлтанмахмұттың ұмытылмас еңбегі, зор маңызы міне осында.





Төртінші тарау

ӘРІП ТӘҢІРБЕРГЕНОВ

(1856 — 1924)

I

Әріп Тәңірбергенов және оның шығармалары туралы көлемді, тұтас еңбек, толық, дәл мәлімет жоқ; тек бірнеше газет мақалалары ғана бар. Ол мақалалардың кейбіреуі Әріпті бізге жат, қажетсіз ақын етіп көрсетуге тырысады. Мысалы:

«Революция жылдарында Советті жақтап бірер өлең жазғаны болмаса, ... Әріп патша чиновниктерінің, қазақ байларының мүддесіне қызмет еткен атышулы тілмәш, өмір бойы Абайға қарсы пікірде болған, үнемі қастықпен болған адам»¹ — дейді.

Әріп ақын болса, бірсыпыра шығарма берген болса, шығармаларының әлеуметтік, әдебиеттік құны болса, оның үстіне, революция жылдарында бірден совет өкіметі жағына шығып, советтік тәртіпті мақтап өлеңдер жазған болса, оны тек бұрынғы уақытта тілмәш болғаны үшін, кей ретте Абайдың қарабасына наразы болғаны үшін, тек осы қылықтары үшін ғана бізге жат, жау деу, әдебиет тарихына енгізбеу өте әділетсіздік болар еді.

Әріп және сол сияқты революциядан бұрынғы ақын-жазушылар ата-тегіне, бір кездегі атқарған қызметіне, тіпті кейбір ауытқу, адасуына қарай бағаланбай, олары көрсетіле, сынала отырып, жазушылық қызметіне, шығармаларының көркемділігіне, саяси-әлеуметтік бағытына, құндылығына қарай бағалануға тиіс; яғни олар В. И. Лениннің капитализм тұсында әр ұлттың екі түрлі мәдениеті болады деген данышпандық қағидасы тұрғысынан бағалануға тиіс.

Әлгі газет мақалаларының кейбіреулерінде Әріп Тәңірбергеновтың өмірі, қызметі, шығармалары жөнінде бірді-екілі мәліметтер, үзік-жұлық пікірлер бар. Олар да, Әріп және оның шығармалары жөнінде біздің білгендеріміз де Әріптің

¹ «Социалистік Қазақстан», № 150, 2 август, 1947 жыл.

жат ақын емес екенін, хате-кемшіліктері бола тұрса да, жалпы алғанда, бұрын демократтық-ағартушылық бағытта болған, кейін совет идеясына көшкен ақын екенін дәлелдейді.

II

«...Жұрт көңілін көтерер «жас пері» — Сыбанның жас ақыны Әріп те бар. Алтын сары сақалды, кең қызыл жүзді, келбетті жігіт Әріп, бүгін түстен бергі отырыста арғы-бергіден көп өленді жосыта айтқан.

Жас шағында қалада орысша оқыған, бұл кезде ел мырзасы болып, ән түзейтін, өлең жазатын сылқым серілеу жігіттің өзі осы Әріп». Әріп Тәңірбергеновті Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы» романында осылай бейнелейді.

Әріп Тәңірбергенов 1856 жылы, кәзіргі Семей облысының Жарма ауданында туған; Найман ішіндегі Сыбан руының Жангөбек атасынан. Оның әкесі Тәңірберген кедей, момын шаруа болған.

Әріп жасында өз еліндегі мектеп, медреселерде оқыған сияқты. Ол ержеткен кезде өкіметтен орыс мектептеріне қазақ балаларын алып оқыту туралы бұйрық болады. Байлар, елдің дәулетті адамдары өз балаларын орысша оқуға беруге қорқады. Орталарынан Әріпті жалдайды. Осылайша Әріп Семей қаласына барып, сондағы миссионерлік оқуға түседі. Оны 1871 жылы бітіріп шығады.

Әріп зерек болады. Мұсылманша, медресені де, орысша мектепті де жақсы оқып бітіреді. Ол қазақ, шығыс, орыс әдебиеттерін біледі; орыс, қытай, арап, фарсы тілдерін үйренеді; баянды білім алуға тырысады. Сондықтан да «Ғылым» деген өлеңінде Әріп:

Ғылымға жас күнімнен қылдым талап,
Талпынып, төрт мұғаттан тағалым ап—

дейді.

Әріп орыс мектебін бітіріп шыққан соң, әуелі, өз елінде бірнеше жыл мұғалім болып істейді; онан соң, үш-төрт жыл Шәуешекте орыс консулының тілмәші болып тұрады; ақырында, бұрынғы Жетісу жағында (Фрунзе, Алматы қалаларында) почта қызметкері болып істейді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Әріп Алматыда, өз елінде сот қызметінде: тергеуші, адвокат жұмысын атқарады. Ол 1924 жылы күзде қайтыс болады.

Әріп оқуын бітірген кезден бастап өлең, қисса жаза бастайды. Оның революциядан бұрын жазған көптеген ұсақ өлең-жырлары, қисса-поэмалары, айтыс өлеңдері, орыс тілінен ау-

дарған шығармалары бар. Олар жиналған. Бірақ әлі кітап болып басылып шыққан жоқ.

Әріптің қисса-поэмалары «Зияда», «Қожа Ғафан», «Тәһір», «Нұрғозарұн» — деп аталады. Бұлардың бәрі де ел аузында айтылып жүрген, кейбіреуі кітап болып басылған ертек-дастан.

Әріп Пушкиннің «Евгений Онегин» романын, Лермонтовтың Пушкин өлгенде жазған «Ақын өліміне» деген өлеңін қазақ тіліне аударады. «Евгений Онегиннің». Әріп аударған вариантын ел ішінде әуелі Әсет ақын, кейін кәзіргі халық ақындары Қуат Терібаев, Сапарғали Әлімбетов жыр етіп айтып жүрді. Осылай көптен ел аузында жүргендіктен ол үш түрлі айтылатын болды. Олар 1937 жылы Пушкин шығармаларының қазақ тіліндегі толық жинағында басылды¹.

Жетісу жағында қызмет істеп жүрген кезінде Әріп Маман ауылына көп баратын болады. Сол ауылдағы атақты Сара қызбен танысады; онымен көңілдес болады. Сараға арнап ұзақ өлең жазады; Сараның Біржанмен айтысын жазып шығарады.

Октябрь революциясынан кейін Әріп Ленин туралы үш өлең («Ленин өлгенде», «Ленин», «Еңбекшінің көсемі Ленин») Париж коммунасы туралы бір өлең жазады. Әріптің бұл өлеңдері газеттерде,² Ленин туралы өлеңдер жинағында әр кезде басылып жүр.³ «Ленин өлгенде» деген өлеңі орыс тіліне аударылып, 1936 жылы «СССР халықтарының творчествосы» деген жинақта басылды.

Міне, Әріп ақынның өмірі, ісі, жазушылық қызметі жөнінде әзірге білетініміз осы.

III

Әріп ақынның «Зияда» поэмасы кітап болып «Қисса Зияда-Шамырат» деген атпен басылып шыққан. Оған Әріп өзінің аты, жөнін ашық жазбаған: жасырын ат қойған. Оны қиссаның ақырында өлеңмен білдірген:

Тайпалған төрт аяғы жорғадайын,
Әуелден келістірген затпын жәйін.
Бижігіт дер әткейім, Якуп атым,
Сіздерге мағлұм етіп жазған хатым —

деген (48-бет).

¹ А. С. Пушкин шығармаларының толық жинағы, 2-том, 233—261-беттер.

² «Социалистік Қазақстан», 11 сентябрь, 1936 жыл.

³ «Ленин, Сталин туралы жырлар», 1949 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 401-бет.

Қиссаның аты біраз өзге болғандықтан, авторының аты-жөні ашық жазылмағандықтан, кейбіреулердің бұл Әріп ақынның қиссасы емес деп ойлауы, таласуы мүмкін. Бірақ, біздің байқауымызша, олай деп таласудың реті жоқ. «Зияда-Шамыратты», сөз жоқ, Әріп жазған, ол Әріптің бастапқы «Зияда» деген қиссасы. Оны мына жағдайлардан айқын көруге болады.

Қиссаның сюжеті былай: Мысыр патшасының бір ұлы, бір қызы болады. Ұлдың аты Шамырат, қыздың аты Хұралы болады. Ал Бағдат патшасының жалғыз ұлы болады. Оның аты Зияда екен. Бір күні Зияданың түсіне Хұралы кіреді. Екеуі бір біріне ғашық болады.

Зияда Хұралыны іздеп сапар шығады. Ұзақ жүріп, құрлықпен, теңізбен өтіп, көп қиыншылықтар көріп, ол ақыры Мысыр еліне жетеді. Хұралыны, оның ағасы Шамыратты көреді. Ол Шамыратпен дос болып, ақыры Хұралыны алады. Осыдан кейін Зияда, Хұралы, Шамырат Бағдатқа келеді. Үшеуі сонда патшалық құрып тұрады.

«Қобыланды батыр» жырындағы сияқты, Зияда сапар шығарда жерімен, елімен, ата-анасымен өлең айтып қоштасады. Ол Хұралыға, Шамыратқа кездескенде олардың әрқайсысы кезек өлең айтып, өздерін өлеңмен таныстырады. Зияда, Хұралы, Шамырат Бағдатқа келгенде келін мен құда, Зияданың ата-анасы кезек өлең айтып тілдеседі.

Бұл өлеңдер көп ретте диалог, монолог, айтыс, бет ашар тәртібінше келеді. Мұнан қисса авторының қазақ ауыз әдебиетімен, европалық әдебиет үлгісімен әбден таныс екені, өз қиссасында сол әдебиеттердің түр-тәсілін қолдануға тырысқаны көрінеді.

Зияда Мысырға бара жатқан сапарында елсіз жапан далаларға, шексіз теңіздерге, қалың ормандарға, тағы адамдарға, жабайы, жыртқыш аңдарға, айдаһар жыландарға кездеседі.

Автор осыларды өте келісті етіп суреттейді. Өзінің географиямен, зоологиямен таныстығын аңғартады. Пароход, мрамор, яхонт деген сияқты орысша атауларды қолданады. Бұл автордың түрлі пәндік сабақтарды және орысша оқыған адам екенін сипаттайды.

Қисса ішінде кездесетін жеке сөздер, теңеу, салыстырулар, өлең ұйқастары автордың Абай шығармаларымен әбден таныс екенін, Абайдың алдын көргенін, онан үлгі алғанын дәлелдейді. Мысалы, автор:

Бір хабарын білем деп,
Мен ақсұнқар, ол ақку
Көп көлдерден көрінсе,

дарған шығармалары бар. Олар жиналған. Бірақ әлі кітап болып басылып шыққан жоқ.

Әріптің қисса-поэмалары «Зияда», «Қожа Ғафан», «Тәһір», «Нұрғозарұн» — деп аталады. Бұлардың бәрі де ел аузында айтылып жүрген, кейбіреуі кітап болып басылған ертек-дастан.

Әріп Пушкиннің «Евгений Онегин» романын, Лермонтовтың Пушкин өлгенде жазған «Ақын өліміне» деген өлеңін қазақ тіліне аударды. «Евгений Онегиннің». Әріп аударған варианттын ел ішінде әуелі Әсет ақын, кейін кәзіргі халық ақындары Қуат Терібаев, Сапарғали Әлімбетов жыр етіп айтып жүрді. Осылай көптен ел аузында жүргендіктен ол үш түрлі айтылатын болды. Олар 1937 жылы Пушкин шығармаларының қазақ тіліндегі толық жинағында басылды¹.

Жетісу жағында қызмет істеп жүрген кезінде Әріп Маман ауылына көп баратын болады. Сол ауылдағы атақты Сара қызбен танысады; онымен көңілдес болады. Сараға арнап ұзақ өлең жазады; Сараның Біржанмен айтысын жазып шығарады.

Октябрь революциясынан кейін Әріп Ленин туралы үш өлең («Ленин өлгенде», «Ленин», «Еңбекшінің көсемі Ленин») Париж коммунасы туралы бір өлең жазады. Әріптің бұл өлеңдері газеттерде,² Ленин туралы өлеңдер жинағында әр кезде басылып жүр.³ «Ленин өлгенде» деген өлеңі орыс тіліне аударылып, 1936 жылы «СССР халықтарының творчествосы» деген жинақта басылды.

Міне, Әріп ақынның өмірі, ісі, жазушылық қызметі жөнінде әзірге білетініміз осы.

III

Әріп ақынның «Зияда» поэмасы кітап болып «Қисса Зияда-Шамырат» деген атпен басылып шыққан. Оған Әріп өзінің аты, жөнін ашық жазбаған: жасырын ат қойған. Оны қиссаның ақырында өлеңмен білдірген:

Тайпалған төрт аяғы жорғадайын,
Әуелден келістірген затпын жәйін.
Бижігіт дер әткейім, Якуп атым,
Сіздерге мағлұм етіп жазған хатым —

деген (48-бет).

¹ А. С. Пушкин шығармаларының толық жинағы, 2-том, 233—261-беттер.

² «Социалистік Қазақстан», 11 сентябрь, 1936 жыл.

³ «Ленин, Сталин туралы жырлар», 1949 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 401-бет.

Қиссаның аты біраз өзге болғандықтан, авторының аты-жөні ашық жазылмағандықтан, кейбіреулердің бұл Әріп ақынның қиссасы емес деп ойлауы, таласуы мүмкін. Бірақ, біздің байқауымызша, олай деп таласудың реті жоқ. «Зияда-Шамыратты», сөз жоқ, Әріп жазған, ол Әріптің бастапқы «Зияда» деген қиссасы. Оны мына жағдайлардан айқын көруге болады.

Қиссаның сюжеті былай: Мысыр патшасының бір ұлы, бір қызы болады. Ұлдың аты Шамырат, қыздың аты Хұралы болады. Ал Бағдат патшасының жалғыз ұлы болады. Оның аты Зияда екен. Бір күні Зияданың түсіне Хұралы кіреді. Екеуі бір біріне ғашық болады.

Зияда Хұралыны іздеп сапар шығады. Ұзақ жүріп, құрлықпен, теңізбен өтіп, көп қиыншылықтар көріп, ол ақыры Мысыр еліне жетеді. Хұралыны, оның ағасы Шамыратты көреді. Ол Шамыратпен дос болып, ақыры Хұралыны алады. Осыдан кейін Зияда, Хұралы, Шамырат Бағдатқа келеді. Үшеуі сонда патшалық құрып тұрады.

«Қобыланды батыр» жырындағы сияқты, Зияда сапар шығарда жерімен, елімен, ата-анасымен өлең айтып қоста-сады. Ол Хұралыға, Шамыратқа кездескенде олардың әрқайсысы кезек өлең айтып, өздерін өлеңмен таныстырады. Зияда, Хұралы, Шамырат Бағдатқа келгенде келін мен құда, Зияданың ата-анасы кезек өлең айтып тілдеседі.

Бұл өлеңдер көп ретте диалог, монолог, айтыс, бет ашар тәртібінше келеді. Мұнан қисса авторының қазақ ауыз әдебиетімен, еуропалық әдебиет үлгісімен әбден таныс екені, өз қиссасында сол әдебиеттердің түр-тәсілін қолдануға тырысқаны көрінеді.

Зияда Мысырға бара жатқан сапарында елсіз жапан далаларға, шексіз теңіздерге, қалың ормандарға, тағы адамдарға, жабайы, жыртқыш аңдарға, айдаһар жыландарға кездеседі.

Автор осыларды өте келісті етіп суреттейді. Өзінің географиямен, зоологиямен таныстығын аңғартады. Пароход, мрамор, яхонт деген сияқты орысша атауларды қолданады. Бұл автордың түрлі пәндік сабақтарды және орысша оқыған адам екенін сипаттайды.

Қисса ішінде кездесетін жеке сөздер, теңеу, салыстырулар, өлең ұйқастары автордың Абай шығармаларымен әбден таныс екенін, Абайдың алдын көргенін, онан үлгі алғанын дәлелдейді. Мысалы, автор:

Бір хабарын білем деп,
Мен ақсұнқар, ол аккумулятор,
Көп көлдерден көрінсе,

Көледеннен ілем деп¹
Ғашықтан маған жеткен ғасіретлі оқ.
Түсімде бір қыз салды ішіме шоқ²
Шарафат жол бергізген,
Алтын түлек, ақ сұңқар
Көлінен аққу ілгізген³—

деп Абай сөздерін, Абай теңеулерін қолданады; сөзін, өлеңін Абайша қиыстырады.

Осы сияқты, автор көп жерде Абай шығарған өлең ұйқастарын: егіз ұйқасты, аттамалы ұйқасты қолданады. Бұған оның әлгі:

Тайпалған төрт аяғы жорғадайын,	а
Әуелден келістірген затпын жәйін.	а
Бижігіт дер әткейім, Якуп атым,	б
Сіздерге мағлұм етіп жазған хатым.	б—

деген шумағы дәлел бола алады. Бұл Абай өлеңдерінше егіз ұйқаспен келген.

Автор қиссасының әр жерінде әйелді, Хұралыны былай суреттейді.

Адамнан артық туған екі ұлғат,
Бітпейді еш пендеге ондай тұлғат.
Аршын төс, алтын сипат қос ханыша,
Құдайым хасил қылған қандай сипат...
Ақ маңдай, қас зұбаржат, көзі гәуһәр,
Нәзи көз, қиғаш қара қабағы бар...
Ханшаның отыз тісі меруеттен,
Мүшесі, кеудесі алтын зұбаржаттан...
Инжу тіс, нәзік белді, гәуһәр сүйек,
Сүмбіл шаш, лағыл мойын, алтын иек...
Сары алтын киімдері бір қызыл гүл,
Данышпан жан жеткізбес бейне дүлділ...
Зияда, хош аман бол, асыл тасым,
Қор болды бір қыз үшін ғазиз басың.
Салынған қызыл яқұт лонақ тәжім,
Қайтейін, алтын айдар, инжу шашың...

Бұл үзінділер, бір жағынан, қисса авторының араб, фарсы әдебиеттерін, араб, фарсы тілдерін жақсы білетінін көрсетеді. Екінші жағынан, бұл Абайдың кәдімгі:

Сөз айттым әзірет Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек, сарала қыз —

деп сынайтыны. Бұл сөздерді Абай Әріп ақынның «Зияда» поэмасын оқығанда айтқан ғой.

«...Сыбан Әріп ақын «Зияда» деген қиссасында сұлу қызды сипаттаймын деп, иегі алтын, көзі гәуһар деп, мақтауын асы-

¹ «Зияда-Шамырат», 6-бет.

² Бұл да сонда, 8-бет.

³ Бұл да сонда, 11—12-беттер.

рып, түсіне қарамай, асыл тастарды санай берсе керек. Абай «Мұнда жоқ алтын иек, сарала қыз» дегенді соған айтқан»¹— дейді Мұхтар Әуезов.

Міне, осы жағдайларға сүйеніп, біз «Зияда-Шамырат» Әріптің қиссасы дейміз.

IV

«Зияда-Шамырат» қиссасының ақырында Әріп кітап басушыларға: мұнан бұрын сізге үш қисса жібердім. Олар: «Қожа Ғафан», «Тәһір», «Нұрғозарұн» деп аталады. Мұнан кейін де қиссалар жазып жіберіп тұрам. Кәзір «Тамам қып бір қиссаны жазып болдым. Тағы да бір қиссаны жазсам керек». Оларды да сізге жіберем деп хабарлаған.

Әріптің бұл жазып жібердім деп отырған қиссаларынан тек «Қожа Ғафан» деген қиссасы ғана кітап болып басылған. Ол 1880 жылы, Қазанда, университет баспаханасында «Қожа Ғафан және Садуақас» деген атпен басылған. Бастырушы Фатхулла Бекбау ұлы (Қатиев) деп қойған. «Тәһір», «Нұрғозарұн» қиссалары кітап болып басылмаған сияқты, басқа атпен басылған болса, білмедік.

Ал, Әріптің жаздым, жазсам керек, жіберем деген қиссаларының қандай қиссалар екенін білу, дәл айту қиын. Тек «Евгений Онегин», «Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» деген қиссалары болуы мүмкін деп, жору айтуға тура келеді. Онымыз орынды да болады, өйткені дұрысы сол. Себебі:

1) «Зияда-Шамырат» 1884 жылы жазылып, 1890 жылы кітап боп шыққан. Оның баспада осынша ұзақ, алты жыл бойы жатуы мүмкін емес. Әріп оны, жазуын ерте жазса да, баспаға кейін, 1889 жылы яки 1890 жылы жіберген болуы керек. Оның ақырында кітап басушыға арналып жазылған өлең сол қолжазбаны баспаға жіберерде, яғни 1889—1890 жылдары жазылған болу керек.

2) Абай «Евгений Онегинді» 1889 жылы аударған, яғни «Онегиннің сипаты», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьянаның сөзі», «Онегиннің өлердегі сөзі», «Ленский сөзінен», «Онегиннің сөзі» деген өлеңдерін 1889 жылы жазған. Әріп те «Евгений Онегин» романын осы жылдары, осыдан кейінгі жылдары аударған болу керек.

3) «Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» 1898 жылы жазылып, 1899 жылы кітап болып шыққан.

Міне, сонда бұл қиссалардың жазылуы, кітап болып шығу мезгілдері реттеліп бір шамаға келеді.

¹ М. Әуезов. Абайдың туысы мен өмірі, «Абай Құнанбаев» — Толық жинақ, 383-бет, Қазақстан баспасы, 1940 ж. Алматы.

Әріп А. С. Пушкиннің әйгілі «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне аударады. Ол мына жағдайлардан айқын аңғарылады:

Әріп аудармасына:

Сөйлей бер қызыл тілім ғапияда,
Тұрғанда тән саламат, жан ұяда,
Аудардым Пушкин ердің романын
Жазылған 1823 жылы Руссияда.
Роман сегіз бөлек, ұзақ өлең,
Алдымен Онегиндей ерге келем.
Қазақтың Абайындай болмасам да
Бұл жерде өз тіліммен айтып берем —

деп кіріспе жазып, өзінің Абаймен таныстығын, бұл романды өзінен бұрын Абайдың аударғанын білетінін, оны өзінше, өз тілі, өз сөзімен айтып беретінін мәлімдейді.

Аударушы әлгі кіріспесінен кейін, Абайша, Онегиннің сипатын, Онегин мен Татьянаның танысуларын, Татьянаның хатын, оған Онегиннің жауабын ақырында Татьяна мен Онегиннің тойда ұшырасуларын, онда Онегиннің Татьянаға ғашық болуын, хат жазуын, Татьянаның оған жауабын аударған; басқа ешқандай оқиғаларын, әңгімелерін кірістірмеген.

Әріп бірсыпыра өлең тармақтарын Абайша қиыстырған. Мысалы, «Жүгініп, қиялына ақылдасып», «Көп көздің оғы ттіп жараланған», «Ата-анам, ең жақыным бұл қара жер», «Жаның жас, тілеуіңіз алдыңызда», «Өлетін өкпесіне жара түскен», «Айнымас, аумас көңіл, шыным осы», «Байқамай-кымбатыңды көрдім арзан», «Жарым сен бұл жалғанда ойыма алған», «Басында сізге піскен егін едім», «Болмайды, басқалардан кеш сермедің» деген сияқты шумақтар келтірген.

Бұл фактылар Әріпке Абай шығармаларының зор әсер еткенін, соның арқасында Әріптің ертегі-қисса, дастан жазуды қойып, реалистік шығармалар жазуға бет бұрғанын аңғартады.

Біз жоғарыда Әріп аударған «Евгений Онегин» әркім жаттап алып, ауызша айтып жүргендіктен үш түрлі жырланатын болған — дедік. Пушкиннің қазақ тілінде 1937 жылы шыққан үш томдық жинағында соның үш түрі де басылған. Олар: «Евгений Онегин», «Онегин мен Татьянаның әңгімелері», «Татьяна» деп аталады.

«Евгений Онегин» Алматы облысының Ақсу ауданындағы Сталин колхозының мүшесі Шәріповтың, «Онегин мен Татьянаның әңгімелері» Алматы облысының Ақсу ауданындағы Чапай колхозының мүшесі Торыбаевтың (ол мұны 1911 жы-

лы Әсет ақыннан үйренген екен), «Татьяна» Семей облысының Аягөз ауданындағы мал совхозының жұмысшысы Сапарғали Әлімбетовтың айтуы бойынша жазылып алынған.

Яғни 1) бұл үш жырдың үшеуінің де аударушылары көрсетілмеген, белгісіз, тек айтушылары ғана белгілі, солар ғана көрсетілген; 2) бұл жырлардың бәрі де бір маңнан, іргелес екі ауданнан, Әріп ақын жүрген жерлерден жазылып алынған.

Үш түрлі атпен аталғанымен бұл жырлардың бәрі бір негізден шыққан, Әріптің аудармасынан тараған. Кейінгі екі жырдың негізі алғашқы жыр: ол орысша нұсқасынан аударылған да, кейінгі екі жыр соның ізімен ауызша жырланған. Оны мына жағдайлар дәлелдейді:

«Евгений Онегинді» аударушы:

...Аудардым Пушкин ердің романын,
Жазылған 1823 жылы Руссияда...
Онегиннің романын аударуда,
Керек қой аударуға көп уақыт.
Сондықтан мағынасын тартып алып,
Жазайық көркем тілмен көп қысқартып —

деп ескерту айтады; өзінің оны орысшадан тікелей, өз қолымен аударғанын мәлімдейді.

Ал, кейінгі екі жырда бұл ескерту жоқ. Оларда сөз бірден Пушкин жөнінде болады. Біріншісі:

Орыста жазушы өткен Пушкин атты,
Өнерге ғылым-білім кәмалатты —

деп, екіншісі:

Орыста біреу өткен Пушкин атты,
Өнерге ғылым-білім кәмалатты —

деп басталады.

Үш жырдың үшеуінің де негізгі әңгімесі, желісі бір, жоғарыда айтылған Абай — Әріп аударған әңгіме, оқиғалар. Бұл үш жырдың да негізгі мазмұны, сөзі — тексті бірдей, тек әр жерінде бірді-екілі сөздері ғана ауыстырылған, өзгертілген.

Мұнан басқа алдыңғы екі жырдан үшінші жырдың екі түрлі өзгешелігі бар. Онда, біріншіден, Онегин Пушкин деп аталған, екіншіден, Онегиннің Пушкин деп аталуына байланысты болу керек, жырдың ақырына Пушкиннің дуэльге шығып атысуы, сонан өлуі жөнінде екі-үш шумақ өлең бар. Онан соң алғашқы жырдың екі жерінде «аяғы жоқ» деп көрсетілген де, басқа жырларда ол жоқ.

Бұл жырлардың бәрінің негізі, желісі бір болуы — бәрінің бір ізден, Әріп аудармасы арқылы тарағанын сипаттайды.

Әлде қызметі жайынан ба, әлде Абайға еліктеуінен бе, әйтеуір әуелгі кезде Әріп шығармаларына, әсіресе кітап болып шыққан қиссаларына аты-жөнін ашық жазбаған. Жоғарыда көрдік, оның «Қожа Ғафан және Садуақас» қиссасында автордың аты жоқ, тек бастырушының ғана аты-жөні бар; «Зияда-Шамыратты» да Әріп бүркеншек атпен жазған. Ал, «Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» деген қиссасына тіпті ешқандай қол қойылмаған.

Осыған байланысты, кәзірде әдебиетшілер арасында «Біржан сал мен ақын Сараның айтысы» жөнінде үлкен дау, талас бар. Оны біреулер Біржан мен Сара өздері шығарған — дейді; біреулер Шайхүлисламов Жүсіпбек қожа шығарған — дейді; енді біреулер Тәңірбергенов Әріп шығарған дейді.

Осы мәселені біз біраз зерттедік. Соның нәтижесінде «Біржан — Сара айтысын» дәл осы қалпында Біржан мен Сара да, Жүсіпбек қожа да шығармаған, Әріп ақын шығарған деген қортындыға келдік.

Біздің «Біржан — Сара айтысын» дәл осы қалпында Біржан мен Сара шығармаған дейтін себебіміз:

1. Айтыста Біржанның руы жаңылыс көрсетілген: Біржан керей руынан, айтыста ол арғын руынан делінген. Айтысты Біржан мен Сара шығарған болса, Біржан өз руын дұрыс, дәл көрсетіп, өзінің арғын емес, керей екенін айтар еді; Сараны шақырып айтқан өлеңінде: «Арғынның Алтай, Қарпық ақтангері» дегеннің орнына «Керейдің Алтай, Қарпық ақтангері» деген болар еді. Бұлай дегенде өлеңнің қисыны да, өлшемі де бұзылмайды.

2. Біржан — Керей, Алтай, Қарпық, Сара — Найман, Матай, Қаптағай. Ал, айтыста осылар өз рулары атынан сөйлемей, әрқайсысы өз руларын, соның өздерінше жақсы деген адамдарын дәріптемей, басқа рулар атынан: Біржан Тобықты, Сара Сыбан рулары атынан сөйлейді, екеуі сол екі руды, сол рулардың өздерінше жақсы деген адамдарын дәріптейді.

Ежелгі айтыс дәстүрі — әр ақын өз руын, өз руының жақсы адамдарын, солардың ерекше қасиеттерін айтып мақтану, қарсы айтысып отырған ақынның руын жамандау ғой. Егер «Біржан — Сара айтысын» Біржан мен Сара шығарса, олар өз руларын неге дәріптемейді. Олардың өздеріне түк қатысы жоқ, әлде қайдағы Тобықты мен Сыбанда қандай алты аласы, бес бересілері бар? Жоқ, бұл қисынсыз.

3. Егер «Біржан — Сара айтысын» Біржан мен Сара шығарған болса, олардың мұнан басқа да айтыстары, өлеңдері болар еді; ол өлеңдер мен айтыстардың бірі болмаса, бірі халық аузында сақталып, әдебиет әлемінде мәлім болған

болар еді. Бірақ күні бүгінге дейін Біржан мен Сараның ондай айтыстары мен өлеңдерін (әрине, Біржанның әні мен өлеңдерінен басқасын) жұртшылық әлі білмейді.

Ал, «Біржан — Сара айтысын» Жүсіпбек қожа шығармаған дейтін себебіміз мынадай:

Бізде бұл айтыстың екі түрі бар: олардың бірі — «Біржан сал менен ақын Сараның айтысқаны» деген атпен 1899 жылы, екіншісі — «Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен 1900 жылы басылып шыққан.

Айтыстың алғашқы түрі үш бөлімді. Бірінші бөлімі:

Жарандар құлағың сал, келді кеңес,
Ұнайды биелі үйге сырлы тегеш.
Арғынның Алтай, Қарпық серісімен.
Матайдың бір сұлуы қылған егес —

деп басталады да, онан соң Біржан мен Сараның жайы, олардың рулары, ұшырасулары баяндалады. Әңгіме бірде автордың, бірде Біржанның, бірде Сараның шешесі мен сіңлісінің атынан айтылады. Екінші бөлімі — Біржан мен Сараның айтысы. Бұл бөлім Біржанның сөзімен:

Бұл үйде Сара бар ма шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері...

деп басталады. Үшінші бөлімі — автордың түюі; оның бұл айтысты қалай шығарғаны, баспаға қалай әзірлеп бергені.

...Туысы екеуінің Арғын, Найман
Бұл өлең шыққан екен бірталайдан.
Сөйтсе де хат болмайды, басылмайды,
Қазанға бастыруға көңіл ауған.
Әр кісінің қолында біреуі жүр,
Біреуі рас болса да бірі жалған.
Жылында мың сегіз жүз тоқсан сегіз
Төртінде май числосының қылдым тегіс...

дейді автор. Бірақ ол өзінің аты-жөнін айтпайды.

Айтыстың екінші түрі де үш бөлімді. Оның бірінші бөлімі:

Қызы екен Тастанбектің ақын Сара
Бәйгіден күнде келген жалғыз қара.
Қыз да болса, адамның жүйрігі екен,
Көрмедім сөзді адамды ондай бала —

деп басталады. Өлең тек Сарамен ғана таныстырады. Ақырында ол: «Алқисса Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын қыздың өз аузынан осылай деп бастан аяқ баян қылғаны бұл айтысқанның келер жылында» деген.

Екінші бөлімі — Біржан мен Сараның айтысы. Ол Сараның сөзімен:

Қызы едім Тастанбектің атым Сара,
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара —

деп басталады. Мұнда әуелі Сара өзінің мұңын шағады. Өлеңнің басқа жерлері бірінші варианттағыша болып келеді, тек бір-екі жерінде Сара мен Біржан сөздерінің орындары ауысқан.

Үшінші бөлімі — Жүсіпбек қожаның Қазандағы кітап бастырушы Ахмет Кәрімге шығарған арнау өлеңі. Мұның бәрі дерлік Абайдың өлеңдерінен теріліп алынған, мысалы, Абайдың:

Боз бала, ойын арзан күлкі қымбат...
Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе...
Бір жерде бірге жүрсең басың қосып —

деп келетін шумақтарын түгел алып, Жүсіпбек өз өлеңі есебінде бастырған.

Бұл фактылардан мынадай жағдайлар аңғарылады:

1) Біржан мен Сараның айтысы шын, болған оқиға. Тек ол кейбір әдебиетшілердің шамалағанындай 1862—1868 жылдары болмай, сексенінші жылдары шығуға тиіс. Себебі Біржан Абай аулында сол жылдары болды ғой. Осы сапарында ол Жетісу жағына да келіп қайтқан, Сарамен айтысқан болу керек. «Біржан — Сара айтысының» ізі, жобасы, желісі сонда шыққан болуға тиіс.

2) Халық аузында шашылып, үзік-жұлық болып жүрген айтысты, оның әлгі бірінші түрін бастырған ақын құрастырып, жөндеп, өзінше жазып шығарған. Бірақ оған өз атын жазбаған. Жүсіпбек қожа сол авторы жоқ өлеңге ие бола кеткен. Ол «айтыс болған жылдың келесі жылында» емес, мұның бірінші түрі — «Біржан сал менен ақын Сараның айтысқаны» басылып шыққан жылдың келесі жылында көшіріп, алғы, соңғы сөздерін басқаша қиыстырып, баспаға берген.

«Біржан — Сара айтысын» Әріп ақын жазды дегенде біз мынадай дәлелдерге сүйенеміз:

Әріп — Сыбан, Жангөбек руынан. Сыбан елі, оның Жангөбек, Салпы рулары Тобықты елі сияқты, оның Олжабай, Ырғызбай рулары сияқты аталы, асқақ болған. Осыдан олардың арасында ежелден бәсеке, бақ талас, өштік орын алады. Олардың жеке адамдары реті келген жерде ұстасып, айтысып, шайқасып қала береді: бірін-бірі қалайда мұқатуға тырысады.

Әріп Абаймен таныс болған. Ол Семейге, өз еліне барып жүргенде, әсіресе, аулында мұғалім болып тұрған кезінде Абайдың алдын көп көреді; жазған өлеңдерін Абайға сына-

тып, оның маңында болған ақындармен араласып, өлең айтысып жүреді.

Әріп әлгі «Зияда» деген фантазиялық-романтикалы ертеқ поэмасын 1884 жылы жазады. Ол осы поэмасын Абайға оқып бергенде, Абай қатты ашуланады. Сол орайда (1889 жылы) ол өзінің әйгілі «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» деген өлеңін жазады. Онда өз маңындағы ақындарға, әсіресе, Әріпке:

Мен жазбаймын өленді ермек үшін,
Жоқ барды, ертегіні термек үшін...
Сөз айттым әзірет Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек сарала қыз...

деп сын, ескерту білдіреді.

Бұл сөздер ақындарға ауыр тиеді. Өте-мөте Әріп қатты намыс қылып, кектенеді. Ол Абайдан есесін қайтармақ болып, осы оймен «Біржан — Сара айтысын» жазады. Онда Сара айтты деп, Абайды, Тобықты руын, оның бірсыпыра адамдарын жамандайды. Абайдан өз кегін, Тобықтыдан өз руының кегін шынымен-ақ алғандай болады.

Әріп Біржан руының кім екенін білмейді, білуді қажет деп те таппайды. Өйткені, Әріпке Біржан мен Сара әншейін ойдан шығарылған кейіпкерлер есепті ғана керек. Осыдан ол Біржанды Керей демей, Арғын дей салған.

Әріп, «Біржан — Сара айтысын» жазып, онда Абайды, Тобықты руын сынаса да, оны өзі жазғанын айтпайды, айтысқа автор болып қол қоймайды; тегі ел арасы бұзылып кетеді деп қорыққан болуға тиіс. Алайда, Тобықты, Абай, оның маңында болған, Әріпті білетін ақындар ол айтысты Әріп жазғанын біледі.

Өйткені, Тобықтылық Қуанышбай ақын Әріпке өлеңмен сәлем жазады. Әріпті «Біржан — Сара айтысын» шығарып, Тобықтыны, Абайды сөктің деп айыптайды, түйрейді. Әріп Қуанышбайға жауап қайтарады:

Абайды жарасады мақтағанға,
Алмас ғой екі жүзді сақтағанға.
Алтынға су тигенмен қараймайды,
Жұдырық хан артынан боқтағанға —

деп, айтысты шығарғанын мойындайды.

Онан соң, Әріп өлеңдерінің қолжазба жинағы (Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы) ішінде ақынның «Сараға» деген ұзақ өлеңі бар. Әріп онда Сараны, әлгі Хұралы қызды суреттеген стильде, былай суреттейді:

Шолпандай адам едің жәнән көркі...
Жұпар жел мас боламын самалыңа,
Туып ең нұр безеніп заманыңа.

Сағымдай жазғы тұры толқын ұрып,
Қарасам көз алмасар жамалына...
Қардан ақ, қаннан қызыл ет пен бетің...

Әріп Сараны, Ләйліге, Зылихаға, Күләндеге, Шырынға, Баянға, өзінің «Зияда-Шамырат» қиссасындағы Хұралыға теңейді. Сара жөнінде кітап шығарғанын білдіреді:

Көп сыр бар көкіректе тарқалмаған,
Тіл байғұс асығыс боп айталмаған...
Шығардым кітап етіп әзіл үшін,
Сорлымын арманымды таусалмаған —

дейді. Ол кітабы, әрине, «Біржан — Сара айтысы» ғой.

Сонымен, біз «Біржан — Сара айтысын» дәл осы қалпында Әріп жазған; ол Әріптің шығармасы деп білеміз.

VII

Жоғарыда көрдік, «Зияда-Шамырат» жөнінде Абай Әріпке қатты сын, ақыл айтты: өлеңді ермек үшін, жоқ-барды, ертегіні термек үшін жазба; нақты өмірді, қазақ өмірінің шындығын, қазақтың бүгінгі хал-жайын, ұлы-қызын суреттеп, сол арқылы халыққа ақыл айту үшін, жол нұсқау үшін — жаз деді. Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңінің, соның ішінде Әріпке арнап айтқан: «Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз, мұнда жоқ алтын иек сарала қыз» деген сөзінің мағнасы осы еді.

Әріп ақылды ағасы, асқан ақын Абайдың осы қатты, әділ сынына намыстанып, қынжылғанымен оған мойын қойған, онан көп сабақ алған сияқты. Сөйтіп, ол «Біржан сал мен ақын Сараның айтысын», бір жағынан, соған жауап етіп, екінші жағынан «кек алу», өзінің творчестволық күшін көрсету мақсатымен жазған.

Жауап беріп жазған дегенді мен теріс мағнада, кейбір әдебиетшілер айтқандай, Әріп «Біржан сал мен ақын Сара айтысында» Абайды мұқатты деген мағнада айтып отырғаны жоқ. Өйткені, онда Әріп Абайды мұқатпайды, тек Абайдың ата тегіне байланысты қара басындағы кейбір мінін айтады; көбінесе Абайдың даналығын, ақындығын дәріптейді. Әріптің:

Абайды жарасады мақтағанға,
Алмас қой екі жүзді сақтағанға.
Алтынға су тигенмен қараймайды,
Жұдырық хан артынан боқтағанға —

деген өлеңі осыны аңғартады. Сол үшін мен жауап етіп жазды дегенді ұстазының айтқан ақылын шәкірті іске асырды деген мағнада айтып отырмын.

Себебі Әріп «Біржан сал мен ақын Сараның айтысканын» Абайдың сынынан, ақындығынан үлгі, өнеге алып, Абай аударған Онегин мен Татьянаның хаттарынан үйреніп, соның әсерімен жазған. Қазақтың Татьяна сияқты қызы мен Онегин сияқты жігітінің бейнесін, әсіресе қазақ Татьянасының бейнесін жасамақ болған. Сондықтан да Әріп қыз бен жігіттің айтысын алған, айтыстың бас тақырыбы, негізгі идеясы етіп әйел мәселесін, әйел бостандығын көтерген.

Ақын шығармасында әйел мәселесін адамгершілік жөнімен шешуге, әйелдің бас бостандығына, қоғамның тең праволы мүшесі болуына бөгет болып, көлденең тұрған көп жағдайларды мінейді. Қазақ арасындағы бектік-феодалдық, руақсақалдық қарым-қатысты, орта ғасырлық ғұрып-әдетті біресе Біржанға, біресе Сараға қатты сынатады. Олар, әсіресе, қазақ әйелінің басындағы, соның өкілі Сараның басындағы қайғылы халді сынға алады.

Законда зорлық болмас жақсы адамға,
Жақсыны қор қып болмас бір жаманға,
Және де аят пенен хадисте бар
Жылатып берме деген еш наданға —

дейді Біржан.

Жұртым-ау күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмаған соң бір басының —

деп Сара зарлайды.

Сара ақылды, білімді, жігерлі, әрі батыл, әрі ақын қыз болады. Сара өз тағдырын өз қолына алуға, теңіне, сүйгеніне баруға бел байлайды. Осы сипаттарымен ол, айтысты оқып отырғанында, Татьянаны көзіне елестетеді, еріксіз оны қазақ Татьянасы дегізеді.

Жұртқа мәлім, айтыста Біржанды алғашында, бірден Сара жеңеді. Біржан Сараны бері кел, далаға шығып, мені құрметтеп қарсы ал; менен жасың да, жолың да кіші: сен ұрғашы, мен саған аяғымнан бармаймын дейді:

Осы үйде Сара бар ма, отыр нағып,
Қарсы ұшпай тоты құстай, қанат қағып...
Баласын менен гөрі жасың кейін,
Ежелден менің сөзім қызға бейім...

Мен Біржан қызға барман аяғымнан,
Шын қызсам дәуірдеймін баяғымнан.
Бері кел, ұрғашылық қылма жаным,
Дөндеме Наймандағы саяғыңнан —

деп кемітеді.

Сара Біржанның бұл сөздеріне жауап беріп: еркектен әйелдің жолы үлкен екенін, бұл ертеден келе жатқан салт екенін, бұрынғы кітаптарда жазылған дәстүр екенін айтады:

«Қиссисламбияда» көрмеппе едің,
Белгілі мағлұм болды надандығын...
Адамды топырақтан жаратқан хақ,
Білінсін надандығың бұл сөзден-ақ.
Хауаға бұрын барған адам ата,
Жоқ па еді естігенің мұны да ақымақ —

дейді.

Бірақ Біржан сал оған тоқтамайды; «Қарандар ақын қыздың сөзге ұстасын» деп өте шығады; омырауға, арсыздыққа салып, айтысты соза береді; күйеуінің мінін санап, найман, сыбанды жамандап, олардың Сара сияқты ақылды, ақын, сұлу қызды теңіне бермей, кеміне беріп, қор етіп отырғанын айтып, ақыры Сараны жеңеді.

Айтыстың авторы осының бәрін екі оймен: бір жағынан, Сараның жаашыл, талапты, жігерлі, жаңа кейіпкер екенін, екінші жағынан, қазақ арасында әйелдің теңсіздік халде екенін баса айту мақсатымен істеген.

Осылай, Әріп Біржан мен Сараны ескілікке қарсы алысушы, адамгершілікті, адамның бас бостандығын аңсаушы етіп бейнелейді.

Автор негізгі тақырыбына, әйел мәселесіне байланысты қазақ қауымы өмірінің бірталай түйінді, салалы мәселелерін — әлеуметтік, шаруашылық, кәсіп, дәулет, жер, қоныс мәселелерін қамтиды. Оларды көп ретте бұқарашыл жөнмен түсініп суреттейді.

Бірақ автор кейде ежелгі айтыс салтынан шыға алмайды, бастан-аяқ бір бағыт, бір жолды мықты ұстай алмайды. Яғни оның бас кейіпкерлері кейде өздері азабын тартып, даттап отырған ортағасырлықты қостап кетеді; ру басыларды, төрелерді мақтайды. Бұл жағынан автор феодалдық санадан әлі көп ұзап кете алмағанын көрсетеді.

Жалпы алғанда Әріп, сөз жоқ, жаңаны көкесейтін, бұқараның көзқарастағы адам.

Әріптің «Біржан — Сара айтысын» жазуда Абайдан, сол аударған Онегин мен Татьянаның хаттарынан, жалпы орыс әдебиетінен үйренгені, үлгі алғаны айтыстың құрылысын, түр көркемдігін тексергенде айқын көрінеді.

«Біржан — Сара айтысы» құрылысы жағынан болсын, тіл, кесте шеберлігі жағынан болсын қазақ халқының бұрынғы әдебиетінде бар айтыстың бәрінен дерлік өзге, бәрінен көркем.

Бұрынғы айтыстарда тек айтысушылардың өздері ғана, олардың әрқайсысының орайымен қойылған сұрауларына, айтқан пікірлеріне жауап болып келетін, бөлек, түйдек өлеңдері ғана берілетін. «Біржан — Сарада» айтысушылардың өлеңдерімен бірге айтыстың қай жағдайда болғаны, оған ай-

тысушылардан басқа кімдердің қатысқаны, олардың әрекеті суреттеліп, сөздері беріліп отырады; айтыстың ұзын-ырғасы емес, жеке шумақтары мен жеке тармақтары әңгімелесу, кезек сөйлеу — диалог ретімен келеді.

Бұл жағынан «Біржан — Сара айтысы» пьесаға біраз ұқсайды. Міне, сондықтан да, бұл айтысты жиырмасыншы жылдары ақын Иса Байзақов, қырқыншы жылдары жазушы Қажым Жұмалиев оп-оңай, өз калпында дерлік пьесаға, либреттоға айналдырды.

«Біржан — Сара» айтысында бастан-аяқ дерлік бір кейіпкердің жайы, атап айтқанда, Сараның өмірі, мінез-құлқы, көңіл күйі, арманы баяндалады; басқалардың әрекеті, суреті, сөзі соны толықтыру, айқындай түсу ретінде бейнеленеді; Сараның бейнесі жан-жақты, келісті жасалады.

Бұл жағынан «Біржан — Сара айтысы» романға біраз ұқсайды. Европалық әдебиеттерде кездесетін хат болып жазылатын повесть, романдар сияқты, «Евгений Онегиннің» Абай аударған вариантын да хат түрінде жазылған роман деп жүрміз ғой. «Біржан — Сара» да сондай роман деуге болады.

«Біржан — Сара» айтысының құрылысы, стилі өзгеше, жаңа болуы үстіне оның тілі, сурет-кестесі, көріктелуі шебер. Ақын айтыстың әр жерінде сөзді, өленді, өзі айтқандай төгіп-төгіп жібереді; бірде өзі, бірде Біржан аузынан, бірде Сара аузынан қардай боратады.

Айтыстың авторы қазақ халқының бұрынды-соңды ауызша, жазба әдебиетіндегі тіл байлығын сарқа пайдаланып, мол қолданады. Не тамаша сөздерді, теңеулер мен эпитеттерді, мақал-мәтелдерді жыр шумақтарына орынды кіргізеді; сөз байламын, өлең қисынын: өлеңнің өлшемі мен ұйқасын әрі жатық, әрі көрікті қиыстырады.

Жазушы теңеулер, түрлі көріктеулер жасауда, сөз құрастыруда ауыз әдебиеті шеңберінен көп шығып кетеді; жазба әдебиет салтында, көп ретте Абай үлгісінде жырлайды.

Автор, әсіресе айтысушылардың өздерін басқа нәрселерге теңеп, балап, меңзеп сөйлеулерін келтіруге ұста. Сараның Біржанға «Өзіңді ат та қылдың, құс та қылдың» дегеніндей, Біржан мен Сара өздерін нешеалуан нәрсеге, табиғат құбылыстарына, жан-жануарларға өте орынды, көңілге қонымды, көрікті етіп теңейді.

Біздің осы жоғарыда айтқанымызды, «Біржан — Сара» айтысы авторының сөзге, өлеңге шеберлігі, теңеу, эпитет тапқыштығы, оларды көп ретте жаңа үлгіде келтіретіні жөніндегі пікірімізді сол айтыстағы мына шумақтар мен тармақтар толық дәлелдейді:

1. Сайраған орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның Алтай, Қарпық ақтаңгері.
Қырандай желді күнгі аспандаймын,
Дауысым көтерілер шықса тері.
2. Ақ нық, мұз балақыын жерге түспес,
Кен қолтық арғымақпын алқым іспес.
3. Жел қобыз, жез жағалы, еңіреуім.
4. Екпіні соққан желдей, көрсен жайын.
5. Жібек жал арғымақпын тұмарланған.
6. Жалыным жанып тұрған нөсерге өшпес,
Болатпын екіжүзді алмас кеспес.
7. Аққумен аспандағы эн қосамын,
Қозғасам ашы күйді түптеп тартып.
Самғаймын бәйге атындай артық-артық.
8. Қанды көз, май жем алғыш ақ иықпын.
9. Қамысты терең көлдің сұқсырымын.
10. Ой желке, қамыс құлақ, теңбіл көкпін,
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын.
11. Айнымас қанды балақ ақ нықпын,
Тұяғым тиген қасқыр оңбайтұғын.
12. Қырымнан қарайтұғын қыран құспын,
13. Ұшырған тәрбиелеп ақ тұйғынмын,
Арғынның Алтай, Қарпық зенгерінен.
Даусыма аспандағы құс айналар,
Құбылып тоқсан екі төңкерілген.
14. Саусағым алтын сымдай жаңа өрілген.
15. Найманның келеді екен қызы шайқы,
Шот мандай, негі ұзын, ерні қайқы.
Бұйра шаш, қысқа мойын, доң жауырын,
Жуан түп, күң көтерген ойқы-шойқы.
16. Иран-бақ мен жайнаған қызыл гүлі.
17. Мойыным сұңғағындай жүрген құдың,
Лебізім шарабындай шарбат судың,
Қақпандай төңкерілген қас бітім,
Құлпырған етегіндей жібек тудың.
Мойыным жас баланың білегіндей,
Иығым тік сандалдың тірегіндей.
Бет алдым кеудесіндей қоңыр қаздың,
Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей.
Қыр мұрын, қызыл жүзді, мандайым кен,
Арғынның құдай, кәні, қай қызы тең?
Тал бойым ұзын да емес, қысқа да емес
Болсаң да азар дұспан қай жерім кем?
18. Сөйлейтін алтындай қып сөздің жезін.
19. Шыбықтай жігіт шығар өңді, нұрлы.
20. Бейне ұқсар патшалардың жендетіне.
21. Пұлындай берекесіз арбашының.
22. Тұңғық сырым терең барлағанға.
23. Алтынның күміспенен нақысындай.

Міне, осының бәрі Әріптің бұрынғы қиссаларына қарағанда «Біржан — Сара айтысында» тақырып-идеясы жағынан болсын, ақындық-шеберлігі жағынан болсын көп ілгерілегенін, көп өскенін көрсетеді. «Біржан сал мен ақын Сара айтысы» Әріп шығармаларының биік шыңы.

VIII

Әріп ақынның бұрынды-соңды әр алуан тақырыпқа жазған көптеген ұсақ өлеңдері бар. Оларды жазылу мезгілі жағынан үш топқа бөлуге болады. Бірінші, ақынның XIX ғасыр ішінде жазған өлеңдері; екінші, ақынның XX ғасырдың бас кезінде (Октябрь революциясынан бұрын) жазған өлеңдері; үшінші, ақынның Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін жазған өлеңдері.

Әріп XIX ғасыр ішінде көбінше қиссалар, айтыс өлеңдер жазумен айналысқан. Сондықтан оның бұл дәуірде жазған ұсақ өлеңдері, бір жағынан аз, екінші жағынан, үйрену, машықтану ретінде жазылған деуге болады.

Өйткені Әріптің бұл кезде жазған ұсақ өлеңдерінің бәрі дерлік арнау болып келеді. Ақын оның кейбіреулерін құрбы-құрдастарына, кейбіреулерін балалары мен шәкірттеріне арнап насихат, мысал, нақыл, әзіл етіп жазады. Олардың мазмұны заман, дүние, дін, адамгершілік, аброй, мінез, құлық, оқу, байлық, тағы, тағылар туралы болып отырады.

Әріп XIX ғасырда жазған поэма-дастандарында да, ұсақ өлеңдерінде де нақты, күнделікті өмірді, қазақ өмірінің шындығын емес, ертедегі аңыз-әнгімелерді тақырып етіп алып, жалпы ізгілік, адамгершілік мәселелерін сөз етеді. Ол әлі толық реалист емес. Осыдан Әріптің бұл өлеңдері айтарлық мағналы, көрікті шықпаған.

Әріптің XX ғасыр басында, Октябрь революциясынан бұрын жазған ұсақ өлеңдері көп, олардың тақырыбы күнделікті, нақты қазақ өмірі, оның кейбір түйінді мәселелері туралы болып келеді. Оларда ақынның ұлы орыс халқының классик әдебиетінен, Абайдың сынынан, шығармаларынан едәуір үлгі, өнеге алғаны байқалады. Осының арқасында Әріп бұл кезде сыншыл реализм дәрежесіне дейін көтеріледі.

Әріптің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын жазған ұсақ өлеңдері ішіндегі тақырып-идеясы жағынан, көлем-көркемдігі жағынан ең маңыздысы, ең көрнектісі «Еңбек туралы», «Қалың мал туралы», «Ғылым туралы» деген өлеңдері деуге болады. Сондықтан біз оларды түгел келтіріп, талдаймыз.

Әріптің «Еңбек туралы» өлеңі 1905 жылы жазылған. Оның мазмұны мынадай:

Сорлы елім көріп жүрсің еңбекті жау,
Ел кезіп, өсек айтып, ізденіп дау.
Істейтін бар кәсібің — ұрлық, зорлық,
Кісі жоқ алдын ойлар бір дені сау.

Байлар жүр мансап іздеп құр далақтап,
Көрінбей малы көзге жүр алақтап,

Би мен болыс көрінсе қошемет қып,
Қойын сойып, ет тартар қос табақтап.

Адал еңбек істеуге дертің күшті,
Жиреніп, жек көресін шындық істі.
Адалды-адал, арамды-арам демей,
Қара жаһіл надансың қасқыр түсті.

Алдау, арбау, қаныңа сіңген батпан,
Бар мақсұтың нашарды зар жылатқан.
Жалға жүрген жарлының еңбегін жеп,
Артық көріп асайсың адал астан.

Көзіңе көрінбейді жиған малың,
Ұрлық үшін бергенің жалғыз жаның.
Кел тоқта, тілімді алсаң, кесел болар,
Сүліктей сора бермей елдің қаның.

Еңбексіз жиған малың емес адал,
Шариғатта тағы жоқ, деген пара ал.
Шапқанда байдың ұлы болып жүрсін,
Тоқтағанда болмасын, түбі залал.

Елірме ел қыдырып, ет жегенге,
Ұрлықты, өтірікті септегенге.
Жарлының жалғыз қойын жалмап алып,
Мұнша неге құмарсың өртегенге.

Ертең біреу әділдік құра қалса,
Қайтесін су түбіне кетпегенде?
Бір қойға бес есе қып төлеу берсең,
«Айтпадың» деп, сонда өзің өкпелеме.
Қорқыттай қазған көрің алдында тұр,
Жалғыз топырақ шашасын көпке неге?

Күн ұзын ел қыдырып, сүмең қағып,
Өтірік пен өсекке судай ағып.
Екі табақ ет жесең еліресің,
Жерден алтын тапқандай масаттанып.
Терлеп еңбек істерлік біреуің жоқ,
Бар әдетің бос жүрген пәле бағып.

Сөйтіп жүріп сопы боп құдай ұрып,
Тасбиқ тартып, мүлгисін түннен тұрып,
Бойында ат тартпайтын арамдық бар,
Сүттен аппақ боласын, судан тұнық.

Бағып жүрсе малыңды біреу тегін,
Сұрланып, сүртіп жүріп маңдай терін.
Алатыны айына қой, серкеш, көйлек, штан,
Ақы деп осы емес пе бар бергенің?
Шын құдайдан қорықсаң иман іздеп,
Жарлының бұл еңбегін неге жедің?

Өз обалың өзіңе тоқталмасаң,
Ет, қымызбен боп жүрсің бәрің масан.

Аузынды ұстап, санынды бір қағарсын,
Тиылып бұл әдеттен басылмасан.

Осылай, Әріп бұл өлеңінде елдегі бектік-феодалдық қалдықтарын: қазақ байлары мен би-болыстарының, қожа-молдаларының қанаушылық, озбырлық, ашқарақтық, паракорлық, даужестік, надандық, шаруаға қырсыздық, ынтасыздық мінез-қылықтарын, іс-әрекеттерін бәрін атап-атап көрсетіп, орынды, өткір сынайды. Халықты еңбекке, өнерге, кәсіпке, ілгері ұмтылуға шақырады.

Әріптің «Қалың мал туралы» өлеңі 1910 жылы жазылған. Ақын бұл өлеңінде де қазақтың ескі, ру-ақсақалдық салт-санасын, әдетін мінейді. Қазақтың әйелді кемсіту, теңіне, сүйгеніне бермеу, зорлап малға сату, қатын үстіне, шалға беру сияқты оңбаған әдетін мысқыл етеді. Ақын адамның бас бостандығын, әйел теңдігін көксейді, осыны талап етеді. Ол былай деп жазады:

Адам мен ева ананы жаратты хақ,
Ғибрат тұр атаңнан ойланып бақ,
Әлемнің тұңғыш ұлы, тұңғыш қызы,
Бұлардан басқа жандар келмеген шақ.
Екеуі сүйісті де жолдас болды,
Қалың малды шығарған қандай ақмақ?
Әр кімнің жақсы, жаман өз теңі бар,
Ықтияр бірін-бірі сүйіп таппақ.
Жылқы мен сиыр қайтып үйір болсын,
Жұрт оған білмей сөгіп, кінә таппақ.
Сөккенмен жылқы іздейді өз жынысын,
Жөн емес жануарға жала жаппақ.
Тегінен аузы жалпақ, ісі сасық,
Сиырды жылқы қылшы қанша мақтап.
Жақсы мен жаман қайтып қызық етер,
Жаман дерт жазылмайтын мазан кетер.
Қашар менен есекті бір қосақтап,
Бұларды теліп әуре болма бекер.
Жоғалтқан жанды адамның ықтиярын,
Халықтан осы дағы қалса нетер,
«Пәленше менің кісім болсайшы» деп,
Көз сүзіп, көрінгенге өмір өтер.

Әркімнің жолдас болсын сүйген досы,
Біріксе айрылмасын көңіл хошы,
«Теңін тап та, тегін бер!», түзел жұртым,
Аумас жеңіл, айнымас жүрек осы.
Жас қызды алпыстағы шал алады,
Әйел жағы тағы кем саналады,
Әлгі шалда үш қатын бұрын болса,
Мал беріп, төртінші ғып ала-алады.
Әке, шеше, ағасы ұнап қойса,
Олардан жас қыз қайтып қала алады?
Зәулім боп жиырмаға жеткен қызды,
Бір еркек жеті жасар бала алады.

Шал да емес, бала да емес ең негізгі
Не туысы, не хайуан мал алады.

Бір болар бұл әдеттің қалар күні,
Бар әйелдің басында өмір түні,
Не жаманның, не шалдың жетегінде,
Не керек кете барды шықпай үні.

Әкең құрсын жас қызын шалға сатқан,
Шешен құрсын өтірік жылап жатқан.
Бұл тәртіп білімді елдің бірінде жоқ,
Шатылып жалғыз қазақ тәңір атқан.
Осыған армандының біреуі өзім,
Тағы өзімдей өзгені көрген көзім,
Адамды адам тұсап, малға сатқан,
Қиянатқа қапа боп жазған сөзім.

Әріп «Ғылым туралы» өлеңін 1906 жылы жазды. Ақын оны мысалдап, балаларына өсиет етіп қиыстырған. Әріптің оқу, өнер, ғылым туралы жазған өлеңдері, айтқан үгіт-насихаттары толып жатыр. Бұл өлеңі солардың бәрінің жиынтығы, ақынның қортынды пікірі тәрізді. Сондықтан Әріптің бұл өлеңі тек балаларына ғана емес, бүкіл жастарға, халқына айтқан өсиеті болып шыққан. Ақын халықты оқуға, өнерге, ғылымға шақырған. Ол былай болып келеді:

Мысалы: дүние — теңіз, ғылым — кеме,
Кемесіз терең суға түсем деме.
Толқыны тауға ұқсаған мына заман
Сеземе мұны даңғой, жаһіл неме

Суы ашы теңіздің, іші жайын,
Толқыны төңкерілер барған сайын.
Қауыпсыз балық аулап пайдаланар,
Сенімді кеме болса кімде дайын

Кемеде болмау керек саңылау, тесік,
Мақтанба жел қайыққа кеме десіп.
Жел соғып көтерілсе жоқ боларсын,
Толқынның түрі жаман жатқан көшіп.

Балық бар бұл теңізде неше тармақ.
Байламай оғандағы салма қармақ.
Астың теңіз толқынмен дос емессің,
Бір мықты кеме ғып ал өзіңе арнап.

Кемесіз суға кетер арандаған,
Себепсіз ешбір нәрсе жаралмаған.
Малтумен көрген күнің құрып қалсың,
Ұят қой анда-санда қараңдаған.

Шалағай жанның қасы жыртық қайық,
Бір күн жел, сеніп болмас, бір күн айық.
Астың — теңіз, үстің — жел дос емессің,
Қарбайып әлек болма қанат жайып.

Толқынға кемеменен ыңғайлы бол,
Бір білгіш морякпенен ұстасып қол
Жылым — кеме көңілдің тиянағы,
Әне, жаным, сөйткенде табасың жол.

Қазаққа келген жанның бәрі төре,
«Ақ жүрек аңқылдаған» өмір бере.
Көзсіз құдық сияқты ода тапшы,
Жетілген екен деме оны көре.

Пікір қыл көрінгенге шықсаң үйден,
Шыға көр, тілімді алсаң, надан күйден.
Малым жоқ бөлек ауыл қондыратын,
Енші осы, ойла балам, саған тиген.

Теніздің төңірегінде сазды кен тұр,
Тілімді ал, қанағат қыл, әдеппен жүр.
Ғылым — дана өмірде қор болмайсын,
Жаманмен жолдас болма, жақсымен жүр.

Кәсіп қыл, ғылым берер іздесең жем,
Болмайсын таза жүрсең ешкімнен кем.
«Күннен де білім жарық» деген мақал,
Соқыр кісі болмайды көздімен тең.

Кісінің, менше, балам, қақын жеме,
Түбінде жарымайды жегіш неме.
Тірі күнде құтылдым қарызымнан,
Артымнан «әкем айтпай кетті» деме.

Сонымен, Әріп революциядан бұрын прогресшіл, демократияшыл бағытта болды. Осыдан ол Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ұзамай, бірден совет жағына көшті.

Әріптің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін жазған өлеңдері — Октябрь революциясы, совет өкіметі, коммунист партиясы, олардың ұлы, данышпан көсемі Ленин туралы болып келеді. Олар: «Ленин», «Ленин өлгенде», «Еңбекшінің көсемі Ленин», «Париж коммунасы» деп аталады; бәрі де 1924 жылы, Лениннің қайтыс болуына байланысты жазылған.

Әріптің «Ленин өлгенде» деген өлеңі әңгімелі, сюжетті. Оның сюжеті былай: малшы шал таңертең малмен бірге кетеді; кешке малмен бірге қайтады. Қайтқанда алыстан айқайлап көз жасын төгіп келеді де, үйіне келіп төңбекшіп жылай береді. Әйелі, көршілері не болды деп сұрайды. Қарттың оларға жауап беруге шамасы келмейді, тек жылай береді. Әлден уақытта, өксігін әрең басып, жауап береді:

Ленин қайтыс болды. Ленин жұрттың теңдігін жоқтаған еді; патшаны құлатқан еді; жетім-жесірдің, кедей-жалшының қамқоры еді; соларға еркін, бақытты өмір орнатқан еді. «Тарихта іс қылған жоқ ешкім мұндай» деп түсіндіреді. Ақырында:

Кош енді, ұлы көсем Ленин дана,
Партия қалған елге болсын пана —

дейді.

«Ленин», «Еңбекшінің көсемі Ленин» деген өлеңдерінде Әріп Лениннің өмір баяны мен революциялық қызметінің негізгі кезеңдерін баяндайды. Мысалы, партияның екінші съезінде Ленин мен Мартов арасындағы болған таласты, социал-демократ партиясының большевиктер және меньшевиктер болып бөлінгенін былай суреттейді:

Социал-демократ жиынында,
Ауысқан Плеханов Мартов жаққа.
Қайтпаған пікірінен еш уақытта
Көпшілік қол көтерген Ильичка,
Мақсатын төңкерістің айтқан шақта —

дейді.

Әріптің Ленин туралы, Париж коммунасы туралы өлеңдері оның саяси сауатты болғанын, жұмысшы қозғалысының тарихын, партия тарихын оқып, оны біркелкі жақсы білгенін көрсетеді.

Әріп қазақтың Ұлы Октябрь социалистік революциясын. Совет өкіметін, коммунист партиясын, Ленинді алғашқы жырлаған ақын-жазушыларының бірі. Ол Совет қызметкері, совет ақыны болып өлді.

ҚОРТЫНДЫ

Әріп Тәңірбергенов өзінің жазушылық бағытын насихат, арнау өлең, жырлардан, ертеке, аңыз сюжетінде бұрынғы шығыс әдебиеті стилінде қисса, дастан жазудан бастады. Сонан Абайдың сыны, кеңесімен, Абай шығармаларының, орыс халқының үлгілі әдебиетінің әсерімен бірте-бірте демократтық, реалистік әдіске келді; сыншыл реализм дәрежесіне жетті.

Сол бағытта ол, қазақ халқының өз тұсындағы тұрмысынан, қоғамдық өмірінен алып, бірсыпыра өлең, жыр, жазды: «Біржан — Сара айтысын» жарыққа шығарды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Әріп Совет қызметіне араласты; Совет тақырыбына, әсіресе В. И. Ленин туралы бірнеше құнды өлең жазды.

Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы әдебиетінде демократтық-ағартушылық бағыттың, сыншыл реализм дәстүрінің қалай өсіп, қалыптасқанын зерттеп, айқындауда Әріп шығармаларының едәуір мәні бар.






Бесінші тарау

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ
(1894—1933)

I

Сәбит Дөнентаев — қазақтың Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы, революция тұсындағы әдебиетіне, онан кейінгі дәуірдегі совет әдебиетіне қатысы бар ақын. Ол революциядан бұрынғы әдебиетіміз бен революциядан кейінгі әдебиетіміздің арасын жалғастырып тұратын, қазақтың бұрынғы демократ-ағартушы бағыттағы әдебиетінің жақсы дәстүрін бүгінгі ең озат, барынша терең мағыналы совет әдебиетіне, социалистік реализм әдебиетіне ала келген ақын.



Сәбит Дөнентаев 1894 жылы туып, 1933 жылы, 23 май күні, 39 жасында қайтыс болды. Оның туған жері кәзіргі Павлодар облысы, Ермак ауданы (бұрынғы Семей губерниясы, Павлодар уезі, Ақсу болысы).

Сәбиттің әкесі Дөнентай — кедей шаруа екен. Ол еті тірі, көңілі ояу, шаруашылығына ұқыпты кісі болыпты. Дөнентай жалғыз баласы Сәбитті оқытып, қалайда молла етіп шығаруға барынша тырысады. Ол Сәбитті әуелі өз аулындағы мектепке беріп, сонан соң, 1909 жылы Павлодар қаласындағы

татарша мектепте Қасым қажы дегеннің медресесінде оқытады.

Бұл кезде, Россияда болған 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық революциядан кейін, Қазақстанның көп жерлеріндегі мектеп, медреселерде оқу жаңа, төте оқу әдісімен жүретін еді. Балаларға тек дін сабақтары, құран, әфтиек ғана оқытылып қоймай, сонымен қатар дүние тану пәндері: ана тілі, есеп, жағрафия, тарих, орыс тілі сабақтары да оқытылатын еді.

Қасым қажы медресесінде де оқу жаңа, төте оқу әдісімен жүретін. Сондықтан медресені бітіргенде Сәбит, әкесі Дөнен-тай ойлағандай, молла болмай, мұғалым болып шығады.

Сәбит 1913—1916 жылдар арасында бұрынғы Павлодар үйезі, Ұрық облысында мұғалым болып істейді. Осы кезде Сәбит екі рет Семей, Омскі қалаларын аралап, саяхаттап қайтады. Бұл оның ой-өрісін кеңейтеді, заман жайын, ел тұрмысын дұрыс аңғаруына себеп болады.

Сәбит медреседе оқып жүрген кезінде, ауылда мұғалым болып істеген жылдарында қазақ, татар тілдерінде шығатын «Айқап», «Шора» журналдарын, «Қазақ», «Уақыт» газеттерін алып оқып тұрады. «Айқап» журналында істеп жүрген өзінің ауылдасы, досы Сұлтанмахмұт Торайғыровпен хат жазысып, қабарлас болады, өз тұсындағы қазақ, татар әдебиеттерімен танысып: Абай Құнанбаевтың, Абдулла Тоқайдың шығармаларын оқып, үйренеді. Солардың ықпал, әсерімен елең жаза бастайды.

Сәбиттің «Қиялым» деген тұңғыш жазған өлеңі 1913 жылы «Айқап» журналының 22 санында басылады. Сәбиттің бұл өлеңі былай болып келеді:

Таза жүн, түсі әдемі бір құс болсам,
Бұтаққа көңілім сүйген ұшып-қонсам.
Зарымды жұртқа айтарлық сайрағыш боп,
Уа дүние, шағып мұным, көрсем шолпан!

Бойда күш жанда қанат болған күнде,
Кім тұрсын құмды, таулы, жерде сортаң.
Жүзсем — көл, қонсам — орман, ұшсам — дала,
Не қажет маған байлық, патша сұлтан!

Бұл істі ұнатсам да, бір жағымда
Қаршыға, тұзақшы бар, сонан қорқам.
Ойлаймын: кім қызықпас мені ұстауға,
Іліксем қаршыға жер үзіп қолқам.

Жанымды жапырақтай қоям қайда?
Шығар күн болмаған соң, атарлық таң,
Бос оймен бірде олай боп, бірде бұлай,
Өзімше құрмақшымын бір түрлі заң.

Қиялым, лаға бермей, айнал бері,
Құлдарша өнімсізге етпе қортан.
Еңбек ет, боларға ұмтыл, шынға баста.
Әлімше сонда артыңнан мен де жортам!

Осыдан былай оның өлеңдері, мақалалары «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде үнемі басылып тұрады. 1915 жылы «Уақ-түйек» деген атпен ол алғашқы өлеңдер жинағын бастырып шығарады.

Сәбит қазақ оқығандары арасында белгілі ақын болады. Газет, журналдар бетінде қазақ халқы өмірінің бірсыпыра түйінді мәселелері — халықты отырықшыландыру, қала салу, егін шаруашылығына көшу мәселелері туралы айтыс болғанда, Сәбит көбінесе прогресшіл, демократтық-ағартушылық бағытта болды².

1916 жылы патша өкіметінің әйгілі июнь жарлығы шықты. Ол бойынша қазақтың 19 жаспен 31 жас арасындағы азаматтары сол кезде жүріп жатқан бірінші империалистік соғыс майданының қара жұмыстарына алынуға тиісті болды. Сәбит майдан жұмысына баруға тиіс еді. Осыдан құтылу үшін ол Екібастұз көмір кеніне барып, жұмысқа түседі: жалданып кенші, теміржолшы болып істейді.

Екібастұзда істеп жүргенде Сәбит сондағы жұмысшылар тұрмысы, ел жайы, майдан жұмысына алынған азаматтар туралы бірнеше өлең жазады. Оның «Екібаста» деген өлеңінің бір жері мынадай:

... Ауқаулап сиыр сауған әйел даусы,
Дәл бүгін атсаң да жоқ, шапсаң да жоқ.
Завод тұр көк түтіні аспанға өрлеп,
Отырсың шайға қанбай, көзің терлеп.

Қасаптан арқан бойы ет алуға
Ерініп бір-біріне «әкеп бер» деп,
Тамаққа тапқан табыс жетпейтін боп,
Айтқан көп елге сәлем «ас жібер» деп.

Күшіктей жұртта қалған дыбыс тындап,
Екі көз төртеу болды «кім келер» деп.
«Жолдастар уайымға берілмелік».
Деп бірі-біріне қайрат бермек.

«Ақырда әр нәрсеге сабыр артық,
Ежелде, хақ жазғанын бәнде көрмек».
Елде көп отарбамен ағылғандар,
Сандалып, ақылынан жаңылғандар.
Қай жерде жөнді жұмыс кез келер деп,
Сартылдап ертелі-кеш сабылғандар.

¹ Сәбиттен келтірілген өлеңдердің бәрі де оның 1935 жылы басылған жинағынан алынды.

² «Жөнімен өкпелеу керек» деген мақаласын қараңыз («Айқап», № 11, 15 июнь, 1914 жыл).

Жұмысқа лайығы кетіп жатыр,
Жөні кеп жұмыс-бейнет табылғандар.
Далада күрке жетпей күнсіп отыр.
Киімі «боқжамалап» таңылғандар.

Не көрдің? Не естідің? Не білдің? деп,
Сұрап жүр бір бірінен анырғандар...

Жұрттың «тасаланып» қалдың деп қудалауы, көрсетуі бойынша Сәбит ақыры майдан жұмысына алынады. Онда барып, Рига маңында жұмыс істеп тұрады.

1917 жылы Россияда февраль буржуазиялық-демократиялық революция болады; Уақытша үкімет орнайды. Қазақтың буржуазияшыл-ұлтшыл оқығандарының қимылы күшейеді; олар өздерінің партиясын, үкіметін құрады.

Февраль революциясын Сәбит «Бостандық» деген өлең жазып, зор қуанышпен қарсы алады: мұны шын бостандық деп, хате түсінеді. Сәбит бұл өлеңінде осы жайды былай суреттейді:

Тілекті бүгін хақтың берген күні,
Көл, дария көздің жасын көрген күні.
Талайдың тіршіліктен қол сермеген,
Қайғысын тас-талқан ғып бөлген күні.

Жаз шығып бір сағатта күркіреп күн,
Тырбандап, тайша-торпақ өрген күні.
Құл болған екі аяқты айуандардың
Қатарға адам болып енген күні.

Ақ деп қан, «шәйт» деп жан, өлмек енді,
Шын жасын әлеуметке берген күні.
Ғаламға аузын ашқан айдаһардың,
Мерт болып мақсатының өлген күні.

Алланың азат құлы екеніне
Әр кімнің көзі жетіп сенген күні.
Теңдестік, адамшылық, құрдастықтың
Алдына мойын сұнып келген күні...

Бостандық өмір сүріп, өшсін құлдық,
Деп жұрттың мойын созып, төнген күні.
Ә, құдай! ұзағынан жаза көр деп,
Іркіліп көзге жастың келген күні.

Сәбит 1917 жылдың басында майданнан қайтып, сол жылы май айында Семей қаласына келеді. Сондағы алашорда үкіметі ашқан мұғалімдер дайындайтын үш айлық курсқа түсіп оқиды және «Сарыарқа» редакциясында экспедитор болып істейді.

Мұғалімдер курсы Сәбиттің оқу, білім дәрежесінің көтерілуіне, мәдениетінің өсуіне едәуір себеп болады. Сәбит осы курста тұңғыш рет орыс тілін үйренеді; орыс халқының классик әдебиетімен таныса бастайды. Бірақ курс оқытушылары-

ның көпшілігі алашордашылар болғандықтан, олар оқушыларды өздерінше, буржуазияшыл-ұлтшылдық рухта тәрбиелейді.

Осыдан Сәбит бұл кезде буржуазияшыл-ұлтшылдық бағытта біраз өлеңдер жазады. Алашордашылар шығарған «Сарыарқа», «Жас азамат», «Абай» газет, журналдарына қатынасады.

1919 жылы Сәбит өз еліне — Ақсу болысына қайтады, мұнда ол халық ағарту жұмысымен шұғылданады; әкесінің шаруашылығына қарасады; үйленеді. 1920 жылы Сібірде, сонымен бірге Семей, Павлодар аймақтарында Қолчак, алашорда үкіметтері құлап, Совет өкіметі орнайды.

Сәбит сол кезде Павлодар қаласына барады, сонда уездік революцияшыл комитеттің тапсыруы бойынша аудандық сот болып қызмет істейді. Бұл кезде Сәбит өлең жазуды қойып кетеді. Тек сот ағасы ретінде елдегі ескілікке, тап жауларына қарсы күреседі.

Сәбит 1924 жылы Семей қаласына келеді, сондағы губерниялық қазақ газеті басқармасына — «Қазақ тілі» газетіне қызметке тұрады. Осы кезден бастап Сәбит тағы да өлең жазуды қолға алады: газетте оның өлеңдері, фельетондары, мақалалары үнемі басылып тұрады.

Семейде бұрыннан келе жатқан Қазақстанды зерттеу қоғамы болады; 1929 жылы Қазақтың пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының губерниялық бөлімі ашылады. Сәбит екінші жағынан осы ұйымдарда мүше болып қызмет істейді.

Сәбит газет қызметкері, жазушы ретінде жұмысты өте жақсы істеп, сол үшін газеттің он жылдық юбилейінде сый алады.

Өзінің және әйелінің денсаулығы нашарлаған соң, 1930 жылы Сәбит газет қызметінен шығып, өз еліне кетеді. Сонда барып, мұғалім болып тұрады. Кейін біраз уақыт, Павлодарда шығатын газетте қызмет істейді. Ақырында, 1931 жылы Семейге қайта оралып, «Қазақ тілі», «Жаңа ауыл» газеті редакциясына қызметке кіреді. Осы жұмыста жүргенде безгек ауруына шалдығып, сонан 1933 жылы қайтыс болады.

Сәбит қайтыс боларынан біраз бұрын Алматыда болды. Сонда ол: «Енді ширайтын кез келді. Денсаулықты біраз түзеп алып, өндіріске жуық, сонымен қатысы бар жерде тұрып, белсене жұмыс істесем деген ойым бар. Жазушылар съезіне қатынасып, баяғы хатемді түзеп, жаңа, күрделі шығармалар берсем дейім» — деген.

Сәбиттің бұлай деген себебі — Сәбитті бұрын ҚазАПП хателескен, жолбике деп түрткілеп, қақпалап келген еді. Бұл кезде партияның 1930 жылы болған XVI съезінің ескі интел-

лигенция совет бағытына келді деген қаулысынан кейін, партия Орталық Комитетінің «Әдебиет-көркемөнер ұйымдарын қайта құру жөніндегі» 1932 жылғы тарихи қаулысынан кейін Сәбиттің белсеніп жұмыс істеуіне, күрделі шығармалар беруіне жағдай туған еді. Ақып осыны аңғарды. Бірақ дегеніне жете алмады.

II

Сәбиттің алғашқы кезде жазған өлеңдері оның 1915 жылы шыққан «Уақ-түйек» деген жинағында басылды. Сәбит өлеңдерінің көпшілігі оның 1935 жылы шыққан «Дөнентайұлы Сәбит өлеңдері» деген жинаққа енді. Сәбиттің революциядан бұрынғы бірнеше өлеңі мен революциядан кейінгі бірсыпыра өлеңдері 1950 жылы шыққан «Өлеңдер» деген жинақта жарияланды.

Сәбит өлеңмен қатар бірсыпыра мақалалар, фельетондар, бірді-екілі көркем әңгімелер де жазған. Оның бұл еңбектері тек соңғы жылдары ғана жиналды; ақынның өлеңдерімен бірге 1957 жылы ғана кітап болып шықты.

Сәбиттің мақалалары мен әңгіме, фельетондары әлі зерттелген жоқ. Тегі Сәбиттің шығармалары әлі терең зерттелмеген. Ол жөнінде тек орта мектеп оқу кітабында ғана сөз болып, газет, журналдық мақалалар ғана жазылып жүр. Сондықтан біз бұл еңбегімізде Сәбиттің мақалалары мен әңгімелеріне тоқтала алмаймыз. Тек оның өлеңдері туралы ғана пікір айтамыз.

Сәбит Дөнентаевтың жазушылық қызметінің үш кезеңі бар. Біз оның өлеңдерін сол жазушылық қызметінің кезеңдеріне бөліп талдап өтпекпіз:

1) 1913—1917 жылдар — ақынның демократ-ағартушы бағытта өлең, мақала жазып жүрген дәуірі; 2) 1917—1920 жылдар — ақынның буржуазияшыл-ұлтшыл бағытта, алашордашылдар ықпалында болып, сол бағытта өлеңдер жазған кезі; 3) 1924—1933 жылдар — ақынның совет өкіметіне, советтік идеяға көшкен, совет шындығын жырлаған дәуірі.

Сәбиттің революциядан бұрын, 1913—1917 жылдар арасында жазған өлеңдерінің ең көрнектілері: «Заман кімдікі», «Менің халім», «Замандастар», «Қазақтың білгендеріне», «Боз торғай», «Жер», «Қожа», «Ауырған арыстан», «У жеген қасқырға», «Қиялым», «Балалықты сағыну», «Үміт», «Талап», «Жұмыскердің өкініші», «Жарық ағаш», «Сұңқар мен қарғалар», «Жамила қыз», «Өгей ұл», «Екібаста», «Бұлбұлға», тағы басқалар.

Қорытып айтқанда, Сәбит революциядан бұрын жазған өлеңдерінде негізгі төрт тақырыпты сөз етеді.

Бұл өлеңдерінің біразында ақын қазақтың еңбекші бұқарасының сол кездегі екібірдей қанаудан—қазақтың байлары мен бек-феодалдарының қанауынан және патша өкіметінің отаршылдық қанауынан көріп отырған ауыр азабын, саяси-шаруашылық, мәдени-ағарту, теңдік жөйінен түрткі көріп отырғанын, бостандық, бақыт жөніндегі ойын, арманын суреттейді. Мысалы, Сәбит «Менің халім» деген өлеңінде:

Кез келіп арыстанның арбауына,
Таң болдым қу түлкінің алдауына,
Бірі ойнап, бірі шындап, итермелеп,
Тықсырды жердің биік жарлауына.

Бірі айдап, бірі тартып түсіргенде,
Болар ма менің сынып қалмауыма,
Кетуге су түбіне тұрмын таяу,
Қолымның қай тал жақын қармауына?

Деп ойлап, құлаш жайып жүрмін сасып,
Ерік жоқ мықты, осал деп таңдауыма.
Тұншығып, әлім бітті, есім шықты,
Бұрқылдақ жердің кез боп шаңдауына.

От салып біреуі кеп, бірі үрлеп тұр,
Кім менің су құймақшы жанбауыма?!
Кімнің дос, кімнің дұшпан екендігін
Менде жоқ тырнақтай ес аңдауыма.

Соқырдай жетекшіден мықтап ұстап,
Ылаж жоқ, бір ерген соң бармауыма!
Түсіріп қараңғыда қыңыр жолға,
Қаңғыртып, қалма, басым, қарғауыма.

Жәрдем қып, жақын жерден қайтармасан,
Қуат жоқ ұзақ жолға талмауыма.
Саңырау, өзім соқыр, болсам ақсақ,
Кім көнер ертенді кеш зарлауыма?

Қорқамын дертім ұзап кете ме деп,
Бақсының душар болып паңдауына.
Қалайша берсең маған ерік өзінде,
Жаздым да бердім, құрбым, таңдауыңа —

дейді. Ол «Заман кімдікі?» деген өлеңінің бір жерінде:

Бұл заман байқағанға күштінікі.
Азулы, тырнақты мен тістінікі.
Дүниенің патшалығы, батырлығы,
Тыпырлап тыныш жатпаған істінікі —

деп жазады.

Сәбит бұл кездегі өлеңдерінің бірсыпырасында халықты, жастарды оқуға, мәдениетке, дүние тану өнер-білімін, техниканы, ұлы орыс халқының оқуын, мәдениетін үйренуге, сонан үлгі алуға шақырып, үгіттейді. Мысалы, ол «Замандастар» деген өлеңінде:

Жабысайық өнерге,
Ынтықбай, қарап өлерге,
Өзіміз керек демесек,
Керек қып бізді келер ме?

Сақтанбасак бір қақтар,
Келешек мырза келерде,
Жұмулы болып көзіміз,
Ізденбесек өзіміз.

Білімінен білгендер
Келіп бізге берер ме?
Ұмтылайық оқуға,
Айналмай көр-жер қоқымға.

Жара болып ұлғаймай
Дәрі іздейік қотырға.
Болымсызға алданып,
Өнімсізді малданып,

Рұқсат заман бермей тұр.
Қарғаша бок шоқырға.
Қызмет көрсет халқыңа,
Игі ат қалсын артыңа...

Пайдалы басқа өнерден,
Ұлт керегі дегеннен,
Жан қиналып жолыңда,
Бас кетсе де тартынба...—

дейді.

Осы сияқты, ол «Талап» деген өлеңінде де халықты, жастарды оқуға, білімге, талаптылыққа, техника үйренуге шақырады. Ақынның бұл өлеңі мынадай:

Әр дәулет саған даяр етсең талап,
Бак келмес іздеп сені жатсаң қарап.
Нұр жауар талаптыға деген қарттар,
Жүргенге жөргем бар ғой бұрыннан-ақ.

Жалғызбын, жарлымын деп қорғаланбай,
Сал құлаш бір өзіңді жүзге балап.
Әр бірі талаппенен тауып жатыр,
Дүниеде нелер өнер көрсен санап...

Сәбит жоғарыда аталған өлеңдерінің бірсыпырасында қазақ арасындағы рулық, бектік-феодалдық қоғам қалдықтары, ескі әдеттерді, дінді, қожа-моллаларды, би-болыстарды, жалқаулық, даукестік, сараңдық, сұғанақтық сияқты жаман мінез-құлықты мінеп, шенейді, сықақ етеді.

Сәбит бұл өлеңдерінің тағы біразында қазақ әйелдерінің шарифат заңы, ата-ана еркі бойынша малға сатылып, екі-үш қатын үстіне, шалға сатылып, күң азабын көріп, ескілік шыр-мауында отырғанын, олардың үміт-арманын жырлайды. Мысалы оның «Жамила қыз» деген өлеңі былай болып келеді:

Катыны өліп Бекіштің,
«Қызы бар деп Төкіштің»
Іздеп келді алыстан,
Бұрыннан да емес жат,
Құдандалы қат-қабат,
Талай сүйек алысқан.
Жасы қырық-отыз арасы,
Бар жиырма-отыз қарасы.
«Қыз бермеймін кәрі» деп,
«Қатыны өлген әрі» деп,
Беттетпеді Төкішбай...

Сақалының ағы бар,
Берден дейтін шал келді.
Оның аты Берден ғой,
Құдай оған берген ғой,
Жәмилаға дәл келді...
«Болса алыңыз қыз керек,
Маған жалғыз Сіз керек»
Деп Төкішбай жалпылдап,
Алпыстағы жасына,
Боз қыраулы басына,
Қарамастан қарқылдап,
Уәде қылды, қол соқты...
Жәмиласы зарлап жүр,
Көзден жасы парлап жүр...
Шайтан алсын, шал алсын,
Төкең байғұс мал алсын.

Сонымен, Сәбит Дөнентаев өленді Абайдан, Токайдан үйреніп, солардың ықпал-әсерімен жазды; Абай, Токай арқылы ұлы орыс халқының XIX ғасырдағы классик әдебиетінен, Пушкин мен Лермонтовтан, Крылов пен Салтыков-Щедриннен үйреніп, солардың дәстүрінен үлгі алды.

Ақын қазақ еңбекшілерінің тұрмыс-тіршілігін, қазақ бұқарасы әлеуметтік өмірінің көкейтесті мәселелерін, еңбекші халықтың ізгі хиял-арманын жыр етті. Ол надандықты, ескі әдет-ғұрыпты, дінді, би-болыстарды, жалқаулық, мансапқорлық сияқты жаман мінездерді қатты сынады: оларды сынау арқылы патша өкіметінің отаршылдық саясатын сөкті. Сонымен бірге, ақын ғылымды, еңбекті, ұлы орыс халқының мәдениетін, жаңаны, жақсыны дәріптеді; халықты оянуға, ілгері өркендеуге шақырды; ерікті, бақытты, мәдениетті өмірді арман етті.

Рас, Сәбит Дөнентаев революция кезінде, 1917—1920 жылдары, буржуазияшыл-ұлтшыл, алашордашыл бағытқа түсті. Осы бағытта ол «Адаспасбыз», «Сарыарқа анамызға», «Айналдырған құдайым-ай!» деген өлеңдер жазды. Сәбиттің мұнысы зор хате, үлкен адасу болды.

Сәбиттің хателесуінің, адасуының негізгі себептері мынадай еді:

Сәбит 1917 жылғы февраль революциясының сыр-сыйпа-тын, оның буржуазиялық-демократияшыл революция екенін түсінбеді. Басқаша айтқанда, ақын февраль революциясын шын бостандық деп түсінді. Патша өкіметі құлады, енді барлық бұратана халықтарға ерік беріледі, барлық құлдық, теңсіздік құриды деп ұқты. Ол уақытша өкіметтің патша өкіметінен айырмасы жоқ екенін, оның ешбір бұратана халыққа ерік, бостандық бермейтінін аңғармады.

Сәбит буржуазияшыл, ұлтшылдардың, алашордашылардың қазақ ұлт автономиясын аламыз, өз алдына қазақ мемлекетін құрамыз деген лепірме, жалған сөздеріне сенді. Бір жағынан, ол автономияны уақытша өкіметтің бермейтінін, екінші жағынан, уақытша өкімет егерде қазаққа ұлт автономиясын бере қойса, ол автономияның жаңа өсіп келе жатқан қазақ буржуазиясының автономиясы болатынын, қазақ еңбекші бұқарасын қанау құралы болатынын түсінбеді.

Қазақ автономиясы құрылады деп сенгендіктен Сәбит қазақ оқығандары арасында бұрыннан болып келген екі ағым: буржуазияшыл-ұлтшылдық және демократияшыл-ағартушылық ағымдар ендігі жерде ынтымақсыздықты қойып, бірлесуі, бірауызды болуы керек деп білді. Қазақ оқығандарын, халықты бірлікке шақырды. Таптық жікті, таптық мүддені, таптық қайшылықты ұмытты.

Бірақ Сәбит буржуазияшыл, ұлтшыл бағытта, алашордашылдар ықпалында жүрген кезінде басқа кейбір ұлтшыл ақын-жазушылар сияқты совет өкіметін, большевиктерді жамандап, оларға қарсы өлең жазып, үгіт жүргізген жоқ. Қайта алашордашылардың кейбір іс-әрекеттерін, көпірмелі көп сөзділіктерін, жалған бұқарашылдығын сықақ етіп жүрді. Әсіресе, 1918—1919 жылдары жазған өлеңдерінде ол алашордашыларды ашық сынады. Оның мұндай өлеңдері: «Қаулы», «Ұлтшылға», «Қайтып қарғыс алмайсың!» деп аталады. Мысалы, ол «Ұлтшылға» деген өлеңінде мынаны айтады:

Аһ ұрып «жұртым» дейсің, «елім» дейсің.
Қалғанын елдің артта өлім дейсің.
Халыққа жайшылықта ақыл айтып,
Жолында жан киноға шегінбейсің.

Қарының ток, жұмысыңның жоқ кезінде,
Мілеттің қызметіне ерінбейсің.
Басына қайғы келіп, сасса жұртын,
Неліктен манайында көрінбейсің?

Көрсетіп жол-жобаны бастау түгіл,
Табалап: ұрсып, зекіп жәбірлейсің.
Қабағың қатып, бір күн ашса қарның,
Бас салып сол мілетті өзің жейсің.

Дегенде «ал істейік ұлттың ісін»,
Атыңның басын тартып, кезімдейсің.
Әр істі аузың айтып, қолың қылмай,
Қай түрмен елді бастап едім дейсің.

Өзінің қайда жүрсең қарныңды ойлап,
Ұялмай жұрттың қамын жедім дейсің.
Орнына өз ақылың келе алмаса,
Дірілдеп, қалшылдайсың, безілдейсің.

Әр қашан жүректенен жұртым десен
Қалайша адам болып, сезілмейсің.
Көңліңе ақ махаббат рең салып,
Шын жылап, міллетім деп егілмейсің.

Сәбит Дөнентаев буржуазияшыл-ұлтшылдық бағыттан тез-ақ кетті. Өйткені, біріншіден, ол алашордашылардың және олар қолданған Колчак өкіметінің контрреволюциялық мәнін ұғып, халыққа істеген айуандық істерін көзімен көрді, екіншіден, Совет өкіметінің әділеттік істерін, зор табыстарын, еңбекші халыққа берген бостандығын, теңправолылығын шын ниетімен құттықтап қарсы алды. Совет қызметкері, совет жазушысы болды.

Сәбит Дөнентаев шығармаларының көпшілігі және аса маңыздылары оның жазушылық қызметінің үшінші, соңғы кезеңінде жазылған. Бұл кезең 8—9 жылға созылды, оның үстіне осы уақыт ішінде еліміз саяси-әлеуметтік жағынан едәуір нығайып, дүниежүзілік тарихи маңыз алған кезең болатын. Бұл жағдайлар әрбір ақын-жазушыны, солардың ішінде Сәбитті жаңа, мейлінше революцияшыл көзқараспен қаруландырды, оның ақындық шабытын өршітті.

Сәбит бұл дәуірдегі өзінің өлеңдерін Ленинге, партияға, совет өкіметі іске асырып жатқан алуантүрлі ізгі оқиғаларға арнайды. Сәбиттің бұл тақырыпқа жазған өлеңдері: «Ұмытылмас», «Бір жыл өтті», «Ленин өлімінің бес жылдығына», «Көсемге», «Капиталистердің сорына жасаймыз», тағы басқалар. Ақын «Ұмытылмас (Ленинге)» деген өлеңінде:

Ақылсыз ем, анамды айқын көрмеген,
Аузым жарып ақ көкірегің ембеген.
Арманда едім, әлсіз едім, жас едім,
Етек тартып, әке артынан ермеген.

Ақ бауырсаққа алақаным бір толмай,
Қайда барсам босағаны бермеп ем.
«Жоғал әрмен, не бар саған, шық үйден!»
Бірдей еді: «айналайын, кел» менен.

Ақ күнімде, пақ күнімде жақсылық,
Адам түгіл, құдайдан да көрмеп ем.
Қайғы-қасірет жүрегімді кернеген,
Мезгілімде өмірден қол сермеген.

Дауыс шықты, білмеуші едім иесін,
«Құтқарамын, сорлы, қолың бер!» деген.
Бердім, көрдім: қайда жетім өзімдей,
Жетіліпті билігінде жүр деген.

Енді сорлы ол дауысқа ермеген,
Енді соқыр оның туын көрмеген.
Құтқарушы, қолын сұрап сорлыны
Кетсе де өзі, кетпес үні кеудеден —

дейді. Ақынның басқа өлеңдері де осылай болып келеді.

Сәбит Дөнентаевтың Ұлы Октябрь революциясы және революциялық мейрамдар туралы жазған өлеңдері мыналар: «Тарих таңы (25 октябрь)», «Он жылдың жемісі (октябрь мейрамына)», «Төртінші октябрь», «Тоғыз жылдағы олжамыз», «Атылғандарға (Лена оқиғасы)», «1905 жыл революциясының 20 жылдығына», «Азат жетті», «Париж коммунасына», «Бірінші май», тағы басқалар.

Ақын бұл өлеңдерінде Ұлы Октябрь революциясынан кейін еліміздің көркейгенін, гүлдене түсіп отырғанын жырлайды. Осының бәрі Лениннің даналығы, Коммунист партиясының басшылығы арқасында қол жетіп отырған жеміс екенін «Он жылдың олжасы» деген өлеңінде ол былай суреттейді:

Жаңаланған қаламыз бар,
Жаңғырыққан даламыз бар.
Тегісшілдік мектебінде
Миллиондаған баламыз бар.

Шаруасы өскен еліміз бар,
Шарасы артқан кеніміз бар,
Өскен бақытты өркендетер
Ленин жолы беліміз бар...

«Ленин өлімінің бес жылдығына» деген өлеңінде ақын:

Ол берген сабақты біліп,
Ол айтқан жолмен жүріп,
Өркендеп, өрлейді кеңес.
Күннен күн жаңалап құрып:
Өткізіп фабрик, завод.
Өндіріс жаңбыр боп жауып,
Жосытып кендерді қазып,
Жосылтып шойын жол салып,
Тас бұзып, тауларды қашап,
Трактор, машина жасап,
Электр, телеграм сымсыз,
Құлаштап қай-қайдан асад.
Жүздеген совхоздар орнап,
Мыңдаған колхоздар қоздап,
Болып тұр қанатын қамдап,
Ескі өмір торғайдай тозбақ —

дейді.

Сәбит Дөнентаевтың партия, совет, комсомол, қосшы, колхоз, мектеп жұмыстары, газет, журналдар туралы өлеңдерінің негізгілері: «Бай мен комсомол», «Комсомолдың айты», «Біздің колхоз бәйге алады», «Жалғыз құдық мектебінде», «Кенес сайлауы», «Ерікті Айша», «Қазақ тіліне», «Жана ауылдың он жылдығына», тағы басқалар.

Сәбиттің елдегі тап жауларының іс-әрекеттерін, ескілік қалдықтарын әшкерелейтін, жеке кісінің ұнамсыз мінез-қылықтарын сықақ ететін өлеңдерінің көрнектілері: «Өсек кәдірі азаюда», «Хұсайнның арманы», «Ақ жорға шығыпты», «Мұқан мен Серік», «Жекен молла», «Божайдың даярлығы», тағы басқалар.

Бұл дәуір Совет Одағында шаруашылықты қалпына келтіру, қалада, ауыл-деревняда капиталистік элементтерге қарсы күрес жүргізу, барлық майданда социалистік шабуылды өрістету дәуірі еді; Қазақстанда ауылды советтендіру, шабындық, егіндік жерлерді қайтадан бөлу, ірі байлар мен феодалдарды конфискалау, қазақтың кедей, орта шаруаларын колхоздастыру, мәдениеттендіру дәуірі еді. Бүкіл елімізде бай, кулактарды тап ретінде жою, тапсыз социалистік қоғам құру үшін күрес дәуірі еді.

Совет Одағы халықтарының Коммунистік партияның басшылығымен жүргізген, істеген бұл зор тарихи шаралары, істері Сәбит шығармаларынан кең орын алды; оның совет тақырыбына жазған өлеңдері өз дәуірінің шын бейнесі.

Сәбит өлеңдерін еліміздің өміріндегі жаңалықты, жақсылықты, озаттарды дәріптеп, мадақтап жазды, бұларды жұртқа үлгі, өнеге етіп көрсетті. Жаңалықтың, озаттардың өршуіне бөгет болатын жаман әдеттерді, тап жауларының зиянкестік әрекеттерін әшкерелеп, өлтіре сықақ етті. Демек, ақын, шығармаларын социалистік реализм әдісімен жазды.

III

Жоғарыда Сәбит Дөнентаев өз өлеңдерінің алғашқы жинағын «Уақ-түйек» деп атады дедік. Осы атақ Сәбит өлеңдерінің бәріне сай келеді деуге болады. Ол негізінен ұсақ, қысқа, шағын өлеңдер жазды; көлемді, күрделі, кесек шығарма бере алмады.

Сәбит өлеңдері көбінесе саяси, азаматтық лирика болып келеді. Онда табиғат, махаббат, көңіл күйі лирикасы жоқ дерлік. Бұл тақырып ақынның тек революциядан бұрынғы өлеңдері арасында ғана бірді-екілі кездеседі. Мысалы, «Жүрекке», «Қаламға», «Жаз», «Ақыл», «Ой» деген өлеңдері осындай.

Сәбиттің революциядан бұрынғы өлеңдері ішінде мысалдап жазылған өлеңдер көп. Олар: «Ыбыс пен шайтан», «Боз-

торғай», «Ұры мен баласы», «Ауырған арыстан», «Көзі тоймайтын ит», «Екі теке», «Ұ жеген қасқырға», тағы басқалар.

Ақын мысалдарының кейбіреулерін татар халқының классик ақыны Габдулла Токайдан аударған; біразын татар, орыс тілдеріндегі мысал, әңгіме, аңыздар ізімен өзінше өлеңмен қиыстырған; енді біреулерін қазақ тұрмысынан алып жазған.

Сәбит мысалдары әрі жарасты, көңілге қонымды, әрі терең мағыналы күлдіргілі болып келеді. Мұны оның «Боз торғай» деген мысалының сюжеті мен мазмұнынан көруге болады.

Бозторғай тұрымтайдан әбден қорлық көреді. Мұның Қырғиға шақпақшы болады. Қырғиды ол томарда бір бөденені жеп тойып, тағы бір бөденені аңдып отырған жерінде кездестіреді. Қырғи бозторғайдың шағымына құлақ қоймайды. Қәзір қолым бос емес. Күт, жаның шықпас деп ұрсады.

Бозторғай мұны енді Қаршығаға айтпақшы болып, соны іздейді. Оны іздеп келе жатып, көлде қырылып жатқан үйректерді көреді; оларды қырған Қаршыға екенін біледі. Сонан ол Қаршыға мен сияқты зәбір көргеннің мұңын тындамайды екен, бұл да момынға зәбір көрсетуші екен деп түйеді.

Деді де бір түкіріп, ұшты аспанға,
«Қайткенде айла табам шыбын жанға?
Бұлардың, бәрінен де бекзада еді,
Барайын деп ойлады лашын ханға».
Көп іздеп, неше түрлі бейнет көріп,
Оны да бір мезгілде тапты келіп,
Түбінде бір теректің «бекзадасы»
Жеп отыр қаздың етін көкірек керіп.
«Жаным-ау, мынау біздің төреміз бе?..
Шынымен ақтық көрмей өлеміз бе?
Кем-тарға бұлар қайтып кек әпермек?
Күдірет «көн» деген соң көнеміз бе?
Дағдарды осыны айтып торғай сорлы,
Жеріне барам деген барып болды.
Бүркітке — құс патшасы жолығуға
Кезіпті жер-жиһанды оңды-солды.
Тапқанын Бүркітті іздеп, таппағанын,
Шаққанын ішкі мұңын шақпағанын,
Білмеймін, әлі күнге естігем жоқ,
Жатқанын жаны тыныш, жатпағанын!..

Ақын мұнда патша өкіметінің әкімдерін келістіріп сынаған. Оның басқа мысалдары да осындай. Сәбит сықақ жанрға шебер ақын.

Сәбиттің революциядан кейінгі өлеңдерінде фельетон көп: Мысалы, «Портфель», «Әй, жалған-ай!», «Хұсайынның арманы», «Бір адвокаттың мінезінен», «Ақжорға шығыпты», «Жекен молла», «Нағиманың өкпесі», «Бочкенің зары», тағы басқалар. Сәбиттің «Ақ жорға шығыпты» деген өлең-фельетоны мынадай:

Бүгін Жұман мекемеге,
Онда келді кешігіп,
Сондадағы бірдемеге
Асыққандай еңтігіп.
Амандығы екпіндірек
Күндегіден сөзі де.
Бүгін беті көкшілдірек,
Қызарыңқы көзі де.
Оны өзгелер аңғармады,
Хамит сезіп, қырағы —
Бір жұма еді ақша алғаны
Соққан екен сыраны.
Дей бергенде сөзін бөліп,
«Жоқ!», «жөк!», деді Жұмаекен.
«Бүгін үйге қонақ келіп,
Жұтылып ед жорғаекен.
Сол ақ жорға жуырда ғана
Кен дүниеге шығыпты.
Сонан жұтып біраз ғана
Ағаң бүгін шынықты.

Сәбит бұрын надандықты, ескі әдет-ғұрыпты, патша өкіметінің әкімдерін, оның отаршылдық саясатын бүркемелеп, ишаралап айтпаса, ашық, тура айта алмас еді. Соның үшін ол кезде ақын әдейі-ақ көбіне мысал өлеңдер жазды.

Ал, революциядан кейін ескінің қалдықтарын, советтік тұрмыстың, партия мен үкіметтің жауларын жария әшкерелеу, аты-жөнін, түс-түрін, мекен-тұрағын көрсетіп сынау қажет болды. Бұл кезде Сәбит мысал жанрынан фельетон жанрына ауысты: көбінесе фельетон — өлеңдер жазды.

Қорытып айтқанда Сәбит өлеңдерінде сықақ, мысқыл, әзіл күшті. Бұл жөнінде ол Салтыков-Щедриннен, Абайдан үлгі алған; ол солардың дәстүрін таратушы үлкен сықақшы-сатирик ақын болды.

Сәбит татар медресесінде татарша оқып, ескі дін кітаптарын оқып өсті. Дегенмен ол өзінің өлеңдерін таза қазақ тілінде жазды. Бірді-екілі ғана болмаса, ол ескі кітап сөздерін мүлде қолданбайды. Бұл жөнінде Сәбитке Абай, Сұлтанмахмұт шығармалары, өз кезіндегі қазақ баспа сөзі көмек етті деп білуіміз керек.

Сәбит өлеңдерінің тілі жатық, орамды, өткір келеді. Ақын сықақ, мысқыл, әзіл өлеңдерінде, сол жанрдың өзіне лайық сөздерді орынды кірістіреді. Ол әсіресе, революциядан кейінгі фельетон-өлеңдерінде орысша сөздерді батыл, орынды, жарасымды қолданады. Мысалы, оның «Нағиманың өкпесі» деген өлең-фельетоны былай болып келеді:

Кем шығар Нағимадай келбетті әйел,
Оңай ма таласуға даладағы ел!
Ол түгіл қалада да теңелмейтін
Нешелер келте шашты, құмырысқа бел.

Ол емес өзгелердей киім құмар,
Орысша он-ақ түрлі көйлегі бар.
Оны да мода қуып алғызған жоқ,
Біреуі кен боп кеткен, біреуі тар.

Жаққанмен опа-далап жөнін білген,
Жері жоқ баттастырып бет бүлдірген.
Сөзінде, жүрісінде жоқ-ақ шығар.
«Қазақтың қатыны» боп сыр білдірген.

Бөтенке үш-ақ түрлі, шәлі бесеу,
Үш пальто, бір перчатка, ішік екеу,
Ол онша нысабы жоқ әйел болса,
Шарыпты алдырмас па ед әлденешеу.

Отыр ғой қанағат қып үш шарыпқа
Иіс су айға үш-ақ сом, солда көп пе?
Жоқ жерден жеті сомға қараулық қып,
Нағышты өкпелетті Қасым текке.

Нағышта болатұғын бір-ақ сырға,
Алғаны оның өзін екі жылда.
Онысы ескі мода, кішілеу боп,
Жаңаны тапсырып ед бір қатынға.

Бағасы қымбат емес, жеті-ақ тенге,
Нағима үш сырғалы Қайдан кем бе?
Кісідей сыйламайтын әпермеген,
Халқым-ау, Қасымдікі айтшы жөн бе?

Мұны өте келісімді сықақ өлең деуге болады.

Сәбит Дөнентаев өлеңінің құрылысы (өлшемі, шумағы, ұй-касы) жөнінде де Абайдан көп үлгі алған ақын. Ол онбір-он-екі өлеңін Абай үлгілерімен жазған. Мысалы, оның «Жүрек-ке», «Өгей ұл», «Бір жыл өтті», «Елшілге», «Жәмила қыз», тағы басқа өлеңдері Абайдың «Сегіз аяғының» үлгісімен жазылған. «Бір жыл өтті» былай:

Өлді деп ер,
Қайғы мен шер
Қаптады кеп көкіректі.
Еңбекші ел,
Көз жасы сел,
Болғанына жыл өтті.
Аз ойламас,
Аз төкпес жас,
Сорлы толған жұмыр жер.
Талай топтар,
Өксіп жоқтар
Биыл да сол жетімдер.
Биыл емес,
Бір жыл емес,
Өткен сайын жылдан жыл.
Еске енетін,
Ескеретін
Көп табылар күң мен құл.

Ленин, Ленин
 Қайран ерім
 Деп еңбекші сағынар.
 Сағынса өзін,
 Сақтап сөзін
 Тұмар қылып тағынар.

Сәбит екі өленді өзінше құраған. Олары: «Ой», «Күздің сыры». Мысалы «Ой» шумағы жағынан Абайдың жеті тармақты өлендеріне, әсіресе «Сен мені не етесің?» деген өлеңіне ұқсайды. Ал, өлшемі, ұйқасы жағынан онан басқаша шыққан. Мысалы:

Қаза берсе, түбі жок,	а
Қазбағанда, суы жок,	а
Ой деген бір шыңырау.	б
Талаптыға жеткізбей,—	—
Жынды қылған құрғыр-ау,	б
Сені қуған кісі әуре	в
Қумағанның ісі әуре.	в

Сәбиттің «Күздің сыры» деген өлеңі шумағы, өлшемі жағынан Сұлтанмахмұттың бес тармақты «Мейрімсіз ажал» деген өлеңіне ұқсайды. Бірақ ұйқасы онан өзгеше. Мысалы:

Ызындаған, шулаған	а
Қыбырлаған, дулаған,	а
Таңнан інір басқаша —	—
Минут тыныс қылмаған,	а
Ұсақ жанды жағалап —	

Бұлардан басқа Сәбиттің үш өлеңінің ұйқасы айнымалы, әр жерде әртүрлі болып келеді. Ондай өлендері: «Замандас-тарға», «Бак құсына (баспасөзге)», «Бочканың зары».

Сөйтіп, Сәбит өлендерінің шумағы, тармағы, өлшемі, ұйқасы әр алуан; біраз ретте Абай өлендеріне ұқсайды, солардың үлгісінше келеді. Бірақ, Сәбиттің бірқатар өлендерінің ұйқасы Абай өлендерінің ұйқасындай әрі мағналы, әрі көрікті болып шыға бермейді. Сәбит кейде мағнаға көңіл бөлмей, жалаң ұйқас қуып кетеді.

Сәбит Дөнентаев өлендерінің біразы, әсіресе революциядан кейінгі өлең-фельетондары құрылысы, тілі, стилі жағынан көбінесе әңгімелесу, диалог болып келеді. Ақын өленді жәй әңгіме, кеңес сияқты етіп қиыстырады. Мысалы, оның «Біздің колхоз бәйге алады» деген өлеңі төмендегідей:

Мұстафа аға:
— Даяр ма шай,—
Деді Әлима женгейге.
— Не бітірдің,
Қайда жүрдің?
Деп жатыр-ау женгей де.
Етік, тонын
Тастап, қолын
Жуып жатып Мұстафа екен:
— Биылғы егіс,
Шықса тегіс
Пайдасы — дейт күшті.
Бригад кеп:
— Доклад деп,
Собрание шақырды.
— Көлік, сайман,
Тұқым жайдан —
Айтты-ау нелер ақылды.
Нелер қулық,
Нелер сұмдық
Айтылды да ашылды.
Болмайтынның,
Онбайтынның
Көбін сотқа тапсырды.
— Егінге деп,
— Екпінді деп,
Бригада сайлады.
Сайман, көлік,
Санап беріп,
Ие қылды, байлады.
Жинап, баптап
Сортавайтап,
Дәрілетпек тұқымды.
Соқа жамап,
Көлік санап,
Мойнына алды күтуді.
Сақадай қып,
Бәрін сай қып,
Біраз күннің ішінде.
Тегіс егін сап,
Бәйге алуы ақ
Бұл екпінді пішінде.

Ақын мұны өмір шындығын кең қамту, күнделікті, жәй, қарапайым өмірді дәл беру, ойын еркін айту мақсатымен істеді. Онысы келісті де болып шыққан.

IV

Сәбит Дөнентаев өзінің революциядан бұрынғы өлеңдерін орыс халқы классик әдебиетінің, Абай мен Ыбрайдың жақсы дәстүрлерінде — сыншыл реализм дәстүрінде жазды, соны жаңа жағдайға, өз заманына сай дамытты. Надандықты, жал-


қаулықты, ескі, кертартпа әдетті, әділетсіздікті, би-болыстарды, төре-тілмәштерді сынады, сықақ етті; халықты оқуға, еңбекке, ерікті, бақытты тұрмыс орнату үшін әрекет етуге шақырды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі шығармаларында ол қазақ халқының жаңа, социалистік, сәнді тұрмысын, қажырлы еңбегін бейнелейді; Октябрь революциясын, Лениннің даналығын, коммунистік партия мен совет өкіметінің елді колхоздастыру, индустрияландыру жөніндегі тарихи істерін жырлады.

Сәбит Дөнентаев өлеңдерінің негізгі бір қасиеті — жалынды, әлеуметтік сықақ — сатира. Сәбит бұрын мысал, мысқыл өлеңдерді көп жазған еді; кейін фельетон — өлеңдер мен публицистикалық өлеңдерге көшті, солар арқылы ескіні, кертартпаны сынап, әжуалап, жаңаны, өршілді дәріптеп отырды.

Ақын Сәбит өзінің өлеңдерін көбінше Абай өлеңдерінің үлгісімен жазды; соның ізімен өзі де өлеңнің жаңа үлгілерін шығарды. Ол өлеңдерінде қарапайым сөздерді, шет сөздерді көп, бірақ орынды қолданады; оларды көбінше әңгіме-диалог ретімен келтіреді.





Алтыншы тарау

СПАНДИЯР КӨБЕЕВ

(1878—1956)

I



Қазақ халқының көрнекті демократ, ағартушы ақын-жазушыларының бірі Спандияр Көбеев. Ол 1878 жылы 14 октябрьде, кәзіргі Қостанай облысы, Меңдіқара ауданында, кедей шаруаның семьясында туған. Жазушы 1956 жылы, 78 жасында қайтыс болды. Спандияр әрі жазушы, әрі оқытушы, әрі қоғам қайраткері болған адам.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы кезде оқуға талаптанған қазақ жастарының көбінесе қолы жететіні ауылдағы молла, ауылдық мектеп болатын. Спандияр да алтыжеті жасында ауылдағы мектепке түсіп, онда екі-үш жыл оқиды.

Бірақ тек діни сабақтарды, рухы мүлде жат араб, фарсы кітаптарын оқытып, жаттататын бұл мектеп зор талапты, алғыр ойлы Спандиярды қанағаттандырмайды, тіпті оны оқудан мүлде жерітеді.

Спандияр орысша оқуды арман етеді. 1887 жылы, тоғыз жасында ол ауылдағы орыс мектебіне түседі. Орысша оқуға

түсуге оған қазақ халқының белгілі педагогі, демократ ағартушысы, ақын-жазушысы Ыбрай Алтынсарин көмектеседі.

Спандияр ауылдық орысша мектепті 1892 жылы бітіріп шығады. Мұның артынша ол болыстық орысша мектепке түсіп, оны 1895 жылы бітіреді.

1897 жылы Спандияр Қостанай қаласына барып, сондағы екі жылдық орыс мектебінде оқиды. Бұл мектепті бітірген соң екі жылдық педагогикалық курсқа түсіп, 1900 жылы оқуын аяқтап, бастауыш мектептің мұғалімі болып қызмет істеуге право алады.

Жігерлі жас оқытушы Спандияр өзінің алған білімін, орыс халқының озат мәдениетін, ғылымын қараңғылықта малтығып, өнер-білімге сусап отырған қазақ халқына таратуға шұғыл кіріседі. 1901 жылы ол Кішіқұм деген жердегі ауылдық орысша мектепке оқытушы болып барады.

Кішіқұмдағы мектепте екі-үш жыл істегеннен кейін Спандияр болыстық мектепке ауысады, онан кейін 1908 жылы Петропавл қаласының маңындағы Нілді деген жердегі болыстық мектепке оқытушы болып тағайындалады. Онда Спандияр екі-үш жыл қызмет істейді.

1905 жылы Омскі қаласында бастауыш мектеп оқытушыларына арналып бір айлық ауылшаруашылық курсы ашылады. Білімін толықтыру үшін Спандияр сол курсқа жіберіледі. Курсты бітіргеннен кейін ол Петропавл қаласындағы екі жылдық орыс-қазақ мектебіне оқытушы болып белгіленеді.

Мұнан соң Спандияр Көбеев Петропавл, Қостанай жағында үздіксіз оқытушы болып істейді. Ол қайтыс болғанға дейін Қостанай облысы, Меңдіқара ауданындағы Ақсуат қазақ орта мектебінде оқытушылық жұмыста болды. Қазақстанның Еңбегі сіңген оқытушысы деген атақ алып, Ленин орденімен наградталды.

Спандияр Көбеев өзінің ағартушылық қызметін бастағаннан-ақ оқытушы мәдениет жаршысы, әділеттіктің, адамгершіліктің насихатшысы болуға тиіс, халық бұқарасының санасын көтеруге ат салысуға тиіс деп түсінді.

Сондықтан Спандияр Кішіқұмда оқытушы болып тұрғанында-ақ, қолы бос уақытта ауыл адамдарын жинап алып, оларға табиғат, география, тарих, тағы басқа ғылымдардан түсінік, хабар беріп отыратын болды; қазақтың ауыз әдебиетінен мысалдар келтіріп, орыс әдебиеті жөнінде әңгімелер айтып беріп жүрді.

«Мен Пушкин, Лермонтов сияқты ақын, жазушылар шығармаларының мазмұнын айтып түсіндірдім; әсіресе, Крылов-

тың мысалдарын көбірек оқып, аударып беріп жүрдім»¹— дейді Спандияр.

Спандияр Петропавлдағы орыс-қазақ мектебінде қызмет істеп жүрген кезінде өзінің И. А. Крыловтан бұрын аударып, ауызша айтып беріп жүрген мысалдарын жинап, түзеп, толықтырып, баспаға жібереді. Онысы 1910 жылы «Үлгілі тәржіме» деген атпен Қазан қаласында басылып шығады.

Енді Спандияр өзінің құрметті ұстаздары Ыбрай Алтынсаринның, орыс халқының атақты педагогі К. Д. Ушинскийдің үлгілері бойынша өзі оқытып жүрген балаларға арнап оқу кітабын жасауға кіріседі. Осының нәтижесінде 1912 жылы Қазан қаласында Спандиярдың екінші кітабы — «Үлгілі бала» деген оқу кітабы басылып шығады.

4 «Надандыққа, феодалдық ескішіл, өрескел сорақы салтка қарсы күрес жүргізудің бірден бір әдісі — халықты ағарту, балаларды оқыту, халықты сауаттандыру, оны мәдениет сатысына аяқ бастыру деп ұғынушылардың бірі мен едім. Бірақ сегіз-тоғыз жыл оқытушы болғаннан кейін феодалдық салтпен күресу үшін тек бір ғана балаларды оқыту жеткіліксіз екеніне көзім әбден жетті. Бұл күресте халық санасына күштірек әсер ететін басқа да құралдар керек сияқты көрінді.

Іздене келе мен осы мақсатқа жету жолында ағартушыға ыңғайлы күрес құралының бірі көркем әдебиет екен деген ойға келдім. И. Крыловтың мысал-өлеңдері аудармасының мектеп оқушысы былай тұрсын, халық бұқарасына еткен әсері осы ойымның дерегі еді. Мен осы ойымды жүзеге асыру мақсатымен 1911 жылдан бастап «Қалың мал» романын жазуға кірістім»² — деп жазды Спандияр.

Жазушының бұл романы тұңғыш рет 1914 жылы, Қазанда басылып шықты. Спандияр Қазақстан Совет жазушылары одағының мүшесі болды.

Оқытушы, жазушы ретінде Спандияр еліміздің қоғамдық өмірінде әркезде болған тарихи оқиғаларға араласып жүрді. Мысалы, ол 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революция кезінде жұмысшы-шаруа қозғалысын басқарған большевиктерге көмектесті. Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде, 1917 жылғы февраль, октябрь революциялары кезінде халықпен бірге болды.

Соңғы оншақты жыл ішінде Спандияр өзінің өмірі мен қоғамдық қызметі, басынан өткен оқиғалары мен ойлары, көргендері мен білгендері туралы мемуарлық көлемді шығарма

¹ Спандияр Көбеев, «Орындалған арман», 78—79-беттер, 1954 жыл.

² Бұл да сонда, 106—107-беттер, 1954 жыл.

жазды. Онысы «Орындалған арман» деген атпен 1951 жылы басылып шықты.

Спандияр Көбеев 1942 жылы коммунист партиясы қатарына өтті, көп жылдар бойы Қазақ ССР-ы Жоғарғы Советінің депутаты, бейбітшілікті жақтаушылардың қазақстандық комитетінің мүшесі болды.

II

Спандияр Көбеевтің өмірі мен жазушылық қызметі туралы, оның шығармаларының мән-жайы туралы тұңғыш жазып отырған біз ғана емес; бізден бұрын да Көбеев туралы бірқатар мақалалар, кейбір еңбектер басылып шықты.

Атап айтқанда, жазушының әдебиеттік еңбегі мен шығармалары жөнінде М. Әуезовтың «Орыс реализмінің дәстүрі және қазақ әдебиеті», С. Мұқановтың «Жазушы педагог» деген мақалаларында, Б. Шалабаевтың «Қазақтың алғашқы романы» деген мақаласы мен «Қазақтың революциядан бұрынғы прозасы мен романының тарихынан» деген кітапшасында, С. Қирабаевтың «Қазақтың тұңғыш романы» деген мақаласы мен «С. Көбеевтің жазушылық қызметі» (қолжазба) деген диссертациясында, Көбеевтың өзінің «Орындалған арман» атты шығармасында, орта мектеп оқу кітаптарында айтылған.

Бұл мақалалар мен еңбектердің әр қайсысын жеке-жеке талдау, тақырып жөнінде қайсысында қандай пікірлер айтылатынына шолу жасау, олар жөнінде пікір айту Спандиярдың жазушылық қызметі туралы дербес зерттеу жазатын адамдардың міндеті. Біздің мақсатымыз қазақтың XX ғасыр басындағы демократ ақын, жазушылары деген жалпы тақырып ішінде Спандиярдың өмірі мен шығармалары туралы қысқаша мәлімет беру, өз пікірімізді айту болады.

Спандиярдың өмірі мен жазушылық қызметі туралы мәліметтер негізінен оның «Орындалған арман» деген шығармасынан алынды. Ал, жалпы Көбеевтің шығармалары жөнінде пікір айтқанда жазушының «Үлгілі тәржіме», «Үлгілі бала», «Қалың мал», «Орындалған арман» деген еңбектеріне талдау жасауға тура келеді.

III

Ұлы орыс халқының озат мәдениетін, ғылымы мен классик әдебиетін қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген демократ ағартушылары Абай, Шоқан, Ыбрай өте жоғары бағалады. Олар қазақ еңбекшілерін, интеллигенциясын орыс халқымен дос болуға, сонан үлгі алуға, соның өнер-білімін, тілін, әдебиетін үйренуге шақырды.

Осындай ізгі ниетпен Шоқан халқымыздың ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларын орыс тіліне аударып, оларды орыс жұртшылығына таныстыруға, ғылым дүниесіне шығаруға әрекет істеді. Абай мен Ыбрай орыстың классик әдебиетінің ең таңдаулы өкілдерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды, оларды қазақ халқына таныстырды. Мұның өзі кезінде тарихи жаңа бастама, зор игі іс болды.

Ұлы демократ-ағартушымыз ізгі оймен қолға алған бұл жаңа бастама, игілікті іс олардан кейінгі дәуірлерде, XX ғасырдың басында, әсіресе біздің заманымызда кең өріс алды, дағдылы дәстүрге айналды. Әр кездегі әдебиетіміздің идеясы, шеберлігі жағынан өсуі, ілгері дамуы жөнінде бұл дәстүр ерекше жақсы әсер етті.

Ал, қазақтың XX ғасыр басындағы демократ ақын-жазушыларын алсақ, олардың орыс тілінен көркем шығармалар, әсіресе А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың, Н. В. Гогольдің, И. А. Крыловтың, тағы басқалардың еңбектерін қазақ тіліне аудармағандары кемде кем; бұған белгілі жазушыларымыздың бәрі дерлік қатысты. Атап айтқанда, орыс әдебиетін аудару ісімен Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуов, Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхаметжан Сералин, Әкірам Ғалимов, тағы басқалар да шұғылданды.

Осылардың ішінде орыс халқының классик әдебиетін қазақ тіліне көп аударған, әсіресе И. А. Крыловтың мысалдарын толығырақ аударып, оларды жинап, бөлек кітап етіп басып шығарған Спандияр Көбеев болды. Ол Крыловтың қырықтан аса мысал өлеңдерін 1910 жылы «Үлгілі тәржіме» деген атпен жинап баспаға әзірлеп берді.

Спандиярдың Крыловтан аударған, «Үлгілі тәржіме» жинағында басылған мысал өлеңдері мыналар еді:

«Күйеу таңдаған сұлу қыз», «Өтірікші», «Аң ауласқан коян», «Емен мен тал шыбық», «Шал мен өлім», «Қасқыр мен тырна», «Маймыл мен айна», «Қасқыр мен мысық», «Шыпшық пен көгіршін», «Маймыл мен көзілдірік», «Аққу, шортан һәм шаян», «Көлбақа мен өгіз», «Қарға мен түлкі», «Аңға шыққан арыстан», «Маймылдар», «Аю мен мүсәпір шал», «Қасқыр мен козы», «Құмырсқа мен шегіртке», «Түлкі мен жүзім жемісі», «Екі көгіршін», «Әтеш пен меруерт тас», «Арыстан мен сары масалар», «Арыстан мен кісі», «Есек пен сандуғаш», «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары», «Пәлеге ұшыраған қарашекпен», «Қасқыр мен кісі», «Екі төбет», «Арыстан мен тышқан», «Ұқыпты достар», «Хакім тілеген көлбақалар», «Көлбақалар», «Қомағай ит», «Етікші мен бір бай кісі», тағы басқалар.

Крылов өзінің мысалдарын орыстың нағыз халықтық тілі-

мен, барлық сөз байлығын қолданып, мақал-мәтел сияқты сөз өрнегін көп кірістіріп, өлеңмен жазған еді. Соларды Спандияр қазақ тіліне өлеңмен аударды.

Бірақ Спандияр ақын емес еді. Сондықтан ол Қрыловтың мысалдарын, Абай сияқты, зор ақындық талантпен, шабытпен, асқан шеберлікпен аударма алған жоқ, тек қара сөзбен, кейде еркін, кейде дәлме-дәл етіп аударып, көбінесе олардың маңнасын ғана беріп отырды. Онысы жатық, қарапайым өлең болып шыққан.

Мұны Спандияр аударған мысал өлеңдердің кейбіреулерінің аты мен көлемінен де айқын көруге болады. Мысалы, ол «Разборчивая невеста» деген мысалды «Күйеу таңдаған сұлу қыз», «Листы и корни» деген мысалды «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары», «Крестьянин и смерть» деген өлеңді «Шал мен өлім», «Лисица и виноград» дегенді «Түлкі мен жүзім жемісі» деп аударған.

«Күйеу таңдаған сұлу қыз» деген мысалдың орысшасы 69 тармақ та, қазақшасы 52 тармақ; «Хакім тілеген көлбақалар» деген мысалдың орысшасы 71 тармақ та, қазақшасы 74 тармақ. Сонда Спандияр алдыңғы мысалды өзінше қысқартып, ықшамдап, кейінгі мысалды өзінше сөз қосып, кеңейтіп, еркін аударған.

Қысқасы, Спандияр Қрылов мысалдарын ақындық өнер көрсетейін деген мақсатпен аударған жоқ. Жазушының оларда айтқан ой-пікірі, оның мақсат-идеясы бойын да, ойын да билеп, аудармасқа амалы болмағандықтан және халыққа жаңа, тосын пікір айту мақсатымен аударды.

И. А. Қрыловты кезінде А. С. Пушкин мен В. Г. Белинский өте жоғары бағалаған. Ол жөнінде орыс ақындарының ішіндегі нағыз халықтық ақын, шын маңнасында мысал жанрын жасаушы және соның асқан шебері деген қортындылар айтқан.

Мысал өлеңдерінде И. А. Қрылов аңдар, құстар, өсімдіктер жайын қозғайды. Сырттай қарағанда оның мысалдары жәй ғана жан-жануарлар жөніндегі жеңіл, күлдіргі ертең, әңгіме сияқты көрінеді. Ал, анықтап, маңнасына үңіліп қарасан, Қрыловтың мысалдары адам жөніндегі, адам қоғамы жөніндегі күлдіргі, өткір сықақ әңгіме болып шығады.

Өйткені жазушы аңдарды, құстарды, өсімдіктерді адам бейнесінде суреттейді. Адамның табиғатын, мінезін, қылығын, іс-әрекетін, ой-сезімін аңның, құстың, өсімдіктің табиғаты, мінезі, қылығы, іс-әрекеті, ой-сезімі етіп баяндайды. Жазушының кескіндеуі бойынша арыстан, бүркіт — патша; аққу, шортан, шаян яки маймыл, есек, аю, серке — патшаның министрлері, уәзірлері; қасқыр, тырна, түлкі, піл — патша өкіметінің түрлі әкімдері мен төрелері; ал, бақалар, қойлар, тышқандар,

тағы басқа жәй аң, құс, өсімдіктер — бұқара халық; ағаштың тамырлары — шаруалар, жапырақтары — ақсүйектер.

Автор аңдардың, құстардың, өсімдіктердің іс әрекеті арқылы адамдардың қарым-қатынасын, өз кезіндегі патшалық қоғамның жайын бейнелейді; сондағы теңсіздікті, озбырлықты, сұм-сұрқиялықты әшкерелейді; үстем тап өкілдерін, билеп-төстеушілерді өлтіре мазақ, сықақ етеді, бұқара халықты есіркейді.

Мысалы. Крылов «Бүркіт пен көр тышқан» деген өлеңінде патша мен бұқараны мысал етеді, патшаға уәзірлерінді тындама, бұқара халықтың үнін тында дейді. «Квартет» деген мысалында патшаның мемлекеттік кеңесін мазақ етеді. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалында патшаның министрлерін әжуалайды.

Сол сияқты, жазушы «Жұрт кеңесі» деген мысалында арыстанның қасқырға қой баққызғанын, бұл арқылы зорлықшыл, жемқор төрт шенеунікке облысты, өлкені билетіп қойған патшалықты мысқылдайды. Төре, әкім, сот атаулының пара жегіштігін, олардың халықты қан қақсататын қорқау озбырлығын және қианың барлығын халыққа артатындығын «андарға келген індет», «Түлкі мен суыр», «Піл әскер басы» деген мысалдарында сынайды.

«Патша сұраған бақалар» деген мысалда: бұрын бақалардың патшасы дөнбек болады, бақалар оған риза болмай, жаңа патша сұрайды. Жаңа патша болып тырна келеді. Ол келе сала бақаларды бытырлатып жей бастайды. Бақалар зар қағады, бірақ енді жаңа патша сұрауға батылдары бармайды, бұдан да жаманы келер деп, қалың сорға шыдай береді.

Бұл жазушының патша атаулыға жиренішті қарағанын, халыққа жаны қатты ашығанын көрсетеді.

«Ағаштың тамырлары мен жапырақтары» деген мысалында ақын ақсүйектер мен шаруалардың таласын бейнелейді. Оның тамырлар дегені шаруалар, еңбекші халық, ол қараңғыда қайрат етіп, бүкіл байлықты жасап жатыр, ал жапырақтар — ақсүйектер табы, олар бұқараның тапқанын жеп жатыр — дейді. Осылайша ақын халықтың қамқоры, жыршысы болады.

✎ Орыс халқының XIX ғасырдағы классик әдебиеті өмірді, тұрмыс оқиғаларын өз қалпында көрсететін; оның жаман, ескі, кертартпа жағын даттап, жақсы, жаңа, прогресшіл жағын мадақтап көрсетер еді. Сыншыл реалистік әдебиет осы бағытты ұстаған. Сондықтан да орыс халқының классик әдебиеті адамгершіл озат идеяға, патшашылдықты, құлдықты мансұқ етушілік ой-пікірге, өмірді өзгертуге, азап дүниесін құртып, ерікті, бақытты өмір орнатуға болады деген революцияшыл санаға бай еді.

Қазақтың орыс әдебиетін үгіттеген, XIX ғасырдағы орыс ақын-жазушыларының: Пушкин мен Лермонтовтың, Гоголь мен Крыловтың шығармаларын аударған әдебиетшілері ақын, жазушыларға нақты өмірді, халық өмірін жырлауды, оны дәл, өз қалпында көрсетуді, ондағы жаманды, ескіні, кертартпаны мазақтап, жақсыны, жаңаны, өршілді мадақтап бейнелеуді, зияндыны жою, жақсыны дамыту жөнінде бұқараға жетекші болуды мақсат етті. Осымен олар жаңа әдебиетімізді дамытты.

Екіншіден, орыс классиктерінің шығармаларын аударып таратқан қазақ ақын-жазушылары халық арасына оның адамгершілікті, прогресті, бостандықты көкसेген озат идеяларын таратты. Халықты ғасырлық ұйқыдан оятып, төте азат жолға жөн сілтеді.

IV

Спандияр Көбеев өзінің «Үлгілі бала» атты оқу кітабын Л. Н. Толстойдың «Новая азбука», «Русская книга для чтения» деген, К. Д. Ушинскийдің «Детский мир» деген кітаптарының, Ыбрай Алтынсаринның «Мақтұбат», «Киргизская хрестоматия» деген кітабының үлгісі бойынша жасады, негізгі материалдарды солардан алды. Кітабының басында ол: «Мектепте һәм үйде оқу үшін әр тілдердегі тәуір оқу кітаптарынан алынып, қазақша жазылды» — деп көрсеткен.

Кітап мектеп, оқытушы, оқушылар, адам өмірі, қоғамдық тұрмыс жөнінде түсінік беретін қысқа әнгіме, өлеңдерден басталады. Кітаптың бұл жағының негізгі идеясы «Мектепке шақыру» деген орыс тілінен аударылған өлеңмен берілген. Ол өлең былай болып келеді:

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,
Мәз болмай деген сөзге мырза, ерке.
Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,
Зат емес надан кісі алар текке.

Ертеңгі шақырумен әтеш құстың бәрі,
Әрқайсысы қызметінде келгенше әлі,
Қалбандап көбелек те тек жүрген жоқ,
Бал жинай кетіп барад ұшып ара.

Тоғайдың қызығына тоймастай жан,
Орманда қыбырлаған әртүрлі ан.
Тұра сап тоқылдақ та тек жүрген жоқ,
Ертемен құстар сайрап салады ән.

Шөпшілер тоғайда жүр, шөбін шауып,
Қол күші еңбегімен пайда тауып,
Балықшы ауын қарап, қайықта жүр,
Ден сауда жұмыс та бір қызық-сауық.

Қарасақ әрбір мақлұқ қызметінде,
Көрінет осылайша күнде-күнде,
Аллалап сағыңызға қол қойыңыз,
Надан боп жұрт болмассың тек жүргенде.

Кітаптың мұнан кейінгі бөлімдері — көбінесе табиғат және оның құбылыстары туралы, аңдар, құстар, ұсақ жәндіктер, өсімдіктер және олардың тіршілігі туралы балалардың ұғымына лайықты, қызықты қысқа әңгімелер, ертеқ-аңыздар мен мысалдар.

Кітапта «Қайырымды бала», «Біздің көрші», «Ит пен қайыршы», «Түскі тамақ пен кешкі тамақ», «Анасы мен немересі», «Әкесі мен баласы», «Құстың ұясы», «Өрмекші мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Құмырысқа мен көгіршін», «Үй хайуандары», «Ат», «Есек», «Сиыр», «Екі шыбын», «Түйе», «Қойлар», «Кесірткелер», «Ит пен мысық», «Қаптесер мен көртышқан», «Үй құстары», тағы осылар сияқты алпысқа жуық әңгіме, ертеқ, мысал, өлең бар.

Автор бұл мысалдардың көпшілігін орыс тіліндегі түрлі оқу кітаптарынан алып, қазақ балаларының тұрмысы мен ұғымына лайықтап жазған; біразын қазақ халқының ауыз әдебиетінен іріктеп, ықшамдап алған. Осылардың ара-арасына, мағынасына қарай И. А. Крыловтан аударған және өзі жазған мысалдарын кірістіріп отырған.

Спандиярдың кітапқа осылай кірістірген «Жетімнің зары» деген өлеңі мынадай:

Жетімнің күні құрсын жастай қалған.
Әкесін, шешесімен құдай алған.
Күтетін өз баласындай жақын қайда?
Деген сөз осы емес пе дүние жалған.

Бетіңмен іс етуге ақылың кем,
Бой өсіп, жас жетпеген — білмейсің жөн.
Мал, басың ағайынның талауында
Алдамшы осы емес пе, дүние деген.

Көзіңнен жас ағады қан аралас,
Биліктен малың түгіл шығып тұр бас.
Сұраусыз малыңда құрық, басында сырық,
Қыр аңы арыстан, қабан мұндай болмас.

Сау басың дау да болар өскеніңше,
Күш жетіп, ә десе, мә дескеніңше.
Ағайынның тәлкісінде иттей болған,
Жетімдер толып жатыр әлденеше.

Шөлдесең, сусын болар көлдер қайда?
Қарын ашса, тамақ болар жерлер қайда?
Қаңғырып, жүдеп-жадап жүргеніңде,
Сипайтын мандайынан ерлер қайда?

Жазушы орыс тіліндегі бір әңгіменің желісі бойынша «Қайыршы» деген өлең жазып, оны оқу кітабына енгізген. Ол былай келеді:

Қайыршы бір мүсәпір білуші ем шал,
Үрерге ит, тігерге тұяқ болмаған мал.
Ертеден кешке дейін қайыр сұрап,
Жүруші ед көрінгенге айтып амал.

Әркімнен бұл қалыппен жинағанын,
Жақсының құдай үшін силағанын,
Ғарып-ғасыр, ақсақ, соқыр, нашарларға
Өзінен таратушы ед ылғи әман.

Спандиярдың оқу кітабы асқан педагогтік шеберлікпен жасалған. Оның кітабындағы әрбір әңгіме мен ертеке, мысал мен өлең оқушыға өмірдің барлық саласынан түсінік, білім береді, осы арқылы оларды мәдениетке, өнер-білімге, адамгершілікке шақырады: енбекке, іскерлікке, төзімді, қажырлы болуға, қайырымдылыққа, әділдікке үйретеді.

«Үлгілі бала» қазақ тіліндегі тұңғыш, жаңаша жасалған оқу кітаптарының бірі. Ол кезінде үлкен жаңалық, зор табыс еді. Жастарды дұрыс, жаңа дәуірге сай тәрбиелеуде едәуір қызмет атқарды. «Үлгілі тәржіме» мен «Үлгілі бала» Спандиярдың «Қалың мал» романы сияқты әрі жаңа, әрі күрделі көркем шығарма жазуына қажетті, пайдалы әзірлік болды. Сөйтіп жазушы өзін тай жарысында сынағандай, алдын ала байқап, машықтап, үлкен шығарма жазуға кірісті.

V

€ Спандияр Қобеевтың «Қалың мал» романының тақырыбы — қазақ әйелінің хал-жайы, бас бостандығы, теңдігі, оқып, білім алып, әлеумет қайраткері болуы жөніндегі мәселе.

Қазақ әйелінің өмірі туралы тақырыпты бір Спандияр ғана емес, ХХ ғасыр басындағы қазақ ақын, жазушыларының бәрі дерлік жазды. Оған халықтың оянуы, саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен ілгері басуының негізді, көкейтесті мәселелерінің бірі деп қарады, бұл тақырыптың дұрыс шешімін іздеді.

Жоғарыда, С. Торайғыровтың романына байланысты айттық: бұл мәселені жазу, шешуде қазақтың ХХ ғасыр басындағы ақын, жазушыларында екі түрлі көзқарас, екі түрлі концепция болды — дедік. Олардың біреуі қазақ арасында әлі бектік-феодалдық қалыптың сарқыны, ескілік заңы тіпті күшті. Бұл жағдайда сүйгеніне тиюге, теңдік алуға талпынған қазақ әйелі мақсатына жете алмайды — ескілік құрбаны болады деп білді, өз шығармаларын осындай тұжырыммен аяқтады.

Кейбір ақын-жазушылар: рас, қазақ арасында бектік-феодалдық қалыптың сарқыны мен ескілік заңы күшті. Бірақ, сонымен бірге, кәзір қазақ арасында көріне бастаған, өсіп келе жатқан жаңалықтар да жоқ емес. Ескілікке қарсы тұра

алатын, арпалысып, оны жеңе алатын жаңа күш те бар деп білді. Сондықтан олар өздерінің роман, повесть, поэмаларын осылай, бас кейіпкерлерінің ескілікті жеңіп, мақсатына жетуімен аяқтайды.

Әрине, соңғы көзқарасты, концепцияны ұстаған ақын, жазушылар шындыққа жақын еді; өмір заңын, заман жайын, өз тұстарындағы ел тұрмысын дұрыс аңғарып, дәл түйді. Өйткені XX ғасырдың басы дегеніміз — 1905—1907 жылдардағы революция дәуірі, сонан кейінгі кезең, 1917 жылғы февраль, октябрь революцияларының қарсаңы ғой. Бұл кезде қазақ әйелінің бостандыққа, теңдікке, тілек-арманына жетуіне қажетті жағдай бар болатын.

Спандияр Көбеев осы екі түрлі көзқарас, екі түрлі концепцияның соңғысын ұстады. Өзінің «Қалың мал» романындағы бас кейіпкері Ғайшаның бейнесін жасау жөнінде жазушыға, сөз жоқ, оның 1905—1907 жылдардағы революциялық қозғалысқа араласуы әсер етті.

Жазушы романында тек қалың мал мәселесін ғана сөз етіп қоймайды. Соған байланысты халықтың әлеуметтік, шаруашылық жайын да, салт-санасын, әдет-ғұрпын да едәуір сөз етеді. Романда ел ішіндегі әлеуметтік таптардың өкілдері, олардың тіршілігі, ескі ауыл өміріндегі дағдылы жер дауы, жесір дауы, ру таласы, барымта, ас-той, ойын-сауық суреттеледі. Бұлардың бәрі де орынды, жарасты көрсетіледі.

«Қалың мал» романында жетпіс шамалы кейіпкердің аттары аталады. Олардың ішінде бірқатары есімі айтылады да қалып қояды, ал кейбір кейіпкерлер әңгіменің барысында, роман сюжетінің ұласуында жиі ұшырап, оқиғалармен азды-көпті араласып отырады. Автордың мұндай кейіпкерлері: Тұрлығұл, Итбай, Ғайша, Қожаш, Құрымбай, Байғазы, Әбіш, Амантай, Жамантай, Серғазы, Ақсұлу, Балкүміс, Жүніс, Бірке, Әлке, тағы басқалар.

Шығарманың бұл, алдыңғы саптағы кейіпкерлері, әрине, біріне бірі қарама-қарсы екі топқа: ұнамсыз кейіпкерлер тобы мен ұнамды кейіпкерлер тобына бөлінеді. Бірінші топқа жататын кейіпкерлер Тұрлығұл, Итбай, Құрымбай, Байғазы, Әбіш, Амантай, Жамантай; екінші топқа жататын кейіпкерлері Ғайша, Қожаш, Серғазы, Ақсұлу, Балкүміс, Жүніс, Бірке, Әлке. Романда осы екі топтың тартысы суреттеледі.

Спандиярдың ұнамсыз кейіпкерлері — түгелдей бай, би, ақсақал, атқамінер, моллалар — қарттар. Олар ескіні: рулық, бектік-феодалдық қалыпты, соның салт-санасын, заң-дәстүрін, ғұрып-әдетін жақтайды. Ал, автордың ұнамды кейіпкерлері — түгелдей дерлік жастар. Олар ескі тәртіпке, байлар мен билердің озбырлықтарына қарсы күреседі; жаңалықты, қазақ

Харай җылыт Һурвалдык кытапханасы

Көпчүлүк үчүн



تازا قىسىمىنىڭ مەمكەتتىكى باي باھانىسى
1947-يىلى

Араб әрпімен басылған «Қалың мал» романының мұқабасы

әйелінің бостандығын, теңдігін, еңбекші бұқараның бостандығын көксейді.

Спандиярдың «Қалың мал» романының негізгі мазмұны, идеясы ескішілдер, қарттар тобы мен жаңашылдар, жастар тобының тұрмысы, ой-сезімі, іс-әрекеті, тартысы, ескі мен жаңаның күресі, жаңаның ескіні жеңуі деуге болады.

Бұл жағдайлар «Қалың мал» романының сюжетінен айқын аңғарылады. Ол былай:

Әйелі өлген, жасы алпысқа жеткен ірі бай Тұрлығұл елдің Құрымбай, Байғазы деген байлары мен билерінің ұйғаруы, кеңесі бойынша Итбай молланың онбес жасар қызы Ғайшаны өзіне айттырады. Атқамінер, пысық Әбіш барып, құда түседі. Қалың мал беріледі.

Ғайша Тұрлығұлды менсінбейді, жек көреді. Сондықтан өз теңі, кедей, еті тірі, оқыған Қожашпен көңіл қосады. Шешесі Ақсұлудың, жеңгесі Балкүмістің, ағасы Серғазының кеңесі бойынша, Ғайша Қожашпен қашпақ болады. Оны әкесі Итбай біліп қояды. Ғайшаны тезірек Тұрлығұлға ұзатады.

Біраз уақыттан кейін, өз елімен келісіп, өзінің туыстары, достары Жүніс, Бірке, Әлке, тағы басқалардың көмегімен, Қожаш Ғайшаны Тұрлығұлдың үйінен алып қашып кетеді. Осылай Ғайша, Қожашқа қосылып, үйлі, малды, бала-шағалы болып өмір сүреді.

Романдағы негізгі ұнамсыз кейіпкерлердің бірі Тұрлығұл. Жазушы, әуелі, оның портретін береді. Оны былай бейнелейді:

«Тұрлығұл ұзын бойлы, мес қарын, түксиген қалың қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адам қаймықкандай, елге зәбірлі, көршілеріне, мазан, катты мінезді адам еді»¹.

Онан соң, автор Тұрлығұлдың үй-жайын, шаруашылығын көрсетеді. Ол сексен шақты сиыры, елу шақты жылқысы, бес жүздей қойы бар; өз үйі, қонақ үйі, әр түлік малға арналып салынған қора-қопсылары бар; жер-суы көп, бірнеше малшы, жалшы, қызметкер ұстаған ірі бай.

Ақырында, жазушы Байғазы, Құрымбай деген билерге өздерінің іс-әрекеттерін өз ауыздарынан баяндату арқылы Тұрлығұлдың да солар сияқты би екенін, солардың айтқанын істейтін адам екенін көрсетеді.

Ал, бұлар ел ішінде жер дауын, жесір дауын, ұрлық, барымтаны, ру таласын қоздырып, солардан мал табады. Олар біреудің жақсы жер-суын, біреудің жақсы атын, біреудің же-

¹ С. Көбеев, «Қалың мал», 3-бет, 1954 жыл.

сірін, қызын не өздері тартып алып, не көп мал: сый, пара бергендерге әперіп жүрген зорлықшыл жауыздар, қулар.

Сөйтіп, Тұрлығұл кескіні келіспеген, мінезі жаман, көршіге жайсыз, басымшы, залым, ауыл арасында ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, адам еңбегін қанайтын ірі бай еді— дейді жазушы.

Бірақ, роман желісінде Тұрлығұлдың бұл сипаттары, бұл мінез-қылықтары, бір жағынан, түгел ашылмайды; екіншіден, оның өз жүріс-тұрысы, өзінің қылығы, іс әрекеті арқылы бейнеленіп көрсетілмейді, автордың сөзімен баяндалады.

Мысалы, жазушы Тұрлығұл қатты мінезді, елге тынышсыз, зәбірқой, көршіге жайсыз адам еді дейді. Бірақ, мұны автор сол Тұрлығұлдың мінез-қылығын суреттеу арқылы, оның біреуге істеген зорлық-зомбылығы, біреуді ұрып-соққаны немесе біреуге көрсеткен зұлымдығын бейнелеу арқылы көзге елестетпейді.

Сондай-ақ, жазушы Тұрлығұл беделді еді, ел ішінде оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс еді дейді. Бірақ мұны ол Тұрлығұлдың бір әрекетін дәл, толық суреттеу, баяндау арқылы бермейді .

Романда бұлардың бір де бірі жоқ. Оқушы романның басынан аяғына дейін оқығанда Тұрлығұлдың істеген зорлық-зомбылығына немесе көршісіне көрсеткен қорлығына кездеспейді. Ең болмаса, кітапта Тұрлығұлдың ірі бай, феодал, би бола тұрып, өзінің малшы-жалшыларына ұрысқаны, оларға көрсеткен қаталдығы, арамдығы; әйелі Ғайшаны үйінен алып қашып кеткен Қожашқа, оның еліне істеген зәбірі, айла-амалы сыйпатталмайды.

Яғни, романның негізгі ұнамсыз кейіпкерлерінің бірі — Тұрлығұлдың бейнесі жан-жақты, тұтас, көркем болып шықпаған.

Романдағы екінші негізгі ұнамсыз кейіпкер — Итбай молла. Жазушы Итбайдың бейнесін толығырақ көрсеткен; оның тек молла, шаруа, үй қожасы екенін көрсетіп қоймай, сонымен қатар оның психологиясын, ішкі дүниесін анықтаған.

Мысалы, Итбай — саран, жарамсақ, қонақасыны адамына қарай береді; бай, би, атқамінер сияқты өзіне пайдасы тиетін адам келсе қазы асып, асты-үстіне түседі. Ол бір сөзінде әйеліне: «Сен ит, қымызды әркімге құйып, астың береке-сін аласың. Енді қалыпты бәйбішенің салтымен асты береке-лендіріп ұста» — дейді.

Итбай — мейрімсіз, мал жанды адам. Оның есі-дерті мал, баю, бай деген атақ алу. Ол қызынан малды жақсы көреді. Оның Ғайшаға мейірімі түспейді, онан гөрі малға жақсы қарайды. Малын бәйек боп бағады, құлындарын «айналайын»

деп сүйеді. Ал, Ғайшаға ешқашан жылы шырай бермейді, сүйкімді сөз айтпайды.

Итбай — мақтаншақ, атаққұмар. Баймен құда болғанына, Тұрлығұлға қызын бергеніне масайрайды; Тұрлығұлдың үйіне барғанда ішкен-жегенін, оның байлығын айтып мақтанады; қорасында мал көбейгеніне, қалтасына ақша түскеніне жегіледі.

Қалаға бара жатып, ат айдаушыға: ауыл үстінен шауып өт, бұл кім екен деп, таңырқап қалсын дейді ол. Осылай жолдағы бір кісіні басып кете жаздайды. Қалада көп пұл алдым деп, дүкеншіге: «Бай, шынындай айтшы, өзің ес білгелі мендей тұтас екі жүз елу сомның саудасын істеген кісі бар ма?» — деп даурығады.

Баймен құда болған соң, Ғайшаның қалыңмалын алып біраз байыған соң, оншақты бие байлап, қымызы молайған соң Итбайдың соған басы айналады; мінез-қылығы, жүріс-тұрысы мүлде өзгеріп кетеді.

Жазушы осының бәрін дәлме-дәл, жарасты, көңілге қонымды етіп суреттеген, кей жерде Итбайды шебер әжуа, мысқыл, сықақ етіп көрсеткен. Осыдан Итбайдың бейнесі айқынырақ жасалған.

«Қалыңмал» романының негізгі жаңашыл, ұнамды кейіпкерлері Ғайша мен Қожаш. Романда бұл екеуінің бейнелері біркелкі тәуір шыққан.

Ғайша 14—15 жасар. «Сұлу, ай десе — аузы, күн десе — көзі бар; киген киімінде бір кіршігі жоқ; бармақтары майысқан; бойы тал шыбықтай; шай құйғанда бір аяқты қағыстырмайды; әдеппен отырып, тұрып жүреді».¹ Өзі оқыған: сауатты, аузының ебі бар; жанынан өлең шығара біледі.

Шешесі Ақсұлу Ғайшаға істің жайын түсіндіреді. Шалға барып, қалай адам боласың деп жылайды. Оны құшақтап Ғайша да жасын төгеді. Екеуі мұндасады.

Ғайша жылап-сықтап, реті келгенде ойын білдіріп, өлеңмен Итбайдың Тұрлығұлға бермек болғанына өзінің наразы екенін, Тұрлығұлды тең көрмейтінін, сүймейтінін баяндайды.

Серғазының үйінде болатын шілдеқанада Ғайша өз теңін табады. Ол Ғайшаны, Ғайша оны сүйеді. Екеуі оңаша сөйлесіп, Ғайша оған құтқар дейді. Ол Ғайшаға құтқарам деп уәде береді.

Бір орайда Ғайша мен Ақсұлу былай кеңеседі:

«— Апа, осы ағам, мені жақсы көрем деуші еді. Онысы бекер екен — ау?»

¹ С. Көбеев, «Қалың мал», 8-бет. 1954 жыл.

— Сені жақсы көргенмен де бай мен малды сенен де артығырақ көргені ғой...

— Апа, осы адам өз баласын кемшілік, қорлыққа қалай қияды екен?

— Рас, қалкам, қазақтың қыз «Жат жұртқа жаратылған бала» дейтіні бар ғой. Кім болса, соған тек мал берсе, бере салады. Қыз байғұстың:

Бар ма екен ата-анадан бауры қатты;
Баласын әлпештеген малға сатты...

деп өлең айтып, жылайтыны содан ғой.

Ғайша үндемей біраз мұңайып жатты да қатты күрсініп:

— Апа, қар қашан кетеді? Қырға қашан көшіп шығамыз?¹— дейді.

Ғайшаның қар қашан кетеді? Қырға қашан көшіп шығамыз? деген сөздері екі түрлі мағнада аңғарылады: бірінші, сөздің тар, өз мағнасында: қардың кетуі, жаздың келуі, ауылдың жайлауға шығуы мағнасында; екінші, сөздің кең, ауыспа мағнасында: ескіліктің жойылуы, бостандық, теңдік тууы мағнасында ұғылады.

Ғайша мұның екеуін де асығып күтеді. Қар кетсе, жаз шығып, ауыл қырға көшіп, жайлауға қонады. Сол кезде Итбай аулына Ғайшаның сүйген жігіті, оны құтқарам деген досы Қожаш келеді. Ғайша Қожашпен қашып кетпекші, ол қалың қарлы, қаһарлы қыстан, қатыбез қамаудан құтылмақшы, еркіндік алмақшы.

«Қожаш орта бойлы, талдырмаш, сабыр несі, сұлу қара торы, бір сөзді, уәдеден таймайтын жігіт. Замандастары оны сол мінездерінен өте жақсы көруші еді.»²

Мұның үстіне Қожаш оқыған, ақылды, шешен, жанынан өлең шығаратын жігіт. Оның бұл өнерлері ауылда болатын ойын-жиында, әсіресе Серғазының үйінде өткізілетін шілдеканада айқын көрінеді.

«... Қожаштың жанынан шығарып айтатыны да болатын. Бұл жолы «Қалқамшырақты» қояйын, түсінген кісі түсінер, түсінбеген кісі түсінбес деп, ол Ғайшаның кәзіргі халін, өзінің оған ғашықтығын жұмбақтап өлеңге қосып, ән шырқап қоя берді.

Қожаш өлеңін аяқтап, қолындағы домбырасын Ғайшаға қарай ұсына берді. Отырған бозбалалар да, Серғазы да жарайды, дұрыс айтасың, жиен, десті»³.

¹ С. Көбеев, «Қалың мал», 57-бет, 1954.

² Бұл да сонда, 21-бет.

³ Бұл да сонда, 28-бет.

Қожаш пен Ғайша екеуінің жасы да, бойы да, ойы да тең; екеуі де сұлу, әдепті, ақылды; оқыған, талапты жандар. Сондықтан да бұлар бірін бірі таниды, ұнатады, сүйеді. Екеуі бір-бірімен қосылуға уәделеседі.

Қожаш — Итбай еліне жиен. Біраздан бері солардың арасында қоныстас болады. Бірақ Ғайшамен уәделескеннен кейін ол өз еліне көшеді. Ондағы өзінің ағайын, туғандарына, жора-жолдастарына, Бірке, Жүніс, Әлке сияқты достарына өзінің ойын айтады. Олар Қожашты қостайды, оған көмек беретіндерін білдіреді.

Қожаш, Бірке мен Жүністі ертіп, Ғайшаны алып қашпақшы болып, жайлаудағы Итбай ауылына келеді. Бұл ауылда оған Серғазы, оның әйелі Балкүміс, Ғайшаның шешесі Ақсұлу көмектеседі. Қожаш пен Ғайша бір күні түнде қашқалы тұрғанда Итбай біліп қояды. Ол Ғайшаны ұстап алады. Ұрып ұрсып, біраз уақыт үйіне қамап қояды. Кешікпей Тұрлығұлға ұзатады.

Қожаш енді жолдастарын ертіп, Тұрлығұлдың ауылына барып, Ғайшаны сонан алып қашады. Тұрлығұл Ғайшаны қайтарып алмақ, айып салмақ болғанда, Қожаш ел арасының ежелгі дау-шарларын, кек, барымталарын пайдаланып, Тұрлығұлға теңдік бермейді.

Жазушы романның ең соңында, эпилог ретінде Есіл жағасында тігулі тұрған отауды, отау маңында ойнап жүрген балаларды, жайылып жүрген малдарды, үйде шай қойып жүрген әйелді, шөп шауып келе жатқан жігітті суреттейді. Бұл Қожаш пен Ғайшаның үйі. «Жарайды жігітім, қайырлы болсын тұрмысың!» деп құттықтайды оларды.

Революциядан бұрын, Спандияр Көбеев «Қалыңмал» романын жазған кезде, жоғарыда айтқандай, қазақтың ақындары шығармасында, баспа сөз бетінде халыққа түсініксіз, жат, ескі арап, фарсы, шағатай тілдерінің сарқыны бар еді, түркі деген «жаңа» тілдің әсері күшті еді. Ақын, жазушылардың бірқатары өз шығармаларын сол тілдерде, яки сол тілдердегі сөздерді не ғұрлым көп кірістіріп жазуға тырысушы еді. Ол кезде мұның өзі бір салт сияқты болатын.

Ал, Спандияр өзінің романын қазақ тілінде, қазақтың нағыз әдеби тілінде жазды. Халықтың негізгі сөздік қорын, сөздік құрамын, халықтың сөз мәдениетін, сөзді кестелеу әдісін сарқа пайдаланып жазды. Мұнысы жаңалық еді, оның кітабы бұқараға түсінікті болып шықты.

Спандияр өзінің романында қазақтың тұрақты сөз тіркестерін, мақал, мәтелдерін көп пайдаланған. Мысалы, оның шығармасындағы мынадай мақал-мәтелдерді алайық:

«Ат сатсаң, ауылыңмен», «Батамен кескен бармақ ауыр-

майды», «Сен бір шіріген жұмыртқа», «Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ», «Жігіттің ағы білмес, бағы білер», «Ит жегенше иесі жесін», «Сөз сөзден туады, сөйлемесе неден туады», «Жас-жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір», «Бітер істің басына, жақсы келер қасына», «Бай болған кісі бақырып болмайды», «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды», «Жазғы аттың майын жаудан аяма», «Жол ақысы жүрсе бітеді», «Бітейін деп тұрған іске білте салма», «Ішкен мас, жеген тоқ», «Аюға намаз үйреткен таяқ», «Ер намысы — ел намысы», «Ағайынның азары болса да, безері болмас», «Қаздай қалқып, үйректей жүзіп».

Жазушы осылай кейде өзінің, кейде кейіпкерлердің ой-пікірлерін мақал-мәтелмен, түйдек, өткір, көрікті сөздермен беріп отырған. Осыдан оның романының тілі жатық, көрікті болып шыққан. Жұрт оны сүйсініп оқиды.

Тек Спандияр бірді-екілі мақалды дұрыс, халық аузында айтылатын қалпында келтірмеген. Мысалы, «Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ» деген мақалды «Күш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ» деп алған. Күші қазандай қайнаса, күресуге дәрмені жетеді ғой. Ал, мақал іші қазандай қайнап, күресуге дәрмені — күші жоқтығын білдіреді.

Спандияр шығармасына жергілікті сөздерді көп кірістірген. Мысалы, оның романында мынадай жергілікті сөздер, сөйлемдер кездесіп отырады.

«Мазан», «Шілделік», «біз Итбайдан тіл тартпай келдік», «Тіске сызық болғандай», «божы», «өзі білетін жаңа өспірім қыздарды сыпырып шықты», «бие бауда», «кімді қоюдың өзі бір сүре болды», «сенек», «әптер-тәптер», «әйкелі», «қамал», «тасбақа», «басында бір шайнам мыйың жоқ», «рысбек торы», «кібіт», тағы басқалар.

Негізінде көркем шығармаға жергілікті сөздер мен сөйлемдерді кірістіру орынды да, қажет те. Ол шығарманы әшекейлеп, ашып тұрады; әдеби тілді байытады. Бірақ солай екен деп, көркем шығармаларға жергілікті сөздерді тым көп, ретсіз кірістіре бермеу де керек. Себебі ол шығарманың жалпы жұртқа түсініксіз болып шығуына, тілдің былығына апарып соғады.

Осы тұрғыдан Спандиярдың романында да бірді-екілі жергілікті сөздер орынсыз кірістірілген деуге болады. Мысалы, «Шілделік» (Шілдеқана), «Мазан» (мазасыз, тынышсыз, жайсыз мағнасында), «Сүре» (талас, дау мағнасында), «Кібіт» (дүкен), «Сыпырып шықты» (санап шықты деген мағнада) деген сөздер мен «Біз Итбайдан тіл тартпай келдік» деген сөйлем орынсыз.

Өйткені қазақтың көп жерінің түсінуінде, сөйлесуінде, әде-

биетінде «тіл тартпау» — тайынбау, өктем сөйлеу, ұрсу, сөгу мағнасында айтылады. Ал, Спандияр оны Итбайдан сөз тартпай, Итбайдың ойын, пікірін сұрамай, білмей келдік деген мағнада қолданған, бұл оқушыны жаңылыстырады. Кейбір басқа сөздер де сондай түсінік береді.

Көбеевтің «Қалың мал» романы қазақ тіліндегі тұңғыш романдардың бірі. Оны жазғанда Спандиярдың алдында үлгісі, жанында кеңесетін кісі болмады. Бұл жөнінде ол кейінгі жазған «Орындалған арман» деген мемуарлық шығармасында былай дейді:

«Бұл романды (яғни «Қалың малды». Б. К.) жазу маған оңай тиген жоқ... Біріншіден, роман жазылған кезде баспа жүзін көрген қазақтың жазба түрдегі көркем әдебиет шығармалары тіпті аз еді... Екіншіден, романның сюжеті, оның құрылысы (композициясы), кейіпкерлері жайында кеңесетін, пікір алысатын да адам жоқ еді. Мұны түсінер деген бірінсаран адам болса, оның да «қызық екен» дегеннен басқа айтары жоқ болатын»¹.

Романның жоғарыда біз көрсеткен бірді-екілі кемшіліктері осыдан деп біліп, оларды сол дәуірдегі қазақ әдебиетінің жалпы дәрежесіне тән кемшіліктер деп қарауымыз керек.

Дегенмен «Қалың мал» романын жұртшылық әсіресе жастар кезінде өте қызығып оқыды. Ол қазақтың жас ұрпағына, ұлдары мен қыздарына зор әсер етті. Олардың ой-санасын оятып, бойын сергітіп, ескілікке, ескі ғұрып-әдетке, заң-дәстүрге қарсы күреске, қазақ әйелінің бас бостандығы, теңдігі үшін күреске құлшындырды.

VI

Спандияр Көбеевтің «Орындалған арман» деген кітабы жазушының көрген-білгендері, әр кезде, әр орайда ойына келген қыялы мен арманы, яғни автордың естеліктері, биографиялық шығармасы, мемуарлық еңбегі.

«Орындалған арманды» Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы тұңғыш рет 1951 жылы басып шығарған еді. Кезінде болған сындарды, айтылған пікірлерді еске алып, біраз түзетіп, толықтырып, жазушы оны 1954 жылы қайта бастырып шығарды.

Кітап алғы сөзінен басқа төрт бөлімнен: «Балалық шақ», «Мен оқытушы», «Қилы кезеңдер», «Орындалған арман» деген бөлімдерден тұрады.

Спандияр Көбеев жазу жұмысын «Қалың мал» романын

¹ С. Көбеев, «Орындалған арман», 108-бет, 1954 жыл.

жазғаннан кейін қойып кеткен еді. Оның себебін жазушы осы соңғы кітабында былай түсіндіреді:

«1913—1914 жылдары-ақ... бас ауруы пайда болды. Сол кездің өзінде маған ой еңбегімен айналысу, әсіресе жазу жұмысымен шұғылдану қиын болған. Дәрігерлер маған тиым салған еді... Міне менің жазу жұмысын тоқтатуымның негізгі себебі осы болды»¹.

«Орындалған арман» Спандиярдың 1914 жылдан бергі совет жазушысы ретінде, жер жүзіндегі ең озат, ең идеялы әдебиет өкілі ретінде жазған тұңғыш шығармасы. Онан соң, жоғарыда айтылғандай, «Орындалған арман» жазушының мемуарлық еңбегі.

Осы жағдайларды ескеріп, біз Спандиярдың бұл шығармасын совет жазушыларының творчестволық әдісі — социалистік реализм тұрғысынан қарап, мемуарлық еңбекке қойылатын талап-тілектер тұрғысынан қарап талдаймыз.

А. И. Герцен өзінің әйгілі «Өткендер мен ойдағылар» деген мемуарлық шығармасын тарих соқпағына кездейсоқ түскен адамның басында болған тарих сәулесі, тарих көріністері деп атаған.

Олай болса, мемуарлық шығарма тарих ізімен, тарихи шындыққа сай жазылады. Оның авторы, өзіне үлкен талаптар қоя отырып, басынан өткендерін, көрген-білгендерін, әр кездегі ойларын бүркемей, боямай, бұрмаламай, ашық, дәл, нақты жазады; өзінің шын сыры, бір кездегі ізгі мақсаты, арманы етіп баяндайды.

Мемуардың авторы өзінің өткен тамаша, терең мағналы, ұлы оқиғалы өмірін, оның тарихі кезеңдерін қорыта келіп, бұрынғыны әңгімелей отырып, болашаққа ой тастайды.

Бұл ойын жазушы халықтың тарихында болған революциялық оқиғаларды, озат бағыттарды суреттеп, өзінің көргендерін, тұрмыстағы, жеке адам бойындағы әлі көмескі, әлсіз, елеусіз, бірақ болашақты меңзейтін, бірте-бірте айқындалып, жетіліп келе жатқан құбылысты, өсімтал жаңа руқты тауып жазып, сол арқылы көрсетеді.

Қысқасы, мемуарлық шығарманың авторы болған совет жазушысы тарихи өмірді нақты, дәл, революциялық даму қалпында бейнелеуге тиіс. Мұндай еңбек еңбекшілерді коммунизм рухында тәрбиелеу мақсатына сай келуге тиіс.

Осы тұрғыдан қарағанда, Спандияр Көбеевтің «Орындалған арман» атты кітабының алғашқы «Балалық шақ», «Мен оқытушы» деген екі бөлімі дұрыс жазылған. Кітаптың бұл бөлімдерінде жақсының, жаңаның өкілі жазушының өзі бо-

¹ С. Көбеев, «Орындалған арман», 128-бет. 1929.

лып отырады. Ол өзінің оқу таңдап, ескі оқуды мансұқ етіп, жаңа, орысша оқуға түсуімен, Кішіқұм сияқты шет-шалғай, алыс түкпірлерде мектеп ашып, бала оқытумен болсын, орыс классиктерінің шығармаларын халыққа, жастарға насихаттап, оларды қазақ тіліне аударумен болсын, бір жағынан, ел ішіндегі ескіні, рулық-феодалдық қоғам қалдықтарын сынап мінесе, екінші жағынан, жақсыны үгіттеп, жаңаны таратып, соларды орнықтырып отырады. Жалпы алғанда, Спандияр кітабының бұл бөлімдерінде өмірді тарихи нақты, дәл, революциялық даму қалпында көрсетуге күш салған.

Ал, кітабының соңғы «Қилы кезеңдер», «Орындалған арман» деген бөлімдеріне келгенде, яғни 1905 жылғы революция мен 1917 жылғы февраль, октябрь революциялары кезіндегі және онан кейінгі еліміздің гүлденген, сәнді өміріне арналған бөлімдеріне келгенде жазушы бұрынғы әдісінен жаңылып, аурулығы себепті болса керек, өмірден кейіндеп, халықтың саяси-әлеуметтік дамуынан шеттеп қалған сияқты. Өйткені, шығармасының бұл бөлімдерінде автор жаңарған ел тұрмысына белсене араласып, өмірге өкшелеп ілесіп, ескіні сынап, мінеп, жақсыны, жаңаны орнықтырып жүрген адамды тауып көрсете алмаған; өмірдегі өскелең дамушылық бағытты аңғара алмаған. Осыдан Спандияр шығармасында өмірді тарихи нақты, дәл, революциялық даму қалпында көрсете алмаған, бірсыпыра хате, кемшіліктер жіберген.

Жазушының 1905 жылғы революция мен 1917 жылғы февраль, октябрь революциялары туралы естеліктері, көрген-білгендері үзік-жұлық жазылған және оларда кейбір саяси хателер де кеткен. Мысалы, автор 1905 жылғы революция туралы тек екі-ақ факты келтіреді. Олары мынадай:

Спандияр Омбыда оқып жүргенде Иванов деген біреумен танысады. Ол Спандиярды Беляков дегеннің үйіне бір рет ертіп барады. Беляков оларға «Русское слово» газеті және революция жөнінде бір-екі ауыз сөз айтады. Иванов Спандиярды Беляковтың үйіне екінші рет ертіп бара жатқанда, Беляковты полиция көшеде айдап келе жатады. Осыны көріп қорқып, Иванов та, Спандияр да бет-беттеріне қашып кетеді. Спандияр қайтып Ивановты да, Беляковты да көрмейді. Ал, осы болмашы, нанымсыз фактыны Спандияр астыртын үйірмеде болдым деп көрсетеді!..

Омбыдан кеткен соң, Спандияр Қызылжарға ауысып, ауылда оқытушы болып тұрады. Бұл елдің керей руының бастығы Торсан мен матақай руының бастығы Наурызбай болыстыққа таласады. Ал осы матақай руынан шыққан Сүлеймен деген кісі Торсан болыспен бір жесір әйел жөнінде жанжалдасады. Спандияр бұл туралы:

«Осы тартыс 1907 жылға дейін созылып келіп, керей руы бір болыс, матақай руы бір болыс болып екіге бөлінді. Бірақ Торсан осыдан кейін өз елінде де болыс бола алмай, орнынан түсіп, баласын болыс қойғызды.

Мен Омбыдан қайтып келген кездегі ел ішіндегі бір үлкен тартыс осы Сүлеймен бастаған ереуіл болды. Мен мұны қазақ шаруаларының өкіметке қарсы ереуілдерінің жалғасы деп білдім¹ — дейді. Осылай автор елдің ежелгі болыстыққа таласуын, жесір дауын революцияшыл қозғалыс деп теріс түсіндіреді.

Спандияр 1917 жылғы февраль революциясы туралы былай деп жазады:

«1917 жылы март айының бас кезі еді. Бір күні таңертең мектепке келе жатсам, есік алдында екі оқытушы тұр екен. Олар мені көрді де:

— Ура, Спандиярды құттықтаймыз деп, менің қолымды қатты қысып амандасты да, екеуі мектеп бастығының үйіне қарай жүгіріп кетті. Мен тіпті мұның не екенін де түсіне алмай, таңданып қала бердім. Бірақ кешікпей-ақ білдім: Николай патша тағынан түскен екен»² — дейді.

Жазушының февраль революциясы туралы, ол кездегі саяси оқиғалар туралы бар көрген-білгені, айтатыны осы ғана!

Спандияр кітабында Октябрь революциясы туралы: «Ұлы социалистік революция таянып келе жатқан сияқты»³ деп дүдәмал, көмескі ой білдіреді, батыл пікір айтпайды. Октябрь революциясының жалпы еңбекші бұқараның мүддесінен туғанын, оны жасауға жергілікті халықтардың да белсене қатынасқанын көрмегендей, «ауылға большевиктер келді»⁴ — деп шолақ тұжырым жасаумен тынады.

Ұлы Октябрь күндерінде қажырлы революциялық күрес жүргізген қазақ және орыс жұмысшылары, шаруалары, интеллигенттері туралы, олардың Россиядан келген большевиктермен байланысы, қазақ ауылының сол кездегі жағдайы, халықтың революцияның жеңісін асыға күткені туралы автордың ешқандай татымды фактысы, ауыз толарлық пікірі жоқ.

Спандияр мемуарында осы жанр заңы бойынша, көрген-білгендерін, басынан өткен оқиғаларын айтпай, кейінгі уақытта газет, журналдардан оқығандарын, әр кімнен естігендерін суреттеп, фактысыз жалаң сөзге салынады. Мысалы, ол «Айқап» журналы туралы кезінде оның жұмысына араласып,

¹ С. Көбеев, «Орындалған арман», 91-бет.

² Бұл да сонда, 129-бет.

³ Бұл да сонда, 136-бет.

⁴ Бұл да сонда, 137-бет.

редакциямен байланысты болған адамдармен кездесіп, пікір алысып, солардан естіген-білгенін жазбайды, тек ол журналдың кенеттен қолына түскен бір номеріне қарап отырып, жорамал жасайды. «Айқап» туралы соңғы кезде біреулердің айтып жүрген пікірін қайталайды.

Спандиярдың «Айқап» журналының жұмысына араласпаны, оның барлық номерінің мазмұнымен таныс емес екені мынадан көрінеді: ол өз кітабында «Айқап» журналы «Қалың мал» — романы туралы жұмған аузын ашпады¹ — деп жазады. Ал, дұрысында журнал «Қалың мал» туралы жазып, пікір айтқан болатын. Онда былай делінген:

«...«Қалың мал» романында Спандияр мырза қазақтың, қалыңмал алу турасындағы бірсыпыра әдеттерін өте ажарлы қылып көрсеткен. Итбайдың Тұрлығұл байдан қызын беріп, қалың мал алғандығы, мал алып келіп жүргендегі ойларын, мақсаттарын өте жіңішке, өте әдемі көрсеткен. Бұл романды кімге де болса, алып оқуға кеңес береміз»².

Осы сияқты, Спандияр Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы да жазған³. Бірақ ол Сұлтанмахмұтпен кездесіп, араласып, пікір алысқанын, содан есінде қалғанын, түйгенін жазбайды, тек ол туралы естігенін, газет, журналдардан оқып білгенін тізеді.

Спандияр шығармасында қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі жаңа, социалистік тамаша өмірі туралы түйінді саяси-әлеуметтік мәні бар ештеңе айтпай, өзінің 1939 жылы Москваға орден алуға барғанын, 1940 жылы партияға кіргенін, 1941 жылы бір рет балаларды егін жинауға қатыстырғанын, 1949 жылы қазақ әдебиетінің Москвадағы онкүндігінде болғанын ғана хабарлаған.

Демек, Спандияр мемуарының алғашқы екі бөліміне қарағанда оның «Қыйлы кезеңдер» деген, 1905—1917 жылдар арасындағы оқиғаларды суреттейтін бөлімі өте солғын, фактысыз, жалаң болып шыққан; ал кітаптың Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі советтік өмір туралы жазылған «Орындалған арман» деген бөлімі бәрінен де солғын болып, нашар әзірленген.

Автор арманым осы өмір еді, оған қолым жетті дейді де, бірақ сол арман еткен, қолы жеткен сәнді өмірде, социализм заманында қолымен ұстап, көзімен көргенін толық, жанжақты суреттемеген. Осы айтылған хателері мен кемшіліктері

1 С. Көбеев, «Орындалған арман», 11-бет.

2 «Айқап», № 4, 1914 жылы, 66-бет.

3 С. Көбеев, «Орындалған арман», 130-бет.

Спандияр мемуарының идеялық, көркемдік сапасын, оқушыға білім берерлік құнын кемітіп-ақ тұр.

Қысқасы, Спандияр Қобеев өзі көрген бай тарихи оқиғаларды түгел, терең мағналы, жоғары идеялы, көркем суретті, қызықты етіп айтып бере алмаған.

«Орындалған арманның» алғысөзі бірбеткей, орынды сын айтылмай, жауапсыз жазылған. Онда жазушыға да, кітапқа да шық жуытылмайды, ешбір талап та қойылмайды, шығарма негізінен орынсыз мақталады. Алғысөзде Спандияр өзінен бұрын қалам ұстаған жазушылардың бірде біріне ұқсамайды; шығармаларының сарыны оларға мүлде қарама-қарсы; «Орындалған арман» кездейсоқ оқиғалардың құрандысы емес, әр кезеңнің сипатын беретін, қоғамдық болмысқа дәл келетін оқиғалар; Спандияр бұл мемуарлық еңбегінде қазақ даласындағы қоғамдық, тарихи түрлі кезеңдерді, қоғамдық көзқарастарды, саяси ағымдарды, қазақ аулының жалпы бейнесін де көрсетіп отырады деген пікір айтылады.

«Орындалған арман» туралы алғашқы шыққан бірді-екілі сын-библиографиялық мақалалар да¹ осы алғысөздің бағытымен кетті: кітапты орынды да орынсыз да мақтады, оның жоғарыда біз келтірген сияқты хате-кемшіліктерін көрсетпеді.

Мұның бәрі жолдастардың жазушының шығармасын социалистік реализм тұрғысынан қарап бағаламағанын, КПСС Орталық Комитетінің әдебиетте әділ, ғылыми сын мен өзара сынды күшейту жөніндегі тарихи қаулыларын үнемі ескере бермейтінін аңғартады.

VII

Спандияр Қобеев қазақ халқының XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы бүкіл әлеуметтік өмірін көзімен көрді. Бұл дәуірде ол саналы, білімді оқытушы, жазушы, қоғам қайраткері болып қызмет атқарып жүрді. Сөйткен жазушы Спандияр Қобеев артында бірсыпыра маңызды әдеби мұра да қалдырды. Оның «Қалыңмал» романы мен «Орындалған арман» мемуары, бірқатар кемшіліктері бола тұрса да, қазақ әдебиеті тарихында маңызды орын алуға тиіс. Сондай-ақ, Спандияр Қобеевтің қазақ тілінде тұңғыш оқу кітабын жазып, ұлы орыс классиктерінің кейбір әдеби шығармаларын қазақ тіліне аударып, тарату жөнінде де елеулі еңбек сіңіргенін атап өтуіміз керек.

¹ «Лениншіл жас», № 13, 30 январь, 1952 жыл.



Жетінші тарау

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ ӨЛЕҢ, ЖЫРЛАР

I

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі патша өкіметінің сол жылғы 25 июнь күнгі указына («Июнь жарлығына») қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікпен сияқты бұрын әскери қызметке алынбаған халықтардың 19 жас пен 31 жас арасындағы азаматтарын майданның қара жұмысына алу туралы указына байланысты шықты. Бірақ оның саяси-экономикалық мәні бұдан әлдеқайда тереңде жатыр еді.

1914 жылдың июль айында дүниежүзілік бірінші империалистік соғыс басталды. Бұл соғыс басқыншылық мақсаттағы, әділетсіз соғыс болды; өйткені ол әр елде капитализмнің біркелкі дамымауы салдарынан, соған қарай империалистік мемлекеттердің дүниені қайта бөліп, сауда жасайтын және шикізат өндіретін жаңа орын, капитал орналастыратын жаңа отар басып алу ниетінен келіп тұды.

Патшалық Россия соғысқа дайындықсыз кірісті. Батыста неміс армиясы Францияға жедел шабуыл жасап, Парижге жақындап қалды. Жаны қысылған ағылшын-француз империалистері патша өкіметінен Германияға қарсы жедел шабуылға шығуды сұрады.

Патша өкіметі одақтастарының тілегін орындады: толық құралып болмағанына қарамастан ол армиясын Шығыс Пруссия майданына жөнелтті. Бұл Германияға ауыр соқты. Германия орыс армиясының шабуылынан қорғану үшін батыс майданынан армиясының бір бөлігін, резервтегі отрядтарын шығыс майданға ауыстыруға мәжбүр болды. Сонымен, орыс армиясы Германияның шапқыншылық жоспарын бұзып, Франция мен Англияны күйреуден сақтап қалды.

Бірақ орыс армиясының бұл шабуылы сәтсіз аяқталды. 1915 жылда немістер орыс армиясын кейін тықсырып, Польшаны, Литваның біраз жерін басып алып, Ригаға жақындады.

1916 жылдың жазында орыс армиясы оңтүстік батыс майданда жауды тойтарды, алайда шабуылды аяқтап шыға алмай, тағы да жеңіліске ұшырады.

Орыс армиясының неміс қарулы күштерін тықсырып барып, жеңіліске ұшырай беруінің негізгі бір себебі патшалық Россияның экономика жағынан артта қалғандығында болды. Россия өндірісі майданды қамтамасыз ете алмады: артиллерия, снаряд, мылтық, оқ жетіспеді. Армияны құру, оның жеңісін ұйымдастыру жағы да өте мардымсыз болды. Мұның үстіне патшаның мемлекеттік аппараты да әбден бүлінді: мемлекетті тонау, пара алу әскер басылары мен жай чиновниктердің дағдысына айналды.

Осы айтылғандардың салдарынан орыс солдаттарының ерлігіне, табандылығына қарамастан, патша өкіметінің армиясы жеңілген үстіне жеңіліп, шегінуге мәжбүр болды.

Соғыс елдің күнкөріс қорын жалмап жатты. Тылдағы шаруашылық күйреді. Ер, азаматтар соғысқа кетіп, елде жұмыс істейтін адам аз қалды. Тамақ, киім, отын жетіспеді. Жол қатнасы тоқырады. Фабрикалар мен заводтар тоқтады. Егін аз себілді, оның өнімі де жетімсіз болды. Майданда солдаттар, елде жұмысшылар мен шаруалар аштықтың зардабын шекті. Ал, буржуазия мен помещиктер баюмен болды.

Соғыс әсіресе патшалық Россияның ұлт өлкелеріндегі езілген халықтарға ауыр азап әкелді. Бұл кезде патша чиновниктері мен қазақ байларының жүгенсіздігі, езушілігі бұрынғыдан бетер күшейе түсті, олар қазақ еңбекшілерінің жерін тартып ала берді, соғысқа керекті ат, киім, тамақ дегендерді мөлшерсіз түрде халықтан тонады. Қаладағы жұмысшылар мен елдегі еңбекші халық күйзеліске ұшырады.

Сонымен қатар алым-салықтар көбейді. Бұрынғы жан салығы, мал салығы дегендердің үстіне арнаулы соғыс салығы шықты. Майдан пайдасына «ерікті түрде» деп аталған жәрдем, жылу жинау шықты.

Сөйтіп, қазақ еңбекшілері капиталистік қанау мен қазақ арасындағы үстем тап өкілдерінің бектік-феодалдық қанауының зардабын бірдей тартты; халық екі бірдей қысым көрді. Оның тынысы әбден тарылып, бойың ыза, кек кернеді.

1915 жылы Екібастұз көміршілері, Орынбор, Ташкент теміржолшылары, Спасск мыс заводының жұмысшылары көтеріліске шықты. Бұл ереуілдер 1916 жылы Қостанай, Семей, тағы басқа уездердегі еңбекшілерді де шарпыды. Сөйтіп, онсыз да асқынып тұрған жағдайды июнь жарлығы шегіне жеткізіп, ушықтыра түсті.

Патша өкіметінің империалистік соғыс майдандарының қара жұмысына елден кісі алу туралы указы шыққанда, оған

қазақ қауымының түрлі әлеуметтік тобы, олардың өкілдері түрліше қарады, түрліше жауап берді. Қазақтың би-болыстары, бай-феодалдары, буржуазияшыл-ұлтшылдары, әдеттегісіндей, патша өкіметін қолдап, соның сөзін сөйледі: «Ақ патшаның жарлығын екі етпеу керек, майдан жұмысына адам беру керек» — деп шу көтерді. Өйткені қазақтың бай-феодалдары мен Россия капиталистік буржуазиясының мүдделері бір болатын, екеуі де қазақ еңбекші бұқарасының қанаушысы, патша өкіметінің тірегі еді.

В. И. Ленин 1916 жылы жазған бір еңбегінде: «Империализм жағдайында езілген ұлттың буржуазиясы ұлт көтерілісі туралы тек былшылдап, ал, іс жүзінде өз халқының сыртынан, оған қарсы езуші ұлттың буржуазиясымен реакциялық келісім жасайды»...¹ — деген еді. Лениннің осы айтқаны қазақ буржуазиясына, қазақтың буржуазияшыл-ұлтшыл оқығандарының әрекеттеріне дәл келді.

Қазақ большевиктері мен алдыңғы қатардағы ағартушы-демократтары Ұлы Ленин бастаған большевиктер партиясының принциптері негізінде дүниежүзілік соғысқа қарсы шықты: Қызылжар, Орал большевиктері халық арасында патша өкіметін құлату жөнінде революциялық үгіт жүргізді, халықты майдан жұмысына адам бермеуге, салық төлемеуге шақырды, көтеріліс жасауға үндеді.

1916 жылғы көтеріліс туралы шыққан поэзия, ең алдымен, осы жағдайларды баяндаудан басталады. Бұл жағынан алып карағанда, сол кездегі өлең-жырларды көтеріліске дем беруші үндеу, ұран деп бағалауға да болады. Мысалы кейбір жырларда:

Патшаның қорлығынан құтылайық.
Жүргенше байлауында, бұлқынайық.
Пәледен машайық та қашты деген,
Өлгенше, өлмес жакка жұлқынайық!

Пайда жоқ үйез бенен болысында,
Елінді жаудан аман қорысын ба?
Айдалып алтын басың қор болғанша,
Сүйегің қалсын қазақ қонысында.

Боз бала елдің көркі маңдайдағы,
Қимылдар шағың болды жау жайдағы.
Еріксіз, қайран ерлер, қор болғанша,
Атқа мін, жарақ асып, найза ал дағы —

деп ұран тасталды. (Бұзаубақ: «Құты қашты патшаның»).

Халық майдан жұмысына адам бермеуге бел байлады, үстем тап өкілдерінің қысымына жауап ретінде июнь жарлығы-

¹ В. И. Ленин, Шығармалар, 23-том, 55-бет.

на, патша өкіметіне, қазақтың би-болыстары мен бай-феодалдарына қарсы көтеріліс жасады.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі империализм қайшылықтарының аса бір шиеленіскен жағдайында туды. Ол патшалық Россияның отаршылық саясатының күйреу кезеңін көрсетті. Бұл көтеріліс империалистік отарлаушылыққа, езушілікке қарсы жасалғандықтан, сипаты жағынан нағыз ұлт-азаттық көтерілісі болды.

Көтеріліс бүкіл Қазақстан жерінде біркелкі, бір бағытта болмады: көпшілік аудандарда патшалыққа, соғысқа, бай-феодалдық элементтерге тікелей қарсы шықса, кейбір жерлерде халық жауларының ықпалына еріп кетіп, реакциялық, ұлтшылдық сипатқа да енді.

Көтерілістің негізгі күші — езілген шаруалар болды. Сонымен қатар оған жұмысшылар да қатысты; бірақ қазақ жұмысшылары ол кезде әлі аз еді, олардың ұйымшылдығы да кем еді, сол себепті көтерілістің революциялық сипатын онша да дамыта алмады, көтеріліс стихиялы түрде, бір жерден басшылық ету ұйымдастырылмаған жағдайда басталды.

Басқаша айтқанда, көтеріліс әр жерде әр кезде шықты, бытыранды болды, ол алдына революцияшыл тілектер қоймады, тек майдан жұмысына адам бермейміз, өлсек бәріміз бірге өлеміз, өз жерімізде өлеміз деген мақсатпен күнделікті уақиғалар төңірегінде ғана қимыл жасады. Көтерілісшілердің бар істегендері: тізімді өртеді, кейбір болыстарды өлтірді, бірқатар байлардан кек алды; сарбаз құрып, қару-жарақ жасады, кей жерде қаланы қоршап, патша өкіметі әскерінің бөлімдерімен шайқасты.

Көтерілісшілердің барлық жерде бірден шабуылға шыға алмауы патша өкіметіне белгілі дәрежеде қолайлылық жасады. Халық көтеріліске әзірленіп, қорғануға қамданып жатқанда, өкімет орындары тегіс хабарланып та үлгірді. Олар қазақ арасына жазалаушы отрядтар, әскери бөлімдер шығарды. Әскерлер бейбіт отырған ауылдарды, қару-жарақсыз көтерілісшілерді рақымсыз қырып, жойды; қуғын-сүргінге ұшыратты, азаптады, талады.

Мысалы, Түркстан облысының өзінде 1917 жылдың бірінші февралына дейін көтерілісшілерден 347 адам өлім жазасына бұйырылды, 188 адам каторгіге жіберілді, 129 адам түрмеге жабылды. Ал, жазалау отрядтарының қолынан қаза тапқандар, олардың қолма-қол атып кеткендері өз алдына.

Сөйтіп, көтерілісшілер патшаның қарулы күштеріне төтеп бере алмады, көп ұзамай жеңілді. Тек Қостанай — Торғай жағындағы Аманкелді Иманов басқарған көтеріліс ғана жеңіл-

меді: ол партизандық күрес әдісіне көшті де, 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясына ұштасты.

Қыян-кескі күресте жеңіліп, халық майданның қара жұмысына адам беруге еріксіз көнді. Бірақ сол майданға адам беру кезінде тағы да көптеген теңсіздіктер, зұлымдықтар байқалды. Би-болыс, тілмаштар жұрттан именбей пара алды; олар өз адамдарын сақтап қалды. Майдан жұмысына тек жарлы-жақыбайлар, кедей-жалшылар алынды.

Сонымен: 1) Қазақтың 1916 жылғы көтерілісі империализм дәуірінде, империалистік соғыс кезінде, халық бұқараның шексіз қаналуы салдарынан шықты; 2) Ол шаруалардың ұлт-азаттық көтерілісі болды; патша өкіметіне, империализмге, байлар мен феодалдарға, империалистік соғысқа қарсы бағытталды; 3) Ол Россияда 1917 жылы болған буржуазиялық-демократиялық революцияға әзірлік дәуіріндегі жалпы демократиялық қозғалыстың бір көрінісі болды.

II

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиетінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы жазба әдебиет нұсқалары жоқтың қасы.

Мұның сол ұлт-азаттық көтерілістің тарихи сипатына байланысты туған бірнеше себептері бар сияқты. Бірінші, жоғарыда айтып өткеніміздей, кей жерлерде көтеріліс реакциялық, ұлтшылдық бағытта болды да, сол кездегі кейбір жазба әдебиет өкілдері де оны осы бағытта жырлады. Олар жөнінде толық мәлімет берудің де, оларды зерттеудің де қазақ әдебиеті тарихы үшін қажеті шамалы.

Екінші, сол кезде ауызға іліккен, алғашқы жинағы шыға бастаған демократияшыл жазушылардың өздері көтеріліс жөнінде ештеме жазбады. Олардың кейбіреулері оқиғанын саяси-әлеуметтік мәнін аңғармаса, енді біреулері ақыры не болады дегендей алды-артына аялдап қалды. Мұны С. Көбеев, С. Дөнентаев, тағы басқалардың творчестволарынан анық аңғаруға болады.

Қазақ әдебиетіндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең, жырлар, тағы басқа көркем шығармалар — бәрі де ауыз әдебиет нұсқалары, халық творчествосы болып табылады. Онда көтеріліс кезіндегі халық санасы, оның ой-арманы мен топшылауы, мәдени дәрежесі толық бейнеленген.

Әдетте халық жырларын әуелде бір адам шығарады; халық оған кейін өзгерістер енгізіп отырады. Сондықтан да олар халықтың ғасырлар бойы жасап келген поэзиясының үлгісінде болады. Ал, 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлар ондай

процеске ұшырамаған, әрқайсысы жеке, белгілі авторы бар, халық поэзиясының дәстүрінде шығарылған.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы жырларды түгелдей сол көтерілістің басы-қасында болған, ел ішінде белгілі, бұрын ауызша өлең шығарып, ақын, жыршы, жырау деп аталған адамдар тудырған.

1916 жылы, халық басына қиыншылық туғанда, елдің ер-азаматтары көтеріліске шыққанда, ол ақындар елмен бірге, кейбіреулері майдан жұмысына барғандардың қатарында болып, майдан азаптарын түгел тартып, бәрін өз көздерімен көріп жырлаған. Олардың кейбіреулерінің бұрыннан қалыптасқан ақындық машығы да, әуесқой таланты да болмаған; тек халқымыздың ежелгі өлеңге үйір дәстүрі бойынша көрген-білгендерін, іштегі армандарын жыр етіп шығаруға талпынған. Бұлар өздерінің ойын әйтеуір өлеңмен айтып беруге тырысқан. Пікірімізді дәлелдеу үшін бірнеше мысал келтірейік.

Экспедициялардың және 1916 жылғы көтеріліс туралы жырларды жазып алушылардың, жинаушылардың материалдарына қарағанда, «Қарақойын көтерілісі» деген жырды шығарған Бозаев Қуанышбай деген кісі сол Қарақойынның адамы екен. Ол 1916 жылы көтеріліске бастан-аяқ қатынасқан, ескіше шала хат танытын болған. Көтерілістен бұрын ол ел ішінде болған іс, оқиғаларды суреттеп, домбыраға қосып өлең айтып жүрген. Содан оны жұрт ақын деп атап кеткен. Көтеріліс туралы жырын Қуанышбай сол 1916 жылы, көтерілістің ізінше шығара бастаған.

«Июнь жарлығы» деген жырдың авторы Жиенбеков Жүсіпбек — майданның қара жұмысына барып қайтқан адам. Ол өзінің осы жырын 1926 жылы кітапша етіп бастырған; сондағы «Жазушыдан» деген сөзбасында ол былай дейді:

«1916 жылы, 25 июньде Николай патшаның қазақтан майдан жұмыскерін аларында, мұндағы төрелері қазақты тұңғыш солдат боласындар деп қорқытқан кезде шығарылған өлең еді... Өлеңнің уақытындағы жазылғанынан артып, яки кеміп өзгергені жоқ»¹.

Сол сияқты, «1916 жыл» поэмасын шығарған Біржан Бөденев пен «Қоштасу» деген өлеңді шығарған Асқар деген ақын да 1916 жыл оқиғасына бастан-аяқ араласқан, майдан жұмысына барып қайтқан адамдар. Аманкелді туралы жырларды шығарған Омар Шипин, Күдері Жолдыбаев, Сәт Есембетов, «Бекболат» жырын таратқан Иса Дәукебаевтар

¹ «Июнь жарлығы», 1926 жыл, Семей.

Аманкелді, Бекболат бастаған көтерілістердің ішінде болған ақындар.

Көтеріліске қатысқан, барлық оқиғаны көзімен көрген жыршы-ақындардың біразы өз өлеңдерін 1916 жылы июнь-жарлығы жарияланғанда, көтеріліс кезінде, приемға¹ барғанда, майдан жұмысында жүргенде шығарды; біразы ұзақ жыр, дастандарын азаттық көтеріліс жылдарында бастап, 1917—1926 жылдар арасында аяқтап, толықтырды; енді біразы тіпті кейін: 1916 жылғы көтерілістің он бес, жиырма жылдығы, жиырма бес, отыз жылдығы қарсаңында еске алу ретінде жырлады.

1916 жылғы көтеріліс туралы, әсіресе Аманкелді туралы кейін көп өлең, поэмалар шығарылды. Олардың кейбіреулерінің авторлары — жазба әдебиетіміздің өкілдері, қазақ совет ақындары. Осыдан келіп, бұларды да 1916 жылғы көтеріліс туралы жырларға жатқызамыз ба деген заңды сұрақ туады. Бұған жауап беру үшін жеке ақын-жазушылардың — жазба әдебиет өкілдерінің творчествосы мен ауыз әдебиетіндегі халықтық, коллективтік творчествоның ерекшелігін анықтап алу керек болады.

Жеке ақын, жазушылардың творчествосы да, халық творчествосы да өмірді, оқиғаларды дәл шындыққа үйлесімді және көркем түрде бейнелеп беруге тиіс. Бірақ олардың жарыққа шығу кезіндегі тарихи жағдай мен көркемдік методтарының әрқилы болып келетіндігін ескеріп отырауымыз керек.

Ендеше, 1916 жылғы көтерілістің өз ішінде туған, сол көтеріліске қатысушылардың өздері шығарған, кейін халық шығармасына айналған өлең-жырлар мен көтерілістен әлдеқайда кейін, социалистік дәуірде, жаңа тарихи жағдайда туған, көтеріліске тікелей қатыспаған профессионал-ақындар жазған өлең-жырларды қатар қоюға, соңғыларды 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлармен араластыруға болмайды.

Таптық қоғамның пайда болуымен бірге халық шығармалары да таптық сипатта дамыды: көп жырдың образ жасаудағы әдістері, сюжет желісі, идеялық мазмұны езілген халықтың арман-ниетін бейнелеп тұрды. Бұл жағынан қарағанда, Жамбыл мен Омардың Аманкелді жөніндегі соңғы кезде шығарған өлең-дастандарды да 1916 жылғы көтеріліс туралы жырларға барып қосылады.

Бірақ 1916 жылдың өзінде шығарылған жырлар мен Жамбыл, Омарлардың соңғы кезде шығарған өлең-дастандарының арасында құрылысы мен идеялық мазмұны жағынан да, көркемдігі жағынан да көптеген айырмашылық бар. Жамбыл,

¹ Майдан жұмысына кісі алатын жерге деген мағынада.



On altines
66l

Омар шығармаларының образы, сюжеті, тақырыбы, тілі 1916 жылдың өзінде шығарылған өлең-жырлардан гөрі айқын, мәнді, көркем және социалистік дәуірмен байланысты болып келеді. Жамбыл мен Омардың соңғы шығармаларында халықтың ескі ауыз-әдеттерінің әсері аз, ал бола қойса ақындар оған сын көзімен қарап, өздерінше баға беріп отырады.

Тасаттық, жан садаға — мал шалайық.
Үш жүздің баласына жар салайық.
Берсең де өлдің балаңды, бермесең де,
Онан да жауға қарсы ат салайық

(Бұзаубақ ақын) — деген шумақты Жамбыл шығармаларынан кездестіре алмайсыз.

Халық жырларының бәрі біркелкі жағдайда, бір арнада жасала бермейді. Кейбір шығармалар белгілі бір автор арқылы (оның профессионал әдебиетші немесе ақын болмауы да мүмкін) жасалады да, сол күйінде халық арасына тарайды. Мұндай жағдайда халықтың бұл шығармаға өзіндік қосары болмай қалады. Ал, кейбір шығармалардың авторлары халық аузында аталмай, мүлдем ұмытылады, оның шығармасы бүтіндей халық шығармасына айналады. Мұның соңғы тобына Жамбыл, Нұрпейіс, Омар шығармаларынан гөрі 1916 жылдың өзінде шығарылған бірді-екілі өлең-жырлар жақын тұрады.

Жамбыл мен Нұрпейістің, тағы басқа халық ақындарының революциядан кейінгі өлең-дастандары кейбір екекшеліктерімен жазба әдебиетке де барып соғып жатады. Мысалы, бұларда өзіндік стиль бар, бұлар — социалистік реализм әдісімен жырлаған ақындар. Ал, 1916 жылғы көтеріліс жөніндегі кейбір өлең, жырларда мұндай ерекшеліктер көмескі естіледі.

1916 жылғы көтеріліс туралы өлең-жырларды жинаушылар мен зерттеушілер бұл жағдайларды естерінде мықты ұстауға тиіс. Көтеріліс тарихын, қазақтың XX ғасыр басындағы әдебиетінің тарихын зерттеушілер, әрине, алғашқы дәуірде шыққан өлең-жырларды ғана алып, солар жөнінде ғана зерттеу жүргізуге, пікір айтуға міндетті.

Ал, бізде бұған дейін 1916 жыл жөніндегі өлең-жырларды жинап бастыруда болсын, ғылыми зерттеуде болсын, осы жағдай тиісті дәрежесінде ескерілмей келді. Ол өлең-жырлар түгелдей тарихи делініп, оқиғаның үстінде шығарылған өлең-жырлар деп есептеліп, тұтас зерттеліп, тұтас бастырылды.

Мұны әсіресе 1940 жылы шыққан «1916 жыл» деген жинақтан айқын байқауға болады. Оған кезінде көтеріліске қатынасқан, оны кейін еске алу ретінде жырлаған ақындардың

өлеңдері ғана емес, тіпті совет тұсында шыққан ақындардың да 1916 жыл туралы жазған өлеңдері енгізілген. Бұл жағдай 1916 жылғы көтеріліс туралы жырларды нақтылап тануға мүмкіндік бермейді; халық шығармаларын зерттеу жөніндегі советтік фольклористика методтарына сай келмейді.

Онансоң, бізде қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең, жырлардың зерттелуін де ойдағыдай деуге болмайды. Бұл жөнінде біз орта мектептердің оқулықтарында қысқаша түсінік беруден әлі аса алмай жүрміз. Рас, олардан басқа Е. Исмайловтың бірді-екілі мақалалары болды. Бірақ Исмайлов ол мақалаларында көбінесе көтерілістің мән-жайын, көтеріліске байланысты жырлардың тек идеялық мазмұнын ғана түсіндірген.

III

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы сол жылы, сонан кейінгі он-шақты жыл ішінде ауызша шығарылған және жиналып, басылып жүрген бізде бар өлең-жырларды тақырыптарына, мазмұнына қарай мынадай топтарға бөлуге болады: 1) июнь жарлығы және халықтың оны қалай қабылдағаны туралы, 2) халықтың көтеріліске бел байлауы, әзірленуі туралы, 3) көтеріліс, ұрыс, қақтығыс туралы, 4) прием, азаматтардың майданға жөнелтілуі, майдан өмірі туралы өлең-жырлар; 5) майданнан елге, елден майданға жазылған хат ретінде шығарылған өлең-жырлар.

Алғашқы топқа жататын өлең-жырлардың көрнектілері — Жамбылдың «Патша өмірі тарылды», Қобдыков Төлеу ақынның «Сарыарқаның сарыны», Жиенбеков Жүсіпбектің «Июнь жарлығы» атты жырлары мен толғаулары.

Бұл жыр, толғауларда ақындар июнь жарлығының шыққанын, ол бойынша 19 жас пен 31 жас арасындағы ер-азаматтардың майданға алынуға тиісті екенін, би-болыс, губернаторлардың соны орындауға жедел кіріскенін, ал, халықтың не айтарын, не істерін білмей дағдарғанын, кейжерлерде елдің көтеріліс жасамақ болып қобалжи түсіп, ақыры майданға кісі беруге көнгенін баяндайды.

Мысалы, Жамбылдың «Патша өмірі тарылды»¹ деген жырында июнь жарлығының қазақ халқына түскен ауыр салмағы, патша өкіметінің отар елдерге жасап отырған озбырлығы жырланады. Ақын:

¹ *Жамбыл, Шығармалары, 30-бет, Алматы, 1946 жыл.*

... Патша өмірі тарылды,
Оған қылар бар ма лаж?
Көген көзді қосақтап,
Қалай қнып бересің?...

деп келіп, елдің алғашқы дүрлігу, абыржу қалпына қарай енді не істегу керектігін де айтып беруге талпынады.

Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?..
Не болмаса шыбындай
Тағдырына көну бар' —

деп толғайды ол.

Төлеу ақынның «Сарыарқаның сарыны»² толғауында Шығыс Қазақстандағы елдердің июнь жарлығын естіген кездегі хал-жайы, ыза-кегі, не істемек болғаны суреттеледі. Бұл оқиғалардың сарыны ақынның отаншылдық сезімімен ұласады.

Ақын өзінің толғауын июнь жарлығын естігенде елдің қандай күйге түскенін баяндаудан бастайды:

Июньде жиырма бесінші шықты жарлық.
Жарлықты естіген соң естен тандық.
Жар қылды үш-ақ күнде жиясын деп,
Болады бұдан артық қандай тарлық?

Ақын одан әрі июнь жарлығының мазмұнынан хабар бере келіп, егер оған көнбеген күнде, халықтың қырғынға ұшырайтынын, патша өкіметінен ешқандай рахым күтуге болмайтынын ашып айтады:

Әскерлік, кара жұмыс болсадағы,
Бұлдағы солдаттарға таяуырақ.
Ұлық тұр: «Айтқаныма көнесін» — деп,
«Кісінді шапшаң жиып бересің — деп.
«Ал!» — деген падишаның бұйрығы бар,
Болмаса қан төкті боп өлесің» — деп.
Ал, қазақ, мына сөзді көресің бе.
Айтқанын қылмайды деп сенесің бе.
Қазақтан мал да керек, бас та керек,
Таласқан әскерліктің егесіне..
Военное положение оқылады,
Бір арыз ауызша айтып пәлен десек.

Ақынның бұл шумақтардағы негізгі айтпақ болған ойы «солдаттарға таяуырақ», «қан төкті боп өлесің», «военное положение» деген сөз тізбектері арқылы беріліп тұр. Автордың түсінігінше, ел қайткен күнде де патшаның июнь жарлығына

¹ Жамбыл, Шығармалары, 31-бет, Алматы, 1949 жыл.

² «1916 жыл», Жинақ, 1936 жыл, Алматы.

көнбекші, майдан жұмысына адам беруге мәжбүр болмақшы; сөйтіп, елдің ардагер азаматтары Сарыарқамен қош айтыспақшы. Ақын солармен қоштасу сырын айтуға талаптанады да, сол арқылы өзінің отандық сөзімен, жігіттердің патриотизмін көрсетіп береді.

Толғауда қазақ халқы былай суреттеледі:

Әркіммен теңдес туған аталықпыз.
Арғыдан келе жатқан қатар-ақпыз.
Қаршыға, тұрымтай да жем қылуға,
Біз қалай осыларға жапалақпыз?!

Шықпаған момын қазақ үйірінен
Қамалып, жол таба алмай иірілген.
Баласын бауырындағы тұтас алып,
Теңселді оқ тигендей бүйірінен.

«Әркіммен-ақ теңдес туған», «момын қазақ» халқы июнь жарлығын естігенде «бүйірінен оқ тигендей теңселсе», ақын да халқымен бірге ауыр қайғыны басынан кешіреді. Ел жігіттері амалсыздан майдан жұмысына кете қалғандай күн туса, елдің халі не күйге ұшырайды, туған жері не болмақ?! Ақынды осыбір жағдай қатты толғантады:

Сарыарқа, қаламысың өскен жерім.
Қір жуып, кіндігімді кескен жерім.
Бұрын да қан төгісіп атам қонған,
Жеті жұрт бізден бұрын көшкен жерім.
Айрылып Сарыарқаның саласынан,
Болар ма қазақ аты өшкен жерім!

Ел басына екі талай күн туғанда, туған елін, қадірлі жерін еске алмас адам бар ма? Төлеу ақынның да толғауы осы сезімге толы. Бұл сезімнің күштілігі сондай, тіпті ақын «ел жігіттері енді түгел соғысқа кетеді-ау», «айрылып Сарыарқаның саласынан, болар ма қазақ аты өшкен жерім» деп қамығады. Сарыарқаның шұрайлы жерін, әсем бейнесін, отандық қасиетін емірене суреттей отырып, майданға бара жатқан жігіттермен қоштаспақшы болады.

Сарыарқа, далаң толған егін еді.
Төңірім рахыматын төгіп еді.
Жаяуға ат, ашқа тамақ, кім болған.
Сатусыз, дүниеніз тегін еді.
Сарыарқа, айдыны кең шалқар еді.
Түлкі мен тауың толған арқар еді.
Құс салып, ит жүгіртіп, мылтық атқан
Адамның шын құмары тарқар еді...
Аман бол, бір туысқан бауырларым.
Қарындас, қазақ атты қауымдарым.
Жел шайқап, өзек толқып, суға кетті
Мысалы пісіп тұрған қауындарым...

Бірақ мұнда үмітсіз дүниеден үміт дүниесі басым. Алдағы күннің жақсылығынан ақын мүлдем күдер үзбейді. «Тәуекел түбі қайық, мінесің де өтесің» дегендей ишаратпен ол кетіп бара жатқан жігіттерді әлдеқандай бір бостандық жолға мегзеп, оларды қайраттандырады. «Қауыпты су, қатерлі кезеңдер бар; жол тауып аман-есен өтеміз бе?» — деп келіп, «кемесі тәуекелдің суға кетпес», «артынан бір жақсылық болар дейміз», «өрт еді қазақ көңлі қаулап тұрған», «алдынан үміт етіп отырамыз» деген сияқты оптимистік тоқтам жасайды.

Жиембеков Жүсіпбек поэмасында Қарқаралы жағында болған жай-күйді баяндайды. Ол жақта жұрт әуелі жастарды солдат етіп, соғысқа алады деп түсінеді. Соғысқа алмай, қара жұмысқа алатынын білгенде оған көнеді. Поэманың желісі былай болып келеді:

Жарлық шығысымен әкімдер би-болыстарды, ақсақалдарды жинап алып, үгіт айтады:

...Қызыл қан судай аққан Европаның
Соғысын көрдіңдер ғой — деді — міне.
Патша үшін, мiллет үшін барып жатыр,
Осыған құрбан болып орыс ұлы...
Сендер де енді солдат бересiңдер,
Айтқалы тұрғаным сол, сөздің шыны,
Тегінде емес еді солдат алмақ,
Саскалақ болып бүгін түсті салмақ...—

дейді.

Би-болыстар, ақсақалдардан солдатқа адам береміз деген уәде, қолхат алмақ болады. Жиналғандардың оған бірі көніп, бірі көнбейді. Ақырында оларға елмен ақылдасуға бірнеше күндік уақыт беріледі. Ел солдатқа адам беруге көнбейді.

...Көп халық шуылдады бермейміз деп,
Бұл іске оңайлықпен көнбейміз деп.
Жақсылар береміз деп қол қойсандар
Жалғанның тыныштығын көрмейміз деп,

халық ызаланып, кектенеді; жауар бұлттай түнереді. Әр жерге жиналып, кеңеседі. Әр ел ақша жинап беріп, солдат бермеудің амалын қара деп, орталарынан қалаға кісі жібереді.

Бір кезде қазына жұмысына тұрған кісі солдаттан қалады екен деген хабар шығады. Әркім қаладағы, орыс арасындағы таныс-білісін іздейді; сол арқылы жұмысқа кіруге әрекет істейді.

Шабар шөп, орап егін мезгілінде,
Істелмей, уақыт өтіп бара жатыр.
Надан жұрт бұрыннан да тегі салақ,
Ойда жоқ малға, жанға қысқы тамақ...

Ақырында, жастарды солдатқа алмайды екен, қара жұмысқа алады екен деген дұрыс хабар тарайды. Ел басылады.

Біртіндеп приемға барады. Бұл кезде пара беру күшейеді. Байлар, малы, қаржысы барлар би-болысқа, тілмашқа, уезге пара беріп, өз адамдарын алып қалады. Майданға кедейлер, жалшылар, туыстары жоқ жетімдер алынады.

Майданға алынғандар қойдай иріліп, Семейге айдалады; онда қазармаға камалады; ешкіммен жолықтырылмайды; көбі аш, жалаңаш вагонға тиеліп, майданға жөнелтіледі.

Жігіттер қайтар-қайтпас мәлім емес,
Сапары ұзаққырап көпке кетті —

деп аяқтайды ақын поэмасын.

Автор болған істі, өз көзімен көргенді, басынан өткенді баяндаған. Соны жатық тілмен дәл, әсем бейнелеген. Әсіресе халықтың кедей, жалшы, орта шаруасының тартқан шығынын, көрген азабын, қайғы-шерін аянышты етіп, би-болыстардың, ұлықтардың, байлардың озбырлығын, оңбағандығын ызаланып суреттеген, осының бәрін оқушының көз алдына әдемі елестеткен.

Екінші топқа жататын, халықты июнь жарлығына қарсы көтеріліске шақырған өлең, жырлар: Бұзаубақ ақынның «Құты қашты патшаның», Омар Шипиннің «Губернатор келгенде», Құбаша ақынның «Әбдірахман Иманқұл ұлына жазған хаты», «Әбдірахманның Құбашаға қайырған жауап хаты» деген өлеңдер.

Бұзаубақ патша өкіметінің империалистік соғысқа араласып, әскері майданда жеңіліске ұшырап, өзі қысылып отырғанын, сондықтан оның қазақтан майданға адам алу туралы жарлық шығарғанын айта келіп:

...Ел болмас бұған солдат берген менен,
Патшаның дегеніне жүргенменен.
Жақсылық жауыздардан қазақ таппас,
Соғысқа босқа барып өлгенменен...

Үш жүздің баласына жар салайық,
Берсең де өлдің баланды, бермесең де
Онан да жауға қарсы ат салайық! —

дейді. Осыған бүкіл елді, елдің басшы адамдарын, ер-азаматтарын түгелдей шақырады ол:

Боз бала елдің көркі мандайдағы,
Қимылда, шағың болды жау жайдағы.
Еріксіз, қайран ерлер, қор болғанша,
Атқа мін, жарак асып, найза алдағы!

Омар өлеңінде июнь жарлығын жариялау үшін елге губернатордың өзі келгені, оның халықты майданға адам бер деп қысқаны, губернаторға Аманкелдің тайсалмай қарсы сөйлегені, жар салып, халықты жарлыққа, патша өкіметіне қар-

сы көтеріліске шақырғаны, артынша еңбекші халықтан сар-
баз құрғаны баяндалады.

Құбаша өз елінің июнь жарлығын есітіп, оған қарсы көте-
ріліс жасағалы тұрғанын хабарлайды:

Бұзылып тұр ниетіміз,
Бұрылып тұр бетіміз.
Алты бақан құрылып,
Ұлықтарға шекіміз...
Боз балалар буланды,
Қайрат тасып нұрланды.
Айнымасқа анттасып,
Шалып жатыр құрбанды —

дейді.

Онан соң болыстардың, байлардың сәудегерлердің қалаға қашып жатқанын, өздерінің Аманкелдімен хабарласқанын білдіреді. Құбашаға қайырған жауабында Әбдірахман да өз елінің көтеріліске өзірленіп жатқанын айтады:

Біздің ерлер санаулы,
Аттары сайлы жараулы,
Жал-құйрығы тараулы,
Ұйқысы қашқан, аяулы —

дейді. Елдің Аманкелдімен байланысы бар екенін аңғартады.

Халықтың июнь жарлығына қарсы көтерілісін, көтеріліс-шілердің патша өкіметінің әскерлерімен шайқасын, ұрысын суреттейтін жырлар: Иса Дәукебаевтың «Бекболат», Жамбылдың «Зілді бұйрық», Әлтай Сүйіншалиннің «Қалаба», Бөлтірік ақынның «Ел жарыла көшкенде», Қуанышбай Бозаевтың «Қарақойын көтерілісі», Күдері Жолдыбаевтың «Аманкелдінің Торғайды алғаны» деген жыр-дастандары, тағы басқалар.

Иса «Бекболат» жырында Алматының кәзіргі Қаскелең ауданында болған оқиғаны бейнелейді. Онда халық патша өкіметінің жарлығына бірден қарсы болады; майданға адам бермейміз:

Баланы қолдан бергенше,
Хасірет-қайғы көргенше,
Патшаға қарсы тұрамыз,
Өлсек шәйіт беаламыз —

дейді.

Ел көтеріліске, қорғануға, ұрысқа өзірленеді. Бекболатты бастық сайлайды; мылтық, найза, орақ, балта, айыр, тырма жиналсын — деседі. Бірақ олар жиналып, қаруланып үлгірмейді. Қаладан әскер келіп қалады. Ол келе халықты шетінен атқылап, қыра бастайды. Халық жайлауда жатқан көп жылқыны жинап, әскерге қарсы қуалайды. Қарусыз халық өкімет әскерімен осылай соғысады.

Соғыста қазақтан онбес кісі өледі; Бекболат қолға түседі; жау Бекболатты, бірсыпыра адамдарды, көп жылқыны айдап кетеді.

Ел-жұртым аман болғын айтар сөзім,
Құрбандық бәрің үшін жалғыз өзім.
Бір жыл ма, жарты жыл ма менен кейін
Мұны да айналдырар біреу өзін —

дейді Бекболат кетіп бара жатып. Халық жылап-сықтайды, қатты қынжылады.

Мұнан кейін жырда әкімдердің Бекболатты тергеуі, Бекболаттың оларға берген жауаптары, ақырында ұлықтардың Бекболатты айдап барып, дарға асуы, Бекболаттың дар алдындағы сөзі баяндалады. Жырдың негізгі, басым жағы міне осылайша болып келеді.

Бекболат тұтқында, тергеуде, дарға асыларда жасымайды, қайраттанады; оның саяси санасы өседі. Патша өкіметі Бекболатты айыптамай, керісінше Бекболат патша өкіметін айыптайды. Ол мынадай сөздер айтады:

Әуелде солдат кылып ойнатпадың,
Орысша тіл үйретіп сайратпадың,
Көзін ашып, бұл қазақ оянар деп,
Казнаның аяп едің қара нанын.

Мұнан кейін жырда патшада әділдік жоқ. Ол қазақтың жерін де, суын да тартып алды. Оларды әкімдерге, помещиктерге, байларға бөліп берді. Патша қазақ түгіл орыстың мешандары мен шаруаларын да зар жылатты: оларды қазақ сияқты құл етті. Енді патша желігіп, Германмен соғыс ашты; өзгенің елін, жерін, байлығын басып алмақ болды. Германиян жеңіліп, әбден қысылып, енді қазақтан «көмек» сұрады; бұқараны азапқа салды, — деген пікір айтылады.

Патша залым болды бұқараға,
Бұқара қарсы тұрмай болмас шара...
Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,
Басыңды жер астына тықпақ болдым.
Рас десен, рас сөз мен айтайын,
Ақпатшаның тұқымын құртпақ болдым.

Бұл ісімнен танбаймын да, қайтпаймын да. Мені өлтіргеніңмен халықты өлтіре алмайсың. Ол кек алады: маған істегенінді өзіңе істейді — дейді Бекболат. Осылай автор Бекболатты әрі нағыз батыр, әрі нағыз саяси күрескер етіп бейнелейді.

Осы сияқты, Жамбылдың өлеңінде Алматы облысының Ұзынағаш, Қордай жағында болған көтеріліс, Әлтай Сүйіншалинның жырында кәзіргі Жамбыл облысының Меркі, Лу-

говой, Аспара-Шу жағындағы елдерінің Ақкөз бастаған көтерілісі баяндалады. Ол жерлерде де халық майданға адам беруден бастартады; өкімет әскер жіберіп, көтерілісшілерді, халықты атқызып-шапқызады.

Ал, Бөлтіріктің толғауында Алматы облысының Кеген ауданы маңындағы елдердің жарлыққа қарсы көтеріліп, Қытайға көшкені, жолда көп азап шеккені, азып-тозып, революциядан кейін отанына қайтқаны жырланады.

Қуанышбай Бозаевтың жыры: «Июнь жарлығы», «Сарбаз», «Отряд», «Соғыс», «Босу», «Прием», «Манифест» деген бөлімдерден құралған. Оның соңғы бөлімі революциядан кейін жазылған, басқалары 1916 жылы, көтерілістің ізінше шығарылған екен.

Бұл жырда Орталық Қазақстанда, Атбасар жағында болған халық көтерілісі баяндалады. Ел жарлыққа, оны орындауға келген әкім, ұлықтарға қарсы тұрады; оны Жақып, Иса Дәулетбеков деген кісілер бастайды; бұлар жігіттерден сарбаз құрады; Қарақойын деген жерге барып, лагерь болып жатады. Онда Жақып, Иса сарбаздарға үгіт айтады; жауға «Азаттық!» деп ұран салып шабындар дейді, әскери ойын үйретеді; қару-жарак жасатады, қорғануға, соғысқа әзірленеді.

Өкімет елге әскер шығарады, оны би-болыстар бастап келеді. Әскер мен сарбаздар кездесіп, ұрысады. Иса жүз шақты солдатқа қарсы жалғыз дара шабуылға шығады; үш солдатты өлтіреді; өзі қатты жаралы болады. Ол өлерінде:

Аман бол, қалың сарбаз, қазақ халқы,
Қайырлы заман болсын мұның арты —

деп көпті рухтандырады, Жақып пен Аманкелді сендерді жақсы жолға бастайды, тендікке жеткізеді — дейді.

Иса өлгеннен кейін сарбаздар жеңіліске ұшырайды: көбі қырылады, қалғаны бет-бетіне қашады; олармен бірге ел босады; көп жерде қыстау — мекен өртеледі; мал, жан талан-таражға түседі; халық қатты күйзеледі. Ақырында, халық майданға адам беруге еріксіз көнеді.

Көтерілістің бұлай, қайғылы аяқталуы: халықтың қырғынға, мал-мүліктің талан-таражға түсуі, босуы ақынға жаман әсер еткен. Ол бірді-екілі жерде қамығуға, уайымға түскен: ептеп болашаққа сенімсіздеу қарап, халықтың бұрынғы бейбіт өмірін, феодалдық заманын аңсаған.

Майданға адам алуды (оны кей жер «прием», кей жер «набор» деп атаған), алынған адамдардың майданға жөнелтілуін, жолдағы, майдандағы өмірін, көңіл күйін суреттейтін өлең жырлар: «Дәметкеннің зары», «Асқар ақынның үй-ішімен, туған жерімен қоштасуы», Баттал, Құсайын, Есқайыр

деген ақындардың өлеңдері, Сартай ақынның «Тарзаман», Біржан Берденовтың «1916 жыл» деген жырлары.

Ақындар өлең-жырларында әуелі, халықтың көтерілісте, ұрыста жеңіліп, майданға адам беруге еріксіз көнгенін айтады, онан соң, әкімдерді, бай-феодалдардың, қожа-моллалардың майданға адам алу үстіндегі арамдықтарын, пара алуларын, адам басын саудаға салуларын, өз адамдарын қалдырып, басқаны жалдап жіберулерін, осыдан майданға кілең кедейлердің алынғанын баяндайды, ақырында, елдің ер-азаматтарының халықпен қоштасу, жылау-сықтауын, олардың майданға кетіп бара жатқан сапарын, майдандағы өмірін, ойын суреттейді.

Бұл жайлар басқа өлең-жырлардан гөрі Біржан Берденовтің «1916 жыл» деген ұзақ поэмасында әрі тұтас, толық, әрі өте келісті бейнеленген. Ол мынадай бөлімдерден тұрады: «Прием», «Қызылжар қазармасының тамағы», «Ұзақ жол», «Алғашқы әсер», «Майданда», «Аэроплан», «Дүрлігу», «Жаңа мекен», «Қашаға таласу», «Оқтан корқып қашу», «Жұма күні», «Қамығу», «Газет хабары», «Мысалы», «Қозғалшы бір қаламым!», «Қайрат», «Елде қалғандарға сәлем».

Поэма бастан-аяқ автордың өзінің көңіл күйі мен ізгі тілегі болып келеді. Ақын әрі автор, әрі поэманың бас кейіпкері ретінде бірте-бірте ширап, өсіп, оның ой-санасы, саяси білімі артып отырады. Ол шығармасының кейінгі жағында үлкен тарихи, саяси мәселелерді сөз етеді:

Құрымақ бұдан былай ескі режим,
Жасалмақ халыққа тынышты жаңа жизнь;
Екі партия екі тарау жолға түсті,
Аттары: большевизм, меньшевизм.
Дүниеге бұл екеуі қанат жайды,
Бастауға бірі жалшы, бірі байды
«Қуған ауру алады деген дейін»,
Тағынан құлатты әуел Николайды —

дейді.

Ол қазақ халқы да енді бостандық, теңдік алады, түрлі жақтан жетіледі деп сенеді, қуанады.

Майдандағылар мен елдегілердің байланысын суреттейтін өлең, жырлар мыналар: Есқайырдың «Толғау», Қаржау ұлы Әкімалының «Хат», «Молдаштың хаты», «Бақтыбайға жазып берген Нұғманның хаты», «Ауылдан хат», «Байтас ақынның елге хаты».

Бұларда елдегілер мен майдандағылардың бір-бірін сағынуы, ой-арманы баяндалады. Майданнан жазылған хаттардан өлең жазушы ақындардың кейбіреулерінің, Біржан Берденов сияқты, біраз ширағаны, заманды елтеп аңғарғаны

байқалады. Олар елдегі би-болыстарға, бай-феодалдарға қатты кіжінеді. Мысалы:

Болыснай, пристав пен ауылнайы,
Көрінді жамандықтың тегіс жайы.
Осыдан елге аман бара қалсақ,
Қылармыз көрген күнін қаңтар айы (Байтас).

Етсе де моблизовать қазақ елін,
Шапса да қан жосытып малын, жерін,
Көп қуса қорқақ тағы батыр болмақ,
Ақыры бұл қорлықтың кетпес тегін (Біржан).

Сонымен, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең-жырлар сол көтерілістің барлық оқиғаларын, егжей-тегжейлерін, саяси-әлеуметтік мәнін, сыйпаттарын, оған қатысқан еңбекші бұқараның, көтерілісті басқарған жеке ер-азаматтардың іс-әрекеттерін, бейне-келбеттерін, халықтың ерлігін бастан-аяқ әрі толық, әрі дәл, айқын суреттейді. Сонымен бірге, олар үстем тап өкілдерінің — бай-феодалдардың би-болыстардың, буржуазиялық-ұлтшыл оқығандардың халыққа опасыздық істегенін, бірден патша өкіметі жағына шығып кеткенін, прием кезіндегі зұлымдықтарын әшке-релейді.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең, жырлар қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиетінің бір мол саласы, аса құнды қазына, халықтың ерлік істерінің тарихы, көркем шежіресі, айқын документтері.

IV

1916 жылғы көтерілістің саяси мәні мен сипатына, тарихи маңызына байланысты, көтеріліс туралы жырлардың шығарушыларына байланысты сөз болып отырған халық поэзиясының бірқатар көркемдік, жанрлық, тіл-стильдік ерекшеліктері бар. Олар мынадай:

Қазақ халқының осы ұлт-азаттық көтерілісі туралы жыр, дастандар, ең алдымен, реалистік шығармалар. Олар халықтың өмірінде, тарихында болған, авторлары басынан кешіріп, көзімен көрген шындық оқиғаларды баяндайды. Яғни олар реалистік бағытта бүкіл халықтың, жеке ер-азаматтардың елдің бостандығы, теңдігі, бақыты жолындағы жанқиярлық күресін, сол қыян-кескі күрес үстіндегі ерлігін, төзімділігін, тапқырлығын, асқақ, азаттық сүйгіш ой-сезімін, ізгі тілек-арманын, халықтық, адамгершілік қасиетін айқын, шебер суреттейді.

Бұл жырлардағы реализм авторлардың белгілі ақын-жазушыдан үйренуінен, оларға еліктеуінен туған, білімінің, ар-

туы әсерінен пайда болған реализм емес, қоғамдық жағдайдың, өмірдің өзі туғызған нағыз халықтық, ауыз әдебиетіне тән реализм.

Сондықтан да біз 1916 жылғы көтеріліс туралы поэзияны қазақ халқының ауыз әдебиетінде ежелден дамып келе жатқан реалистік тұрмыс-салт жырлары мен батырлық дастандардың дәстүріндегі жаңа дәуірде, ел өмірінде болған оқиғаға байланысты жасалған халықтық жаңа поэзия деп бағалаймыз.

Екінші жағынан, бұл жырлардың авторлары саяси білім дәрежесі төмен, оқымаған, қарапайым, еңбекшілер бұқарасының өз арасынан шыққан адамдар. Олардың революциялық ой-өрісі болып жатқан оқиғаның үстінде ғана, оны көріп қаныққаннан кейін ғана қалыптаса бастайды. Осыған байланысты және көтерілістің жеңіліске ұшырауы әсерінен олардың шығармаларында діншілдік, тағдырға табынушылық, ішінара пессимизмге бой ұрушылық сияқты сарындар да кездеседі; революциялық талпынудан гөрі, өз елінде, өз жерінде тыныштыққа бөленіп жай ғана отыру, өздері тиіспесе тимеу идеясы басымырақ болып келеді.

Идея мен өмір шындығының, автордың жеке басы мен оның аянышты тағдыры арасындағы алшақтықты елестететін шығармалардың да халықтық болатыны искусство тарихынан мәлім. Сондықтан қазақ халқының 1916 жылғы көтерілісі туралы жырлар авторларының дүние тануындағы алаалықты заңды құбылыс деп тануға тиістіміз.

1916 жылғы көтеріліс туралы жырлардың тақырыбы, камтитын мәселесі әралуан: ұрысқа дайындық; көтерілістің барысы, онан кейінгі жағдай, майдан өмірі. Осыған орай бұл жырларда қазақ халқының ауыз әдебиетінде кездесетін поэзиялық жанрдың бәрі де бар.

Атап айтқанда, оларда тұрмыс-салт, патриоттық-батырлық жырларындағы сияқты болған оқиға мен фактыны баяндап, соған байланысты қорытынды жасайтын әсірелеу бар; оларда басына түскен ауыртпалыққа, халықтың күйзелуіне байланысты ақын өзінің сезімін, түйюін ойланып-толғанып кең баяндайтын күйлі-сазды толғау бар; ана мен баланың, туыс пен жақынның бір-бірінен айрылғанда, ер-азаматтың туған жерден аттанарда айтқан — қоштасу түрінде берілген мұң-шерлі лирика бар.

Бұлардың кейбірі арнау, үндеу, хат, сәлем түрінде, кейбірі күнделік, бастан кешіргенді еске түсіру, мемуар түрінде болып отырады. Осылардың ішіндегі үндеу, мемуар, күнделік, хат түрлері көбіне жаңа жағдайға, жаңа оқиғаға байланысты туған, қазақтың бұрынғы халық ауыз әдебиетінде аз кездесетін, немесе кездеспейтін, жаңа жанрлар.

1916 жылғы көтеріліс жырларының авторлары феодалдық-патриархалдық қоғамда өмір сүрген, сол ортада тәрбиеленген, сол кездегі әдеби дәстүрді ғана білетін адамдар. Сондықтан олар көп жырларды суырып салма-импровизация, халық арасына кең тараған дәстүрлі поэзия үлгісінде шығарған.

Олардың шығармалары қазақ ауыз әдебиетіне түр жағынан көп жаңалық әкеле алған жоқ. Бірақ олар үшін бұрынғы бай мұраны меңгеріп, оған азын-аулақ жаңалықтар қосудың өзі де жеткілікті еді. Халық поэзиясы үлгілерін орынды да шебер қолдана білгендері үшін, кей ретте оны жаңартқаны үшін біз оларды жоғары бағалаймыз.

1916 жылғы көтеріліс туралы жырлардың өзіндік жалпы ерекшеліктері осылар. Енді осы жырлардың жанрлық, тілдік, кейбір өзгешеліктеріне тоқталайық.

Халықтың көтеріліске бел байлауы, дайындалуы жөніндегі өлең-жырлардың көпшілігінде үндеу, күреске шақыру сарыны басым болып келеді. Бұл заңды да. Өйткені тап сол шақта халықты көтеріліске үгіттеу керек еді, оларға ұран, үндеу тастау керек еді. Мысалы, Бұзаубақ өлеңіндегі «Басың қос, ер азамат жасап жиын!», «Жоғалсын ел басынан көп ғалымат!» деген сияқты жалынды сөз керек еді. Ал, мұндай үндеу өлеңдердің одан бұрынғы халық поэзиясында кездеспейтіні белгілі. Сондықтан үндеу өлең көтеріліс жырларының жаңалығы, ерекшелігі болып табылады.

Сол сияқты, өлеңмен күнделік (дневник) жазу да бұрынғы халық шығармаларында болмаған. Ал енді, 1916 жылғы көтеріліс туралы жырларда әдебиет жанрының бұл түрі жиі кездесіп отырады. Мысалы, Біржан Берденовтың «1916 жыл» поэмасының дені күнделік.

Күнделік тәрізді жырлар майданға бара жатқан жігіттердің өмірін және олардың майданға барғаннан кейінгі көрген қиыншылықтарын, азаптарын дәл, нақты фактылар арқылы дәлелдеп көрсетуден туған, қоғамдық оқиғаларды баяндайтын шығармалар болып табылады.

1916 жылғы көтеріліс туралы поэзиядағы хат-өлеңдердің үлгісі халық ауыз әдебиетінде ертеден бар. Бірақ бұрынғы «Ғизатлу хат жазамын», «Дұғай сәлем» деген сияқты стандарттан басталатын хат өлеңдерде үй-ішінің таныс-жақындарының амандықтары ғана айтылатын, олардың қоғамдық мәселелерге қатысы болмайтын.

Ал, 1916 жылғы көтеріліс жөніндегі хат-өлеңдерде қазақ даласындағы таптық теңсіздіктер, империалистік соғысқа қарсы ниеттер, бейбітшілік пен бостандыққа ұмтылған жігерлі қайрат суреттеледі. Сондықтан да бұлар саяси лирикаға

ұқсайтын, бұрынғы халық поэзиясында кездеспейтін жаңа түр болып есептеледі.

1916 жылғы көтерілістен бұрынғы халық поэзиясында оқиғаны көбінесе автордың өзі уақиғадан сырт, шеткері тұрып баяндайтын, оның өзі шығарманың бас кейіпкері бола алмайтын. Өйткені ол болған оқиғаны көзімен көрген, оның басықасында болған адам емес. 1916 жылғы көтеріліс жырлары — көтеріліске қатысқан, майдан жұмысында болған, оқиғаны тікелей көрген адамдардың шығармалары. Сондықтан 1916 жылғы көтеріліс жырларындағы мемуарлық шығармалар да халық ауыз әдебиетіндегі жаңа бір түр есебінде танылуға тиіс.

Қорыта келгенде, 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі туралы жыр-дастандардағы үндеу, күнделік, хат, мемуар үлгілерін жаңа дәуірдегі тарихи жағдайларға байланысты туған жаңа түр деп есептеуге тиістіміз.

V

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы жырлардың онан бұрынғы халық поэзиясы шығармаларынан тіл жағынан да бірсыпыра айырмашылығы бар. Ол жырларда ақындар жалпы халықтық әдеби тілдегі негізгі сөздік қорды, сөздік құрамды, тұрақты сөз тіркестерін әрі мол пайдаланған, әрі жаңа тақырыпқа лайық жаңартып, ұсартып отырған.

Мысалы, ақындар өз жырларында қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы бірқатар сөздерге екінші түрлі, жаңа мағына беріп, сол арқылы жаңа ұғымдар, жаңа сөйлемдер жасаған. Олардың біразы былай болып келеді:

Ойынға атын үйретіп,
Найза алып, сойыл сүйретіп
Үш түйілігіп, үш барып,
... Ала алмады қаланы
Көтеріліс даңқымен
Түйініп қала қалғанда (Күдері).
Қанды ауыз, түсі суық көк қасқырлар
Мұңайтып, елдің ішін жарып қайтты (Қуанышбай).
Бас көтерген жан болса,
Оқпен тәнін жарыңдар...
Алты миллион шырақпыз,
Солар сөнсе сөнеміз...
Үсті-басы қазақтың
Қайраған өткір қылышқа
Шие болар күн болды
Пүлемет, зеңбірегін жоқ болды ма?
Ішін жалын, сырт жағың шоқ болды ма?..
Айтпасаң ауыр жұмыс басында тұр,
Өзіңді дар ағаштың басында көр

Жауап бер, көп ойланба қаның қашып,
Жауап берме, өлімге болсаң ғашық (Иса).
Көк түтінді түтетіп,
Ойнатқан оқты мылтықтан
Оқпен бізді ұшықтап,
Шошытқан елді қырсықтан (Бөлтірік).
Сұмырай заман, сұм заман,
Жасаң емес, қу заман (Сартай).
Бірің-майлық, біреуің сулық болып,
Қайғысыз дүшпені қандырғаның (Төлеу)

Қазақтың бұрынғы ауызша, жазба әдебиетінде атпен шауып барды, шауып келді, атпен бастырмалатып, қуды деген сияқты мағналарда ат ойнатты, ат ойнатып деп айтылар еді. Ал, ойынға атын үйретті деп айтылмайтын. Бұл, «ойынға атын үйретіп» деген сөз тіркесі 1916 жылғы көтеріліс кезінде, көтерісшілердің ұрысқа әзірленуіне және әзірленгенде кей жерлерде европалық соғыс өнері бойынша әзірленуіне байланысты жасалды.

Бұрынғы әдебиеттерде көбінесе «кезену, оқталу, ұмтылу» болып келетін де, түйлікті, түйлігіп деп айтылмайтын. Бұл түйлігу деген сөз қалаға шабуыл жасау, қалаға төніп бару, оқталу, ұмтылу мағнасында 1916 жылы, Аманкелді сарбаздарының Торғайды қоршауынан, соған шабуыл жасауынан туды.

Қазақ тілінде бұрын жиынып-түйініп отыр деп жолаушы жүретін кісі, көшетін үй, ауыл жөнінде айтылатын еді. Автор соны бұл арада ұрысқа әзірленіп, түйген жұдырықтай болып отырған қала, ондағы әскер жөнінде қолданған. Байырғы сөзге екінші түрлі, жаңа мағна берген.

Осы сияқты, қазақ тілінде бұрын қасқыр адамның, малдың ішін жарып кетті деп айтылар еді. Соның ізімен ақын енді патша өкіметінің елге шыққан жазалаушы отрядын қасқырға теңеп, сол елдің ішін жарып, ойрандап қайтты деген ойды аңғартады.

Бұрын бізде адамның қолы, аяғы, беті, денесі бұтаға, жерге, тағы басқа сондай бірденеге тырнанып, шиедей болды деп келер еді. Осы ретпен ақын қазақтың үсті-басы қылышпен осылып, шапқыланып, тілініп шиедей болады деген мағнаны екінші түрлі сөз тіркесімен, «үсті-басы қазақтың... қылышқа шиі болады» деп ұғындырады.

Қазақтың 1916 жылғы көтерілістен бұрынғы әдебиеттерінде «заман» деген сөзге жалғанатын сын есім, тұрақты эпитет «баяғы», «ескі», «кәрі», «бағы», «зар», «тар», «сұм» болушы еді. Ақын жаңа жағдайға лайықты оған тағы үш түрлі тұрақты эпитет тауып жалғап: «сұмырай заман», ескі, қураған де-

ген мағнада «қу заман», жаңа, жас, кейінгі деген мағнада «жасаң заман» деп отыр.

Бұрын бізде екі кісі уәделескенде пәлен жерде көрісейік, сен пәлен жерде бол деп айтар еді. Ал, сен өзінді пәлен жерде көр деп ешқандай ретте айтылмас еді. Осы жағынан ақын жырындағы «...өзінді дар ағаштың қасында көр» деген сөз тіркесі жаңа, орыс тілінің әсерімен жасалған сөйлем, тіпті «... ты увидишь себя у виселицы» деген орысша сөйлемнің дәл аудармасы.

Қазақтың бұрынғы халық тілінде, әдеби тілінде де «шырақтың» екінші, ауыспалы мағнасы «көз» болатын: «көзі шырақтай жанады», «көзі жарқырайды», «шырағы жайнап тұр» деп айтылатын еді. Ақын сол шыраққа тағы бір мағна — «адам», «жан» деген мағна — берген. «Қазақ жерінде алты миллион адам бар, солар өлсе, біз де өлеміз» деген пікірін бейнелеп, осылайша әсірелеп айтқан.

Төлеу ақын адамды майлыққа, сулыққа теңеп, сол арқылы елдің ынтымақты, қайғысыз өмір сүргенін аңғартады. Адамды бұлай майлыққа, сулыққа теңеу деген қазақтың бұрынғы ауызша, жазба әдебиеттерінде болмайтын.

Ақын осы сөздерді өз жырының енді бір жерінде екінші түрлі, жаңа мағнада қолданады. Елдің мал-мүліктен айрылып көшкенін «Кеткені туысқаннан майлық, сулық» деп ұғындырады: мал кеткен соң май кетті, май кеткен соң майлық, сулық кетті — дегенді айтады.

Осы мән-жайы түсіндірілген сөздер, сөйлемдер сияқты, өз кезінде «оқпен тәнін жарындар», «...ішің жалын, сырт жағың шоқ болды ма?», «Жауап берме, өлімге ғашық болсаң», «Оқпен бізді ұшықтады» деген сөз тіркестері де жаңа еді, осылардың қай-қайсысы болсын жаңа жағдайға, жаңа тақырыпқа байланысты қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы байырғы сөздерге екінші, ауыспалы, жаңа мағна беру жолымен жасалған сөз тіркестері.

Осы сияқты, 1916 жылғы көтеріліс туралы жырларда олардың авторлары қазақтың әдеби тіліндегі сөздік құрамды молайта, байыта түскен, яғни қазақ тілінің сөз құрамына жаңа түр, жаңа тақырып қажет еткен жаңа сөздерді әрі мол, әрі орынды енгізіп отырған. Және оларды бұрынғы кітап тілінен: араб, фарсы, татар тілінен алмай, ұлы орыс халқының тілінен, сол арқылы басқа тілдерден алған.

Мысалы, 1916 жылғы көтеріліс туралы жырларда араб, фарсы, татар тілдерінен машайық, шәйіт, нәубет, күнәкер, зұлзала, пітне, мәшһүр, қалаба сияқты сөздер ғана кездеседі. Бұлардың саны тіпті аз.

Ал, орыс тілінен көп сөз қолданылған. Бұлардың ішінде

біраз сөз қазақ тілінің сөздік құрамына бұрын, 1916 жылға дейін, енген сөздер де, қалғандары қазақ тілінің сөздік құрамына тек 1916 жылы, сол жылғы көтеріліске байланысты енгізілген.

Мысалы: телеграмма, почта, почтальон, начальник, казарма, казначей, пулемет, офицер, пагон, жандарм, переводчик, учитель, командир, бунт, манифест, сыщик, отряд, план, почин, плен, конвой, рабочий, помощь, кандала, крестьян, член, музыка, положение, аренда, комендант, граната, винтовка, шайка, собака, шапка, карантин, список, прием, годеп, вагон, поезд, пушка, суп, кастрюля, барак, булка, комиссия, паравоз, открытка, каша, город, запас, крепость, решетка, бензин, автомобиль, трамвай, беженцы, бомба, войска, ракета, аэроплан, отступление, новый, свет, лесопильный, резинка, снаряд, режим, жизнь, большевизм, мир, меньшевизм, фронт, армия, мобилизация, отлучка, окоп, человек, посемейный, бойна, команда, полк, кипятюк, реквизиция, агент, банк, наган, фамилия, штаб, шпион, барабан, комиссар, акт, патрон, телефон, делегат, шинель, взвод, бандит, тағы басқалар.

Орыс тілінен тек жеке сөз, атаулар ғана алынбай, кей реттерде тұтас сөйлемдер де, сын есім қосарланған сөздер де алынған. Мысалы: Военное положение, по четыре построися, Раз, два, три-марш! Первый почин, лесопильный завод, действующая армия, новый свет, посемейный список деген сөздер сияқты.

Орыс тілінен алынған атаулар тек сөз арасында ғана келтірілмей кейде өлеңнің ұйқасына да енгізілген. Мысалы:

Қурымақ бұдан былай ескі режим,
Жасалмақ халыққа тынышты жаңа жизнь
Екі партия екі тарау жолға түсті,
Аттары большевизм, меньшевизм.

Бірақ, орысша сөздер, сөйлемдер 1916 жылғы көтеріліс туралы жырларда, бұрынғы некен-саяқ өлеңдердегі сияқты, күлдіргі үшін, сән үшін, шығарушы өзінің орыс тілін білетінін көрсету үшін қолданылмаған. Бір жағынан, авторлардың дер кезінде, қапелімде олардың қазақшасын таппағандығынан, екінші жағынан, күнделікті тұрмыста, жұмыста көп ұшырағандығынан, өте зәру болғандығынан қолданылған. Сондықтан да ол сөз, атаулардың біразы қазақтың кәзіргі әдеби тіліне сіңісіп, негізгі сөздік қорға еніп кетті. Мысалы телеграмма, почта, снаряд, комиссар, тағы басқалар.

1916 жылғы көтеріліс туралы жырлардағы орыс тілінен алынған сөздер ол жырлардың тіл ерекшеліктерін айқындау

үшін ғана емес, сонымен қатар идеялық мазмұнын, саяси бағытын ашу үшін де үлкен қызмет атқарады.

Айталық, Төлеу Қобдықовтың «Сарыарқаның сарыны» жырындағы «военное полсженне» деген сөз тіркесі («Военное положение оқылады, бір арыз ауызша айтып, пәлен десек») әдеттегі мағнасындағы соғыс жағдайын емес, егер майдан жұмысына адам бермесе, халықты қырғынға ұшыратады деген мағнада айтылып тұр. Начальник, казначей, сыщик, конвой, кандала, карантин, решетка сияқты сөздердің де сөйлем ішіндегі лексикалық мағнасы осындай кең болып келеді.

Мұнымен қатар, ұлт-азаттық көтеріліс туралы жырларда ақындар жалпыхалықтық әдеби тілдегі тұрақты сөз тіркестерін де мол пайдаланған, оларды жаңа тақырыпқа лайық ұстартып отырған. Бұл жырлардағы идиомалық тұрақты сөз тізбектері айтылатын ойды айқын, тұжырымды және ұтымды етіп беру негізінде қолданылған.

Мысалы, июнь жарлығынан кейінгі ел басына түскен ауырталықты сипаттайтын жыр толғауларда «Ұйқы да жоқ, күлкі де жоқ» («Сарыарқаның сарыны»), «етек басты болған едім», «алтын басын қор етті» (Бұзаубақ ақын), ал, елдің ашынып, көтеріліске бел байлауын суреттейтін жырларда «не салса да көрдік», (Бөлтірік ақын), «бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығарып» (Қуанышбай ақын) — деген сияқты идиомалар мен фразалар қолданылған. Олар баяндалатын оқиғаға қарай сұрыпталып алынған.

Ал, бұл көтеріліс туралы жырлардағы мақал, мәтелдерге келсек, оларды түр белгілері мен жасалу қалпына қарай мынадай үш топқа бөлуге болады:

Бірінші топқа әуелгі қалпын сақтаған, ешқандай өзгеріске ұшырамаған мақал-мәтелдер жатады. Мысалы: «Миға көнген дене азбас», «ноқталы басқа бір өлім», «ер кезегі екі емес», «жау қайтқан соң, қылшынды тасқа шап», «жау жағадан алғанда, ит етектен алады», «қорқақты көп қуса, батыр болады», «пәледен машайық та қашқан», «асқанға тосқан», «әр нәрсеге бір зауал», «көп тілеуі көл».

Екінші топқа өлең ұйқасына және ақын ойының ыңғайына қарай біраз өзгеріліп алынған мақал-мәтелдер жатады. Олар:

«Аз сөз алтын, көп сөз күміс», деген мақал бір ретте «Көп сөзден аз сөз шырын деген еді» деп, енді бір ретте «Айтқанда аз сөз алтын, көп сөз көмір» деп келтірілген.

«Суға кеткен тал қармайды» деген мәтел:

Су түбіне біз кеттік...

«Сынған соң талым қармаған» деп қиыстырылған.

«Қуанған мен қорыққан бірдей» деген мәтел: «Қуану қорқу барабар» болып алынған.

«Ауруын жасырған өледі» деген мақалдың ізімен «Ауруын қаратпасаң, қайта ұласар» деген мақал шығарылған.

«Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам» деген мақал: «Алдау түбі бір тұтам» болып келген.

«Көп түкірсе, көл болады» деген мәтел: «Көп тілеуі көл» деп өзгертілген.

«Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген мәтел: «Қорқыттың көрі болды жердің жүзі» болып айтылған.

«Тәуекел түбі жел қайық, мінесін де өтесің» деген мәтел «Кемесі тәуекелдің суға кетпес» болып өзгерілген.

«Айналдырған ауру алмай қоймас» дейтін мәтел: «Қуған ауру алады» деп қайта құрылған.

«Хан жарлығы екі емес» дейтін билеуші таптың өкілі шығарған мақал «Хан» деген сөздің орнына «ақ патша» деген сөз қолдану арқылы басқаша алынған. Олар үстем тап өкілдері аузынан айтылады.

«Жарлығы ақ патшаның екі емес» деп,

Қасарып болыс отыр жүзі жанбай...

«Бұйрығы ақ патшаның хақ ісі» деп,

Қутындап дінін сатар указ молла (Баттал ақын).

«Еңбектеген жас, еңкейкен кәрі» дейтін идиома да «Еңбектеген бала мен еңкейген кәрі шал қалды» болып толықтырылған.

Үшінші топқа дәуір ерекшеліктеріне, көтеріліс жағдайларына қарай халықтың жаңадан жасалған мақал-мәтелдері мен авторлардың өздері қиыстырған афоризмдер жатады. Мысалы: Жаудың сырын жау білмес, Жаудың түбі ұрыстан (Сартай ақын), Бұқарасын талаған хан құриды («Бекболат»).

Бірақ, бұрынғы мәтелдердің, мақалдардың негізінде соның алғашқы мағнасына қарама-қарсы келетін мақал-мәтелдер жасау, мысалы: Абайдың «Екі кеме құйрығын ұстаған суға кетеді» деген мақалды «Екі кеме құйрығын, ұста жетсе бұйрығың» деп өзгерткені сияқты жаңалықтар бұл жырларда кездеспейді.

1916 жылғы көтеріліс туралы жырларда бейнелі анықтауыштар яғни теңеу, эпитеттер өте көп. Олардың көпшілігі фольклор шығармаларындағы тұрақты күйінде «Кереге жалды кер бесті», «айрылған енесінен құлын-тайдай» деп алынған да, ал біразын шығарманың авторлары айтпақ болған ойына ылайықтап жаңадан жасаған.

Мысалы, мына жолдар мен шумақтардағы эпитеттер, теңеулер қазақ халқының бұрынғы ауыз әдебиетінде болмаған, тек 1916 жылғы көтеріліс туралы жырларда ғана қолданылған жаңа эпитеттер мен жаңа теңеулер:

Бүйтіп көрген, күн құрсын
Жапырақтай қалтырап (Жамбыл).
 Күрсілдеген зеңбірек,
 Сытырлаған пулемет...
 Борсаңдап қашты жандарм.
 Қандаладай езгілеп,
 Шаштық жауыз қандарын (Күдері).
 Мені өлтірсең, жауынды алғандайсың,
 Көп пұлды қазынаға салғандайсың.
Әндижанның қасабы сияқтанып
 Дар арқанын даярлап, жылмандайсың... (Иса).
 Айнала темірленген **решеткалы**.
Тас түрме еңсемізден тұрды басып... (Біржан).
Бидайықтай қуырған.
Қолқасын қойдай суырған...
Ойнатқан оқты мылтықтан.
 Қаптаған мың сан қазақты,
Бөріктіріп бөкендей
 Көрнеу көрге бір тыққан...
 Безек қағып **бесатар.**
 Сүнгіді қанға тұмсықтан (Бөлтірік).
 Жүрген шығар шырақтар
Сары сазандай тізіліп,
Сұңқардай көзі сүзіліп (Сартай)
 Халықты доктор сойған тышқандай **қып,**
 Қылышқа ырым үшін қанын жақты (Құсайын).

Осындағы асты сызылып көрсетілген эпитеттер мен теңеулер белгілі дәрежеде жаңа болулары үстіне әрі өте орынды, әрі терең мағналы: заманның, оқиғаның, тақырыптың мәнін, өмірдің заңдылығын, егжей-тегжейін дәл ашып, көзге айқын елестетеді. Сондықтан олар жарасты, көңілге қонымды.

Сонымен, 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлар — өздерінің жанры, тілі, көркемдігі жағынан қазақ халқы ақындық мәдениетінің жаңа дәуіріндегі жаңа үлгісі болған құнды қазына.

VI

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең, жырлар мұнан біраз жыл бұрын тым асыра бағаланып, ол қазақ совет поэзиясының бастамасы деген пікір айтылып жүрді.

Рас, қазақ совет поэзиясы 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлардың да, қазақ халқының революциядан бұрынғы жазба, ауызша поэзиясының да жақсы үлгілерін, реалистік, демократтық дәстүрлерін пайдаланды, ол осылай өсіп, жетілді.

Бірақ бұған қарап, 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлар мен совет поэзиясы — біртұтас поэзия, көтеріліске арналған

поэзия — қазақ совет поэзиясының бастамасы деу мүлде хате. Өйткені 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлар мен қазақ совет поэзиясы өздерін туғызған заман, жағдай, негіз жағынан болсын, өздерінің әдісі, идеясы жағынан болсын екі басқа, екі түрлі сападағы әдебиет.

1916 жылғы көтеріліс туралы жырларды қазақ халқының сол жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туғызды. Ал, қазақ совет поэзиясы советтік, социалистік қоғам өмірінің шындығынан туды, яғни бұлардың шығу мақсаты мен идеялық мазмұнында, тақырыбы мен қамтитын мәселе, оқиғасында үлкен айырмашылық бар.

Анығырақ айтқанда, 1916 жылғы көтеріліс жырларында қазақ халқының теңдікке, бостандыққа, бейбітшілікке талпынған қарулы күресі, арман-тілегі суреттелсе, қазақ совет поэзиясында осының бәріне, ол кездегі арманына қолы жеткен халықтың бақытты өмірі, шат көңілі, алдағы мақсаты сипатталады, коммунизм құру жолындағы күресі бейнеленеді.

Антагонистік қоғам жағдайында езушілер мен езілушілер арасында таптық күрес болады. 1916 жылғы көтеріліс жырлары осындай дәуірде жасалды. Мұны майдан жұмысына адам алудағы әділетсіздікті көрсететін жырлардан анық көре аламыз.

Ал, социалистік қоғамда антагонистік қайшылық жоқ, социализм қанаушы тапты жойды. Қазақ совет поэзиясы, совет ауыз әдебиеті осындай дәуірде жасалды. Мұны Жамбыл творчествосынан да айқын аңғаруға болады.

1916 жылғы көтеріліс жырлары сыншыл реализм дәстүрі негізінде, ал, қазақ совет поэзиясы социалистік реализм әдісі негізінде жасалды. Ендеше бұлар өзінің көркемдік түрі, әдісі жағынан да бір-біріне ұқсамайды.

Әрине, бұдан сыншыл реализм әдісі мен социалистік реализм әдісінің арасы тіпті алыс, екеуі мүлде екі басқа деген ұғым тумайды. Социалистік реализм сыншыл реализмнің жақсы дәстүрін пайдаланды: ол — соның заңды жалғасы, жоғары сатысы, жаңа, социалистік әдебиеттің көркем әдісі.

Сондай-ақ, әлгі қортындыдан социализм жағдайында, халықтардың жаппай сауатты болуы жағдайында ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет шығармаларының жасалу тәсіліндегі айырмашылық жойылады, халық творчествосы жазба әдебиет үлгісіне түсіп кетеді деген ұғым айту ертерек болар еді.

Біздің елімізде кәзір жазба әдебиет өкілдерінің творчествосы қандай қаулап өссе, халық ақындарының творчествосы да соншалық дамуда. Ауыз әдебиеті шығармаларының бай қазнасы, жақсы традициясы негізінде фольклор мен жазба әдебиеттің аралығында тұрған жаңа поэтикалық форма жасалуда.

Бұған фольклорлық импровизация традициясын жалғастыра отырып, жаңа туып келе жатқан Дагестан совет әдебиетінің бастаушысы болған дүние жүзіне белгілі Сүлейман Стальскийдің немесе өзіміздің Жамбылдың творчествосы дәлел бола алады. Бұлардың фольклор үлгісінде жасаған образдары социалистік мазмұнда дамыды. Сондықтан 1916 жылғы көтеріліс жырлары қазақ совет ауыз әдебиетінің басы деу орынды болмас еді.

Сонымен қатар, 1916 жылғы көтеріліс жырларында қазақ халқының ауыз әдебиетінде кездесетін поэтикалық формалардың, жанрлардың бәрі бар. Бірақ жазба әдебиеттің әсері тіпті аз. Ал, қазақ совет ауыз әдебиетіне жазба поэзия көп ықпал жасады. Сондықтан онда халық әдебиетінің «жоктау», «қоштасу», «зар», «хат», үлгілері жеке түр болудан қалды.

Тағы бір мысал, 1916 жылғы көтеріліс туралы жыр-дастандардың авторлары халық көтерілісі, ұрыс, прием кезінде патша өкіметінің, үстем тап өкілдерінің озбырлықтарын, айуандықтарын көріп, содан кейін ғана олардан құтылу, азаттық алу идеясына келді, социалистік революция идеясына көтеріле алмады, социалистік талап, тілек қоя алмады. Ал, қазақтың жазба поэзиясы — нағыз революциялық, советтік поэзия.

1916 жылғы көтеріліс поэзиясы мен қазақ совет поэзиясының араларындағы басқа айырмашылықтарды былай қойып, тек жоғарыда айтылып өткен негізгі себептердің өзіне ғана сүйенгенде де қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең, жырларды қазақ совет поэзиясының басы деуге болмайтынын түсіну қиын емес. Олар демократтық-революцияшыл халық поэзиясы және солай бағалануға тиісті.





ЖАЛПЫ ҚОРТЫНДЫ

XIX ғасырдың екінші жартысынан Россияда капитализм дами бастады. Ол әрі тереңдеп, тамыр жайып, әрі көп таралып, өркендей түсті. Ол Россияның Қазақстан сияқты шет-шалғай өлкелерінде де дамыды. Ал, XIX ғасырдың ақырынан бастап капитализм жаңа, жоғары сатыға көтерілді: империализмге ұласты.

Содан XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың бас кезінде Россияда капиталистік қайшылықтар шиеленісті. Еңбек пен капитал арасында, отар елдер мен отаршыл елдер арасында, капиталистік мемлекеттер арасында қайшылықтар әбден күшейді. Бұл революцияшыл қозғалысты, отарлардағы ұлт-азаттық көтерілісті өршітті, мемлекеттер арасында империалистік соғысты туғызды, осының нәтижесінде Россияда үш дүркін революция болды, советтік социалистік мемлекет орнады.

Екінші жағынан, елде капитализмнің өркендеуі, оның жоғары басқышқа көтеріліп, империализмге ұласуы, капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі, революцияшыл қозғалыстың, ұлт-азаттық көтерілістің күшеюі, мұның революцияға әкеліп соғуы нәтижесінде қазақ арасында оқу, ағарту жұмыстары үдеді, қазақ интеллигенциясы құралды, қазақ тілінде кітап бастыру, газет, журнал шығару өріс алды, халықтың сана-сезімі оянды, жазушылар көбейді, қазақ әдебиеті өркендей түсті.

Өлкедегі таптық-қоғамдық күштерге, саяси, шаруашылық, мәдени жағдайлар мен оқиғаларға байланысты қазақ халқының XX ғасыр басындағы ақын, жазушылары әр түрлі саяси бағытта болды.

Халықпен бірге өсіп, біте қайнаған, бұқарамен бірге ұлт-азаттық көтерілісін жасаған, тағы басқа күрестер мен арпалыстарға араласқан ақын-жазушылар, ауыз әдебиетінің өкілдері демократтық-революциялық бағытта болды. Ал ол кездегі

жазба әдебиет өкілдері халықпен тиісінше байланысты болмады.

Қазақтың ХХ ғасыр басындағы жазба әдебиеті өкілдерінің біразы демократтық-ағартушылық бағытта болды да, біразы онан ауытқыды: кейде феодалдық-діншілдікке, буржуазияшыл-ұлтшылдыққа, панисламистік, пантюркистік ағымдарға бой ұрды.

Қазақ халқының қоғамдық ақыл-ойының өсу жолы туралы, тіл байлығы мен ақындық мәдениеті туралы, қазақ арасындағы түрлі әлеуметтік топтардың салт-санасы, іс-әрекеті туралы ой жүгіртіп, пікір айтуымыз үшін ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде болған бұл ағымдардағы ақын, жазушылардың қай-қайсысының болсын әдеби мұралары қажетті қазна бола алады.

Феодалдық-діншілдік, буржуазиялық-ұлтшылдық бағыттағы ақын-жазушылардың қажетті, пайдалы жағы сол — олардың ескі ғұрып-әдеттерді, жалқаулық, жікшілдік сияқты заман мінез-қылықтарды, би-болыстар мен қожа-моллаларды сынап, халықты оянуға, оқуға, өнерге шақырып айтқан бір-сыпыра орынды, демократтық-ағартушылық ой-пікірлері бар. Олардың әдеби мұраларында халықтың ежелгі тіл байлығы, сөз қоры, ақындық өнерлерінің әр алуан үлгілері көп. Осылар мұқыят зерттеліп, хатә қайшылықтары әділ көрсетіліп, сын көзімен бағаланылуға тиіс.

Белгілі тарихи кезеңде хателесу, адасу демократтық-ағартушылық бағыттағы ақын-жазушылардың кейбіреулерінде де болды. Олардың бірқатары саяси-әлеуметтік оқиғаларды ұғынуда жеке шығармаларында хатә жіберіп жүрді.

Дегенмен, жалпы алғанда, демократ-ағартушы ақын-жазушылар да, ұлт-азаттық көтерілісіне қатынасқан ақын-жазушылар да өз заманы, қазақ халқының сол кездегі әлеуметтік өмірі алдарына көлденең тартқан мәселелерді қозғады, оларды еңбекші бұқараның мүддесі тұрғысынан сөз етті, еңбекші бұқараның үміт-арманын, ой-қиялын жырлады.

Онан соң, бұл топтағы ақын-жыршылардың көпшілігі кейін совет қызметіне араласты, социализм идеясына келді, советтік шындықты жырлады.

Сондықтан ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дегеніміз, сайып келгенде, демократ-ағартушы ақын-жазушылардың шығармалары мен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған революциялық халық поэзиясы. Бұлар — сыншыл реалистік, халықтық әдебиет. Сол үшін біз бұл еңбегімізде осы әдебиетті әдейі зерттедік.

Әнебір жылдары бізде ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін менсінбеушілік, кемсітушілік болды: бұл кездегі әдебиет

идеялық-көркемдік дәрежесі төмен, ескішіл, ұлтшыл әдебиет, айта берсең, XX ғасыр басында бізде шын мағнасында әдебиет болған жоқ десті. Осыған байланысты XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жинау, зерттеуге тиісінше көңіл бөлінбеді.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті жөніндегі бұл көзқарас ол дәуірдің әдебиетін бүгінгі советтік жағдай тұрғысынан, бүгінгі қазақ совет әдебиетінің даму дәрежесі тұрғысынан қарап, кәзіргі дәрежеге сай емес деп бағалаудан туған теріс, үстірт көзқарас еді. Өйткені өткен дәуір әдебиетін бүгінгі күн, бүгінгі талап тұрғысынан қарап бағалауға болмайды.

«Тарихи қайраткерлердің сіңірген тарихи еңбектері олардың осы күнгі талаптарға қарағанда жаңалық енгізбегеніне қарай бағаланбай, өзінің алдындағы өткендерге қарағанда олардың қандай жаңалық енгізгеніне қарай бағаланады»¹ — дейді В. И. Ленин.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін, қазақтың XX ғасыр басындағы ағартушы-демократ ақын-жазушыларын біз де осылай, В. И. Ленин нұсқауы тұрғысынан бағалауға міндеттіміз.

Сонда XX ғасыр басындағы ағартушы-демократ жазушылар алдында ұлан өрыс халқы классик әдебиетінен үйреніп, сол арқылы қазақ халқының жаңа әдебиетінің негізін салған Абай мен Ыбрай тұрады да, XX ғасыр басындағы ағартушы-демократ ақын, жазушылар орыс халқы классик әдебиетінің, Абай мен Ыбрайдың дәстүрін қаншалықты үйренді, қолданды, қаншалықты ілгері дамытты, XIX ғасырдағы әдебиетімізбен салыстырғанда XX ғасыр басындағы демократтық бағыттағы әдебиетіміз қаншалықты ілгері дамыды деген сұрау келіп туады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы, оның ішінде демократтық, демократтық-революциялық бағыттағы ақын-жазушылар туралы біздің жоғарыда айтқандарымыздан бұл сұраудың жауабы былай болып шығады.

Қазақтың XX ғасыр басындағы демократ жазушыларының бәрі де, Абай мен Ыбрай сияқты, орыс халқы классик әдебиетін оқыды, жақсы білді, онан көптеген шығармалар аударды. Мысалы, «Үлгілі тәржіме», «Капитан қызы», «Жиған-терген», «Чилон тұтқыны», тағы басқалар. Сонымен қатар олар өздерінің шығармаларын орыс халқы классик әдебиетінің, Абай, Ыбрайдың әдіс-үлгісімен жазды.

Яғни, қазақтың XX ғасыр басындағы демократ ақын, жазушылары өздерінің революциядан бұрынғы шығармаларын

1. В. И. Ленин, Шығармалары, 2-том, 195—196-беттер.

сыншыл реализм әдісімен жазды, кәдімгі айқын тұрмысты, халық өмірін көрсетті. Оның жақсысын, жаңасын дәріптеп, жаманын, ескісін, кертартпасын сынады, бектік-феодалдық қоғам қалдықтарын, капиталистік қоғамдағы теңсіздікті, зұлымдықты, қанауды даттады, оқуды, өнерді, еңбекті мадақтады, ерікті, бақытты өмірді аңсады.

Онымен ғана қойған жоқ, қазақтың бұл кезгі демократ ақын-жазушыларының біразы тақырып, идея жағынан Абай мен Ыбрайдан бірталай ілгері кетті: олар әдебиетке қазақтың бектік-феодалдық, отарлық қанауда езіліп, еңсесі түсіп жүрген кедей, жалшысы, жұмысшысы, әйелі туралы тақырыпты енгізді, солардың тұрмысын, ой-сезімін, мұң-арманын жырлады, солар үшін шындық, әділдік іздеді.

Үстем таптың озбырлығын, кедейлер мен жұмысшылардың тұрмысын, ой-сезімін, мұң-арманын жырлау арқылы қазақтың ХХ ғасыр басындағы бірді-екілі ақындары, ескілік, зұлымдық, қанаушылық дүниесін күйретіп, қоғамдық тұрмысты қайта құруға, жақсы, әділетті етіп құруға болады екен деген идеяға келді.

Ұлы Абай қазақ халқының өз тұсындағы ауыр, аянышты хал-жайын көріп, бұл жағдай бір күн болмаса, бір күн өзгереді, «мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек» деп үміттенген еді.

С. Торайғыров қазақ халқының өз заманындағы тұрмысын, қазақтың кедейі мен жұмысшысының материалдық жақтан да, рухани жақтан да қаналуын көріп:

Әділдік орнамасқа көзім жетті,
Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай —

деген қортынды жасады.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатынасқан, соны көзімен көріп жырлаған ақындары мен жыршылары еңбекші бұқараның қанаушы, билеп-төстеуші тапқа, барлық қанаудың, теңсіздік пен әділетсіздіктің негізі болған патша өкіметіне қарсы күресін, ескі тәртіпті өзгерту жолындағы, өзінің еркі, бостандығы, бақыты жолындағы күресін жырлады.

Абай мен Ыбрай орыс халқы классик әдебиетінің үлгісі бойынша өлең, жырмен қатар прозалық шығармалар да жазған еді: қазақ әдебиетінде проза жанрының бірді-екілі түрінің — мысал, нақыл, өсиет, ғақылия болып келетін әңгіме, сөз түрінің негізін салған еді.

Қазақтың ХХ ғасыр басындағы демократ ақын-жазушылары Абай мен Ыбрайдың бұл игі бастамаларын, үлгілерін өз заманында едәуір дамытты. Бұл дәуірде әлі әлсіз бола тұрса

да әдебиетте көркем проза, оның роман, повесть, публицистика түрі жасалды, бірен-сараң драмалық шығармалар да пайда болды. Бұл жөнінде С. Торайғыров пен С. Көбеевтің, тағы басқалардың романдарын, М. Сералин және С. Торайғыровтың, тағы басқалардың публицистикалық шығармаларын, очерк, әңгімелерін, бірді-екілі театр кітаптарын атап айтуға болады.

Осы сияқты, ХХ ғасыр басындағы әдебиетте қазақтың кедейі, оқыған жаңашыл жастары туралы реалистік-романтикалық, сюжетсіз, лирикалық-философиялық поэмалар мен халықтың, жеке адамдардың 1916 жылғы тарихи, ерлік істері туралы батырлық-қаһармандық жыр, дастандар жасалды, өлеңмен жазылған роман шықты.

Ұлы Абай орыс халқының классик әдебиетінен көріп, қазақ халқының ежелгі өлең құрылысына жаңалықтар енгізді: өзінен бұрынғы өлеңдердің түр-үлгілерін (өлшемін, шумағын, ұйқасын) түгел, сарқа пайдаланды, жөнге келтірді, өңдеді, заңды етті. Солардың негізінде ол жаңа өлең үлгілерін: жаңа шумақтар, жаңа ұйқастар шығарды.

Атап айтқанда, Абай 16 өлең, жырын жаңаша шумақтап, жаңаша ұйқастырды. Олар: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Қор болды жаным», «Қуаты оттай бұрқырап», «Ем таба алмай», «Бойы бұлғаң», «Кешегі Оспан», «Сен мені не етесің?», «Қатыны мен Масақбай», «Сырмақ қып астына», «Ата-анаға көз қуаныш», «Тайға міндік, тойға шаптық», «Сеуізіз аяқ» («Алыстан сермеп»), «Бұралып тұрып», «Қарашада өмір тұр», «Келдік талай жерге енді», «Біліміден шыққан сөз», «Сап-сап көңілім, сап-көңілім» деген өлеңдері.

Қазақтың ХХ ғасыр басындағы демократ ақын-жазушылары Абайдың бұл үлгісін де өте мақұл көріп қабыл алды. Біразы оны нағыз мирасқорлық жөнмен едәуір ілгері дамытты.

Ең алдымен, олар өлеңді Абайша түсініп, Абайша бағалды. Абай өлеңі: «өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деп бағаласа, С. Торайғыров: «Көңілді түзейтін машина — өлең, жыр» деп түйді.

Екіншіден, олар Абай өлеңдерін тиісінше жоғары бағалды: нағыз өлең, өнер, көңілді түзейтін машина деп білді.

Абайды оқы, таңырқан, басың шайқа,
Ақындық күш-қуаты есінді алып,
Бас алмастан оқырсың қайта-қайта —

деді.

Ақырында, олар өз шығармаларында Абай өлеңдерінің үлгілерін кең қолданды, өлеңдерін Абай өлеңдерінше өрнектеді, соның негізінде өздері жаңа өлең үлгілерін шығарды.

Сондай-ақ, қазақтың ХХ ғасыр басындағы демократтық, демократтық-революциялық бағыттағы ақын-жазушылары өздері жырлаған жаңа тақырыптар, жаңа ой-пікір, идеялар негізінде жаңа сөздер, жаңа теңеулер мен эпитеттер, жаңа, салыстырулар мен шендестірулер, жаңа кестелер мен бояулар тапты, жаңа образдар жасады, осылайша қазақтың ақындық мәдениетін байыта түсті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын қазақ арасында жасалып, дамып келе жатқан өз әдеби тілімен қатар арап, фарсы, шағатай тілдері негізінде жасалған диалекті, жаргон бар еді. Ол «кітапшалаған молда сүрей ақындар қолданған, жазба әдебиетке, ресми кеңсе тіліне кіре бастаған үстем тап өкілдерінің диалекті, ишандар мен молдалар, хал-фелер мен хазіреттер жаргоны болатын»¹.

Осыдан, мысалы, ресми газет тілі былай болушы еді:

«Жаңадан қосылып Ақмола облысының шығып жүрген газетіне осы газет шығады. Дала уалаятын билеп тұрушы гузел губернатор хазреттерінің үкіміменен қазақ қалайықтарына барша жоғары, өздерін билеп тұрушы ұлықтарының өмір, фәрмәнін һәм өзлері турасында оғайры бұйрықтарды білдіру үшін. Тағы да гіл қазақ араларына әртүрлі білім хабарларды жаймақ үшін пайдалы нәрселерді, дүние жүзінде болған және олардың ресімлері турасында һәм мал өсіру, егін салу, сауда қылмақ оғайри нәрселер турасынан, бұрынғы өткен ертегі, хикаялар һәм ғылым, өнер арттырмақ тураларынан баян етіледүр» («Дала уалаяты», 1888 жыл),

Кітапшылаған кейбір молла ақындар өлеңінің тілі былай болды:

Көрің кадр құдретін,
Білсін даю сұңғатын,
Мұстафаның үмматын
Мұндағы ташырың қалдия («Бақырған»).

Қазанда бір фазыл шықты алмас болып,
Хасталары көбейді гамхас болып.
Магани жауһарым қолға ілген
Қалайық теңізінде ғауас болып. («Ақмола өлеңі»).

Ал, олардың прозалық-мемуралық шығармаларының тілі мынадай болып келуші еді:

«Қостанай оязының Арақарағайский болысының қыпшақ, қотдық тайпасынан Нұржан Наушабаев деген бір мәшһүр ақун бар. Сол әфендіміз хазіреттерінің сөзі бек гибратлы, тәһсірлі сөз еді. 1904 жылында бір «Мәнзумет қазақия» деген рисаласыда шыққан еді. Менде сол рисаланың бір данасы бар

¹ М. Әуезов, «Қазақ әдеби тілінің мәселелері», 94-бет, 1950 ж.

еді. Сол рисаласында жазылған әдірісімінен хат жіберген едім, маған қайтадан олаңмынан хат жазуп жібарыпты, хаты үшбұудр» («Тұр қазақ», 1915 жыл).

Өзінен бұрын және өз тұсында қазақ қауымы ішінде үстем тап өкілдерінің диалекті, кітапшылаған кейбір ақындар мен моллалар, ишандар жаргоны күшті болғандықтан Абай соларға қарсы «Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ» деді. Өз шығармаларын таза, нағыз қазақ тілінде, халқының әдеби тілінде жазды.

Абай қазақ халқының өзінен бұрынғы әдеби тілін мейлінше меңгерді, оның сөздік қорын, сөздік құрамын, барлық тіл өрнегін, барлық мүмкіншіліктерін түгел, сарқа пайдаланды. Ол тек пайдаланып қоймай, соларды асқан тапқырлықпен байытты, өндеп, ұстартты. Қазақтың әдеби тілін биік белге шығарды.

Абай сияқты, қазақтың ХХ ғасыр басындағы демократ-ақын жазушылары да өз кезіндегі үстем тап өкілдерінің диалекті мен кітап тілімен жазған ақындар, моллалар, ишандар жаргонына қарсы шықты. Мысалы, Сұлтанмахмұт 1913 жылы жазған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақаласында сол кітаптарды тілі жағынан екі топқа бөледі. Оның бір тобын жазушы:

«Бірлі-екілі өлең кітаптары таза қазақ тілінде жазылған, нағыз өлең — өнер. Оларды оқығаныңда «туыстағы тұрмыс дерті зығырынды қайнатып, бармағыңды шайнатып, ықтыярысыз ызалы зығырын төгеді. Сай-сүйегің сырқырарлық ашы, ызалы бебеулерін қағып, көңіл толғағын, жүрек түйінін тарқатады... Марқұм Абайдың өлеңдері секілді, соқыр кісі сыбырынан табарлық аққұла ашық тұрады» деп дәріптейді.

Екінші тобын «Қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ... тілдері быдбырақ». Оларда «шата тілдер көп араласқан: кейде шүлдіреп, кейде шолжақтап, жығылып сүрініп жүрген жайы бар»¹ — деп сынайды.

Жоғарыда шығармаларының тілін тексергенде көрдік, ХХ ғасыр басындағы демократ ақын-жазушылар, Абай сияқты, өз шығармаларын қазақтың Абай ұстартқан, дамытқан таза, нағыз әдеби тілінде жазды. Әрқайсысы өз әлінше қазақтың әдеби тілін заманына лайық, кезіндегі саяси, шаруашылық, мәдени оқиғаларға, өнер, ғылым, техника жаңалықтарына байланысты байытты, ілгері дамытты.

Ақырында, қазақтың ХХ ғасыр басындағы демократ ақын-жазушылары әр түрлі жанрда жазды, қай жанрда жазса да, не шығыстың, не орыс халқының классик әдебиетіне, өздері-

¹ С. Торайғыров, Таңдамалы шығармалары, 257—258-беттер.

нен бұрынғы, өз тұсындағы қазақ жазушыларына еліктеп, солардың шығармаларын қайталамай, тек жақсы үлгі-өнегелерін үйреніп, өздерінше жазды, олар әрқайсысының өзіндік тақырыбы, ой-пікірі, тілі, стилі бар, талантты, оригиналдық ақын, жазушылар болды.

Қорытып айтқанда, қазақтың XX ғасыр басындағы демократ ақын, жазушылары өздерінің таңдаулы шығармаларында қазақ халқының бұрынғы, өз тұсындағы әдебиетінің жақсы үлгі-дәстүрлерін әрқайсысы өз әлінше ілгері дамытты, оны қазақ халқының бүгінгі озат, терең идеялы, көп жанрлы, барынша көркем совет әдебиетіне, социалистік реализм әдебиетіне әкеліп ұштастырды.





ПАЙДАЛАНЫЛҒАН, ОҚЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

I

- К. Маркс, Ф. Энгельс. Собр. соч., т. XXI.
К. Маркс, Ф. Энгельс. Избранные письма, Москва, 1947 г.
Ленин В. И. От какого наследства мы отказываемся, т. 2.
Ленин В. И. Развитие капитализма в России, т. 3.
Ленин В. И. Аграрная программа социал-демократов в первой русской революции 1905—1907 годов, т. 13.
Ленин В. И. Лев Толстой, как зеркало русской революции, т. 15.
Ленин В. И. Лев Толстой, т. 16.
Ленин В. И. Три источника, три составных части марксизма, т. 19.
Ленин В. И. Критические заметки по национальному вопросу, т. 20.
Ленин В. И. Империализм, как высшая стадия капитализма, т. 22.
Сталин И. В. Марксизм и национальный вопрос, т. 2.
Сталин И. В. Октябрьский переворот и национальный вопрос, т. 4.
Сталин И. В. Одна из очередных задач, т. 4.
Сталин И. В. Марксизм и вопросы языкознания, Москва 1950 г.
Хрущев Н. С. КПСС Орталық Комитетінің XX съезіне жасаған есепті баяндама, Алматы 1956 ж.

II

- Белинский В. Г. Собр. соч. в трех томах, Москва, 1948 г.
Добролюбов Н. А. Собр. соч. в трех томах, Москва, 1952 г.
Плеханов Г. В. Об искусстве и литературе, Москва, 1948 г.
Чернышевский Н. Г. Избранные статьи об искусстве и литературе, Москва, 1953 г.
Горький А. М. О литературе, Москва, 1955 г.
Горький А. М. История русской литературы, Москва, 1939 г.
Горький А. М. Литературно-критические статьи, Москва, 1937 г.
Луначарский А. В. Русская литература, Москва, 1947 г. Очерки истории СССР, Москва, 1954 г.
Воровский В. В. Литературно-критические статьи, Москва, 1956 г.
Прямков А. Дооктябрьская «Правда» о литературе, Москва, 1950 г.
Песикина Е. И. Народный комиссариат по делам национальностей и его деятельность в 1917—1918 гг.
Ефимов А. И. Об изучении языка художественных произведений, Москва, 1952 г.
Шепилова Л. В. Введение в литературоведение, Москва, 1956 г.
Волков А. Очерки русской литературы конца XIX и начала XX века, Москва, 1955 г.
Эльсберг Я. Герцен, Москва, 1951 г.
Благой Д. Д. История русской литературы XVIII в., Москва, 1951 г.

- Перцов В. Маяковский, Москва, 1951 г.
- Богданова М. И. Киргизская литература, Москва, 1944 г.
- Скосярев И. Очерк туркменской литературы, Москва, 1946 г.
- Гайнуллин М. Каюм Насыров и просветительное движение среди татар, Казань, 1955 г.
- Гайнуллин М. Х. Татарская литература XX века (до 1917 г.). Вазиева Ж. Г. В двух частях, Казань, 1954 г.
- Литература народов СССР (Хрестоматия, составитель Климович Л. И.). Брагинский И. С. Садриддин Айни (очерк жизни и творчества), Сталинабад, 1954 г.
- Кары-Ниязов Т. Н. Очерки истории культуры советского Узбекистана, Москва, 1955 г.
- Сабитов Н. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші (1862—1917), Алматы, 1948 ж.
- История Каз. ССР. изд. Ан КазССР, Алма-Ата, 1957 г.
- Муканов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы 1932 ж.
- Әуезов М. Традиции русского реализма и казахская литература. Ученые записки КазГУ им. С. М. Кирова, т. XIII, вып. 5, 1950 г.
- Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселесі. «Әдебиет және искусство» № 2, 1948 ж.
- Әуезов М. Абайдың халықтығы мен реализмі. «Коммунизм таңы» № 1955, 5-сентябрь, 1954 ж.
- Әбдірахманов Т. Ақынның әдебиет туралы ойлары (Сұлтанмахмұт туралы). «Қазақ әдебиеті» № 20, 20 май, 1955 ж.
- Айтмұханов С. Сұлтанмахмұт творчествосындағы әлеуметтік мотивтер, «Әдебиет және искусство» № 7, 1939 ж.
- Адалис А. «Песни степей», «Правда», 171 (8217), 21 июня 1940 г.
- Бекхожин К. Адвокаты буржуазных националистов, «Казахстанская правда», № 212, 28 октября, 1946 г.
- Бердібаев Р. Сұлтанмахмұт туралы бір-екі сөз. «Лениншіл жас» № 112, 15 сентябрь, 1955 ж.
- Бердібаев Р. Өшпес мұра (Сұлтанмахмұт туралы). «Қазақ әдебиеті» № 20, 20 май, 1955 ж.
- Габдуллин М. Мәшһүр Жүсіп-діншіл, панисламист ақын. «Социалистік Қазақстан», май, 1953 ж.
- Дәукенов К. Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Лениншіл жас» № 227, октябрь, 1939 ж.
- Дәукенов К. Сұлтанмахмұт творчествосындағы қайшылықтар. «Лениншіл жас» № 164, июль, 1940 ж.
- Дерібсалин Ә. Жазушы педагог (С. Көбеев туралы). «Лениншіл жас» № 13, 30 январь, 1952 ж.
- Елеуов Т. «1916 жылғы өлеңдер» туралы, «Әдебиет және Искусство» № 1, 1940 ж.
- Елеуов Т. Записки народного учителя («Орындалған арман» туралы), «Казахстанская правда», № 41, 17 февраля 1952 г.
- Жәнділдин Н. Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап. «Коммунист» № 5, 1951 ж.
- Жұмаханов Ж. Әріп ақын туралы. «Қазақ әдебиеті» № 4, январь, 1940 ж.
- Жұмаханов Ж. «Біржан-Сара» поэмасының авторы Әріп. «Екпінді» № 287, декабрь, 1940 ж.
- Исмайлов Е., Шәрипов Ф. Сұлтанмахмұт Торайғыров. («Казахстанская правда», 22 май, 1940 г.
- Исмайлов Е. Выдающийся казахский поэт-патриот (к 50-летию со дня рождения С. Торайгырова), «Казахстанская правда», 21 октября 1943 г.

- Исмайллов Е. Аманкелді халық әдебиетінде. «Социалистік Қазақстан» № 108, май, 1939 ж.
- Исмайллов Е. Сәбит Дөнентаев. «Халық мұғалімі» № 1—2, 3—4. 1941 ж.
- Исмайллов Е. 1916 жылғы көтеріліс туралы халық әдебиеті «Қазақ әдебиетінің тарихы» т. I. 1948 жыл, Алматы.
- Исмайллов Е. Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Әдебиет және искусство» № 5, 1950 ж.
- Кәкишев Т. Сұлтанмахмұттың публицистикасы. «Лениншіл жас» № 75, 22 июль, 1956 ж.
- Қожакеев Т. Абай мен Сұлтанмахмұт. «Лениншіл жас», № 97, 12 август, 1956 ж.
- Қоңыратбаев Ә. Мұхаметжан Сералиннің журналистік қызметі. «Қазақ әдебиеті» № 39, 30 сентябрь, 1955 ж.
- Қыйрабаев С. Қазақтың тұңғыш романы («Қалың мал» туралы). «Әдебиет және искусство» № 7, 1955 ж.
- Қыйрабаев С. Спандияр Көбеев «Халық мұғалімі» № 8, 1956 ж.
- Марғұлан Ә. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. «Қазақ әдебиеті» № 2, январь, 1940 ж.
- Машаков С. «Ақмолла өлеңдері» туралы. «Қазақ әдебиеті» июнь, 1935 ж.
- Мекешев Ә. «Орындалған арман». «Екпінді құрылыс» № 55, 16 март, 1952 ж.
- Мұқанов С. Абай шәкірттері туралы. «Әдебиет және искусство» № 7, 1951 ж.
- Мұқанов С. Сұлтанмахмұт қандай ақын «С. Торайғыровтың толық жинағы», Алматы, 1933 ж.
- Мұқанов С. Халық мұғалімі. жазушы Спандияр Көбеев. «Социалистік Қазақстан» № 108, май, 1939 ж.
- Мұқанов С. Айтыс және ақын. «Айтыс» деген жинақ, т. I. Алматы, 1942 ж.
- Мұқанов С. Дарынды ақын (Сұлтанмахмұт туралы). «Қазақ әдебиеті» № 20, 20 май, 1955 ж.
- Мұхаметжанов К. Әріп ақын. «Екпінді» № 285, декабрь, 1940 ж.
- Нұртазин Т. Торайғыров творчествосының әлеуметтік мәні. «Халық мұғалімі» № 5, 1955 ж.
- Сабитов Н. Против реакционной идеологии панисламизма и пантюркизма. Вестник АН КазССР № 5, 1949 г.
- Сәрсекеев М. «Орындалған арман». «Социалистік Қазақстан» № 31, 6 февраль, 1952 ж.
- Сахариев Б. Спандияр Көбеев (туғанына 75 жыл толуымен байланысты). «Халық мұғалімі» № 10, 1953 ж.
- Салихов Я. О критике и критиках. «Казахстанская правда» 5. X. 1946 г.
- Сарсеков Ж. О некоторых вопросах истории казахской литературы. «Казахстанская правда» № 185, 15. IX. 1946 г.
- Сарсеков Ж. Тарихи шындық бұрмаланбасын (Б. Кенжебаевтың «Қазақ баспасөзінің тарихынан», «Сұлтанмахмұттың ақындығы» деген кітаптары туралы). «Әдебиет және искусство» № 7, 1951 ж.
- Тілеков Ж. Әріп ақын творчествосындағы Ленин образы. «Екпінді» № 30, декабрь, 1940 ж.
- Тілеужанов М. Сұлтанмахмұт Торайғыров творчествосын зерттеу мәселесіне. «Әдебиет және искусство» № 6, 1956 ж.
- Төлешев С. «Сұлтанмахмұттың ақындығы» туралы. «Социалистік Қазақстан» № 24, 1 февраль, 1950 ж.

Тұрғанбаев К. Педагог жазушының мемуары («Орындалған арман» туралы). «Әдебиет және искусство» № 1, 1952 ж.

Шалабаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Социалистік Қазақстан» № 99, май, 1945 ж.

Шалабаев Б. Қазақтың алғашқы романы («Қалың мал» туралы) Ученые записки КазГУ им. С. М. Кирова. т. XIII, вып. 5, 1950 г.

Шалабаев Б. С. Торайғыров «Литература и искусство Казахстана» № 10, 1939 г.

Шаяхметов Ж. Идеология қызметкерлерінің айбынды міндеті «Социалистік Қазақстан» № 32, февраль, 1947 ж.

III

Әбубәкір (Кердері) Әдебиет қазақия (өлеңдер жинағы). Бірінші бөлім. Қазан, 1902 ж.

Әбубәкір Әдебиет қазақия (өлеңдер жинағы). Екінші бөлім, Қазан, 1905 ж.

Ақмолла (Муфтахитден Мухамедияров) — Ақмолла әфендінің мәнзұматы (өлеңдер жинағы) Қазан, 1907 ж.

Ақмолла Мәшһүр шағыр Ақмолланың шаһбутдин Маржани мәрсиясы уә башка шифарлары. Қазан, 1904 ж.

Ақмолла Ақмолланың өлеңдері. Алматы, 1935 ж.

Мақыш Қалтаев — Мәшһүр Қалтаев (өлеңдер жинағы). Қазан, 1904 ж.

Мақыш Қалтай ұлының қазақ ахуалын бәйт еткен мәнзұмасы, (өлең). Қазан, 1909 ж.

Мақыш Қазақтың айнасы (өлең, әңгіме жинағы), Қазан, 1910 ж.

Мақыш Бар оқиға (өлеңдер жинағы.) Қазан, 1912 ж.

Мақыш Тура жол (өлеңдер жинағы). Қазан, 1912 ж.

Мақыш Айна (өлеңдер жинағы. Татаршадан аударған) Қазан, 1913 ж.

Мақыш Сақ-сүк (өлеңдер жинағы. Татаршадан аударған), Қазан, 1913 ж.

Мақыш Насихат қазақия (өлеңдер жинағы), Қазан, 1911 ж.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев — Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз (өлеңдер жинағы). Қазан, 1907 ж.

Мәшһүр Жүсіп Хал-ахуал (өлеңдер жинағы). Қазан, 1907 ж.

Мәшһүр Жүсіп Сарыарканың кімдікі екендігі туралы (өлең, мақала жыйнағы). Қазан, 1907 ж.

Нұржан Наушабаев — Мәнзұмат қазақия (өлеңдер жинағы), Қазан, 1903 ж.

Нұржан Жұмбақ (Сапарғали мен Нұржанның айтысканы, өлең) Қазан, 1903 ж.

Нұржан Алаш (өлеңдер жинағы). Қазан, 1915 ж.

Шәһді Жөңгерев — Келіннің бетін ашатын терме. Ташкент. 1914 ж.

Шәһді Хатымтайдың хикаясы (Дастан), Ташкент, 1914 ж.

Шәһді Назым Сияр Шәриф (Дастан). Ташкент, 1917 ж.

Шәһді Хикаят Орка Гүлше, Ғашық уә мығашық (Дастан). Ташкент, 1917 ж.

Шәһді Хикаят халифа һарун Рашид (Дастан). Ташкент, 1917 ж.

Шәһді Қарынның жер жұтқан оқиғасы (Дастан). Ташкент, 1917 ж.

Шәһді Қисса Бәлгем Бағұр (Дастан). Ташкент, 1917 ж.

Мұхаметжан Сералин — Топжарған (поэма). Троицкі, 1900 ж.

Мұхаметжан Гүлхашима (поэма). Орынбор, 1903 ж.

- Спандияр Көбеев — Үлгілі тәржіме (И. Крыловтан аударған өлеңдерінің жинағы), Қазан, 1910 ж.
- Спандияр Үлгілі бала (оқу кітабы). Қазан, 1912 ж.
- Спандияр Қалың мал (роман). Қазан, 1914 ж.
- Спандияр Орындалған арман. Алматы, 1954 ж.
- Сұлтанмахмұт Торайғыров. Адамның өмірі (үш поэма), Қазан, 1923 ж.
- Сұлтанмахмұт Толық жинағы. Алматы, 1933 ж.
- Сұлтанмахмұт Тандамалы шығармалары. Алматы, 1950 ж.
- Сәбит Дөнентаев — Уақ-түйек (өлеңдер жинағы). Уфа, 1915 ж.
- Сәбит Дөнентаев Өлеңдері. Алматы, 1935 ж.
- Сәбит Дөнентаев Өлеңдер, Алматы, 1950 ж.
- Оналтыншы жыл (өлең, жыр жыйнағы). Алматы, 1936 ж. 1916 жыл (өлең, жыр жинағы). Алматы, 1940 ж. Халық поэмалары (жыйнақ, 1 том). Алматы, 1939 ж. Ленин, Сталин туралы жырлар (жинақ). Алматы, 1949 ж.
- Әріп Тәңірбергенев — Өлеңдер жинағы (Қолжазба. Ғылым академиясының кітапханасында).
- Әріп Қисса кожа Ғафан Уһәм Садуақас (Дастан). Қазан, 1880 ж.
- Әріп Қисса Зыяда Шамырат (Дастан). Қазан, 1890 ж.
- Әріп Қисса Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны. Қазан, 1899 ж.
- Қашафитдин Шаһмардан — Қисса әдебілі бала (өлең). Қазан 1897 ж.
- Қашафитдин Қел балалар оқылық кітабі (өлең). Қазан 1898 ж.
- Орынтай Құрымбайұлы — Насихат қазақия (өлеңдер жинағы). Қазан, 1900 ж.
- Ғариф Сафиуллаұлы — Жапон соғысы (өлең), Қазан, 1906 ж.
- А. Жандыбаев — Жас Ғұмурім яки жастықта гәфлэт (роман). Қазан, 1907 ж.
- Мақыш Бекмухаммедов — Жақсы үгіт (өлеңдер жинағы). Қазан, 1908 ж.
- Файзулла Иманбаев — Фибрат өлең (өлеңдер жыйнағы). Қазан, 1908 ж.
- Мағаз Батырғалиұғлы — Әдебиет қазақия (өлеңдер жинағы). Қазан, 1908 ж.
- Әубекер Оразғалиев — Әдебиет қазақия һәм үгіт уә насихат (өлеңдер жинағы). Қазан, 1908 ж.
- Зейнүл Ғабиден — Насихат қазақия (өлеңдер жинағы). Қазан, 1909 ж.
- Зариф бин Ғабдүлкадыр — Шопан ата (Дастан). Ташкент, 1909 ж.
- Ғабдулғазиз Байдүйсенұғлы — Қазақ шиғырлары (өлеңдер жинағы). Қазан, 1909 ж.
- Өткірбай Алмасов — Бұлбұл құс (өлеңдер жинағы, Татаршадан аударған). Бірінші бөлім. Қазан, 1910 ж.
- Өткірбай Бұлбұл құс. (өлеңдер жинағы, татаршадан аударған). Екінші бөлімі. Қазан, 1911 ж.
- Бекмухаммед Серкебаев — Кітапхана журнағы (өлеңдер жинағы). Қазан, 1910 ж.
- Ишанғали Бейсенұғлы (Байшуақи) — Әдебиет өрнегі (өлеңдер жыйнағы). Қазан, 1910 ж.
- Арғынбай Исхаққажы — Болғын қазақ (өлең). Қазан, 1911 ж.
- Ақылбек бин Сабал-Назим — (өлеңдер жинағы), Қазан, 1911 ж.
- Ақылбек бин Сабал — Сұм заман (өлеңдер жыйнағы). Қазан, 1911 ж.

Арыстанғали Берғалиұғлы—Ақын (өлеңдер жинағы). Қазан, 1912 ж.

Бекет Өтетілеуов—Дүние ісі ақыретке кетпес (әңгімелер жинағы. Орысшадан аударған). Қазан, 1912 ж.

Бекет Өтетілеуов—Жиған-терген (өлеңдер жинағы, орысшадан аударған). Орынбор 1914 ж.

Әкірем Ғалимев—Жастық жемістері (өлеңдер жинағы). Қазан, 1912 ж.

Жұмағазы Темірәліұғлы—Насихат сөздер (өлең). Қазан, 1912 ж.

Елеусін Бұйрин—Ызың (өлеңдер жыйнағы). Орал, 1912 ж.

Тайыр Жомартбаев—Қыз көрелік (роман). Семей, 1912 ж.

Хайтмұхаммет бин Белгібай—Арманда (өлең). Ташкент, 1913 ж.

Ғалиулла Ғалижанов—Есіл жұртым (өлеңдер жинағы). Қазан, 1913 ж.

Баймұхаммед Бейсенбинов—Мілли шығырлар (өлеңдер жинағы), Қазан, 1913 ж.

Қорабай Жапанов—Қарлығаш (өлеңдер жинағы). Уфа, 1913 ж.

Жұмағали Арыстанұғлы—Насихат қазақия (өлеңдер жинағы). Қазан, 1914 ж.

Мұхаммедсадық Еңсеұғлы—Қызметкер (өлеңдер жыйнағы). Уфа, 1914 ж.

Садырғалиұғлы—Үлгі (өлеңдер жинағы). Қазан, 1914 ж.

Көлбай Төгесов—Наландық құрбаны (пьеса). Уфа, 1915 ж.

Хамидулла бин Садуақас—Халық мұңы (өлеңдер жинағы), Омск, 1915 ж.

Баймұхаммед Айтқожаұғлы—Шын мақсат (өлеңдер жыйнағы) Семей, 1915 ж.

Әбілқасым бин Ғұмар—(Арғыни), Жатпа қазақ (өлеңдер жинағы). Ташкент, 1917 ж.

Молла Мәрди-Тухфан—жәмһүрият (өлеңдер жыйнағы). Ташкент, 1917 ж.

Жүсіпбек Жиенбеков—Июнь жарлығы (поэма). Семей, 1924 ж.



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
<i>Бірінші тарау</i>	
XX ғасыр басындағы қоғамдық жағдай және әдебиет	8—53
Қоғамдық жағдай. Оқу жайы, кітап бастыру. Газет, журнал. Әдебиет. Феодалдық-діншілдік, буржуазиялық-ұлтшылдық бағыттағы ақындар. Демократтық-ағартушылық бағыттағы ақындар. Ауыз әдебиеті.	
<i>Екінші тарау</i>	
Мұхаметжан Сералин	64—105
Өмірі мен қоғамдық қызметі. Мұхаметжанның әдеби шығармалары. Мұхаметжанның публицистік шығармалары. Қортынды.	
<i>Үшінші тарау</i>	
Сұлтанмахмұт Торайғыров	106—197
Шығармаларының зерттелуі. Ақынның өмірі мен жазушылық қызметі. Сұлтанмахмұттың қоғамдық және саяси-әлеуметтік көзқарастары. Сұлтанмахмұттың шығармалары. Сұлтанмахмұт шығармаларының тілі. Сұлтанмахмұт өлеңдерінің құрылысы. Қортынды.	
<i>Төртінші тарау</i>	
Әріп Тәңірбергенов	198—220
Кіріспе. Өмірі мен қоғамдық қызметі. Қиссалары. Айтыстары. Революциядан бұрынғы өлеңдері. Совет тақырыбына жазған өлеңдері. Қортынды.	
<i>Бесінші тарау</i>	
Сәбит Дөнентаев	221—239
Өмірі мен жазушылық, журналистік қызметі. Шығармаларының басылуы, зерттелуі. Өлеңдерінің тақырыптары мен мазмұны. Сәбит өлеңдерінің кейбір ерекшеліктері. Қортынды.	
<i>Алтыншы тарау</i>	
Спандияр Көбеев	240—263
Өмірі мен қоғамдық қызметі. Зерттелуі. «Үлгілі тәржіме», «Үлгілі бала», «Қалың мал», «Орындалған арман». Қортынды.	
<i>Жетінші тарау</i>	
1916 жылғы көтеріліс туралы өлең жырлар	264—293
Көтеріліс туралы бір-екі сөз. Көтеріліс туралы жырлардың жиналуы, зерттелуі. Көтеріліс туралы жырлардың тақырыптары мен мазмұны. Көтеріліс туралы жырлардың көркемдік ерекшеліктері. Қортынды.	
Жалпы қортынды	294
Пайдаланылған, оқылған әдебиет тізімі	302

